

845К22

С15

1




Алаш мұрасы

СМАҒҰЛ

САДУАҚАСҰЛЫ



1



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРАЛІГІ

СМАҒҰЛ

САДУАҚАСҰЛЫ

ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

СМАҒҰЛ

САДУАҚАСҰЛЫ

1

Танымдық зерттеулер,
мақалалар



АЛМАТЫ «АЛАШ» 2003

«Алаш мұрасы» сериясының редакция алқасы:

М. Құл-Мұхаммед, Ғ. Әнес, С. Қасқабасов,
М. Қойгелдиев, Ж. Әбділдин, С. Қирабаев,
Ғ. Сапарғалиев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев

Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған –
Дихан Қамзабекұлы

37331

Садуақасұлы С.

С 64 Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы:
«Алаш», – 2003. – 352 бет.

ISBN 9965-669-02-3

Көрнекті ұлт қайраткері, әдебиетші, жазушы, көсемсөзші
Смағұл Садуақасұлы (1900–1933) шығармаларының 1-томына
роман, повесть, әңгімелері және руханиятты саралаған еңбектері
еніп отыр.


Кітап Алаш тарихына ынтызар жалпы қауымға арналған.

С 4702250201-8 хабарландырусыз – 2003
00(05)–03

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-669-02-3 (том 1)

ISBN 9965-669-01-5



012
© Садуақасұлы С.
© «Алаш» баспасы, 2003
© Қамзабекұлы Д. құраст.



СМАҒҰЛ САДУАҚАСҰЛЫ

(1900–1933)

Қазақ әдебиеттану ғылымы кеңестік билік тұсында өз нысанасын негізінен саяси идеология өлшемімен қарады. Кез келген мұра таптық қалыпқа салынып, социалистік мұраттарға қатысы барлығы, әлде жоқтығы жағынан қарастырылды. Сөйтіп, әдебиетімізде ақтаңдақтар кеңістігі ұлғая берді. Білім-ілім тұрғысынан келгенде бұл қазақ ғылымының әлем мойындайтын іргелі ғылым болуына бөгет жасады. Алайда осылай, әділетсіздіктің даңғыл жолмен кете бермесі ақиқат еді.

Рухани өмірімізде ақиқат, шындық, иман түпкілікті әділқазы болып орныққан соңғы жылдардың ішінде жүріп өткен жолымыз ақыл таразысына салынды. Коммунистік партияның билігі тұсындағы бар олқылық-кемшілігіміз, қателігіміз кеңінен сөз етіле бастады. Әдебиет пен мәдениет тарихынан әдейілеп аты өшірілген Ө. Бөкейхан, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қараш, А. Байтұрсынұлы, М. Шоқай, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Қожанұлы, Қ. Кемеңгерұлы сынды ұлт қайраткерлерінің есімі қайта аталынып, олардың шығармашылығы ғылым нысанасына ілінді.

Кеңестік ресми тарих елемей келген, аты сөз етіле қалса, бірыңғай мансұқталған алаш арыстарының бірі – ірі саясат қайраткері, әдебиетші, көсемсөзші Смағұл Садуақасұлы. 1900 жылы туып, 1933 жылы қыршынынан қиылған оның қайраткерлік еңбегі, шығармашылығы кеңес дәуірінде қалыптасқан таным кесірінен арнайы зерттелінген емес.

Қайраткер С. Садуақасұлының есімі 20-жылдары қарастырған ғылыми әдебиеттерде тым үстірт айтылды. Алайда қазақ жастарының тұңғыш ұйымы «Бірлік» пен оның бағытын дәйекті түрде жалғастырған «Жас азаматтағы», Алаш Орданың облыстық комитетін құруда-

ғы еңбегін кеңес қоғамының мүддесіне байланысты ескермегеннің өзінде, Сібір төңкеріс комитетіндегі (1920), Кеңестік Күншығыс ұлттары жастарының орталық бюросындағы (1920), Қазақ автономиялы республикасының Жастар одағындағы (1920), Қазақ ОАК-і президиумындағы (1920–1921), Бүкілресейлік ОАК-індегі (1920–1921), Семей гүбернелік төңкеріс комитетіндегі (1921), Қазақ ОАК-нің Түркістан автономиялы республикасы өкілдігіндегі (1922), Қазақ автономиялы республикасы Жоспарлау комиссиясындағы (1923–1924), Халық ағарту комиссариатындағы (1925–1927) жауапты һәм жетекші қызметін елемеу, құнттамау ақылға сыймайтын еді.

5 томдық Қазақ ССР тарихында 20-жылдары Қазақстан өкіметінде ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген Смағұл жөнінде бір-ақ ауыз ғана сөз жазылды. Бұл оның атын қаралаған сөз болатын¹.

Нәтижесінде А. Байтұрсынұлы², Т. Шонанұлы³, Б. Кенжебайұлы⁴ сыншы, жазушы ретінде бағалаған Смағұл Садуақасұлының есімі 20-жылдардағы әдеби процесті сипаттаған еңбектерде де жадағай аталынды.

Өткенге сындарлы көзбен қарау мүмкіндігі туған қазіргі шақта осы ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт әдебиеті жанрларын қалыптастыруға атсалысқан әдебиетші, жазушы, көсемсөзші С. Садуақасұлын ұмыт қалдыру қисынсыз. Сондай-ақ 20-жылдары рухани өмірдегі тоқыраудың алдын алмақ болған «Алқа» шығармашылық қауымдастығын ұйымдастыруға белсене араласқан, тұңғыш мемлекеттік ұлт театрының іргетасын қалаған, қазақтың ән-күйін хаттаушыларға жәрдемдескен, Абай мен Сұлтанмахмұттың жазғандарын тірнектеп жинауға мамандарды жұмылдырған қайраткердің мәдениет, әдебиет тарихындағы тұлғалық орнын ескермеу де қиянат.

Осы тұрғыдан келгенде Смағұл Садуақасұлының

¹ Қазақ ССР тарихы. IV том, Алматы, 1981, 328-бет.

² А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш, Ташкент, 1926; Шығармалары, Алматы, 1989, 283-бет.

³ Т. Шонанұлы. Қазақстанда ғылым-білім баспасы жұмысы // Қызыл Қазақстан, 1925, № 3–4–5, 39-бет.

⁴ Б. Кенжебайұлы. Өтелмеген парыз // Қазақ әдебиеті, 1957, 25 қаңтар.

ғұмырбаянын, әдеби мұрасын зерттеудің, жазған еңбектерін қайта тасқа басып, халыққа жеткізудің көкейкестілігі айқын байқалады.

Смағұл Садуақасұлы 1900 жылы сол шақтағы территориялық айырым бойынша Ақмола облысы, Шарлақ үйезі, Қараой болысы, Жарқын ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Ұялы – Жарқын ауылы) туған¹. Әкесі Садуақас Тұрабайұлы (1872–1937) хақ жолын ұстанған, қоңыр дәулетті молда болған. Ол Смағұлдай ұлды тәрбиелеп өсіргені үшін қанқасап 37-жылы нақақтан атылған. Анасы Мәжікен (1879–1938) перзенті Смағұлдың қайғылы қазасы мен күйеуінің жазықсыз айдалғанын көтере алмай құсадан дүние салған. Смағұлдың жалғыз бауыры – қарындасы Орынбасар да (1916–1990) өмірден өгейлік, тағдырдан тәлкек көріп, өкіметтен бір тиын да зейнетақы алмай көз жұмған.

Смағұл Садуақасұлы ұшқан ұяның қайғылы халі, міне, осындай. Бұл – тарих. Исі алаштың құрықпен ұсталып, қорада тұсалған тұсындағы шынайы тарихының бір ұшқыны...

1912 жылы ауылындағы Әбіл молда Қуанышұлының Шығыс пен Батыс білімін қатар негіз етіп алған мектебін тәмамдаған Смағұл өмірінде түрлі дәрежедегі бірсыпыра оқу ордасының табалдырығын аттайды. 1912–1915 жылдары 2-класты Полтавка орыс-қырғыз (қазақ) училищесінде, 1916–1918 жылдары Омбы ауылшаруашылығы училищесінде, 1918 жылы Омбы политехникалық институты жанындағы кооперация курсында, осы қалада жеке-дара ашылған кооперация курсында, Омбы ауылшаруашылығы институтының кооперация факультетінде оқиды². Кейінірек, саясаттан мүлде шеттетілген жылдары, дәлірек айтсақ, 1928–1932 жылдар аралығында Мәскеу теміржол құрылысы инженерлері институтын жасанды құрылыс (искусственное сооружение) мамандығы бойынша оқып бітіреді³.

С. Садуақасұлы еңбек жолын мұғалімдік қызметтен

¹ Еңбекші қазақ, 1925, 5 мамыр.

² Омбы облыстық мемлекет архиві. 151-қор, 1-тізім, 299-іс, 27-бума, 289-бет.

³ МИИТ архиві. 1901–1936 жыл аралығында бітіргендер реті, 10-тізім, 2-іс, 1-бума.

бастаған. 15 жасында Шарлақ үйезі Сиыршы ауылындағы орыс-қырғыз (қазақ) мектебінде ұстаздық еткен. 1918 жылы Ақмола облыстық жергілікті Жер басқармасы жанындағы 2 айлық қазақ оқытушыларын даярлайтын курста кооперация қисыны мен табиғаттанудан, 2 жылдық қазақ курсына жаратылыстану һәм физикадан сабақ берген. Сол жылдың соңында аталған Басқармадағы қазақ бөлімінің оқу ісі меңгерушісі болған. 1918 жылы желтоқсан айында Омбыдағы «Центросибирь» аталынатын Батыс Сібір кооперативтер бірлестігі одағының саудадан тыс істер бөліміне нұсқаушы қызметіне алынып, онда бір жарым жылдай жұмыс жасаған. С. Садуақасұлы 1920 жылдан бастап сегіз жыл ғұмырын Қазақ автономиялы республикасының қалыптасуы мен нығаюына жұмсайды.

Смағұл Садуақасұлының қайраткерлік тұсауы 1916 жылы Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымына кіргенде-ақ кесілді. 1918 жылы ол саяси қарымын екі мәселеде анық көрсетті. Бірінші: 17-жылғы төңкерістің әсерінен қазақ жастары екіге, тіпті үшке жарыла бастағанда Смағұл бастаған бір топ жас қайраткер қатарластарының басым бөлігін Алаш Орданың мұратын қолдаған «Жас Азамат» ұйымына топтастыра алды. Екіншісі: оқу мен қызметті қатар алып жүрген жас Смағұл қат уақытын қиып, Алаш Орда үкіметінің Ақмола облыстық комитетін құруға белсене атсалысты.

1920 жылы 6 мамырда С. Садуақасұлы «қазақ елінде кооперация құру мәселесіндегі көзқараста «Центросибирь» әкімшілігімен ымыраға келе алмайтындығын айтып және бұл істі әрі қарай жалғастыруды ұлтының келешегі үшін негізсіз деп тауып»¹, өз еркімен жұмыстан босайды. Араға ұзақ уақыт салмай, ол көздеген арман-мұратын кеңес қызметінде жүріп орындауға болатынын бағамдайды. Сол жылы замандастары Ж. Аймауытұлы, М. Әуезұлы т. б. секілді коммунистік партия қатарына өтеді. Бұл қадам – қым-қиғаш, аласапыран шақта тығырықтан өзін ғана емес, көпті алып шығудың жолы еді.

Жоғарыда аз-кем айтып кеткеніміздей, С. Садуақасұлы Сібір төңкеріс комитеті (Омбы) қырғыз (қазақ)-татар секциясы нұсқаушысынан Қазақ автономиялы

¹ ООМА. 151-қор, 1-тізім, 624-іс, 5-6-беттер.

республикасы Халық ағарту комиссары (қазіргіше айтсақ, министр) дәрежесіне дейін өзінің қайраткерлігінің, әділдігінің, білімді-біліктілігінің арқасында өсті. Егер ақиқат пен иман кеңес өкіметінің темірқазығы болса, С. Садуақасұлы үлкен саясаттан 1927 жылы кетпей, әлі ұзақ уақыт ел басшылығында жүрер еді. Бірақ амал бар ма?.. Қалай десек те, әйгілі жазушы Джек Лондоннан Жүсіпбек Аймауытұлы аударған мына жолдардың кері келді: «Ғажап іс: әр кез әр адам оянып, ілгері қадам басайын десе, өңкей жалқау ондай адамды «кері кетіргелі жүр, өлтіру керек» деп, ду ете түседі. Кедейлер ондай адамды тас атып өлтіріп, ақырында өздері ақымақ болып қалады»¹.

Смағұл Садуақасұлы 1916 жылы Омбыда қайраткерлік мектеппен бірге қаламгерлік мектептің де табалдырығын аттады. Ол қаламын «Бірліктің» «Балапан» атты қолжазба журналында ұштады. Смағұл көсемсөздік пен жазушылық өнерді тынымсыз қайраткерлік қызметінің барысында меңгерді. Жас қаламгер 1918–1919 жылы Алаш Ордаға тыныс болған «Жас азамат» газетін², 1920 жылы атын «Қазақстан» етіп, затын халықтық қылып өзгертпекке бел буған «Ұшқын» газетін³, 1922 жылы Еуропа өркениетін уағыздаған «Өртең» газетін⁴, 1923 жылы қазақ жастарын зиялылыққа үгіттеген «Жас қазақ» журналын шығаруға атсалысты⁵. Мұнан бөлек ол 1920 жылы «Еңбекшіл жастар» (Омбы), «Кедей сөзі» (Омбы)⁶, «Еңбек туы»⁷, 1925–1926 жылы «Еңбекшіл қазақ» – «Еңбекші қазақ»⁸ газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналының⁹ (1924–1925) жауапты шығарушысы (редакторы) болды.

С. Садуақасұлы шығармашылығының хронологиялық ауқымы 1916–1918 жылдардан 1928–1929 жылдар

¹ Д. Лондон. Күштілердің күші // Лениншіл жас, 1925, №6,7.

² ООМА. 151-қор, 1-тізім, 299-іс, 27-бума, 289-бет.

³ Ұшқын, 1920, 15 қазан.

⁴ Қазақстан Республикасы президентінің архиві. 142-қор, 1-тізім, 55-іс, 40–46-беттер.

⁵ ҚРМА. 142-қор, 1-тізім, 139-іс, 39,45-беттер.

⁶ Известия, 1933, 18 декабрь.

⁷ Еңбекші қазақ, 1925, 5 мамыр.

⁸ Еңбекшіл қазақ, 1925, 8 қаңтар. Еңбекші қазақ, 1926, 20 ақпан.

⁹ Қызыл Қазақстан, 1924, №11, 1925, №7.

аралығын қамтиды. Дерек көздерінің ділгірлігінен һәм мұра сақтау ісінің жүргізілмегендігінен біз қайраткер-қаламгердің 1929–1933 жылдар арасында не жазғандығын біле алмай келеміз. Алайда бұл тараптағы іздестіру жұмыстарын тоқтатпауға тиіспіз.

Бізге қаламгер Смағұлдың көзі тірісінде жарық көрген алты кітапшасы белгілі. Олар: «Жастарға жаңа жол» (Орынбор, 1921), «Кооперация һәм қазақ шаруасы» (Орынбор, 1924), «Салмақбайдың ауылында қалайша кооперация ашылды?» (Орынбор, 1924), «Жастармен әңгіме» (Орынбор, 1925), «Ұлт театры туралы» (Қызылорда, 1926), «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (Қызылорда, 1927). Осылардың ішінде «Салмақбайдың ауылында қалайша кооперация ашылды?» атты туынды ғана көркем шығарма да (повесть), қалғандары – танымдық, ғылыми-зерттеу еңбектер. Мұның сыртында С. Садуақасұлы мерзімді басылымдарда бірнеше повесть, әңгіме, ондаған зерттеу очеркін, жүздеген түрлі тақырыптағы публицистикалық мақала, бір романнан үзінді жариялады. Бұған оның тұсында хатталған (стенограмма) әр дәрежедегі мінбелерден сөйлеген сөздерін қосыңыз. Смағұлдан қалған рухани аманат-мұра – осылары.

С. Садуақасұлы 1933 жылы қапыда қаза болғаннан кейін оның еңбектерін бастырту керектігін айтқан бірді-екілі пікірлер болды. Айталық, көп мәселеде Смағұлмен келісе қоймаған Ғаббас Тоғжанұлы 1936 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасының жоспарына С. Садуақасұлының кітабын даярлауды ендіргені мәлім¹. Бірақ жоспарланған кітап белгілі себептерден басылмады. Және осындай талпыныс арада 21 жыл өткеннен соң байқалды. 1957 жылы С. Садуақасұлының жазғандарын кітап етіп бастыруды көтерген ғалым Бейсенбай Кенжебайұлы еді. Мұнан кейін 70-жылдары Смағұлға театр тарихына қатыстырып зерттеуші Бағыбек Құндақбайұлы әділ баға берді. Жоғарыдағыдай сипатта негізі қалана бастаған смағұлтануға 80-жылдардың аяғында Бейбіт Қойшыбай, 90-жылдардың басында Батырхан Дәрімбет, Мәмбет Қойгелді, Нұрым Сансызбайұлы және осы жолдардың авторы жазған зерттеулерімен үлес қосты. Б. Дәрімбет пен қолдарыңыздағы

¹ Қазақ әдебиеті, 1937, 29 қаңтар.

кітапты құрастырушы С. Садуақасұлының бірқатар шығармаларын жүйелі дәйектемемен баспасөзде жариялады. 1993 жылы Б. Дәрімбет С. Садуақасұлының бірсыпыра еңбегін кітап етіп құрастырды. 1994 жылы бұл Смағұл жинағы шағын көлемде орыс тіліне аударылды.

Біздіңше, Смағұл Садуақасұлының жазған еңбегі жоғарыда аталған жинақпен және осы ұсынылып отырған кітаппен шектелмейді. Келешекте оның толық академиялық жинағын бастыру қажет деп ойлаймыз.

Әдебиетті дәуірлеу және белгілі бір қалам қайраткерінің сол дәуірдің өкілі екенін дәлелдеу оп-оңай нәрсе емес. С. Садуақасұлының «Қазақ» газетінен басталатын ұлтшылдық дәуір¹ немесе тұтастай алғанда ағартушылық кезең өкілі екенін көрсететін бірден-бір айғақ – соңында қалған аманат-мұрасы.

Біздіңше, қазақ әдебиетінде ағартушылық-ұлтшылдық дәуір 20-жылдардың соңына дейін созылған. Әрине, 1917–1919 жылдарғы саяси сапырылыстардан кейін әдебиет бірыңғай бұрынғы ұлтшылдық бағытпен дамыды деу дұрыс емес. Бірақ әділ мұрат қашанда өлмейді. Оның үстіне ол мұратты ешкім шеттен әкеп таңған жоқ. Ұлтшылдықты нақты жағдайға байланысты қазақ ой-санасы тудырды. Және ол не ерте, не кеш емес, толғағы жетіп, өз мезгілінде дүниеге келді. Сондықтан төңкерістен кейін билікке қолы жеткен пролетариат диктатурасының идеологиясымен түрлі амал-тәсілді пайдаланып, текетіресуі заңды еді.

«Қазақ» газетінің мұратын саналы түрде қабылдаған Смағұлдың азаматтық пайымы, эстетикалық таным-түйсігі 1918–1919 жылдар аралығында белгілі бір дәрежеде қалыптасты деуге негіз бар. Дүниедегі өзгерістің сырына, әдебиет пен мәдениеттің адам өміріндегі, қоғамдағы орнына үңілген сайын ол еңселі ел боламын деген ұлт рухани ұстын мен тірек-тиянақсыз азаттыққа қарай аттап баса алмайтынына көз жеткізді.

Алаш Орданың саясаттағы мақсаты – келешекте азат қазақ мемлекетін құру болса, руханияттағы мақсаты – «қазақтың өз ойын, өз сезімін, өз қиялын, өз

¹ Қоңыр (М. Әуезұлы). Қазақ әдебиетінің қазіргі жайы // Шолпан, 1923, № 4-5.

Екеу. Көркем әдебиет туралы, // Еңбекші қазақ, 1927, 8–9 тамыз.

ұғымын жырлау... бағытта емес, рухта өзіндік қасиетті сақтау»¹ еді. С. Садуақасұлы саясат пен руханиятта осы мақсатты берік ұстады.

С. Садуақасұлының қазірше бізге белгілі болып отырған алғашқы «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») атты әдеби-сын еңбегі 1918 жылы қазан айының соңында жазылып, 1919 жылы Омбыда шығып тұрған «Трудовая Сибирь» журналының 1-санында жарияланды. Жанрын автор «тарихи-сыни әліптеме» («историко-критический очерк») деп белгілеген бұл еңбек – хронологиялық тұрғыдан қарағанда, әдебиетімізге мейлінше толық талдау жасаған орыс тіліндегі мақалалардың бірі. Оның мазмұнын шартты түрде былайша жіктеуге болады: 1) әдебиеттің қазақ өміріндегі орны; 2) суырыпсалма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі; 3) жазба әдебиетінің қалыптасуы; 4) қазіргі (18-жылдардағы) әдебиет; 5) қосымша: сол кезгі қазақ баспасөзі туралы ақпар-дерек.

Қаламгер қазақ әдебиетін ұлттық тұрмыс-тіршілігімен байланыста қарайды. Смағұл сал-серілерді сипаттау арқылы ауызша таралатын әдебиеттің қазақ өміріндегі орнын көрсетуге талап қылған. Тұтастай алғанда, ақындық-жыршылық дәстүр мен суырыпсалма өнерін жазба әдебиетіне шығар баспалдақ деп тұжырымдаған. С. Садуақасұлының айтуынша, қазақ әдебиетінің жазбаша дәуірі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Оның негізін қалаушылардың қатарында ол бірінші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын, сонан соң Абайды атайды. Мұндай пікірді, әрине, жас әдебиетші қолындағы материалдың аздығынан айтуы мүмкін. Өйткені, кейінгі еңбектерінде ол көшбасшы Абай деп жазады. Әйтсе де сыншы осы еңбегінің өзінде Абай өлеңдерінің мән-мазмұнына кеңірек тоқталып, ақынның қазақ поэзиясын биік деңгейге қалайша шығарғандығын әуезе етеді.

Әліптеме иесі: «Қазақ» – қазақ әдебиетінің мақтанышы» деп тұжырымдап, оның төңірегіне топтасқан ақын-жазушылардың, көсемсөзшілердің еңбектеріне, олардың әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталады.

Смағұл 18-жылдардағы әдебиетті сөз еткенде енді қалыптасып келе жатқан жанрлардың зәруліктерін

¹ «Алқа» бағдарламасы. ҰХК архиві, №78754-іс, 7-том.

нақтылай айтады. Әліптеме соңында қаламгер ұлт деңгейін көтеру үшін күресіп жүрген басылымдар жөнінде қысқа да нұсқа ақпар береді.

С. Садуақасұлының бұл еңбегі қазақ әдебиетін тұңғыш рет осындай кең ауқымда, жанр-жанрға жіктеп, саралауымен бағалы.

С. Садуақасұлының әдеби-сын еңбектерінің көбісі кеңес дәуірінде дүниеге келді. Олардың өн-бойынан сыншының сол қасаң тұжырымдармен, тұрпайы таныммен күрескені байқалады. Смағұл алаш оқығандарының өкімет басындағы бірден-бір тірегі болғандықтан, «Алқа» мұратын жетілдірудің басы-қасында жүрді. Мұны 1929 жылы НКВД тергеушісіне берген Жәкен Сәрсенбіұлының жауабы толық дәлелдейді¹.

«Алқа» – XX ғасыр басындағы ұлтжанды қазақ қаламгерлерінің басын біріктіру бағытын ұстанған, халықтың дәстүрлі салт-санасына сүйенген, қадым заманнан жеткен әдебиеттегі терең елдік сарынды жоғалтпау ниетімен құрылмақшы болған ұйым еді. Оның бағдарламасын қазақ зиялылары бірігіп жасағанын архив деректері растап отыр.

Өкінішке орай, Орталық Комитеттің қазақ баспасөзін екі мәрте қыспаққа алған кезі «Алқа» бағдарламасына тосқауыл қойды. Осылайша зиялылар ойласқан ұйым ресми жасақталмаса да, «Алқа» идеясы бейресми түрде тарап, пролетариат әдебиетінің қапта-лында оған оппозиция ретінде өмір сүре берді. Оны 1928 жылға дейін қолтығынан демеп, қаржыландырған өкімет басындағы бірден-бір адам С. Садуақасұлы еді. Сондай-ақ оның 20-жылдардағы әдеби-сын еңбектерінде «Алқа» идеяларын негіздеу, оларды ел арасында кеңінен тарату басты желіні құрайды.

Қаламгердің осы бағыттағы туындыларының бірі «Бейімбеттің өлеңдері» деп аталады. Ол 1925 жылы Б. Майлыұлының жинағына дәйектеме ретінде де және баспасөзде де басылған².

Мақалада сыншы Бейімбеттің ақындық қыр-сырын, ерекшелігін ашуды көздеген. «Бейімбет – қазақ ауылы-

¹ Ж. Сәрсенбіұлының жауабы. 5.05.1929 / ҰХҚ архиві, №78754-іс, 7-том.

² Бейімбет өлеңдері. Қызылорда, 1925. Лениншіл жас (1925, №6) Жас қайрат (1925, 20 қыркүйек).

ның суреткері» деген тезисті тереңдете талдап, ақынның ел өміріне жақын болуының себебін зерделеген. Әдебиетшінің «Сыншылардың көбі кейде ақындарымыздың затын сынамай, атын сынап жүр» деген пікірі – әдебиеттанудағы солақайлыққа берілген баға. Смағұл ақынның «таныс емес нәрсеге ұмтылмайтындығын, жоқтан бар қып, күшеніп, қызармайтындығын» ерекше қасиетіне бағалаған.

«Қазақстанда баспасөздің міндеті» атты мақаласында¹ С. Садуақасұлы әдеби сынның дұрыс басқан адымы өлеңшілердің ішінен ақынды тауып алғандығы деп білсе, қате басқан адымы сауатсыздыққа, қарабайырлыққа ұрынғаны деп тұжырымдайды. «Ақындық» ауызға салып берер алма емес, өнермен, еңбекпен табылатын нәрсе» деген тұрғыдан келіп, Мағжан ақынды қорғайды.

«Әдебиеттерді қалай сынау керек?»² деген еңбегінде жергілікті жерде үйірме сынының қажеттігі сөз болған. Мұны қаламгердің ел-елдегі оқығандарды орталықта шығып жатқан кітаптарға сын көзбен қарауға шақырғаны деп ұғамыз. Ол әдебиет атқамінердің қолбаласы емес, көптің, қауымның үні мен мұңы екенін айтқысы келген.

С. Садуақасұлы 1925 жылдың соңынан бастап мемлекеттік ұлт театрын ашу ісіне мұрындық болып, сахна өнері туралы әр түрлі мақала жариялады. Солардың бірқатары – сахналық қойылымдарға арналған сындар. Оның «Алтын сақина ойыны туралы» атты мақаласының³ әдеби процестегі орны мемлекеттік театрдың тұңғыш қойылымынан мағлұмат берер бірден-бір сын және дерек болып қалғанымен айрықшаланады. «Бәйбіше, тоқал» пьесасына жазған сынында⁴ С. Садуақасұлы шығарманың жалпы мазмұнына шолу жасайды да, аталған қойылымның авторлық кемшіліктеріне, сахналық олқылықтарына жеке-жеке тоқталады. «Қарагөз» қойылымына арналған сынында⁵ сахна шикілігінің алдын алу қажеттігін ескертеді.

С. Садуақасұлының 20-жылдардағы әдеби процесті білімді сыншы ретінде танытқан еңбегі – «Әдебиет

¹ Еңбекші қазақ, 1925, 23 қараша.

² Еңбекші қазақ, 1926, 8 ақпан.

³ Еңбекші қазақ, 1926, 24 қаңтар.

⁴ Еңбекші қазақ, 1926, 31 қаңтар.

⁵ Тілші, 1928, 16 қаңтар.

әңгімелері»¹. «Бұл сыны жетілмеген әдебиеттің «ауруын жасырмай айтқан туынды». Сыынның күш-қуаты неде? Ескі мұра тек мансұқталуға тиіс пе? Ақын-жазушының жазушылығы немен өлшенеді? Әдебиеттің ұлттық бет-бедері оның кемшілігі ме? Мақалада автор осы сұрақтарға жауап іздейді, ілгерідегі туындыларындағы ойын өрбітеді.

Қаламгер өмірдің өз ырғағы секілді әдебиеттің де табиғи дамуын, жетілуін жақтайды. Сонымен бірге өткеннен үлгі алуды, әсіресе Абай, Мағжан сынды таланттардан үйренуді қолдайды. Сыншыларға әдебиетті көркемөнер өлшемімен қабат ұлттық өлшеммен де қарау қажеттігін ескертеді.

С. Садуақасұлының әдеби-сын еңбектерінің қатарында орыс тілінде 1927 жылы жарық көрген «Қозы Көрпеш–Баян сұлу»² жыры мен 1928 жылы жарияланған «Жас Қазақстан»³ жинағына жазған алғысөздері де кіреді. Жырдың тәржімасына жазылған алғысөз ғылыми нақтылығымен, әдеби-танымдылығымен көзге түседі. Жәдігерліктің оқырман қолына тиіп отырған тұңғыш орысша нұсқасы болғандықтан, Смағұл жырдың тарихын жеткізумен бірге тектегі аудармашы түпнұсқасын сақтап жазған сөздерге түсіндірмелер берген.

«Жас Қазақстан» жинағына М. Әуезұлының «Қорғансыздың күні», Ж. Аймауытұлының «Бөтіп» («Қартқожа» романынан – **Д.Қ.**), «Мұқаш» («Ақбілектен» – **Д.Қ.**), Б. Майлығұлының «Кермезі», «Күлпаш» әңгімелері енген. Смағұл алғысөзде қазақ әдебиетінің тек-тамырын, кешегісін тұтас шолу арқылы қазіргі қалпына талдау жасаған. Бұл жағынан ол 1919 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» әліптемесімен үндес. Сыншының көрегенділігі – көркемсөздің үш хас шеберін тауып ала алғандығында.

1929 жылы I томы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында»⁴ авторы кейде көрсетілген (А. Аршаруни, А. Саади), кейде көрсетілмеген Абай, Ақмола, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезұлы, Ж. Аймауытұлы, Б. Майлығұлы

¹ Еңбекші қазақ, 1927, 15–16 қантар.

² Песень о Козы-Корпече и Баян-Слу (казахская легенда), перевод Г. Тверитина, Кзыл-Орда, 1927.

³ Молодой Казахстан (рассказы современных писателей Казахстана), перевод с киргизского, по редакцией С. Садвакасова, Москва, 1928.

⁴ Литературная энциклопедия. Москва, изд. Ком. Академии, 1929.

(соңғы үшеуінің авторы көрсетілмеген) туралы мақалалар С. Садуақасұлы жолдаған материалдар негізінде жазылғаны ҰХК архиві құжаттарынан белгілі болып отыр¹.

Сыншы Смағұлдың әдеби-сын мақалаларынан басқа тарихи, танымдық кітаптарының мазмұны мен сапасын бағамдаған «Қазақ тарихынан?!»² (Қ.Кемеңгерұлының осы аттас кітабына сын), «Керекті кітап»³ (Ж. Сұлтанбекұлының «Бұрынғы һәм қазіргі жер саясаты» зерттеуіне талдау) атты еңбектері бар. Осы білік-білімін Т. Шонанұлы тәржімалаған Крупскаяның «Ауыл арасындағы саяси-ағарту жұмысы» (Қызылорда, 1925), Каменскийдің «Ауылдағы кооперация туралы» (Қызылорда, 1925) кітапшаларына жазған алғысөздерінен де байқауға болады. Жалпы Смағұл тәрізді қаламгерлердің 20-жылдары көркем шығармаға сын жазумен қатар саяси-бұқаралық, танымдық кітаптарға талдау жасауы – бір жағынан азаматтықтан туындайтын талап болса, екінші жағынан уақыттың өзі жүктеген іс. Біріншісі түсінікті, екіншісіне мән бере қарасақ, мәселе бейберекеттіліктің, қателесудің алдын алуға тіреледі.

М. Жұмабайұлының 1916 жылы жазған «Балапан қанат қақты» атты аллегориялық туындысы⁴ «Балапан» журналымен бірге қазақта жаңа сападағы әдебиеттің туғандығын, оның бағыты қандай болатынын аңғартады. Жас Смағұл проза әлеміне осы «Балапанмен» бірге қанат қақты.

Қаламгер мұрасының мұқият сақталынбауына байланысты 1922 жылы баспа жүзін көрген «Аптономия» әңгімесін⁵ бұл жанрдағы тұңғыш туындысы деп есептемейміз.

Шығармаға 20-жылдардағы қоғамдық-саяси шындық арқау болған. Онда 1920 жылы автономияға қол жеткізген қазақ халқының бұл өзгерісті қалайша қабылдағаны көркем тілмен жеткізіледі.

«Аптономия» әңгімесінің негізгі идеясы – елдің мұраты. Шығармадағы бейнелер жүйесі осы идеяны ашуға қызмет етеді. Сондай-ақ бояуы қанық осы бейнелер жүйесі арқылы оқушы сол кездегі қазақ қоғамында болған бүтін тарихи шындық болмысын бажайлайды.

¹ ҰХК архиві, № 78754-іс, 7-том, За партию, 1929, № 5-6.

² Еңбекші қазақ, 1925, 24, 29, 31 қаңтар.

³ Еңбекші қазақ, 1925, 4 маусым.

⁴ М. Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 59-бет.

⁵ Еңбекші қазақ, 1922, 10 шілде.

Аталған туындының неліктен роман жанрына жататынын үш дәлелмен анықтай аламыз. Біріншіден, «Сәрсенбек» – қазақ әдебиетінде роман жанрының енді дүниеге келген кезінде туған күрделі шығарма. Екіншіден, роман талабына сай «Сәрсенбекте» үш желі қатар тартылып отырады. Олар: 1) көтерілісшілердің күрес барысы; 2) қаладағы оқығандар тіршілігі; 3) Күлпашқа қатысты оқиғалар, яғни қала мен ауыл арасындағы бөгет-бөгесіндердің қалпы. Үшіншіден, А. Байтұрсынұлы ескерткен «тұрмыс сарынын түптеп, терең әңгімелеу» бар. Ғалым Р. Бердібаев: «Тарихи оқиғаларды тізе беру де, тарихты ұмытып, қиял күшіне ғана сүйенушілік те шығарманы біржақты етпек», – дейді¹. Осы тұрғыдан қарағанда С. Садуақасұлы тізгінді тең ұстағаны аңғарылады.

Көтерілістің болғаны рас, оған Амантай сынды азаматтардың жетекшілік еткені, толқынға Жұпар секілді қыз баласының қатысқаны, оқыған зиялы қауымның (романдағы Асқар, Бұқарбай, Қоңырбай, т. б.) көтеріліске қарсы болғаны шындық. Ал Сәрсенбек – автор қиялынан туған қаһарман. Біздіңше, жазушыны Алаш Орданың жеңіске жете алмағандығы, ұлтқа тәуелсіздік бұйырмағандығы қатты толғандырған. Смағұл енді: «Бәлкім, қазақ оқығандары 16-жыл оқиғасына белсене араласып, күресті басқарып, жүйелеу керек пе еді? Сонда мүмкін алаш жұрты бір ту астына жиналып, саяси сапырылыстар тұсында тәуелсіздікке қол жеткізер ме еді?» деген пікірге келген тәрізді. Сонымен кейіпкер Сәрсенбек – жазушының осы идеясын жеткізу үшін өмірге келген бейне. Шығармада Сәрсенбектің ойынан кетпейтін, оған қуат дарытатын Абылайхан, Кенесары елестері де жазушы көздеген идеядан туындайды.

Жанрын А. Байтұрсынұлы «Ұзақ әңгіме» (повесть) деп анықтаған С. Садуақасұлының «Салмақбай, Сағындық» атты шығармасы кезінде журналға да басылған², кітап болып та шыққан³.

Повесте жазушы ісі қазақ тұрмысына жаңа ене бастаған шаруашылық түрінің адамдардың қалыптасып қалған ой-түсінігіне жасаған әсер-ықпалын суреттей

¹ Р. Бердібаев. Қазақ тарихи романы. Алматы, 1979, 7-бет.

² Қызыл Қазақстан, 1923, №17–24; 1924, №3.

³ С. Садуақасұлы. Салмақбайдың ауылында қалайша каператса ашылды? Орынбор, 1924.

отырып, «ауылға келген тосын жаналықты кім қалай қабылдады?» деген сұрақ төңірегінде кейіпкерлер психологиясындағы жаңа дәуір тудырған өзгерістерді жеткізбек болған. Шығармада «тап тартысы» жоқ, дүниетанымдағы текетірес бар. Повесте эпизодтық кейіпкерлерді санамағанда Сағындық, Салмақбай, Жаңбырбай, Қақсалбай, Мақамбет бейнелері арқылы жазушы сол кездегі қазақ ауылының жай-күйін, адамдардың наным-түсінігін, қаланың далаға, даланың қалаға деген көзқарасын шебер жеткізе алған. Рас «Салмақбай, Сағындық» повесі туған кезде қазақ әдебиетінің проза жанры көркемдік талапқа толық жауап бере алмады. Әйтсе де, көркемдікті, шеберлікті меңгеруге деген талпыныс байқалады. Айталық, аталған шығармадағы жазушының кейіпкер бейнесін сомдаудағы ізденістері, фөлсафалық ой-толғамдар айтуы, көркемдегіш құралдарды туынды мұратына сай жұмсай алғандығы, туындының бітімін біршама дұрыс орайластырғаны – ескеруге тұрарлық жайттар.

С. Садуақасұлының 1927 жылы жазған енді бір повесі – «Күміс қоңырау»¹ 20-жылдардағы әдебиетке құбылыс болып енді. «Күміс қоңырау» әлеуметтік-психологиялық повесть. Қоғам тап-тапқа, жік-жікке бөлінген дәуірде дүниетанымда қарама-қарсылық молынан туындады. Жазушы С. Садуақасұлы осы қылаңдаған құбылыстың сырына үңілді. Оны зерделеу үстінде тұтас бір буынның тағдырын барлап, өз тарапынан адам мен қоғамның сәйкестікте жетілуінің жолдарын қарастырды.

Шығарма Қошқарбай, Сейілбек, Сәлима, Нағима сынды замандас жастардың бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Он хат арқылы осы төрт кейіпкердің тек өзара сезімі ғана емес, қоршаған орта, қоғам, қазақ қалпы туралы көзқарасы, толғанысы көрінеді.

Күміс қоңырау – арбаға жегілген аттың қамытына тағатын әшекей. Ол – жылтырақ нәрсе. Көлік қоңырау болмаса да жүреді. Повесте жазушы оқыған азамат қоғамның жылтырауық әшекейі болмай, қозғаушы күші болу керек дегенді айтады.

С. Садуақасұлының көсемсөздік мұрасы алуан тақырыпты қамтиды. Біз оны шартты түрде төрт топқа бөле аламыз. Бірінші – қоғамдық-саяси мақалалар,

¹ Қызыл Қазақстан, 1927, №10–12; 1928, №4–5.

екінші – оқу-ағарту, білім туралы мақалалар, үшінші – театр өнері хақындағы мақалалар, төртінші – танымдық еңбектері мен ғылыми зерттеулері.

Қаламгер Смағұл жазған еңбектерінің көбісіне дерлік «Смағұл Садуақасұлы» деп қол қойған. Орысша авторлығын «Смагул Садвокасов» деп көрсеткен. Сондай-ақ ол орыс тіліндегі мақалаларында «Ысмағұл С.», «С», «Біреу», «Сауықшы» атты бүркеншік есімдерді пайдаланған. «С.С.С-овъ»-тың С. Садуақасұлы екенін «Трудовая Сибирь» журналының қаламақы есебінен білдік¹. Ал қаламгердің қазақша псевдонимдерін айтып кеткен жан – профессор Б. Кенжебайұлы. Біз өз тарапымыздан «Ысмағұл», «Ысмағұл С.», «С» бүркеншік аттарын аңғардық («С»-тің оныкі екенін мақаласының екінші бөлігінде, яғни жалғасында толық аты-жөнін жазғанынан білдік).

С. Садуақасұлы «Өмір үшін күресу» (1918), «Көтеріл, жастар!» (1920), «Өткен күндер, қазіргі хал һәм болашақ» (1922), «Шарт керек пе?» (1922), «Қостанай – Торғай» (1922), «Орта Азия өміріндегі жаңа дәуір» (1924), «Қазіргі дәуір – іс дәуірі» (1925), «О национальностях и националах» (1928) және тағы басқа толып жатқан мақалаларында қазақ қоғамының өтпелі дәуіріндегі қоғамдық-саяси ахуалдың қандайлығын һәм ел мен оның көсемдерін тығырыққа тіреген зәруліктерді шешудің амалдарын көрсетеді.

XX ғасырдың бас ширегі зиялылардың халықты жаппай тыңғылықты білім алуға тынбай шақырған шағы еді. Бұл кезде «Оян, қазақ!» – «Оқы, қазақ!» болып та ұғынылатын. 15 жасынан ұстаздық еткен Смағұлға оқу-ағарту мәселесі бейтаныс емес-тін.

Сондықтан ол өркениетті болуға талпынған елге қажетті шартты орындау ісінен күшін аяп қалмады. С. Садуақасұлы «Нужды аула» (1919), «Бірінші мақсұттарымыз» (1920), «Халық ағарту мәселелері» (1925), «Оқу ісінің кемшіліктері. Оларға қарсы шаралар» (1926), «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (1927), т. б. мақалалары мен соңғы аталған еңбегімен аттас кітапшасында (бұл 1927 жылы мұғалімдер съезінде жасаған баяндамасы негізінде жазылған) елдегі оқу-ағарту зәрулігін сөз етті.

Тарих пен тағдыр 1925–1926 жылдары С. Садуақасұлына қазақтың мемлекеттік ұлт театрын ашуды және ел-елдегі өнерпаздарды топтастыруды бұйырды.

¹ ООМА. 151-қор, 1-тізім, 459-іс, 5-бет.

1926 жылы 13 қаңтарда ресми шымылдығы ашылған театрдың қалыптасу жылдары, сөз жоқ, Смағұл есімімен байланысты. Қайраткер-қаламгер бұл жылдары театрдың, әртістік кәсіптің, пьеса танудың әліпбиі іспеттес «Ұлт театры туралы» (1925), «Алғашқы тәжірибелер», «Баянды еңбек күтеміз», «Мәдениет тәрбиесі» (1926), «Ұлт театрына бір жыл» (1927), тағы осы секілді бірнеше мақала жазды. Нәтижесінде қайраткердің сөзі мен ісі биіктен табылып, үлгілі театр, талантты әртістер, ойлы көрермен қалыптасты.

20-жылдары қазақ қоғамындағы халықтың білім-ілімге деген сұранымы оқулықтардың, танымдық, ғылыми еңбектердің жазылуын тездетті. Бірақ оны жазатын маман қат еді.

С. Садуақасұлы 1920 жылы 2 желтоқсанда Қазақстан мемлекеттік баспасы жанынан құрылған оқулықтар мен саяси һәм көркем әдебиеттерді сұрыптайтын редакциялық алқаға кіреді¹. Мұндай жауапты іс кез келген оқығанға жүктелмейтіні мәлім. Жас қаламгер ендігі жерде өз жазғанымен қоса өзгелердікіне де қатаң талаппен қарай бастады. Әсіресе ол баспаға өткізілер кітап пен баспасөзде жарияланар арнаулы мақалалардың жүйелілігіне, ғылыми негізділігіне, нақтылығына назар аударды. Осы орайда С. Садуақасұлының «Жастарға – жаңа жол» (1921), «Кооперация һәм қазақ шаруасы» (1924), «Жастармен әңгіме» (1925) атты танымдық әрі ғылыми кітапшалары мен «Қазақстан» (1922), «Күнбатыс һәм Күншығыстың бостандық жолында күрестерінің тарихы» (1923), «Жаңа жұртшылық негізі – ғылым» (1925), т. б. ғылыми мақалалары замандастарының көкейінен шықты дей аламыз. Бұған 20-жылдардың мерзімді басылымдарында шыққан сындар куә².

Қайраткер-қаламгер С. Садуақасұлы мұрасы сөз етілген жерде біз оның эпистолярлық дүниесін айналып өте алмаймыз. Өкінішке қарай, Смағұлдан қалған хат, әр түрлі сипаттағы жазбалар көп емес. Барының өзін өрен дегенде ҰХҚ архивінен таптық. Бірақ «таптық» деудің өзі ерте секілді. Өйткені Әбдірахман Байділдаұлы мен Мұхтар Әуезұлына жазған хаттары түпнұсқа емес. Бұл

¹ Қазақстан мемлекеттік орталық архиві. 929-қор, 1-тізім, 20-іс, 9, 14, 22-беттер.

² Қызыл Қазақстан, 1925, №2, 4, 5, 39-бет.

хаттарды жүйрік тәржімашы орысшаға аударған көрінеді. Біз оны қайта қазақшалап жатпадық. Сөйттік те әзірше түпнұсқасы табылғанша сол аударма хатты халыққа ұсына беруді жөн санадық.

Сонымен, шолу түрінде айтқанда, Смағұл Садуақасұлының ғұмырбаяны мен шығармашылығы осындай.

Реті келгенде көрнекті қайраткер-қаламгерге байланысты және бір жайтты ескерте кетуді парыз санап отырмыз. Ол С. Садуақасұлының өлімі мен мәйіті жөнінде.

Осы кезге дейін ресми еңбектерде Смағұл ауырып дүние салды деп есептелініп келді. Мұны ешкім терістемейді. Бірақ ауруының себебіне келгенде әркім әр түрлі пікір айтады. Біреулер «газға уланыпты» десе, екіншілер «туберкулезден асқынған» дейді, ал үшінші біреулер тіпті басқа пайымдаулар жасайды... Біздіңше, өркениетті елдердегідей қайраткер өлімінің себебін анықтайтын арнаулы комиссия құруды ойластырған жөн. Басқа басқа, дәл Смағұлдай азаматтың тағдыр-талайын зерттеу үшін үкімет қаржыдан тартынбау керек.

Екінші мәселе тағы да үкімет шешіміне тіреліп тұр. Әңгіме өзге мемлекеттің астанасында (Мәскеу) қалып қойған С. Садуақасұлы денесінің күлі жөнінде болып отыр. Осы зәрулікті біз бір топ белгілі ғалымдарға айтқыздырып, баспасөзде жариялаған едік¹. Алайда оған құлақ асқан ел басшыларын көрген жоқпыз. Мұндай қасиет елдікке сын.


Біз осы алғысөздің ілгерідегі жолдарында Смағұлдың ата-анасы мен бауыры жөнінде аз-кем айттық. Ал оның өз отбасы туралы да көп әңгімелей алмаймыз. Ол Елизавета Әлиханқызы Бөкейхановаға 1923 жылы үйленген. Әйелі 1926 жылы Ескендір атты перзентті дүниеге әкелген. Ескендір Смағұлұлы Ұлы Отан соғысына жастай сұранып барып, шейіт болған. Е. Әлиханқызы да соғысқа қатысып, одан аман қалған соң ғылыммен айналысқан. Ол кісі 1971 жылы дүние салған.

Бар болғаны 33 жыл ғұмыр кешкен Смағұл Садуақасұлы артында мол мұра қалдырды. Оның азаматтық ісі мен қайраткерлік қасиетінің өзі бізге мұра. Біздің міндет сол мұраны игеру, одан тағлым алу.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

¹ Көкшетау, 1992, 4 наурыз. Халық кеңесі, 1992, 8 мамыр.

Көркем шығармалары





СӨРСЕНБЕК

Кейбірде мен баладаймын,
Баладай болсам да бәрі есімде.

Осы күнгі бір қыздың сөзі.

Біреулер «ат көп» дейді, біреулер «солдат көп» дейді; біреулер «жалшы» дейді, біреулер «малшы» дейді...

Біреулер «алар» дейді, біреулер «қояр» дейді, біреулер «жарайды» дейді, біреулер «жоқ» дейді. Біреулер «қояды» дейді, біреулер «қоймас» дейді, біреулер «барам» дейді, біреулер «жоқ» дейді.

Біреулер алып жатты, біреулер беріп жатты; біреулер күліп жатты, біреулер жылап жатты...

Дүниенің жүзі қыбыр-қыбыр етті. «Ат көп» деді біреу. Қазақ құлағын тіге қалды. «Солдат» деді тағы да. Салдыратып қаша жөнелді... «Жалшы» деді тағы да!.. Жалына қалды.

Дүниенің жүзі жым-жырт. Сары маса тұмсығына қонғанда қазақ қатты ұйқыдан оянып кетті. Аунап барып қайта жатты. Қай-қайдағы ойына түсіп, орнынан ұшып түрегелді. Тасыр ете түсті. Тұра қашты. Тарс етті! Етпетінен құлады.

Көзін ашса, дүние көшіп барады екен!

Айғай. «Аттан» салған, бақырған, шұрқыраған, мөңіреген, маңыраған, азынаған, боздаған ауыл. Шу. Астан-кестен.

* * *

Мынау жатқан Сары дала! Жайылып, керіліп, созылып... Үсті бұның қыбырлаған мал еді. Мал ішінде қыбырлаған жан еді. Айналаға жалтақтай қарады!.. Астан-кестен...

Қаша жөнелді.

Кетіп барады, кетіп барады!.. Бір кезде қайырылып тоқтады. Қарсыласа бастады.

Бәсе, манадан осылай істеу керек еді ғой!..

* * *

Сәрсенбек кеткен күннің ертеңінде жарлық келді.

Окопқа шақырған екен. Күні бойы ауыл толған жан болды. Біреу кіріп, біреу шығып апырылып-сапырылып жатты.

Өрт келе жатқандай ауылдың бозбалаларының бәрі атқа мініп алды. Ауылдың сыртында көп халық үйме-жүйме болып жиылып жатты.

– Қайтадан оқы, шырағым, қайтадан оқышы?! – дейді бір қоныр дауыс.

Жас кісінің дауысы қайтадан санқылдады. Жұрт жым-жырт.

«Барша халыққа!

Біз Николай II патша түрлі Россияның, Польшаның патшасы, Финляндияның ұлы князы бұйрығы, бұйрығы, бұйрығы...

Барша біздің қол астымыздағы бізге ақиқат берік болған жарандарға жариялаймыз:

Орыс халқының, Россия патшалығының дұшпандары неміс пен түрік күллі елді жеңбек ниетінде. Оның үшін барша біздің қол астымыздағы әмма бұратана жұрттарды окоп жұмысына шақырдық. Бұл уақытқа шейін маған кәміл сеніп келген халқым мемлекет басына қиындық түскен жолда маған шын көмегін көрсетеді деп сенемін».

Жұрт аң-таң қалды. Бұратана халқына жазған ақ патшаның уағдасы бар еді, «Қазақтан солдат алмаймын» деген.

– Бұл қалай болды? – деді шалдар.

– Түріктер біздің дұшпанымыз емес. Орысқа дұшпан болды деп, түрікпен соғысуға бармаймыз! – деді ат үстінде тұрған бозбалалар.

Жұрт тағы да аңыранды. Үйме-жүйме тұрған халық тағы да жарлықты қайта-қайта оқыта берді, оқыта берді...

* * *

Сәлима шошып оянып, көзін ашып еді, үйдің ішінде еш дауыс естілмеді.

– Апа, апа! – деді. Дыбыс шықпады.

– Көке! Көке!..

Еш дыбыс естілмеді. Зәресі ұшып, шымылдықты ашып қалды.

Үйде тірі жан жоқ екен. Даладан айғай, дабырлаған дауыс шықты. «Ауылға орыс келіп қалмасын» деп Сәлима ұшып түрегеліп, тез киіне бастады. Есікті біреу сарт еткізіп ашып қалды. Жалт қараса Жұпар екен. «Бұл неғып жүр» деген пікірді ойлағанша болмады, Жұпар айтып кеп жіберді.

– Сәлима, киін! Біздің ауылдың бәрі астан-кестен. Қазақтан солдат алатын болды!

Сәлима қорққанынан не болғанын білмеді.

Жұпар асығып шығып бара жатып:

– Біз... біздің үйге келе ғой! Бәріміз бір жерде отырайық! – деді.

* * *

Сәлима келгенде, үйдің іші толған бала-шаға екен. Жұпарды танымай қалды. Еркекше киініп алыпты: аяқта – әдемі етік, үстінде – түйе жүн шекпен, белді күмістелген кісемен буынған, басында – төбесі тік ақ елтірі тымақ. Сәлиманың көзіне тұмақтың құлағы ұзынырақ көрінді. Қолында сегіз өрме тобылғы сапты қамшысы бар. Төрден есікке қарай ерсілі-қарсылы жүре береді, жүре береді. Бойы тік. Нағыз бозжігіт дерсің.

Аң-таң болған Сәлима сәл қарап тұрып, қыздардың жанына барып отыра қалды. Есіктен бір бала жүгіріп кіріп еді, Жұпар басын көтеріп, соған қарады да:

– Болды ма іріктеп? Тез болсын деп айт, – деді. Бала қайтадан зыта жүгіріп, шығып кетті.

Сәлима Жұпарға қарап:

– Жұпар-ау, бауырым-ау, бізді тастап кетесің бе? – деді.

– Мен қайда кетуші едім?! Бозбалалармен бірге жүрем ауылда, – деді. Ары-бері аяндап, аз бөгелді де тағы сөйледі:

– Бозбалалардың бәрі не қыларын білмей сандалып жүр. Солардың – бауырларымның жанында болып, көңілдерін көтерем.

– Олар бауырың болса, біз де – бауырың. Біздің көңілімізді көтергің келмей ме?!

– Солдатқа қызды алмайды. Қазір ер жігіттің басы-

на асқар тау түсіп тұр. Солармен бірге болмағанда, азамат басыммен от басындағы сендермен болғаным ұят емес пе!!!

Сәлима бір сұмдықты сезгендей болды. Бір жағы Жұпар Сәлимаға ерегесіп әдейі істеп тұрғандай көрінді. «Осы шын айтып тұр ма?» дегендей Мінсізге қарады.

– Осының бәрі немене, Мінсіз?– деді.

– Шынымен естіген жоқсың ба?– деді Мінсіз.

«Жас бозбала» үйден жүгіре жөнелді. Дүркірей артынан қыздар да шықты.

– Жұпар! Жұпар!– дейді бозбалалар айғайлап, анадайдан келе жатқан Жұпарды көргенде.

– Атқа бас қамшыны! Бас!– даурығады көп дауыс...

– Құлап қалды,– дейді біреулер.

– Жұпар құлаушы ма еді?! Айда! Айда!– дейді бозбалалар.

Жұпардың астындағы ақбоз ат резеңкеше созылады: бүгіледі, жазылады, жүгіреді. Асыр-тұсыр!..

Бұрыла шапқанда бөркі ұшып кетті.

– Бөркі ұшып кетті!– деді біреу.

– Бөркі құрсын! Өзі ұшып кетпесе жарар еді, сақтай гөр!– деді екінші.

– Айда, айда!.. Жұпар, атқа бас қамшыны!..

Биік дөңнен шапқан бойы жазыққа түсіп, бір-ақ аттың басын тежеп тартты. Шоғырланып жиылған жұрттың жанынан өтіп барып, атының басын әрең бұрды.

Екі көздері оттай жанған... Жігіттер Жұпарды қоршап, айнала тұра қалды. Балаң жігіттің сұсты көзқарасында болайын деп тұрған өжеттік байқалады. Екі беті қызарып, еңтігін әлі басып болмаған Жұпар сөйлей бастады:

– Ардақты бауырларым! Күн шалмаған сұңқарларым! Басымызға ауыр заман туды. Әлгі шуылдасып, айғайлаған шалдарды көрдіңдер ғой. Олар шаһарға кісі жібергелі жатыр. Кеткен кісі қайтып келгенше біз ат үстінде боламыз!..

– Иә, ат үстінде боламыз, ат үстінде боламыз!..– дейді жігіттердің бәрі бір дауыстан...

Жұпар сөйлей берді:

– Жіберген кісі «босатып келсе» жақсы-ақ. «Босатпайтын» болса, солдатқа айдайтын болса, онда... онда бармандар!

– Бармаймыз! Бармаймыз! Тіпті де бармаймыз, – деп бәрі бірдей тағы шуылдады.

– Орыстың айдағанына бармаңдар! Зорлайтын болса, қарсы тұрыңдар! Соғысыңдар, мен де сендермен бірге соғысам! Алатауға кетеміз! Алатауға!.. – деді Жұпар.

– Алатауға кетеміз! Жұпармен бірге Алатауға! – деді дабырлаған көп дауыс.

– Айдағанға бармаймыз! Соғысамыз, соғысамыз!..

Жұрт манағыдан да көбейе берді. Жұпар жігіттердің ішінде дегенді естіп, үйде жігіт қалмады. Көпшіліктің ішінде тай-құнанға, бие, байталға мінген балаң жігіттер мен жас балалар да дөң басына бірінен соң бірі келіп, қалың топқа қосылып жатыр, қосылып жатыр. Біреу жайдақ, біреу тоқымды, біреу жалаң аяқ, біреу көйлекшең, біреу күпілі. Біреу жалпылдап келеді, біреу ызғытып келеді. Асыр-тасыр бәрі де төбенің үстіне жиналғанның үстіне жиналып жатты.

Барлық жігіт атаулы дөңнің астында жазыққа топ-тобымен шоғырланған-ды. Жұпар солардың ортасында ерекше көзге түседі. Жұпарды көргісі келген жас жігіттер мен балалар оған жақындай түсті. Оның аузынан шыққан әрбір сөзін естіп, ұғып алғысы келгендердің бірі басын төмен салып, бірінің аузы ашылып, бірі тұмағының құлағын түріп қойып тыңдауда. Жұпар болса тамағын кенеп қойып, сөйлеп жатты, сөйлеп жатты...

Сағым ойнаған сары дала демін ішіне тартты. Батыстан жел тұрып, күннің көзі бұлтқа жасырынды. Артынша жаңбыр тамшылай бастап еді, енді қара жаңбыр нөсерге айнала берді. Бірақ жиналған жұрт топтанған үстіне топтана түсті.

– Жұпар, Жұпар, жаса! – деп шуылдасты жастар жағы.

Құжынаған көп халық Жұпарды ортасына алғандардың дабырына құлақтарын тігіп, тыңдай түсіп, күнгір-күнгір етіп сөйлеп кетті:

– Байладық белді! Байладық белді! Көп жаса, Жұпар!..

Оң қолын көтеріп, аспандағы айды алатын кісідей, айғайлап сөйлеп Жұпар тұр. Қолы қимылдаған сайын білекке ілген тобылғы сапты қамшысы дір-дір етеді. Салауатты үлкен кісіше әр сөзін шегелеп, қызына айтады!..

Ертеңінде... ақ сақалды үлкен екі кісі екі жирен ат үстінде тұрды. Айнала қоршаған халық. Шал-кемпір, бала-шаға шикі өкпеге дейін тайма-таяғы қалмай жиналған. Салмақпен саңқылдаған бір қарияның дауысы естілді.

– Бәріне айтыңдар. Біз, қазақ, ақ патшаға өз еркімізбен қарағамыз деңдер! Оқ атқамыз жоқ, қылыш шапқамыз жоқ. Өзіміз бағындық деңдер. «Бізге орыс халқы пана бола ма?» деп, Қытайға бармай Орысқа сеніп бағынғанымызда, ақ боз аттың терісіне жазылған, атанның берген уағдасы бар деңдер! «Уа, қазақ, Сені маңдайыңнан шертпеймін, балаңды солдатқа алмаймын» деген уағдасын қалай ұмытады? Соны айтыңдар! Қазақтың малын алса да, жерін жайласа да, қызметіне жараймыз. «Адам алам» дегенді қойсын. Жанымызға сауға берсін. Ханымыздан айырылып, орысты хан еттік, досымыздан айырылып, орысты дос еттік.

Айбалтаның жүзін, ақ найзаның ұшын қайрамағалы көп заман өтті. Жаугершіліктен айырылып, момын болған жұртпыз деңдер. Кенесары өткеннен бері үндемей жатқан ел едік. Бабаңның ақ боз аттың терісіне жазып берген антын бүзбайық, ақыры жаман болар деңдер!..

Салмақты дауыс сақара тыныштығын бұзып саңқылдағанның үстіне саңқылдай берді. Жылап-сықтаған жатын-қалаш алладан жәрдем сұрап, күбір-сыбыр етеді. Бірі жаулығының ұшымен көз жасын сүртсе, бірі көйлегінің етегін көтеріп бетін сүртінеді.

– Тәйт ары, жаман ырымға жорымандар! – деп зекіп қалды салауатты қарт. – Одан да ақ жол тілендерші, түге!

Қатындар жағы пысылдап-ысылдағандарын қойып, басылып қалды.

– Ал, шырақтарым! Жолдарың болсын! Жорытқан-да жолдастарың қыдыр болсын! Оң жақтарыңнан айың тусын, сол жақтарыңнан күнің шығып, абыройларың артып, дәнқтарың өссін!.. Ал, батамды бердім! Иллаһи ата-баба аруағы қолдасын!.. Әумин!..

Жұрттың бәрі бір кісідей қолын жайды. Ақ сақалды қариялар тарамыс саусақтарымен сақалдарын сала-лап сипап тұрып:

– Жолдарың болсын! Жолдарың болсын, шырақтарым! – деді.

Екі жирен аттың сауырына қамшы сарт етті. Бұйығып тұрған жұрт қозғалақтап, уда-шу, дабырда-дүбір дауылдасты.

* * *

Қас қарайған шақ еді. Қап-қара болып түнерген күн. Батыстан қою бұлт қаптап келе жатты.

Аспан мен жер тұтасқан зауал кеште дала төсін дүбірлетіп қатты келе жатқан сартылдаған ат тұяғы естілді. Сып-сып етіп сауырға тиген қамшының суылы кешкі тыныш ауаның қалпын бұзғандай. Сыпылдаған жіті жүріс қара жерді қақ айырардай. Аттар қамыс құлақтарын бірде тікейтіп, бірде жымқырады. Ауыздан көбік атып, кең танаудан ентіге дем алады. Белден бел асты, көлдерді де кешіп өтті. Тоқтаусыз ұзақ жүрісте «Япырау, бір күннің ішінде бұл елге не боп қалды?» дегендей бастарын еріксіз жұлқи тартып, аяқтарын жылдам басады.

Ат үстіндегі екі азамат тұғырда мүсіндей нық отыр. Айналаға жіті қараған батыр көздері от шашады.

Бұл суыт жүрісті екі адам қайда асығады, неге асығады?!. Қайда барасындар, осынша жол шегетіндей не боп қалды?!

Сәрсенбек шаһарға келгенде, Жұмажан мен Бұқардан басқа мұнда әлі ешкім жоқ екен.

Бір күннен соң былтырғы қазақтың үйінде жиналғанда Асқардың жанында отыратын қыз секілді әдемі қараторы жігіт келді. Мұның аты Қабдеш еді. Шын аты Қабдолда ма, Хамит па – онда біздің жұмысымыз жоқ. Жұрт Қабдеш дейді, біз де Қабдеш делік. Жақсы көргенде не жас көргенде не оны, оқушы бауырым, сұрамай-ақ қоя тұр! Алыста жүрген бауырыңның бір назын көтере сал!

* * *

Қабдеш үйіне кіріп келгенде, Сәрсенбек газет оқып отыр еді.

– Ассалаумағалейкум, философым, – деді.

Сәрсенбек жалт қарағанда Қабдешті көрді. Орнынан ұшып түрегеліп, көрісе кетті. Құшақтасып, төс түйістірді.

– Ал, философым, жаз қайда болдың? Қай жердің суын ішіп, қай жердің дәмін таттың? – деді отыра беріп Қабдеш.

– Қайда болушы ем?! Өз ауылымда өткіздім. Әуелде жолым болмады, артынан оның есесін толтырдым. Қазір көңілім бір түрлі жақсы, – деді Сәрсенбек салмақты дауыспен.

– Сенің ежелгі әдетің ғой! Бәрін салыстырып, өлшеп-кесіп беретін, – деді күлімсіреп Қабдеш.

Сәрсенбектің ақылды жүзі әрең күлімсіреді:

– Өлшегенде тұрған не бар? Әуелі жаман жағдайда болдым, артынан ойдағыдай орнына келді. Сұраған соң, айтып жатырмын. Өзің жазды қалай өткіздің, Қабдеш? – деді.

Қабдеш ұшуға ыңғайланған қыранша орнынан көтеріліп, екі қолын жайып, аузын ашып:

– Қандайын сұрайсың? Бір түрлі тамаша өткіздім, – деді.

Сәрсенбек бір нәрсе айтқалы ыңғайлана бергенде Қабдеш:

– Жазғытұры Бұқарбек екеуіңнің тапсырған жұмыстарыңды да орындадым. Көп мақал, ертегі жиып әкелдім. Бір қыздың мынадай үлкен сәукелесі де бар. Рас-өтірігін білмеймін: Кенесарының қызының сәукелесі дейді. «Қобыланды батырдың қобызы» деген бір үлкен домбыра секілді қара тақтайы да бар. Асанқайғының қамшысын таптым. Тағы да толып жатқан нәрселерім бар. Бұқарды бір қуантайық. Жасаймын деген музейін жасап, тілегіне жетсін! – деді.

Қабдеш бір нәрсенің атын атағанда өзінің қолымен соны ұстап тұрғандай болып, денесін қозғалтып, беті-жүзін өзгертіп отырады. Сәукелені айтқанда екі қолын сәукелеше шошайтып басына көтерді. Қобыландының қобызына келгенде, қобыз тартқан кісіше сол қолының саусақтарын жыбырлатып, оң қолымен ауаны осып-осып жіберді. Асанқайғы туралы, оның қамшысын айтқанда зор қайғылы адамша көзін төмен қарай тастап жіберді.

Сәрсенбек қазақ ішінде мимиканы қолданбайтынын біледі. Қабдешке көзінің астымен қарады. Өзін-өзі ұмытқандай болған, еркек басымен жеңілтектеңіп кеткенін ерсі көрсе де, шын ықыласында жадырап күлімсіреді.

– Жарайды, Қабдеш! Өлеңдеріңді ертең таңертең осында алып кел, оқиық!.. Өлеңді жинағаның жарайды. Одан халықтың не ойлағанын, нендей сыры барын білеміз. Егер бұл өлеңдерді шығарған нағыз өлең ақыны

болса. Бірақ мен сенің музейге алып келген нәрселеріңе сене алмаймын. Біздің тарихтан білетініміз бойынша Кенесарының қызы болмаған. Оның бер жағында Қобыланды батыр қобыз тартпаған адам дейді қариялар. Асанқайғының қамшысы дегенің – тіпті қата сөз. Асанқайғы аңыздан туған. Оның қамшысы қайдан болады?

Сәрсенбек сөйлей берді:

– Әр халық киелі аруақты қасиет етіп тәу етеді. Асанқайғы – болған ба, жоқ па, бірақ біздің халық сондай ауыздан-ауызға аңыз қылып қалдырған киелі адам тұлғасы. Мысалы, ескі замандағы грек жұртының Аполлонға қатысты аңыздарын алайық. Онда шындықтан гөрі қиял көп. Бірақ гректер Аполонды әулие тұтады.

Мұсылмандар арасында Қожанасыр деген әулие бар. Ол да – халық аузындағы киелі адам. Айта берсек, мұндай мысалдар толып жатыр. Осының бәрі – өмірде болмаған, халықтың жақсы ойынан шыққан аңыздар.

Қабдеш әкелген еңбегі далаға кетіп, оның нәрселері музейге түспейтіндігіне өкпелеген кісіше қабағын түйіп:

– Жарайды, Сәрсенбек, саған сенсек, Кенесарыда қыз жоқ, Қобыланды батырда қобыз болмаған дегеніңе көнсем, көнейін! Асанқайғы болмады дегеніңе мен тіпті нанбаймын. Біздің елде Асанқайғының жүрген жерлері бар. Жолдыөзек деген араға келгенде ол: «Жолдыөзек дегенше, сорлы өзек десеңдерші», – депті. Айтқаны келгендей-ақ, сол Жолдыөзекте бұл күнде түк жоқ. Маңайындағы ел жұтап, түгелдей қырылып қапты! Қане, Асанқайғының болмағаны?

«Осыған қандай жауап берер екенсің?» деген кісіше Қабдеш масаттанып, Сәрсенбекке тіке қарап отырды.

Сәрсенбек аспай-саспай Қабдешке ұғындырмақ ниетте сөйлей бастады:

– Қабдеш, бұл жағдайды мен саған түсіндірейін. Асанқайғы қашан болды, білемісің? Әркім әр түрлі айтады. Біреулер айтады: «Ақтабан шұбырындының заманында болды», – деп. Енді біреулер: «Кешегі Кенесары уақытында болды» – дейді. Кейбіреулер, өтірікші шалдар бала кезімізде «Асанқайғыны көрдік» – дейтін.

Асанқайғының қай заманда болғаны туралы нақты дерек жоқ. Тарихын жазып, бізге қалдырған қазақ тағы жоқ. Соған қарамастан, Асанқайғының бармаған жері, баспаған тауы, жер-суға қоймаған аты қалмаған сияқты. Шойын жол, пошта жоқ кезде бүкіл Қазақ жерінің

бәріне ат қойып, айдар тағып, қалай аралап шықты? Менің ойымша, бұл – сенімсіз нәрсе. «Желмая мініп жүрген» дейді. Сол желмая деген бар ма? Бар болған болса, біздің кезімізде ол неге болмайды?

Жаратылыс ғылымы бойынша да желмаяның бар екені көрсетілмеген. Қазақ жерінің аттарын Асанқайғы қойды делік. Сонда ол жерлердің бұрын аттары болмаған ба? Болса қалай аталған екен? Қазақ бұрынғы атауларды ұмытуы мүмкін бе?!.. Менің саған берер жауабым: күллі миф қайдан шықса, Асанқайғы да содан шықты. Бұл – бір жылдың ішінде емес, жүз мың жылдың ішінде жаралған адам. Осы күні ел ішінде билердің көбі бір жақсы сөзді «Құнанбайдың Ыбырайы айтқан екен» деп келеді. Өзімізге келсек, «Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай» деп отырамыз.

Бұның себебі не? Себебі бұл адамдар – халық көңіліндегі кіршіксіз жандар. Жұрт оларды пайғамбардай көреді. Пайғамбардың хадисын айтқандай, бұлар айтты деп таратады. Өз заманында Ыбырайды да ешкім тыңдамаған. Осы күні замандас ойшылдардың қадірін кім біліп жатыр?! Ыбырай халқына сөйлегенде, атам марқұм айтқандай, «ол кезде ешкім де қадір-қасиетін түсінбеді. Өліп еді, қандай кісі екендігіне көзі жетіп, енді міне «Құнанбайдың Ыбырайы айтқандай» дейді. Мысалы, мың жыл, жүз жылдардан кейін Ыбырай мен Байтұрсынұлы Асанқайғы секілді киелі жандар болмасына көз жете ме? Бірнеше жүз жылдардан соң халықтың: «Ахмет кием, қолдай гөр! Бір өзіңе сиындым!» деп тұрмасын кім білсін?

Қабдеш алдынан алтын сарайдың есігі ашылып кеткендей болып, біраз отырды.

Бұл – ақылсыз туған бала емес. Сәрсенбек аузына салып жіберген жемісін шайнап жатып, Қабдештің миына бір нәрсе келе қалды. Содан Сәрсенбекке қарап:

– Сәрсенбек, айтқаныңды ұғындым. Асанқайғы бүкіл қазақ жерін араламаса, араламаған шығар, бірақ маған мынадай ой келіп отыр. Миф – киенің қайдан шығатынын айтқанда Ахмет пен Ыбырайды мысалға келтірдің. Бұлар болмаса миф қайдан шығар еді. Сондықтан мен Асанқайғы миф болса, дүниеде болған адам деп ойлаймын, – деді.

Сәрсенбек Қабдештің мұндай зеректігіне өте риза болып, қуанышты жүзбен:

– Дұрыс, дұрыс, Қабдеш, оның рас. Мүмкін Асанқайғы деген бір ақылды шалдың болуы. Бәлкім, аты Асанқайғы емес, жай Асан ғана шығар. Бірақ, ол бүкіл қазақ жерін аралаған жоқ. Осы күнгі қазақ айтатын Асанқайғы болған жоқ. Қазақтың Асанқайғысы – миф, – деді.

– Олай болса, қамшысын да миф қыла салсақ қайтеді? – деді Қабдеш күліп. Екеуі де сақ-сақ күлді.

– Жарайды, болса-болсын! – деді күлкісін тиып жатып Сәрсенбек.

Қабдеш қуанып, «еңбегім жанды» деген оймен:

– Ендеше сәукелені де, қобызды да миф қыламын, – деді.

Сәрсенбек қарқылдап:

– Жарайды, жарайды! Мейлің, өзің біл енді. «Қабдешті миф қыл!» деп өлерде өсиет айтып кетсең де! Тағы да күлді.

Елу жылдан соң қазақтың көретін жақсылығы, бақыты дәл сол екеуінің айтқаны бойынша орнай қалатындай. Екеуінің жан дүниелері – қиялы алып ұшып алысқа шырқап кетті. Ойдың мұхитында жүзіп жүр, жүзіп жүр.

– Елу жыл деген немене? Қазақ ең алдымен тұтас ел болсыншы. Сонан соң кімді миф қылса да, өзі біледі, – дейді толқып тұрған Қабдеш. – Бақыт, ырыс дегенің сол емес пе?!

Сәрсенбек орнынан ұшып түрегеліп, үйдің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп сөйлей бастады:

– Қазақ жұрты биыл қалай болар? Бір жылдан соң қайтеді? Он жылдан соң қандай өмірге жетеді?

Елу жылдан соң қазақтың ерекше қуатты ел болғанын, көркейгенін көз алдына елестеткендей болды. Жүгенсіз қиялдың жетегіне кеткенін артынан сезіп, өзін-өзі мысқылдай күлді. «Қиялшыл басым-ай!» Ол жолдасына қарап еді, Қабдеш алдындағы үлкен ақ дастарқандағы нарттай болып піскен бауырсақтарды жей берді, жей берді.

Үйдің іші тым-тырыс, жып-жылы. Дариға-шіркін, адам баласы мұнша неге көрерге көзі болса да, көкірегі соқыр болады екен?!..

Қап-қара болып түнеріп келе жатқан дауылдың алдындағы толысым тымырсық. Жағымсыз жайсыздық.

Күлпаштың күйеуі келе қалды. Үйден ата жөнелді Күлпаш. Қисық табан етігінің өкшесін тық-тық еткізіп тез жүріп келе жатып Күлпаш ойлады: «Ол несі екен? Хабар айтпай келгенде кімді алам деп ойлайды екен? Иә, тиеді саған Күлпаш! Қазір Жұмажаным барып айтатын бәрін. Оңбағанды тез қуып жіберсін. Ол білмейді ғой менің сәулемнің қызғаншақ екенін!..».

Келді де Жұмажанның терезесін тықылдатты. Та- ныс тықылға жас ақын шыға келді.

– Сәулем, келетініңді біліп алаңдап отыр едім. Жүр бақша барайық!– деді Жұмажан.

– Жоқ, бауырым. Жүр, жұмыс бар. Келіп қалды! Бүгін қонбайтын қылып қазір барып үйден қуып шық. Әйтпесе мен бүгін сенің үйіңде боламын. Ертең бір жаққа кетерміз,– деді Күлпаш.

Жұмажанның төбесінен төмен қарай біреу тастай суды құйып жібергендей болды. Әйтсе де ыңғайсыз жағдайда қалғанын білдірмей:

– Қайтушы еді, атастырған қалыңдығына келуге болады да,– деді.

Күліп айтқанына қарағанда, ойынға айналдырғысы келген тәрізді.

Ойнауға Күлпаштың жайы бар ма?.. Өкпелеген кісіше Жұмажанның бетіне қарамай, бұрынғы жылам- сырап еркелеген дауысымен:

– Иә, сен күлесің, мен сені «арқасүйер арысым» деп қашып келсем, сен күлесің!– деді тағы да.

Айтқан сөзіне Күлпаштың теріс түсінгендігін Жұма- жанның іші сезді. Тез бойын жиып алып:

– Рас айтам, сәулем, сен ақылды қызсың. Ол жаман адам емес. Сен қалыңдық болған соң келген шығар. Қорқатындай ештеңе жоқ!– деді.

Күлпаш болса ойынға жорып, сенер-сенбесін білмей:

– Кетші әрі, сенің ойының қысып тұрады екен. Әуелі үйге кіріп, сонан соң ақылдасайық,– деді.

Күлпаштың түсіне алмағаны Жұмажанға жеңілдік бергендей болды. «Барлық жұмысты қалжыңмен тәлсам етем ғой» деген оймен Күлпаштың артынан үйге кірді.

Бұл үй кішкене ғана төрт терезелі шағын, көз тар- тып тұратын әдемі-ақ үй.

– Біз екеуміздің ақылымыз үй ішінде келетінін білесің ғой. Білмесең есіне салып қояйын, – деді Кұлпаш шешініп жатып.

Жұмажан аң-таң қалып түсіне алмады. Кұлпаш қызарандап, күлімсіреді.

– Ойпырмай, байғұс сопының ұмытып қалғанын-ай! Мен жылағанда бұл неге күледі. Айналдырған екеуміз бір-бірімізді шын түсінбей қалсақ, не болғанымыз.

Аңырайып тұрған Жұмажанның астыңғы иегін сау-сағымен жоғары қарай көтеріп қалды. Жұмажан тілін тістеп алды. Ақындығы бар, ерке Жұмажан тілі ауырып қалған соң, сұлудың көңіліне қарамады.

– Үйіңе кет! – деді.

Кұлпаштың түсінбегеніне ашуланып: «Бұл не деген меніреу қыз еді. Анық айтқан сөзге түсінбейді. Мен мұндай ақылсыз деп ойлаған жоқ едім» деп келе жатқан. Оның үстіне Кұлпаштың дәл некелі қатынындай сұраусыз шешініп жатқандығы. Ақынға дәл сол кезде «Апырмай, бұл недеген әдепсіз еді. Оқымаған надан деген осы-ау! Менің үйімді сұраусыз қалай меншіктенеді? «Шешінуге рұқсат етіңіз» деп, әйелдің рұқсат сұрауы – оның нәзік сыпайылығы емес пе?» деген ой сап ете түсті. Кұлпаштың еркелеген шын көңілін басып тастағысы келді де, ашуланып кетті. Не болса да, қылтың-сылтыңды қойып, жұмысты бір-ақ бітіргісі келді де дауысын күреңдетіп:

– Неге қағасың иегімнен?! Мұнда сенің байың бар ма? Келіп жатқан байыңнан қашып түнделетіп жүрген жүрісің мынау! – деді.

Бұнысы да ойын шығар деп Кұлпаш жақсы жауап күтіп, Жұмажанға қарады. Бұрынғыдай қалжыңы шығар, қазір «жаздым, жаңылдым, жаным» деп, құшақтай алар деген дәмелену бекершілік болды. Жан-тәнімен құлай сүйгені, беріле сүйгені көңілін күпті етіп, сорлы болғанын сезе бастады. «Меншігім» деп білген қос құшақ ашылмады. Алдында көпенбек болып сазарып алған ақын жігіт сан құбылады. Біресе қара сұрланады, біресе күреңденеді. Не істерге білмей тұрған панасыз қызға ашулы кейіппен, оқты көзбен жаууға қарайды.

Кұлпаш аң-таң қалған бойы екі көзі шарасынан шығып:

– Рас айтамысың?! – деді.

Қақиған қара қозғалмай тұра берді.

– Рас айтамысың деймін?– деді.

Қарадан тағы дыбыс шықпады.

– Рас айтамысың, Жұмажан!– деді тағы да.

– Рас!– деді қара төмен қарап.

Құлпаш жерге сылқ ете түсті. Мылтықты көздеп атып жібергендей болды. Өксіп-өксіп, жылай бастады. Қойнындағы бақытын құбыжық келіп, тартып әкеткендей еңкедеп жылай берді, жылай берді. Жұмажан қатқан бойы қақшиып тұрып қалды. Алғашқы секөнттері неліктен екені еш нәрсе сезбеді. Құлпашқа күйеуі Жұмажан ұрып жатқандай болды. Жүрегіне қайнасып бітіп ажырамастан болып кеткен берік сенім еді. Ойы екінші әсерге көшкенше болмады, Жұмажан келіп, белінен ұстай алды:

– Жылама, дыбысыңды шығарма, жұрт естіп қалады!..– деді зекіп ашуланған ол.

Одан сайын Құлпашқа байы ұрып жатқандай көрінді.

Ерке балаларша Жұмажанның қолын қатты қағып жіберді. Құлпаштың ойы әлі байымен төбелесіп жатқан қатындай көрінді. Келмей жатып ұрды-ау – деген кісіше өксігін молайта берді. Ашумен еш нәрсені оңдыра алмаған соң, әйел дегенде ақыл тапқыш Жұмажан екінші әдіске көшті. Ақыл айтқан абысынша жанына жуықтап:

– Қой, шырағым Құлпаш, ақылы бар бала емессін бе?! Үйді басыңа көтергенің не қылғаның?– деді.

Құлап жатқан Құлпаш Жұмажанның қолын бағанадан да қатты қағып жіберіп:

– Әрман! Жуыма маңайыма?! Сен жүзі қарасың! Жуыма! Әрман! Әрман! Әрман!– деді.

Жұмажан өтірік күліп:

– Не болсам да болайын, тек жылауынды қойшы, балам, қатардағы бөлмеде кісілер бар, ұят болады!– деді.

Құлпаш орнынан ұшып түрегелді. Көзінің жасы тияла қалды. Бастаған уақиға жаңа ғана миына барды. Алдында өтірік күліп тұрған Жұмажан дәл алғаш көріп тұрған үлкен аждаһаға айналып кеткен секілді.

– Қарама көзіме, қарама! Қорқамын, сен адам емес, шайтансың! Адамды азғырушы өзәзілсің!– деді.

– Апырмау, айырылыспай жатып мұнша қараластың, айырылғанда не дейміз,– деді тағы да өтірік күлкімен Құлпашты арбап Жұмажан.

– Сөйлеме!– деймін,– сөйлеме, әзәзіл шайтан!– деді тағы да Күлпаш.

– Менің қарам шайтан көрінсе, шығып-ақ кетейін! Шырағым, жыламай, өзің жақсы адам болшы!– деді де Жұмажан өтірік күліп, үйден шығып жүре берді.

Білер минут өткен соң Күлпаш ұшқан құстай жүгіріп есікке барды. Дыбыс естілмеді. Кетіп қапты. Жүгіріп терезеге барды. Көшеде ешкім көрінбейді. Ойына жаман ақыл түсіп кетті. Дүниенің солғанын жаңа білді. Қандай қымбат нәрселерінен, қандай көркем шағынан айырылғанын жаңа білді.

– Менің өмірім бұл ма еді? Осылай болуы мүмкін бе? Бәрі де басқаша еді ғой! Алла!.. Алла!..

Алғашқы түнгі төсегінен тұрып шам жаққаны, сондағы қимас көзқарас, елжіреп тұрғаны, сондағы бақытты, шексіз бақытты шағы бәрі көз алдына келді.

Енді ондай өмір жоқ. Енді болашағы қараңғы!

Бұл ондай қараңғы болашақтан алдақашан безген! Бұның миының ойлап үйренген болашағы бөлек. Ол болашақтың бәрі сабынның көбігіндей жоғалып кетті. Әшейін бір сағым екен. Бұл дүниеде бұны анық сүйетін адам жоқ екен. Бәрі алдаушы екен! Бәрі сағым екен!..

Олай болса, құры ермек үшін несіне алданамыз? Бір-бірімізді мазақтау ма? Таза көңілді, осындай кіршіксіз тәнімізді неге қор қыламыз?.. Дүние боқты ерегесіп бір-ақ теуіп кетсек болмай ма?

«Қайтер екен? Не дер екен? Аяр ма екен? Аямас па екен? Сүйер ме екен? Сүймес пе екен?..»

Бәрін ойлағанда, Күлпаш үлкен бір жардың үстінде тұрғандай болды. Бірте-бірте, жүре-жүре жардың шыңырау құзынан құлап кеткендей безінді. Басы айналды. Мұнарланып көрінген жардың жағасына қалай келіп қалғанын білмегеніне, мұнша аңқаулығына ызаланды. «Енді бұл тұңғиықтан қалай шығам, көздеген биігіме жете алам ба? Жоқ па? Әлде шыңырауға мүлде құлдырағаным ба? Онан да тасқын суға секіріп түсіп, шым батып кеткенім жақсы».

Күлпаштың ойы осыған келді де тірелді.

Терезенің алдында қаққан қазықтай қанша тұрғанын кім білсін. «Секірейін бе, секірмейін бе?!» деген ой миынан шықпай қойды.

Соңғы байлам, соңғы шешім. Неде болса орындамақ

болып үйден жүгіре шықты. Келе жатып басқа жерде емес, өз үйінің құдығына түспекке бекіді.

Тұп-тура үйге барамын да, қорадағы құдыққа түсемін де кетемін. Сөйтіп түбіне барып жатайын. Жұрт не дер екен. Мені тауып шығарып алғанда?! Жұмажан не ойлар екен?»

Өзіне-өзі сөйлеп келеді, сөйлеп келеді.

* * *

Кұлпаш қорадағы құдықтың аузына келіп, төмен қарап тұрды. Жұмажанның үйінің терезесінің алдында тұрғанда мазалаған бір ой «Секірмейсің бе, секірмейсің бе» деп қаумалап алды.

Бір аяғын көтере бергенде, «Кұлпаш!»— деген дауысты естіп артына жалт қарады. Аяндап келе жатқан күйеуі екен.

— Үйге келген күйеуді жақсы жерде қарсы алады екенсің,— деді ол.

Кұлпаш үндемей тұра берді.

— Жеті түнде құдықта нең бар? Түсіп кетіп жүрсең қайтесің?— деді күйеуі.

— Түссем түсемін де кетермін. Ол жайында сізден ақыл сұрамаймын,— деді жақтырмаған дауыспен Кұлпаш.

— Сендей сұлу, оқыған, көзі ашық адам құдыққа түссе, біз сияқты қараңғы надандар қайтіп күн көреміз,— деді күлімсіреп күйеуі.

Кекеп айтып тұр ма десең, дауысында еш кекесін жоқ. Таң қалдырды. Оның ойынша, мұндай жаман адам көкейге қонар жақсы сөзді айтуға тиіс емес. Кұлпаш қабағын жазбай күйеуінің айтқанын — «көзі ашық емес, оқымағандар қалай күн көреді» дегенін қайталай есіне түсірді де:

— Адамнан адамның несі артық? Оқымаса да өлмес күндерін ойлайды,— деді.

— Олай болса, құдықтан былай тұрыңыз,— деді күйеуі.

— Жоқ, қозғаманыз мені,— деді Кұлпаш күйеуі оның жеңінен ұстай бергенде.

— Өзің айттың ғой. Мен сізге?..

Ол қамыға айтты.

— Сен менің келіншегім болсаң, өлгенің маған жақсы бола ма? Мен сендей асыл адамды қайдан табам?

Маған алдымен өзің сияқты білімді, көрікті Күлпашты тауып бер, содан соң құлай бер!– деді.

Күйеуінің мақтағандығы ма, я болмаса қолының күштілігі ме, Күлпаш күйеуінің жетегіне еріп жүре берді. Үйдің жиегінде төрт-бес ағаш бақша бар еді. Бұлар соның ішіндегі тақтайдан істелген орындыққа келіп отырды.

– Жұрт қайнына бара жатқанда «қатын алуға кеттім» дейді екен. Мен үйден аттанарда «қатынға тиюге барамын» деп айтып кеттім,– деді күйеуі.

Ашуланып отырған Күлпаш күліп жіберді.

– Оныңыз еркек басыңызға ұят емес пе? «Қатынға тиюге бара жатырмын» дегеніңіз,– деді.

– Оның не ұяттығы бар? Құдайға солай, адам да солай дегенде, сенен жасырғанда, не түседі? Сенің менен артық екенінді жұрт білмей ме? Мен білмеймін бе? Кімнің қайсымызға тигенімізде тұрған не бар? Әйтеуір түптеп келгенде бақытты болсақ жарамай ма! Тасты жапалаққа ұрсаң да, жапалақ тасқа ұрсаң да бәрі бір жапалақ өледі,– деді күйеуі.

Орысша оқуда оқып, орыстардың арасында бірге жүріп, мінезі ұяндықтан өзгеріп кеткен Күлпашқа мына сөз бір түрлі қызық болып кетті. Әрі дұрыс, әрі күлкілі болып, адамға қызық көрінді. Алдында күйеуі емес, айдаладағы танымайтын бір қазақ отырғандай, Күлпаш күйеуіне қарап:

– Осы сіздің атыңыз кім?– деп сұрады.

– Қарағым-ау, осы күнге дейін менің атымды білмей, қайда жүрсің?

«Сезіп қалды ма?» деп Күлпаш қызарып кетті. Тез сөз таба қалды:

– Ауылымыздың әдеті солай, біліп тұрса да әуелі сұрап алады!– деді.

– Олай болса, өзің біл! Менің атым – Күдері! Әйтеуір, қарағым, білмегенім болса, үйрете берсеңші!– деді.

– Күдері! Сіздің әлгі бір айтқан сөзіңіз «Тасты жапалаққа, жапалақты тасқа ұрса да, бәрі-бір жапалақ өледі» дегеніңіз қызық болды,– деп Күлпаш күлді.

– Қарағым, сені күлдіретін сөз айтқанымға төбем көкке жетіп қалды. Мен сенімен сөйлесуге жарамаймын ғой деп ойлап едім, қарағым. Күлетін сөз айтып, кішкене болса да ойынды бөлуге жарадым. Мен,

Күлпаш шырағым, саған осы жолы бар шынымды айтқалы келіп едім, соны отырып тындашы.

Күлпаш естіген сөздеріне шындап таңырқады. Басқа емес, өзінің күйеуінен естіп отырғанына таңырқады.

– Шырағым, сен оқыған адамсың. Мүмкін менің ойымды дұрыс түсінерсің. Әкеміз жасымыздан атастырыпты. Ата салты, алланың жазуы деп бізді ауыл арасынан алысқа шығармады. Бірақ менің өз ақылым бөлек. Сен мені менсінбейді деп естідім. Оған сені кінәламаймын. Рас, мен сенен төмен екенім рас. Бірақ ауылдың жігіттері менің сөзімді екі етпейді. Ақсақалдар айтқанымды жөн көріп, істерімді бағалайды. Әйелдер сыйлайды. Қадірлі басымның қадірін кетіріп, күнде сенен естімейтін сөзді естіп отыру маған оңай деймісің. Әрине, мен саған өкпелемеймін. Үйткені менің өскенімді көрген жоқсың, кім екенімді білмейсің, сенің өз ойың өзінде. Сен бірудің мәпелеп отырған балапанысың, бұзылмаған жұмыртқасысың. Енесін бір өзі емген құлыншақсың. Біреудің үкілеп отырған еркесісің. Сені мен алармын. Сен қайғырып нұрыңнан айырылып, құдай боларсың!.. Ойладым, ойладым да ақыры мынадай шешімге келдім. Қой, біреудің бақытына қол сұқпайын! Тартып жегенім тамақ болмас. Тауып жейін дедім. Сонымен, шырағым, менен ойың бөлек болса, алдыңнан жарылқасын! Бақытты бол! Мен аяғыңа тұсау да салмаймын! Бақытты бол, шырағым! Алла бетіңнен жарылқасын, – деді.

Күдері бұл сөздерді айтқан сайын Күлпаштың көңілі өзінен-өзі еріп, кеудесіне біреу тәтті бір нәрсені құйып жатқандай болды. Күдері сөзін бітіргенде, ғажайып жақсы дүниеден адасып қалардай кеуде тұсы қатты қатты соғып өтіп, көзі бұлдырап кетті. Еміп жатқан бұзауды енесінен тартып алғандай, Күләш мойнын созып, Күдеріге құлай кетті.

– Бауырым, жаным, келші. Жаздым. Жаңылдым. Мен білмедім! Сенің мұндай жақсы екеніңді мен білмедім. Кешір, бауырым!

Қонақ байғұста ерік бар ма? Май берсе де жей береді. Кеудесіне қарай құлаған сұлуды екі қолымен Күдері қағып алды. Әуелі Күлпаш өксіп жылап жатты. Біраздан соң екеуі де үндемей сүйе берді, сүйе берді. Нағыз қазақша маңдайынан, бетінен, құлағынан, шапынан, қолынан, саусағынан, қай жері кез келсе, сол жерінен. Оқығандарша тамақ талғамады.

Күлпаш еш нәрсені ойламады. Кіммен сүйісіп жатқанын да білмеді. Білгісі де келмеді. Кім болса ол болсын! Әйтеуір іштегі шер кетсін! Барлық қайғы, барлық қасірет күнә, барлық обал біржолата жуылсын! Дәл осы халде Күлпашқа Күдерінің көзі соқыр болса да бәрібір. Мейлі, аяғы ақсақ болсын. Әйтеуір еркек болсын. Жұмажан мазақ қылған Күлпашты кім болса да шын көңілімен нағыз адал жүрегімен сүйетін жан болсын!

Күлпаш Күдерінің кеудесінде көп жатты. Бір кезде көзін ашып, Күдеріге қараса, ол шашын сипап отыр екен. Өзі жылаған ба, қалай? Жұмулы көздің кірпіктерінен мөп-мөлдір тамшы сырғып бетіне қарай жайылып бара жатты.

«Апырмай, бұл не деген жақсы адам! Қолы неткен жұмсақ, жүрегі не деген сезімді еді. Айғызданған көзінің алдын қарашы! Соның бәрін мен үшін, Күлпаш үшін төкті-ау! Шын жүрегімен сүйеді екен. Әйтпесе жылар ма еді? Қалқатайымның көзі де, түрі де мұндай әдемі екен деп ойласамшы. Жүп-жұмсақ алақанымен мені аялап сипар ма еді? Өзі қандай ақылды. Маған «сен бақытты бол!» дейді. Өзінің жақсы күндерін, жақсы өмірін маған қиып отырған жоқ па? Бәрі, бәрі бір мен үшін, Күлпаш үшін! Ол құтқармаса, құдыққа түсіп кетуім де кәдік еді. Ендігі бұл өмірде жоқ болар ем. Өзімді өлімге қиып, соған да риза болар едім. Өлімге қиған басымды ақ жүрек, кең пейіл адамға қисам болмай ма? Өзіміз оқымасақ балаларымызды оқытармыз. Балаларымыздың бақытты болғанын көрсек, бізге ол бақыт емес пе? Енді бұдан ақылды бала тумасына кім кепіл? Баламыз білім алса, әкесіне тартып ақылды болып туса, одан басқа маған арманның, бақыттың керегі не? Қалған өмірімді бала асырап өткізбеймін бе? «Мынау Күлпаштың баласы» – дегендей азамат болып өссе, бір тілегім – сол менің.

* * *

Жұмажан екінші бөлмеген кіргенде, Мәрусa кітап оқып отыр екен. Кітап өте қызық па, я болмаса бүгінгі күні әйелдермен жұлдызы қарсы туды ма Мәрусa Жұмажанға қарамады. Жұмажан қыздың жанына отыра беріп:

– Не оқып отырсың, Мәрусa? – деді. Мәрусa кітаптан көзін алмай:

– Мопассан, – деді.

– Жарайды, жарайды Мопассанды оқысаңыз, жақсы кісі боласыз! – деп Жұмажан күлді.

Жұмажанның күлкісін жаратпаған қыз оған ажырая қарады.

– Еркектердің ойының бәрі жамандық. Алдымен Мопассан не жазды? Мопассан әйел туралы жазды. Оның жазғаны – басқа жұртқа өнеге. «Мынау әйелдей болмандар. Мұндай адамдар жер бетінде көбеймесін!» дегені, әйтпесе еркектер ойлағандай Мопассан жап-жалаңаш әйелді мақтамайды, – деді қыз.

Жап-жас басымен Жұмажанның алдында кішкене қыздың білгірлігі ақынды тағы ашуландырып жіберді. Алғашқы бөлмеден келген қызулық бар, әйелдің аузынан естіген «Әзәзіл шайтан» бар – бәрінің кегін Жұмажан енді мынау отырған орыстың қызынан алмақ болды. «Бәрі-бір әйел» деді Жұмажан ішінен. Қабағын түйіп алып, сөйлей бастады:

– Сіз еркектер туралы қата ойлайсыз. Үнемі әйел екендерінді дәрі қыласындар да отырасындар. Бір еркекпен бір әйел жолығып жүрсе, артынан айырылып кетсе «еркек алдады» дейді. «Аларын алып, сауырынан бір сипалап қоя берді» дейді. Бірақ солай ма? Жоқ, олай емес. Әйел еркекке махаббатын берсе, еркек соның қадірін білмей ме екен. Әйел сүйсе, еркек оны сүймей ме? Әйелдің сүйгені бағалы болғанда, еркектің сүйгені бекер ме?

Жұмажан орнынан ұшып түрегелді.

– Әйел өз басын қымбат санаса, мен де өз басымды қымбат санаймын. Сүйгенімді ғана сүйдім. Сүйгенге ғана сүйгіздім. Көрінген еркекке әйел алыс болса, көрінген әйелге мен де алыс. Сүймейтін әйелді маңайыма жуытпаймын.

Жұмажан Мәрусаға қарап, оң жұдырығын түйгіштеп:

– Соның бәрін әйел біткен ескермейді. «Неге еркек алдады» дейді. Еркектен шыққан шығынды неге олар ескермейді? Бұл не деген еркекке қорлық? – деді ашуланып.

Мәруса ажырайып қараған бойы қатып қалғандай тыңдап отыра берді.

Жұмажан сөйлей берді.

– Адамның жүрегі сынап: бүгін былай, ертең олай. Бір күн ет жеп, сорпа ішкің келсе, ертең басқа дәмге

аңсарын ауады. Біресе қымыз ішкің келеді, біресе сүт ішкің келеді. Адамның ләжісі әрдайым өзгеріп отырмақ. Дүниенің бәрі әрдайым өзгерістерден құралған. Қыс, жаз, көктем, күз, күн, түн, суық, жылы, жасару, қартаю, туу, өлу. Бұның бәрі не? Жаратылыс па? Жаратылыс неге құбылмалы? Осының бәрі неге бір қалыпта тұрмайды. Түн неге болады? Қыс неге түседі? Адам неге қартайды? Неге өледі?

Жұмажан дауысын баяулатып:

– Әрине, сіз бұның бәріне жауап бере алмайсыз! Жаратылыс туралы Жұмажанның өзі де жауап бере алмайды.

Жұмажан өзін ақтағандай:

– Жаратылыс атаулы бұлай болса еркектерді неге кінәлаймыз? Бүгін бір әйелді еркек сүйсе, соны өмірінше сүйге міндетті ме? Еркектің денесі, тәні, күннен күнге өзгеріп, сезімі күннен күнге басқаланып жатқанда, жалғыз әйелге келгенде, ол қалай өзгермей тұра алады? Өзгермеймін десе, онысы өзіне зорлық жасағандық емес пе? Ол өзін бір тиынға тұрмайтын арзан әдетіне қол салғандығы емес пе? Бұл күнге шейін жер жүзінің бақытсыздығының бірі – адам баласы бірін бірі құл еткені болса, одан кем емес бір бақытсыздығы – адам өзіне өзі құл болғандығы. Ең жиренішті жынысына құл болғандығы. Алғашқы құлдықтан соңғы құлдық жаман. Біреуге тәнін құл болғанмен, рухың еркін болса ғой. Сен құл екеніңді білесің, сен бостандық еркіндікке тырысасың, саған жарық керек, саған ауа керек. Сенің зымырап ұшқың келеді. Сенің қиялың жүгенсіз, сенің рухың еркін. Ал адам өзіне өзі құл болса, онда оның тәнімен бірге рухы да құл. Оның пікірі, оның сезімі, оның қиялы өлшеулі. Оларға бір мөлшер бар. Шарбақтың кемерінен аса қалса, ол «өлдім» дейді. Өзінің құл болғанын білмей біреуі сені «бұзылды шайтан, өзәзіл болды» дейді. Міне, адамның қорлығы. Мені түсінбейтіндердің бақытсыздығы...

Адам баласы ұшқан құстай еркін болсын! Зымырап көкке шықса! Біресе гулеп жерге түссе! Тілесе адам, тілесе тәңірі, тілесе күйдіріп-жандырсын. Алдында еш бөгет болмасын! Еш бір заң ешқашан кедергі жасамаса! Міне, еркіндік, міне жаннаттың алтын баспалдағы!

О, дүние! О, көркем сұлулық! Өмір гүлі әйел қауымы, жаны жарқын жан ләззаты – ерлер бақыты. Бірақ осының бәрін түсінетіндер табылмай ма деймін?

Сендер маған неге мұнша өкпелейсіңдер? Сендер мені неге мұнша жамандайсыңдар? Сендер мені не себепті «алдамшы» деп атайсыңдар? Жоқ, сәулем, жоқ сұлуым! Айтқандарыңның бәрі қата. Мен сендерді сүйгенім рас. Шын жүрегіммен сүйгенім рас. Мен сендерді алдағаным жоқ. Мен еркін ұшқан құстай қастарыңа қондым. Ұшқан құстай ұшып кеттім...

* * *

Міне, алаш ақындарының мінезі! Ақынның еркелігін көтергендей бар ма жайың? Жоқ па?

Күлпаш сынды сұлудың біп-биттей жүрегі көтерген ауырлық алпамсадай алаштың арқасына ауыр болып па?

Азияның әдеті: ақындарынан ақыл сұрамайды. Әрқашан еркелетеді.

* * *

Амантаймен Бурабайға келгенде, Сәрсенбек оқиғаның бәрін анық білген кезі еді. Әуелгі кезде Сәрсенбек бұл оқиғаға онша мән бермеді. «Қайтер дейсің? Алса – алсын қызықты. Жер көріп, сөз танып келді» деп ойлады. Жалғыз-ақ кішкене көңілін бұзған нәрсе – ендігі жылы ауылға қайтқанда Сәлиманың тойына көп бозбала жиылмайды екен ғой деген ой. Одан басқа Сәрсенбектің ойлауынша қазақтың окопқа баруында уайымдарлық ештеңе жоқ.

Төсегіне жаңа жатып еді, біреу қатты терезе қақты. Ұшып түрегеліп есік ашса, ауылдың екі жөн білетін адамы: Амантай мен Қорабай екен.

Қорабай келіп, отырғаннан кейін, көзіне жас алып жылай бастады. Амантай ұрсып тастап:

– Әлден жоқ сұмдықты бастамай отыршы. Не бола-рына көзіміз анық жеткен жоқ, – деді.

– Өңкей ботағөз қарақтарымының күні қараң болды-ау деймін. Әйтпесе мен қақпасқа не болды дейсің? Жылайды дейсің, жыламай қайтейін?

Көзіне Қорабай тағы жас алды.

Шешінбестен Амантай күллі ауылда болып жатқан жайдың бәрін бастан-аяқ сөйледі. Бозбалалардың ат үстінде екенін, жөнелерде ақсақалдардың берген бата-сын – бәр-бәрін айтты. Сөзінің соңында:

– Шырағым, жас та болсаң, бас бола ма деп үміт

артып келе жатқан бір баласын. Ақылыңды айт! – деді.

Сәрсенбек мұнайып отырды.

– Егерде орыс жұрты бабаларының ақбоз аттың терісіне жазған антын бұзса, біз де жүзін тот басқан ай балтаны қайта қайраймыз деп отыр халық, – деді Амантай мұнайған Сәрсенбектің жүзіне қарап.

Сәрсенбек жақтырмаған кісіше:

– Амантай ағатай! Олай деуіңіз қата ғой. Ақбоз аттың терісіне жазылған орыстың атасының анты жоқ. Ол – әшейін ертегі. Қазақ жұрты әлсіз болған соң орыстар антсыз-ақ иемденген.

Амантай ақыл айтқан адамша:

– Қой, қарағым, олай деме! Кешегі Қоқан билегеннің артынан орысқа қарағанда-ақ патшаның ақбоз аттың терісіне ақ інгеннің сүтімен жазған анты болатын. «Қазақтан солдат алмаймын, қазақтың маңдайынан шертпеймін» деген.

– Оныңыз, ағатай, тіпті болмаған нәрсе. Олай болуы мүмкін емес. Халықтар тағдырына ондай айту теріс. Мен мұндайды еш жерден оқығамын жоқ. Бұл жағдай оңай шешілмейді.

– Олай болса, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен шешіледі. Кім күпті болса, соның дегені! Орыстың бабасы маңдайыңнан шертпеймін деген екен. Олай болса, қазақтың жерін неге алады? Тұнық көлдерден неге айырды? Орыс «жарылқаймын» деген екен. Есболатты кім өлтірді? Жұматай қайда? Маңдайларыңнан шертпейтін болса, өрт сөндірген кісідей жүздерің түнеріп өздерің осы шаһарға неге келдіңдер? Қане орыстың маңдайларыңнан шертпегені?

– Жоқ, ағатай, маңайдан шертеді. Шерткенде, ұқсатып шертеді. Орыс күшті! Оның шоқпар мен балтаны шыбық құрлы дарытпайтынын білмейсіздер. Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші дарымай, босқа арамтер боламыз ба деп қорқам!..

Амантай жауап беруге сөз таба алмай:

– Енді беретін ақылыңды айтшы, – деді.

– Не істесек те орыспен сөйлесіп алып істейік. Соғысу керек пе, жоқ па? – деді Сәрсенбек.

Әйтсе де ол әлгі айтып өткен сөздерінен «Соғысу керек» деген пікір туатынын жаңа сезді. Әйткенмен қата пікірді түземек оймен:

– Соғысса да, менің ойымша, қазақ еш нәрсе шыға-

ра алмайды. Айбалта мен ақ найзамен бұл күні жұрт түк бітіре алмайды. Шыңғысхан мен Ақсақ темірдің заманы жоқ. Осы күні зеңбірек, мылтық деген құралдармен соғысады. Ойлану керек. Арандап босқа өлмейік.

Амантай ашуланып:

– Ей, шырағым, енді не қыл дейсің? Біз ел болып өмір сүреміз бе, жоқ құса болып тектен-тек өлеміз бе?! – деді.

– Менің беретін ақылым: окопқа бару керек! Бозбалалар жер көріп, су татып келеді. Бір себептен мұнын өзі жақсы. Ертең губернаторға барғанда, ақ аттын терісімен бас ауыртпай, окопқа баратын жігіттердің хал-жайын жеткізіңіз. Жақсы сөйлесіңіз, – деді.

Амантай мүлде ашуланып кетті. Қасында отырған Қорабайға қарады да сұп-сұр түрімен:

– Қорабай, естіп отырсың ба мына баланың сөзін? Бұны сабаққа бергенде, өзімізге дұшпан қылуға берген екенбіз. Мынаның сөзі орыстан да жаман ғой! Қой, енді мұнда отырып болмас. Сенің төре болып оқығаныңды ұрайын, өз еліңді өзің сатқан шоқынды! Қорабай, кетейік басқа бір жерге! – деді.

Екеуі де орнынан түрегелді. Шығып бара жатқан Амантайдың:

– Тірі болсам, көрейін, – дегені естілді.

Кімді көретінін өзі біледі. Орысты ма, Сәрсенбекті ме?! Я болмаса екеуін қабат қосақтай ма? Оны Сәрсенбек түсіне алмады. Қолға түскен қасқырша екі көзі шатынап, ежірейе төмен бір нүктеге тесіле қапты. Төмен қарап біраз отырды. Ойлайын деп еді бір түрлі долылық қысып, шамасы келмейтіндей бір сезім кеудесін басып, ойы бытырай берді. Көрпесінің бір бұрышын сығып, умаждап тістенді. Бет-бейнесі өзгеріп, тыржия қапты. Содан ал қиналсын кеп, ал қиналсын. Қанша ойсыз отырды, өзі де білмейді... «Қалайша бұл мені шоқынды дейді! Қалайша мен өз халқымды өзім сатам? Құлайын деп тұрған жарға құлама десем, қалайша мен оның дұшпаны боламын?.. Қалайша? Қалайша?...».

Сәрсенбек соңғы сөздерді айтқан сайын, көрпенің бұрышын сығып, бұрай берді, бұрай берді. Барлық жауапты сол көрпеден сұрап жатқандай. Ашуы одан сайын үдеп, тістене берді, бұрай берді. Барлық күшін са-

лып өшін көрпеден алғысы келгендей ақыры жыртып жіберді. Не істеп, не қойғанын өзі де білмеді. Әйтеуір сабасы әлде неге жауап іздегендей тыншыр емес. Ақыры қалжырап барып, жастыққа басын қойды да, ұйықтап кетті...

Түс көрді. Түсінде қалың әскердің қол бастаушысы болған екен дейді. Патшаның ақбоз атын Сәрсенбек мініп апты. «Сарбаздар, еріндер соңымнан!» деп бар дауысымен айғай салғанда, өз дауысынан өзі оянып кетті...

* * *

Кешке таман көшеде Бұқар мен Сәрсенбек қол ұстасып келе жатты. Үлкен казарманың маңайы толған қазақ екен: аттылы, жаяу, арбалы, түйелі, өгіз жеккен өңшен қазақ. Бәрінің кейпі жаман. Ескі, жыртық киім кигендер. Іштерінде кемпір мен шалдары да бар. Үстеріне ілген қомшаларын сүйретіп, бүрсен-бүрсен етеді. Қыбырлаған қалың нөпір халық. Уда-шу, азан-қазан.

– Япырмау, осы сапсиган сақалды көрсетсем, нанбай ма өзі? Жоқ теңгені қайдан табайын?– дейді бір шал.

– Ойбай-ау, орыс ит нанушы ма еді, тез жөнел. Алып кел дастарқанға,– дейді бір кемпір.

– Рас та. Бір наны бір ат екен,– дейді шал.

– Шодырдан да, Құдабайдан да алуға болады. Екеуінде де үш теңгеден!– деді кемпір.

– Олай болса, Құдабайға барайын! Орысқа кеткенше қазақ алсын!– деп шал бүкеңдеп, жүгіріп кетті.

– Жұмаш оң көзін ағызып түсірді!– дейді бір жігіт.

– Алла!.. алла!.. Сақтай гөр қазақ баласын! Орысқа кіріптар қылма! Алла!.. Алла!..– дейді аңыраған көп дауыс.

– Жылқыбай бармағын шабам деп бүкіл қолын шауып алып, кеше өлді,– дейді біреу.

– Жылқыбай, өзің білетін Жылқыбай ма?– дейді алғашқы дауыс.

– Астапыралла!.. Астапыралла!..– дейді аңыраған көп халық.

– Күдері кететін болған соң, Күлпаштың көңілі жібіді. Кеше екеуі көрісіп, жаман жылады,– дейді.

– Қайтсін, бақсыз сорлы-ай! Сорлы-ай!– дейді жиналып қалған жұрт тың жаңалыққа бас шұлғып...

– Амантай мен Қорабайды губернатор қуып шығыпты. Енді бес күнде жігіттерің келмесе, басыңды алам депті.

Амантай: «Сәрсенбек ұстап береді» деп қорқып қашып кетіпті!– дейді...

– Ой жасамай кеткір!.. Лағынет!– дейді естігендер түңіліп...

...Абыржыған халықты көріп, екі жігіт үйге еңсесі түсіп қайтты.

Күйініп отырған Сәрсенбек:

– Бұқар, мынау болып жатқан іске қалай қарайсың?– деді ішін жеп бара жатқан қайғысын күрсініп, сыртқа шығарғандай болды.

– Мен қалай қарайды дейсің? «Қазақ» газетінде жазып жатқан жоқ па?! Менің ойымша алды-артын анық болжап алмай тұрып, өлер-тірілерін білмейтін ақымақтың ісі болып жүрмесе орысқа қалай қарсы тұра алады? Бұл күнгі соғыс қаруынан хабарлары да жоқ.

– Қайтсін сорлылар. «Суға кеткен тал қармайды» деген ғой.

– Тал қармағанда, солай қармай ма екен? Көзі көріп тұр ғой, орыстың күшті екенін біліп тұр ғой. Қарсыла-самын деп, асылдарынан айырылатынын білмейді. Ала-тауға жиылып жатқаны рас болса, бәрі бітті! Қырады да тастайды!..

Япырымай, не қайран жасаймыз бұларға? Білмесе екен, айтпасақ екен! Бәрін біліп тұр ғой! Айтып отырмыз. Текке халықты өлтірмейік деп отырмыз. Неге тіл алмайды?! Осының бәрін ойлағанда қолды бірақ сілтеп орыс арасына кеткім келіп тұрады!..

– Бұқар-ау, бұның сенің былтырғы «күйінгеннен айтамын» дегенің сықылды ғой. Әйтпесе сен орысқа жақындап бармайсың ғой. Солай емес пе? Сен секілді басшыларымыз елден безіп кетсе, былайғы халық не болмақ?!

– Сәрсенбек, күйінгенім де рас. Бірақ «қазақ, қазақ» деп, ет жүрегімізді жұлып берсек те түсініп жатқан кім бар? Нансаң, мен қазақтың деп намыстанғаныммен құр байбалам салғаным кімге керек?!.. Мынау басқа халықты неге көрмейміз. Ноғай, сарт, тіпті

жапон елдерінің өзіндік басқа ел танып білетіндей сауда ісі, қол өнер ісі бар ма? Бар. Бұл – бір де. Оқумен, жазумен айналасып, басқа жұртқа өздерін өздері жоғары көтерді.

– Бұқар, кейбір сөздеріңе қарап, көңілім қалады. Қазақшыл, халықшыл болып неге бір мінезде тұрмайсың? Бір қадам елден шықсаң, қазақ сорлыны жамандайсың...

– Міне, Сәрсенбек, сенің әлі жетілмегендігің! Сен әлі еш нәрсенің байыбына жеткен жоқ екенсің. Сен әлі діншіл, молдашыл қара қазақ екенсің. Айтшы, діншілсің ғой, солай ғой?

Бұқар қадала сұрады.

– Әрине, қара қазақ дінді молдадан үйренбей ме?

Бұқар қарқылдап күліп жіберді.

– Қара халық молдаға нанады да, бұзықтық істемейді. Молданың нанары жоқ. Ол өзіне өзі нанады. Өз пікірі өзіне арзан. Сондықтан молдаекен жұртқа айтарын атады, қалғанын өзі біледі. Енді түсіндің бе?! Қабдеш жинап әкелген мақалдың ішінде мынадай сөз бар: «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме!»

Қазақ «залым» бәрін біледі!

Сәрсенбек жақтырмаған дауыспен:

– Сен жап-жаңа қазақты жамандап едің. Енді «біледі» деуіңе жол болсын?

Бұқар түлкі күлкіге салып:

– Жоқ, Сәрсенбек, қазақты өзгеге қатыстырмай, кейбір ерекшеліктерін, мысалға, кең даласын, өзінің үйіндегі қымызы мен қазысын, өрістегі малын алсаң – мұндай қазақтарды ақылды деуге болады. Ал қазақ пен біздің арамызды алсаң, қазақ – ақылсыз, надан. Шапсаң, артыңнан ере алмайды. Қаның қайнайды. Мысалға мына мені алар болсаң, – деп оң қолын көкке сермеп жіберді, – біліміме қарағанда губернатор, министр, тіпті солтүстік Американың президенті, хан, император, тағысын тағы болуға жарап кетермін. Бірақ... бірақ... қол қысқа! Сен қазақ! Қазақтың ғана қамын ойла! Қазақтың кемерінен аспа! Сенің аяғың тұсаулы! – Екі көзін ажырайтып Сәрсенбекке жалт қарады да:

– Сөйтіп, өзінді өзін қор қыл. Өз жолыңды өзін бөгегенде, сол қазақ еңбегіңді немен өтейді? Кім сенін істегеніңе рахмет айтады? Кім сені шаршағаныңда

есіркеп, қол ұшын береді? Ертең өліп кетсек, «Бұқар» деп қаншасы жоқтар екен? Әй, Сәрсенбек-ай, айта берсек, іште шер көп-ау! Архимед айтқан екен: «Маған табан тірер нәрсе тапсаң, жерді аударып жіберуге шамам жетер еді» деп. Сол секілді дүниенің ұстайтын бір тұтқасы болар едім! Айналдырып, айналдырып бәрінің де құлталқанын шығарар едім! Жатсын бәрі «Бұқардың қолынан өлдік» деп.

Соңғы сөзін айтқанда жұдырығын түйіп, ауаны бұлғап-бұлғап жіберді.

– Бұқар, менің пайымдауымша, жігерің бойына си-маған, қайратың қалың қолды қақ жарып, төңкерістің болмысы болу ғой! Ештеңеден іркілген емесің. Осыңнан айырылма әмәнда!..

Сәрсенбек өзілге айналдырды. Бұқар күлді:

– Неге күшейді? Бүгін Бұқар мас екен дерсің...

Жоқ, олай емес! Өзгесі мас десе де, Қоңырбай мені, «казаф» дер еді!

– Казафты несі?

– Казафты білмейсің бе? Осы күнге дейін не оқып жүргенсің?

– Мен Еуропаның жайынан аз оқимын. Өлі қазақты үйреніп болғам жоқ. Өзің айтпаушы ма ең «әуелі қазақты үйрен» деп! Тіліңді алып, қазақ туралы кітап қоймай оқып жүрмін!

Бұқар қоштасып жатып, Сәрсенбектің қолын ұстап тұрып:

– Сен Сәрсенбек, жарайсың! Ақылды жігітсің! Менің тілімді алып, қазақты үйреніп жүргеніңе қарамастан «Казафты» білмесең білме, бірақ әдісін «Иманың» арасын оңдап, жіктеп ашып ал!– деді.

Аспанды қара бұлт жауып алды. Жер атаулы миы шыққандай қара балшық. Зәуімде тығыз шаруа болмаса, далада ешкімнің мынадай күні жүргісі жоқ.

Қабдеш алдына кітабын жайып салып, терезеден сыртқа қарап, үлкен ой үстінде отырды. Тылысым табиғат әлемнің жайма-шуақ жазын мынадай күңгірт ылайсаң көңілсіз күні сағынышпен есіне алды ма, я болмаса туған елінің, мынау көшедегі сүреңсіз балшықта қор болған иесіз тірлігіне жаны желініп, дәрменсіз адамдай шарасыз ойда отырған шығар. Ол жағы өзінен

басқаға аян емес. Әйтеуір Қабдеш шексіз ойға батып отырған.

Тырс етіп есік ашылды. Жалт қараса – Сәрсенбек екен. Қабдеш үндемеді. Үндемей келіп Сәрсенбек те отырды.

Біраз уақыттан соң Қабдеш оған:

– Неге келдің?– деді тіл қатып.

Сәрсенбектің зор қайғыда, зор қиыншылықта екенін түнерген суық түсі сөз қатпай-ақ айтып тұрды. Ол шекесінің қатпарын зорлап жазайын деп еді, тырысқан тері икемге келмеді. Кенет үлкен жұдырығымен үстелді қойып қалды да:

– Мен кетем! – деді.

Қабдеш ризалығын білдірмей, Сәрсенбектің басынан аяғына дейін көзімен сүзіп қарап шықты.

– Өзің жұртқа ақыл айтып жүріп, мұның қалай? Былтыр оқуға түсерде кімге не керек, қандай мұң-мұқтаж бар – бәріне жүгіріп жүріп, өзің араласқан соң орындалды. Енді кетем дейсің. Сен барғанмен қазақтар орыстарды жеңіп шыға ма? Көп солдатты жіберіп, қырып салады. Өздері төңкеріске жол-жосық көрсетіп отыр дейді.

Сәрсенбек орнынан тұрып, үйдің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп сөйлей бастады:

– Мен саған айттым ғой кеше. Бәріне басшы болған қарғадай жалғыз қыз. Алты алашқа аты жайылып, қазақтың бостандық туын көтеріп отыр. Әйел!.. Әйел!.. Қолына шоқпар алды. Біз кіміз?.. Өңшең сары түймелі төрелерміз. Біз жылы үйде отырмыз! Бұл дегенің барып тұрған біз үшін ұят, оңбағандық. Бізге солар көргенді көріп өлуде керек. Неде болса сонда барамыз. Қазақтың көтерген туын шама жеткенше құлатпай ұстап қалу керек.

Қабдеш бұрынғыдан бетер жақтырмаған түрмен:

– Ал, жарайды. Туын ұстайық. Сонда қолымыздан не келеді? Бір жұма бұрын бұған қарсы болып жүр едің ғой?

– Оның рас. Мен әлде болса да жеңеміз демеймін. Бірақ баруға тиіспін!.. Бір себептен жеңсек, жеңерміз. Бүгін түнде хат алдым. Екі отряд солдатты қуып салып, мылтықтарын тартып алыпты. Қазірде жүзден аса мылтық бар дейді. Оның бержағында өзімнің өмірімдей қымбат адамнан тағы хат алып отырмын. Менен рұқсат сұрайды.

Сәрсенбек Қабдешке Сәлиманың хатын көрсетті.

Елдің жігіттерінің бәрі кетті. Жұпар да солардың ішінде. Ауылды солдаттар тонап кетті. Мен еркекше жаман-жыртық киім киіп аман қалдым. Бауырым, ағатай, қай жерде болсаң да, аман бол! Сән де бұл күнде мендей болып шығарсың! Ұрыспасаң, мен Жұпардың қасына баруға бел байладым. Соның жауабын бер. Қайда барсам да, мен саған адам баласын айырбастамаймын. Қарындасың Сәлима». Қабдеш хатты оқып болды да қып-қызыл болып кетті. Екі көзі қуаныштын ишарасын білдіріп, жайнап, Сәрсенбекке қарады да:

– Сәрсенбек-ау, кешегі Кенесарының заманы ғой мынау! Біз неғып отырмыз?– деді.

Сәрсенбектің қуанғаны сондай, Қабдешті құшақтай алып, кеудесіне қысып-қысып жіберіп:

– Кеттік, бауырым!– деді.

Қабдеш те орнынан ұшып тұра беріп:

– Кетсек-кеттік!– деді. – Алдымен жүрегімізді орнықтырайық.

Қабдеш осылай басу айтты.

Кешікпей бұлар біріне бірі қарсы қарап отырып, өздерінше жоспар құра бастады.

– Менің ойымша,– деді Сәрсенбек,– біз жеңуге тиіспіз. Неге десең, соғысатын жер – тау-тастың арасы. Ол жерге үлкен зеңбіректер жарамайды. Мылтық, найза қарулары болмаса. Екіншіден, ол жерлер орысқа табыс емес. Біз жердің ұңғыл-шұңғылына дейін білеміз. Тасадан көздеп, дәлде де ата бер, өлмей несі қалады. Үшінші – ырымға жақсы: мылтықты солдаттарды мылтықсыз қазақ қырып салса, мылтығы бар қазақ неден жасқанады? Мен осы істің басы-қасында әйелдің болғандығына да көп мағына берем. Әйел соғыс үшін жаралмаған. Әйел соғысты дегенше, тегін соғыс болмады де! Мұнда бір әулиелік бар. Қазіргі хатта аты жазылған қыз – менің ойымша, нағыз әулие қыз. Ғайсаның шешесі – Мариям. Мариям күйеусіз Ғайса пайғамбарды тапса, Жұпар күйеусіз Наурызбайдай батырды табады. Бұл қыз бір адамға ғашық болып, соған тие алмай, еш себепсіз қалса... Жұпар әулие біздің зор арымыз деп санаймын. Оның жанында біз өлмейміз,– деді Сәрсенбек.

Қабдеш те көп сөздер айтты...

Ел орынға отырарда қоштасып, Сәрсенбек пәтеріне кетті. Екеуі таң атысымен жасырынып сапарға жүрмекші болды.

* * *

Сәрсенбек пәтеріне келіп, даярлана бастады. Ол алдымен Сәлимаға хат жазды. Оны келген жігіттен тез қайтарып жіберді. Хаттың мазмұны мынадай еді:

«»Жаным Сәлимаш!.. Сенің хатыңды оқып, ел-жұрттың ерлігін естіп, отыра алмадым. Ертең шаһардан шығамын. Қасымда жақсы көретін бір жігітім бар. Сен, сәулем, үлгере алсаң, бізді Көкадырда тос. Әрі қарай бірге кетерміз. Ауылға баруға жер шалғай. Еш бөгеліп қалуға мүмкін емес. Ауылдың жайын сендер білесіңдер ғой. Хош. Көріскенше, сәулем, Сәлимашым! Іске сәт тілейік! Ағатайың Сәрсенбек».

* * *

Екі терезелі шағын бөлменің ортасына қойылған үстелді айнала төрт жігіт отыр: Сәрсенбек, Қабдеш, Бұқар, Асқар.

– Қашаннан бері ойландың?– дейді ашуланып Бұқар.

Сәрсенбек төмен қараған көзін Бұқарға тіктеп:

– Қашаннан ойласам да, бәрі-бір емес пе? Оны іске асыру бұл күнге дейін мүмкін болмаса, оған мен кінәлі емеспін! – деді.

– Жарайды, сені кінәлайын деп отырған кісі жоқ. Сен бір жұма бұрын қарсы едің. Онының өзін жұртқа айтып та жүрдің. «Әлек болмай, барыңдар окопқа» деп жүрген өзің емес пе едің? Сені қоя тұрайық. «Қазақ» газеті: «Барыңдар да, барыңдар» деп жар салды емес пе?! Ахметшіл болып жүргенің қайда? Ахметтің тілін неге алмайсың?– деді Бұқар.

– Оның бәрі рас. Ол бірақ ту көтерілмей тұрғанда еді. Енді көтерілген туды құлатпау керек. Әрине, орыс халқының күшті екендігіне қарағанда, олармен соғысу – текке қан төгу. Бәрібір жеңілеміз дедім. Басқа одан да маңыздырақ болжамдар жасасаң, мүлде олай емес екен. Соғысатын жер – тау, тас. Зеңбірек ол арадан өте алмайды. Оның үстіне біздің жақтың ішінде әйел бар. Мен бұған үлкен мағыналы мән беремін. Менің ойымша, бұл бізге жіберілген әулие. Сондықтан біз өлмейміз.

Асқар мырс етіп күліп жіберді де:

– Сенің әйелің Францияда болған Орлоттың қызы дейсін бе?– деді. «Орлоттың қызы» деген сөзді Асқар орысшалап айтты.

Сәрсенбек тоқтамастан сөйлей берді:

– Орлот-морлатыңды білмеймін. Мен Еуропаға шор-қақпын. Жалғыз-ақ айтарым: Алатаудағы жігіттердің ішінде Жұпар деген қыз әулие бар. Оны бізге «намысыңды оятыңдар» деп жаратушының өзі жіберді.

– Сен оның әулие екенін қайдан білесің? Бай алмай жүрген қазақтың қызының бірі шығар?– деді Бұқар.

– Жоқ, Бұқар! Ол қыз туралы мен көбірек білем. Ол қыздың ғашық болған адамына мен өте жуық болдым. Оларды кедергілер қоспады. Біздің заманда сүйгеніне қосылу дегенің өте қиын. Ол қыз бақытын таппағанына өкінбес, өйткені ел үшін бел буып, тәуекелге барғанын көрмейсің бе? Оның бер жағында өмірімдей жақсы көретін бір адамым сол қызға серіктес болып тағы кетті. Бұндай кезде оқу оқып қалай жүруге болады? Бұл аз десеңіз, екі жерде өзіме лағынет айтқам. Бірі – өзімнің жақыным маған қатты ренжігенде, екіншісі – Бұқар өзіңмен бірге казарманың жанында топтасқан қазақтарды көруге барғанда. Көп халықтың ішінен «лағынет», «лағынет!» деп жатты. Әрі зәрлі, әрі аянышты, мұнлы естілді. Өз халқым маған «лағынет!» айтпасын. Өздерінің адал перзенті екенімді білсін, көрсін. Мен сол үшін не көрсем де солармен көрем!– деді Сәрсенбек.

Өректіген Бұқар:

– Менің саған айтқан сөзім қайда, «Туыс пен ағайын арасына лік сал» деп. Сен оны теріс ұғынды ма десең, олай емес екен! Қазақ айта береді. Оның айтқанына қарасаң, біз бәріміз жаулық киген қатын алуымыз керек. Қайсымыздың ісімізге «Тәңір жарылқасын!» айттып жүр. Бізге «Тәңір жарылқасын» айтатын халге әуелі қазақ жетсе, мұндай надан болмас еді. Онда біз революционер болып кетсек, шетімізден ренжіп өкінбес едік. Біз қазір нағыз Еуропаның революционеріндей тәртіпті, жігерлі, өліспей беріспейтіндей өзімізге өзіміз сенімді бола аламыз ба? Кешегі Кенесарының заманындағыдай бізде бейберекеттік, ақылсыздық, әліне қарамай көзсіз ұмтылатындық болмаса қайтсін. Кенесары 60 жыл бұрын Сарыарқаны қанға боямаса, біз ендігі елін салған тып-тыныш жұрт болар едік... – деді.

Бұқар Сәрсенбекке жағыңқырамай жүруші еді. Ендігісіне не жорық? Кенесары кім? Бұқар кім? Неге соны ойламайды? Кенесарыны сөккені – көз жұмбайлық, көріне жамандау ғой. Осы сөзінен кейін Сәрсенбек Бұқарды мүлде жақтырмай ашуланып кетті. Орнынан ұшып түрегеліп, тез-тез сөйлей жөнелді.

– Мен, Бұқар, сені ұға алмаймын. Бәріміздің басшымыз, патшамыз Кенекенді пәлен деуге қалай аузың барады? Ойың да, болжамың да бір түрлі. Кенесарының саяси қыры қалай? Тәуке бидің жер туралы жасаған заңын білесің бе? Тәукенің заңы осы күнгі заңнан қай жері кем? Сарыарқаны мұжық қаптады. Жер туралы Кенесарының ойы қандай еді? Әрине, қырғызбен соғысты. Ол үшін кінәлауға болады. Бірақ Кенесары бүлдірді дегенің – ол қателескенің. Біз осы күнгі жүрген Еуропа жалатып алған революционерлер Кенесарыдай артымызға атақ-даңқ қалдырсақ жарар еді. Кенесарының заманында соғыс құралы – мылтық, зеңбірек болды болғанда. Қазақ сонда да қарсы тұра білген. Менің бұрыннан тілегім осы секілді оқиға еді. Әрине, ерте уақытсыз қандай болғанда да жүрегім бір нәрсені сезеді. Бізге осы істің ақыры қайырлы болады. Жақсылықпен бітеді, – деді Сәрсенбек.

Манадан бері үндемей отырған Асқар өкінішті жүзбен:

– Бәрі бұзылды! Барлық пылан, тып-тыныш, жап-жақсы болып келе жатыр еді. Бунт. Мыж-қыж! Жапония секілді оқып-жетіліп алып, бірақ істейтін жұмысты кәкір-шүкір адамдар келіп, бұзды да жіберді, – деді.

Сәрсенбек ашуланған бойы Асқарға қарап:

– Сен Жапония деген сөзді біліп айтасың ба, білмей айтасың ба? Қазақ Жапониядай болу үшін кемінде елу жыл керек. Жапониядай еркін, өз алдына тәуелсіз ел болу керек. Орыстың патшасы мен төрелері тұрғанда Жапония түсіне де кірмейді. Бұл пікірді мезгіліне жеткенде айтайын деп жүр едім. Ту мезгілінен бұрын көтерілді. Мезгілінен бұрын айтуға тура келді, – деді.

Сәрсенбектен басқасы езу тартып күлді.

– Сонымен кететін болдыңдар ма? – деді күрсініп Бұқар.

Сәрсенбек шапшаң пышақ кесіп өткендей:

– Кетеміз! – деді.

Бұқар мен Асқар түрегелді. Сәрсенбек, Қабдеш

екеуімен құшақтасып, қоштасып үйден шығып жүре берді. Олар кетісімен асығып-үсігіп бұл екеуі де киіне бастады. Киініп болған соң Сәрсенбек Қабдешке қарап:

– Қабдеш, бата оқимыз ба?– деді. Бата қылуға Қабдеш қолын жая беріп еді, Сәрсенбек Қабдешке қарап:

– Жоқ, солдатым, олай емес! Сен үйдің ортасында тұр, мен батаны оқиын!– деді. Қабдеш түсініп екі қолын жанына жіберіп, сымдай болып тұра қалды. Сәрсенбек батасын оқи бастады... «Аллатағала бетіалдымыздан жарылқасын!»– деп беттерін сипады. Енді бұйрықты үнмен: Оңға, солға айнал!– деп еді, Қабдеш ұршықша айналып барып бетін есікке беріп тұра қалды.– Алға тарт!

Екеуі еденнің тақтайын тықылдатып, сап түзеп далаға шыққанда, қас қарайған екен.

* * *

Бірде ат басын еркін жіберіп, бірде желе-жортып екі жас келе жатты. Үстерінде – түйе жүн шекпен, жеңіл тымақ, белдерін кісемен буған. Мінгендері – екі кері тор ат. Ай қараңғы. Екеуі де мұздап келе жатты. Сондықтан да біріне бірі жуық, етене жандар екенін жақын жүрген сайын жақсы сезді. Келе жатқан сапары да алдағы болатын үлкен қауіпті күш те өздерін бекем ұстауды ескерткендей. Бәлки бірге жан беретін шығар. Осы ой, мына түннің қараңғылығы – бәрі-бәрісі ішкі сезім дүниесін біріктіріп жібергендей екеуі де бір ғана ортақ нәрсені түйсіктерімен сезіп келеді.

Сәрсенбектің үсті жеңіл болғандықтан, әжептәуір тонды. Бірақ бір түрлі өзіне риза, бір түрлі ішкі жағы рахат, тыныштық тапқандай. Дененің қалтырағаны түк емес секілді. Ол жанын жеген мазасыздықтан құтылғанына қуанды. «Осының бәрі кім үшін? Көрсін, білсін! Мен өз жұртыма дұшпан ба екем? Жоқ, мен ешқашан да дұшпан болған да, болмақ та емеспін! Дос екеніме көздері жетсін! Суыққа тонып, жандарын шүберекке түйіп жүрген екі қыздан жанымыз артық па? Жұпар, Сәлима қандай аяулы, ардақты едіндер! Ел үшін, жұрт үшін, бауырлар үшін нәзік жан екендеріне қарамастан, нағыз ер азаматтарша атқа қонғандары біздің намысымызды неге оятпасын?! Алты алаштың баласы бас қосқанда, біз қалай шет қалмақпыз? Ертеңгі күні «ауыздықпен су ішіп, ат үстінде жүріп алған бостандығымыз»

десек те жұрттың алдында ұялмаймыз ғой!..» Сәрсенбектің ойын Қабдештің қараңғыда күлгені бұзды.

– Сәрсек! Түнделетіп жүрген сізге ұнады ма?– деді Қабдеш серіктесіне жанай қасына қатарласа беріп.

– Шын керек болса, түн түгілі боранды дауылда да жолға шығамыз,– деді Сәрсенбек.

– Менің ұстап келе жатқаным қандай қамшы екенін білмейсіз ғой,– деді Қабдеш жорта қулаып.

– Оның несіне таң қалам? Ат мінген соң қамшысыз жүруге болмайды.

– Білмедіңіз, Сәке! Бұл қамшы – Асанқайғының қамшысы.

Сәрсенбек шын жүрегімен еңкілдеп күліп жіберді.

– Бұл қамшыны ұстаған атамыз Асанқайғы атанса, сен – Қабдеш, қуаныш атан! Саған тек жақсылық, қуаныш әкелетін болсын!..

Қабдеш Сәрсенбекке бұрынғыдан да жақындай түсті.

– Бауырым, мен сені анық бүгін білдім. Еліміз туралы, қазақ туралы айтқандарың өзгеше мені әсерге қалдырды. Қазақ туралы көп білетінің – нағыз ел үшін туған сияқтысын.

– Е, бауырым, біз сол қазақтың өзінен тудық. Оны білмесек, оны қорғамасақ, өзімізді өзіміз қадірлемесек, кім болғанымыз. Өз халқын өзекке тепкен жақсылық емес.

– Жұрттың бәрі сіз сияқты ойласа етті,– деді Қабдеш Бұқардың айтқандарын есіне алып.

– Кім не ойлайды – өз еркі. Халық болған соң, ада-лы да, қара ниеті де болады.

Сәрсенбек жылынып алғысы келгендей «шүу, жануар» деп атын тебініп, шоқыта жөнелді. Одан Қабдеш те қалыспады. Екеуі желе жортып біраз жүрісті өндірітіп тастады. Енді бір сәт алдарынан қарағайлы кез келді.

– Солдат!– деді Сәрсенбек. – Ұста қолыңа алтыатарды!

Қабдеш жылдам алтыатарды ыңғайлап ұстады.

– Сен біздің жақты білмейсің. Мынау қарағай ішінде күндіз адам өлтіріп кетеді. Сақ болайық, сергек отырайық,– деді Сәрсенбек Қабдешке.

Жүрегі аттай тулаған Қабдеш Сәрсенбекке жабыса жақын жүріп, бауырына кіріп кете жаздады.

– Екеуміз жұп жазбайық, – деді ол Сәрсенбекке. – Бізге көздеген оқ болса, екеуміз бірге өлейік.

– Қой, бауырым Қабдеш, олай деме! Мұнда біз өлу-ге емес, жеңуге келеміз. Былайғы жұрт ешкімге тимейді. Тек сақтық керек дегенім ғой.

Қабдеш үндемей, Сәрсенбектің артына қайта түсті.

Қалын ну қарағайдың іші көзге түртсе көргісіз қаранғы. Соған қарамастан екеуі ілгері жүре берді. Аттың тұяғы жаңғырып, көп кісі жүріп келе жатқандай дүбірлей ме, қалай? Әлден уақытта оң жақтан бір нәрсе шарт ете қалды. Қабдеш тоқтаусыз жүре берді. Алаң-қайлау бір араға жете бергенде әлдеқандай нәрсе көлденеңдеп көлбеңдей өткендей болды. Сәрсенбек кілт тоқтап, тын тыңдады.

– Қабдеш қалқам, біз адасып басқа жолға түсіп кетіппіз. Анау қарандаған солдаттардың қарауылы болмасын.

Құлақ тосып екеуі де тағы тын тыңдады. Әлдекімдер күбірлегендей, сөйлескендей болды.

– Не болса да болды. Бұл ағаштан таң атпай өту керек. Әйтпесе ұстап алады. Көне, бар мүмкін болғанша шабайық! – деді бір уақытта Сәрсенбек. Сөйтіп олар қамшыны аямай сауырға басты. Қамшы қатты тиген екі ат ытқып, шаба жөнелді. Сол-ақ екен «Киргиз! Киргиз!» – деп шулап қоя берді әлгі қарандағандар. Артынша тар-тұрс мылтық атылып жатты. Бір кезде Қабдештің аты омақаса құлады.

– Ағатай, қалдым!.. – деді шырылдап Қабдеш.

Ұршықтай айналып Сәрсенбек қайта бұрылды. Қабдеш құлап, тыпырлаған аттың үстінен тұра бергенде, Сәрсенбек өте жылдамдықпен алдына өңгеріп алып, шаба жөнелді.

Біршама уақыттан соң мылтықтың атылған дауысы басылды. Сәрсенбек аттың басын тартып тоқтады.

– Ал, Қабдеш, құтылған сияқтымыз. Артыма мінгес! Атқа да обал болады. Енді екеумізді көтеріп жүріп шаба берсе, болдырар. Желаянға салайық. Шүу, жануар, – деді Сәрсенбек.

Әлден соң ол Қабдештің қобалжыған көңілін көтеру үшін:

– Асанқайғының қамшысы бар ма, қалқам? – деп сұрады.

Қабдеш те енді қорқыныштан айыққандай күліп:

– Білегіме іліп алғам. Келе жатыр Асанқайғы! Бірақ сол Асанқайғының желмаясы шаршады білем!– деп, құланып қояды.

* * *

Таң ата бұлар бір ауылға келді. Мұнда тек өңшен қатын-қалаш, кейбір кәрі шалдар қалыпты.

– Алатауға барамыз, ата. Мүмкін болса тезірек бір ат іздестіріп, өзіміз жасырынып дем алатын орын тауып берсеңіз,– деді Сәрсенбек бір шалға.

– Ойбай, қарақтарым-ай, жолдарың болсын! Кеше осы ауылдың бозбалалары да аттанды. Жолдарың болсын, қарақтарым, балапандарым!– деп шал қалбалақтап жатты.

Қоқыр-соқыр болған шым үйдің бұрышында бір кемпір отыр екен. Шал есіктен кіре:

– Уа, кемпір, мына қарақтарымды тамақтандыр. Тығып қойған ірімшік, қаймағың болса әкел!

– Е, бұларға бермей қайтуші едім. Солдаттар бәрі-бір тауып жеп кетеді. Одан да қарақтарым жесін... Қай жақтан келесіңдер, қарақтарым!– деді кемпір орнынан сүйретіліп әрең тұрып.

– Шаһардан апа!

– Е, шақар-мақарды мен қайдан білейін? Мына шал болмаса,– деп, кемпір далаға шығып кетті. Шал бұларға сыбырлап көкейіндегі сөздерді айта бастады.

– Жұрт ұрандарыңды – «Алаш Орда» дейді. Амансау тез жетіндер. «Бәрін бастап жүрген жас бала» дейді. «Атса оқ, шапса қылыш өтпейді» дейді. Өзі жүректі, қорқуды білмейтін батыр болса керек. Сол хабарды естіген соң бозбалалардың бәрі аттанып кетті!– деді шал. Ол асығып ойындағысын тез жеткізді.

– Ататай, ол бала кім екен?

– Қарағым, сұрама. Кім екенін! Ана жылы әкесін, ағасын орыс өлтіріп кеткен екен. Аты – Жұпар, өзі қыз дейді. Ол кезде он жасар болса керек. Ер жеткен соң сабазың көрдің бе қалай кек қуған!

Сәрсенбек күлімсіреп Қабдешке қарап:

– Естідің бе, бауырым мына қыздың кім болғанын?

– Бұдан артық қандай ертегі болсын?! Нағыз қисса қылып шығаратын әйел тұлғасы емес пе?!– деді Қабдеш күлімсіреп. Тезірек көруге аңсары ауды...

Тамақтанып алған екі жігіт үюлі шөптің ішін қуыстап алып, жасырынып дем алуға жатты. Көпке дейін ұйқылары келмей қойған соң, түндегі уақығаны естеріне алып, әңгімелесті. Қабдеш аттың аяғына оқ тиіп, қалай құлағанын айтты. Сәрсенбек соғысқа келе жатқандықтан ба бір ой басып, көбіне үндемей жатты. «Заманның бәрі соғысқа айналып бара ма, қалай?» деп ойлады да, сол ойын Қабдешке айтты.

Ал, Қабдеш болса көптен мазалап жүрген жайды білгісі келіп:

– Сенің ойың қалай, Сәрсенбек, түріктер жеңе ме? – деді.

– Әрине, түрік жеңеді. Түрік жеңбейді деу – ағаттық, – деді Сәрсенбек.

– Япырмай, орыс жұртының түрік дегенде жыны бар. Былтыр түріктер соғыс ашқанда школдағы балалар мені «түрік, түрік» деп қыр соңымнан қалмады! – деді Қабдеш.

– Түрік дегенде жыны болмай қайтсін? Орыстың ең адамы дегеннің бірі – Достоевский. Оның өзі түрік соғысы уақытында түрікке қарсы жарнама жазған. Осы күні Стамболды аламыз дейтін көрінеді. Стамболдың маңына бара алмайтынына иманым кәміл, – деді Сәрсенбек.

– Соғыс мәселесін ойлағанда өзіміздің қазақ қалай болар екен деп ойлаймын, – деді Қабдеш.

– Түп-тура анығын айтшы, Сәрсенбек! Қазақ неше жылда нағыз Жапониядай болады? – деді тағы да ол.

– Елу жылдай деп жүрміз! Қайдан білейін?! Бірақ биыл жаздан бері маған екі үлкен ой келіп жүр. Оның бірі – кешегі айтқаным. Қазақ Жапония секілді болу үшін өзінің елдігі өзінде болу керек. Онсыз қазақ бәрі бір оңалмайды. Екінші ойымнан кетпейтін бір нәрсе – қазақтың жерінің тым үлкендігі. Қазақтың санына қарағанда осы отырған жерінде бұл қазақтай енді он есе халық болу керек. 70 миллион Жапонның отырған жері біздің бір үйездің жеріндей екен. Қазақ анық ел болу үшін оған шаһар салу керек. Шойын жол түсіру керек. Бұның бәрі істелген соң халық жиі отыру керек. Зауыт, фабрик орнатылу керек. Олай істемей, осылай жүре берсек, бұл айтқанның бірі де болмайды!

– Сенің ойыңша қазақты қалай жиілету керек?– дейді шыдай алмай Қабдеш.

– Менің бір пыланым бар, бірақ ол қазір іске аспайды, – деді.

– Ол ойың қазір іске аспаса да, түсіндіріп айтшы, қашан естігенше менің шыдамым жетер емес, – деді Қабдеш.

Сәрсенбек саспай:

– Ол пылан: Барлық қазақ баласын Сарыарқаға жинау. Ақмола мен Семей облысы барлық қазақты сыйғызады. Ең жаманы мұндағы орыстарды ол жақтан көшкен қазақтың орнына орналастыру. Жерді өңдеуге қайта ол жақ жақсы. Қостанай, Ақтөбе, Орал – осының бәрі егін салатын жер. Мұжықтар онда барса, шаш-етектен пайда табады.

– Орыстың қамын жемей тұра тұршы. Әуелі қазақты жарылқап, сонан соң орысты сөз қыларсың!– деді Қабдеш.

Сәрсенбек күлді де, Қабдешті еркелетіп:

– Асықпа, қазір бәрін айтып берейін. Иә, сонымен барлық қазақ баласы Сарыарқаға жиылды. Менің ойымша, нағыз қазақ болу үшін біртұтас жерде бірыңғай орналасса жеке ел болып қалыптасар едік. Сонда қазақ Жапония сияқты елге айналар еді. Салынып жатқан шойын жолдар: Атбасар, Ақмола, Шідерті, Кереку, Қызылжар, Көкшетау араларына жүргізілсе; Омбы, Баянаула, Семей жолы салынса, Қарқаралы, Аягөз, Әулиеата арқылы жолдар қатынаса, шіркін, қандай жақсы болар еді.

– Шідерті деп жатқаның не?

– Жердің аты. Ақмола, Шідерті...

Сәрсенбек өзі де қуанып кетті. Шөптің астында жатқан аяғы қозғалғандай болды.

– Менің болжауымша, Ақмоладан кейін Шідерті. Сол жерге ең үлкен шаһар салса. Оған тақау Кереку – маңайы толған зауыт, фабрик. Міне, бұларға қоса таскөмір, тұз, қорғасын тиелген сан мыңдаған шақырымнан теміржолмен вагондар әлгі мен айтқан Шідерті шаһарынан жан-жаққа тарап, түйісіп, ерсілі-қарсылы тоқтаусыз жүріп жатса кереметтің көкесі сол емей, немене! Үлкен өндіріс болған соң, оған жұмысшы да көп керек. Мыңдаған, миллиондаған қазақтар жұмысшы болып істесе өз жерінің байлығының рахатын көргені

емей немене?! Бұл дегенің адам айтқысыз жаңару болар еді. Ар жағында Ертіс жақын. Керек десең, су бойымен де шаһарға неше түрлі бұйымдар да келе бастар еді. Сөйтіп, ұлғая-ұлғая енді елу жылда осы күнгі Әмериканың ең үлкен қаласы Чикагодай болар еді.

Қабдештің сұрағын күтпестен Сәрсенбек қызып кетті білем, әрі қарай сөйлей берді:

– Менің бұл айтып жатқан пікірлерім өз басымнан шығарылған қиял емес. Бұның көбін бізден бұрын елдің қамын ойлағандардың бәрі де айтқан.

– Япырмай, кім айтты екен, Сәрсенбек?– деді Қабдеш.

«Әу»– деген Сәрсенбек дауысын қатайтып:

– Сен Абылайға қалмақтың ханы Қалдан серінің сөйлескенін естідің бе? Естімесең көңіл қойып тыңда!

Абылай аң аулауға шыққанда, қалмақтарға кездеседі.

– Уа, кімсіңдер?– деп сұрайды.

– Біз – қалмақтың ханы Қалдан Серінің қолымыз. Абылайды шапқалы барамыз,– дейді олар.

Абылай «өзім жоқта тыныш жатқан елді тонап кетер» деп ойлайды да:

– Іздегенің Абылай болса, Абылай – мен. Мені ұстап апар ханыңа. Елімді бүлдірме!– дейді.

Абылайды Қалдан Серіге алып келеді.

– Уа, Абылай. Мұнша менің елімді неге қырдың?– дейді Қалдан.

– Оны менен сұрама! Қазақтың халқынан сұра! Мен – қазақ халқының дегенін істейтін оның қолымын!– депті Абылай.

Абылайды өлтірмек болады. Басын алардың алдында Қалдан Серіге алып келеді.

– Уа, Абылай, дүниеде не арманың бар? Айт өлеріңнің алдында!– дейді Қалдан.

Сондай Абылай тұрып сөйлейді:

– Уа, Қалдан, тірі болсам, айтатын сырым емес еді. Басым алынғалы тұр! Сен сұрадың, мен айтайын!.. Дүниеде үш арманым бар. Оның бірі: Тірі болсам алты алаштың баласын біріктіріп, Ертістің бойынан қоныс әперіп қатардағы ел қылармын деп едім. Бұл арманыма жете алмадым.

Екінші арманым: Қол-аяғым байлаулы тұр. Қолдарыңа қапыда түстім. Абылай деген атым бар еді ғой,

тым болмаса сендермен соғыста өлмедім. Бұл да мен жетпейтін арман болып барады. Үшінші арманым. Ойлаған ойымды, істеген ісімді тапсырып кетерлік артымда өзімдей перзентім жоқ. «Қайран елім жерсіз қалдың-ау» деп өкіндім! Бұл – ең зор арманым! – деп Абылай көзіне жас алыпты. Қалдан Сері бармағын шайнап жіберіп:

– Уа, Абылай, сен жалғызыңның жоғын айттың-ау! Менмен екенсің. Сені өлтіріп болмас! Бар, шырағым, жүре бер! – деп Абылайды босатып жіберіпті...

Сәрсенбек әңгімені бітірді.

Қабдеш бір-аз үндемей жатты. Бір шама үнсіздіктен кейін:

– Япырмай, Сәрсенбек! Сен осынша қазақы әңгімелерді қайдан ести бергенсің? – деді.

Сәрсенбек бұл сөзге жауап бермей, басталған әңгімені соңына дейін аяқтайын деген болар, сөзін әрі қарай сабақтады:

– Абылайдың әлгі екі арманы менің жаңағы айтқан пікіріме жанаспайды. Әрине, Абылайдың заманында шойын жолдар сөз болуға тиісті емес. Ол кезде шойын жол жоқ. Арғы негізінде Абылайдың арманы – дәл жаңағы айтылғандар екені айдан-анық. Егерде Абылай ХХ ғасырда туса, ол да мен айтқанды айтпасына кім кепіл?

Қабдеш жаны кіріп:

– Япырмай, Абылай осы күні неге тумады екен? – деді.

Сәрсенбек салмақты дауыспен:

– Бір есептен мен Абылайды жек көрем. Абылай өте өзімшіл, күншіл болған. Алдына жүгініп келген адамдарға еш уақытта өмірлік бітім айтпайды екен. Бәрі бірдей тату болса, мені қадірлемей кетер дегені, бәлкі. Әлгі айтылған армандардың орындалмауына себеп болған Абылайдың сол өзімшілдігінен шығар. Орыстың Иуан патшасындай болса, әлде қайтер еді?

Қабдеш мұнайып үндемеді. Сәрсенбек те сөзді арман қарай айта бермей тоқтатты. Дәл сол кездегі екеуінің ойы: «Сорлы қазақ, сорлы қазақ!» деген сөздер еді.

* * *

Сәрсенбектен хат алысымен, Сәлима жолға даярлана бастады.

– Сен осы не істеп жүрсің, Сәлима сәулем?– деді апасы.

– Көкадырға барып келуге Мінсіз екеуміз келіскенбіз.

– Ауылда ешкім жоқ қой, сәулем! Көкең де жоқ! «Неге жібердің?!» деп келген соң ұрсады.

– Көкем болса мені жібермейді деп ойлайсыз ба? Мені ешкім жеп қоймайды. Барам деген соң барам! Жалғыз емеспін, қасымда Мінсіз бірге жүреді.

– Қайдан білейін, қарашығым, жолда неге тап боларыңды! Бір айтқаныңнан қайтпайтын баласың ғой! Жарайды, барындар, бірақ ертеңнен қалмай қайтып келіңдер! Мен сорлыны 55-ке келгенде көзімді ағартып жүрме, құлыным. Аспаннан түскен жалғызым!..

– Апажан-ау! Сонша қайғыратындай ештеңе жоқ. Ертең қайтып келеміз. Қайғырма, апажан!

– Сәулем-ау! Еркекше киініп жатырсың ғой?! Ауылға барған адам солай бара ма екен?

– Апажан-ау! Қазіргі заманда әйелше киініп жүретін уақыт па? Жұрттың бәрі еркек болып жатқанда!

– Ақылыңнан айналайын, құлыншағым! Жарайды, мен не біледі дейсің. Маған керегі – сенің көз алдымда жүрген амандығың. Өзіңе өзің мықты болып, сақ жүр. «Жау жоқ деме, жар астында» деген ғой ботам...

– Ал, апа, біз кеттік!

– Барындар, сәулем, жандарым, жолдарың болсын! Ертеңнен қалмай қайтып келіңдер! Сәулем, құлыншағым, көзімнің қарашығы! Жол жүргенде Қызыр бабам жолдас болсын!..

– Сенің атың жүйрік пе, Мінсіз?– деді Сәлима ауылдан шыға бергенде.

– Шабан емес. Той күнінен бері өзім мініп жүрген ат! Оны неге сұрайсың, Сәлима?– деді Мінсіз.

– Ертең сен ауылға жалғыз қайтасың? Біреу-міреу кез болса... дегенім ғой.

Мінсіз қорқып кетті.

– Неге жалғыз қайтам? Сен қайда қаласың, Сәлима?

– Мен ауылға енді бармаймын. Бүгін таң ата Көкадырға Сәрсенбек келмекші. Сонымен бірге Алатауға барамын!.. Жүр кеттік! Ертерек жетейік! Жол алыс!..

Сәлима атын қамшылап, шаба жөнелді.

– Сәлима бауырым, тұра тұршы, бір сөз айтамын! – деген Мінсіздің дауысы бір түрлі жалынышты шықты.

Сәлима атының басын әрең тоқтатып, аяңдады. Желе жортып, Мінсізге жақындады.

Ашық көк барқыттан жаға салған түйе жүн шекпенді екеуі де парымен киіпті. Сары софияннан көмкеріп жасалған кісемен белдерін орай буынып алған. Аяққа кигендері ұзын қоныш, қисық табан қара етік. Төбесін биік етіп күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрікті бастарына киіп алыпты. Жағаның астынан ораған көк жібек орамалдың шеті шығып тұр. Киім киістеріне қарап, елсіздер болар деп бөгде, әлде білмейтіндер ойлауы сөзсіз.

– Бауырым-ау! Ондайыңды мана ауылда неге айтпадың?! Апаммен біржолата қоштасып кетер едім!

– Сен апана айтқан соң, ауыл біліп қалып, жібермей қояр еді. Сондықтан қорқып айтпадым.

– Қап, өттеген-ай! Апаммен қоштаспай шыққанымды қарашы! – деді Мінсіз өкініп.

Сәлима ақыл айтқан кісіше Мінсізге қарап:

– Онда кейін қайта ғой. Мен ренжімеймін.

– Жоқ, Сәлима, енді үйге қайтпаймын. Сен Сәрсенбекке барсаң мен де Исатай жаныма барам! Енді сенен қалмаймын, – деді Мінсіз.

Сәлиманың мінгені – ұзын ақ боз ат, Мінсіздің мінгені – жирен ат. Екі жануар да қыздардың ырқына көніп, желаяндап келе жатқан.

– Ал, Мінсіз, айтарыңды айтып болсаң, аттың басын жіберейік! – деп Сәлима сауырдан қамшымен жеңіл тартып жіберіп еді, оның соңынан Мінсіз де атына қамшы басты.

Күн батардың алдында үлкен терең сайға кез болды.

– Мынау жарқабақтың сайы ғой. Осының аржағында – Көкадыр. Нұрмаштың ауылы бар. Қазір жетеміз.

Сәлима аузын жиғанша болмады, сайдың аржағындағы ауылдан өрт көрінді. Күннің батқаны шығар деп біраз аң-таң болып келе жатыр еді, будақтаған қалын түтінді көрген соң анық өрт екеніне күмәнданбады. Сәлима сасқанынан:

– Бауырым, Мінсіз. Мынау жанып жатқан Нұрмаштың ауылы ма? Бұны кім өртеді екен? – деді.

Екеуі зәресі ұшып, сайдың жиегіне тұра қалды. Көк

жалыны аспанға атып алаулаған қып-қызыл оттын осынша жанғаны сұмдық қорқынышты, үрейлі еді. Енді бір сәт жалыны бөсеңдеп қара түтін қаптады-ай кеп. Маңайында бірдемелер қараңдайды. Бірақ бұлар отты сөндіріп жүрген адамдарға ұқсамайды. Әлде Сәлима мен Мінсізге солай көріне ме – ол жағын болжап болмайды. Сәлиманы күдік, қауіп шошыта бастады. Қорқып кеткен ол:

– Апырмай, сақтай гөр, жасаған ием! Сәрсенбек сол жерде болмасын. Әйтпесе алдымыздан шығар еді... Бұл не деген қазақтың басына түскен заман болды!.. О, жасаған ием, өзің сақтай гөр бейшара болған пенденді!

– Сәлимажан! Қорықпа! Мен сенен гөрі естиярмын ғой! Не болса да көрейік!– деді Мінсіз.

Сайдың жиегіне түскенде көп арбалы атты кісілер келе жатыр екен.

– Мынауың орыстар ғой! Бауырым, Мінсіз, қаптап келеді, енді қайттік!

– Қорықпа, сәулем!– деді Мінсіз.

Есі шыққан екеуі не істерге білмей, сасқалақтап жан-жағына бір сәт ойсыз қарасты. Бір сұмдықты сезгендей Сәлиманың жүрегі жиі соғып, аузына тығылды. Қайда тығыларын, қай жаққа қарай қашарын білмеген, сасқалақтаған екеуін солдаттар анаайдан көздері шалып, бұларға қарай жедел жүріп келе жатқан еді.

– Ойбай, Мінсіз, бүйтіп тұра берсек, құримыз!– деп Сәлима ышқынып жіберді.

– Ал, бауырым, алды-артыңа қарамай шабайық,– деді Мінсіз. Екеуі де аттарын сабалап, құйғыта жөнелді.

Әп-сәтте «Киргизы, киргизы» деген дауыстар шулап кетті. Артынша тарс-тұрс мылтық дауысы ауаны жаңғырықтырып жіберді.

Сәлиманың шыбындай жаны көзіне көрінгендей еді. Артына бұрылуға шама жоқ. Атына қамшыны үсті-үстіне ұрып зытып келеді. Жанұшырып аттың бар шабысымен жанып жатқан ауылдың тұсына қалай келіп қалғанын өзі де байқамай қалды. Улап-шулап жатқан ауылдың адамдарын көрген соң, есі кіргендей «артым-да Мінсіз келе жатқан шығар» деп бұрылып қарап еді, өзі түгіл, Мінсіздің қарасы да көрінбеді. «Алда, тәңірім-ай! Бауырым-ай! Шынымен сенен айырылып қалдым ба?» Басына келген жаман ой зәресін ұшырып жіберді. Қайта кейін қарай шаба жөнелмек боп, атының басын

кейін бұрды да, қайта ойланып қалды. Құлағын тосып тын тындады. Орыстар сойқандап кеткен ауылдың малы мөңіреп, бала-шағасы жылап, иті ұлып, сан мыңдаған у-шудан құлағы тұнды. Ал, Мінсіз болса мүлде жоқ.

Далбасалап жанып жатқан ауылға барды. Азан-қазан. Бірін-бірі біліп болмайтын есі шыққан иесіз қалған қорғансыз қазақ: бірі азан сап жылайды, бірі өкіреді. Жалаң аяқ, жалаңбас үстіне ілген жалғыз лыпа көйлектен басқа түгі жоқ өңшең өрт арасында қалған сиықсыз жандар. Ақыл сұрай қоятындай біреу-міреу табылар ма мына өңшең шулаған жұрттың ішінен.

– Жасаған-ай, мұнша қаһарынды төгердей қай қылығымыз жақпады?– деді Сәлима екі көзі жасқа толып. Содан соң жүрегіне біреу қанжар сұғып алғандай, ышқына айғайлады:

– Сәрсенбек бауырым! Ағатай, қайдасың? Мен мұндамын! Сәлима мұнда!!!

Бұнысы біреу болмаса біреу Сәрсенбекті білсе, тіл қатар деген ой еді. Ешкім жауап бермеді...

* * *

Қасындағы екі шалды сайдың екі жағына жіберіп, Сәлима Мінсіз екеуі алғаш шаба жөнелген жерге келді. Ай қараңғы. Айналасын көз жетер жерге дейін сүзіп қарап тұрып:

– Бауырым! Мінсіз, қайдасың!– деп дауыстады.

Өзінің дауысынан басқа еш нәрсе естімеді. Көзін тігіп айналасына тағы қарай бастады. Алдыңғы жақтан қарайып жатқан әлде не көрінгендей болды. Не екенін білгісі келсе де бата алмай біршама қарап бақылады. Қарайған қозғалар емес. Енді ақырын аяндап қасына жақын келді. Ыңырсыған әлсіз дауыс. «Мынау Мінсіз болмасын» деген ой басына сап ете қалды. Аттан секіріп тез түсіп, қасына барды.

– Бауырым-ай, бауырым, аттан құлап қалдың ба?– деп басын сүйеп, құшақтай алды. Мінсіз ыңырсып жауап бере алмады. Басында тұмағы жоқ. Әдемі қоңыр шашы төгіліп жайылып кетіпті. Белбеуі ағытылып, бешпетінің екі өңірі ашылып қалыпты...

Сәлима бір сұмдықтың болғанын біле қойды. Өксіп-өксіп жылап жіберді.

– Мінсіз, бауырым Мінсіз! Обалыңа қалдым-ау!

Қара жүрек залымдар-ай! Аяушылықты білмейтін
жыртқыштар-ай!

Сөйлей берді, жылай берді. Ыңырсыған Мінсіз басын көтермек болады, бірақ көтере алмай әлсіреп кетті. Сәлима басын құшақтап, одан бетер жылады.

Біраздан соң Мінсіз қайта есін жиғандай болды. Әлсіз дауыспен ақырын үзіп-созып сөйлей бастады:

– Сәлима, Исатайға осының бәрін айт, – деді.

Сәлима жылауын тоқтатып, ынта қойып тыңдай түсті.

– Мені жылатқан солдаттардың бірін қалдырмай өлтірсін! Айтпайтын болсаң, өзімді Исатайға апар. Бауырым, сенен өгінем, Исатайға мені тез жеткіз, бауырым! – деп, ауа жетпегендей еңтігіп қалды. Одан әрі ерні жыбырлап, үні естілмей қайта үнсіз күйге көшті. Есін қайта жияр деп Сәлима басын сүйеп, бір уақ отырды. Енді Мінсіздің көздері шарасынан шығып, Сәлимаға ажырая қарағандай болды. Үміт шіркін қайта жақсы болар деп еді, ол мүлде дыбыссыз қалды. Енді қолдары суып бара жатты.

– Бауырым, Мінсіз, тағы не айтасың? – деп оны әрі-бері қозғап еді, дене былқ-сылқ етіп барып, мүлде қозғалмай қалды.

– Мінсіз! – деп Сәлима шыңғырып жіберді.

– Мінсіз апатайым! Обалыңа қалдым-ау! – деп өкіріп бар дауысымен Сәлима жылай берді.

Бұл уақытта аспанды қара бұлт жауып, түнергеннің үстіне түнеріп бара жатты. Өртенген қыстаудың бір шаласы қалғанша жана берді.

Есі шыққан ауыл адамдарын, баспаналарынан айырылған, далада қалып қор болғандарды, улап-шулап, азан-қазан болып жатқан жан түршігерлік сұмдықты – бәр-бәрісін нәзік жанды қыз бала көзімен көрген соң, қалай егілмесін! Мінсіздің басын құшақтап Сәлима жылай берді. Сорлы болған елдің бақытсыз туған замандастарын ойлап егілді. Ертеңгі күні қандай болары белгісіз. Соны ойлап егілді. Жылағаннан басқа түк істей алмаған шарасыз-әлсіздігіне қорланып егілді. «Қор болған, қайран қазақ! Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында қашанғы кетпекпіз. Жұпар! Мінсіздің қалай өлгенін білсең ғой? Қара жерді жастанды бауырың! Сәрсенбек, Сәрсенбек бауырым! Бізді неге далаға қалдырдың? Бізді жылатқандарды құдай жылатсын. Апа,

апатай! Біз қандай күйде болғанымызды, анашым, білсең ғой!»

Тағы да, тағы да жылай берді!..

* * *

Маңайда солдат бар дегенді естіп, Сәрсенбектер бұл ауылда аялдамай күндіз жүріп кеткен екен. Сәрсенбек хат та жаза алмаған. Бар айтқаны: «Сәлима денсаулығына берік болсын!» деген.

Ертеңінде жанған үйлердің әр жерде сорайып мұржасы қалды. Аш-жалаңаш жұрт киерге киім, ішерге тамақ таба алмай сандалды. Мынау көрініс – ақырзаманнан да жаман тағы да сұмдығы бардай үрейлі түңілу.

Сәлима да тоңып, қалтырай берді. «Панасыз далада қалған жүздерін мұң басқан адамдар, үйлері жоқ. Қалай күн көреді бұлар! Ойпырмай, мына орыстардың басынуын-ай! Қап, бәлем» деп ішінен кіжінеді. Ол Сәрсенбекке хат жазып, бір шалды қуғыншыға жіберуге келісті.

Енді Мінсіздің сүйегін алып, ауылға кері қайтпақ болды. Жазған хатының мазмұны мынау:

«Сәрсенбек ағатай!

Мінсізді Көкадырға жете бергенде, Нұрмаштын ауылын өртеген орыстар өлтірді. Менімен сіздерге бірге барамын деп келе жатыр еді. Обалына қалдым бауырымның, апатайымның! Маған қарамай, жолдарыңнан қалмай жүре беріңдер! Мінсіздің жетісі өткен соң жолға шығамын. Маған сеніңдер! Мен барамын, барамын! Тірі болсам, қазақ қызының намысын жібермеймін.

Сәлима».

* * *

Алатауға жиылған қазақ жігіттерінің басшысы Амантай еді.

Жүздеп, мыңдап жігіттер қазақ даласының әр жерінен келіп жинала берді, жинала берді. Негізінен бозбала жігіттер. Ішінде, әрине, шалдар да кездеседі. Қаптаған қалың қол. Алатаудың төңірегі көдімгі әскери орын сияқты. Лек-лек болып, жүз-жүзге бөлініп іштерінен басшы сайлап алып жатты. Жүз басылар мың басыға бағынып, мың басылар батырларға бағы-

нып, өздері тәртіп заң ұстанды. Бәрінің бас батыры – Амантай. Бас батырдың қасында жүз шамалы жігіттер бар. Олардың басшысы – Жұпар. Тыңшыларды үлкен-кіші етіп бөліп, әрқайсысын әр жаққа аттандырды. Он шақты жігітті бөліп, Исатайды басшы етіп, солтүстік жақтан келе жатқан орыс әскерінің алдынан жіберді. 20 шақты жігітті таудың оңтүстік жиегінде сыбыс бар деген соң, сонда жіберді. Тағы да сол сиқты басқа жақтарға да жіберіп жатты. Оларға мынадай тапсырма да берілген: «Қазақ туын көтеріп жатырмыз. Малмен болсын, жанмен болсын көмектеріңді аямаңдар!» деп елге хабар айтады. 15 жігітті Жұпар өз қасына алып қалды. Жуырда губернатор келеді деген сыбыс бар. Келе қалса өлтірудің жайын қарастырады...

* * *

Күз түсті. Бір айдың алдында бір жұма бұрын Қарабатпақта соғыс болып, Амантайлар жеңіп шыққан. Орыстың 4 офицері қолға түсті. 100-ден аса әскер өлтірді. 200-дей мылтық, 5 мыңнан артық патронды иеленді. Енді Амантайдың ең үлкен жоспары – Дуан қаланы алу еді. Дуан қала аса үлкен шаһар болмаса да сол маңның кіндігі деп есептелуші еді. Қазақтың көзіндей дуан қаланы алу – барлық уезді алғанмен бір есеп еді. Сондықтан бұл шаһарды алуға Амантай үлкен мағына берді. Жан-жақты бақылап даярланды. Аймақтың бәріне тыңшы жіберіп, Жұпарға бұйрық етті де, Амантайдың өзі әскердің ішіне келді.

Екі адырдың ортасына жиылған, бық-бық еткен әскердің санын былайғы жұрт біліп болмайды. Көпшілігі түйе жүн шекпен мен елтірі тұмақ киіп алған. Қайсы біреулері күпі мен шапан киініп, белін буынған. Шетінен мініп келгендері – жарау ат. Іштерінде бие, байтал мінгендері де кездеседі. Ер тұрмандары да аттарына сай, ақ киіз былғары шүберекпен көмкерілген. Қалай да бәрі де дайындалып келгені айтпай-ақ көрініп тұр.

Аттарды 10–15-тен бақтырып қойып, жігіттер әр жерде үйме-жүйме отырып, әңгімеге қызу берілген. Кейбіреуінің күлген дауыстары қатты естілуде. Енді бірі төңкерілген арбаның астында ұзын сапты балтаны қайрап, бірінен соң бірің өткірлеуде. Қайсы біреулер от жағып, тамақ пісірумен әбігер. Даурыққан бір топ

жігіттер үш бақанның басын біріктіріп байлап, тік тұрғызған да, оның басына кезек-кезек өрмелеп шығып-түсіп өздерін сынап дауылдасады.

– Шауып келе жатқан аттың үстінде тік тұру бұдан гөрі оңай, – дейді бірі.

Оған есіріп алған жігіттер ду күлді. Оның сөзінің несі күлкілі өздері де білмейді. Бұлардан бөлек топ құрған жігіттердің де күлгендері естілді. Олар неге күліп мәз болуда екен? Тағы да топ, тағы да күлкі.

Адам деген қызық. Жаумен соғысқан сәтте батылдық пен үрей арбасып, күлкінің не екенін де ұмытып кетеді. Бір сәт тыныштық болса, үрейдің, ажалдың тұрғанын ұмытады да арсыз күлкіге беріледі.

Тағы да топ жігіттер. Ортадағы екі адамның қолында қамшы. Біріне бірі айбат шегеді. Айнала қоршап алған жігіттер. «Қане, кім жеңеді?» – деп қарайды қоршап алғандар. Ақыры жылпостану біреуі сылбыр қозғалатын екіншісін қамшының сабымен түртіп қалып еді, анау шалқасынан түсті. Ал кеп бұған дауылдап күлсін! Құлаған жігіттің беті құлағына дейін қызарып кетті де, орнынан қағынып тез түрегелді. Жыққан жігіт:

– Жетер, достым, ойнасақ та біраз жерге бардық, – деп салмақты сөйледі.

Кешегі екі орысты ұстап әкелгеннен бері Жұпарды жұрттың бәрі «әулие» деп атап кетті. Амантай батыр Жұпардың атын «Әулие Жұпар қоямыз» – деп айтты жанындағы басқа батырлардың барлығына да.

– Біз де солай атайық, жігіттер! – деді бір жігіт қасындағыларға түгел естіртіп.

– Жұпардың әулие екенін Батпақтыдағы соғыста-ақ білгенмін. Әскердің қақ алдында шапқылап жүрді. Қанша адамға оқ тиіп, құлап жатса да, Жұпарға бірде-бір оқ дарымады! – деді екінші жігіт.

– Қыз да болса жарады. Сабазым алты алашқа атын бір жайды. Ұл болып туса, бұл Жұпар қандай болар еді? Шіркін несін айтасың! – деді үшінші жігіт аузының суы құрып.

Алғашқы жігіт Жұпар туралы көп білетін кісіше сөйлей бастады:

– Мен Жұпардың қасында қатар жүрдім. Қолынан алып амандастым. Қолдары жұп-жұмыр, әппақ. Кісіге бір қарағанда өлтіріп жібере жаздайды. Бұйрық бергенін көрсен: ақырып жібереді. Жігіттер шыдап

тұра алмай, ол «тарт!» дегенде, тұра жөнеледі. Жалғыз-ақ Исатай деген жігітке ақырмайды. Біреулер айтады: «Исатай бұнын жездесі» деп. Кейбіреулер «Жұпардың өзі Исатайға тиетін ойы бар» дейді. Қайсынікі өтірік – қайсынікі шын екенін білмеймін. Жігіттер, Исатай да жігіттің бозымы! – деді.

Тұрғандардың бәрі қарқылдап күлді.

– Жұпар күйеуге шыққанда, бізден сұрамас! – десті қосарланған дауыстар.

* * *

Амантай жанына бір батырды ертіп, әскерлерді асықпай аралап жүріп отырды. Астындағы ақбоз аты көзге ерекше көрінді. Атқа отырысы қыран бүркіт секілді сергек. Жас шамасы қырықтың үстінде. Қоңыр жүзді, дөңгелете қырылған сұйық сақалды. Ісінкі қалыңдау қабақтың астында екі көзі от шашады. Орта бойлы дембілше денесі ердің үстіне нығыз. Қимылы тез. Мұндай ерекшелік спортпен көп айналысқандарда кездеседі. Кең мол пішілген түйе жүн шекпенін орана қаусырып, қара кісенің былғары бауын иықтан асыра қатты буынып алыпты. Күрең барқытпен тысталған жалпақ төрт бұрышты пұшпақ бөрікті басына баса киген. Күмістелген қылышты атам-заманнан бері сақталған ба дерсің. Оны үзеңгінің артына қарай жіберіп қойған.

Қасына ерткен батыр отыздардан асқан енгезердей денелі, қара қошқыл шомбал жігіт аттың үстінде күжірейген Амантайдың артынан еріп жүрді. Жал құйрығы төгілген жуан жирен аты да өзіне лайықты екен. Үстіндегі барлық киімі қап-қара. Беліне іліп алған найзасына дейін қара қында салулы. Қалайда әлеуетті батыр тұлғалы сұсты жігіт нағыз Амантайға берілген жан екені аңғарылып-ақ тұр.

Амантай мінген ақбоз ат жерді тарпа басып келе жатып, қатты пысқырып жіберді. Жалт қарасқан бір топ жігіт:

– Батыр келді, батыр келді! – дей берді.

– Амансыңдар ма, азаматтар! – деді Амантай жақындай беріп.

– Жолбасшымыз, көп жасаңыз! – деген көп қауымның дауысы гуілдеп кетті.

Әр жерде топ құрып отырғандар телі қауымдасып, Амантайдың айналасына жинала бастады.

– Аллаға, аруаққа сыйыныңдар, ағайын!
– Жолбасшымыз, көп жаса!– деді тағы да сарбаздар.
– Ақ білектерің күшті, ақ найзаларың ұшты болсын сұңқарларым!– деді зор дауыспен Амантай.
– Жолбасшымыз, көп жаса! Жолбасшымыз көп жаса!– деген дауыстар көпке дейін гуілдеп айналаны жаңғыртып, біріне-бірі қосылып, сонау алысқа кетті.

* * *

Дуанды алатыннан бір күн бұрын мыңдаған әскер күн батардың алдында қару-жарақ асынып, атқа түгелдей мініп алып, қатар-қатар сап түзеп тұрды. Жарқ-жұрқ найзалы, сұсты әскерлер адырдың ол шеті мен бұл шетіне дейін он шақырым жерді түгелдей алып жатты. Самсаған қолдың сенері – Амантай болса, Амантай соңына ерген мына халыққа сенімді еді. Бәрінің де түсі суық. Әлдекіменен өшін қайтару бәріне ортақ мақсат екенін біледі.

Бұлар кеше ғана ата қонысында тіршілік етіп отырған қазақ еді. Енді, міне, «әлпештеп өсірген ұлдарды солдатқа бермейміз» деп, қарсы болған бай да, батыр да, батырақ та осында жиналыпты. Жалғыз басты жалшы да, көнтері болған малшы да, сақалды да, сақалсыз да – бәрі де бар!.. Кеше бұлар кімдер еді? Жүйрік ат мініп, шірене басқан мырзалар мен қой құрттаған, айран ішкен қойшы, қосшы, жылқышы еді. Міне, бүгін ержүрек сарбаз, ел қорғаушы әскер болды. «Орыс» десе қойдай үркіп, сайдан-сайға тығылып, барын беріп, жоғын іздеп, құрдай жорғалаған қазақтар еді. Ал, қымызға тойып, қызара бөртеп алғанда «қазақтан мықты ешкім жоқ» деп гуілдейтін қазақтар, «ақ патша ақбоз аттың терісіне ант жазған, ешқашан бізге тиіспейді» деп өзін-өзі жұбататын қазақтар кеше ғана еді. Ал, бүгін қазақ кім? Өзіне сол үстемдік етіп келген орыспен тең тұрып, өзін кім екенін танытпақ. Адал жүрегімен сенгені кім екен бүгін? Ол – жан алғыш жау болып шықты. Енді ақ найзасына, ақ білектің күшіне сенді. Не өлім, не өмір! Бірі болмаса бірі. Бәсе, қазағым, әлі де болса ашуланғанда батыр екенсің! Жарайсыңдар, сабаздар! Жарайсыңдар, сабаздар!..

Бір уақытта дабыл қағып, қобыз тартып, көп әскердің алдына 30-40 жігіт шықты. Бәрінің астында бірдей өңшен жирен ат. Үстерінде өңшен түйе жүн шекпен. Бастарына бірыңғай ақ елтіріден тігілген тымақ киіпті.

Бұлардан кейін өңкей құлагер ат мінген тыңшылар тобын бастап Жұпар сап түзеп келе жатты. Олардың артынан енгезердей батыр тұлғалы он шақты сарбаз аттың үстінде шірене шалқайып қатарласа жүріп келеді. Ақбоз атты орғыта жүріп, Амантай солармен бірге өзі де келеді. Жұпар мен Амантайды көргенде, сапта тұрған жұрт ығыса бастады. Бұлар жақындап келіп тоқтағанда «Ақтабан шұбырындының» заманындағы «Бозінген» күйін қобызшылар зарлы үнмен нақышына келтіріп тартты. Күйді барлық қауым жым-жырт тұрып тыңдады.

Күй аяқталған соң Амантай:

– Аман ба, азаматтар!– деді.

– Жолбасшымыз, көп жаса!– деген дауыстар жан-жақтан даурыға шығып, төңіректі күңірентіп жіберді.

Енді топтан бөлініп Жұпар шықты. Жиылған қауымның назары тегіс Жұпарға ауды. Оң қолын жоғары көтерді де:

– Амансыздар ма, ағатайлар!– деді бар дауысымен.

Жап-жас қыздың батылдығына, қайсарлығына таң қалып риза болған жұрт:

– Әулие қыз, көп жаса! Әулие қыз, көп жаса!– десті. Көп дауыс бір сәтте кең даланы жанғыртып жібергендей еді.

Сап түзеп тұрған қауымды түгел аралап, көзімен көргісі келген Амантай Жұпарды ертіп, әр мың қолдың қасына кеп, жөн сұрай бастады.

Жұрттың бәрін аралап болған соң, сарбаздардың арасынан Қара батыр атанған ірі денелі кісі әмір берген кезде ұзыннан-ұзақ созылған саптағы әскерлер дөңгеленіп жиылды. Ортада он шақты атты адам сиятындай алаң бос қалды. Сол алаңдағы бос орынға бір неше қапты қатарлата жиып төмпешік жасады. Ол төмпешіктің үстіне Амантай шығып, қолын жоғары көтеріп: «Тыңдаңдар!» дегендей сөйлей берді.

– Уа, қазақтың балалары! Басымызға күн туды.

Қылыш сұрамай, найза көтермей орысқа бағынған ел едік. Орысты пана көрдік. Қалмақ пен Қытайдың шабуылынан құтылармыз деп ойладық. Атасының ақбоз атының терісіне ақ інгеннің сүтімен жазып берген анты бар еді. Орыс антын жұтты. Бейқам жатқан алаштың баласына зорлық етті.

Уа, сұңқарларым! «Алқакөл сұлама, ақтабан шұбырындыдан» бері айбалтамыздың жүзін, ақ найзамыздың ұшын тот басып еді. Кешегі Кенесарының тұсында найзамыздың ұшы сынып еді. Осыны көрді. Сондықтан бізге зорлық етемін дейтін шығар! Жоқ, енді олай болмас! Алаштың аруағына біз де сыйынып көреміз. Орысты біз құл етеміз. Бірақ оған біз де құл болғымыз келмейді. Ант бұзамыз демейміз. Бұзылған ант болса, екі бүктеп табанға басамыз. Ант бұзылды. Көтермейміз деген туды қайта көтереміз! Аққа тәңірім жақ! Көтер басты, біріктірі қолды, бауырларым! – деді.

Мың сан халық кеуделерін керіп, басты жоғары көтеріп, найзаларын тік ұстады.

– Ақ білектерің күшті болсын! Ақ найзаларың ұшты болсын! Бердім батамды, сұңқарларым! – деп аяқтады сөзін Амантай.

– Жолбасшымыз, көп жаса! Жолбасшымыз, көп жаса!..

Ду-ду, зу-зу-зу... еткен көп дауыс аспан астын гүрілдетіп жібергендей болды.

Енді төбеге Жұпар көтерілді. Алғаш өз ауылында жігіттердің ортасында дәл осылай тұрған еді.

– Ардақты ағатайларым! Әке-шешелерің, қатын-балаларың артта тілеулеріңді тілеп қалды. Сендердің соңыңа еріп, араларыңа келіп тұрған жалғыз әйел менмін. Елім үшін, қазақ үшін әйелдердің намысын қорғаймын. Сендерден жаным артық емес. «Ұрыста тұрыс жоқ» деген. Осы ұрыста жазатайым болып, өліп кетсем де шыбын жанымды қазақ үшін пида қылсам, өкінбеймін! Бозбалалар, естеріңде болсын! Ағатай деген атты ақтаңдар. Қазақ қызы ертең ерлігін көрсетеді. Біз кім екенімізді дәлелдейік!..

– Әулие қыз, көп жаса! Әулие қыз, көп жаса, көп жаса! – деп шуылдасты көп дауыс.

Мұнан соң қара батыр төмпешікке көтерілді.

– Уа, халайық, таң атқанша тынығайық, тарқандар! – деді ол.

Бозбалалар әр қайсысы өздерінің батыр басшыларының соңынан еріп, қоныстанған жерлеріне тарасты.

* * *

Таң ата лек-лек болып, дуанға қарай ләшкер жөнелді. Олар топ-топ болып, таудың үстіне қара құртша қаптап кетті.

Біреулер жанталасып шауып барады. Біреулер аяңдап, қыбырлап, қозғалып барады. Біреулер топтанып, біреулер бытырап – бәрі қозғалды. Бәрі кетіп барады. Кейбіреулердің ішінде қобызшылары бар. Кейбіреулер өздері өлең айтып барады.

Айғай-ұйғай. У-шу. Әскер соңында қазан-ошақ артқан көш келеді.

Жұпар түн ортасынан қайта 20 шақты жігіт ертіп, барлауға аттанған болатын. Амантай Қарабатырды жанына алып, барлығының алдында өзі жүріп отырды.

Қас қарая дуанды айналып, Амантайдың әскері қамап алды. Қаланың оңтүстік жағында өрт көрінді.

Әскер атаулы самсап кешегідей қатар түзеп тұрды. Көпке дейін Жұпар тапсырған жылқыны айдап келе алмады. «Жылқы келмеді-ау» деп тұрғанда шұрқырап, кісінеген көп дүбір естілді. Жұпар қасындағы жігіттерімен бірге қалаға қарай көп жылқыны дүркіретіп айдап келді. Тарс-тұрс мылтықтың дауысы шықты. Үріккен жылқылар одан сайын бірін-бірі ығыстырып ілгері қарай жосылта жөнелді. Атып жатқан мылтықтарын тастай қашып солдаттар бас сауғалай бастады.

Осы сәтті күтіп тұрған Амантайдың сарбаздары да лап қойды. Жылқы мен атты кісілер араласып кетті. Жылқыларды паналай атысқан қазақтар қалаға кіре бастады.

Қаланың іші тасырда-тұсыр болып кетті. Жылқы мен атты жаяу солдаттардың берекесін алғандығы сонша, олар інге тығылған тышқандай күйге түсті.

Бір қалтарыстан жаяу көп кісі ұйлығып жасырынбақ еді, көріп қалған атты сарбаздар бастырмалата қуды. Найзамен шаншып, балтамен шауып, кездескенін қалпақтай ұшырады. Біреуі шынғырып, біреуі өкіре құлайды. Мылтығын көздеп атпақ болғандарын атты құйғыта шауып келе жатқан жігіт соғып өтіп, жығылған жерінде найзаны бойлата сұғып жібереді. Енді бірі

«берілдік» деп екі қолын көтеріп, қалш-қалш етеді. Біреу өкіріп, біреу ыңырсып, біреу шынғырып, біреу тыпырлайды, жүгіреді, құлайды. Басы жарылып, мойны үзіліп, белі сынып, аяғы шығып, кеудесі тесіліп қорсылдап – бұл соғысуда не болмады, бәрі болды. Қым-қуыт арпалыс кезінде қатты дауыс естілді.

– Қират, өрте, шап, найзала, өкірт!.. – деген. Бұл – елге дем беріп жүрген Амантайдың өзі екен.

Жұпар он шақты жігіт ертіп қаланың сол жағына шығып кетті. Әскердің жартысын қалаға кіргізіп, жартысын жол тостырып қойды. Мың басы Махатты жанай беріп:

– Махат аға-ау, бас батырдың бұйрығы: «Сыртқа бір солдат жібермесін. Қолға түскені болса, өлтіре берсін» – деді.

– Ұқтым, қарағым, ұқтым! – деді Махат шауып бара жатып.

Жұпар кеткен соң, Махат жігіттердің алдында тұрса, жолға қарай он шақты жаяу жүгіріп барады. Қасындағы 30 жігітімен Махат аттың бар шабысымен қуып жетті.

– Қайда барасыңдар?

– Менки казак. Киргиз иакси! – деді ішінде біреуі.

– Кіргіз сенен жақсы екенін сұрап тұра ма?! – деді де Махат солдатты атып салды. Енді бәрі де бірдей:

– Киргиз иакси, киргиз иакси, – деп бәйек болды.

– Найзалаңдар өңшен шошқаны, – деді Махат біреуіне найзаны бойлата салып жіберіп. Жігіттер демде найзалап тастады. Он шақты солдат әп-сәтте жолдың үстінде сұлап жатты.

Енді қаладан сиыр, жылқы, қой дүркіреп шұрқырап далаға қарай шұбырды. Махат өуелгіде қашқан қазақтар болмасын деп қалып еді, мал екенін білген соң тынышталды. Содан кейін:

– Өлтіре беріңдер көрінгендерін! Қашқан солдаттың зәресі ұшсын. Бәрін шынышқылай беріңдер! – деді...

Соғыс үш сағатқа созылды. Амантай жеңді. Қолға түскендердің бірін қалдырмай қырып салды. Бес жүзден аса солдат өлді. 700 мыңдай мылтық олжа болды. Уездный начальник үш көмекшісімен қолға түсті. 3 мал дәрігері, 2 адам дәрігері ұсталынып, көптеген киім-кешек, азық-түлік алынды.

Жігіттер таң атқанша ұйықтамады. Көп жігіт

Жұпарды ортаға алып қызу әңгімеге кіріскен. Енді бір топ жігіттер өлең айтып, өздерінше мәз, біреулері қалай соғысқанын желпіне әңгімелейді.

Таң атты. Күн шықты. Жоғары көтерілген күн қара жерге жылуын шашты. Амантайдың батырлары шейіт болғандарды жерлеуге кірісті.

* * *

Сәрсенбек жол азабынан көп қиындық көрді. Қазақ деп соққан жүрегі небір қатерлі жағдайды басынан өткерді. Киген киімі жалаң, ішуге тамақ табу қиын болса да, ең ауыр тигені Қабдештің жау қолына түсіп қалғаны болды. Ол қайғы-қасіретін күшейте түсті.

Амантай алған дуанға жүз шақырым қалғанда Қабдештің аты өлді. Бұлар келген ауылда мінуге жарарлық жылқы жоқ екен. Қасына бір шалды ертіп, екінші ауылдан жарау ат мініп, қуып жетемін деп кеткен Қабдеш сол бойы жоқ болып кетті.

Сәрсенбек ауылға келіп қайта сұрастырса, Қабдеш солдаттарға кез болып, қолға түскен екен.

– Қайда кетті солдаттар? Қай ауылға кетті?– деді Сәрсенбек сабырдан мүлде айырылып.

– Қарағым-ау! Қайда кеткенін қайдан білейін. Олар көрсе, сені де ұстап алады. Ішінде үлкен бастығы бар. Олар көп!– деді Қабдешке жолдас болып барған шал.

– Ата, маған кеткен жағын сілте. Мен барамын!– деді Сәрсенбек.

Ұсталып қалмасын деп, шал Сәрсенбекке теріс жақты сілтеді. Сәрсенбек шаба жөнелді.

Әлі шауып келеді, әлі шауып келеді. Қарайған ештеңе көрінер емес. 10 шақырымдай жер жүрген соң, Сәрсенбек теріс жүргенін сезді.

– Ойбай-ау, солдаттардың өзі қайда?– деді бір уақытта өзіне-өзі.

Сәрсенбек кейін қайтты. Ауылға келсе, манағы шал кетіп қалыпты.

– Шырағым, сен ол жолдасыңды таппайсың. Амансау тұрғанда ойына алған жеріңе өзің жет. Содан соң жолдастарыңмен іздерсің!– деді ауылдағы үлкендер.

Сәрсенбек тоқтамастан, азық сұрап алып, бұл ауылдан жөнелді.

Ай қараңғы түнде айнала түнеріп, одан сайын көзге түртсе көргісіз. Сәрсенбек қалшылдап тоңа бастады.

Күні бойы дем алып, отықпаған аты босаңси берді. Жалтық жерден гөрі сайдың іші жылы көрінді. Аты тәлтіректеп қалды. Қамшымен салып өтіп еді, сүрініп барып құлады. «Алла! Өлген жерім осы ма елі?» деп, Сәрсенбек аттан түсті. Ат қозғалмай, көсіліп жатыр.

– Көндім, не болса да шыдадым!– деді ол.

Атынан аулақ жүре беріп еді, азынаған жел суық екен. Енді сайда түнемек болды. Сөйтіп биік бір жардың қуысына тығылып отырды. Басына қайдағы жаман ойлар кіре берді. «Алла-ай, не жаздым мұнша бәрінен айырылып. Жолдасымнан, елімнен – бәрінен. Сорлы болған Сәрсенбекті кім көрді? Күні кеше Сәлима мен Жұпарды ғашық етіп, еркелеп жүрген Сәрсенбек едім ғой!».

Жас балаша Сәрсенбек ал кеп жыласын. Қалың ойдың қамап алғаны сонша, болашағы бұлдыр көрінді. Енді көз алдына шаһардан шығарда жолдас-жораларға берген анты келді. Бұны шығарып салған көп қазақтың ішінде Күлпаш та бар еді. Сол кездегі жақсы ойы қайда? Енді, міне, отырысы...

Содан Көкадырға келгені есіне түсті. Сәлима алдынан шығып, күтіп тұрғандай жүрегі үлпілдеп кетті. Ондағы жұрт түнерген, араларында Сәлима жоқ. «Солдат келе жатыр, қайтындар!» деген соң кетіп қалып еді ол десті ұнжырғасы түскен жұрт.

Сәлима қайтты екен? «Қап, әттеген-ай, сол кезде ауылдан босқа кеткен екен!».

Осы ой есіне түскенде Сәрсенбек бір сұмдықты сезгендей қорқып, екі көзі шарасынан шықты. «Әттеген-ай! Әттеген-ай!». Ой жетегінде отырған Сәрсенбек есі жиналған адамдай орнынан ұшып түрегелді де:

– Не болса да көндім! Берген антымды өтейін. Сәрсенбек тұрақсыз екен демесін. Өтеймін, өтеймін!– деп өзіне серт берді.

Қабдешті дедектетіп полковникке алып келгенде, ол үстелдің үстінде жазу жазып отыр екен. Басын көтерместен екі көзін алайтып сүзеген бұқаша:

– А, бала! Сеники қайдан?– деді.

– Мені, тақсыр, сырттан әкелді. Мен ел арасының жігітімін. Болыстың тілмашымын,– деді Қабдеш.

Полковник үстелді қойып қалды да:

– Сеники – тильмаш меники тильмаш корды. Сеники қашқын! – деді.

– Қалай десеніз де, мен болыстың тілмашымын, – деді Қабдеш салмақтап.

– Так-так, тильмаш! Сен – кашкин, бульдиргиш! – деді полковник ақырып.

Қабдеш қасарып үндемеді. Біраз бөгелген полковник Қабдешке түнеріп қарады да:

– Айтады сеники – кашкин, бунтовщик!

Қабдеш қабағын түйіп:

– Мен сізге айттым ғой, нанбасаңыз басқа айтар сөзім жоқ! – деді.

– Сеники отказ. Апар! – деді иегін изеп солдаттарға.

Солдаттар Қабдешті дедектетіп тағы ала жөнелді. Сөйтіп, ішінде адамы жоқ кішкене шым үйге алып келді.

Үйдің іші суық қараңғы екен.

– Айда? – деп бір солдат шешінуді бұйырды. Өңі қашып сұп-сұр болып Қабдеш шешіне бастады. Ол қинайтынын білді. Әйтсе де кеудесінен жаны шыққанша ләм демеске ант етті. Солдат жақтан жұдырығымен салып-салып жіберді. Сонан соң ымдап қолымен шалбарды да көрсетті.

«Я, алла, тезірек жанды шығара гөр» деп, ішінен Қабдеш құдайға жалбарынып тұрды.

Солдат қорғансыз жанды етпетінен сұлатып қойып, қайыс қамшымен көсілтіп сабай бастады. Алғаш екі-үш қамшы тигенде, Қабдештің қаны басына шапшыды. Ол дауысын шығармауға тырысты.

Қанша уақыт өткенін кім білсін, көзінің алдында бірдемелер ұйқы-тұйқы дауыл тұрғандай ма, басы айналып, құлағы шыңылдады. Ендігі сәт басын біреу көтергендей болды.

– Айт! – деп солдат ақырды.

Қабдеш үндемеді. Солдат тағы да сабай бастады. Бір сәт сабағанын қойып солдат тағы ақырды.

– Айт!

Қабдеште дыбыс жоқ.

Өліп кетті ме деп солдат Қабдештің жүрегін ұстап еді, әрең жүрегі соғып жатқанын байқады. Содан арқаға үлкен етікпен бір тепті де, солдат шығып жүре берді.

Қозғалуға шама жоқ, Қабдеш жатып қалды.

Қабдеш көзін ашса, жап-жарық екен. Қалайша жарық боп кетті деп ойлағанша сықырлаған арбада әкеле жатқанын білді. Қимылдауға шама жоқ: қол-аяқ байлаулы екен. «Бүйткенше біржола өлсем етті» деп ойлады ол.

Есі кіріп, ақылына келген сайын барлық денесі сырқырап қақсады. Өзіне-өзі разы болмаған Қабдештің іші күйіп келеді. «Мұндай ит қорлықта тірі қалғанша, неге өлмеді екем? Бітірген түгі жоқ. Қор болған елдің сорлы баласы ит ұқсап ыңырсып жатқаны мынау». Құса болған Қабдештің басын осындай қалың ой жаман қинады.

Сәрсенбектің айтқандары есіне түсті. «Ең болмағанда соғысып дұшпаннан өшін алып өлсе, не арман еді? Қош бол, Сәрсенбек! Қазақ үшін, мен үшін сен өш ал! Қош бол, орындалмаған армандар».

Арба ой-шұңқырға соғылып, одан сайын мазасын алды. Тісін тісіне қойып, мына дұшпандарына сыр бермейін деп ойлады.

Күн батуға айналды. Жел де саябырлап, тоқтайын деді. Кешкі суық сүйектен өтіп барады. Алыстан ауыл көрінді.

– Қазақтікі, қазақтікі! Қатын бар!.. – деп солдаттар шуласып кетті.

Қабдеш байлаулы қасқырдың күшігіндей іші күйіп, ызадан жарылардай болып жатты.

Қабдешті губернаторға алып келді. Губернатор дұшпаннан жүз шақырымдай жерде мұжықтың қаласына түскен болып шықты.

Қабдеш сүйретіліп кіріп келгенде, губернатор ерсілік қарсылы қолын артына ұстап жүр екен. Жылы жүзбен Қабдешке қарап:

– Отырыңыз, – деді.

Қабдеш отырды.

Губернатор сөйлей бастады:

– Сізді көргеннен кейін Керейбаев екеніңізге еш күмәнім қалған жоқ, – деді де ол. – сіз танғаныңызбен, бізден құтыла алмайсыз. Одан да сөздің расына келейік, – деп, Қабдештің алдына келіп отырды.

Қабдеш солдаттардың қинағанын, көрсеткен азабын айта бастады.

– Мәдениетке жеткен орыс халқы үшін үш ғасыр бұрын пайдаланған дүрені қолданғаны ұят емес пе?– деді ашынып.

Губернатор мұртынан күлді де:

– Сен, жас жігітім, «болыстың тілмашы едім» депсің. Үш ғасыр бұрын болған жағдайды қайдан білесің?– деді.

Қабдеш сасып қалса да, бірақ сыр бермей:

– Үш ғасырды білмесем, тілмаш болам ба? Болысқа келген газеттерді оқып тұрам!– деді.

Губернатор түсін суытып:

– Газетке ондай нәрселер жазылмайды. Мұндай сөзді школда оқытады. Үлкен кітаптарда жазылады.

– Мен тілмаш болсам, кітап оқымау керек деген мағына жоқ шығар! Мен кітапты да оқимын,– деді Қабдеш.

Губернатор көзін алайтып:

– Қандай кітаптарды оқыдыңыз?– деді.

– Толстойды, Достоевскийді оқыдым,– деді.

Губернатор:

– М-м!...– деп жымыды да, орнынан тұрып кетті.

– Сіз жақсы тілмаш екенсіз, орыстың каторжниктерін оқып жүрген.

Осы сөзді айтты да, үстелдің үстінде жатқан көп қағаздың ішінен бір кішкене карточканы алды. Оны Қабдештің алдына алып келді де, күлімсіреп:

– Мына суреттегі кім? Таныссыз ба, тілмаш,– деді.

Қабдеш қызарып кетті.

– Мен қайдан білейін? Бір төре-дағы,– деді.

Губернатор түсін суытып жіберіп:

– Оныңыз рас – төре! Бірақ болашақ төре өзінен-өзі қыңыр кетіп болмай отыр,– деді.

Қабдеш үндемей қалды.

– Немене, Керейбаев?– деді көзін алайтып губернатор.

– Сіз бұл карточканы менің суретім деп ойлайсыз ба? Қазаққа қазақ ұқсай береді. Сіз суретке қарап, мені танымайсыз. Суреттегі төренің шашы бар. Ал, менің болса шашым жоқ.

Губернатор көкке қарап, қарқылдап күліп жіберді.

– Таптың, батыр, алдайтын кісіні! Шашым жоқ дейді! Ха-ха-ха! Шашым жоқ дейді. Ха-ха-ха!– деп қарқылдап, губернатор ұзақ күлді.

Қабдеш болса күйініп, ызадан жарыла жаздап отырды. Ал, губернатор болса жалғыз Қабдешке күлгені емес, исі қазақты мазақ етіп күліп тұрғандай көрінді. «Қарашы бұл шошқаны! – деді Қабдеш ішінен губернаторды сыбап. – Қазақ халқы қан жұтып жатқанда күлуін. Осы итке қазір бәрін айтсам қайтеді? Бәрібір маған енді құтылу жоқ қой. Ата-бабасынан түк қалдырмай боқтап өлейін. Солдат шақыртып жатса, жағасынан ала түсейін. Бүйтіп қор болғанша, бір-ақ өлейін».

Осындай оймен губернаторға тесірейе қарады.

– Неге күлесің, неге күлесің, залым!? Бүкіл ел қара қанға боялып жатқанда, оларды шулатып қойып, сенің күлуің мынау. Қиратып, қырып салсаңдар да, сендерге бәрі-бір екен ғой, залымдар!? Біз сендердің осындай қара жүрек екендеріңді білсекші!..

Қабдеш орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де білмей қалды.

– Не керек сендерге? Мен, мен – Хамит Керейбаев. Сендермен соғысу үшін оқудан қашып шықтым. Сендердің қандарыңды ішемін! Елімді неге жазықсыз қырасыңдар? Не жазып еді менің елім сендерге? Елім үшін сендерден өш аламын! – деп ойындағысын төтесінен ақтарып кеп жіберді. Тағы да көп сөздер айтпақ еді, жөтел қысып кетті.

Губернатор күлімсіреп, Қабдештің жанына келді де:

– Міне, жігіт, жарайсың! Мен мұндай ақымақ батырларды жақсы көремін. Сен дұрыс айтасың. «Барлық орыстың қанын ішу керек!» Бірақ енді сіз Керейбаев болғаннан кейін, біз ұрыспай сөйлесейік. Отырыңыз былай! Отырыңыз!

Қабдештің иығынан басып, отырғыза бастады. Губернатор сөйлей берді:

– Сіз – қара қазақ емессіз, оқыған қазақсыз. Осы болып жатқан оқиғаның барлығы неге қан төгіс болғанын білуге тиіссіз! Қазақ халқы әлі қараңғы. Олар өз билігін өздері меңгеріп жүре алмайды. Ертең орыстан айрылса, қазақ халқы Қытай үкіметінің жемі болады. Қазір ол орыс патшасының қуатынан қорқып, қазаққа тиісе алмайды. Сондықтан қазақ халқы «орыстан бөлінеміз» деп айтпау керек. Өз пайдасы үшін айтпау керек. Сіз секілді оқыған адам, әсіресе осы мен айтқан пікірде болу керек! Сіз әлі жассыз! Сіздің пікіріңіз бір

тоқтамға келген жоқ! Сіз әлі өскен соң бұл жолдан қайтасыз. Сіз қайта оқуыңызды жалғастырыңыз. Әлі үлкен қызмет істейтін боласыз. Қазақтардың ірі төресі боласыз. Біз сізді бір жерге крестьянский начальник етіп сайлаймыз! «Халық» деген сөзді тастау керек. Мен де сіздей жас кезімде, студенттермен бірге патшаға қарсы болғанмын. Өскен соң бәрі қалды. Не үшін таяқ жедің – халық деп таяқ жедің. Орыстың мұжығы, қазақтың жалшысы ешуақытта да адам болмайды. Оларға жақсылық істеп керегі жоқ. Оларға күш көрсету керек. Сонда олар аяғын аңдып басады.

Губернатор сөзін аяқтап болғандай еді, есіне тағы әлдене түскендей Қабдешке қарап:

– Сіз жолдасыңыздың қайда екенін айтыңыз! Бізге сіз керек емес, Жәнібекөв керек. Біздің еш шүбәсіз дәлеліміз бар.

Губернатор сөзін бітіріп, Қабдештен жауап күтті.

Қабдеш губернатордың сөзінің көбін тыңдамады. Ол сөйлеп болып отырған кезде, жұлып алғандай шапшаң:

– Менен еш жауап ала алмайсыз! – деп, көзін жалт еткізіп, губернаторға тіктеп қарады.

– М-м-м! – деді түнерген губернатор.

Орнынан тұрды да, үстелдің үстіне барып, бір нәрселер жазды. Кешікпей айғайлап даладан бір солдатты шақырып алды да, Қабдешті қолымен көрсетіп:

– Апарындар дуанға! – деді.

Түрменің іші толған қазақ екен. Қабдеш қуанып кетті. Мұнда отырғандардың көбі шал. Ішінде бір-екі оқыған жас бар.

– Ассалаумағалейкум, бауырлар! – деді Қабдеш.

Жұрт аң-таң қалды. Еш біреуі танымайды.

– Мені сіздер танымайсыздар. Мен бұл жақтың адамы емеспін! Алыстан іздеп келген бауырларыңмын! – деді Қабдеш.

Жұрт ортаға алып сұрай бастады. Қабдеш бастан-аяқ бәрін айтты.

– Алда, батыр-ай! Қарашығым! – деді бір шал көзінің жасын сүртіп.

– Үндеме, үндеме! Жасаған ием жар босын! Амантайдың әскері жақын дейді! – деп екі жас жігіттің бірі Қабдешті тіпті қуанып тастады.

– Үндемеңдер! Аруаққа сыйынындар! – дейді үлкендер жағы күбірлесіп.

Жұрттың бәрінде де бір үміт, бір қуаныш барын Қабдеш те сезді. Сезді де, іштей қатты толқып кетті.

Абыр-сабыр басылғаннан кейін бір шал:

– Шырағым, қай жердікі едің? – деді Қабдешке қарап. Қабдеш жөнін айтты.

– Қайырлы болсын, өмір жасың ұзақ болсын, шырағым! – деді шал.

Екі жігіттің біреуі жымыш күліп:

– Амантай бата бергенде, «ақ білектерін күшті болсын, ақ найзаларың ұшты болсын!» деп айтады екен, – деді.

Қабдеш шын жүрегінен тағы күлді.

– Шырағым-ау, оқығандардың бәрі қарсы деп еді ғой? – деді манағы шал тағы да.

– Ататай, біздің бері шығуымыздың өзі қиын болып кетті. Мен жүрерден бір күн бұрын ойландым. Бір жолдасым бар еді, соның себебі болды! – деді Қабдеш.

– Жолдасың кім еді, шырағым?

– Жолдасымның аты – Сәрсенбек.

– А-а-а! Амантайдың жақыны Сәрсенбек болмасын! Ол неғып келетін болды? Барған Амантайды үйінен қуып шықты деп еді ғой.

– Жоқ, отағасы, ол жай сөз болар. Сәрсенбек ағасы түгіл көрінген адам баласын үйінен қуып шықпайды.

– Қуып шықпағаны сол, Амантайдың бұйрығы бар дейді «губернатор тұрған шаһарды алған кезде ең алдымен Сәрсенбекті өлтіру керек» деген.

– Жоқ, отағасы, олай емес, оның басқа себептері бар. Мен оны білемін. Егер Сәрсенбек келетін болса, оны Амантай құшақтап қарсы алады.

Біраздан соң жұрт басқа әңгімеге көшті.

Қабдеш губернатормен сөйлескенін айтқанда кейбіреулерінің көзі алайып, орындарынан қозғалақтап қалды.

Бұдан кейін ол жолдағы Сәрсенбек екеуінің әңгімелерін айтты. Оның мазмұны мынадай еді: «Қазақ елу жылда Жапония сияқты өзін-өзі басқарып, өзге елмен терезесі тең болады».

Бұл сөзін дәлелдей түсті.

– Қазіргі жер жүзінің өнері Жапонның өнерінен де артық. Сондықтан біз Жапоннан да асып түсеміз. Бұл айтылғандарға әбден сенуге болады.

Отырған қазақтардың кейбірі күлді.

– Шырағым, кейінгі жастар не болса да көресіндер

ғой! Бізді айтсаншы. Төрімізден көріміз жақын, – деді күрсініп, алғаш жөн сұраған шал.

Қабдешке риза болмаған кісі қалмады. Бәрі де бұның ерлігіне қызығып, сүйсініп мақтады.

* * *

Жұрттың бәрі ұйықтауға жатқанда Қабдеш ояу, ой үстінде еді. Аз күннің ішінде басынан нелер өтпеді. Қолға түскенде тірі қалам деген еш үміті жоқ еді. Бір сәт түрмеде екенін ұмытып кеткендей болды... Әніміні Амантайдың әскері келіп қалардай елегізіп жатты. Ертегінің батырларындай болмаса да басынан өткен уақиғаның өте тез және күрделі жәйттеріне өзі таң қалды. «Енді елу жылдан соң осының бәрі ертегі болмай ма?» деп те ойлады. Сол күнге тезірек жетуге асықты. «Сонда ғана біздің халық басқа елдердей өзін-өзі басқарған халық болады» деп өзін-өзі сендірді.

Қабдеш түрмеде көп жатпады. Төртінші күн дегенде жұрттың бәрі дүркіреп кетті.

– Амантайлар келіпті! Амантайлар келіпті, жұртым! Құдайымыз бар екен!..

Бәрі де уда-шу. Сатырлап есіктер ашылып жатыр.

Қабдеш көшеге жүгіріп шықты.

– Жұпар! Жұпар! – деген дауысты бірінші естіді.

Көктен кенеттен түскен бақытқа сенер-сенбесін білмей, жан-жаққа қарап, біраз есеңгіреп тұрды.

* * *

Түні бойы Қабдеш дуанның ана шеті мен мына шетіне жүгіре берді. Сұрастырса, епкім Жұпар мен Амантайдың жатқан жерін білмейді. Білсе де айтқылары келмей ме екен...

Таң атып, күн шығуға айналды. Көше-көшені аралап жүріп, Қабдеш үлкен қызыл үйдің алдына келді.

Бұл уезднойдың үйі еді. Бір болса, осында болар деп топшылаған. Ойы дұрыс екен. Амантай мен Жұпар осында орналасыпты.

Сырттан рұқсат сұрап, ішке кірген Қабдеш Жұпардың бөлмесінің алдына келіп тоқтады. Есігінен төріне дейін төселген кілем екен. Жұпар болса терезе алдында түрегеліп тұр. Қабдеш еркектерге сәлем беріп кірді де, бірін қалдырмай басынан аяғына дейін не болып, не

қойғанын баяндап берді. Жұпар мұнайып отырып тыңдады да, Қабдеш болды-ау дегенде басын жоғары көтерді. Ойына әлде нелер түсті ме, сұрақты жүзбен қарады. Қабдеш майдай еріп кетті де:

– Сәрсенбек сізді әулие деп сыйынып алды. Кететін күні бір жігіт сіз туралы жөнсіз сөйлеп еді, Сәрсенбек ашуланып кетті: «Ол – қыз болса да әулие, оған тіл тигізбендер!» – деді...

Жұпар бұл сөзге қызараңдап, Қабдешке қарап:

– Сәрсенбек – менің бауырым. Екеуміз жасымызда бірге өстік. Сол себепті мені әулие деп мақтайды да, – деді.

– Жоқ, батыр, онда оймен емес, – деді Қабдеш түсін суытып.

– Сәрсенбек осы соғыста сіздің бәріңізге үлкен мақтау бергізді. Сіздің өміріңіздің бәрі ерекше жаратылған дейді Сәрсенбек. Оның бері қарай шығуына себеп болған да – сіз. Біз бәріміз Сәрсенбекке сенеміз. Ол – біздің басшымыз. Сондықтан оған еріп осылай кеттік.

Бұл секілді сөзді естіген сайын Жұпардың басы айналғандай еді. Ол ерсілі-қарсылы жүре берді. Қабдеш оның көңіл-күйіндегі өзгерісті аңғармады. Ол Сәрсенбектің қалайда Жұпарға құрметпен қарайтынын білдірумен болды.

Әңгімеге қызып кетіп:

– Сәлима деген ғашық қызы бар екен. Содан хат алды. Хатын мен де оқыдым. «Өлсем де Жұпардың жанында болсам» депті. Сәрсенбектен рұқсат сұрапты. Сәлиманың хаты келген соң біз де жолға даярландық.

Жұпардың алып-ұшқан жан-дүниесі су сепкендей басылды. Бағанадан бері қобалжығанына ұялып қалды.

– Сонымен Сәрсенбек қашан келеді? – деді жүзін суытып Жұпар.

– Сәрсенбек көп кешікпей келіп қалар. Менің қолға түскенім жақсы болды. Төте жолмен тез жетіп қалдым. Айналып жүргендіктен Сәрсенбек жете алмай жатқан шығар.

Жұпар тағы да арлы-берлі кілем үстімен жүре берді.

Әдемі қара шашы құлағының түбінен қырқылған. Үстінде қысқа жасыл барқыт жеңді камзол, көк шұға шалбар. Камзолдың жағасының астынан іштен киген жейденің ақ жағасы өңін ашып, көйлек киген кезден де әдемі көрінді. Көз қарасы суық. Нағыз ер пішінді.

Қабдеш қанша көрікті жігіт болса да Жұпар оған еш

көңіл бөлмейді. Көп жігіттердің біріндей көреді. Байқаған адамға жүзінде терең ойдың уайымы білінеді. Неге жоруға болады? Ғашықтық уайым десең, ел үшін ерлерше күресіп жүр. Болашақ халық тағдырын ойлаған уайым деуге болар. Оны өзінен басқа ешкім де білмейді.

Жұпар мен Қабдеш екінші бөлмедегі Амантайға келді. Амантай бірнеше адамдармен ақылдасып отыр екен.

Бүркіт пішіндес өңкей ер тұлғалы ірі жігіттерді көргенде, Қабдеш ішінен шын қуанды. Қазақтың ел болғаны осы емес пе деп ойлады. Ерекше әдептілікпен Амантайға сәлем берді.

«Мынауың кім өзі» дегендей батырлар Қабдешке тосырқай қарады. Қабдеш басынан өткізген жайды тәптіштеп айта берді. Амантай басын изеп ықыласпен тыңдады.

Губернатордың іс-әрекеті туралы айтқанда Амантай Жұпарға қарап күлімсіреп қойды да:

– Біз ол төренің сыбағасын береміз! – деді.

Отырғандар қозғалақтап қойды. Қабдеш әңгімесін жалғастыра берді.

Сөзінің соңында:

– Осының бәріне себепші болған – Сәрсенбек. Біз оны жас екен демейміз, әкеміздей көреміз.

Амантай күліп:

– Бәрекемді, мақтауын жеткіздің Сәрсенбектің. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң» деген бұрынғылар. Келсін қарағым, аман келсін. Жұпар екеуі серік болып жүрсе, жақсы болады! – деді.

Төмен қарап отырған Жұпар үндемеді.

Қабдеш Сәлиманың келетінін айтқанда отырғандар ду күлді. Амантайдың жүзі жадыраңқырап:

– Міне, қызық! Қара оны. Сондай болады деп өмірімде ойлаған жоқ едім! – деді.

Жұпар туралы Сәрсенбектің пікірін айтқанда:

– Әулиеміз де, «шайтанымыз» да осы! – деді Амантай Жұпарға риза пішінмен қарап.

Қабдеш сөзін аяқтап болған соң, Амантай оған өз ойындағы ризалығын білдірді.

– Шырағым, алла риза болсын! Алаштың аруағы қолдасын! «Жат елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген аталарын. Келген екенсің, иншалла, жаман адам болмассыңдар. Еліңнің маңдайына басқан ұлы боларсыңдар! – деді.

Отырғандар бастарын изеп Амантайға қошемет көрсетіп:

– Қазақтың адал ұлдары болсаңдар, одан артық қандай арман болмақ?! – десті.

* * *

Сәлима қасына бір жігіт ертіп, ауылдан түнде қашып шықты.

Жерде қар бар, күн суық. Түні бой жүріп отырып, таң ата бір ауылға келді. Ауылдың бозбалаларының бәрі Амантайға кеткен екен. Қалғандар жақын жерде солдаттар бар десті.

Сәлима былайғы жұртқа әйел екенін білдірмеді. Түскен үйінен жырттық күпі сұрап киіп алды да, қой қораның бұрышына барып қисайды. Қасындағы жігіт аттарды алып сайға кетті.

Жалғыз жатқан Сәлиманың ойына не келмеді дейсін. «Құдіреті күшті, жасаған-ай, айналасы бір айдың ішінде не боп кетті? Жазда бәрі де басқаша еді. Ел алаңсыз, жастар қызық қуып суға түсіп, түнде мал күзетіп өлең айтып, ақсүйек ойнап жүрген болатын. Кеше ғана еді осының бәрі. Енді, міне, азаматтар ауылдан безді. Жұпар олармен кетті. Қазір не болып жатыр екен ол жақта? Сәрсенбекке жете алмай, жолда Мінсізден айырылдым. Алдағы жолымда қандай қиыншылық күтіп тұр екен?! Қайран күнім, қайран елім, асау тайдай болған сорлы басым! Бұл не деген ақырзаман?».

Сәлиманың апасы есіне түсті.

«Жаным, апатайым, қандай болып отыр екенсің? Мені қайда кетті деп іздеп жүрсің бе?».

Сәлима булығып жылап жіберді...

Бұл ауылға солдат келмеді. Сәлималар күн бата жолға тағы шықты.

Ай қараңғы, күн аяз. Жүріп келеді, жүріп келеді. Бір кезде алдарынан үлкен қара қалың ағаш кез болды. «Жасаған өзің сақта!» деп сыйынып Сәлима ағашқа кірді. Ағаш арасы желсіз, жып-жылы екен. Аттың зар желісі, тік-тік еткен қатты тұяқ дыбысы анық естілді. Бір шама уақытта, оң жақтан дүр еткен қатты дауыс шықты. Сәлима жуан ағашты паналап тың тыңдады. Мылтық атылды ма – бұл жағын шошып кеткен ол анық ажырата алмаған еді.

– Неде болса, кету керек, – деді Сәлима серіктес жігітке.

Бұлар жүрсе де сақтанып, екі жаққа кезек қараумен болды. Алаңқайға да шықты.

Таң атып келеді. Айналасы айқындала бастады. Алдыңғы жақтан қарауытқан төбе ме, жота ма көрінеді. Оған жақындаған сайын қабақтан жаяу адамның сұлбасы көлбеңдей берді. «Япырмай, солдат болма-сын!» – деп Сәлиманың зәресі ұшып кетті. Әуелгі кезде жаяу бұларды аңғармаған болса керек, салт аттылар жақындаған кезде ол жолдан бұрылып кетті. Сәлден соң тоқтап, қойнынан бір нәрсе алды.

Жанындағы серігіне қарап, Сәлима:

– Анаған тез барып, ту сыртынан салып өт! – дегені сол еді, жігіт сойылын көлденеңдеп ұстай берді. Жаяу бұларға қарай бұрылып кеп, тарс еткізіп атып жіберді. Жігіт аттан қалпақтай ұшты. Жаяу жүгіріп барып, атты ұстай алды.

Аттан құлаған жігіт:

– Сәлима! Сәлима! – деді.

Атты ұстап алған жаяу бұларға қарап, аңтарылып тұрып қалды.

Сәлима не болғанын білмей шаба жөнелді. Атқа міне салып, оқ атқан адам Сәлиманы қуа жөнелді. Сәлима қаша берді.

– Сәлима! – деді қуып келе жатқан адам.

Таныс дауыс. «Құдай-ау, мынау кімнің дауысы» дегенше болмады, тағы да: – Сәлимаш! – деп қайталады ол. «Жасаған-ай, шынымен мынау Сәрсенбектің дауысы ғой».

– Сәрсенбек бауырым! – деді де, Сәлима жылап жіберді. – Сағындым, бауырым! Сағындым, Сәрсенбек!

Атынан түскен Сәрсенбек Сәлиманы құшақтап, атынан түсіріп алды.

– Қарағым, уақыт оздырмай тез жөнелейік! Солдаттар келіп қалар, – деді Сәрсенбек.

Қыз есін тез жиды. Екеуі құлап қалған жігіттің қасына барса, денесі мұздай: өліп қапты. Сәрсенбек қым-қуыт кезде байқамай қару жұмсағанына қатты өкінді. Қайғырды. Біраздан соң жігітті өңгеріп алды. Абырой болғанда 10 шақырымдай жерде ауыл бар екен. Жігіттің сүйегін сондағы қорымға жерлеп, бұлар асығыс жүріп кетті.

Жолшыбай екеуі де басынан өткергендерін біріне-бірі қысқаша айтып берді.

Сәлиманы не үрей, не қуаныш билегені белгісіз



САЛМАҚБАЙ – САҒЫНДЫҚ

I

Жиналған көп халық тыңдай берді, Сағындық тоқтамастан сөйлей берді. Үлкен үйдің екінші бөлмесінде қыз-келіншектер жаңа келген төрені сөз қылып жатты. Қар еріп, батпақ болған есіктің алдында балалар ойнап жатты.

Жазғытұрғы жылы күн! Күлімсіреген көңілді табиғат! Бірақ ауылдың іші қапа, дем алуға ауа жоқ десе де болатын. Сағындық сөзін әлі бітірер емес.

– Бұның атын кооперация деп атайды! – деді бір кезде Сағындық.

Үндемей отырған жұрт ажырайып, бір-біріне қарасады.

– Ал енді қазаққа келейік! – деді тағы Сағындық.

Деді де біраз бөгеліңкіреді. Жұрт елеңдеді, жаман ажырайысты.

– Қазаққа келейік! – деді Сағындық. – Қазаққа келсек мынадай сауал туады.

– Қазақ ішінде кооперация жасауға мүмкін бе, жоқ па? Бұл сауалға жауап беру үшін қазақтың осы күнгі тұрмысына келейік. Қазақтың көбі мал бағады. Егін салып күн көретіндер де бар. Қазақтың байлығының көбі малда. Малдың сүтін қазақ ас қылады, терісін киім қылады. Бірақ осының бәрін ұқсатып істеп отырған жоқ. Қазақ шикі терісін саудагерге бір теңгеге сатса, сол теріні сол саудагерден былғарыдай он теңгеге алады. Қазақ қойының жүнін саудагерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда, жүз теңгеге алады. Қазақтың күнде көретіні залал. Барлық байлық, барлық дүние саудагерлердің қалтасында кетеді.

Сондықтан кооперация болса, осының бәрі халықтың өз қалтасында қалады. Ел байиды. Тұрмыс түзеледі...

Ешкім бұл сөздерден ешнәрсе ұға алмады. Әсіресе

жұрттың ұға алмағаны Сағындықтың соңғы сөзі болды: «Кооперация болса осының бәрі халықтың өз қалтасында қалады. Ел байиды. Тұрмыс түзеледі...».

Халықтың қалтасына түсетін не? Ел қалай байиды? Қайткенде тұрмыс түзеледі?

Бұл пікірдің бәрі де түсініксіз еді. Жұрт аң-таң болып отырды. Қашанда болса ауылға келген төреге қарсы сөйлемейтін елдің әдеті бұл. Бұл жолы да адам тісін қақпайды.

Жалғыз-ақ Жаңбырбай ақсақал ентигіп, маңдайындағы терін сүртіп жатқан Сағындыққа қарады да:

– Е, шырағым, халыққа пайдалы іс болса, жарайды-дағы! – деді.

Бұл сөзді айтуын айтса да, өзіне-өзі өкінген кісіше, Жаңбырбай жан-жағына жалт-жалт қарады. Тесірейіп отырған көп жұрттың көзін көрді. Бұл көп көздердің тілі ақсақалға бұрыннан-ақ мәлім болушы еді. Бұл жолы да Жаңбырбай айнымастан сезе қалды.

Неге айттың? Неге айттың олай? – деген сауалдар Жаңбырбайды оттай жандырып жіберді.

– Уа, ас даяр болды ма? – деді ауыз үйге қарап сасқаннан Жаңбырбай.

– Даяр, даяр! – деді есік жақтан бір дауыс.

– Мырза, тынығыңыз. Қазір ас келеді, – деді жылы жүзбен Жаңбырбай Сағындыққа қарап. Отырған жұрттың алды үйден шыға бастады.

Астың үстінде жас төремен Жаңбырбай әңгімеде болды. Төренің қайда оқығанын, нешеге келгенін, қай рудан, қандай атадан екенін, бәрін сұрап алды. Төре жасы 20-ға келген, шаһардағы орта дәрежелі орысша мектептің шәкірті болып шықты. Арғы руы орта жүз, бергі атасы Атығай екен. Қысты күні оқу оқып, жазды күні ел ішіне төре болып шығатын әдеті екен. Бір жағы қымыз ішіп, қыз аулап, екінші жағы халыққа қызмет етіп жүргендей жайы бар екен.

– Солай, шырағым, солай! – деді көңілденіп Жаңбырбай, – мына қарашы, жұрттың жұдырықтай баласы?! Біздің Салмақбайлар ғой төре болмақ түгіл, нан алып жеуге шамасы келмейді...

Мақтау сүйетін жас төре бұл сөзге жымылып күлді. Төренің осал жерін сезіп Жаңбырбай да ішінен күліп қойды.

Сағындық ауылдан шыққанда күн намаздыгерден жоғары еді. Күндізгі шуақ басылып, кешкі салқын жаңа құрғаған жерге бір түрлі иіс беріп тұрды. Қыстай қалада тұрып, кең даланы сағынып қалған Сағындық таза ауаны бар кеудесімен ішіне тартып-тартып жіберді де, өзінен-өзі қуанып, күлкісі келіп кетті. Еріксіз тамағына сөз тіреліп келіп қалды.

– Апырмай, даланың жақсысы-ай! – деді даусын шығарып.

Тарантасқа жеккен екі торы ат қыздырған темірді соққан ауыр балғадай тұяқтарымен дымқыл жерді дүрс басып келе жатты. Делбе ұстаған жас жігіт анда-санда қамшысын үйіріп қояды. Айдаған сайын аттар үдей береді. Одан сайын Сағындықтың кеудесіне қуаныш толып, жүрегі дуылдай түседі.

Артта қалған ауылдың көрсеткен сый-сияпаты, айлакер Жаңбырбайдың мақтап айтқан сөздері, оның үстіне мынау даланың кеңдігі, жақсылығы, ауаның тазалығы, жеңілдігі – осының бәрі Сағындықтың көңілін елжіретіп жіберді.

– Мен нағыз ел адамы! Ақ жүрек адал ниет халықтың қызметкері! – деді Сағындық даусын шығарып.

– Қазақтың қай баласы мендей іс істеп жүр екен осы күні! Мен, міне, халыққа қызмет етіп келемін! Осы бойыммен ұлғайып жүре берсем мен не болмақшымын?.. Мен не істеп кетер екем?!

Сағындықтың қуанғаннан дауысы тамағында тұрып қалды. Ішін тартқан кісілерше бір түрлі бір дыбыс шығарды да, күрс етіп демін алды. Деммен бірге барша биті ішіне түсіп кеткендей болды. Сағындық енді ішінен ойлай бастады:

Ең әуелі көз алдына елестеп қазақтың кең даласы келді. Ұзыннан ұзақ созылған тегіс жол. Ана шеті Каспий теңізі, мына жағы Қытай граны, солтүстігі – Сібір. Оңтүстігі – Түркістан. Адам айтар емес үлкен жер. Бай, ауқатты, мүлікті жер. Анау жайылған сиыр, қой, түйе, ешкі, жылқы. Анау таудың астында жатқан алтын, күміс, тас көмір, темір. Осының бәрі мыңдаған, миллиондаған байлық! Кілкілдеп, мөлдіреп алтын, күміс Сағындықтың көз алдында елестеп тұр.

Сағындық өзіне-өзі риза болып, осының бәрінін

қожасы жалғыз солдай-ақ шалқиып барып, күржиіп отырды. Қабағын түкситіп, төмен қарады. Қазақ даласының ең биік төбесіне шығып кеткендей болды. Астындағы жердің бәрі көрінді.

Жердің үсті шимайланған көп жол сықылды. Көп жолдың үсті толған көп жүргінші. Біреу арбаға тиіп жүн әкетіп барады. Біреу тері-терсек артқан? Біреу алдына салып малды айдап келеді? Біреулер қолтығына қысып құшақтап алтын мен күмісті әкетіп барады. Соның ішінде өзіне таныс біреу жоқ. Біресе орыс, біресе ноғай. Жөні түзу бір қазақ жоқ.

Бұл суретті көргенде Сағындық мұңайып кетеді. Түксиген қабағы түйіліп төмен қарап ойлай берді. Ойлаған сайын ойынан қуаныш кетіп, көңілі қапалана берді.

– У-у-һ-а!... – деді бір кезде Сағындық.

– Шіркін-ай! Осы байлықтың бәрін ұқсатар ма еді! Шіркін-ай ұқсатар ма еді? Ұқсатар ма еді... – деді тағы да. Неліктен ұнап кеткенін өзі де білмеді, Сағындық «ұқсатар ма еді?» деген сөзін көпке дейін ішінен айтып отырды.

Діншіл молдалардың таспиғ тартқанындағы «сүбіхан алласы» сықылды «ұқсатар ма еді» (деп) айтып отырып Сағындық қалғып кетті. Бір аздан соң қорылдап ұйықтап қалды.

Екі торы ат ағызып айдап берді.

III

Сағындық үрген иттердің даусынан оянды. Ауылға келіп қалған екен. Көзін уқалап, ұйқысын ашқанша болмады, тарантас үлкен бір ақ боз үйдің сыртында тұра қалды.

Қақсалбайдың үйінің іші әдемілеп жинаған жасау екен. Болса да, Сағындыққа бір түрлі көркем көрініп кетті. Қуанғаннан күлімсіреп келіп, Сағындық төрге отырды.

Жас төре біраз жиналғаннан соң Қақсалбай халжайды сұрай бастады.

– Уа, шырағым! Қандай жұмыспен жүрген төресің? – деді Қақсалбай бір кезде.

– Мені дұрысын айтқанда нағыз төре деуге болмайды. Мен кооперация жөнінен жүрген жігітпін... төремін!... – деді бөгеліңкіреп Сағындық.

– А-а-а... Капранса деген немене тағы да? – деді ыңыранып Қақсалбай.

Қақсалбайдың соңғы сөзі Сағындыққа біртүрлі естілді. Біреу келіп төбесінің құйқасын тырнап жібергендей болды. Сағындық енді жауап беремін деп ыңғайланып келе жатыр еді, Қақсалбай тағы да ыңыранып:

– Апырма-ау! Капрансиа дегені не сұмдығы?– деді. Сағындық қанша ашуланайын дегенмен алты ай қыстан бері бірінші көрген киіз үйдің қуанышы ашуландырмады. Әйткенмен шалға жауап беру керек. Әйтеуір бірнәрсе айтуы керек. Сағындық өзі бастады.

– Отағасы! Сіз кооперация деген сөзге түсіне алмай отырсыз. Кооперация айта берсе көп сөз, қысқасынан қайырғанда кооперация халықтың шаруасын ілгері бастыратын ұйым!..– деді.

Қақсалбай Сағындыққа ала көзімен ажырайып қарады. Сағындық та Қақсалбайға қарады. Екеуі ырылдасқан иттерше бір-біріне ажырайған бойымен біраз отырды.

Қақсалбай шыдай алмай мырс етіп күліп жіберді. Күлкісін жимастан:

– Шаруаны ілгері бастырады! Капранса, капрансиа!– деді.

– Ассалаумағалайкум!– деп үйге бір жігіт кіріп келді.

– Уа, жоғары шық, жоғары шық, батыр!– деді айқайлап Қақсалбай.

Жігіт шешініп жатқанда Қақсалбай күбірлеп тағы бір нәрсе деді, бірақ оны Сағындық ести алмады. Қанша көңілденейін десе де шалдың соңғы сөздері нағыз қытығына тиіп ашуланып отырған кезі еді.

Жігіт Сағындыққа қарап:

– Есенсіз бе, мырза!– деді.

Сағындық үндемеді. Томсырайып төмен қарап отыра берді. Ойына еш нәрсе келмеді. Бар денесін кернеген жалғыз ашудың ғана уытын сезеді. Мең-зең болған бойымен үндемей Сағындық көп отырды. Қақсалбайдың тысқа шығып кеткенін де сезбей қалды.

Бір уақытта жас жігіт Сағындыққа қарап:

– Мырза, бір жеріңіз ауырып отыр ма?– деді.

Сағындық тағы үндемеді.

– Біраз жата тұрыңыз. Жолға үйренбегендік қой. Сіздер нәзіксіздер ғой,– деді жас жігіт.

Мынаның соңғы сөзі Сағындықты азырақ жібітейін деді.

– Жоқ, денім сау. Жай әшейін болмашы бір нәрсе-ге ашуланып отырмын, – деді.

– Мен білдім! Сізді ашуландырып кеткен әлі көк сақал екен ғой! Ол өзі сондай ерке шал. Аузына не келсе, соны айтады. Оған ашуланбаңыз.

Сағындыққа жас жігіт ұнап кетті. Манағыдан бері мұнайып отырған қабағы ашылып, көңілі қайтадан жадырап кетті. Екеуі әңгімелесе бастады. Ұзақ, көп сөздерге кетті.

– Осы сіздің атыңыз кім? – деді бір уақытта Сағындық.

– Менің атым Салмақбай, – деді жігіт.

– Әкеңіздің аты Жаңбырбай ма? – деді шоқ түскендей Сағындық.

– Оны қайдан білесіз? – деді жұлып алғандай Салмақбай.

– Білемін, білемін! – деді күліп Сағындық.

IV

Жарық, айлы түн еді.

Қазақша киініп алып ауылдың сыртында Сағындық келе жатты. Қасында ерген Салмақбай.

– Мен өзім өмірімде киіз үйге еніп көргенім жоқ. Орысша оқымай тұрғанда жас болдық. Берірек келген соң ылғи орыс ішінде өстік, – деді Сағындық.

– Дән қиындығы жоқ. Есікті қыздың өзі ашады! – деді Салмақбай.

– Әй білмеймін! Мен қазақтың қызына сенбеймін! – деді күліп Сағындық.

– Мен өзім сенбеймін. Есікті ашатын болған! – деді тағы Салмақбай.

Осымен сөз тоқталды. Екеуі де үндеместен демін ішіне тартып келе жатты. Ауылдың сыртын ала тұрған бір кішкене қоңыр үйге жуықтады.

– Міне, осы үйдің қызы! Ұрқия сұлу осы кішкене үйдің ішінде жатыр! – деді Салмақбай.

Сағындық өне бойы дірілдеп сөйлей алмады. Жүрегінің дүпілдеп соққаны құлағына тарс-тарс естілді.

Шаһардағы бидай үгітетін от диірмен есіне түсе қалды. Дәл сол диірменнің мойнынан шыққан түтіннің даусы сықылды. «Тарс-тарс» етеді? Біреу естіп қояр ма екен деген кісіше Сағындық жүрегін ұстады. Одан сайын дүпілдегені зорайғандай болды.

Ептеп басып екеуі де есіктің алдына жетті. Үйден ешбір дыбыс естілмеді.

«Бозбалалар» есіктің алдында біраз тұрды.

– Мен үйге қайтам! Қызы құрысын!– деді сыбырлап Сағындық Салмақбайға.

– Е, не дегеніңіз. Қазір қыз шығады. Шықпаса есікті ашып үйге кіреміз. Бозбала емессіз бе?– деді еңтігіп. Салмақбай есікті тықырлата бастады.

– Уа, бұл қайсын?– деді үйден бір айқай.

Сағындық ата жөнелді. Жүтіріп келеді. Жүтіріп келеді. Артына қарау жоқ. Бір уақытта ауылдың әбден сыртына шықтым-ау деген кезде тоқтады. Ақырын аяндап анайдан Салмақбай келе жатыр екен. Салмақбай келе-ақ шексілесі қатып күле бастады. Сағындық ашуланып:

– Мен енді үйге қайтам. Ойлап тұрсам істеп жүргеніңіздің бәрі ұят екен!– деді.

– Өзіңіз біліңіз!– деді күліп Салмақбай.

– Өзім білем, мен кеттім!– деді жүріп бара жатып Сағындық.

Салмақбай қайтадан кішкене қоңыр үйге қарай жөнелді.

Көпке дейін Сағындық ұйықтай алмады. Мұның ендігі ойы, алған пікірі әйел мәселесі еді. Сағындық өзінен-өзі сөйлей берді. Сөйлеген сайын бір пікірден бір пікірге секіріп, жаңа пікір тағы да келе берді.

– Мен не қылдым? Мен не істедім? Мен кім? Менің барған үйім кімнің үйі? Оның ішінде ұйықтап жатқан Ұрқия деген қыз кімнің қызы? Кімнің қалыңдығы?

Осының бәрін ертең біреу білсе, мені жұрт не демекші? Менің айтқан сөздеріме кім көнбекші? Халыққа қызмет етіп жүрмін дегеніме кім сенер?

Сағындық жауап бермей осы сықылды сауалдарды түйдектеп айта берді.

Ең ақыр аяғында өзіне өзі ыза болып:

– Сен Сағындық итсің! Сені кісі деп жүрген жұрт ақмақ!– деді. Басындағы мол келетін ұзын шашын уыстап алды да жұлқып-жұлқып жіберді.

– Сені шашыңнан жұлмақ түгіл тырдай қылып сабайтын кісі жоқ!– деді тістеніп Сағындық.

V

Таң атты. Күн шықты. Ауыл тұрды. Жылқы келді. Қымыз құйды.

Қарқылдап күліп Қақсалбай отыр.

– Іш, шырағым, іш! – деді Қақсалбай Сағындыққа қарап – Өзің жақсы төре екенсің. Ананы, мынаны тап деп айқайламайсың. Күйеу балаларша кешеден бері мұңайып отырсың!

Сағындық жымып күлді. Саба жақта отырған әйелдер Сағындыққа көзінің астымен қарасты.

Бір аздан соң үйдің іші кісілерге тола бастады. Сағындық манағыдан емес әңгімеге кірісіп сөйлей бастады:

– Шырағым, түндегі айтқан сөзіңді қайта түсіндірші, мына жұрт естісін, – деді күліп Қақсалбай. Сағындық әдегенде ұялыңқырап сөз таба алмай қалды. Біраздан соң қызып әңгімені гулетте бастады.

– Осының бәрін кооперация деп атайды, – деді бір кезде.

– Мысалы, сіздердің жүн-жұрқа, тері, терсек һәм басқа сондай шикізаттарыңыз бар екен. Жекелеп сатсаңыздар арзанға өтеді. Бәріңіз бірігіп сатсаңыздар қымбат болады. Міне, осыны кооперация дейді. Мысалы, сіздің ауылға шөп шабатын иә егін соғатын машина керек екен. Үй басы алуға шамаңыз келмейді. Бәріңіз біріксеңіздер ала аласыздар. Міне, мұны да кооперация дейді. Тағы да бір мысал: сіздерге нәрсе керек. Киім-кешек, ыдыс-аяқ керек. Осының бәрін кооперация болса, жайшылықтағыдан арзан аласыздар. Айта берсе кооперациядан шығатын пайда толып жатыр.

Отырған жұрт үндемеді. Бәрі де төмен бір нәрсе ойлаған сықылды болды.

– Білмеймін, әйтеуір жарылқайын деп жатыр. Кәпіратция деген аты жаман екен. Өзім содан шошып отырмын, – деді Қақсалбай.

– Осы қара халықтан алмаса екен? Соның өзін бөліп бергендей көрер едік, – деді біреу.

– Алуға келгенде орыстың айласы табыла береді, – деді күңкілдеп екінші біреу.

Сағындық тағы да сөйлей бастады. Бұл жолғысы әлгіден гөрі дәлелдірек көрінді. Әйткенмен отырған жұртты риза қылмады. Барлығы да бір түрлі сенімсіздік көрсеткен сықылды. Бәрінің ішінде екінші бір пікір отырғандай. Сағындыққа қарап отырған жылы жүз – жай өшейін сыпайышылық жөнінен. Әйтпесе бәрінің де мазақтап, күліп отырғанын Сағындықтың іші әбден сезді.

Ауылдан аттанып шығып, көп ұзағанға шейін Сағындықтың көз алдына елестеген сурет Қақсалбайдың үйінде жиналып отырған кісілер болды да тұрды.

Сағындық өзінен-өзі үлкен ойға қалды. Халыққа қызмет ету деген не? Қайтсең бұл жұртқа жағасың? Қаладағы қызықтан безіп, ел аралап жүргені мынау! Жантәнін салып көрінген жұртқа сөйлеп жүр! Ешкім айтқан сөзін ұқпайды? Ешкім сенікі дұрыс деп пын көңілден иман келтірмейді. Не Қақсалбай сықылдылар келемеш қылады? Не Жанбырбайша ішкі сырын білдірмейді.

Неліктен бұлар осынша сенімсіз болды екен. Бұларды бүйтіп үйреткен кім? Менің соншама ақ жүрек екенімді, соншама бұл халыққа жақсылық ойлайтынымды жұрт неге білмейді, неге сезбейді? Менің күлімсіреген сезгіш жүзімнен не ойлап отырғанымды неге таппайды? Мен ешбір ел ішіндегі төреге ұқсамай-ақ жүрмін ғой. Ауылға келіп, әбігер салмаймын. Ананы тап, мынаны тап деп жұрттың мазасын алмаймын. Елге келетін төрелердің бірінің істегенін істегем жоқ. Сонда-дағы адам сенбейді? Кісі нанбайды.

Жол бойы Сағындықтың миын алған ойлар осылар еді.

Бір кезде арна үлкен дөңнің басына шықты. Оң жақтан үлкен қалың қара ағаш көрінді. Күн жылы, аспанда тырнақтың көлеміндей бұлттың дағы жоқ. Жел де жоқ. Тып-тынық. Аспанда шырылдаған торғай, нағыз жаздың күні. Нағыз көңілді қоштандыратын жазғы дала. Дүниенің бәрі қуанышты. Аспандағы шырылдаған торғайлар, жердегі жаңа өсіп келе жатқан қызғалдақтар, мынау қалың ағаш түбінен анау жайылып созылған кең дала кеудесінде жаны бар адамды жібітсе керек еді? Оянса керек еді.

Жоқ, біздің батыр болар емес, тарантастың қорабына жантайып, екі көзі төмен қарай ежірейіп, ызылдаған дөңгелекпен қабат дөңгелеген сықылды жылт-жылт, жылт-жылт етеді.

Босаңсыған кер торы атты көшір жігіт айданқырап қояды. Алдында жыланша ирендеп созылған үлкен қара жол, жақсы да, жаман да кеудесін басып қырқылған.

VI

Ертеңінде Салмақбай ауылына қайтты. Астында әдемі торы байталы бар. Шоқыта шауып айдалада жолсыз жерде келе жатты. Анда-санда Салмақбай ыңыр-

сып, ақырын ғана ән салып қояды. Есі-дерті кейінгі ауыл. Ондағы қалған Ұрқия қыз. Әсіресе, Ұрқияның түндегі айтқан ақырғы сөзі.

– Кет әрі қағынды! Өзің екенсің ғой... – Бұл сөзге Салмақбай түнде жөнді баға бермеп еді. Ертеңінде ойлай келсе, үлкен ауыр сөз екен.

«Өзің екенсің ғой» дегені несі? Ол мені төре емессің дегені ғой. Төренің менен несі артық? Қап, сен қызға ма? Тұра тұр бәлем! – деді Салмақбай ызаланып. Деді де тор байталды тебініп-тебініп жіберді. Қыстан қалған биік қаудан шөпті сусылдатып торы байтал келеді. Оның үстінде Салмақбай біресе қызады, біресе суиды. Біресе ашуланады. Біресе күледі.

Қазақтың босқа туған баласы аз ба? Қыз аулап, қымыз ішкен жігіт көп. Салмақбай да сол көптің бірі еді. Жасы, міне, дәл жиырма беске келді. Әлі болашағын білмейді. Ащы өмірдің талай талқысы күнделік өмірдің талай тәжірибесі Салмақбайды әлі ешнәрсеге үйреткен жоқ. Өмірінде үйренгені жалғыз мақал. Салмақбайдың сөзінің жартысы мақал болушы еді. Мақалдың Салмақбайға көп керегі де болушы еді.

Еңбек етіп, шаруаға неге айналмайсың десе біреу, Салмақбай: «Ертеңгісін есек қайғырады» деуші еді. Бұл заманда қарап отырған аштан өледі десең, «көппен көрген ұлы той» деуші еді. Көптің бәрі қырылып қалса қайтесің десе, «ұлу жесем де өлмеймін» деуші еді. Қысқасын айтқанда Салмақбайдың әрбір мәселеге даяр мақалы болушы еді.

Мақалмен жауап бергендіктен Салмақбай айтқан сөздері бәрі рас көрінуші еді. Мақалдың бәрі дұрыс сықылды, мақал солай дегеннен кейін ол туралы ешбір ойлаудың керегі жоқ сықылды.

Салмақбайдың бүгінгі түрі өмірінің көбіне ұқсамаған хал еді. Салмақбай бір күн терең ойда келе жатты.

Мәселесін шешерлік ыңғайлы мақал табылмады. Салмақбай ойлай берді. Қара қазақтан оқығанның қай жері артық? Салмақбай осы сұраққа келді де, тірелді. Әрі қарай бара алмады. Бір кезде ойдың өзі жоғалып, мең-зең болып кетеді. Бір кезде әлгі сауал миына сап ете түседі.

Өзінен-өзі қиналып, осылайша Салмақбай келе жатты. Ауылдың қарасыны көрінгенде астындағы байтал кісінеп жіберді. Салмақбайдың ойы бұзылып кетті.

Ауылға келді. Қиқы-жиқы болған шым үйлер, бұзылып, қираған жазғытұрғы шарбақтар. Қотанда қоқыр-соқыр төгілген боқтық. Осы суреттердің бәрін Салмақбай жаңа көрді. Бұрын неғып мұның бәрін сезбей жүргеніне өзі де таң-тамаша қалды.

VII

Сағындық Қақсалбайдан шығып, Махамбеттің ауылына келді. Махамбеттің ауылы жаңа ғана қыстаудан көшіп шығып, Низа томар деген жерге келіп қонған екен. Ауылдың қотаны әлі тапталмаған көкорай. Шалғын, томардың маңайында иқы-жиқы болып қаптаған мал. Жылқы, сиыр, қой. Суға барған қыз-келіншектер, олардың маңайында үймелеген жас балалар. Анайдан ызғытып томарды айналып бара жатқан жақшы. Осы суреттердің бәрін Сағындық толық көрді. Көзі дұрыстап ешқайсысына тоқтамады. Әйтеуір жалпы ауыл, жалпы жаздың тұрмысы Сағындықты қуантып жіберді. Манадан бері мұнайып келе жатқан Сағындық орнынан ұшып тұра келіп жан-жағына қарай бастады. Тарантасы үлкен киіз үйдің сыртына келіп тоқтады. Біраздан соң үйден орта жасқа келген қара сақалды бір кісі шықты.

— Уа, мырза, ауыл жаңа қонып жатыр. Үйдің іші әлі жиналған жоқ. Далада отыра тұрсақ қайтеді?— деді қара сақалды кісі. Сағындық үндемей арбадан түсті. Түсті де үйдің сыртына қарай жөнелді. Неліктен екенін өзі де сезбеді, көңілі бір түрлі жабығып, қазақпен сөйлескісі келмеді. Таңертеңгі Қақсалбай ызасын осы ауылдан алатын кісіше ілгері қарай жүре берді. Ауылдың сыртында, екі жүз қадамдай жерде кішкене төмпешік-өрдін үстіне барып, сұлап жерге жата түсті.

— Мынау төренің өзі қалай, шырағым?— деді Махамбет көшірге.

— Ойбай, төре қатты кісі!— деді көшір.

Махамбеттің түсі бұзылыңқырап кетті.

— Шырағым, ашуланып бара жатса, тоқтау айтқайсың,— деді Махамбет тағы да. Соңғы сөзді айтқанда даусының азырақ дірілдегені білінді.

Сағындық адыр-төбенің басында сұлап жата берді. Көпке дейін қасына ешкім келмеді. Анда-санда ауылдың қыздары, келіншектері үйдің сыртынан бастарын шошайтып қарап-қарап қояды. Ауылдың қазақтары

анадайдан ажырайып қояды. Балалар екеулеп, үшеулеп Сағындықтың жанына жуықтап, кейін қайтып, жуықтап түсіп, кейін қайтып, жүріп жатты. Сағындық қозғалмастан жата берді.

Алдында созылып жатқан кең дала!

Ұшы-қиыры жоқ кең дала! Мынау аспан! Мынау ауа! Мынау қыбырлап жүрген мал. Мынау ауыл. Анау оның адамдары! Бәрі көңілді. Бәрі қуанышты секілді. Бәрі де тұрмыстан үмітті, тағдырға риза секілді. Бәрінде де бір түрлі тойғандық, бір түрлі тоқшылық, бір түрлі рахаттық сезілгендей. Мал да жан да қыбырлап жүр. Бірақ бұлардың жүрісі басқаша жүріс секілді. Бұлар майда жүзіп жүргендей. Жаңа ұйып келе жатқан қатықтай жып-жылы, жұп-жұмсақ.

Сағындықтың денесі балқып, бір түрлі жайлы халге кеткендей болды.

Сағындық өзінен-өзі ойлап кетті. Осы секілді тәтті өмірді бұдан да тәтті етем деп, осы секілді рахат тұрмысты бұдан жақсы көркейтем деп ел аралап жүргені өзінен-өзі ерсі сықылды болды. Елді түзету, жұртты көркейту осының жұмысы ма? Айдаладағы Сағындықтың шамасы келетін іс пе екен ол? Қайта Сағындықтың өзі үйренуі керек емес пе? Іздеген жақсылық мынау емес пе? Мынау дала, мынау ауа, мынау ауыл! Нағыз жұмағынның өзі осы емес пе? Осыдан артық не керек? Нені оңдайсың, нені түзейсің?

Бұл сұраулар Сағындықтың аузына өзінен-өзі түсе берді. Сағындық бұл сұрақтарды даусын шығарып айтқан жоқ. Дұрысын айтқанда оймен де ойлаған жоқ. Сағындық бұлардың бәрін бар денесімен сезді. Бар жан-тәнімен білді. Сағындық сасқанынан орнынан ұшып тұра келді. Бір нәрсесінен айрылып қалған кісі, не болмаса біреу бірдемесін тартып алып кеткендей жан-жағына жалт-жалт қарап, екі қолымен жерді сипап біраз отырды. Бағына қарай дәл сол кезде ешбір қазақ Сағындықты көрмеп еді, әйтпесе нағыз жыңды дерлігі даусыз еді.

VIII

Сағындық көп отырды. Көп отырып, көп ойланды. Ендігі мұның ойын алған сауалдар тіпті басқа еді.

Ертең күз түседі. Қыс болады. Мынау дала жұмақтың орнына қараңғылық береді. Мынау ауа өмірдің ор-

нына өлім береді. Тынықтырудың орнына тұншықтырады. Маң-маң үйлер де жоқ. Қыз да, келіншек те жоқ. Бәрі жоғалған. Бәрі өзгерген. Жер де, көк те.

Міне, сонда!..

Сағындық орнынан ұшып тұра келді.

– Міне, сонда! Сонда!– деді тағы да,– міне, сонда көмек керек қазаққа! Сонда, әне, оның тұрмысын өзгерт, жақсыла! Сонда сөйле барыңды! Соған даярлан! Соған даярла. Сол тұрмысты өзгерт. Шым үйін тастатып, тас үй салдыр. Көң қорасын тастатып, тас қора салдыр. Өліп жатқан малын өлімнен сақта. Қараңғыны жарық ет, жоқты бар қыл. Барды ұқсат. Міне, сенің қызметің, Сағындық? – деді өзіне-өзі Сағындық.

– Міне, сонда сен жігітсің! Міне, сонда сен ерсің! Міне, сонда сен...– бұдан кейін де Сағындық «міне, сонда» деген сөзді әлденеше рет айтып жатты. Махамбеттің үйіне жеткенше «міне сонда» аузынан түспей келе жатты, үйге кіріп, төрге отырғанда да ішінен біразға дейін «міне, сонда» деп отырды.

Көшірдің сөзінен зәресі қалмай қорқып отырған Махамбет көпке дейін үндемеді. Өзінің қиялына малынып едәуір уақыт Сағындық та сөйлемей отырды. Үйдің ішіндегілер де үн-түн жоқ, әсіресе, көшір жігіт өзінше әдепті адам болғанысп, Сағындыққа көзінің астымен ғана қарап отырды.

– Уа, мырза, әуелі қымыз ішесіз бе,– деді бір кезде Махамбет.

– Қымыз, қымыз!– деді жұлып алғандай Сағындық.– Әуелі қымызды әкеліңіз! Қымыз бізге таңсық қой!– Махамбеттің мұздай болып отырған денесі кішкене жібиін деді. Маңдайынан азырақ тер де көрінді.

– Менің ең жақсы көретін асым қымыз!– деді күліп Сағындық.

– Қазақ болған соң...– деп келе жатыр еді Махамбет, Сағындық оның сөзін күтпестен:

– Айтты айтпады, қымыздан жақсы ас бар ма? Әрі тамақ болады, әрі мас қылады,– деді.

Отырған жұрттың бәрі күліп жіберді.

Махамбет ақырын дауыспен:

– Хе... хе... хе...– деді.

Махамбеттің бұл күлкісі оның амалы еді. Жас төрені қошаметтеу үшін, оның айтқан сөзі сондай

қызық болды демек үшін еді. Анығын айтқанда, ішінен: «ойбай, шырағым-ай, сен де ақмағымның бірі екенсің ғой!» – деп отыр еді. Бұл – оның амалы еді. Мұндай амалы орынды болып шыққанына Махамбет ішінен қуанып қалды. Иманы туралы еш уақыт ойына да келмеуші еді. Өйткені оның ойынша барлық орыстар, орысша оқығандар, әсіресе, орысша оқыған жастар ылғи ақмақ, ақылсыз болуға тиісті еді. Олардың айтқан сөздері мұның тұрмысына, шаруасына жанаспағандықтан, мұның миына да кірмеуші еді. Миына кірмегендіктен олардың пікірлері сыналмаушы еді, пікірі түгіл олардың өздері де бағаланбаушы еді. Бұнын көзінде Иван, Андрей, Сағындық, Сәрсенбек деген кісілер жоқ. Жалпы оқығандар болушы еді.

Өзінің айтуынша «ылғи жырық етектер» болушы еді. «Жырық етектер» бәрібір бәрі ақмақ, бәрі ессіз. Бәрінің айтатыны өмірге жанаспайтын қиял. Сондықтан «жырық етектегі» адам деп сөйлесу керек емес. «Жырық етекпен» айтыспа, амалдас! Сыр алыспа, сырлас. Мұңдаспа, мәймөңкелес. Махамбеттің фалсафасы осы еді. Әуелгі кезде бұрынғы әдетінше Сағындықтан қорқып кетті. Сағындықтың амандасқанда үндемеуі, одан кейін төбенің басына барып жалғыз өзі сұлап жатып алғаны, осының бәрі Махамбет қорқу үшін толық дәлел болды. Дәл «жырық етектердің» мінезі. Артынан Сағындықтың арсалаң басып үйге кіргені, онан кейін тағы да үндемей отырып алғаны, онан кейін жас балаларша лезде күліп кеткені, «қымыз-қымыз» деген сөзді бір түрлі дауыспен айтқаны, бетінің күндей жадырап кеткеніне дейін, көзінің оттай жайнап күлгеніне дейін – осының бәрі Махамбетке екінші дәлел болды. Бұрынғы өзінің «жырық етектер» туралы иманына мынаның қылығы дәл келді.

Сондықтан Махамбет:

– Хе... хе... хе... – деді.

Сондықтан «хе-хе-хе-нің» бер жағы, көзге көрінетін жағы жып-жылы, жұп-жұмсақ еді. Ар жағы, көзге көрінбейтіні, жалғыз-ақ көңілге ғана сезілетін жағы сұп-суық, қап-қатты қара тас еді. Қара тас сынады. Бірақ өлмейді. Қара тас қызады, бірақ жібімейді.

Сағындық қымызды көп ішті. Әбден қызып алды. Қызғандағы жаман әдеті – көп сөйлеуші еді. Сөйлегенде жақсы жері дөп сөйлеуші еді. Сағындық сөйлей берді.

– Мен, міне, осы ауылмен жетінші ауылды көрем, – деді – Сағындық қымызын жерге қойып, оң қолының жұдырығын түйіп, – жетінші ауыл! Сол жетінші ауылда мен не көрді деңізші! Мен жетінші ауылдан бірден көрген сыйым – сенімсіздік... нанбайды! Айтқаныңа иланбайды. Алдағалы отыр дейді. Жаныңды бер, нанбайды!.. Біреуі түп-тура «жырық көт» дейді.

Үйдің ішіндегілер мырс етіп тағы да күліп жіберді.

– Рас айтам, рас айтам! – деді аң-таң қалып Сағындық. – Ешбіреуі нанбайды! Аузынан айтпаса да, аңызымен білдіреді. Мен білем, мен бәрін сезем... Соны білген сайын мен қиналам. Сізген сайын азапқа түсем. Неге сенбейді? Неге бізден жұрт безеді? Жақсылықтан басқа біздің жұртқа тілейтін не жамандығымыз бар? Міне, мен орысша оқып жүрмін. Әлі шәкіртпін. Болашағым не боларын өзім де білмеймін. Жаз қолым бос. Елдің түрі мынау. Жылдан-жылға кедейленіп бара жатқан жұрт. Жылдан-жылға тарылып бара жатқан жер. Шаруашылық күйзелуде, ел қамалып отыр. Дағдарып отыр. Не қыларын білмейді. Сөйткен елге аз да болса, көмегімді тигізейін деп аралап келем. Айтып келе жатқан сөзім кооперация...

«Кооперация» деген сөзді естігенде жұрт көздері үлкейіп біріне-бірі жалт қарады. Бұл секілді «уақиғадан» Сағындықтың өзі де шошып кетті.

– Ия, кооперация! – деді сасқалақтап, қызарып, – кооперация айта берсе көп сөз. Қысқасынан түсіндіргенде де: кооперация шаруаны ілгері бастыратын ұйым деген сөз. Осы күнгі жер жүзіндегі көп патшалықтарда кооперация бар. Кооперацияның арқасында қанша жұрттың шаруасы көркейіп, түзеліп отыр. Басқа жұртты қоя тұрайын, өзіміздің қазаққа келейік. Қазақ ішінде кооперация жасауға бола ма, жоқ па?..

Сағындық біраз бөгеліңкіреді. Бір нәрсе ойлағандай болды. Жұртқа қарады да, жымиып күлді. Күлкісін жимастан, жымыған бойымен сөйлей бастады.

– Әлгінде төбенің басында жатып көп ойладым. Кең дала! Таза ауа! Мол дәулет. Қыбырлаған адам, жыбыр-

лаған мал. Дүниенің бәрі бір түрлі толық сықылды. Әрбір нәрсе өзінен-өзі риза болғандай. Жаттым да ойға қалдым. «Осыншама жақсы, әдемі тұрмысты түзетеміз деп жүрген, осыншама тәтті, тыныштық өмірді өзгертеміз деп жүрген біз де ақымақ-ау! Осы қылығымыз үшін бізді сабайтын біреу жоқ-ау» дедім ішімнен.

Жұрт ду күлді. Еріксіз Сағындықтың ойына кеше түнде Салмақбаймен бірге істеген жұмысы түсіп кетті.

– Ойлап тұрсам өзі қызық, тіпті, – деді ыржиып Сағындық. Манадан бері үндемей тыңдап отырған Махамбет соңғы сөздерді естігенде орнынан көтеріліңкіреп қойды. Тесіліп Сағындыққа қарап қояды. Сағындық төбесінен жай түскендей түсін суытып ала қойды. Біраз ойланып бөгелді де, жүгін тартқан өгіздерше тағы қозғалды. Бұл жолы Сағындықтың дауысы екінші түрлі болып естілді.

Әлгіден гөрі ақырынырақ айтқан сықылды, бірақ естілуі одан қаттырақ сықылды болды.

Сағындық сөйледі:

– Ия, қазақтың жазғы тұрмысы жақсы-ақ. Бірақ үнемі жаз болмайды. Ақырып ақпан, қақырап қантар тұрады. Ел жайлаудан көшіп, шым үйге қонады. Мал сықырлаған аяздың үстінде қалады. Мейлі ол, мейлі бұл, ендігі жағы жазға дейін нешеуі қалып, нешеуі барады, белгісіз. Міне, сонда жәрдем керек. Міне, сонда тұрмысты өзгерту үшін кооперация керек. Міне, сонда біз керекпіз. Ер болсақ, сонда да ерлікті көрсету керек. Міне, мен соны айтқалы жүрмін! – деді Сағындық.

Х

Қараңғы тымық түн еді. Ауылдың бәрі ұйықтаған. Дүниенің бәрі жым-жырт. Күндізгі у-шу болып маңыраған қойлар да жоқ. Ақай-ұйқай, шұрқыраған жылқы да жоқ. Мөңіреген бұзау да, азынаған сиыр да жоқ. Бәрі де ұйқыда, бәрі де тыныққан. Қыз аулаған бозбала, жігітін сүйген қыздың ғана ұйықтамайтын түні еді. Дариға, шіркін, қараңғы түнде айдалада жарысқан қандай! Екі ауылдың арасында ән салысып, жорта аяңдап келе жатқан қандай! Алтыбақаны бар ауылды іздеу бозбалаға зор қуаныш. Түн ұйқыны төрт бөліп, тапқан рахат ұмытыла ма!

Жаман мен жақсыны тартқан біледі, ащы менен тұщыны татқан біледі. Ауылдың қызығын ауылда

туып, ауылда өскен біледі. Оларға одан артық қызық жоқ. Екі ауылдың арасында тектен-тек ерсіл-қарсыл қыдыру өздерінше үлкен жұмыс.

Һәм өмірдің иманы бар, Һәм тұрмыстың өзінше қызығы бар. Оқымаған ауылдан басқа еш нәрсені көрмеген, алтыбақаннан басқа еш нәрсені білмеген қазақтың жігіті сенің алтын сарайыңды не қылсын! Оған сенің айтқан әдемі сөзіңнен не пайда. Оқымаған қара жұрт қолмен ұстап, көзбен көрсе ғана нанады. Оқыса, білсе ғана сенеді. Оған дейін өз қызығы – қызық. Өз иманы – иман.

Жә!

Айта берсе ауылдың сөзі таусылмас. Сағындықты да ұмытпайық. Сағындық таң атқанша ұйқтамады. Шаһардан шыққанына бір-ақ жұма болса да, соңғы күндердің уақиғалары көз алдына елестеп, көпке дейтін еш нәрсені ойландырмады.

Міне, Сағындық орыстың көк арбасына мініп, шаһардан шығып келеді. Қыстай даланы көрмеген, кең ауаға түскен соң, көңілі жадырап, қуанып келеді. Одан соң бірінші қазақтың ауылы. Ол ауылдың шаһармен салыстырғанда бір түрлі кішкене, бір түрлі үйренбеген көзге оғаш көрінгендігі, әсіресе, қыстаудың ортасында төгілген боқтық Сағындықтың жүрегін айнытып жібергендігі. Бұл сықылды жаман суретті көргенде бұның еріксіз айтып жіберген сөздері: «Бұл не деген итер! Боқтықты қотанға неге төккен, жаным-ау!...».

Бұл сөзді айтуын айтса да артынан қайта жібігендігі:
– Қайтсын байғұстар, білмейді ғой – дегені.

Одан екінші ауылға келгені, одан үшінші ауылға. Одан кейін Жаңбырбайдың ауылы, онан соң Қақсалбай...

Қақсалбай елестегенде Сағындық мырс етіп еріксіз күліп жіберді. Сақалы сапсиган кең танаулы бұжыр шал көз алдына сап ете түсті.

Енді мынау: Сағындықтың жатқаны Махамбеттің ауылы. Бүгін мұнда жатыр. Ертең тағы бір ауылға келеді, одан арғы күні тағы да бір ауыл. Жаздай өстіп жүре берсем, едәуір ауылды араламаймын ба? Едәуір қазақ кооперацияны түсінбей ме? Едәуір ел шаруасын түзетіп, тұрмысын өзгертпей ме? Ия, өзгертеді. Едәуір ел тұрмысын өзгертеді!.. Едәуір ел! Едәуір!..

Бір уақыттан Сағындықтың қиялы қараңғы түнде келе жатқан сақ аттарша сырт ете түсті.

– Едәуір... едәуір дегеніміз қанша болар екен?– деді өзінен-өзі Сағындық.

– Миллион қазақ болар ма екен?.. Қайда миллион?.. Мысалы, мен әлі екі ай жүреді екем. Екі айда күніне екі ауылдан салғанда бір жүз жиырма ауылды аралаймын. Ауыл сайын елу жаннан есептегенде, жүз жиырма ауылда алты мың жан болады. Алты-ақ мың ғой! Ой-бой! Алты-ақ мың ғой барлығы!– деді қапаланып Сағындық.

Сағындық булығып, демін ала алмай, аунап-аунап кетті. Жүрегі лүпілдеп, өне бойы қызып, тістеніп, ызаланып, үстіндегі көрпесін сығып-сығып жіберді.

– Алты-ақ мың, алты-ақ мың!– деді тағы да.

Осымен сөз бітті, тістеніп Сағындық жата берді. Ойына еш нәрсе келмеді, аузына еш нәрсе түспеді.

Бір уақытта шаңыраққа қараса үйдің саңылауынан ағарып жарық көрініп келеді екен. Сағындық манағыдай емес, салқын қанмен:

– Алты мың... алты мың...– деді.

– Жарайды, алты мың-ақ болсын. Бір кісі бір жазда алты мың қазақты түсіндірсе, екі жазда он екі мың қазақты түсіндірсе, үш жылда он сегіз мың, төрт жылда жиырма төрт мың... жоқ, тұра тұр... Былай есептейін. Барлық қазақ алты миллион. Алты миллионды алты мың бөлгенде мың болады... апырмау, бір кісіге мың жыл керек болғаны ма? Түһ! Мың жыл! Мың жыл деген тіпті сұмдық қой! Жоқ былай есептейін: бір кісі жылына алты мың қазаққа түсіндіреді, екі кісі он екі мың қазаққа түсіндіреді. Үш кісі он сегіз мыңға. Төрт кісі жиырма төрт мыңға. Алты миллионды бір жылда аралап шығу үшін мың жігіт керек. Дәл мен сықылды мың жігіт керек... Ойбай, мың жігітті қайдан табамыз тағы да!

Біраз бөгеліңкіреп:

– Жарайды... не мың жыл, не мың жігіт! Не мың жігіт, не мың жыл,– деді күлімсіреп Сағындық.

XI

Ертеңінде Сағындық әрі қарай жөнелді.

Екінші ауылға дейін отыз шақырым екен. Алғашқы кезде Сағындық көңілді отырса да, жарты жолдан асқан соң жалығайын деді. Арбаға жеккен аттар да босансуға айналды.

Бір уақытта жұлып алғандай Сағындық:

– Ай, сен баймысың, кедеймісің?– деді.

Делбе ұстаған жігіт ажырайып артына қарады.

– Баймысың, кедеймісің?– деді тесірейіп Сағындық. Жігіт ыржиып күлді.

– Атаңның басына күлемісің? Баймысың, кедеймісің?– деді тағы Сағындық.

Соңғы жолы даусы біртүрлі ащы шықты. Жігіт қорқып кетті.

– Өзіңіз де көрмейсіз бе? Мынау ғой түрім!– деді мұнайып жігіт. Сағындық басынан төмен қарай бастады. Жігітке үлкен бір кітап оқып отырған кісілерше екі көзді біресе жоғары, біресе төмен аударады. Алдында отырған үлкен қара жігіт. Үстінде жыртық қоңыр шапан. Басында ескі жыртық тымақ.

Екеуі де үндеместен иіскелескен аттарша біріне-бірі қарап біраз отырды.

– Кедеймін деп біржолата-ақ айтсан болмай ма?– деді ренжіп Сағындық. Жігіт ыржиып тағы күлді.– Неше жылқың бар?– деді Сағындық.

– Ойбай, біреуі де жоқ, мырза.

– Қойларың бар ма?

– Қой болушы ма еді, тақсыр-ай!

– Сиыр ше?

– Сиыр... сиыр да жоқ.

– Е, олар болмағанда атаңның басымен күн көремісің?

– Ағайын болған соң күнелте береді.

– Ағайындарың кім?

– Әлгі сіз қонып шыққан үй бізге жақын ағайын.

Оның әкесі мен біздің әкей бірге туысқан. Бәрімізді бір Боранбайдың баласы дейді.

Бұл сөздерді қара жігіт біртүрлі маңғазданып, азырақ мақтаныштау дауыспен айтты. «Өзім кедей болсам да, ағайыным бай» деген кісілерше әжептәуір масаттанған сықылды болды.

Сағындық әрі қарай әңгімені созбады. Күнге күйген шекесін оң қолымен қатты-қатты уқалап жіберді, жағдайы кетті.

– Айда, шырағым, атыңды!– деді шапанын бүркене беріп.

Екінші ауылда Сағындыққа көпке дейін лау ат дайын болмады. Бұған бір есептен өзі де кінәлі болды. Ар-

бадан түсісімен үйге кіре жиылған жұртқа кооперация туралы әңгіме айта бастады. Қымыз ішіп, көңілденіп, қызып жүрген бозбаланың көзі Сағындықты алдандырып сөйлете берді.

– Ту-у... мына каперасия дегеніңнің өзі жақсы нәрсе екен ғой!– деді бір жігіт. Өзгелері біріне-бірі қарап ақырын жымиысты. Сағындық ешнәрсені сезбеді. Сөйлей берді.

– Апырмау, осының бәрін кәпіратсия істей ме?– деді екінші біреу. Отырған жұрт тағы жымиды.

– Әрине, кооперация істейді, соның бәрін айта берсе, кооперацияның басқа пайдалары тағы бар,– деді Сағындық терлеп-тепшіп.

– А... мынау бір таусылмайтын жақсылық екен,– деді тағы алғашқы жігіт.

Тағы да күліс, тағы да әңгіме. Мәжіліс көпке айналды.

– Еу, лау аттарын қайда? Айта берсе төренің әңгімесі таусылатын көрінбейді ғой,– деді бір кезде бір ақсақал.

Үйде отырған жігіттер селдірей бастады. Ақырында шал мен Сағындық-ақ қалды.

Шал әуелі ажырайып Сағындыққа біраз қарап алды.

– Шырағым, өзің төремісің, жоқ басқа бірдемесің бе?– деді шал.

– Төремін... Қалай деп айтайын сізге... Кооперацияның төресімін...– деді тілі күрмеліп Сағындық.

– Өзің қотанға шығып қыр көрсетпесең, бүгін бұл ауылдан шыға алмайсың. Өз еркімен қазақ саған ат әкеп бермейді. Қазаққа таяқ керек. Айқай керек. Әйтпесе арам өлесің, шырағым.

Сағындық далаға шықты. Қотанда ешбір жігіт көрінбейді. Анда-санда жерде үймелеп шыбындап тұрған жылқы. Арбалардың астында ығы-жығы болып жатқан қой-ешкі, бұзау, сиыр. Күл үстінде екі түйе аунап жатыр. Қотан қоқыр-соқыр. Сағындықтың жүрегі айнып кетті. Одан сайын осы ауылдан тезірек кеткісі келді. Бірақ ешкім ат әкелмеді.

Намаздыгер шенінде Сағындық ауылдан аттанды. Үлкен даңғыл қара жолда ағызып келе жатты. Артта бұрқыраған шаң. Алдан соққан салқын ғана самал жел. Сағындық қанша ашуланып тістенсе де таза ауа, кең дала еріксіз шаттандыра берді.

– Ту-у... иттер-ай!– деді Сағындық күлімсіреп. – Иттер-ай, қылды-ау қылатынды. Ендігі екі ауылдан өтіп кететін едім... бір есептен бұлар да кінәлі емес. Менің қайдан білсін, не іспен жүргенімді. Мені әшейін көп төренің бірі деп ойлады ғой. Менің кооператор екенімді қайдан білсін. Кооператор екенімді!..

Тарантасқа жеккен аттар ағызып айдай берді. Қара жол ұзыннан-ұзақ созыла берді.

Артында будақтаған қалың шан. Алдында салқын-дау келген самал жел.

ХІІ

Салмақбай жаздай өз аулында болды. Бұның Сағындықпен Қақсалбайдың аулында жолыққаннан былай екі ай өтті.

Салмақбайдың ауылы Шұңқыркөлдің басында еді. Тамылжыған ыстық шілденің күні. Жылтыраған үлкен көлді жағалай қонған көп ел. Көлдің арасында қалың қамыс. Қамыс іші у-шу болған құстар. Біреуі ұшады, біреуі қонады. Біреуі сымпылдап ұясының маңында айналып жүр. Кейбіреулері аспанда көз көрім биікте шырылдап жүр.

Ауылдардың арасы ығы-жығы қыбырлаған мал. Бір тай шауып барады. Бір ат аяндап келеді. Анадайда пысынап қойлар жүр. Шанышқақ тиіп жүгіріп сиыр да жүр.

Әсіресе, бүгінгі күні Салмақбайдың ауылы кісілі еді. Жұрттың көбі Салмақбайдың үйінің алдына жиналған. Тарантасқа жегіліп екі ат тұр. Маңайында таңырқап, қызықтаған көп бала.

Салмақбай көпке дейін үйден шықпады. Үйдің ішінде жанжалдасқан Жаңбырбайдың дауысы. Оған қарсы күбірлеп Салмақбай бірдеме дейді.

– Жаным-ау, ал деймін, қағаз артық болушы ма еді?– дейді Жаңбырбайдың дауысы.

– Ағатай-ау, мөр басылған ақ қағазды қалай алып жүрем орыс-морыс жолда тінтсе қайтем,– дейді Салмақбай.

– Ал, деймін, жаным, тінтпесіне мен кепіл болайын!– дейді тағы Жаңбырбай.

– Алмаймын, деген соң, алмаймын!

– Аласың! Қалай алмас екенсің,– дейді Жаңбырбайдың дауысы тағы да.

Бұдан кейін де көп уақыт айқайлаған Жаңбырбайдың даусы шығып жатты. Салмақбай үйден шықпады. Бір уақытта дауыс басыла қалды. Тағы біраздан соң үй ішінде кісілердің жүргеніндей тыпыр естілді. Одан кейін кешікпей есіктің алдына Салмақбай шыға келді. Оның артынан Жаңбырбай, оның кемпірі, тағы да басқа ауыл адамдары шықты.

Салмақбай тоқтамастан келіп арбаға мінді. Екі торы ат секіріп ала жөнелді.

– Жолың болсын! Жолың болсын!– деді артынан жұрттың айқайы.

– Салмақбай-ау, ұлтанды ұмытпа, ұлтанды!– деді біреу.

– Базарлық, базарлық!– деді айқайлаған қатындардың даусы.

Салмақбай артына қарамады. Қарамаған себебі: үйден шығарда әкесімен ұрысқаны бар. Екінші себеп: сол әкесінің айтатыны болушы еді: «Ауылдан аттанарда артыңа қарама, жаман ырым болады» деп.

Тарантас үлкен қара жолға түсті. Екі торы ат көсіле желе жөнелді. Ұндай ұсақ, ыстық шаң бұрқырай ала жөнелді. Салмақбай келе жатыр. Екі көзі пряткедегі жас торы аттың тұяғында. Ойлаған ойы: үлкен табақ ақ қағаздың бұрышындағы қара мөр. «Апырмау, орыс-морыс кез келіп, тінтсе қайтем?» дейді ішінен. Жас торы аттың бұлт-бұлт еткен тұяғы да тарантастың зырылдаған дөңгелегі де, үстінен ұшып шырылдаған торғай да қара мөрге қарап келе жатқандай одан сайын ойлар түседі. Ойлаған сайын қара мөр көрінгендей.

XIII

Салмақбай жүріп келеді. Үлкен биік адырдан асты. Жалпақ жазық ойға түсті. Жан-жағында жайылып созылған кең дала айналып дөңгелеп, Салмақбаймен қатарласып жүріп келе жатқандай. Жолдың екі жағы шабылмаған, басылмаған қаудан шөп. Желкілеп, сау-сылдап тұрған шөптер! Біреуі иіліп бүгілгендей, біреуі жалпылдап, селкілеп тұр, біреуі бас изеп бұрылғандай.

Бәрі де қыбырлаған жан секілді. Өздерінше өмір сүріп, іс қылғандай. Көкпеңбек болып көсілген көк аспан! Көк күмбездің астында өмір сүрген осыншама мақұлық, осыншама жандар!

Салмақбай үлкен ойға қалды.

– Осы жұртқа не жетпейді? – деді жұлып алғандай орнынан қозғала беріп.

– Мынау кең дала! Мынау қалың шөп! Анау жайылған мал! Мынау жайлау. Анау қыстау! Анталасып, арпалысып жүрген жұрт. Осының бәрі аз?! Көбейген сайын сұрайды. Сұраған сайын араны ашылады!.. Әй, адам-ай! Адамсың-ау! – деді күрсініп Салмақбай.

Салмақбайдың «жұрт», «адам» деп келе жатқаны әкесі еді.

Әкесі Жаңбырбай!.. Міне, бұл елуге келді. Әлі іздегені дүние. Құғаны – байлық. Бес баласы бар. Бесеуі де ұл. Екеуінің үйі түсті. Үшеуіне қалыңдық айттырылды. Бұлардың ішінде ең үлкен Салмақбай. Биыл нақ жиырма бесте. Қатын алған екеуі еншісін алып шыққан. Салмақбай үйдің иесі. Бірақ шал бұған әлі билікті берген жоқ. Дүниенің бәрін өзі билейді. Базарға өзі барады. Нәрсені өзі сатып әкеледі. Соғымға соятын малды өзі ұстайды. Қайсысын сойып, қайсысын сататынды өзі айтады. Қонақты өзі аттандырады. Қонақасыны өзі жейді. Елді өзі қыдырады. Дауды өзі бітіреді.

Жаңбырбай қарт болса да сақ еді. Бұның соншама балаларына ерік бермей, өзі билеп, өзі төстегенде айта-тыны: «балалар шалдың өзіндей қайдан болсын!» – дейтін еді.

Бірақ сонысына қарай мұның балалары ақмақ та емес еді. Әсіресе, Салмақбай. Сонда-дағы Жаңбырбай өзі билеуші еді. Бар дәлелі әлгі айтқан: «балалар шалдың өзіндей қайдан болсын» деген еді. Бұдан басқа шалда түк дәлел болмаушы еді.

Салмақбайдың жеке далаға шыққаны осы жолы ғана еді. Салмақбай дуандағы жәрмеңкеге келе жатты. Салмақбайдың жолға керек аспаптарының бәрін Жаңбырбайдың өзі даярлады. Екі күннен бері қамыт-сайманды жамап, қайыс құлақ бауға май сүртіп Жаңбырбай жабдықта жүрді. Жүретін күні таңертең ерте тұрып, арбаны майлады. Әдемі жүгеннің қайыс тізгінін шешіп алып, оған ескі кендір тағып қойды. «Қылжақ бозбала бір жерде жоғалтып алады» деп атқосшы Тұяқбайдың беліне екі аттың шідерін буындырып берді. Арба майды жаман киізге орап, қораптың бұрышына тығып қойды. Таңертеңнен бері Жаңбырбайдың аузындағы әңгімесі бес-ақ ауыз сөз еді:

– Ау, балалар! Нәрселеріне сақ болыңдар!

Дәл жүрердің алдында Жаңбырбай Салмақбайға он мың теңге ақша санап берді. Ананың-мынаның қосқан аманаты төрт мың болған. Жаңбырбай Салмақбайға санап өзі берді.

Жаңбырбайдың баласына жүрердегі айтқан сөзі:

– Ау, балам, базарға шыққан жолың осы. Айтатын сөзім: Жұртқа сенбе! Жұрт түгіл өзіңе де сенбе! Өзің түгіл екі көзіңе сенбе! Көзіңе көрікті көрінген нәрсені әуелі қолыңмен қарап көр. Кездеме алсаң екі қолыңмен ұстап, жыртылмаса ғана ақша төлеп ал. Былғарыға саудалассаң әуелі табанына салып ез. Езілгенде сыртындағы сыры сынбаса ғана ақша төле! Төлердің алдында саудаласып, салғыласып ал. Саудагер он теңге сұраса, сен бір теңге бер. Ол бір теңге сұраса, сен он тиын бер. Саудагер – залым, қазақ – аңқау. Залымға аңқау болсаң, арам өлесің. Залымға залым болу керек. Кәпірге кәпір болу керек. Ұқтың ба?– деді Жаңбырбай Салмақбайға тесірейе қарап.

– Ұқтым, ұқтым!– деді шыдай алмай Салмақбай.

Жаңбырбай біраз бөгеліңкіреп:

– Мә! Мынаны тағы ал!– деп қалтасынан мөр басқан ақ қағазды суырып берді.

– Ағатай-ау, мөр басқан ақ қағазды қайтем?– деді Салмақбай. Манадан бері оның өсиетін жақтырмай тұрған Салмақбай ызаланып кетті. Әйтсе де дәл жүрердің алдында ұрыс шығармайын деп «ағатай» дей сөйлеп еді.

Жаңбырбай баласының ашуланғанын сезбеді. Манадан бергі айтқан өз сөзіне өзі риза болып, көңілденіп тұрған боймен:

– Тек! Бажылдама! Керек болады! Салып ал қалтаңа!– деді...

Әкесінің көңілді болып тұрғанына ашуланған кісіше Салмақбай:

– Алмаймын!– деді.

Жаңбырбай болмады. Ақырында Салмақбай қағазды еріксіз қалтасына салды.

Кең далада келе жатқан Салмақбайдың ойлаған ойы әкесінің осы қылығы еді.

Көз алдына елестеген ақ қағаздың бетіндегі қара мөр мен әкесінің сөйлегенде бүрісе қарайтын қоңыр көзі еді.

... Сағындық көп ауылды аралады. Өзі әбден шешен болып алды. Бұрынғыдай емес, азырақ есейіңкірейін деді.

Ауылға келіп түскен баяғыдай есерсоқтықты тастап, қазақтың заңына түсті. Ауылға жуықтаған кезден аяңдап жүретін болды. Қоналқы үйге бұрылғанда үйдің сыртынан айналатын болды. Арбадан түскен соң әуелі үйге кіріп, сонан соң тысқа шығатын болды. Бұрынғыдай киіз үйге таңданып, қымызға сұқтанатыны да қалды. Қысқасын айтқанда, Сағындық әбден қазақ болды.

Бір күні Сағындық көп жігіттермен келе жатты. Бәрі де салт атты еді. Июльдің бас кезі болса да, күн салқын еді. Кеше түні бойы жаңбыр жауып, жерді тойдырып тастаған. Жиырма шақты аттың тұяғы соны жердің дымқыл топырағын нандай илеп келе жатыр. Түйгіштеген ауыр балға секілді дүңк-дүңк етеді көп тұяқ.

Жаңбырдан қалған бірен-саран ұсақ бұлттар ақырын аяңдап, бірінің артынан бірі кетіп жатты. Бұлардың жерде, жердің бұларда жұмысы жоқ сияқты. Ешкімге бөгет те емес, ешкімді бөгемейді де. Өзімен-өзі тыңмен жүріп бара жатқан ұсақ қоңыр бұлттар. Аяңдейтін ұлағып, ақырын ғана кетіп жатыр, кетіп жатыр.

Бір сағындық желіп келе жатқан аттың басын тартып, емес, түсірді. Үстінде әдемі түйе жүн шекпен, белінде еске, басында күрең барқыт тысы бар ақ елтірі кішкене бөрік. Аяқта әдемі орысша қара етік. Астында сыппыс құйрық, жұқа жалды жирен ат. Басын тартқан соң аяңдап қалды. Екі-үш қадам озыңқырап барып, өзгелер де аяңға түсті. Сағындық күліп, жан-жағына қарады. Жігіттер де жымыды.

— Тағы да бір әңгіме айтшы, орыстың қыздары қызық болады екен ғой!— деді жанындағы торы атты жігіт.

— Орысты қойшы, қазақ жақсы ғой!— деді күлімсіреп Сағындық. Айтса да күлімсіреген түсі бұзылып кетті. Есіне Қақсалбайдың ауылы түсе қалды білем.

— Айт, Сағындық!— деді үш-төрт дауыс қабатымен.

Сағындық үндемеді. Жүзі әлгіден де суыңқыраған сықылды болды. Қайта қайырып жігіттер сұрамады. Сағындық сол бойымен біраз жүрді. Бір уақытта атын қамшымен салып қалды да:

– Қызды қойындар. Ал, жігіттер, жарысайық! – деді.

Апыр-топыр жұрт шауып ала жөнелді. Біраз жүріп бәрі де тағы аяңға түсті. Бұл жолы Сағындық үлкен әңгіме бастады. Жігіттер әуелі біріне-бірі қарап жымысты. Бір кезде бәрі де мұнайыңқырайын деді. Біраздан соң бәрі де үлкен ойға түсті.

Бұл жолы Сағындықтың айтып келе жатқан әңгімесі сорлы қазақ туралы еді. Қазақтың тұрмысы, қазақтың өмірі еді.

– Біз, міне, бәріміз де жаспыз, – деді Сағындық жан-жағындағы жігіттерге қарап. – Бәріміз де жас! Бір-екі ауылдың арасында қыдыруды білеміз!.. Баяғыдан бері қыдырумен келеміз... қыдырумен ата-бабамыз өтті. Қыдырумен әке-ағамыз өтті!.. Бәрі де әуелде біздей бозбала еді! Осы күні қартайып шал болды. Ертең өледі... Біз де бүгін бозбала! Ертең біз де шал. Бізге де өлім? Біз осы күні не істеп жүрміз? Ертең неге жарар-ақпыз? Біз неге оянбаймыз? Біз неге ұйқыдамыз? – деді Сағындық.

Жігіттердің бәрі де өзінен өзі ойға қалды. Бәрі де тұнжырап, мұная қалды. Не себепті тез уақытта қайғыра қалғанын өздері де білмеді.

XV

Сағындық екінші ауылдан арба жектіріп мінді.

Дуанға бір-ақ күндік жер қалып еді. Дуанға тақалған кезде мұжықтардың қаласы болушы еді. Қазір де Сағындық қаланың жерінде келе жатты. Күн намаздыгер шені еді. Жолдың екі жағы тығылыстырып салған егін. Кейбіреулері масақтана бастаған. Кей кездерде ендігі жылға жыртып тастаған қара жерлер жатыр. Сағындық екінші дүниеге түскендей, жыртылған қара жерді жаңа көргендей таң қалып келеді. Бұдан үш ай бұрын осы күнгі желкілдеп көк егін шыққан жерлер қап-қара еді. Бұдан үш ай бұрын Сағындық дәл осы жермен жүріп те еді. Онда ол көп қара жердің бірін көрмеп еді. Қанша қарайып жатса да жан-жағына ешбір қарағысы келмеп еді. Ол уақыттағы Сағындықтың есі-дерті қазақтың кең даласы еді. Әдемілеп тіккен киіз үй, сапырулы қымыз еді.

Сағындық сол зарыққан даласын көрді. Мауқын басты. Айта берсе, үйреніп те кетті ол сары далаға. Сондықтан қара жерлер Сағындыққа қызықты болып

келе жатты. Сондықтан Сағындық қара жерге қарап еді.

Күн батардың алдында Сағындық ұзыннан ұзақ созылған көп малға жолықты. Сағындық сасып қалды.

– Апырмау, мұншама малды қайда айдап барады?– деді дауыстап өзіне-өзі. Делбе ұстаған лаушы бала артына жалт қарады. Болдырып, тырп-тырп желіп келе жатқан кер торы ат тұрып қала жаздады. Лаушы бала атты қамшымен салып қалды. Кебісінің өкшесі сөгілген жаман қатындардың жүгіргеніндей кер торы ат тырпылдатып қайта желді.

Сиырлар Сағындыққа көңілсіздеу жол беріп, ажырайып жолдың жанында тоқтай салған бойымен қалып жатты. Сағындық тамаша қалып:

– Жаным-ау, осынша малдың бәрін сатуға айдап келе ме?– деді тағы да.

Сағындыққа көп болып көрінгені болмаса, мал шынында да онша көп емес еді. Екі жүзге жуық қана сиыр еді. Бұлардың көп болып көрінген себебі: ұзын жолдың үстінде бір-біріне, бірінің ізін бірі басып келе жатыр еді. Әшейінде тәртіпсіз көп сиырдың қазіргі сағатта солдаттай тізіліп келе жатқан себебі: бұл араның жер мәселесінің жәйі солай болғандықтан еді. Тілдей жіңішке жолдан басқа бос жер жоқ. Бәрі де егін. Егінді сиыр түгіл, сиырдың иесінің басуға хұқысы жоқ. Сондықтан сиыр байғұстар тәртіпті еді. Тәртіпті болғандықтан көп көрініп Сағындықты таң қалдырған еді.

Сағындық осынша көп сиырды біреуге сыйлап беруге айдап келе жатқандай көріп, не қылса да осы малдар туралы біреуден сұрамақ болды. Жолды жанасалап сиырды егінге түсірмеудің ебін тауып, бір салт атты келе жатыр екен.

Сағындық салт аттының арбасымен жанасалай беріп:

– Уа, жаным, мына малдың бәрін қайда айдап келесіңдер! Бұл кімдікі өзі?– деді.

Салт атты шал асықпай-саспай:

– Жәрмеңке!– деді.

– А..? Не дейсіз?– деді айқайлап Сағындық ананың сөзін естісе де.

– Жәрмеңке!– деді айқай артынан.

– Жәрмеңке!– деді Сағындық ананың әніндей қылып.

Біраз отырды да:

– Кооперация! – деді өзінен-өзі тағы да.

XVI

Сағындық шаһарға кіргенде күн батып, қас қарайған кез еді. Көшеде жұрт күндізгідей сапырылып ерсілі-қарсылы жүріп жатыр екен. Бұрыш-бұрыштарда жағылған электр шамы.

Сағындық қаланың үлкен бір көшесінде келе жатты. Екі көзі жан-жағында. Біресе көңілі қуанған секілді болады, біресе үлкен қапаланғандай. Дәл күні кеше, бұдан бір-ақ күн бұрын қазақтың үлкен ауылында еді. Кеше күндіз ғана кең далада жарысып бозбалалармен әңгімелесіп келе жатты. Әңгімесі: қыз-қымыз, қазы-қозы!

Осының барлығы жоғалып, енді мынау! Екінші дүние, екінші адам! Басқаша тәртіптер! Сағындықтың ұғына алмаған бір нәрсесі: екі дүниенің қайсысы жақсы дерін біле алмағандай еді.

Анау дала! Мынау қала!

Екеуі де бір есептен жақсы сияқты. Бір есептен екеуі де жаман сияқты. Дұрысын айтқанда, бұл уақиға Сағындықтың миында былай еді: көшеге қараса, даланы ұмытқандай, даланы еске түсірсе, қаланы жек көргендей.

Әйткенмен, Сағындық ешнәрсені ойламады. Ешнәрсені ойлағысы келмеді. Мең-зең болып келе жатыр, тас көшенің орта кезіне тақалғанда Сағындық сол қолға қарай бұрылды. Біраз жүріп, кішкене ағаш үйдің алдына келіп, ат тоқтатты. Төрт бөлменің ең кішкенесі Сағындықтың пәтері еді.

Үйдің иесі Иван Андреич қақпаның алдында тұр екен. Әуелі үңіліп қарады да, Сағындық екенін таныған соң:

– А?! Сағындық келді! – деді күліп.

Әлгідей болмады, жүгіріп ар жағынан Иван Андреичтің қатыны да шыға келді. Бұл қатынның аты орысқа біткен аттың қиыны болушы еді. Сондықтан Сағындық оны қысқасынан «маржа» ғана деп атаушы еді.

– Ия, маржа, аман ба? – деді күліп, қуанып Сағындық орыс тілінде.

– Аман, аман. Өзің қалай келдің, Сағындық! – деді

арсалаңдап «маржа». Әрине, «Сағындықтан» басқаны ол да орысша сөйледі.

Сағындықты алғашқы күннің құрметі үшін зал бөлмеге кіргізді. Бір жақ бұрышта сурет ілген шамалы ғана бөлме еді. Ортасында ақ дастарханмен жабылған үлкен үстел. Үстелдің үстінде тұрған басқа көкір-шүкір ыдыс-аяқтардың ішінде Сағындықтың көзі түскен қызғалдақ салған кішкене бір шыны сауыт болды. Сауытты ұстай беріп, «мынау қалай жақсы қызғалдақ еді» деудің орнына Сағындық түрегеп тұрған «маржаға» қарап:

– Таня қайда?– деді.

Таня деген сол үйдің қызы еді. Шын аты Татьяна, бірақ жақсы көргендіктен үй-іші «Таня» деуші еді. Мысалы, қазақтың Жұпар деген қызды «Жұпашым» дегеніндей.

Сонымен Сағындық:

–Таня қайда?– деді.

Маржа азырақ бөгеліңкіреді. Сөйткенше болмады, есік жақтан Иван Андреич айқайлап:

– Сагиндик, Таняның күйеуге шығып кеткенін естідің бе?– деді.

– Жоқ!– деді шоқ түскендей Сағындық.– Қашан шықты, қалай шықты?– деді «маржаға» бастырмалатып.

– Бір айдай болып қалды! – деді «маржа» тілі күрмеліп.

XVII

Сағындық Таняны бүйтеді деп ойлаған жоқ еді. Жалғыз терезелі кішкене бөлмесінде ерсілі-қарсылы аяндап жүр Сағындық. Біресе отырады, біресе жүреді, біресе темір керуеттің үстіне барып сұлай жатып, ойланады. Көз алдында елестеген Таняның жүзі.

Орташа бойлы, жіңішкелей келген орыстың сары қызы әдемі. Ұзын сары шашын екі айырым қылып өрген. Бір айырымын арқасына түсіріп, екінші айырымын әдемі төсінің үстіне салып қоюшы еді. Көк көзі оңды болмағанмен, көз қарасы жақсы еді. Сағындықтың көңілін бұрған көз қарасы еді.

Бұдан үш ай бұрын дәл осы кішкене бөлмеде екеуінің отырғаны! Сағындық оның кішкене белінен жалғыз-ақ қолымен құшақтап көтеріп алған. Одан кейін керуеттің үстіне апарғаны.

Таяның екі көзі мөлдіреп, Сағындыққа қарап айтқан сөздері... «Сағындық, менің махаббатым, менің ғашық жарым!..».

Сонда Сағындық келіп оның мөлдіреп тұрған көзінен сүйіп-сүйіп алғаны!

Осының бәрі Сағындықтың көз алдында қайта елестеді. Мұрны қандай, аузы қандай, құлағы қандай, шекесі қандай – мұның бәрі Сағындықтың ойында қалмаған сықылды болды. Сағындықтың қиялында елестеген Таяның жалғыз көзі. Көзі де емес, көз қарасы. Жайшылықтағы көз қарасы емес, өзінің орны келгенде өзгеше қылып аударып жіберетін қарашығы еді.

Бір кезде Сағындық өзінен-өзі ойланып тұра қалды.

– Осы мен неге бүліндім! – деді ақырын ғана дауыс шығарып.

– Мен бәрібір ол қызды сүйген жоқпын, ал деп маған жабысатын болса, бәрібір мен оны алмайтын едім! Енді неге бүліндім. Бүлінгеннің мәнісін айтшы? – деді азырақ есін жиып Сағындық. Бірақ Сағындық бұл сөздерді айтқан сайын жеңілденудің орнына жүрегі ауырлана берді. Бір түрлі өзіне де ұғымсыз бір өкініш, қапыда қалғандық, бір іші ашып, өкпе-бауыры елжірегендік. Біреу келіп көп біздермен кеудесіне шанышқандай. Шанышып алып, кеудесінен жетелеп тартып әкетіп бара жатқандай. Кеудесі кәдімгідей ауырған сықылды. Ауырған сайын біздерді кеудесінен суырып тастап, кейін кеткісі келеді. Бірақ біздер суырылмайды. Шегінген сайын қадала түседі.

Сағындық бір уақытта кереуеттен атып тұра келді.

– Айдаладағы бір орыстың қызы үшін жұмысымнан қалмайыншы. Ертең кеңсеге барғанда айтатын баяндаманы жазып қойайын! – деді.

Мең-зең болып, сандығынан қағаз алды. Төрт аяқты кішкене үстелге келді де жаза бастады.

«Облыстық кооперация ұйымының бастығына» деп қағаздың ең басынан сызып қойды.

«Мен қазақ арасында үш ай жүріп қайттым» деді әрі қарай. «Қазақтың» деп жазып бара жатыр еді, Қақсалбайдың аулындағы түн миына келіп сап ете түсті. Оны ойлап келе жатқанда, тағы да «Таня» елестеп кетті. Не болса да көнетін көк көздің қарашығын аударып-төңкеріп күліп, Сағындықтың қасына тағы да келе қал-

ды. Расында келіп қалды ма деген кісіше Сағындық артына жалт қарады. Сыдыып тұрған бөлменің кішкене ағаш есігі аңырайып тұр, есалаң болған адамша жан-жағына көз салды. Бүріскен сары сырмен сырлаған төрт қабырға. Бұдан басқа ешнәрсе көрінбейді.

Сағындық ұшып тұра келді. Кеудесі манағыдай емес, болбырап, жібіп кеткендей. Тамағынан тіреп, бірдеме келе жатыр. Екі көзі дымқылданып, үйдің ішін жөнді көрмей барады. Созылған бойымен кереуетке етпегінен сылқ ете түсті.

– Таням, жаным! Танечкам! – деді Сағындықтың дірілдеген даусы жастықтың ар жағынан.

XVIII

Салмақбай қалаға түнде кірді. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы еді. Салмақбай жалтылдаған электрдің шамынан басқа ешнәрсені көре алмады. Жолда қосылған көп арбалы базаршылар алдында келе жатты. Салмақбай ең артында келеді.

Салмақбай он жасында әкесімен бір келіп еді қалаға. Содан соңғы қаланың жүзін көргені осы еді. Салмақбайдың ол кездегі көргені қазір есінде жоқ. Көмескілеу бір нәрсе артқы құйқасының астында елестеген сықылды болушы еді бұрын. Сондағы есінде қалған «көмескілеу» суретке Сағындық артынан жұрттың айтқан әңгімесін қосқанда, осы күнгі миында қала туралы пікірі былай болушы еді.

– Қала деген тап-таза бір нәрсе. Ұзыннан-ұзақ созылған көшелер. Көшенің екі жағында әдемілеп салынған ылғи жаңа үйлер. Көше де тап-таза, үйлер де тап-таза. Биттей тозаң жоқ, биттей кіршік жоқ. Дүниенің бәрі сүртіп алғандай.

Салмақбайдың қала туралы, әсіресе, зор пікірі қаланың тазалығы туралы болушы еді. Бұрын елде жүргенде қалаға барып келген қазақтардың да айтатын сөздері, көбінесе тазалық туралы болушы еді.

– Шіркіннің көшесі-ай! Көп магазиндердің алдындағы тас төсеген жері-ай! – деуші еді барып келгендер.

Салмақбай жүріп келе жатқан арбаның астына қанша тесірдейіп қараса да «тазалық» таба алмады. Қайта шаң, балшық даладағыдан мұнда көп көрінді.

Күнұзын тоқтамастан қатты жүріп, болдырған екі торы ат аяқтарын күртік шаңнан әрең суырғандай бо-

лып келе жатты. Арбаның дөңгелегі де шаңға кірген соң ауыр дөңгелегендей болды.

Салмақбай жан-жағына қарап еді, бүкшиіп былығып жатқан өңшең бір жаман үйлерді көрді. Қараңғыда жөндеп байқай алмады ма, әйтеуір анадай нұсқасы оңды көрінбейді.

– Ойбай-ау! Дуаны осы ма?– деді сезіктенген дауыспен Салмақбай. Адасып келеміз бе деп ойлады ма, қалай?

Салмақбай бір нәрсеге қуанғандай болды: «Дуаның мынау болса, хауіп жоқ екен ғой!» деген сықылды.

Салмақбайдың қала туралы бұрынғы көзқарасы бойынша, ол бұл қаладан үлкен қауіпті еді. Бұның ойынша біреу-міреу байқаусызда басып кетуге де мүмкін, қаланы көрген соң, бас айналып, адасып кетуге де мүмкін. Бұдан басқа да ойда жоқ бірдеменің болып қалуы да мүмкін. Қалалы жерде неге кез келем дерін бар ма?

Салмақбайдың ойы осы еді. Ал енді қазірде оның бірі жоқ. «Мені неге келіп біреу басып кетпейді?» деген кісіше Салмақбай өкпелеген дауыспен:

– Ойбай!.. Дуан дегенің де мәз емес екен ғой!– деді.

XIX

Ертеңінде Салмақбай базарға шықты. Аяқта үлкен қара етік, баста қара елтірі кішкене тымақ. Үстінде түйе жүннен тоқыған қоңыр шекпен.

Әдемі ыстық шілденің күні еді. Салмақбай пысынап, терлеп-тепшіп келе жатты. Тротуардың тақтайын қара етігімен тық-тық басқанына елігіп, алғашқы кезде қаттырақ жүріп кетті білем, екі көшеден өткен соң шаршап, терлей бастады.

Көшеде ерсілі-қарсылы жүрген адамдар. Көбі атты, арбалы. Бұрқыраған шаң. Салмақбай балпылдап жүріп келеді. Әдемі салынған үйлерді тоқтап тұрып, азырақ қарап алады. Терезесін ашып қойған үйлердің терезесінен үңіліп, оған да бөгеліп өтеді. Алдынан орыс келе жатты, тротуардан түсіп, бұрылып жол берді. Көшенің бұрышына келгенде жан-жағына тағы қарап алды.

Бұл секілді тәртіпсіз жүріс Салмақбайды онан сайын шаршатты. Сондықтан терлеп-тепшіп базарға әрең жетті.

Базар үлкен ашық далаңқырға жайылған екен. Қазақтың көшкенде тігетін жапа-салмасы сықылды. Әлденеше қатар қылып салынған көп дүкендер екен. Дүкендер біріне-бірі тақалып қатарынан тізілген екен. Екі қатардың арасында кішкене көше қалдырған. Ерсілі-қарсылы жүрген халық. Ығы-жығы. Дүкендердің ар жағында тағы да көп халық. Одан әрі мал: жылқы, сиыр, қой, түйе. Арбалар да бар, аттылар да бар. Жаяу да, орыс та, қазақ та, ноғай да – бәрі бар екен.

У-шу, азан-қазан болған жұрт, бір жағынан айқай да шығады, біреулер қарқылдап күліп жатыр. Біреулер таласып, бір нәрсеге саудаласып жатыр.

Шаршап, аяғын әзер басып, Салмақбай бір дүкеннің алдына келді. Жуан бір семіз ноғай Салмақбайға бір түрлі жылы жүзбен қарады да:

– Не керек мырза! Айна, тарақ бар, алмасаң да қарап қал!– деді. «Апырмау, мына ноғайдың қазақшаға судайын-ай?!» деді ішінен Салмақбай. Аяңдап дүкеннің ішіне кірді. Аласа қылып салынған кішкене үйдің іші толған нәрсе екен. Ең төрдегі қабырғада әдемілеп жиып қойған топ-топ кездеме, бөз, сиса, барқыт, шәйі. Оң жағында өншен ұсақ-түйектер тұр. Шыны аяқ, бәкі, тарақ, жіп, айна, бояу, түйме, шыны көз, тақия, сабын, қағаз, қарындаш. Сол жағында одан да көп нәрсе: темір шелек, қазан, қаңылтыр ожау, балта, шалғы, жүген, шілия, қамыт, қамыттың ағашы, қамыттың құлақ бауы, доға, кендір, арқан.

Жерде үйіліп былғары жатыр. Қара былғары, сары былғары, ұлтандық, мәсілік, етіктік. Тағы-тағы толып жатқан көп нәрселер.

XX

Салмақбай ноғайға қазақша жақсы білгендігі үшін риза болып қалды. Әдеппенен саудагердің жанына келді де:

– Қайырлы сауда болсын!– деді.

– Әумин, әумин!– деді ноғай асығып. – Не керек сізге? Іштік пе, тыстық па? Шай ма, самауыр ма?– деді жылдамдатып.

Салмақбай аспай-саспай ноғайдың қақ қасына келді де:

– Сиса бар ма?– деді.

Ноғай әлгіден де жылдам бірдеме деп сөйледі де,

Салмақбайдың алдына бір топ сисаны дүңк еткізіп тастай берді. Салмақбай сисаны қолымен біраз жұлқып еді, сиса жыртылмады.

– Не тұрады, бұның хақы?

– Жүз теңге! – деді ноғай.

– Он теңге алмайсыз ба?

Ноғай ажырайып Салмақбайға қарады да, екі көзі шарасынан шығып ашуланып кетті.

– Шықың айда! Айда кет! – деді.

– Он бес теңге болсын! – деді Салмақбай көңілденіп.

– Шықың айда, айда! – деді екі көзі қызарып ашуланған саудагер.

Салмақбай қарсыласпай дегенінен шықты. Далада бұрынғыдай қыбырлаған көп халық екен. Ығы-жығы болып араласып сапырылысқан жұрт. Салмақбай бұлардың арасынан әрең өтіп, жан-жағына қарап келе жатты.

Бір уақытта көп малдың ішіне кіріп кетті. Неліктен екенін өзі де білмейді, Салмақбай желінің басына келген сықылды болды. Ешбір мақсатсыз малдың арасында біраз жүрді. Мұжықтың үлкен көк арбасының түбіне байлаулы еңгезердей екі қызыл өгіз жатыр екен. Мұрындары пысылдап ұйқтап жатқан өгіздерді қолымен тербетіп тұра келгізді.

– Жануардың үлкені-ай! Көшкенде жегер ме еді! – деді Салмақбай таңданып.

Арт жағынан айқайлаған дауыс шықты. Салмақбай жалт бұрылды. Бір қазақ пен бір орыс мал саудаласып жатыр екен.

– Бес мың теңге! – деді орыс ананың қолынан ұстап.

– Жоқ, он мың! – деді қазақ.

– Бес мың.

– Жоқ, он мың!

– Бес мың!

– Біреуін тастайын, тоғыз мың!

– Бес мың!

– Ал, сегіз болсын!

– Бес мың! Артек жоқ! – деді де орыс аяндап әрі қарай жүре берді.

– Әй, знаком, жетеу, жетеу! – деді қазақ артынан айқайлап.

– Бес мың, бес мың!

– Оған бермеймін.

– Бересин, бересин! – деді анау кетіп бара жатып.

Салмақбай бұлардың сөзін естіп біраз тұрды да, базарды аралап тағы жөнелді.

Бұл жолы Салмақбай көп тері, жүн-жұрқа сататын базарға кіріп кетті. Ешбіреуін саудаласпады. Аңырайған бойымен жүре берді. Салмақбай жүре берді. Бір кезде пәтер есіне түсті. Аңырайып тағы қарады жан-жағына. Алдында үлкен көше. Екі жағында салынған үлкен магазиндер. Біреулер кіріп, біреулер шығып жатыр. Үлкен қалың шыныдан тұтас қылып орнатқан терезелер. Терезенің ар жағына көрмеге тізіп қойған көп нәрсе, әдемі бәтіңкелер, оңды шұға, таза жібектер. Салмақбай еш біріне қарамады.

Шаршап, салмақтап жүріп келеді. Пәтердің қай жақта екенін де ұмытып қалды. Көше түндегідей емес, бір түрлі әдемі. Үйлер де оңды. Нағыз шаһар сықылды.

– Нағыз қаланы жаңа көрдім ғой! Қаланың жақсысы мына жақта екен ғой! – деді Салмақбай қуанып.

– Қала қала-ақ, бірақ үй қайда? Пәтер қайда? Пәтер жоқ! Пәтерден айрылды! – деді Салмақбай күліп. Пәтерден адасып қалғанына көңілі риза болғандай. Салмақбай көпке дейін ешкімнен жол сұрамады. Біразға дейін шаршағанын да ұмытып кетті. Бірақ жаратылыс өз негізіне тарта берді. Салмақбайдың аяқтары былақ-сылақ етіп тәлтіректеуге айналды. Салмақбай үлкен көшенің бұрышында тұрған бір төрт бұрышты әдемі тастың үстіне отырып, азырақ дем алайын деп ойлап еді. Ар жағынан маңдайында жылтыр түймесі бар екі орыс шыға келді. Салмақбай үндеместен кейін қарай бұрылып кетті. Аяқ жүруге жарамады. Байпақтың іші әбден терлеп су болды. Дем алатын жер жоқ. Салмақбай дағдарды. Манадан бері жабық жүрген тымағының бір жақ құлағын жоғары түрді де, екі қолын толғатқан қатындарша кісесіне тіреп, екі аяғын нық басып, күресетін балуандарша ажырайып тұрды.

– Жер ортасы Көктөбе деген осы! – деді өзіне-өзі бұржиып.

XXI

Сағындық кооперацияның облыстық мекемесінен шыға келгенде, есіктің алдында күтіп тұрған жолдас:

– Ал, жөнелдік! – деді орысшалап.

– Қайда барамыз? – деді орысшалап Сағындық.

– Әуелі бақшаға! – деді Василий.

– Бақшаң құрсын, мен әуелі пәтеріме кіріп шығам! – деді жүгіре басып Сағындық.

– Жоқ, көп болмаймыз! Екі-ақ минут! – деді жүгіре басып Василий.

Екеуі де қатты аяңдап келе жатты. Екеуі де азырақ қызулау еді. Арақ ішіп емес, әлгінде болған мәжілістің қызуы еді.

– Ал, тыңдашы енді! Мен саған түсіндірейін, – деді Василий оң қолын көтеріп қалып.

– Тыңдамаймын, тыңдамаймын! Сендер бәрін итсіңдер! – деді Сағындық ашулы дауыспен.

– Боқтаспай тұра тұр! Әуелі тыңда! Менің ойымша қазақ әлі надан. Орыс қалай дегенмен мәдениетті жұрт. Сенің әлгі айтқаныңның қисыны жоқ.

– Қисыны бар! – деді дірілдеп Сағындық. – Қалайша қисыны жоқ? Кооперация сауда. Саудада кімнен ақша көп түссе, сол қадірлі. Анау күнгі жәрмеңкеден қазақтың арқасында сексен миллион пайда еттік. Мына жәрмеңке одан да көп пайда бермек. Сөйтіп отырып қазақтың ішіндегі істелетін жұмыстың біріне көнбейді. Мен не айтып отырмын? Не дедім мен? – деді Сағындық әлгіден де ашуланып.

– Менің айтып отырғаным: түскен пайданың бір миллионына қазір қазақтың бір аулынан кооператив дүкенін ашайық деймін!

– Бір-ақ миллион! Сексен бөліктің бір бөлігі! Бар пайданың сексенінші бөлімі!

– Тұра тұр! Тұра тұр! – деді жерден бірдеме тауып алғандай Василий. – Жарайды аштық! Кооператив жасалды. Соны жүргізетін кісінді айтшы! Қазақтың ішінде адал кісі аз дейтін ылғи өзің емес пе едің?

– Мен өзім ашам! Өзім барып қызмет етем сол ауылға! Ал енді не дейсің?

– А-а!.. Олай болса, әңгіме басқаша! – деді жайлап Василий. – Олай болса мен саған қосылам...

Василийдің ойы: Сағындық бәрібір жұмыс істеп қазақтың аулында тұрмайды. Сондықтан бұның бұл сөзіне көнсе де ешнәрсе етпейді дегендік еді.

Сағындықтың ойы да ауылға барудан алыс еді. Бірақ ерегіскен соң дәлел қылып келе жатқан бұныкі де құр сөз еді.

– Олай болса, сен ертең қолыңды қой! – деді Сағындық жуас дауыспен.

– Жарайды қоям!– деді Василий бөгелместен.

Екеуі де алдына жалт қарады. Сөздерін тоқтатып тұра қалды.

– Қазақты қара! Қазақты қара!– деді қуанып Василий.

Сағындық жауап бергенше болмады, қазақ:

– Ассалаумағалайкум, төре!– деді.

– Уа, сен Салмақбаймысың?– деді Сағындық қазақтың қолын ұстап жатып.

– Ия, Салмақбай боламын,– деді салмақты дауыспен Салмақбай.

– Жаным-ау, қайдан жүрсің бозбала!– деді күліп Сағындық.

– Жәрменкеге келіп едім.

– Жәрменке ме?

– Ия, жәрменке, мырза!

– Жәрменкеге болса, қане жүрейік!– деді Сағындық Салмақбайдың жеңінен ұстап, Василийге қарады да:

– Мен бармаймын, жүре бер. Ертең жолығармыз!– деді.

XXII

Извозчиктің әдемі арбасы тас көшеден зырылдатып ала жөнелгенде Салмақбай ыржиып қасындағы Сағындыққа қарады.

– Ия, бозбала, жәрменке қалай екен?

– Жәрменкенді білмеймін, мынау бір жабайдың арбасы дүниенің рахаты көрінеді.

– Ау, сен осы извозчикті жаңа көріп пе едің! Жәрменкені айтсайшы?

– Мырза-ау, менің өмірімде қалаға келгенім осы! Бір жабайға да мініп келе жатқаным осы!

– Ия, текке бозбала болып жүр екенсің ғой!

– Неге? Бозбалашылық өз алдына емес пе?– деді қутыңдап Салмақбай.

– Бозбалалықты қоя тұр. Өзің жәрменкеде не көрдің?– деді Сағындық Салмақбайдың сөзін бөліп, ананың «бозбалашылық өз алдына емес пе?» деген қулығын Сағындық жақтырмады. «Менің жазды күнгі қашқанымды айтып келе ме-ау!» деді ішінен.

Сағындықтың бұнысын Салмақбай да сезе қойды. Әлгіндей емес, күлкісін тияп, әдепті жүзбен:

– Жәрменкен құрсын. Дүниенің бәрі қымбат көрінеді,– деді.

– А, солай ма екен?– деді көзі жайнап Сағындық. – Кооперация аш десе тіл алмайсыңдар, тіл алмағанның үстіне сенбейсіңдер. Ақыл айтқан кісіні дұшпан көресіңдер... Солай ма екен?– Сағындықтың шешендігі ұстап кетті. Тоқтамастан сөйлей бастады.

– Солай ма екен? Қайта сендерге ол да аз. Алсын ақшаларыңды саудагер. Бәрін алсын. Бар малдарыңды талап алсын. Сендер сонда ғана тіл аласыңдар. Сонда ғана!– деді Сағындық булығып.

– Каперация жай бере ме? Бәрібір ақша ғой...

– Әрине, жай бермейді!– деді Сағындық қыза сөйлеп. – Жай емей немене, сен саудагерден мың теңгеге алғаныңды кооперация жүз-ақ теңгеге береді. Оның аты жай емес пе? Тоғыз жүз теңге жаныңда қалады! Одан артық не жай керек?

– Олай болғанда капратсияң жақсы ғой,– деді жуасып Салмақбай.

Екеуі де үндемей, біраз уақыт өткізді.

– Сол коператсияның жай нәрсесін бізге де алып берсеңізші!– деді ептеп қана Салмақбай.

– Кооперация көрінгенге бере бере ме? Әуелі кооператив ашындар. Сонан соң аласыңдар!

– Ол құрғырдың қалай ашуын да біз білмейміз ғой?– Салмақбай бір нәрсеге өкінген кісіше.

– Неге білмейсіңдер? Кооператив ашудың не қиыншылығы бар?– деді Сағындық ашуланып.

– Ойбай-ау, мырза! Үйретсеңізші біз сықылды надан қазаққа. Пайдалы істен неге қашайық!

– Не үйрететіні бар? Ауыл болып қаулы жасайсыңдар. Кооператив ашамыз дейсіңдер. Әне бітті сонымен.

– Олай болғанда приговор керек болды ғой?

Сағындық үндемеді. Бірақ оның бұл жолғы үндемеуі «Иә! Приговор керек» деген сықылды болды.

Салмақбай да үндемеді. Оның үндемеуі үлкен бір ойға түсіп кеткендіктен еді. Көз алдына елестеп көп нәрселер келіп қалды. Көк желкесінің тап үстіне бірдеме жыбырлатып кетті.

Салмақбайдың ауылдан шыққан күні есіне түсе қалды. Әкесінің «Ал!» деп қақсап тұрған даусы құлағына естілгендей болды.

Ақ қағаз... бұрышына басқан қара мөр...

«Апырмай бір істің сәті түспегей де?» деді Салмақбай ішінен.

XXIII

Салмақбайдың қазіргі халі үлкен қызық хал еді.

Алдында көп алтын жатқандай! Алайын десе, маңай толған халық. Жерде жатқан алтынды бұдан басқа адам әлі көрген жоқ. Бірақ еңкейіп ала бастаса, жұрттың бәрі жалт қарайтын сықылды. Апырмай, қалай алсам екен?! Қалай қылсам екен? Біреу-міреу көріп қалар ма екен? Ия болмаса алтынды қалтаға салып алғаннан кейін жоғалтқан кісі жоғын жоқтар ма екен?! Қалай болады?

Салмақбайдың бала кезінде естіген бір әңгімесі бар еді. Бір күні молладан әкесі сұрады.

– Уа, молла! Мен бір олжа табам. Ұрлағам жоқ, тауып алдым. Артынан әлгінің иесі шықты. Ол уақытқа дейін мен олжаны жұмсап қойдым. Жұмсап қойған соң әрине бермедім. Осыным адал ма?

Сонда тұрып молла айтып еді:

– Сіз тауып алған жерде олжаны аяғыңызбен басып тұрып, «олжа таптым, олжа таптым, олжа таптым» деп үш рет айқайлайсыз, ешкім «менікі» деп шықпаса, олжа сіздікі. Сіздікі болғаннан кейін, әрине, қалай жұмсасаңыз да халал.

Әкесі қасында отырған Салмақбайға қарап:

– Естідің бе молланың сөзін? Олжа тапсаң аяғыңмен басып тұр да үш қабат дауыстамай ақырын «олжа» деп айқайла. Сонда олжа сенікі болады, – деп еді.

Салмақбайдың қиялына осы келіп түсті.

Мынау «кооперация ашсаң, тегін нәрсе берем» деп келе жатқан төре! Кооперация ашу үшін «қаулы» керек дейді! Қаулы дегені приговор! Приговор жазатын ақ қағаз қалтасында келеді. Шетінде мөрі басылған... Бұл қалай болар екен? Олжа емес пе? Соғып жіберсем қайтеді?!

Салмақбайдың денесі бір қызып, бір суып кетті. Үлкен олжаның пайдасы жүрегін үйтіп жіберді.

– Ал енді, мырза! Мен сізге шынымды айтайын! – деді күліп Салмақбай Сағындықтың пәтеріне тақалған кезде. Біраз бөгеліңкіреді де:

– Мен осы қалаға әдейі сізді іздеп келдім. Ел кооператсия ашамыз деп, приговор жасап, мені жіберді, – деді.

Сағындық шоқ түскендей бар денесімен бұрылып Салмақбайға жалт қарады:

– Жаным-ау! Рас па? Шын айтасың ба?– деді даусы бұзылып. Алтынды етегіне төгіп жатқандай Салмақбай да дірілдеп кетті.

– Рас, шын!– деді маужыраған көзі дымқылданып.

– Уа, бозбалам, жарайсың! Жігіт болдың!– деді Сағындық арбадан түсіп жатып. Салмақбай үндемеді, ыржиып күлді.

– Олай болса, сен ерледің! Ертең приговориңды маған алып кел. Екеуіміз правлениюе барайық.

– Прауленияңіз немене!– деді Салмақбай түсі бұзылып.

– Қорықпа, қорықпа! Бәрін мен өзім істеймін. Правление деп кооперацияның іс басқаратын мекемесін айтады. Қазақша басқарма десең де болады.

– Біз, надан қазақ, ештеңесін білмейміз. Әйтеуір өзіңіздің етегіңізден ұстадық,– деді жалынышты жүзбен Салмақбай.

– Жарайды, жарайды! Ауылда сенің етегіңнен мен ұстайын. Қалада менің етегімнен сен ұста. Қаланың қызы даланың қызындай емес, үй сыртына өзі шығады,– деді қалжындап Сағындық. Түсі бұзылған Салмақбай ыржиып тағы күлді.

XXIV

Салмақбай түні бойы ұйқтамады.

Пәтері нашар, ноғайдың үйі еді. Оңтүстікте кішкене ғана ескі терезе. Еденге төселген жаман ескі қалың кенеп. Төр жақта қорылдап ұйқтап үйдің иесі жатты. Оның айналасында бала-шағалары. Олардың бер жағында екі қазақ.

Салмақбай кішкене қол сандықтың үстіне кішкене керосин лампаны қойды да, ақырын ғана қалтасынан мөр басылған ақ қағазды алды. Қарындашпен жаза бастады. Күндізгідей емес, денесінің дірілдегені де тоқталды. Күндізгі болмашы қауіптер де жоғалып кеткендей болды. Салмақбай қазақшалап нығайып отырды да іске кірісті.

Қысқа қызыл қарындашты қызыл тілімен жалап алды да, «Приговор» деп жазып қойды. Салмақбай сөйлегенде «пругуар» деуші еді. Неліктен «Приговор» дегеніне өзі де есеп бермеді.

Ең әуелі Салмақбай өзінің жақындарын жазды. Бірінші номерге Жаңбырбайды жазды. Одан кейін түндік иесі өзінің екі ағасын жазды. Осы үш түндік Жаңбырбайға немере болушы еді. Оны жазды. Жаңбырбайдың төрт құдасы бар еді. Оларды жазды. Салмақбайдың нағашысы бар еді, оны жазды.

Айналасы он екі үй болды. Салмақбай енді кімді жазарын білмеді. «Он екі адамдық пргуар бола ма екен?» – деді ішінен біреуге риза болмаған кісіше. – Тым болмаса елу түндік керек!».

Салмақбай тағы жаза бастады. Бұл жолы бұның приговорға кіргізіп жатқан адамдары өз аулының барлық түндігі, екі үлкен құданың аулы еді. Барлығы елу төрт түндік болды.

«Бәсе, пргуар деген осындай болу керек қой!» – деді қуанып Салмақбай.

Ойланбастан мөрдін жанына болыстың қолын қоям деп жатыр еді, қолының астынан мөр таба алмады. «Мөр бір жаққа ұшып кеткен екен» – деп қалды Салмақбай. – Апырмау, мөр қайда? – деді дыбысын шығарып, екі көзі аларып.

Алақанның астынан мөр көрінбеді. Салмақбай есі кетіп, мең-зеңденіп төмен қарады. Дөңгелек қара мөр анадай жерде қағаздың бұрышында тұр екен.

– Ойпыр-ай, анда жатыр екен ғой! – деді Салмақбай ыржия күліп. Елу төртінші номерде тұрған Қақсалбай мен қара мөрдін арасы әлі болса едәуір жер көрінді. Кем дегенде тағы елу төрт түндік еркін сиятын болды.

– Қап, құдайдың құдіреті-ай! Мына құрығырға тағы елу түндікті қайдан табам? – деді ренжіп Салмақбай.

Бұл жолы Салмақбай жазу тәртібіне азырақ өзгерту кіргізді. Бұрынғы бірінің артынан бірін жазатынды тастап, жол басы сайын бір-ақ түндік қоятын болды. Сондықтан қағаздың қалған бөлімі тез бітті. Салмақбайдың нағашысының аулы-ақ бітіріп кетті.

Приговор дайын болды. Бірақ кішкене ғана кемшілігі: ақ табақ қағаз жарты шекелеу болып шықты.

Салмақбай жазып болғаннан кейін приговорға қарап біраз отырды. Дәл өзінің аулы сықылды қағазға жазылған сөз дейтін емес, жаны бар тірі адамдар сықылды. «Жаңбырбай» Жаңбырбай десе, Жаңбырбай дегендей дәл әкесі ғұсап тұр! «Қақсалбай» да дәл Қақсалбай сықылды.

Салмақбайға приговордың бүйтіп көрінгені үлкен қуат берді, ыржиып күлді де, қағазды бүктеп қалтасына салды.

Бүктеп жатып қағаздың дәл бүгілген жеріне кез келген Қақсалбайдың атына қарады да:

– Қасеке! Ұрысып жүрмеңіз?!– деді жымыып Салмақбай.

XXV

Салмақбай Сағындыққа келгенде, Сағындық жаңа тұрып шай ішіп отыр еді.

– Қане? Көрсетші приговорыңды!– деді Сағындық аузындағы нанын күйсеп жатып.

– Надан қазақпыз ғой! Қатасы болса түзете беріңіз!– деді Салмақбай күлімсіреп.

– Қарындашпен неге жазылған?

– Ей, мырза-ай! Елде сия бар ма? Дүниенің бәрі таусылды.

– Мынасы несі? Мына жерін ашық қалдырғаны қалай?

– Ол жол керек бола ма деп қалдырған ғой,– деді Салмақбай. Алғашқыдай емес түсі бұзылып бара жатты. Сағындықтың соңғы сөздеріне қарағанда, осы кәпір біліп қалды ма деген күмән кіре қалды ішіне.

– Жөні келмейтін болса қарсылығымыз жоқ. Елге қайтамын...– деді күрмеліп Салмақбай.

– Жоқ, бұл қағаз енді елге қайтпайды. Мен ерегескен соң бұдан іс шығарам!– деді күліңкіреп Сағындық.

Екеуі де үйден шығып келе жатты. Сағындық андасанда бір сөз сұрап қояды.

Салмақбай бір сөзінде бір-ақ ауыз жауап қайырады. Салмақбайдан кешегі қалжың да қалған. Ананың сөзіне жөнді жауап та таба алмайды. Кеңсеге жақындаған кезде Сағындық аянын ақырындатты да Салмақбайға қарап:

– Берік бол енді, бозбала!– деді.

Салмақбай бұрынғыдан да жаман қорықты.

– Ия, жасаған ием! Өзің жар бол!– деді ішінен екі-үш қабат. Кооперацияның мекемесі үлкен екі қатарлы үй екен. Бұлар тас басқыштан жоғары шығып келе жатқанда, алдарынан екі-үш әдемі қыз жолықты.

Салмақбай бұларға қарап:

– Драсти!– деді.

Үйдің ішінде қызмет еткен адам, тіпті, көп екен. Үлкен бір бөлмеде көп есепші шотқа қағып тарсылда-тып жатыр. Одан кейін бір үйде көп қыздар қолмен басатын машинамен тасыр-тұсыр еткізіп сөз жазып жатыр. Үшінші бөлмеде тағы да көп адамдар көрінді. Бұлардың ішінде біреуі жұдырығын түйіп қатты дауыспен сөйлеп жатты.

Сағындықтар бұлардың ешбіріне бөгелместен, бұрыш жақтағы бір үйге жөнелді.

Бұл кооперацияның бастығы Сергей Ивановичтің отыратын үйі еді.

Сергей Иванович деген үлкен семіз сары орыс екен. Сағындықтың жылдамдатып айтқан баяндамасын азырақ езуін жиыңқырап тыңдап отырды. Ол біткен кезде:

– Қазағың мынау ма?– деді Салмақбайға қарап.

Салмақбай бұлардың сөзіне жөнді түсіне алмады. Бірақ Сағындықтың бетіне қарағанда іс жаман емес екендігін іші сезе бастады.

– Менің жаздай жүргенде насихатымды дұрыс естіген осының елі,– деді Сағындық Салмақбайға қарап.

– Жарайды! Бірақ біз істей алмаймыз. Жалпы жиылыстары керек олардың. Мынау приговор!– деді Сергей Иванович.

Біраз көзін ежірейтіп бөгеліңкіреді де:

– Онң үстіне бұл қазақша жазылған!– деді.

– Сіз біздерді жұмыс қылсын десеңіз, бұны істейсіз!– деді Сағындық ақырын дауыспен.

– Һәм және қазақтан сексен миллионнан пайда аламын десеңіз!..– деді қоса салып артынан.

Бұл сөздерді айтты да Сағындық қалтасына сала бастады.

– Жарайды, жарайды!– деді асығып Сергей Иванович.

– Мен ризамын, бірақ кооперативті сіз барып ашасыз.

– Ашамын! Ашамын!– деді ойланбастан Сағындық.

Биік басқыштан түсіп келе жатқанда Салмақбай Сағындыққа жылы жүзбен қарады да:

– Мырза, ешнәрсе болды ма?– деді.

– Әрине, болды. Мен ерегіскен соң аштырмай қоймаймын!– деді Сағындық.

– Болды ма! Осы жолы бере ме?– деді ептеп қана Салмақбай.

– Бәрі болды! Бәрі де! Тек кооператив ашындар. Кооперация болса, бәрі де болады! – деді ентігіп Сағындық.

Әрі қарай Салмақбай ешнәрсе сұрамады. Көз алдынан көп кездеме өтіп жатты. Ойы ешнәрсені ойламады. Көзі аспаннан жауған шұғадан басқа ешнәрсені көрмеді.

XXVI

Нәрсе тарантасқа әрең сыйды. Неғұрлым қымбаттары қораптың астына салынды. Арзандары үстіне үйілді. Сүт пісетін машинаны арбаның астына таңды.

Бұл күні кешке Салмақбай нәрсесімен Сағындықтың пәтеріне қонбақшы болды. Бірінші себеп: нәрсені сақтау үшін. Екінші себеп: Сағындық кететін күні түн Салмақбайға кооперация жайынан көп әңгіме айтпақ болып еді.

Нәрселерді Сағындықтың қорасына алып келді. Үй иесі орыс есік-тесіктің бәрін түзеп, қораға ешкім кіре алмайтын қылып жөндеп қойды. Арбаның жанында күнде далаға атты алып кететін Тұяқбай қалатын болды. Екі торы ат жолға қарсы таң асып арбада байлаулы тұрды.

Үйге кіріп, жайланып отырғаннан кейін Сағындық сөз бастады. Салмақбай бұрынғыдай емес қутындап анда-санда сөз арасында Сағындықты қағыта отырды. Сағындыққа Салмақбайдың қалжыңы жақпаған кезде оны сезіп, Салмақбай да қайта әдепке түсіп отырды.

– Мен кооперацияға айналғаныма жылдан асып барады! – деді маңғазданып Сағындық.

– Содан бері қақсап келем. Айтатыным кооперацияны аш, кооперация аш, қазақ, деймін. Әлі ешкім тіл алған жоқ. Кооперацияның пайдасын білмейді ғой, білсе ашар еді!

– Әрине, мырза! Білсе ашар еді! – деді білгенсіп Салмақбай. – Білмеген соң бәріміз де кіргеміз жоқ! Міне, білдік! Енді үйрендік!

– Әлі қайда? Әлі үйрену ме саған?! – деді күліп Сағындық.

Екеуі де бет алдына күлді. Қуанып, қалжыңдасқан бойымен біраз отырды.

– Мен сіздің ауылды біржолата қала қылып жібергім келеді! – деді бір кезде көзі жайнап Сағындық.

Салмақбайдың жүрегі селк ете түсті:

– Қаланы қойып, осылай нәрсе алып тұрсақ та жарайды, – деді ақыл айтқан түрменен.

– Жоқ, қала болғанда жай қала емес, кооперацияның қаласы! Ұйымның қаласы! – деді жылдамдатып Сағындық.

– Кооперация деген ол бір кісі емес. Кооперация қазақша ұйым деген сөз. Жұрттың бірлігін европа тілінде кооперация деп айтады.

– Бәсе! – деді ыржиып күліп Салмақбай. – Бәсе, кооперация деген кісі болмаса керек. Мен осыны жұрттың көбіне айттым! Бәсе, кооперация деген кісі болмауға тиіс.

– Сендер кісі деп ойлап пеңдер? – деді Сағындық қабағын түйіп.

– Жоқ! Кісі дегеніміз жоқ! Приговор жазарда мен айттым жұртқа! – деді бөгеліп Салмақбай.

Біраз уақыт осындай әңгімемен өтті. Артынан Сағындық қазақтың тұрмысын айтты. Қанша қазақтың жүн-жұрқасы бар, малы бар, соларды сатса қанша пайда түседі. Ол пайданың осы күні қаншасы саудагердің қалтасында кетіп отыр. Осының бәрін айтты.

Сағындық әңгімесін бітіріп келген кезде ағарып таңда атып еді.

– Міне, осының бәрін кооперация деп атайды! – деді шаршап Сағындық.

XXVII

Шілденің салқын таңы еді. Көшелерде адам жоқ. Анда-санда әр жерде шақырған тауықтың дауысы естіледі. Салмақбай Сағындықпен қоштасып арбаға мінді.

– Сәлем айт елге! – деді күліп Сағындық.

– Қош болыңыз! Жақсылығыңыз құдайдан қайтсын! – деді Салмақбай.

Бір арба кездемені артып алып, Салмақбай көшеде келе жатты.

Жан-жағында орыстың әдемі үйлері қалып жатты. Біреуі көк сырмен сырлаған, біреуі қызыл сырлы, біреуі жасыл сыр. Салмақбай бұрынғыдай емес, бұл үйлердің ешбіріне таңданбады.

Қаладан әбден шыққан кезде Салмақбай бөгеліп, нәрселерді дұрыстап таңып алды.

– Базарлықты мықтадық-ау!– деді ыржиып Тұяқбай.

– Базарлық па? Базарлық болды ғой, құдай бұйыртса!– деді күліп Салмақбай.

Арбаға мініп тағы жөнелді. Кең далада келе жатты. Данғырлаған үлкен қара жол. Күн көтеріліп, жер жылына бастады. Салмақбай тымағының құлағын түріп, жадыраған күннің көзіне қарсы қарап отырды. Таңертеңгі таза ауа, күлімсіреп сәуле берген күннің көзі, көгеріп құлпырған жердің жүзі – осының бәрі Салмақбайды қуантып жіберді.

– Апырмай! Мына даланың жақсысын-ай!– деді Салмақбай ыржия күліп, көңілі одан сайын қоштанып, ойына көп жақсылық түсіп кетті.

– Апырмай, бұл не деген жігіт еді! Бұл не деген сабаз еді?!– деді Салмақбай Сағындықты есіне түсіріп.

– Апырмайдың ерлігі-ай! Сабаздың адалын-ай! Міне жігіт! Міне ер! Кісі болсаң сондай бол!– деді Салмақбай.

Салмақбай өзінен-өзі қуанған сайын Сағындықты жақсы көріп, оны жақсы көрген сайын айтқан сөздеріне ден қойғандай болды.

– Тіпті, сенікі рас! Бізге капратсия керек. Капратсиясыз күніміз ашылмайды! – деді бір кезде түсін суытып. – Осындай жігіттер кез келгенінде жасап жіберу керек. Несі бар дейсің, тәйрі! Қолға алса, жұмыстың бәрі оңай! – Салмақбай қоржиып орнынан қозғалыңқырап қойды.

Екі торы ат ағызып айдап келеді. Тарантас зыр-зыр етеді.

– Әй, сен мына нәрсені қалай алғанды білесің бе?– деді делбе ұстаған Тұяқбайға қарап.

– Мен қайдан білейін?!– Әйтеуір көп көрінеді өзі!– деді анау қуанып.

– Білмесең біл. Бұл нәрсені капратсия берді. Ауылға барған соң капратсия ашамыз! – деді Салмақбай.

Тұяқбай ешнәрсе түсінбеді. Әсіресе «капратсия» дегеннің не екенін ұға алмады. Әйткенмен ол да бөгеліп тұрмады:

– Жарайды, ашсақ, ашайық!– деді қуанып.

– Ашамыз! Ашамыз! Сен «капратсия» боласың!– деді күліп Салмақбай.

Бұл жолы Тұяқбай үндемеді. Салмақбай оның жауабын күтпестен сөйлей берді.

– Мен қалай! Қалаға бірінші аяқ басқаннан-ақ дүниені күжілдеттім! Жүрген аяққа жөргем ілінеді. Жөніне жүрсең табылады. Үйде отырып, «алма піс, аузыма түс» дегенмен түк болмайды. Жүру керек. Жүрген аяққа жөргем ілінеді!– деді Салмақбай.

XXVIII

Ертеңінде қас қарая Салмақбай ауылға келді. Ауыл Жалғызкөлден көшіп, екінші жерге келіп қонған екен. Жаңа қонған ауылдың маңайы! Қотанда у-шу болып азынаған малдар. Үрген ит. Анда-санда жерде жылт-жылт еткен оттар. Түтіннің иісі, малдың бір түрлі шуылдаған даусы Салмақбайдың денесін балқытып жіберді.

Анадайдан жылтылдап өз үйінің оты көрінді.

Жолаушы жүріп, елге қайтқан қандай! Дүниенің бәрі сүйкімді. Адамның бәрі жылы жүзді!

Тарантас арба Жаңбырбайдың үйінің сыртына тоқтағанда, есіктің алды толған ауылдың кісілері еді. Жұрттың бәрі жанталасып, Салмақбайды қамап алды. Балалар терлеген атты сипап, арбаның балшық болған дөңгелегін ұстап жыбырласып жатты. Қатын-қалаш, қыздар да нәрсені түрткілеп, біріне-бірі қалжындап, күлісіп жатты. Салмақбай кісілермен бірге үйге кірді. Дуылдасып, гуілдесіп жұрт Салмақбайдан әңгіме сұрай бастады.

– Баяғы осында келетін төре бар еді ғой!– деді күліп Салмақбай.

– Жұмыстың бәрін сол істеді. Сабаздың білмейтіні жоқ екен! Соның арқасында тегіннің аз-ақ алдында алдым!

– Ей, жай беретін төрең кім еді? Әр жағында таққан бірдемесі бар да!– деді бір нәрсені іші сезіп Жаңбырбай.

– Дәнеңесі жоқ! Сағындық кісі алдайтын жігіт емес. Каператсия аштық деген соң көңілденіп кетті!– деді Салмақбай.

– Жарайды, жарайды! Соңынан айтарсын. Жерден жеті қоян тапқандай болмай тұр!– деді әкесі.

– Қойшы, ағатай, тіпті, сөзің таусылмайды, не жұмысың бар? Өзім әкелдім, өзім білем не істейтінімді!– деді жақтырмай Салмақбай.

Әкесі үндемеді. Үй ішіндегі кісілер сөзді бөліп әкетті. Біреу ананы сұрап жатыр, біреу мынаны сұрап жатыр.

Салмақбай күліп жауап берді. Жаңбырбай түнеріп, үндемей отырды.

Бұның іші бір нәрсені сезіп отыр. Баласының қалтасына салып берген мөр басқан ақ қағаздың бір іске жарағанын іші білді. Анау әкелген бір арба нәрсе! Қанша байлық? Оның бәрі түгелімен мұның ішіне сыймайды. Салмақбай ертең оны жұртқа үлестіреді. Жұрт оны талап алады. Тәңір жарылғасын да айтпайды. Айтпағаны сол: бір бөлегін ұрлап та алдың дейді.

Осының бәрі әңгіме, сөз болмақшы. Дау-жанжал, шатақ шығып кетуі мүмкін.

Жаңбырбайдың түнеріп отырғандағы ойлары осылар еді. Жаңбырбай бір кезде басын көтеріп алды да, өз-өзіне жұртқа қарамастан «у-uh!» деді.

Бұл «у-uh!» деген күрсіну үлкен ыза, қатты өкініштің күрсінісі еді. Малдан, олжадан айрылғанның өкініш ызасы еді. Бір кезде ләм дей алмайтын баласының айтып отырғаны енді мынау. Бұл енді мұны бұрынғыдай тыңдар ма? Бұл енді бұрынғыдай үйге басшы бола алар ма? Елге басшы істер ме мұны енді жұрт?

– Жоқ!

Мұның күні өлді. Кәрілік қайратты денесін ескіртті. Ендігі өмір жастікі. Енді билік жасқа тиді: «Апырмау, қартайып-ақ қалғаным ба?».

«Кәрілік дегенің аяқ астында екен ғой! Қарашы, осы уақытқа дейін бұл кәрілікті ойламағанмын? Тас төбемнен ұрғанда бір-ақ көрдім-ау!».

– У-uh!– деді тағы да күрсініп Жаңбырбай.– Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан!..

XXIX

Сағындықпен сөйлескеннің бәрін айтты. Қалайша онымен бірге орысқа барғанын, қалайша екеуі магазинде нәрсе алғанын, жүретін күні түнде Сағындықтың түні бойы «уағыз» сөйлегенін – бәрін айтты.

– Не болса да өзін әйтеуір үстімізді бүтіндеші!– деді бір шал Салмақбайға қарап.

– Бір арба пұл бөріңе де жетеді!– деді біреуі.

– Жетпесе төреден барып тағы алып келу керек!– деді біреу қалжыңдап.

Тағы да жұрт көпке дейін әңгімелесіп жатты. Көп уақыт кооперацияны әңгіме қылып отырды. Онан бір уақытта елдің дауын сөйледі. Біреудің қызының қашып

кеткенін айтты біреу. Біреулер пәленшенің елінде болған тойда пәленшенің аты алдынан келгенін сөйледі. Пәленшенің төлен жерде табаққа әкпелеп ет жемей кеткенін айтты. Тағы басқа әңгімелер.

Бір кезде жұрт та шаршады. Салмақбай да ұйқыға айналды. Ақырында кісілер үйіне қайтты.

Жұрт тарап өздері жеке қалғаннан кейін Жаңбырбай баласына қарады да:

– Әлгінің бәрін атаңның басына алдың ба?– деді.

Салмақбай үндемеді. Бір нәрсені өте қатты жақтырмағанда үндемейтін әдеті болушы еді. Бұл әдетте үй ішіне түгел мәлім еді. Салмақбайдың үндемегені Жаңбырбайды бұрынғыдан да ашуландырып жіберді. Даусы дірілдеп шал сөйлей бастады.

– Уа, мұндар! Оңбайтын антұрған!.. Бұдан артық олжа тапса қайтер еді? Болпиган жылы өкпе! Айтпасам, тартып алады дедің бе? Ту-у... Олжа табатын екен! Жаман шірік! Шірік неме!..

– Қоясың ба, жаным! Басты ауырттың ғой!– деді қабағын шытып Салмақбай.

– Былшылдама жаман шірік неме!– деді ақырып Жаңбырбай. – Сен өзім таптым деп мақтанып отырсың ғой! Мен сендей күнімде қарап жүргем шығармын!! Мынаның бәрі сенің жиған дүниенің шығар? Шірік! Шірік неме!

Салмақбай күліп жіберді:

– Жарайды, сенікі-ақ болсын. Саған қарсы келіп отырған кісі бар ма?– деді.

Жаңбырбай мынаның күлкісіне қарай бұрынғыдан да жаман ашуланайын деп еді, бірақ бұл жолы жөнді ашулана алмады.

– Сен алам дегенмен, мен берем ғой саған!– деді кекетіп.

– Жүре бер өз әкелген бағытыңмен. Менің дүниемде жұмысың болмасын. Әлі мен тірімін. Көзімнің тірісінде саған билетіп қоймаймын! Шірік... шірік мұндар!

Салмақбай тағы күлді.

– Өз тапқанына өзің ие болсаң, менің тапқанымда не жұмысың бар,– деді қалжыңдап.

– Бажылдама! Сөйлеме! Не қылсаң о қыл. Әйтеуір менен аулақ. Мен сені көргем жоқ. Сен мені көрген жоқсың! Аулақ, аулақ!– деді дірілдеп Жаңбырбай.

Бұдан кейін де екеуінің арасында көп «мәселелер» болып жатты.

Жаңбырбай өзінше, Салмақбай өзінше, ерегіскен сайын әр қайсысы бірін-бірі жеңудің орнына, өз пікірінде нығая түседі. Нығайған сайын ерегіседі.

– Сөйлем! Басымды ауыртпа!– деді Жаңбырбай төсегіне жатып жатып:– Каператсияң да құрысын, өзін де құры! Былшылдама енді басымды ауырттып!

Салмақбай үндемеді.

XXX

«Осыларға ерегіскен соң шынымен коператсия ашып жіберейін ба?– деді ішінен жата беріп Салмақбай. – А! Шынында коператсия қылайын ба?– деді тағы, көрпені жамыла беріп».

Салмақбай біраз ойлап еді, өзіне-өзі бұл мәселені тегінде шын айтқандай көрінді. Баяғыдан бері кооперацияның жұмысында жүрген сықылданды. Кооператорлық бұның ескіден келе жатқан өнері. Бұл – кооператор. Бұны біреу кооператор емессің десе, ерсі болатындай болды.

– Жоқ-ау! Айтты айтпады, шынымен коператсия болып кетер ме еді?– деді күлімсіреп Салмақбай. – Коператсия болса қайтеді?– деді әрі қарай, – коператсия болса, тегіннің алдында нәрсе аласың. Тері-терсек, жүн-жүрқанды қымбатқа өткізесің. Анда-санда ауылға Сағындық келіп жүреді. Тағы да екеуміз қыз аулаймыз! Ел әбден риза болар еді. Тәңір жарылғасын айтар едік бір!

Салмақбайдың ойына бір қуанышты нәрсе түсіп кетті.

Бұрыннан көңілде жүрген қауіптің бірі мөр басылған ақ қағазға жазып, нәрсе алғандығы еді. Ең таяныш қылған пікірі: приговорда жазылған адамдар өзінің өңшең жақындары, ауылдас болғандығы еді.

Бұның бәрі кооперация ашылғандағы уақиға еді. Ал енді кооперация ашылса, шынында бұл алып келген нәрсені кооперацияның ортасына салса, тағы бергенін тағы алып келсе, жұрт әбден кооперацияға түсінсе, осының бәрі орындалса, бұны «подлог» жасадың деп кім айыптайды? Бұл қайта айыпталудың орнына тәңір жарылғасын алады ғой!

Салмақбайдың ойына түскен пікір осылар еді. Бұның үстіне Салмақбайға себеп болған әкесі еді.

Әкесінің соншама сараңдығы, соншама дүниеқорлығы еріксіз бұны жомарт, кең пейіл қылып өсіріп еді.

Жаратылыстың заңы тым ұшқарылықты сүймейді. Қорқақты қуа берсе батыр болады деген сықылды әр нәрсенің затына қарсы дәті тым ұшқары жұмсалса, ол нәрсе бұрынғысынан жаман өз затына тартады. Қатты суықта тоңған адам қатты жылылықты іздейді. Қатты ыстықта күйген кісі қатты суықты іздейді. Ылғи жамандықты көрген адам жақсылықты іздейді.

Салмақбайға әкесі көп жақсылық істеді: өзінің үлкен дүниеқорлығының арқасында баласын кеңпейіл қылды. Өзінің тым жамандығының арқасында баласын тым жақсы қылып жіберді.

Жаңбырбай бұдан гөрі жақсылау болса, бұдан гөрі азырақ қана жұмсақтау болса, баласы да өзіне ұқсап қалар еді.

Жоқ! Олай болмай шықты. Әкесінің айуандығы баласын адам қылуға себеп болды.

Салмақбай түні бойы ұйықтамады. Таңертеңгі күннің планын әбден жасап алды. Ауыл тұрысымен жұртты шақырып алып, нәрсені үлестіріп бермек болды.

Өзі біраздан соң қайтадан қалаға жүрмек болды.

– Не болса да бір іске кірдім. Жаңбырбай, сен жеңер ме екенсің! Жоқ, Салмақбай, мен жеңер ме екенмін! – деді жымып Салмақбай.

XXXI

Таң атты. Жадырап жаздың күні шықты. Салмақбай бұрынғыдан бүгін ерте тұрды. Алғашқы кезде кешегі әңгімесін ұмытып қалғандай болды. Бәрі сайрап ойында тұр. Бірақ ешбіреуі ойлауға мүмкін емес сықылды.

«Нәрсені ауылға бөліп беру керек!». Осындай сөз бола ма екен! Осындай іс бола ма екен? Өзім алып келіп, өзім бөліп берем бе? Не деп берем бұларға? Жұрт не дейді? Мен не деймін? Нәрсені алып алған соң тағы сұраса қайтем? Жұрт риза болмай менің үстімнен арыз берсе қайтем?

Салмақбай бір сауалдың артынан бір сауалды түйдектетіп айта берді. Ешбіреуіне жауап та бермеді. Неліктен мұнша сұрауды айтып отырғанын, кімге айтып отырғанын – оның бәрін өзі де білмеді.

Бұның ойына келген пікірлер көп еді, көп болған сайын Салмақбай ешбіреуін өңдеп ойлай алмады. Ал-

дында бір кішкене есік тұрғандай. Есіктің ар жағында көп адамдар таласып жатыр: Біреуі «Мен кірем!» дейді екіншісі: «Мен кірем!» дейді, үшіншісі ана екеуін жібермейді, төртіншісі алғашқы үшеуін жібермейді. бәрі бірдей тар есіктен өте алмайды. Біріне-бірі ризалықпен жол бермейді.

Салмақбайдың ойы да дәл осындай еді. Толып жатқан көп пікір. Біреуі айтады: нәрсені сатып байы дейді. Екіншісі айтады: сатып бойыңа сіңіре алмассың, құрғырды ауылға үлестіріп-ақ берсейші дейді. Үшіншісі айтады: түп-тура ерегіскен соң кооперациясын ашып жібер дейді. Төртіншісі айтады: Өзің біл! Ойлан!– дейді.

Бәрі де жақсы. Бәрі де орынды бұл пікірлер. Бірақ Салмақбай қайсысын тыңдар? Қайсысы Салмақбайдың тар өңешінен бұрын өтер екен!

Салмақбай осы сықылды ойлармен үлкен үйге кіргенде үйдің іші толған халық екен.

– Сал-еке! Қалай сатасың нәрсеңді!– деді бір ақсақал қазақ.

– Ретіне қарай көреміз де!– деді ойланып отырған Салмақбай.

– Анау қызыл ұлтаныңды маған бер!– деді тағы шал.

– Алыңыз!– деді күліп Салмақбай.

– Бірақ, қазір ақша төлемеймін. Күз аларсың!

– Жарайды, алыңыз!

Мынау шалдың сөзі Салмақбайдың ойында үймелеп, бірін-бірі жібермей тұрған пікірлерді қозғалтып жібергендей болды. Енді көп пікір есіктен шығып алып, Салмақбайға қарай бәрі де жарысып келе жатқан сықылданды. Салмақбай көп пікірдің астында қалам ба деп қорыққан кісіше:

– Бұл нәрсенің көп әңгімесі бар. Әзірге ала тұрсаңызшы!– деді.

Жұрттың бәрі селт етіп, біріне бірі қарай қалды.

Салмақбай шошып кетті. Біреу етегінен шап етіп ұстай алғандай болды.

Өңі бозарып орнынан қозғала берді де:

– Әңгімесі бар дегенде, жалалы пұл емес. Шаруаның жайын айтамын!– деді.

Ешкім үндемеді. Салмақбай да әрі қарай сөйлемеді. Мұңайып төмен қарап Жанбырбай отырды. Үндемей жым-жырт болып үй тұрды.

Түйіншегі көп сұм дүние! Арқандай есілген ирек тұрмыс. Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы сен өмір!

Салмақбайдың шылбырдың жібіндей ширатылған өмірі бір түйіншекке келді де, тоқтады. Жиырма беске келгенше бір кедергі көрмеген тұрмысы үлкен бір жар-қабаққа тірелді.

Түйіншекті шеше ала ма? Шеше алмайды? Жарқабақтан өте ала ма? Өте алмай ма? Салмақбайдың ендігі ойы осы еді.

XXXII

Салмақбай жөнді ешбір пікірге келе алмады. Жан-жағынан қамап, қаулаған ой біреуі ананы істе дейді, біреуі мынаны істе дейді. Біресе көз алдына Жаңбырбай елестейді. Біресе Сағындық ойына келеді. Әсіресе дәл кететін күнгі түн. Сағындықтың айтқан сөздері – бәрі де көңілінде сайрап тұр. Құлағында Сағындықтың даусы әлі естілгендей.

Салмақбай амалы құрып, далаға шықты, Қотанда шуылдап қыбырлаған мал. Қой, ешкі, сиыр, жылқы. Желіде байланған құлындар. Маңайында пысынап үймелеген биелер. Үлкен үйдің ар жағында шуылдасып балалар ойнап жүр. Ауыл сыртында анадай жерде бір қыз келе жатыр. Тамылжып шілденің күні тұр. Дүниенің бәрі қуаныш.

– Әлі осы мен неге қиналам?– деді өзіне-өзі Салмақбай жүріп келе жатып.

– Нәрсесі құрысын... Ең жаманы елге үлестіріп берермін. Бұдан басқа маған қылатыны бар ма осы нәрсенің?– деді. Салмақбай бұл сөздерді өзін-өзі алдандыру үшін айтты. Шынында істің жөні осы айтылған секілді болды.

– Айналып келгенде менен кеткен шығын жоқ. Нәрсе тегіннің аз-ақ алдында алынды. Кооперацияны ашып жіберсем қайтеді?.. Не болса, ол болсын: ашып-ақ жіберейін өзін, тіпті...– екі үйдің арасында аяндап келе жатқан Салмақбай, басқа ұрған аттарша селт етіп тұра қалды. Ар жағынан тіреп бір нәрсе келе қалды. Өне бойын сұп-суық қылып, тас төбесінен өте шықты. Салмақбай оң қолымен санына сарт еткізіп соғып қалды да:– Ал енді мен аштым!– деді. Айтты да кейін қарай жалт бұрылды. Біраз ойланып тұрды да жүгіре басып үлкен үйге қайта кірді.

– Уа, жамағат!– деді Салмақбай отыра беріп.
Аңырайып отырған жұрт жалт қарады.
– Уа, жамағат!– деді тағы түсін бұзып Салмақбай.
– Мына келіп отырған нәрсе каператсияның нәрсесі.
Каператсия ашсаңдар бәрің болып ашасыңдар, әйтпесе ертең кейін қайтарылады,– деді.
– Міне, қызық!– деді екі көзін ажырайтып төрде отырған шал. Өзгелері аң-таң болып, біріне-бірі қарады.
– Шырағым-ау, қотанға келген нәрсені қайта жіберуші ме еді, аламыз-дағы бөліп,– деді тағы әлгі шал.
– Жоқ, алуың былай тұр ғой, әуелі каператсия ашасын!– деді қабағын түйіп Салмақбай.
– Каператсия да ашылады, нәрсені де аламыз,– деді күліп ана қазақ. Отырған кісілер де жымып күлісті.
– Ауылға келген нәрсені жіберуші ме едік,– деді: Салмақбай күліңкіреді де:
– Каператсия ашсаңдар, бәрі болады,– деді.
Отырған жұрт ду күлді. Салмақбай сөйлей бастады.
– Мен енді бұл жұмысты бір бастағаннан кейін түп-тура Сағындықтың айтқанынша істегім келеді. Каператсия ашылғанда оның басында тұратын адамдар болады. Оны халық сайлайды. Каператсияға кірген кісі үй басына ақша төлейді. Ең әуелі осының бәрін істеп алу керек.
– Жарайды, жарайды ар жағын өзің біле бер. Біз бәріне де көндік. Бізге тек нәрсе берсең болады,– деді төрдегі шал.
– Әуелі ашқан соң, енді оны біржолата ашу керек. Кәдімгідей шын каператсия болсын. Бұл іске бір кіріскен соң, дұрыстап кірісу керек,– деді қуанып Салмақбай. Үй ішіндегі халық әрі қарай сөзді жөнді сөйлеткізбеді. Біреу ананы, біреу мынаны айтып, күпілдеп дауыстай бастады. Бұл дауыстың ішінде сайлау да бар, кооперацияға төлейтін ақша да бар. Көбінесе дауыс бүгінгі нәрсені бөліп алудың айнала-сында. Салмақбай ауылы көп дауысты көрген ауыл еді. Бірақ бұл жолғы дауыс басқаша еді. Бұрынғы ұрыс-жанжал дауыстың орнына бұл жолы күлкі-қуаныш дауысты еді.

XXXIII

Алғашқы екі күн кооперацияны ашуға кетті. Кооперацияны басқаруға үш кісі сайланды. Бастығы Салмақбай болды. Бұл жолғы сайлау бұрынғыдан басқаша

өтті. Жұрттың бәрі Салмақбайға қол қойып, соның айтқанын істей берді. Бұрын ақша төлейсің десе баспайтын қазақ, бұл жолы ақшаны да ешбір дау-жанжалсыз төлемек болды.

Мұның бәрінен қызығы кооперацияның ашылуы еді. Кооперация деген ел ішінде, әрине, жаңа жұмыс. Бұл ауылдың қазақтары жазғытұрғы Сағындықтың сөзінен басқа кооперация туралы ешнәрсе естіген жоқ. Бұрын естімеген, бұрын білмеген жұмысына көпке дейін сенбейтін қазақтың жайы белгілі. Салмақбайдың аулында кооперация ашылуына осы себептердің біреуі бөгет болмады:

Неліктен мұның бәрі былай болып шықты? Мұның себебі не?

Ең бірінші себеп: Салмақбайдың қазақтың, қазақ дегенде аты қазақ емес, нағыз елдің қара қазағының бірі болғандығы. Оның үстіне Салмақбай өзінің адалдығымен, көптің ақысын жей алмайтындығымен жұртты өзіне бейімдетіп алды. Ат терлетіп, шығын шығарып, еңбек сіңіріп алып келген нәрсесін үлестіріп берем деп отыр. Жалғыз-ақ: «кооперация ашыңдар!» дейді. Бұл әгарда халықты жейін десе һәм халықты жеуге бұл нәрсені қалай алғанын айтпас еді ғой. Бұл нәрсені өзінікі қылып сатар еді ғой. Оның бәрін істеген жоқ. Олай болса Салмақбай адал. Оған сенуге болады.

Жұрттың Салмақбай туралы ойлаған ойы осы болды. Сондықтан Салмақбай олардың көзінде сенімді көрінді. Салмақбай да екі күннің ішінде өзгеріп кеткендей болды.

– Болары болды, бояуы сінді, енді жатпай-тұрмай іске кірісу керек!– деді ішінен Салмақбай.

Нәрсені үлестіріп болған соң, халықтың салған ақшасын алып, бұл тағы да қалаға жүрмек болды. Салмақбай қалаға жүрмектің алдында ауылдың кісілері тағы да жиналды.

– Шырағым, өзін жөндеп біл,– деді энеутгі ақсақал Салмақбайға қарап.– Әуелі біліп ал. Каператсия дегені немене екен? Егер ылғи осы секілді нәрсе беріп тұратын жер болса, құба-құп. Онда каператсиядан жақсы нәрсе жоқ. Ал, егер нәрсесінің ар жағында тақап тұрған бірдемесі болса, онда каператсиядан аулақ. Осы күнгі аш-жалаңаш бойымызбен жүре берерміз. Бірақ ондайға жоламайық.

Салмақбай күліп:

– Отағасы-ау, мен бұл іспен едәуір таныс болдым. Қорқатын ешнәрсесі жоқ, – деді.

– Сонда да сақтық керек, шырағым. Сақ бол!.. Сақ бол!.. – деді.

Салмақбай Сағындықпен сөйлескендерін айтты. Сағындықтың айтуынша кооперация дегеннің не екенін түсіндірді. Қалада нәрсені қалай алғанын, оған Сағындықтың қалай жәрдем бергенін – бәрін айтты.

– Сағындық – жазғытұрғы осында келетін төре жігіт пе? – деді біреу.

– Ия, сол, – деді екінші бір қазақ.

– Өзі жылы жүзді тәуір бала еді! – деді төрдегі шал.

– Ойбай, Сағындықтың несін айтасың! – деді жайнап Салмақбай. – Осы жұмыстың бәрін істеген сол. Ол болмаса бізге нәрсе де, каператсия да жоқ еді. Әлгінің ақ көңілдігі, өз жұмысындай осыған жанын салып қимылдағаны, әсіресе, кеп мені өз бауырындай көріп айтқан сөздері – осының бәрі мені аударып өкетті. Өуелде каператсия дегенді ашайын деген ойымда жоқ еді, қысқасын айтқанда соған берген уағадамнан тая алмадым. Тіпті, ұялдым... Бір жерде болмаса, бір жерде жолығып: «Е, Салмақбай, кооператсияң қайда?» десе не деймін...

Бұдан кейін де Салмақбай едәуір сөздер айтты. Отырған жұрт бір әңгімеден бір әңгіме туғызып, сөздің аяғын әлдеқайда алып кетті. Біразға дейін Сағындықты мақтап отырды.

– Шіркін, сабаз-ай, ер-ай! – деп қояды анда-санда кейбіреулер.

Бір уақытта әңгіме екінші мәселеге түсті. Осы күнгі қазақтың оқып жүрген азаматтарын сынады. Одан кейін орыс қызын алған қазақ жігіттерін әңгіме қылды. Ақырында жай қалжың қазақшылық сөзге айналды. Бірін-бірі қалжындап, күліп, қарқылдасып, мәз болып, нағыз қара қазақтың кең пейілді жайлы әңгімесіне түсті.

Кооперация ашып, көңілі орныққан Салмақбай да қарқылдап күлген көптің ішінде еді.

XXXIV

Сағындық таңертеңгі сағат 9-да пәтерінен шықты да, кеңсесіне қарай жөнелді. Кеңсеге басқа қызметшілер де ерте жиылып жатыр еді. Оның себебі:

бүгін жалпы кооперацияның съезі ашылмақшы еді. Бұл съезге жиналған уәкілдер 400-ден артық кооперативтің атынан еді. Бұлардың ішінде жаман шәрке киген мұжықтар да бар, әдемі ақ жаға салған орыстың оқығандары да бар. Үлкен кең үйдің ішінде келген уәкілдер жиналып жатты. Күбір-жыбыр сөйлескен халық. Ерсілі-қарсылы аяндаған адамдар, Сағындық жан-жағына мойнын бұрып қарап еді, ешбір қазақ көзіне көрінбеді.

– Шіркін-ай мына жиналысқа Салмақбай келер ме еді, – деді ішінен. Төрде тұрған столдың маңайында үймелеген көп орыстар көрінді. Бұлар кооператив ұйымының жоғары басқарушылары еді. Сағындық солардың жанына қарай жүрді. Бір жас жігіт ар жағынан жуықтап келді де Сағындыққа:

– Сізді анау үйде бір қазақ сұрап тұр! – деді.

Сағындық ешнәрседен ойы жоқ, екінші үйге шыға келді. Алдында күлімсіреп баяғы өзінің Салмақбайы тұр.

– Уа, жаным-ау! Сен қайдан келіп қалдың? – деді қуанып Сағындық.

– Ассалаумағалайкум! – деді күліп Салмақбай.

– Сәлемінді қоя тұр, жаным-ау: өзің неғып келіп қалдың? – деді тағы ентігіп Сағындық.

– «Алтын шыққан жерді бойдан қаз» деген атамыздың мақалы бар. Сізге ел тағы жіберді!.. – деді Салмақбай.

– Съезге келдің бе?

– Е, бұйырғанын көрерміз!..

– Жоқ, өзің анығын айтшы! Съезге келдің бе, басқа жұмысың бар ма?

– Кіргізсе, сиязын да көрерміз, басқа да жұмысымыз бар. Әлгінде сіздің пәтерден шықтым. Жаңа ғана менін алдымда кеткен екенсіз.

– Жарайды, олай болса шешін. Осында бол. Енді жарты сағатта съез де ашылады. Сен қазақ атынан құттықтап сөз айт.

– Үлкен жиылыста біз сияқты қара қазақ сөйлей ала ма? – деді күліп Салмақбай.

– Сөйлей алады. Әбден сөйлейді. Жиылыста сөйлеу кооперацияны ашудан қиын емес. Бері кел. Анау үйге барайық. Мен саған не сөйлейтініңді үйретіп берейін.

Сағындық ажырайып тұрған Салмақбайдың қолтығынан ұстады да, екінші бір бөлмеге кіріп кетті.

Үлкен залдың іші манағыдай емес халыққа әбден толды. Ерсілі-қарсылы жүрген адамдардың арасы тығыздалып, біріне-бірі соқтыға бастады. Кейбіреулері екінші залға кіріп, қатар тізулі тұрған орындыққа отырып жатты.

Сағат онда қоңырау естілді. Бұл мәжілістің ашылуының белгісі еді. Уәкілдердің бәрі асығып келіп орындарына отырды.

Ең әуелі съезд мәжіліс басқарушы адамдар сайлады. Олар алда тұрған үлкен үстелге жағалай отырғаннан кейін құттықтау сөздер басталды.

Бәрінен бұрын жалпы кооперативтер ұйымының бастығы үлкен сары орыс қысқаша құттықтап өтті. Оның айтқаны: қазіргі елдің шаруасының жайы. Халық шаруасында кооперацияның қандай пайдалы екендігі, һәм осы күнгі ашылып жатқан кооперативтердің міндеті болды. Оның сөзін жалпы жұрт алақанын шапалақтап қарсы алды.

Көп кісілердің алақанын шапалақтағанын естігенде Салмақбай шошып кетті.

Қасында отырған Сағындықтың құлағына сыбырлап:

– Мыналар төбелескелі жатыр ма, мұнысы несі? – деді.

Сағындық мырс етіп күлді де:

– Алақан шапалақтаған европаның тәртібінде қошеметтеген ретінде жүреді, – деді.

Салмақбай ақырын ғана езуін жиып, күлді де, даусын шығарып:

– «Ел-елдің заңы басқа, иттері қара қасқа!» – деді.

Алғашқы сары орыстың артынан қара сақалды, ұзын бойлы бір мұжық шықты. Бұл да өзінің қысқа сөзінің ішінде қазіргі заманда кооперацияның керектігін, оның халыққа беретін пайдаларын айтып өтті.

Кейінгі шыққан шешендердің бәрі де бір қалыпта сөйлеп, әйтеуір кооперацияның өзі пайдалы екендігін айтып жатты.

XXXV

Мәжіліс басқарған ақсақал шал бір уақытта: «Жаңбырбай!» деді. Сөйлеуге кезек келгенін Салмақбай атын естігенде бір-ақ білді. Ә дегенде орнынан тұрмай, ажырайып біраз отырды.

– Бар, жөнел тез. Түр орныннан!– деді түрткілеп Сағындық.

Салмақбай орнынан созылып тұра келді де, сөйлейтін жерге қарай жөнелді. Жұрттың бәрі аң-таң қалып, демін ішіне тартып отырды. Салмақбай жұртқа қарсы қарады да басын изеп:

– Здрасти!– деді.

Халық ду күлді. «Здрастидан» басқа сөзді Салмақбай қазақшалап айта бастады.

– Дәм айдап мәжілістеріңнің үстінен кез келдік, жиылыстарың қайырлы болсын!– деді.

Бұл сөзді айтты да, Салмақбай үстелдің ар жағында отырған ақ сақалды орысқа қарады. Шартылдатып жұрт шапалақтап соғып жіберді, Салмақбай қызып кетті. Қызып, дірілдеген екі ернін ықшамдау қылып жинап алды да, әлгіден гөрі қаттырақ дауыспен сөйлей бастады.

– Біз өзіміз Шұңқыркөлді жайлаған төрт ауыл боламыз,– деді Салмақбай. – Соның ішінде біздің ауыл бір атаның баласымыз. Ұрыс-жанжалыңды білмейміз. Әйтеуір каператсия дегенді пайдалы болады деген соң ашып жатырмыз. Пайдалы іске қазақ қарсы болмайды. Сіздер пайдалы болу жағын қарастырсаңыздар біз каператциядан қашпаймыз.

Аузы құрғап, дауысы дірілдеп, Салмақбай тағы да азырақ бөгелді. Жұрт алғашқыдан да қатты шапалақтады. Бұл уақытта үлкен үстелдің жанына келіп тұрған Сағындық сыбырлап Салмақбайға:

– Болады. Түс енді. Түс!– деді.

Боп-боз болып, дірілдеген Салмақбай, балп-балп басып орнына қарай жөнелді.

Халық тағы да шапалақ жасады. Салмақбайдың сөзін Сағындық орысшаға аударып шықты. Бірақ мұның «аудармасы» Салмақбайдың айтқаны емес, маңағы ұзынның үйреткен сөздері болып шықты.

– Қазақ кооперативтерінің атынан жолдас Жаңбырбаев съезді құттықтайды. Бұл уақытқа дейін орыстан шыққан ел адамдары қазаққа теріс көзбен қарап келді. Оларды менсінбей кем тұтып келді. Кооперацияның түпкі негізі бірлік. Бұдан былай қазақ жұрты мен орыс халқы бірлесіп, тұрмысын көркейтуіне сенемін. Һәм шаруасын түзетіп алға бастыруына!– дейді бұл қазақ,– деді Сағындық.

Бұл сөзге риза болмаған кісі қалмады. Бәрі де Салмақбай жаққа қарап, таңырқап жатты. Мәжілістің артынан да едәуір кісілер Салмақбайдың жанына келіп, жылы жүзбен амандасып, сөйлеспек болып жатты. Салмақбай терлеп-тепшіп, үстіндегі түйенің жүнінен киген шекпенінің жағасын ашып тастап, шамасы келгенше орысшалап жауап беруде болды.

Пәтерге қайтып келе жатқанда Сағындық Салмақбайға қарады да:

– Бозбалам-ау, менің үйреткен сөзімді айтпай, бет алдына лағып кеткенің не қылғаның?– деді.

– Тіпті есім шығып кетіпті!– деді күліп Салмақбай.

– Есіңе ие болу керек!– деді қабағын түйіп Сағындық.

– Талай ермін деген жігіттер қысылтаяң жерлерде есінен адасатын!– деді тағы күліп Салмақбай.

Бұл сөздің арғы заты жазды күнгі ауылдағы уақиға екенін сезе қалды. Неліктен екенін өзі де білмеді, бір түрлі күлкісі келіп кетті:

– Жә, жә, жә!– деді қарқылдап Сағындық.– Апырмау, әлі ұмытпай жүр екенсің ғой?!

Салмақбай бұл сөзге жауап берудің орнына, түсін маңыздандырып:

– Шайнап берген ас болмайды адамға!– деді.

– Жарайсың, сабазым, жарайсың!– деді Сағындық Салмақбайдың иығынан қағып.

XXXVI

Сағындық жолшыбай тағы да кооперация туралы айтып келді. Бұл жолғы әңгіме бұрынғыдай емес, тереңірек еді.

– Менің ойымша, сендер енді барлық жұртқа өнеге болғандай бір жұмыс істеулерің керек!– деп бастады Сағындық.– Жұрттың көбі білмейді. Көбі кооперацияны өз пайдасы үшін ашып, халықтың ақысын жейді. Бізден нәрсені алып барады да, өзінікіндей елге ақшаға сатады. Мұның бәрі, әрине, біздің кемпілігіміз. Оның бір жағында осы қазақ ішінде жөнделіп жасалған бір кооперация жоқ. Бұлай болудың үлкен себебінің бірі: қазақтың тұрмысы бөлек, оның ішінде өз алдына бөлек жеке кооперация керек. Ол кооперация осы күнгі мұжықтың қасындағыға ұқсамайды. Қазақтың өз тұрмысына лайықталған болу керек. Өне, сонда, біздің іс ілгері басады.

– Сіздің ойыңызша қазаққа қандай каператсия керек?– деді маңызды дауыспен Салмақбай.

Сағындық бөгелместен сөйлей берді.

– Кооперация деген шаруаның ұйымы. Кооперация шаруаны түзету үшін жасалады. Сондықтан ең әуелі қазақтың шаруасын білу керек. Біз осы күні көбінесе мал бағамыз. Малдың терісін, жүн-жұрқасын сатып, киім-кешек, ыдыс-аяқ аламыз. Қазақ қолындағы тері-терсекті, жүн-жұрқаны қымбатқа сатса, нәрсені де көп алуға шамасы келер еді. Жалғыз киім-кешек емес, түрлі сайманды да көбірек алар еді. Шөп шабатын машина, егін салатын соқа алуға болар еді. Сондықтан қазақ ішінде ашылатын кооперацияның бірінші міндеті: ел шаруасының бұйымдарын қымбат өткізу. Содан кейін арзан нәрсе алуға тырыс. «Шіркін-ау, мынау керім жұмыс екен! Бірақ мұның көбі қолымыздан келмейді ғой!– деді ренжіп Салмақбай.

Сағындық Салмақбайға жалт қарады. Биіктен секіргелі тұрған кісіше бір нәрсе айтуға ыңғайланып біраз тұрды. Екі көзі оқтай жайнап кетті де:

– Салмақбай, менің бір қиялым бар!– деді.

– Ал, айтыңыз!– деді асықпай мынау.

– Әгерде былай болса. Бір ауылдан үлкен бір үй салынса, үйдің жанынан бір үлкен сарай салынса, одан әрі тағы біреуі, тағы да біреуі.

– Ия, содан соң!– деді таңданып Салмақбай.

– Бұдан кейін,– деді анау екі көзі жайнап,– бір сарайда қаладан барған нәрселер тұрса. Екінші сарайға ылғи тері үйілетін болса, үшінші сарайға ылғи жүн-жұрқа үйілсе, төртінші сарайда шөп шабатын машиналар болса. Елдің қазақтары келіп, нәрсе тұрған сарайдан нәрсе алып жатса, елден жиылған тері-терсекті арба-арба қылып анау екінші сарайға үйіп жатса. Анау салынған үйдің ішінде ұйымды басқаратын кісілер отырса. Бұлар өзінше мәжіліс құрып, кооперацияның жәйін әңгімелесіп жатады. Біреулер жазып, біреулер сатылған, алынған нәрсені шотқа қағып есептеп жатады. Есіктің алды толған халық. У-шу болған кісілердің дауысы. Айқайлап, күліп, қутындаған жігіттер! Әдемі үйлер, сарайлар! Есіктің алдында қыбырлаған жан. Сен анадай...адырдан түсіп, осындай ауылға келе жатасың! Қандай әдемі! «Апырмау мынау ауылдың байын-ай! Шіркіннің жасаған саймандарын-ай!»– деп қандай таң қалар едің?!

– Айтты-айтпады, мынау бір қызық ой екен?!– деді жүзі құбылып Салмақбай.

Сағындық үндемеді. Екі көзі ілгері қарай маужырап, тәтті қиялын ішінен әрі қарай ойлай берді... Ойлай берді...

XXXVII

– Шын айтам! Мынау қызық нәрсе екен!– деді тағы да Салмақбай.

– Қызық болғанмен не керек, іске аспайды,– деді ренжіп Сағындық.

– Неге іске аспайды?

– Е, кім асырады?

– Жоқ, неге аспайды?

– Аспайтын себебі: кісі жоқ, мұндай жұмысты істеуге үлкен өнерлі кісі керек!– деді жақтырмай Сағындық.

– Міне, қызық!– деді күліп Салмақбай. – Ақша, ең әуелі құрал-сайман сатып алу керек. Ағашың жоқ, ағаш аласың, кірпіш аласың. Темірі керек, шыны керек, шеге керек, – мұның бәрі ақшасыз болмайды. Оның бер жағында шебер жалдау керек. Жұмысшыларға бересің. Басқа ығын-шығыны болады. Әрине, бұған да ақша керек.

Салмақбайдың ә дегеннен «ақша керек» дегені Сағындықтың (ақша) көңіліне жақпады, жақпаған сайын оның айтқан сөздері бір түрлі ұнамсыз, келіссіз көрінді. Ашулы дауыспен Салмақбайға:

– Е, сен ақша-ақша деп айта бересің! Одан да ұйымдасып, орталарыңнан өздерің салсаңдаршы!– деді.

– Бізде салатын ақша бар ма? Айналасы бес-он тиыннан каператсияның ақшасының өзін әрең жиып алдық. Каператсиядан байысақ, салдыру кепілін мен алайын, бірақ оған дейін көп заман өтеді ғой. Өзі қызық нәрсе екен. Мен осы бастан салып жіберсе деп ойлап едім. Онда біздің каператсияға халық тез жазылады.

Салмақбайдың бұл сөздері Сағындықты ұғындырып жіберді.

– Оның рас!– деді жуас дауыспен. – Ең әуелі әлгіндей қылып каператсияны жасап алса, жұрт артынан тез жазылар еді...

– Ол не дегенің!– деді жұлып алғандай Салмақбай. – Қазақ көргеніне нанады. Көз алдына жайнатып дүниені

әкеп қойсаң, саңғырлатып сарайды, үйді салып тастасаң, қазақ еріксіз көнеді. Мынаның қолынан бір нәрсе келеді екен дейді. Айтпа, құр сөзге қазақ жуырда түсінбейді. Өзіміз көп қазақтың біріміз ғой. Шынымызды айтсақ, жазды күні сіздің сөзге ешкім түсінген жоқ.

– Түсінбесеңдер кооперацияны неғып аштыңдар?– деді мұңайып Сағындық.

Салмақбай жымыып күлді. Біраз бөгеліңкіреді де, күлген бойы:

– Кооперацияны әнеугі мен апарған нәрсе ашты,– деді.

– Жоқ сонда да кооперация нәрседен бұрын болды ғой!– деді жылдамдатып Сағындық.

– Жоқ, жоқ! Тұңғыш туғаны нәрсе, бұдан кейін коператсия болды. Айтып келе жатқан бар сөзімнің тетігі осында!!!– деді күліп Салмақбай.

– Жаным-ау, өзің түсіндіріп айтшы! Менің миым еш нәрсені ұғар емес,– деді Сағындық.

Шекесін сиғап Салмақбай тағы күлді.

– Жоқ, күлгенді қоя тұр! Әуелі маған айтасың, содан кейін күлесің!– деді ашуланып Сағындық.

Салмақбай түсі суып кетті.

– Жарайды, мен айтайын,– деді Сағындыққа қарап,– бірақ сіз ашуланбаңыз.

– Жарайды, жарайды, айт!– деді шыдай алмай Сағындық.

Салмақбай сөйледі:

– Мен анау күні сізден каператсияға деп нәрсе алғанда біздің ауылда каператсия ашылған жоқ-ты.

– Ал!..

– Ие, ашылған жоқ-ты... Сізге көрсеткен приговорды мен өзім жазғам. Ел өзі білмейтін...

– Міне, қызық!..

– Ие, білмейтін... Нәрсені ауылға алып бардым да, айттым, мынаны каператсия ашсаңдар арзан бағамен аласыңдар. Аппасаңдар, қайтадан алған жеріме берем. Жұрт ауылға келген нәрсені жіберуші ме еді! «Ашамыз каператсияны!» деді. Содан кейін нағыз шын приговор жазылды. Жұмысты алып жүретін адамдар да сайланды. Ұйымға кіретін кісілер ұпай ақшасын төледі. Қысқасын айтқанда нағыз каператсия болды.

Салмақбай сөзін бітірді. Қасындағы Сағындыққа қарап еді, тұнжырап қабағын түйіп отыр екен.

– Сонымен кооперация болып тұр ма осы күні?– деді Сағындық.

– Әрине болып тұр!– деді Салмақбай.

– Жә... мысалы сен енді бұдан былай бізден нәрсе ала алмайсың, онда қайтеді? Кооперация бола ма, жоқ па?

– Әрине, жоқ! Нәрсе болмаса, каператсия болушы ма еді? Каператсия бойына қонатын бақсының жыны дейсін бе? Каператсияның тетігі нәрседе. Нәрсе бар, каператсия бар. Нәрсе жоқ, каператсия жоқ.

Ажырайып Сағындық Салмақбайға қарады.

– Нәрсе болмаған күнінде, әлгідей үй салынып, сарай салынғанда кооперацияның үнемі тұратынына көзін жете ме?– деді Сағындық.

– Ойбай-ау, ондай жұмыс істелсе, каператсия жоғалушы ма еді?– деді күжірейіп Салмақбай. – Жүн-жұрқа, тері-терсек сарайға үйіліп жатқанда, біз қарап отырамыз ба? Ол ақшаға нәрсе алмаймыз ба? Нәрсені сатсаң, жүн-жұрқа бар, жүн-жұрқаны сатсақ нәрсе бар! Мұндай каператсия өмірінде жоғала ма?

Мынаның соңғы сөзі Сағындықты оятып жіберді. Жүрегіне біреу сіріңкені сүйкеп қалып, жандырып жібергендей болды. Лапылдап жүрегі жанып бара жатыр. Жүректің қызуы бүкіл денеге жайылып, өне-бойын өртеп бара жатқандай. Сағындықтың бетіне қып-қызыл қан шып-шып етіп шыға келді.

– Жарайсың, сабазым, жарайсың!– деді Сағындық, Салмақбайды иыққа қағып-қағып жіберіп, – жасасын кооператция, жасасын Салмақбай!– деді дауыстап.

– Мен оқыған емеспін ғой. Сонда да әлгі сарай салу дегенің менің көңіліме қонып кетті,– деді қуанып Салмақбай.

– Жоқ, сенің сөзің қызық болды,– деді жылдамда-тып Сағындық. – «Жүн-жұрқаны сатсақ, нәрсе болады, нәрсені сатсақ жүн-жұрқа болады. Айтты-айтпады, бұл секілді кооперация өмірінде жоғалмайды ғой.

– Әгарда біреу не жүнді, не пұлды жеп қоймаса!– деді күліп Салмақбай.

– Ия, ия, әгарда біреу не жүнді, не пұлды жеп қоймаса!– деді іле Сағындық. Екеуі де қарқылдап күліп жіберді.

– Не жүнді, не пұлды!– деді екеуі де бір дауыспен.

Күлкісін жиып алған соң, екеуі тағы әңгімеге түсті. Ендігі бұлардың әңгімесі ауылда сарай мен үй салынғаннан кейін болатын өзгерістер туралы еді.

– Менің ойымша, – деді бір кезде Сағындық. – Мұндай ауыл нағыз жұмақ болады. Біз сауда күшейіп, ақша көбейген сайын сарайдың санын көбейте береміз. Біраздан соң ақшаны басқа орындарға да жұмсаймыз. Мысалы: ауылдан оңдап тұрып мектеп саламыз. Балалар оқып, жазды күні мектептің алдында ойнап жүреді. Бәрі-бәрі, больница да саламыз. Ауырған қазақтар барып емделіп жатады. Жалдап шаһардан доктор әкеп қоямыз. Біраздан соң жалғыз адаммен тұрмай, мал дәрігерін де әкеп қоямыз. Агроном алдырамыз. Ауылдың шаруасы одан әрі түзеледі. Шаруа түзелсе, тұрмыс та оңдалады. Біз ауылдағы жаман шым үйлерді тастап, ұйымның мүшелеріне оңдап әдемі үйлер салып береміз. Үй түзелген соң үйдің іші де түзеледі. Қыздар, бозбалалар әдемі киінетін болады. Олар... Ойбай-ау, әлгі театрды ұмытып кетіппіз ғой. Оңдап тұрып ауылдың ортасынан театр саламыз. Жұрттың бәрі театрға баратын болады. Театрдың күндіз ашық болатын бөлмесінде газеттер, журналдар жатады. Оны кісілер оқып, дүниенің тұрмысымен танысады. Кешке театрда спектакль қойылады. Атақты жазушылардың жазғандарын көреді жұрт. Ауылдың бәрі баиды. Қазіргі кедейлер жоғалады, жұрттың бәрі тоқ, бәрі білімді, бәрі де тату. Бірінің бірі туысқан, бауырындай. Тұрмыс та жеңіл! Өмір де қызық! Уа, шіркін! Осы күнгі ауыл сондай болар ма еді?!

Дәл осы сағатта Салмақбай мен Сағындықтың екеуі де жер жүзінде бақытты адамдардың бірі еді. Тәтті қиял шын өмірге айналғандай. Екеуі де ілгері қарай ентелей басып, «қашан жетеміз, қашан жетеміз?» деген секілді еді.

XXXIX

Екі ай өтті.

Мұның бәрі былай болады деп ешкім ойлаған жоқ еді. Әуелгі кезде бұл жерде үйме-жүйме болып ағаш, кірпіш үйіліп жатты. Көп арбалы қазақтар күннен-күнге ағашты таси берді. Қыстаудың сыртындағы ауылдың қотаны күнде жиылыс, күнде халық болып жатты. Біреулер келіп жатыр, біреулер кетіп жатыр, кей кез-

де қыстау мен ауылдың арасында жарысқан бозбалалар көрінеді. Анадайдан ұшқан тырнадай тізіліп көп көлік келе жатыр. Түнеріп, мең-зең болған күздің күні. Күннің көзі ұсақ бұлттардың ар жағынан көрінбейді. Салқын ғана ызылдап соққан күзгі жел. Масатыдай құлпырған қызылды-жасылды көп қызғалдақтар әлдеқашан ұшып кеткен. Шырылдап секірген шегірткелер де жоқ. Аспандағы қараторғай әлдеқашан әдемі күйден жаңылған. Алыстан күлімдеп қолын бұлғап шақырған жазды күнгі сағым да жоқ. Жазғы күні бұрқырап аспанға шыққан шаң да жоқ. Сәйгелдеген сиыр да жоқ, соналаған жылқы да, пысынаған қой мен ешкі, күлге аунаған сорлы түйе – бәрі де қазір көрінбеді. Сап-салқын, дып-дымқыл қоңыр күз. Күзді күнгі қазақтың ауылы беп-белгілі.

Сыртта жайылып мал жатады. От басында жылынып шал жатады. Қылышын сүйретіп қыс келеді. Келетінін жұрттың бәрі біледі. Бірақ білгенменен қолдан келер дәрмен жоқ. «Бір аллаға сиындық, не қылса да ерік өзінде» дейтін қазақ.

Бірақ биылғы күз өзгеше еді. Биылғы күз жаңа тұрмыс, жаңа өмірдің басы еді. Жұрттың көңілі бір нәрсені ойлаған секілді. Бірденені сезгендей. Бір жақсылық, сөзсіз, даусыз болатын сықылды. Қотанда жиналған көп қазақтың ортасында Салмақбай отыр. Сөйлескелі көп болды. Сөздің аяғы жуықтап келіп еді.

– Жұмысқа қолын тигізбей бір адам қалмайды! – деді қатты айқайлап Салмақбай.

– Бәріміз, бәріміз де барамыз! – деді біреуі, шулап жиылған халық.

– Осы пәтуа-пәтуа! Ертеңнен бастап іске кірісеміз! – деді Салмақбай.

– Пәтуа! – деді көп.

Жұрт тарқай бастады. Күбірлеп көпке дейін өзді-өзі сөйлесіп жатты.

– Еңбектенсе, тәйірі іс бітпеуші ме еді? – дейді біреу.

– Оның рас! Еңбек керек! – дейді екіншісі.

– Көп түкірсе көл болады, – дейді біреу.

Бір уақытта жұрт үйіне тарады. Бәрі де ішінен ойлап кетіп барады. Бәрінің ойында әдемілеп салған жаңа үйлер. Көңілдері бірденені сезгендей. Бір жақсылық, сөзсіз, даусыз болатын сықылды.

Салмақбай түні бойы ұйықтамады. Мұның ендігі

ойы ертеңгі басталатын «помыш» (үме) туралы еді. Ең әуелі Салмақбай жігіттердің қалай жиылатынын ойлап алды. Одан кейін жерді өлшеп, бірінші бөренені салатынын ойлады. Одан кейін әдемі үй салынып, одан соң сарайлар салынып, ақырында әдемі жаңа ауыл болатынын ойлады. Соңғы екі айдың ішінде мұның істеген жұмыстары да көп еді. Қаладағы Сағындықпен сөйлескендері, оның бастапқы кезде бұған қарсы болғандығы, артынан мұның сөзіне қол қойып ақша іздеуге кіріскендері, тағы да жалпы ұйымдардың бастығына келгендері. Оның көпке дейін ақша беруге көнбегені, ақырында бұлардың ақша алғаны, одан кейін ағаш, кірпіш һәм басқа саймандар алып, оны ауылға тасығта бастағаны. Осының бәрі бірінен соң бірі Салмақбайдың көз алдына елестеп өтті.

– Апырмау, осының бәрі қалай істеліп кетті өзі?! – деді ішінен күліп Салмақбай.

– Әуелде каператсия деген есімде жоқ. Нәрсе алдым... Ауылға келдім, каператсия аштым... енді мынау! Салмақбай өз ісіне өзі сүйсініп біраз жатты.

– Мұның бәрі әлі еш нәрсе емес, қызық анау үй мен сарайлар салынғанда болады! – деді қуанып Салмақбай.

Тәтті қиялдың үстінде жатып Салмақбай ұйықтап кетті.

Ертеңінде Салмақбай ерте тұрды. Таң жаңа серпіліп, ағарып келе жатыр екен. Күзді күнгі салқын таң. Бүрісіп, орындарынан әрең тұрып қотандағы сиырлар өріп бара жатты. Бүржектеп қой мен ешкі де жөнелді. Ауыл жым-жырт ұйқыда. Үзігін қырау басқан киіз үйлер тұр. Бұлар да сүмірейіп тоңған секілді.

Салмақбай киініп алды да, тез-тез басып қыстауға қарай жөнелді. Алдында ағарып атқан таң. Енді біраздан соң күн шығады. Шақырайып жарық сәулесін жер жүзіне төгеді. Таңға қарсы Салмақбай да жүре берді. Жарық күннің сәулесі дәл алдынан келе жатты.



КҮМІС ҚОҢЫРАУ

I

Қошқарбайдың Сейілбекке жазғаны

Ардақты Сейілбек! Мен қызды көрдім. Қыз айтуға тұратын мал екен. Біз сендердей үлкен оқыған кісі емеспіз. Сондықтан біз нәрсені қырлап, сырлап айта алмаймыз. Біз тек көргенімізді айтамыз. Басын бас дейміз, қолын қол, аяғын аяқ дейміз.

«Қонақ байғұста ерік бар ма, май берсе де жей береді» дейді қазақ. Сол сықылды көргенге жазалы емес, алдында көзге көрінетін періште тұрса да көз шіркін қарай береді екен.

Екі көз адам баласының жетекшісі. Өйткені көз көргенді жүрек тексереді. Екі көз адам баласының қаруы, өйткені қолмен ұстағанға адам нанады. Жұдырықтай жүрек адам баласының қазығы, өйткені жүрек сүйгенде ғана адам ас қылады.

Сен менің «ас қылады» деген сөзімді оқығандарша оқып жүрме! Осы күні сендер қара қазақтың жалтарма сөздеріне түсіне алмайтын ауруды шығарып жүрсіңдер ғой. «Ас қылады» деп мен қазы жегенді айтпаймын. Жейтін ас емес, айтқалы отырғаным жемейтін ас.

Бұл сөз осымен тұра тұрсын.

Қыздың әңгімесіне келейік. Денесі аппақ сүттей. Екі беті қып-қызыл. Қара көз, қара шаш.

Қиссадағы Ақ Жүністей:

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де, етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр.

Қыздың сыртқы түрі осы. Әуел бастан айтып қояйын, бұл сықылды әйел менің өзіме де әбден ұнайды.

Ал енді қыздың мінезіне келейік. Байдың қыздарын көріп жүріп мен мұндай сыпайы қыз көргем жоқ. Жүгіріп, шошандау, сықылықтап күлу, айқайлап сөйлеу – оның бірі жоқ. Күзектегі қоңыр қаздай аяғын маң-маң басады. Әрбірі тостағандай екі қара көзімен қараса қарайды, қарамаса өзі біледі. Немқұрайды қылып көзінің қырын бұра салады.

Анда-санда күлгенде ақырын ғана даусы шығады. Онда да әдепсіз әйелдей құрғақ дауыс емес, бір сөзге қосылып шыққан күйлі лебіз. Күлімсіреп: «қойшы» деп қояды. Әйтпесе «солай ма екен?» деп күледі. Немесе «ие!» деп аяғын күлкіге айналдырып жібереді. Сөзсіз, дәнеңесіз, сылдыр құрғақ күлкіден жаным жек көрері жоқ.

Қыздың аты Сәлима. Биыл жасы 18-де. Ал енді өз жайымнан бір-екі ауыз сөйлейік. «Өз жайымда» айналып келгенде бәрібір сенің жайың ғой. Сен болмасаң бұл ауылда менің не жұмысым бар?

Қысыр әңгімені қойып, керек сөзді айтайын.

Қыздың ауылына келісімен ел адамдарымен астыртын бір сөйлесіп алдым. Ішінде Құдабай деген біреуі бар екен. Ө дегеннен Құдабай тұрып маған сұрау бере бастады:

– Оныыз өзі қай жердік?

Мен жауап бердім.

– Үлкен оқыған жігіт пе?

– Орыстың оқуын түгескен! – дедім.

– Орны қалай? – деді.

– Орны?.. Шүкір, дәрежесіз емес. Сендерге пана болуға жарайды!

Құдабай күлімсіреді.

– Осы күні әйел басына теңдік алып отыр ғой. Сәлиманың өзінен сұраңыз, – деді бір кезде.

– Баладан сұрау өз алдына. Біз оның туысқаны, сендерді ренжіткіміз келмейді. Бал жаласып отырып құда болғым келеді! – дедім мен күржиіп.

– Бала бала бойымен тұра тұрсын, сендер не дейсіңдер? – дедім тағы да.

– Жоқ. Әуелі баланың өзімен сөйлес. Өзі білсін, – деп шуласты жұрт.

Амал жоқ, Сәлимаға келдім. Қасында өзі сықылды тағы бір қызыл шырайлы қыз отыр екен. Осылай осылай дедім баяғы. Сәлима күлімсіреп жанындағы қызға қарады да: «Қызық екен өзі?» деді. Ана қыз да күлді.

Мен тұрып:

– Шырақтарым, соңынан күле жатарсыңдар. Мен ойыншыққа келгем жоқ. Бір жауабын беріңдер!– дедім.

– Жауабы несі?– деді жанындағы қыз.

– Кәдімгі жауап!– дедім мен.

Екеуі сыбырласып біраз отырды.

– Біздің жауап керек болса жігіттің өзі келсін, – деді.

– Ол қазір келе алмайды, қызметі бар, жауап алуға мені жіберіп отыр.

– Жоқ, өзі керек.

– Сендерді көрмей ырза болғанда, оны көруге сендер неге қалау қыласыңдар?

Екеуі дыбыс шығармай сырласып, тағы біраз отырды. Бір мезгілде орындарынан тұрды да, үйден жүгіре шыға жөнелді.

Қанша күтсем де қыздар оралмады. Қайтадан манайы Құдабайға бардым, о да сенің өзің келсін дегенді айтты.

Әңгіменің бас-аяғы осы, Сейілбек! Сен енді қайтпексің? Келесің бе? Жоқ, осымен өзің айтқандай «заманыңды» тоқтатасың ба?

Маған қыз ұнады. Маған салсаң, кел деймін! Әзірше мен осы жақта ел қыдырып жүре тұтам.

Ал егер келе қалсаң, былтырғыдай жалғыз жетек арба жегуінді қой. Пәуескеге ат қазақшылап жегілетін болсын. Қазақшылады деп доғаны айтам. Ортадағы аттың доғасы болсын. Доғаға байлаулы қоңырауы болсын. Екі қоңырау байла. Екеуі де аппақ күмістей жаңа болсын. Әдейі жаңасын ал. Себебін соң айтармын.

Жолдасың Қошқарбай.

С. А.

Айтпақшы, ұмытып кетіппін-ау. Бұл жақта нағыз шілде. Көксенгірдің бауырында Жатыркөл деген жер бар. Соның басы толған ауыл.

Ай, қазақ жарықтығымның ауылы-ай! Қанша қазақты жамандасақ та, жақсы ауылға келгенде көңіл бір ырза болады. Жұрттың көбі ауылды қымыз үшін жақсы көреді. Былтырғы сенің жолдасың, тапал бойлы қара жігіт (соның атын да ұмытып қалдым) айтып қоймайтын: «қыз, қымыз, қазы, қозы!» деп.

Мен ауылға бұл төрт шартты қоймаймын. Мүмкін менің сендерден оқуым аз болғандықтан жете ойлай

алмайтын шығармын. Бірақ ауыл туралы сендермен таласамын.

Мен ауылдың өзін сүйем. Қымызы болмаса да, қызы, қозысы болмаса да маған сүйкімді. Сендер ауылға бір келсеңдер біраздан соң іштерің пысады. Мен ауылда тұрған сайын көңілім жай болып, бөксем орныға береді. Мен қалада сендер сықылды жолдастарым болмаса тұра алмас едім. Ауылда сендерсіз де тұра берем.

Міне, мен қазір Жалтыркөлдің жиегінде тырайып жатырмын. Аспан да, жер де көкпенбек. Анау құстар, мынау жыбырлаған жылқы мен қара мал. Анау ақ боз үйдің сыртынан маң-маң басып Сәлима кетіп барады! Байғұстың тағдыры не боп жазылды екен?..

Тым елжіреп кеттім бе, немене? Сөкпей-ақ қой. Ал тағы да қош айттым!

Бұрынғыдай жолдасың Қошқарбай.

II

Сейілбектің жазғаны

Қошқарбай! Сенің ауылдан жазған хатыңды бүгін алдым. Бүгін саған жауап жазып отырмын. Сен мені жалқау деп талай сөгуші едің. Дәл осы жолы ондай сөгіске орын болмас деймін.

«Ауру қалса да, әдет қалмайды» – дейді қазақ. Жалқаулық атамыз қазақтан қалған ескі әдет қой. Ескі әдеттен құтылу қиын жұмыс. Біз орыстың мәдениетіне қанша үйренгенмен ар жағымыз анда-санда қазекеннің «шылығына» тартпай тұра алмайды. Оқыған қазақтың жалқаулығы сол «шылыққа» жатады.

Бірақ қазақтың «шылығынан» құтылуға бізге орыс мәдениетінің беріп отырғаны да шамалы. Орыстың өзі бізден жаман жалқау жұрт.

Мен жуырда бір кітап оқыдым. Кітапта осы күнгі ағылшын жұртының тұрмысын жазған. Ағылшындарда «уақыт-уақытша» деген мақал бар екен. Олардың уақыты санаулы. Бір сағат, бір минутты ағылшын босқа өткізбейді.

Босқа өткізген уақытын олар қалтасындағы ақшасын жоғалтып алғандай көреді екен.

Ағылшындарда уақыт мәдениеті деген өз алдына бір

өнер көрінеді. Олар жас күнінен уақытты бағалап үйренеді екен.

Айтты-айтпады, Қошқарбай, уақыт деген адамның өмірі ғой. Адам баласы өмірінің жартысын ұйқымен алады.

Міне, мен қазір 25-темін. Соның ішінде 12 жыл жарым ұйқымен алдым. Қалған 12 жыл жарымды дүниенің жарығын көріп өткізген екем. Бірақ 12 жыл жарым да менің тұтас өмірім емес. Ес білгеннен балалық күнді бұл 12 жыл жарымнан шығарып тастау керек. Сонда көп дегенде 10 жыл осы күнгі Сейілбектің еншісіне тиеді.

Он жылда Сейілбек орыстың орта дәрежелі мектебін бітірді. Он жылда Сейілбек бір орыстың, бір ноғайдың қызын алды. Қазір оның екеуі де жоқ. Бірінен соң бірі – екеуі де Сейілбекті жалықтырды. Сейілбек оларға жас өмірінің ең ыстық қанын сарп етті. Сейілбек оларды жанындай сүйіп еді: олар Сейілбектің жанын бағалай алмады. Олар Сейілбектің жүрегіне жара салып, тілегіне бөгет болды.

Қошқарбай! Айта берсем сөз көп-ақ, бірақ сол қаншықтарды ескерген сайын аяғыма ақау түсіп, көңілім болдырады.

Мен өткен күндерді еске түсіруге қарсы емеспін, бірақ өткеннің жақсылығы аз болып, жамандығы көп болса, онда өткенді ойлағаннан ауыр нәрсе жоқ. Ойлауға тұрмайтын өткенді не қылам деп отырған жайым бар. Өткеннің ішін ұрайын!

Өткен іс кетті. Ал енді, Қошқарбай, болашақты сөз қылайық.

Сенің хатыңнан Сәлиманың кім екенін әлі жөнді түсінгенім жоқ. Қызыл шырайлы ақ қыз дейсің. Қара шаш, қара көз!

Қалалы жерде қара шаш, қара көз деген едәуір сөз, өйткені орыс әйелінің көбі сары шаш, көк көзді келеді. Қазақ әйеліне қайта сары шаш дәрі. Қара шашты қазақ қызы – екіншісі бірі. Біздің ауылдағы Жылқыбай деген қойшының жаман қызының шашы қап қара көмірдей болатын. Өзіміз елде жүргенде Жылқыбайдың қара қызы деп мазақ қылатұғынбыз.

Сондықтан Сәлиманың қара шашы мені онша қызықтырмайды. Маған оның ұнаған жері: мінезі. Аяғың маң-маң басатыны рас болса менің қалауым

біткені. Орыстың әйеліндей тық-тық басқан шошақай болмаса екен! Менің түбіме жеткен біз өкшелер екенін өзің де білесің ғой!

Қыздың саған кесіп жауап бермей, менің өзімді көрем дегені де маған ұнады. Бұл оның, меніңше, бекзаттығын көрсетеді. Қазақтың басқа қызы болса, ә дегеннен көне қалар еді. Мен сықылды орысша оқыған қазаққа қай қыз келмеуші еді? Мынау оны істемеген.

Орысша оқыған жігіт десе желіге кететіндік соңғы кезде қазақ қыздарының ішінде мода сықылды болып кетті ғой. Қазақтың қандай ақылды, көркем, сұлу деген қызы ауылына орысша киінген біреу келсе, оп-оңай соңына еріп жүре береді. Орысша оқыған жігіттің қазақ қызын тартатын магниті қандай екенін мен біле алмай-ақ қойдым.

Менің бір орыс жолдасым бұл іске өзінше баға береді. Оның айтуынша қазақ қыздары орысша оқығандарға ә дегеннен ашық бола кететіні олардың сенгіштігінен дейді. Қазақ қызы әдемі орысша киімнің іші де сондай әдемі, жақсы деп ойлайды, бұл – бір.

Екінші – қазақ қызы ел ішінде айтылып жүрген бостандық, еркіндік деген ұрандарды басқалардай емес, шын көңілмен қарсы алады. Сондықтан ондай қыздар орысша оқыған жігітке тез көнгенінде алдындағы болашақ бостандық, теңдікті көксеп көнеді. Сол жігіттің арқасында болашақ жолымды табам, қазақтың қалған әйелінен бұрын көздеген нысанама жетем, бостандық, еркіндікке барам деп ойлайды.

Менің орыс жолдасымның бұл пікірлері дұрыс болуы да мүмкін. Бірақ бұл пікірді саған түсіндіруге көп уақыт керек. Сондықтан хатта жазғанша, көріскенде сөйлесерміз.

Алғашқы әңгімеге қайта келейік. Қыздың менің өзімді шақырғаны маған ұнады дедім ғой әлгінде. Олай болса мен баруға бел байладым. Не қылсаң да мені сол ауылда күт. Ертең, бүрсігүні барамын.

Сенің доғаға қоңырау тақтыр деген сөзіңді қалай орындарымды білмей отырмын. Қаладан шықпай тағып алайын десем, көшеде милиция ұстап алып, штраф салады. Қаладан шығып, ел шетіне кірген соң тағайын десем, біреу-міреу көріп қалып, қоңырауды қалада тағуға бата алмай қазақ ауылында байлапты деп сөз қыла ма деймін.

Қара қазақ қысыр сөзге қандай құмар келеді! Бір кісінің аузынан шықса, бүкіл елге жайылғаны ғой. Біреу-міреу, кім біледі, газетке де жазып жіберуі мүмкін. Сонсоң біржолата күміс қоңыраулы Сейілбек атанғаным ғой.

Қошқарбай! Мұның мәнісін қалай табам? (жәй әшейін көңілге демесін қылып сұраймын да. Әйтпесе, сен осы күні маған ақыл айтатын жерде отырсың ба?)

Сен ауылда, Жалтыркөлдің жиегінде тырайып жатырсың. Аспан да, жер де – бәрі бірдей көк-пеңбек дейсің. Сен қыз туралы сөзіңді өлеңмен астарлап жазғанда Жалтыркөлдің маңайын неге өлеңмен сыпаттамайсың?

Көккүмбездің астында көк масаты,
Сәулемен алтынданған сары белім.

деген өлеңді есітіп пе едің? Естімесен, бұл Сұлтанмахмұт Торайғырұлының жазғаны. Осы өлең сенің қазіргі жатқан ауылың туралы әдейілеп айтқан сықылды.

Сен бұдан былай мені дүниенің бәрімен қызықтырма. Әрі қызды мақтайсың, әрі далаға, әрі малға қуанасың.

Жалғыз-ақ Сәлима туралы жаз. Басқа ертегінің керегі жоқ. Мен осы хатты жазарда Сәлимаға онша емес едім, енді, міне, хатты бітіргенше сол қызға ашық болуға айналып отырмын.

Қайткенде де мені ауылда күт. Баяғы аңқаулығыңа жеңдіріп, басқа жаққа кетіп қойсаң, маған өкпелеме.

Ал, жарайды. Хат ішіндегі шын сөздерді қалжыңға аударып жіберме.

Қош бола тұр! Жолдасың Сейілбек.

III

Сәлиманың хаты

Бауырым Нағима! Уәдемді жұтпай, міне, дәл қырық күннен соң саған бәрін жазғалы отырмын. Сен тыңдай бер! Мен айта берейін. Сырымды саған айтпағанда, бауырым Нағима, кімге айтамын.

Екеуміз бірге өсіп, біте қайнадық. Жас күнімізден көңілім үйір болып, жүрегіміз жолдас болды. Сенің ой-

лағаныңды мен, менің ойлағанымды сен біліп тұрушы едің. Нағима – Сәлима деп екеуміздің атымыз көптің аузына ілінді ғой. Басқа ауылдың жігіттері екеумізді Көксеңгірдің екі еркесі дейтіні есінде бар ма, Нағима?..

Сөз басы осымен бітсін. Ал енді әңгімеме келейін.

Қалаға келгелі... жоқ, олай емес, ауылдан шыққалы, міне, бүгін дәл қырық күн болды. Қырық күн деген едәуір заман екен. Мен ауылдан шыққанда біздің жақта жадыраған жаз еді. Бес күн жүріп қалаға келдік. Қалаға келсек, қаланың іші толған жаңбыр екен. Таңертеңнен кешке шейін сіркіреп бүркеді де тұрады.

Кейде мен есіктің алдына шығып, көшеге қарап тұрам. Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан адамдар. Көбі жаяу. Арбалысы да көп. Соншама халықтың таңертеңнен кешке шейін шаршамай жүре беретініне таң қалам.

Құданың құдіреті: арбамен келе жатқан кісіні көргенде менің құлағыма қоңыраудың даусы сап ете қалады. Өзің білетін күміс қоңырау!

Дәл сол күні күміс қоңыраудың даусын естимін деп кім ойлапты? Одан кейін, оның ақыры мұндай болады деп кім болжаған. Сен ауылда қалып, мен қалаға қатын болады деген үш ұйықтаса түске кіретін іс пе еді? Қызық-ау дүние деген! Айналасы қырық-ақ күн. Қырық-ақ күн қырық жылдан артық өзгеріс етті.

Сен мені арманына жетті деп күндемессің. Елдегі тілегіміз бірдей ғой. Маған деген тілек қабыл болса, саған деген тілек орындалмасына көзің жете ме? Дүниенің жақсылығы көп, Нағима!

Күнде жаңбыр болып көңілім азырақ мұнайып жүр. Бұлтты күні белі сырқырайтын апамның әдеті болушы еді. Мен де соған тартсам керек. Сен мұны басқаша түсініп жүрме. Жәй әшейін айтқаным болмаса, қаланың жаңбыры маған түк ететін емес. Мен сықылды қуанышы қойнына сыймай жүрген кісіге жаңбыр не қылушы еді?!

Таңертеңнен кешке шейін тек күле берем. Сейілбек те маған күлмей қарай алмайды.

– Сәлима!– дейді кей кезде.

Мен жалт қараймын.

– Жәй, әшейін...

Жүгіріп келеді де, бетімнен сүйіп-сүйіп алады. Мен қарсыласпай сүйгізе берем.

Кейде екеуміз кешке таман үн-түн жоқ кереуеттің үстінде отырамыз. Мен бірдеме дейін десем, Сейілбек: «үндеме, осылай отырайық» дейді. Анда-санда менің шашымды уыстап қолына алады да, мойнына орайды. Немесе менің шашпауға таққан шолпымды алып, қақпақыл қылып сылдыратып ойнап жатады.

Кеше шолпыны сылдыратып жатқанда мен Сейілбекке:

– Осы сылдыраған дауыс неменеге ұқсайды?– дедім.

Сейілбек:

– Бұл дауыс ішнәрсеге ұсамайды. Бірақ шолпының даусын естігенде көз алдыма қазақтың аулы елестейді!– деді.

Бір заман қарап, тұнжырап отырды да:

– Жоқ. Ауыл емес, ақ отау елестейді,– деді.– Ақ отаудың ішінде қымыз ішіп отырғанда, үй сыртынан бір нәрсе сылдыр-сылдыр етсе, керегенің астынан сығалап қарай қалсаң! Шолпысы сылдырап маң-маң басып бара жатқан қыз боп шықса.

Сейілбек маған жалт қарады да:

– Сол қыз сен едің ғой!– деді.

Сұрастыра келсем, түнеугүні біздің ауылға келгенде Сейілбек мені ең алғашқы жолы керегенің астынан сығалап көрген екен.

Сен екеуміз біздің үйдің сыртынан келе жаттық қой! Ол бізді сонда қарап отырыпты. Бөтен сөзбен әңгімемді бөле бердім-ау. Тағы да әлгі шолпыға келейік. Мен Сейілбекке:

– Сонымен сылдыраған шолпының даусы неменеге ұсайды?– дедім.

Сейілбек үндемеді. Екі көзі тұнжырап маған қарап, сен өзің не дейсің деген кісіше отырды.

Мен оның ол ойын сезе қалдым да:

– Күміс қоңырау есінде бар ма?– дедім.

Бір кезде күлкісін жиып алды да, маған қарап:

– Сәлима, ендігәрі күміс қоңырауды айтушы болма, әсіресе, үйде бөтен кісі отырғанда күміс қоңырау деуші болма!– деді.

Сейілбектің кейде кісіні бір түрлі қатты қайырып тастайтыны бар екен. Бүгін таңертең екеуміз нәрсе алуға магазинге бардық (қалалы жерде дүкенді магазин дейді). Менің аяғыма магазиндегі бөтенке әрең сыйды,

өкшесі біп-биік жаңа бөтенкемен тық-тық басып бара жатыр едім. Арт жағымнан:

– Тұра тұр!– деген Сейілбектің даусын есіттім.

Мен тұра қалдым.

– Бұрынғыдай жүр. Аяғыңды тықылдатпай бас,– деді Сейілбек.

– Мен емес тықылдап тұрған бөтенкенің өкшесінің өзі,– дедім мен.

– Не сөйлейді? Бөтенкенің өзі қалай тықылдайды?– деді ашуланып Сейілбек.

Бұрын еркелеп үйреніп қалған басым, мен келе жатып Сейілбекті келеке қылуға айналдым. «Бөтенкенің өкшесі қалай тықылдаушы еді?» деп екі-үш рет сұрай бердім. Сейілбекте үн-түн жоқ.

Бір кезде даусы бұзылып:

– Сәлима!– деді.

– А!..

– Менімен ендігәрі бөтенке туралы сөйлесуші бол-
ма!

Мен жауабын берейін деп бетіне қарап едім, қара бұлттай мұнартып келеді екен.

Үндемедім.

Үйге жуықтай бергенде қалай екен деп бетіне тағы қарадым. Баяғы Сейілбегім! Екі көзі жаздай жадырап қарағанда іш-бауырыңды еріксіз елжіретеді.

Менің көңілім азырақ жабырқап қалғанын сезгендей қолымнан бұрынғыдан гөрі қаттырақ қысып қалып:

– Сен, Сәлима, менің кейбір мінездерімді кек қыл-
ма!– деді.– Мен кемшілігі көп кісімін. Бірақ басқа мен-
дей кемшілігі бар адамдардан айырма жерім: олар кемшілігін қымтап-жасырып жүреді. Мен ешнәрсемді жасырмаймын. Жақсылық-жамандығымның бәрі жұрттың көз алдында. Адам бойындағы жамандықты жасырып әуре болғанша, оны мүлде жоюға тырысуы керек. Жоюға шамаң келмеген жамандықты жасыруға да мүмкін емес,– деді.

– Сенің өз шамаң келмейтін жаман мінездерің бар ма?– дедім мен.

Сейілбек көпке шейін үндемеді. Бір кезде өзінен-өзі күліп жіберді де, маған қарады.

– Сәулем, Садима жаным! Қандай жаман мінездерім болса да саған залал жоқ. Саған деген Сейілбек өзгеше,– деді.

Бұдан кейін екеуміз сөз қатысқанымыз жоқ. Қолтықтасқан бойымызбен үйге келдік. Үйге келген соң бұрынғы әдетінше Сейілбек мені сүйіп-сүйіп алды.

Нағима, қалқам! Осындай Сейілбекті мен қалайша сүймеймін. Менің бұрыннан іздегенім осы емес пе еді? Сейілбектің мінезі түгіл сыртқы пішіні де, керек десен киген киіміне шейін менің бұрынғы ойлаған адамыма келеді. Қара көз. Аққұба. Биік бойлы. Неліктен екенін білмеймін, орысша оқыған адам тапал болмау керек еді деп ойлаймын.

Сейілбектің бойы да дәл өзімнің ойлағанымдай.

Сейілбектің киімдері де маған бір түрлі ұнайды. Көк шұға шалбар мен пенжеккі киіп сымдай болып кейде бір шыға келеді-ау. Мен сонда мойнына асыла кеткім келіп тұрады.

Тым артық сөздерді де сөйлеп жібердім білем. Оқуға сен де жалыққан шығарсың. Мен енді осымен тоқтаттым. Сен де маған бәрін жаз. Мен кеткелі ауылда не болды, не қойды – бәрін қалдырма!

Жан сырласың Сәлима.

IV

Нағиманың хаты

Бауырым Сәлима! Хатыңды алып, өзінді көргендей болып отырмын. Бірақ сенің осы күнгі түріңді білмеймін де ғой. Басыңдағы бұрынғы оқалаған қызыл барқыт тақияның орнына қазірде әдемі орысша шляпа шығар. Үстіндегі жасыл барқыт шапанның орнына енді орыстың қысқаша пальтосы шығар. Бұрынғы кебіс-мәсінің орнына осы күнгі орысша бәтеңке киіп жүретін шығарсың. Осы күні Сәлима бұрынғыға ұсамайтын шығар. Бірақ сыртың қанша өзгергенмен жүрегің, көңілің бұрынғы қалпында екендігіне менің күманым жоқ. Бұрынғы Сәлима – Сәлима екенін сенің хатыңнан да көріп отырмын.

Сейілбектің ойлаған жерден шыққанына мен саған қуаныштымын. Сенің «күндемессін» деген сөзің ойын болса да, орынсыз айтылған. Сені күндеп мен не мақсатыма жетем. Сенің ерніңнен жырып алған жақсылық маған не ас болар дейсін.

«Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген қазақтың

ескі мақалы сен екеумізге, тіпті, келмейді. Бұл мақалдың тегінде іске асуына мен қарсымын. Менің түсінігімше қуаныш деген өз алдына, қайғы деген өз алдына. Біреу қуаныш көру үшін екінші біреудің қайғы тартуы қажет болса, ондай қуаныштың керегі не? «Біреу өлмей, біреуге күн жоқ» деген мақалдың мағынасын мен осылай ғана ұғам. Қуаныш өз бетімен неге келмейді? Әдейі біреуді жылатып, біреудің моласын аттап келген қуаныш емес, қайта үлкен қайғы.

Өзіміз елде жүргенде айтушы едің ғой: «қазақ әйелінің бостандығы жолында құрбан болсақ арманымыз жоқ» деп. Менің ойым әлі сол, яғни сен менің ойымды жоғарғы сөзге қайшы келеді дерсің. Бізді өлтіріп құрбан қылмай-ақ, қазақ әйелі бостандыққа жетсе болмай ма дерсің.

Жоқ. Олай ойлама, Сәлима! Жоғарғы айтылған мақал мен біздің сөзімізде көп айырма бар...

«Біреу өлмей, біреуге күн жоқ» деген осы күнгі әділсіз заманның негізі. Болашақтың теңдік, еркіндік негізінен бұрылған түрмыс олай деуге тиісті емес. Былтыр екеуміз оқыған үлкен кітапта осылай деген еді ғой!

Бостандық үшін біз құрбан боламыз дегенде осы күнгі теңсіздікті жою үшін айтамыз. «Біреу өлмей, біреуге күн жоқ» деген мақалды қолданып құрбан болғымыз келмейді. Қайта бұл мақалды мүлде жою жолында құрбан болуға даярмыз дейміз.

Жазып отырған сөзімді түсіндің бе, Сәлима. Түсінген жоқсың ба? Кітаптан үйренген, оқыған әңгімені сөйлегенде сөзімнің ұғымсыздау болатын әдеті. Бұдан жеңіл айта алмадым. Ұғынуға тырысып бақ. Алда-жалда түсіне алмасаң Сейілбекке көрсетерсің.

Сейілбекке сілтеп отырмын-ау, соған менің бір кішкене күмәнім бар. Ауылдағы қазақтың қызы бұл сықылды сөздерді сөйлеуге әлі жеткен жоқ деп менің хатыма нанбай жүрмесе Сейілбегің. Десе дей берсін. Сендермен жолығатын күн болса айтыса жатармын. Пәлсафа сөздер осымен біте тұрсын. Ауылда не боп жатқанын неге жазбайды деп сен де асығып отырған шығарсың. Енді ауылға келейін.

Елдің сөзі әлі басылған жоқ. Әлі жұрттың әңгімесі сен. Сенің бір түнде ғайып болғанына жұрт әлі таң-тамаша.

«Бір түнде ғайып болған Сәлима-жан» деп біреулер

өлең шығарып қойыпты. Кеше біздің үйге Мақыш келіп еді. Өлеңді шығарған Сәлиманың бұрынғы күйеуі дейді әлгі. Мен оның сөзіне нанған жоқпын. Өлең шығаратын оның өнері болса, бұл уақытқа дейін көрінбей неғып жүрген? Ауыл адамдарының ішінде сені, әсіресе, бағалайтын Құдабай: «Ешкімге ықтиярсыз бармаймын, мен үшін уайым жемендер деп отырып, ауылды масқара қылып қашып кетті» дейді. Құдабайдың ренжитін жолы да бар. Ана жақтың адамдары жесірімізді қаңғыртып жүрген орыстың арбасына өзін салып беріп жібердің деп Құдабайдың үйінде бір жұмадай 20-30 кісі жатып алды.

Ауылдың атқа мінері болған соң амал жоқ шыдады. Бірақ мазасы да әбден кетсе керек. «Дәл шөп шауып, шөп таситын уақытта шаруадан қалдырып мына Сәлима қылды-ау қылықты» деп Құдабайдың айқайлағанын есіттім. Не болса, ол болсын, әйтеуір аман-есен құтылып кеттіңдер ғой. Анда-санда апаң үһлеп қояды. Біраздан соң үйренер. Баяғыда екеуміз «Бақытсыз Жамалды» оқығанда сондай болсақ арманымыз жоқ деуші едік. Сен бақытсыз емес, бақытты Жамал болып шықтың. Менің жатсам-тұрсам тілегім сенің жолыңда, бауырым Сәлима. Мен хатымды бітіруге жуықтанып келем. Бірақ сен үшін сақтаған әңгімемді енді айтқалы отырмын. Бұл жалғыз саған ғана аузымнан шығарып отырған жасырын сырым. Сен де бұл туралы ешкімге ләм-мим деуші болма. Сенің шыдамсыздығың маған мәлім, жүрегің әуілдей бастады ма?

«Қинама тез енді айта салсайшы!» дегелі отырсың-ау! Жоқ. Мен сені біраз қинаймын. Қане тапшы! Мен саған не айтпақпын, ойлашы!

Мені біреу айттырғалы келген екен деп ойлап отырсың ба?

Жоқ. Олай емес. Таба алмадың! Мен де сен ұсап қашып кететін жігіт тапқан екен деп ойларсың!

– О да емес.

Қой, таба алмассың. Сені қиналтпай өзім-ақ айтайын.

Ал, тыңда!!

Өзің білетін Қошқарбай бар еді ғой. Сейілбек екеуінің Қошқарбайың! Сол жуырда біздің ауылға келіп, бір жұмадай жатып кетті. Алғашқы кезде жай әшейін қалжың-малжыңмен жүруші еді. Бір күні маған

үлкен хат жазыпты. Хатының мазмұнын қысқаша түсіндіруге, тіпті болмайды. Өйткені қысқартатын жері жоқ. Сырымды сенен жасырмауға уәде беріп ем ғой. Қошқарбайдың хатын осы қағазбен бірге саған жіберіп отырмын. Оқып шыққан соң өзіме қайта жібер. Қошқарбайға әлі жауап жазғаным жоқ. Не дерімді де білмеймін. Жазаласа, жазбай қоюым мүмкін. Бір ауылда тұрып хат жазысқан ерсі көрінді. Ауызба-ауыз сөйлесуге болғанда ол ауызды қағазбен бумаса қайтеді? Хатын беріп жатқанда Қошқарбайға да осыны айттым. Қып-қызыл боп кетті. Не дерін біле алмай хатты қайтадан қалтасына салғалы жатыр еді, мен күліп: «Берсеңіз беріңіз, бірақ хатыңызды оқимын да қоямын. Жауап күтетін сөзіңіз болса ауызбен айтарсыз» дедім. Қошқарбай үндемеді, мен де сөзімді әлгімен бітірдім.

Сырласың Нағима.

V

Қошқарбайдың Нағимаға жазғаны

Нағима сұлу! Бұлай атағаным ренжімессіз деп ойлаймын. Сіздің сыртыңыз сұлу екендігіне ешкімнің дауы жоқ сықылды. Сіздің ішіңіздің сұлулығына әзірше менің ғана көзім жеткендей...

Өлеңге әркімнің бар тайталасы,
Сонда да олардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы.

– деп, баяғыда Абай жазған екен. Сол айтқандай сұлулыққа әркім тырысады. Бірақ сұлулық, сұлу көрінгеннің қолынан келмейтін нәрсе. Кейбіреу болайын десе де бола алмайды. Кейбіреу, тіпті, сұлу болам деп қолында бардан айрылып қалады. Нағыз сұлу адам өзінің сұлулығын сезбейді. Мен сұлулық деп құр бет көркін ғана айтпаймын. Бет әдемі болғанда жүрек сүйе білсін, міне мен сондай кісіні сұлу деймін.

Жалғыз «сұлу» деген сөзді осыншама түсіндірді, не қылған мылжың адам деп жүрме, Нағима! «Мылжыңдық» та екі түрлі. Мылжыңдап кетем, бұл туралы көпке созып жіберуім мүмкін. Сондықтан «мылжыңдығымның» себебін қысқасынан ғана қайырайын. Сізді сұлу

деп айту маған бір үлкен таяныш және жұбаныш нәрсе сықылды. Сіздің сұлулығыңызға өзімді-өзім сендіргенде жүрегіме үлкен жақсылық орнап, көңіліме басқаша бір қуаныш болғандай. Сол себепті сіздің сұлулығыңыз туралы мылжындығыма мен қандай кінәлі болсам, сіз де сондай күнәлісіз бе деп ойлаймын. Мен сізді сұлу дегендігім үшін айыпты болсам, сіз сұлу болғандығыңыз үшін айыптысыз-ау деймін!

Кеше мен Қантарбайдың аулындағы қыз ойынға әдейі сіз үшін бардым. Күндіз сіз менімен ерегестіңіз. Сіз мені қыз ойынға бара алмайды деп біраз мазақ қылып отырдыңыз. Артынан мен барамын деп серт қылғанда, сіз келе алмайсыз деп мені тағы қайрадыңыз. Осының бәрі сізбен менің арамда қыз ойынға барудан басқа бір нәрсенің әсерін қалдырғандай болды.

Қыз ойын сөйлесек те сөзіміздің ар жағы маған басқаша бір әңгіме сияқты сезілді. Қыз ойын деген қалжың сөз екінші бір үлкен іргелі істің астары сықылды бөлек. Екінші бір нәрсенің көлеңкесі сықылды көрінді маған. Менің түсінуімде сіздің де сезіміңіз солай болды. Бәлкі сіз бұлай деп ол кезде ойлаған жоқ шығарсыз, ойыңызға мен айтып отырған бұл пікір енді келер, бірақ дәл сол сағатта сіз екеуміздің ойымыз бір екендігіне менің күманым жоқ.

Әрине, мен сіз айтпаған ойыңызды табуға хақым да жоқ. Әйткенмен Сәлима мен Сейілбектің арқасында сізді кей кезде өзімсініп сөйлейтін де орным бар шығар деп сенемін.

Сіз уәдеңізде тұрып қыз ойында менің қасыма отырдыңыз. Мен сізбен ә деп сөйлесе бастағанда-ақ жоғарғы айтқан сөздерімнің дұрыстығына көзім жеткен. Есіңізде бар ма, Нағима. Мен сіздің саусақтарыңызды санап отырып шынашағыңызды қысып қалғанда сіздің даусыңыз бұраң етіп, ақырын ғана «ойбай-ау» дедіңіз. «Биттей ғана қысқанға қолыңыз ауырып қалғаны ма? Қалай осал едіңіз!» дедім мен. «Ал-ал! Ендеше қайта қысып көріңіз!» дедіңіз сіз! Мен ауыртайын деген ойдан аулақ ниетпен сіздің қолыңызды қайта ұстадым. Мен де, сіз де сол бойыңызбен үндеместен біраз отырдық.

Бір кезде байқаусызда мен сіздің бетіңізге қарап қалдым.

Мөлдір мұздай теп-терең екі көзіңізге көзім түсті.

Сіздің көзіңіз ол кезде көп сөз айтқандай еді.

Қалжың сөз емес, қайғылы сөз, бәлкі одан да үлкен сөздерді айтатын сықылды еді.

Біз, еркек, әйелден көбінесе онай, жеңіл қызық тілейміз. Тілеп отырған сағатта тілекке жету үшін көп қиыншылықты ұмытып та кетеміз. Бірақ әйел біздің жеңіл тілегімізді өзінің шеберлігімен қақпайлап айдалаға айдап жібереді. Олай болмаса, осы күнгі еркек пен әйелдің арасындағы сүйіспеншілік те болмас еді. Онда адам баласы малдан ұзап кете алмас еді.

Мен сіздің қолыңызды қысып отырғандағы сіздің көзқарасыңыз менің жүрегіме үлкен сезім туғызғандай болды. «Апырмай, мына көздің ішінде не бар екен?» деген ойға түскендей болдым.

Меніңше, сүйіспеншілікке адам оқып үйренбейді. Сүйіспеншілік оқу да емес, өнер де емес, сондықтан біреуді сүю үшін онымен көп жүру, көбірек таныс болу, көбірек оны зерттеп білу дегеннің бәріне қарсымын. Мен сізді осы білгенімнен артық білгім де келмейді, зерттегім де келмейді.

Артық білуге мүмкін болса, ол соңыра бола жатар. Қазір мен жалғыз-ақ нәрсені білем: «Мен сізді, Нағима, сүйемін. Кешеден бері мен сізді әбден сүйдім. Дүниеде мен әйел сүйетін болсам, іздеп тапқаным мына сіз. Жүрегімнің бұл сырын мен сізге айтқанда бір нәрсе сұрайды, қалайды деп ойламаңыз. Менің сізді сүйем дегенім басыңызға ауыртпалық болса, онда ләм-мим демей осы қағазды қара жерге көме салыңыз. Мені жүрегіңіз сүймесе, аяп, жұбату деген нәрседен аулақ болыңыз. Көп еркектің көп сөзіне ұсатып, шын сөзімді қақпайлап бір жаққа сілтеп жіберуіңізге де қарсымын.

Айтып отырмын ғой: жүрегіңізге сөзімнің керегі аз болса ләм-мим демей қағазымды қара жерге көме сал.


Әрдайым анық досыңыз Қошқарбай.

Айтпақшы тағы бір сөзім қалып бара жатыр екен. Мен ертең қала жаққа жүрмекпін. Жауабыңызды бүгін күтем. Тағы бір айтатыным, биыл қыс ел ішінде болсам қайтеді деген ойға қалып тұрмын. Биыл дәл 30-да екем. Ендігі жасыма оқуды қойып, осы күнге дейінгі тапқанымды халыққа дұрыстап берсем деген ниетім бар.


Өз ойым бір жерге мұғалім болу. Бірақ қалаға барған соң Сейілбекпен әбден ақылдасам, ол екеуміздің кішкене келісе алмайтын жеріміз: ол өзінен мені ақылды дейді, мен менен оны ақылды деймін. Екеуміз де



Смағұл Садуақасұлы.
1924 ж.



Смағұл жұбайы Елизавета Әлиханқызымен.
1925 ж.



Смағұл қарындасы Орынбасармен.




ВКП (б) 14 съезіне қатысқан қазақстандық делегаттар И.В.Сталинмен бірге. Екінші қатарда (сол жақтан) отырғандар: Ф.И. Голощекин, С.Садуақасұлы, Ж.Мыңбаев, И.В.Сталин.



Смағұлдың жұбайы Елизавета Әлиханқызы.



Елизавета Әлиханқызы соғыс жылдарында.



Смағұлдың жалғыз ұлы (кейін соғыста опат болған) Ескендір.



Елизавета Әлиханқызы (тұрған).
Мәскеу, 1923 ж.

бірімізден бірімізді көп біледі деп есептегеннен кейін біріміздің ақылымызды біріміз үлкен демеу көреміз. Бұнымның бәрі сізге ғана айтып отырған әңгімелер, біреу-міреулерге сездіріп қойып жүрмеңіз. Кеткенше көрісе алмасақ, қош бола тұрыңыз.

Қошқарбай.

VI

Сәлиманың екінші хаты

Нағима, Нағима! Мен сорлы, мен бейшара! Сырласың Сәлима қайғылы халге түсті. Сен шошыма, менімен бірге көз жасыңды парлатып жыламай тұра тұр, Нағима. Менің жалғызым – жалғыз досым Нағима бауырым-ау, маған ақыл айт. Мен енді не қылам, қайда барып күн көрем. Күні құрсын, қаласы құрсын! Маған, Нағима, ақылыңды айт.

Бір жұмадан бері Сейілбек бөлек үйде жататын болды. Менімен сөйлесу былай тұрсын, көріспейді де. Үн-түн жоқ асын ішіп, қызметіне кетеді. Он күннен бері мұнартқан қабағы әлі жабылуда. Сенің хатың кеше ғана қолыма тиді. Қошқарбай әлі келген жоқ. Жолда өзінің бір жұмыстары болып бөгеліп жатса керек. Екі көзім сарғайып күткенім сенің хатың еді. Бүгін кішкене көңілім тәуірлеу. Ал, енді сен тыңдай бер. Мен бастан-аяқ бәрін саған айтайын.

Пәленің бәрі өзің білетін бәтенкеден басталды. Алғашқы кезде Сейілбек: «Тық-тық баспа!» деп біраз қалжыңдап жүрді. «Тақтай жолдың үстінде өкшесі біздей бәтенкемен жүрген соң, тықылдамай қайтуші еді!» деп мен күліп жүрдім. Сөйтіп 4-5 күн өтті.

Бір күні Сейілбек мені бетімнен сүйіп-сүйіп алды да, екі қолымен құшақтап көкке көтерді, мен шошып кеттім. Сасқанымнан екі аяғымды шалқалап жүзген кісіше сербеңдете беріппін. Бір кезде Сейілбек мені жерге тастай берді де:

– Сәлима! – деді.

Мен аң-таң болып бетіне қарап тұрдым.

– Сен, Сәлима, мүлде орысша киінсең қайтеді? – деді Сейілбек.

– Мейлің, өзің біл! – дедім мен.

Сол күні кешке екеуіміз магазинге барып, маған көйлек алдық. Орыс әйелінің көйлек дегені біздің қазақтікіндей болмайды екен. Көйлек деуге де келеді,

камзол деуге де келеді. Өйткені орыстар көйлектің сыртынан камзол кимейді және олардың көйлегі біздікіндей сисадан тігілмейді. Тыстық матадан тігіледі.

Мұның бәрін сен де білсін деп әдейі жазып отырмын. Сонымен магазинге барып көк шұғадан тігілген көйлек алдық. Үйге келіп киіп көрсем әлгісі тіземнен-ақ келеді.

– Ойбай-ау. Көйлек дегенің осындай болушы ма еді. Мынауың тіземнен-ақ келді ғой, – дедім.

– Қане, қане! – деп Сейілбек қасыма жүгіріп келді.

– Қане, жүріп көрші, – деді.

Аяғымды басып жүріп бара жатыр едім:

– Құдай-ау! Сенің аяғың қисық екен ғой, – деді.

– Қисығы несі? Мен ақсақпын ба?

– Ақсағы несі? Мынаның үстіне тағы ақсақ болғын келе ме? – деді Сейілбек.

– Жаным-ау, ақсақ кісіні қисық аяқ деуші еді? Менің сап-сау аяғымнан не мін таптың, – дедім ашуланып.

– Міне, қызық. мынау аяқ мінсіз болғанда, міні бар аяқ қандай болмақшы? Сенің аяғың біздің ауылдағы Қойшыбайдың жаман атына кигізген ағаш қамыты сияқты. Адам сықылды кісінің аяғы мынадай болады (өзін көрсетті). Сенің аяғың қамытқа ұсап иіліп жатыр. Міне, былай!

Сол жерде Сейілбек тұрып мені мазақтап аяғын талтитты.

Мен ызаланып, намысқа шыдай алмай, жылап жібердім.

– Бұнысы несі? Шорту, қатын атаулының бәрі бір болады екен ғой! – дегені әлгінің.

Бұның да «шорту» көп айтатын сөзі. Онысы орыстың боқтағаны болса керек. Байы боқтағанға қатыны ашуланушы ма еді? Мен де оның «шортуына» ашуланғам жоқ. Менің қытығыма тигені «қатын атаулының бәрі бір болады екен ғой» дегені болды. Ашуым теріме сыймай, зығырданым қайнап кетті.

– Қатын атаулының бәрін жылататын сенің әдетін бе еді? – дедім.

– Шорту, қысқарт сөзіңді! Менің бұрын неше қатын алғанымда сенің қанша жұмысың бар? – деді.

Не болғанымды білмеймін, қайдан ауызға келгенін де білмеймін:

– Бұрын сенің қатының болып па еді? – дедім.

Сейілбек күліп, қарқылап жіберді де:

– Біреу түгіл, шырағым, екеу болған!

Біраз бөгелді де:

– Мен қазақтай екі қатын алмаймын. Ең әуелі біреуі болды да, артынан оны тастаған соң, біреуі болды!

Соңғы сөздерді мен жылап жатып есіттім. Сейілбек ерсілі-қарсылы үйдің ішінде жүріп жүр. Анда-санда күңкілдеп сөйлеп қояды.

– Менің ол екі қатынымның екеуі де жақсы еді. Олардың сендей аяқтары да қисық емес еді. Бірақ не керек, екеуімен де келісе алмадым.

Тағы да бірдеме деп сөйлеп жүрді. Арасында уһлеп орысшалап та қояды.

Біреді заманда жылап отырған менің жаныма келді де, бір түрлі жылы дауыспен:

– Сәлима!– деді.

Мен үндемедім.

– Сәлима шырағым. Сәлима!– деді тағы да.

Мен тағы да үндемедім.

– Үндемеуге де бәрің бірдей екенсің ғой!– деді де үйден шығып жүре берді.

Ол күні түн екеуміз екі бөлек жаттық. Таң атқанша көзім жөнді ілінген жоқ. Сейілбек анда-санда көз алдыма елестеп, жоғалып кетеді. Мен оны қайта іздеуге ұмтылмаймын да, тіпті әлгіге ашуым да басылғандай болды. Бірақ басылған ашудың орнына сүйіспеншілік туған жоқ. Әрі-сәрі бей-уаз болып жатыр.

Кейде жыңды адамша өзіме-өзім сұрау берем:

– Сейілбектен айрылып кетсем қайтеді?– дейім.

– Айрылсам, айрылам! Ауыл қайдасың деп тұп-тура елге қарай тартам да отырам,– деймін өзіме-өзіме.

Тағы да өзімнен-өзім бірдемені сұраймын. Тағы да әлгідей өзіме-өзім жауап берем. Қойшы, сонымен бір сұраудан бір, бір жауаптан бір жауап таусылсыншы! Көңілім дүниені кезіп жүре береді. Мен ой соңынан дедектеп жүре берем. Қаланы да, даланы да араладым. Мен бармаған жер қалмады. Апырмай, адамның денесі осындай жүйрік болса! Барам деген жеріне көңілімен бірге өзі де жетіп отырса! Сонда адамда нендей арман қалар еді? Сенің, Нағима, есінде бар ма екеуміз жас кезімізде қисса оқығанда қанат байлап ұшатын кісілер бар деуші еді ғой! Соларды барып көрер ме еді!

О, дариға! Оның бәрі ертеке қой! Қазақ қызының тағдыры біздің заманымызда «Бақытсыз Жамалдан» ұзамай ма деп қорқамын. Бақытсыз Жамал ол кездегі қазақ жұртының надандығының арқасында қор болды. Бақытсыз Жамалды көңілі сүйген жігіті көптің зорлығымен көріне көзге құтқара алмай, алып қашып әкетіп, жасырынып жүріп адам қылмақ болды.

Бақытсыз Жамал мен Сәлиманың заманы жер мен көктей бір-бірінен алыс жатыр. Ол кезде шала оқыған Қалилар болса, осы күні толып жатқан оқымысты Сейілбектер бар.

Бірақ... бірақ, әй, енді айтам, ау Нағима. Бірақ о заманның бақытсыз Жамалынан осы күнгі Сәлима ұзап кете алған жоқ. Енді міне, бақытсыз. Бақытсыз емей немене, Көксеңгірдің еркесі деп атанған Сәлима сұлу мұнда келіп қисық аяқ дегенді естіп отыр. Мен бұрын өзіме ешкімнің тіні тимеген соң сезбейді екем: әйелге ең ауыр жаза оның түріне мазақ қылып айтылған сөз екен.

Еркек дүниеден өз сыбағасын ақылымен, күшімен, өнерімен алады. Еркектің кескіні басқа сыпаттарына қосымша есебінде. Әйел әлі өз сыбағасын ақыл, өнермен табуға жеткен жоқ. Оның көбінше сенетіні кескіні (мен осы күнгі заманды айтып отырмын!). Екеуміз оқыған кітабымыздағы болашақтағы жұрттың бәрі көбінесе ақыл, өнермен мақтанатын заманның туатынына мен де сенем. Ондай заман тумақшы. Бірақ соған дейін қолыңдағы қаруың кескінің болса оны біреу аяғының астына салып тепкілеп жатса, не дәтін шыдар? Әйел кісі оған шыдауға мүмкін емес.

Мен Сейілбекке өкпелеймін. Сейілбек мені білім аз деп сөксейші, ол мені оқытсайшы, маған білмегенімді үйретсейші. Оның бәріне мен көнбек болған жоқ па едім? Сейілбек менің әйелдігіме тіл тигізді. Менің адамшылығымды екі аяғымың түзу-қисықтығынан танығысы келді. Мен оның бұл қылығын ешуақытта ұмытпаймын. Ешуақытта оны оған кешпеймін де. Олай болғанда мен онымен қалай өмір сүрмекпін? Онымен бірге жасаса алмаған күнде қайда барып, қалайша мен күн көрем? Ақылыңды айт, Нағима бауырым, не десенде ақылыңды айт!

Сейілбектің Қошқарбайға екінші хаты

Қошқарбай! Қалаға келе жатып, орта жолдан қайтып кеткеніне аң-таң қалдым. Бұл ненің белгісі? Қаладан қорықтың ба? Жоқ, әлде ауылда қимайтын нәрсен қалды ма? Олай ойлап, былай ойлап мен ештеңе таба алмадым. Себебіңді өзің айтарсың. Оған дейін артық сөзден тиыла тұрайын.

Артық сөзден тиылмаған күнде де сенімен бұл жолы әзілдесуге тілім оңай оралар ма екен? Әзіл сөз бақытты, қуанышы қойнына симаған адамнан шығады. Мен осы күні өзімді ондай адамның қатарына қоса алмаймын.

Екі көзіңді ажырайтпай тұра тұр. Алыстан келген пәле жоқ. Өңгіменің бәрі өзің білетін әйел мәселесі. Бұл жұмысты екеуміз бұдан 4 ай бұрын тым қабырғасынан қойып жіберген екеміз. Соның қортындысы енді-енді білінуге айналғалы отыр. Қошқарбай! Сәлимаң менімен әбден араз болып алды. «Сәлимаң» деп отырған себебім: ол байғұсты әуелгі тапқан сен ғой. Бірақ мен сені кіналамаймын. Сен шын жүрегіңнен маған достық ойладың. Қателеспейтін адам бола ма? Сен де, мен де ә дегенде қате соққанбыз. Сенің де, менің де о баста ойламаған ісіміз өзіміздің кім екенімізді дұрыстап білу екен. Атымыз қазақ деп, кез келген аранға ұрына кеттік. «Сәлима сұлу, Сәлима сұлу!» деп дүңкілдеген жұрттың лақабы жер жарады. Соны естідік те қызып жүре бердік.

Ә дегеннен қызып кетпей, біздің ойлайтын ісіміз әлгінде айттым ғой, өзіміздің алды-артымызға қарап алу керек еді.

Біз кім? Ең алдымен осы сұрауға жауап беріп алу керек еді. Біз кім? Бұдан гөрі де анығырақ қоюға да болады. Мен кім? Бәсе, мен кім? Мен – Сейілбек. Мен – қазақ. Мен – орысша оқыған қазақ. Мен – адам. Мен осы Қазақстанның саяси адамының бірі. Осы айтылғандардың бәрін қаптал шапандай жауып жіберетін менде бір үлкен сипат бар. Ол менің қаланың адамы болып кеткендігім. Мен ауылды сүйем. Бірақ ауылда тұра алмаймын. Мен қаланы жек көрем, бірақ қаласыз күнім жоқ. Екі ортада әрелдік, бір табаны көкте, бір табаны жерде деген ол.

Меніңше, бұлай болу біздің қара басымыздың кемшілігінен емес. Біздің туған ұлтымыз қазақ жұртының әлі артта отырғандығы. Біз артта қалған қалың бұхарадан анағұрлым озып кеттік. Біз үлкен көштің алдынан озып шауып кеткен некен-саяқтармыз.

Егер осы күнгі мен тұрған үлкен қала орыстікі болмай, қазақтікі болса, онда біз де мұндай болмас едік. Онда, әрине, Сәлималар да басқа болар еді. Біз онда өзіміздің Сәлимамызды даладан іздемей, қаладан іздер едік. Қаладан табылған Сәлима Сейілбекке шын жолдас бола алар еді.

Ең ә деп Сәлима маған өкпелегенде аяғымды қисық деп айттың деп кіналады. Ол, әрине, оның білмегендігі. Оның қисық аяғы менің әлдеқашан есімнен шығып кетті. Сәлиманың маған осы күні бар денесі, жүрісі, қылығы ұнамайды. Көшеде келе жатып қолынан ұста-сам, жуас биедей тұра қалады. Немесе тротуарға сүрініп аяғын алып жүре алмайды.

Сәлима әйелге ұқсап күле алмайды; әйел сияктанып жылай да алмайды. Әйелге ұсауы ұсайды. Бірақ біз білетін, бізге жағатын әйелше келтіре алмайды. Сол Сәлима бойымен орыс әйеліндей қылығы болар ма еді? Сондай қылықты үйретуге дүние малын берер ем, бірақ не керек, Сәлима оны үйрене алмайды. Оны үйрету үшін ол қалада тұрып, өсуі керек.

Алғашқы кезде мен оған үйретемін деп әуре болдым. Қайта оның тез үйрене алмағандығына қуанып та жүрдім. Соның өзі, нансаң, маған бір қызық сықылды көрінді. Бірақ көпке созылған «қызықтың» қызығы болмайды екен. Ондай «қызық» қызық берудің орнына адамды қажытып, шаршатады екен.

Мен Сәлиманы жек көргем жоқ. Мен Сәлимадан қажыдым, Қошқарбай. Байғұсқа жаным ашып, ішім елжірейді. Бірақ біреуге жан ашушылық оны сүйгендік емес қой. Мен тегінде Сәлиманы ешуақытта сүйгем жоқ-ау деймін. Алғашқы көргенде тек әшейін қызықтым. Қазақ қызын көрген соң қазақтың бозбаласы болып қалдым. Бозбалашылық жас кезімізде елде жүргенде құмар болатын. Бір өнер еді. Ол өнер көргенше, білгенше ғана қызық екен. Бұны біз әуелде ескермеппіз.

Міне, енді ескермегендіктің сазайын тартқалы отырмын. Менің саған кім екенімізді білмеппіз дегенім осы еді. Енді не қыламыз. Қате басқан аяқты қайта түзе-

туге мүмкін бе? Қате жасалған өмірді қайта орнату шамамыздан келе ме? Сені білмеймін, бұл істі мен орындай алмаймын. Өткенге өкінгеннен басқа менің қолымнан келетін дәрмен жоқ. Мен өткенге өкінемін. Мен Сәлимадан кешірім сұрап, одан өзімді босатуды өтінібекпін.

Қалған өмірім тағы да өкінумен өтпек пе, жоқ, маған да атар таң, шығар күн бар бола ма. Оны әзірге болашақтың бос күніне тапсырмақпын. Менің жаным осы. Көріскенде толығырақ айтармын деп жүруші едім, сен бізге келмей қайтадан өзіңнің әулиеңе тартыпсың. Мені айыптама, мені ұғын, түсін. Сөзіме түсінбесең, жүрегіме сен.

Әзірге осымен қанағаттана тұр.

Сейілбек.

С. А. Мен де сен үшін сөз аяғында қосымша бір-екі ауыз әңгіме айтайын. Сәлиманың тағдыры маған үлкен ой қалдырды.

Оқыған қазақ бұхаралықпен келісе алмайтын жері жалғыз әйел мәселесі ме, жоқ, бұдан басқа да біздің арамызды ашатын сына бар ма?

Біз осы күні ауылды түзету керек, ауылды өзгерту керек деп жүрміз. Бұл туралы біз өзіміз өңшең коммунист болып анда-санда бір айтысып қоямыз. Былтыр бір газетте басылған мақаланың сөзі сияқты ауыл мәселесін түбірінен қопарып, қабырғасынан қойып жүрміз.

Сонда осының түбірі қай жерде, қабырғасы қай жерде, соған сен не жауап бересің. Ел, егер, ауыл мәселесінің қабырғасы Сәлима болып шықса, біз онда қабырғаны жөңдей алмадық емес пе? Бер жағында тұрған қабырғаны жөңдей алмағанда, төрді қопарарда не шара қолданбақпыз?

Сенен тағы сұраймын: ауылдың не түрі бар? Сол өзі қайда түбір депенің.

VIII

Бауырым, сәулетайым, Сәлима!

Сен мынадай жұмбақты шешесің бе? Тойға баруға дайындалып жатырсың. Асығып, ентігіп киімдеріңді киіп болып, енді аттанайын деп жатқанда біреу жүгіріп

келіп ойбай: «Өрт!» дейді. Барғалы жатқан той да қалды, үстіндегі сыпайы киім де былай қалды. Аса-саса жүгіре жөнелесің.

Біраздан соң өрт сөнеді. Сен де демінді алып, ентігіңді басасың. Үстіңе қарасаң, өне-бойың күйе-күйе. Сыпайы киімдерің былғанған. Ішің ашиды. Өрт сөндіруге бара жатқанда неге шешіп тастамадым екен дейсің. Біраздан соң есіңе той келеді. Ішің тағы елжірейді, «қап, өттеген-ай! Тойдан құр қалам-ау!» дейсің. Бірақ дегенмен амал жоқ. Той өтіп кетті, киім күйе болып былғанып қалды.

Не дегелі отырғанымды білдің бе. Сәлима! Жұмбақ дегенім – өзім ғой! Сенің хатың маған барғалы жатқан тойымды бұзған өрт сықылды болды. Хат келгелі, мінекей, екі күн. Саған жазған қағазымды бастаймын да жыртам, бастаймын да жылаймын. Осы күнгі адам баласының сөйлеп жүрген сөзімен көңілімді білдіре алмайтын болдым. Қалай ойласам да, сенің қайғыңды жеңілдететін сөздер таба алмадым.

Не болса ол болсын осы хатты бітіруге серт еттім. Аузыма не түссе соны жазармын, Сәлима бауырым, өкпелемей оқи бер.

Мен Қошқарбайға тимек болдым.

Түнеугі оның хатына мен жауап қайтарғам жоқ та. Сондағы хатында жазған бойымен екі күннен соң Қошқарбай қалаға жүріп кеткен. Кетерінің алдында менімен көрісе алмаған.

Неліктен екенін өзім де білмеймін, Қошқарбай кетісімен күндіз күлкі, түнде ұйқымнан айрылдым. Қайтсем де, қайда барсам да көз алдыма Қошқарбай елестейді де тұрады. Соның сөзі, соның күлкісі, соның көзқарасы, соның киген киімі – бәрі бірдей маған таңсық ас болды.

Алғашқы кезде өзімді өзім ұға алмадым. Неліктен бұлай, білгім де келген жоқ, біле алмадым да. Бір күні түсімнен шошып оянып, «Қошқарбай!» деген өз даусымды өзім естіп, таң қалдым. Мең-зең болып қараңғы үйде өзіме өзім сөйлестім: «Сәулем, Қошқарбай, қалқатайым Қошқарбай! Мен сені сүйеді екем ғой!» деймін. Бұл сықылды сөздерді айтқан сайын көңілім орнығып, жүрегім тиыштала бастады. Өне-бойым балқып, өзіме-өзім риза болдым. Қошқарбай ауылға енді келсе, айрылмаспын деп өзіме-өзім серт еттім.

Тағы біраздан соң жүрегім лүпілдеп, бойым қызайын деді. Көңіліме үлкен қауіп кіре бастады. Қошқарбай сол кеткеннен қайтып оралмаса не қылам? Қалаға барған соң біреу-міреумен танысып көңіл қосып үйленіп қойса қайтпекпін? Мен онда оған хат жазам ба, өзім жолығам ба? Хатымда жазған сөзге түсінсе жақсы, түсіне алмаса не істеймін! Онан да өзім қалаға барсам қайтеді? Сәлимаға қонаққа келген болып, біраз қалада тұрсам қайтеді. Сонда жүріп Қошқарбайға жолығып, бар сырымды жасырмастан айтсам қайтеді. Қошқарбай маған бұрылар ма екен, не болмаса ерегісіп жуымас па екен.

Осылай деп ойлаған сайын жүрегім қобалжып, Қошқарбайдан енді айрылғанымға көзім жеткендей болды. Жынды кісіше орнымнан ұшып тұра келдім. Үйдің іші қап-қараңғы, жұрттың бәрі қорылдап ұйқтап жатыр. Қорылдаған дыбыстан басқа құлағыма еш нәрсе естілмейді. Тұра келген бойыммен біраз тұрдым. Қолтығымның астында бірдеме жып-жып етеді. Шошып кеттім. Сасқанымнан қолыммен ұстай алдым. Бақсам, лүпілдеп соғып тұрған жүрегім екен.

Не керек, бұл түн бойы ұйқтағаным жоқ. Таңертең тұрысымен ағатайыма: «Қалаға апар, Сәлима мені қонаққа шақырған екен» демек болдым. Мұндай ұзақ түн болар ма? Таңы құрғыр атсайшы! Жұрт қорылдап ұйқтап жатыр. Ұйқтаған сайын қорылдай түседі. Ұйқы деген осынша неге көп болды екен. Адам баласы ұйқтамайтын болса, қанша жұмыс бітірер еді. Қанша артық қызық көріп, қанша артық өмір сүрер еді! Ұйқы да адамның дұшпаны. Дәл сол түнгі жұрттың ұйқысы жалғыз менің ғана дұшпаным болды. Ұйқы дұшпан деп жатып, таң атардың алдында байқаусызда өзім де ұйқтап кетіппін. Таң атып, күн шықты. Жұрт бей-жай болып шаруасына кірісті. Ағатайыма енді айтайын деп келе жатыр ем, сарт етіп үйдің есігі ашыла кетті. «Ассалаумағалайкум!» деді біреу. Жалт қарасам Қошқарбайым! Екі бетім ду ете түсті. Қуанғанымнан орнымнан ұшып тұра келдім.

Бұл әңгімені осымен доғарайын. Бір-екі ауыз Қошқарбайдың жайын айтайын.

Ол қалаға жетпей кейін қайтыпты. Жолдағы Қамыстыкөлдегі өзінің ячейкесі: «Елге қайтасың, ауылда мұғалім болып бала оқытасың» деп қаулы шығарыпты.

Сен, Сәлима, ячейкені білесің ғой, коммунист болған жігіттердің кеңсесі. Қошқарбай мұғалім болуға біздің ауылды қалап алыпты. Сонымен енді ол осында тұратын болады.

Сол күні кешке Қошқарбай екеуміз сіздің үйде жолықпақ болдық. Қашан кеш болады деп күні бойы тықыршып мен жүрдім. Өткен түні түнге қас болсам, енді күнге қас болуға айналдым. Бірақ ешкімге ашуланғаным жоқ. Ашуланайын десем де жұрттың бәрі жақсы сықылды көріне береді. Қабағымды түйсем, кеюдің орнына күліп жіберем!

Бір заманда күн де батты-ау! Түстен кейін-ақ киініп дайын болып қойғам. Есік алдында біраз жүре тұрып, жұрт саябырлаған кезде сіздің үйге кіріп кетермін деп ақырын аяңдап келе жаттым. Алдымнан біреу кесекөлденең шыға келді: «Мына хат сізге Сәлимадан!» деді. Әлгі Қошқарбайдан қайтқан соң оқуға шыдай алмай жүгіріп үйге келдім. Қалқатайым Сәлима, манағы жұмбағымды енді түсіндің бе? Сенің хатың маған тиген өрттей болды. Өне-бойым күйіп-жанды. Көкке шығып, жерге түстім. Қошқарбай былай қалды. Есі-дертім Сейілбек. Сейілбек пен сен екеуін.

Апырмай, Сейілбек сыпайы емес пе еді. Екі көзі тұнжырап айтқан сөздері рас сықылды емес пе еді. Сені шын жүрегімен сүймеп пе еді, дүние бітіп, күннің көзі сөнгенше саған деген тілегін кеспек емес еді ғой?!

Жатып, көңіліме әртүрлі ойлар түсті. Әлде біз жаздыгүні ешнәрсені сезбедік пе? Сейілбектің жаздыгүні ауылдағы сөздері өтірік болса, оны неғып біз сезбей қалдық. Неғып алданып, неғып торға түстік? Шынымен сонда Сейілбек бізді алдады ма екен? Жоқ, олай болмасқа керек еді. Оның көзқарасы өтірік емес еді. Әйелдің көзқарасына еркек алданса да, еркектің көзін әйел таныса керек еді! Шынымен Сейілбектің әдемі көздері бізді алдағаны ма, әлде оның көзін біз дұрыстап қарай алмадық па, әлде оны дұрыстап қаратқызбаған себеп болды ма? Қандай себеп болуы мүмкін? Бұрын кісі көрмеп пе едік, бұрын ауылымызға еркек келмеп пе еді? «Сәлима сұлуды айттырамыз!» деп талайлар-ақ келіп еді ғой. Сейілбектей қоңыраулатып келген жоқ. Ауылдың қазақтары оларға Сейілбектей тәңір қылған жоқ. Сейілбектің оқуын, өнерін, отырған орнын мақтағандай ана жігіттерді ешкім сөз қылған

жоқ. Сейілбек оқуымен, орнымен басқалардан жеке-дара шыққандай болды. Оның үстіне доғасына тағып келген күміс қоңырауы, мұнан басқа оның өзге жігіттерден несі артық еді. Бәрі бірдей өзіміздің қазақтың баласы емес пе еді? Сейілбектің өзгелерден білімі, орны, күміс қоңырауы артық болса, ол оның соры емес, бағы еді ғой. Сейілбекке бақ берген өнер-білім Сәлимаға неге қасірет болып тиеді? Білім деген иесінің басынан асса қалған жұртқа пайдасын тигізуі керек емес пе? Білімді кісінің білімсізге қырсық болып тиетін де жері болушы ма еді?

Сәлима жаным-ау! Ойлаған сайын ойым екінші бір ойды туралап іздеп таба берді. Біреуі біреуін итеріп тілімнің ұшына әкеле берді. Ойлай-ойлай мен мынаған келдім. Сәлима, ауылдағы қазақ қызының іздегені не?

Іздегені оқыған жігіт болса, оқығанның ішінен тапқандары Сейілбектер мынаны істесе, басқалары не қылмақ? Не қызық, не өмір бермек? Бақытты болып, мұратқа жетудің орнына келмей жатып қисық аяқ деген мазақ естісек, бара-бара біздің күніміз не болмақ?

Жарықты көріп көзден айрылғанша, қараңғыда тұрған бойымызбен жүре берсек қайтеді? Бәрі бір қайғы болса, екеуінің тым болмаса жеңілірегін тартайық та?

Олай болса, ауылымыздан жарылғасын. Мейлі білімсіз, мейлі қараңғы болсын – ауылымызда өлеміз. Соңғы сөздер тілімнің ұшына келген кезде Қошқарбай есіме түсе қалды. Жолығатын уақытымыз әлдеқашан өтіп кеткенін жаңа білдім.

Несіне барам енді оған дедім ішімнен. Бәрі бір мен онымен келісе алмаспын. О да Сейілбектің жолдасы еді ғой. Тіпті, Қошқарбай жақсы-ақ болып шықсын! Онда да бәрібір менің енді оқығаннан көңілім қалды. Ертеңінде Қошқарбай тұрар-тұрмастан біздің үйге жетіп келді. Ә дегенде маған суық жүзбен қарады. Мен оның ар жағында қабағымды тарс түйдім.

– Сіздің деніңіз сау ма? – деді маған бір кезде.

– Жоқ. Сау емеспін, – дедім мен.

– Немене?

– Мынаны оқыңыз, – деп сенің хатыңды ұстата бердім.

Оқып отыр, екі көзі біресе үлкейіп, біресе кішірейеді. Аяқ жағына келген кезде: «Ит, шошқа!» деп ақырып,

сол қолының жұдырығымен шекесін қойып-қойып қалды. Одан басқа үндеген жоқ. Сүйретіліп үйден шығып жүре берді. Сенің хатыңды сол бойымен алып кетті. «Неге өйтесің!» деп мен де ешнәрсе дей алмадым. Кешке таман хатты сұратып, Қошқарбайға бала жібердім, Қошқарбай: «Сіздің үйде күтіп отырмын, хатты алам десе сонда келсін» депті. «Барайын ба, бармайын ба» деп көп ойландым. Көңілім бірдемені сезгендей. Ойда жоқ үлкен бір оқиға болып қалатын сықылды.

«Не де болса тәуекел, көрдім» дедім ішімнен. Ешкімнен жасырынбастан салып ұрып сіздің үйге жетіп келдім. Келсем, Қошқарбайдан басқа үйде тірі жан жоқ екен.

– Мен кеше, – деді Қошқарбай, – сізбен жолыққанда сіз туралы, өзім туралы сөйлесем ғой деп ойлап ем. Ол болмады. Бүгін де өз сөзімізді қоя тұрайық. Сәлима сізден ақыл сұрайды. Мен сізге азырақ ақылшы болайын деп едім. Сіз Сәлимаға былай деңіз: Тұп-тура ауылға қайтсын. Намысты да, ұятты да тастасын. Тұп-тура ауылға қайтсын! – деді тағы да жұдырығын түйіп Қошқарбай.

– Мен оны қыстай оқытып шығам. Ендігі жылы өзім алып барып қаладағы мектепке түсірем. Содан кейін Сейілбектің өнерін көрелік, – деді.

Мен үндей алмай тұрып қалыппын.

– Не дейсің бұған, – деді ашуланып.

– Өзің біл, – дедім мен жыламсырап, қалайша ана-ның мені «сен» деп, қалайша мен де оны «сен» дегеніме таң қалдым. Бірақ ол жерде одан басқа айтуға мүмкін емес еді.

Көзім жасаурап, мұңайып тұр ем, келді де Қошқарбай менің қолымнан ұстады. Біраз ақырын сипап тұрды да, шап беріп мойнымнан құшақтай алды.

– Сен мені де Сейілбектей көріп қалған жоқсың ба? – деді даусы дірілдеп. Мен үндемедім.

– Мені Сейілбектей көрмейсің ғой, солай ма? – деді тағы да.

Мен ақырын ғана:

– Ие, – дедім.

Деуім-ақ мұң екен, екі бетімнен сүйді де алды. Сүйді де алды. Мен қарсыласпадым. Тағы да бірдеме дейін деп ем, тілімді тісімен тістеп алды да, үйден көтеріп шыға жөнелді.

Мінекей, Сәлима, сөйтіп мен Қошқарбайлық болдым. Әуелі өзім туралы ақылымды артынан айтармын дегенім осы еді.

Ендігі саған айтатын менің ақылым не екенін өзің де түсіндің ғой? Қошқарбайдың тілін ал. Ұят-намысты тастап, түп-тура ауылға кел. Қыстай екеуміз оқып шығып, ендігі жылы әрі қарай ойланармыз.

Қайғырма, қалқам! Сен үшін Қошқарбай екеуміз отқа күйіп, суға батсақ та шыдайтын болдық. Солай деп бір-бірімізге уәде бердік.

IX

Қошқарбайдың екінші хаты

Сейілбек!

Сенің хатың қолыма кеше тиді. Одан бұрын Сәлиманың Нағимаға жазғанынан хал-жайларыңа қанық болып отыр едім. Сенен күтпей-ақ айтатын сөзімді жазып жіберсем қайтеді деп бір ойладым. Бірақ сені қалай ұрысып, қалай боқтарымның мәнісін таба алмай жүр едім. Өзіңнің хатың тәуір келді.

Соңғы айлардың ішіндегі қылықтарың үшін сені не десем екен ә? «Ит, шошқа» деген үйреншікті сөз. Оны ашуланғанда орыс та, қазақ та айтады. Жұрттың көбі ашуын тарқату үшін жайшылықтағыдан өткірлеу, ащылау сөзді қолданатын әдеті болады. Сол әдеттен жуырда бір жерде ашуым теріме сыймай сені «ит, шошқа!» деп мен де айттым. Бірақ сенің бұл қылығың иттікке де, шошқалыққа да келмейді. Сенің күнәң басқаша. Саған айтылатын сөз де басқаша болуы керек.

Осы бастан ескертіп қоятын бір әңгімем: сен мені пәлсапаға салып алдама. Сен маған «айыптама, ұғын, түсін» дейсің. Мен мұныңды жүрегің елжірегенде сөйлейтін пәлсапаң деймін. Өзің білесің, мен жіңішке, нәзік пәлсапаның адамы емеспін, сондықтан мен сені ұғына алмаймын да, түсіне алмаймын да, мені сені айыптаймын, күнәлаймын.

Мен көргеніме сенем, білгенімді қолданам. Менің жүрегім түрлі нәзіктікке икемі жоқ. Мен әйелді пәлендей болуға тиісті деп, жоқты көксемеймін. Мен бардың ішінен таңдаймын. Таңдағаным қолмен ұстап, көзбен көретін әйелдің алды болса, менің қалауым біткені. Мен тағы айтамын, жоқты іздеп, сағымды көксемеймін. Бұл

сөздің бәрін мен әдейі сен үшін айтып отырмын. Сейілбек, сенің осалдығың, сенің нәзіктігің кінәсіз, айыпсыз екендігіңе дәлел бола ала ма? «Мені айыптамаңдар, мені ұғындар, мен осал едім» деп бұдан былай да осы бойынмен жүре беруге хақың бар ма?

Меніңше, ешбір хақың жоқ. Сенің кемшілігің өзіңе дәлел болса да, жұртқа дәлел емес. Көптің онда жұмысы жоқ. Біздің елдің бір ұрысы: «Ет тәттілігін қойса, мен ұрлығымды қояр едім» дейді екен. Бұл сөз ұрының өзіне ғана дәлел. Басқаға бұл түкке тұрмайтын қыртыл. Сенің сөзің де маған осы ұрының сөзі сықылды. Сенің пәлсапаңды былай айтса дұрыс болар еді: Жаңа әйел жақсылығын қойса, Сейілбек ескірген әйелді жамандауын қояр еді. Не десең, о де, мен өзім әйтеуір осылай ұғам. Сондықтан сенің ісінді мен ұға алмаймын.

Мен саған осы күні ашулымын, оның себебі: бір кезде сен маған үлкен ағадай болып едің. Менің осы күнгі дұрыс пікірімнің көбін маған сен үйретіп едің. Бертін келе екеуміз дос болдық. Бірімізге біріміз ақылшы, сырлас, жолдас болдық. Арамыз жуықтасқаннан кейін мен саған талай айттым. Кейде ұрысып, кейде ақыл қып айттым. Сен ылғи маған күйініп жүрдің, менің сөзіме қол қойған болып, мені мақтап, дәрежелеп жүрдің. Сенің бұл қылығың сені маған бұрынғыдан да қадірлеп сыйлайтын боп жүрді. Сөйтіп жүріп сен Сәлиманы жылаттың. Екеуміз оны бірге таңдаған жоқ па едік. «Жалғыз өзім болсам бірдемеге ұрынам, әуелі сен көріп кел» деп мені өзін жіберген жоқ па едің? Осы жолы бұзылсам екеуміздің де тілегіміз суалсын дегенің қайда? Осылай деп анттасып, айналасы төрт ай өтпей, бұл қылығың қай қылық. Әй, Сейілбек, Сейілбек сен бала, жарамадың!

Хатыңның екінші бөліміне келейін: сен ауылдың түбірін іздейсің. Ұялмай, қызармай ол түбірді менен сұрайсың. Жарайды! Мұныға да жауап берейін. Бірақ жауап айтпастан бұрын сенің өзіңнен бір-екі ауыз сөз сұрап алуға лұқсат ет.

Сен қашаннан бері ауылды ұмытып қалдың? Баяғыда ауыл дегенде ішкен асыңды жерге қоюшы едің ғой. Бұл бір.

Оның бер жағында сен де, мен де – коммунист. Сен менен партияға бұрын жазылдың. Сондықтан сен ауыл

туралы менен гөрі ертерек ойласаң керек еді. Партия ойыншық емес. Адам негізді пікірлерін партияға кірместен бұрын жасау керек демеуші ме еді?

Үшінші: сен екеуміздің ауыл туралы талай сөйлескен сөздеріміз қайда? Сен ұмытсаң да, ол сөздер менің әлі есімде. Қысқаша мен саған ауылдың түрлерін айтып өтейін.

Ең әуелі ауылда оқу керек. Өйткені ауыл әлі надан, әлі қаранғы. Ауыл білімді, өнерлі болу керек. Социализм заманының шаруашылығы өнер-білімге тіреледі. Өнерсіз, білімсіз қазақ елі шаруасын түзете алмайды.

Бұл сықылды сөздерді саған айтуға өзімнен-өзім ұялам. Мұның бәрі әлдеқашан басы ашылған, даусыз, жанжалсыз әңгімелер ғой. Менің сөздерім есепті жақсы білетін адамдарға екіні екіге қосса төрт болады деп үйреткен сықылды болып тұр. Біреуге өзінің біліп тұрған нәрсесін қайта түсіндіргеннен көңілсіз жұмыс жоқ.

Саған жауап берем деп уәде қылғаннан кейін мен әрі қарай сөйлей берейін:

Ауылдың ең үлкен түбірі, түбірі деймін-ау, ауылдың түбі, кітапшалап айтқанда ауылдың негізі – оның шаруашылығы. Түбірлердің түбірі, мәселелердің мәселесі ауылдың шаруашылығы. Мен бұл туралы саған бұрын да айтушы едім. Сондықтан бұл жолы да өз пікірімді қайта сөйлемекпін. Мен жаздай ауылда болдым. Мына қыс тағы да қалғалы отырмын. Мен ауылмен едәуір танысып, бұрынғы біліміме білім қостым. Әрине, ауыл бұрынғыдан да өзгерген. Бұрынғыдай ауылда маңдайына жылтырауық қаңылтыр таққан стражник жоқ. Бұрынғыдан гөрі байдың да айқайы саябыр. Бұрынғы болыстың орнына осы күні болисполком, ауылнайдың орнына ауылсовет. Бұрынғы бидің орнына, қазақтың бір кеңсешісі айтқандай, «халбикен» (халық кеңсесі). Бұрынғыдай ауылға қоңыраулатып орыс келмейді. Қазақтың комиссары келеді. Міне, ауылдағы өзгерістер осылар.

Бірақ мұның бәрі сыртқы өзгеріс. Ауылдың іші, оның айтқан түбірі әлі баяғы қалпының қасында. Мұның себебі не? Ауыл жаман ба, социализм жаман ба? Жоқ, екеуін біріне-бірін қабыстыра алмай жүрген біз жаман-ау деймін.

Сендер қалада отырып алып қаулы шығаруды

білесіндер. Істеген істеріңді қаулының номерімен санайсыңдар. Анда-санда желпініп, «ауылға бетті бұрып» аласыңдар. Осыдан басқа ауыл сендерден не көрді?

Орыстарда жақсы бір мақал бар: «Атты қамшымен айдама, сұлымен айда»— дейді. Сол сықылды менің де айтатыным: Ауылды қаулымен өзгертпе, іспен өзгерт. Ауылға осы күні іс қылатын адам керек.

Қаулы көп, іс аз. Біздің ендігі ұран: істі көбейтіп, қаулыны азайту болу керек. Осы күні ауылды зерттеу деген мода шықты. Меніңше, ауылды зерттеудің орнына ауыл үшін шыққан қаулылардың орындалған, орындалмағанын зерттеу керек. Тым «негізі» қылып құрғақ сөйлемей саған екі-үш мысал айтайын.

Бай кедейді езіп барады. Байды жуасыту үшін оның шаруасына кесел салу керек деп біраз қаулылар шығарылды. Талай қаулы шығарып жатып, қазақ байын жуасытатын ең үлкен қаулыны ұмытып кетіппіз. Ол осы күнгі салық жұмысы. Совет үкіметінің салық заңы бойынша байға байша, кедейге кедейше салық түсіру керек. Қысқасынан айтқанда салықты бай төлеу керек. Ел ішінде не боп жатыр? Бай шамасынан кем, кедей шамасынан артық төлеп отыр.

Кедей әділдік іздеп «халбикеңнің» алдына келсе, халбикең көп жерлерде байға болысып отыр. Екінші бір мысал алайын. Біз кедейге шаруанды түзет деп талай қаулы шығардық. Кедей шаруасын түзету үшін оған шөп шабатын машина керек, егін салатын соқа керек. Оған жегетін көлік керек. Мұның бәрін сатып алар кедейдің ақшасы жоқ. Кедей байдан қарыз ала алмайды. Кедейге қазына қарыз беру керек. Қазына қарызды ауыл шаруасына жәрдем ететін банк арқылы береді. Сол банкіні кедейдің көбі білмейді. Оған әлі түсіндірген кісі аз. Оған жөн үйретіп, жол көрсетіп көмектескен ұйым жоқ.

«Кооперация совет үкіметінің заманында социализмге жететін даңғыл жол» деп Ленин айтқан екен. Кооперация да ел ішінде атқамінер пысықтың қолында.

Міне, менің мысалым осылар. Осылардың бәрі әлдеқашан қаулымен пайдаланып, енді өмір жүзінде іске асуын күтіп отырған нәрселер. Сондықтан қаулы аз емес, қаулыны орындаушылар аз. Ауылдың түбірін тауып, ауылдың түрін көркейтемін дегендер ауылға келіп іспен, жұмыспен жәрдемін тигізсін.

Мен қалаға келе жатқанда бір ауылдың партия ұйымына кез келдім. Жоғарғы айтқан пікірлерім бұрынғыдан да анықталды. Атымды борбайға бір салып, бетімді ауылға қарай қайта бұрдым. Биыл қыстай елде тұрып, бала оқытам. Менің әзірге өз қолымнан келгені осы.

Сен хатыңның аяғында: «Сәлиманың тағдыры маған үлкен ой қалдырды» деп отырсың. Бұған мен бір себептен қуанам да, ойлана келе бұрынғы сағымды тастап, анық өмірдің адамы боларсың. Онда сенің озғаның. Олай болмай, Сәлиманың тағдыры баяғы Марусадай боп тисе, онда сенің тозғаның.

Мен, әрине, озуыңа тілектеспін. Озам десен, сөзді қойып, іске кіріс. Озаң жігіт болғаның, тозып кетсең сенің атың – «күміс қоңырау».

Қошқарбай.

Х

Сейілбектің Сәлимаға жазғаны

Сәлима!

Бұл хатты саған атқосшы жігіт тапсырады. Мен сені кетерде әдейі ренжітпейін дедім. Сондықтан ешнәрсе айтпадым. Екеуіміз қосылғалы алты ай болған екен. Алты айдың ішінде өмірде ұмытпастай қызық күндер де болды. Алты айдың ішінде әдемі, көркем, ыстық сағаттар да болды. Алты ай саған да, маған да қызықпен қабат үлкен сабақ, үлкен өнеге берді. Басымыздан алты айды өткізіп, алға қарай көз салғанда менің саған айтатыным: жетінші айымыз екеуімізге де қатер болғалы отыр.

Мен өткенге өкінбеймін, бірақ өткеннен өнеге білу керек. Өткеннің бізге айтатын өнегесі: айрылыңдар, бірге өмір сүріп тұра алмайсыңдар дейді. Мен әлі де, сенің өз еркіңе қоям. Ойлан, толған! Көзді жұмып жүре береміз деп екеуіміз де тозып кетіп жүрмелік. Алғашқы кезде талабым таудай еді, қазақ қызынан сенен артық әйел жоқ деп өзіме-өзім анық сенуші ем. Әлі де мен бұл сенімнен тайған жоқпын. Бірақ өзім туралы бұрынғыдан пікірімді өзгерттім.

Олай ойлап, бұлай ойлап мен өзімнің үй тұрмысына жарамайтындығыма көзім жетті. Жас баланың ата-сы болып, бала сүю қолымнан келмейтіндігі анықталды.

Бұған себеп өзімнің бір жағынан сүйегіме біткен кемшіліктерім болса, екінші жағынан сенімен түсінісе алмауым болды. Сен қырдың қызы. Мен орысша оқып, қалалы жердің ауасында тәрбие алған адаммын. Екеуміз екі дүниенің кісісіміз, орысша айтқанда екеуміз екі мәдениеттің адамымыз.

Екі түрлі мәдениеттің адамдары бірін-бірі ұғынуы қашан да болса қиын келеді. Біреуіне қызық нәрсе, екіншісінің ішін пыстыруы мүмкін. Бірі білгенді бірі білмейді. Немесе екеуінің білгені екі басқа.

Міне, Сәлима. Біздің бағымызға бөгет жасаған екеуміздің екі түрлі дүниеден тәрбие алғандығымыз болды. Сен де, мен де кінәлі емес. Біз заманның құрбаны болдық.

Тегінде кім кінәлі деген сұрауға жауап беру қиын жұмыс. Әр кінәнің себебі бар. Себепті туғызатын тұрмыс:

Тұрмыс бізді билемек,
Тұрмыс миды билемек.

Сен, Сәлима, ренжіме, ақылыңды жинап, өзінді өзін қолына ал. Күнделік өмірдің кезеңі көп. Оның бәрін адам аспас асқар тау деп ұғыну керек. Адам ақылынан адаспаса жеңбейтін ауыртпалық жоқ. Сен де ақылыңа сүйен. Орынсыз қайғырып қате басып жүрме.

Әйел адам еркектен гөрі күйрек келеді. Неше миллион жылдан бері әйел еркекті өзінің өмірлік таянышы деп есептеп үйренді. Сондықтан әйел өз бойындағы қайратты қолданудың орнына еркекке сүйеніп әдет алды.

Ендігі әйел, осы күнгі туып келе жатқан жаңа заманның әйелі ескіліктен құтылам десе алдымен өзінің осалдығымен, күйректігімен күресуі керек. Әйел бостандығын еркектің қолынан емес, жолынан алуы керек.

Бұл ақылды, Сәлима, әсіресе, саған айтам. Сен бақытты түгелімен менен іздедің, қара басыңның бостандығын менің жолымда құрбандық деп түсіндің. Өзінді-өзін маған мүлде байлап бердің. Осыны сен үлкен қызық көрдің. Арқандалған ат бос болмаса, арқанды байлаған қазық та бос емес. Атты ұстап тұрмын деп қазық айтса, қазықты ұстап тұрмын деп ат та айтады.

Сол сықылды сен өзіңнің бостандығың үшін қайткенде де Сейілбекті керек қыласың, онда мені бостандығымнан айырғаның. Біреудің құлдығының арқасында екінші кісінің тапқан бостандығы түбінде қайырлы болмақ емес. Осыны, Сәлима, есіңе ал. Мұның бәрін мен саған дұрыс тыңдар деген сеніммен айтып отырмын. Сенің көзіңде мен алдаушы, азғын болып көрінуім де мүмкін. Әйтсе де мен өз сөзімді түгелімен айтайын. Мен сенімен қосылғанда сіркедей өтірік ниет, өтірік пейіл болған жоқ. Оған куә ең әуелі сен өзің. Есіңде бар ма, Сәлима, біздің алғашқы күндеріміз алдау ма еді? Сен жылағанда мен де қабат жылап, екеуіміз екі кісі екенімізді ұмытып, бір адамдай бірікпеп пе едік? Сенің жіңішке беліңнен бір-ақ қолыммен қысып алып, үйдің ішінде көтеріп ерсілі-қарсылы жүргенде мен алдаушы сықылды ма едім? Сен менің екі көзімді айна қылып, қарашығымның ішінен өз сүгіретінді көргенде менің көздерім не деуші еді саған сонда?

Жоқ, Сәлима? Мен сені алдағам жоқ. Алдамағанымның белгісі бар, шынымды айтып отырмын. Маған сенбесең Қошқарбайдан сұра. Бір есептен екеуімізге Қошқарбай да себеп болды ғой. Бірақ одан жазық жоқ. Ол өзінше бізге жақсылық істедім деп ұғынды.

Қошқарбайды сен де кінәлама.

Осы күні ол өзі маған үлкен өкпелі. Бірақ менің қазір де онан жақсы көрер жолдасым жоқ. Елге барғанда сен де онымен дұрыс бол.

Сәлима!

Ақыл жиып, адам болуға тырыс. Екеуіміздің қоштасқанымыз осы болсын. Енді мені іздеме, маған хат та жазба. Менен мүлде үміт үз.



КҮЛПАШ

– Осы жақта бақша бар ма еді, Жұмажан?– деді бір уақытта Күлпаш.

– Сәулем-ау, мен сені су түбіне батырып жіберер деп ойлайсың ба? Жүре түсейік тағы,– деді Жұмажан.

Осымен сөз тоқталды.

Жұмажан оң қолына жылқышының құрығынша Күлпаштың ыстық білегін іліп алып, саусақтарын Күлпаштың саусақтарына айқастырып келе жатты. Қыбырлап-жыбырлаған Күлпаштың жіп-жіңішке, нәзік саусақтарын біріктіріп жинап алып, Жұмажан бір кезде қысып қалды.

– Ойбай-ау!– деді Күлпаш.

Күлпаштың қолы сонша «Ойбай-ау!» дейтіндей ауырған жоқ еді. Айтқысы келді, айта салды әдейі. Әйелді не сөйледі дерін бар ма?

Жұмажан аяп, қоюдың орнына әлгіден де қаттырақ тағы қысып жіберді. Бұл жолы Күлпаш үндемеді. Үндемегені сол, Жұмажан саусақтарын босатарда Күлпаш қолын Жұмажанның алақанынан суырып алып, оның саусақтарын қысуға ыңғайланды. Шалайын деп жатқанда дегеніне жібермей, Жұмажан қайтадан Күлпаштың саусақтарын тез ұстап алды да, бар күшімен тағы да қысып-қысып жіберді.

Күлпаш көзін жұмып, басын азырақ жоғары көтеріңкіреп, жыламсыраған дауыспен:

– Оп-пірім-ау, ауырады!..– деді.

Жұмажан Күлпаштың бетіне аузын жуықтатып, сыбырлап:

– Ауыра ма?– деді.

– Ау-ыра-ды,– деді Күлпаш.

Жұмажан үндемеді, қолды қыса берді. Күлпаш та үндемеді. Бірақ бұлардың өздеріне ғана түсінікті «сөздері» ауызбен айтқаннан анағұрлым сөйлесуге ыңғайлы еді.

– Жүр, сәулем, жүр! Кірейік!– деді Жұмажан Күлпаштың білегінен тартып.

– Жоқ, бауырым, мен кіре алмаймын. Біреу-міреу көріп қалады!

– Апырмай, сәулем-ай, сенің қорқақтығың-ай! Мен сені қазақ қызының жүректісі деп жүрсем, сен үйге кіруге қорқасың!..

– Қорқам, Жұмажан, қорқам! Бауырым, жүрші кейін қайтайық!..

– Ой, алла-ай! Мен сені, Күлпаш тіпті мұндай деп ойлаған жоқ едім. Тәртіп көрген деп жүрсем, сен нағыз қырдың жаман қыздарындай екенсің ғой.

Мұның бәрін Жұмажан ойнап айтты. Өзі де солай деп ойлады. Күлпаш та солай ұқты. Бірақ жақсы көрген жігітінің қиылғаны Күлпашқа өте ауыр болды. Не қыларын біле алмай, ойланып біраз тұрды.

Алдында үлкен қызыл үй. Терезелері үлкен, есігі кең. Іші толған жарық! Күндізгідей! Есіктен біреу кіріп, біреу шығып жатыр. Күлпаш ішінен ойлады: «Кірейін бе, кірмейін бе? «Жаман» деп ойнап айтып тұр ма, рас па? Өкпелеп қалар ма екен? Әлде қайтер екен?!».

Көз алдына қырдағы күйеуі елестей қалды. Үлкен, жуан жігіт. Сақал-мұртын қырмаған. Көзі жыпсиган, мұрны енді, аларып Күлпашқа қарайды. Шынында дәл жанына күйеу келіп қалғандай Күлпаш Жұмажанға жалт қарады.

Күлімсіреген сүзілген әдемі екі көз. Жүзген балықтың арқасындай қыр мұрын. Басы ауада жүзіп келе жатқандай.

– Сәлем, Күлпашым, кірейік!..– деді жүзіп келе жатқан бас.

Күлпаш үндемеді. Судың ішінде сүйретілген кісіше жеп-жеңіл болып, қарсыласпай, қолтығынан құшақтаған бойымен Жұмажанның соңынан ере берді.

II

Кішкене ғана бөлме екен. Жалғыз-ақ терезе. Ортасында ақ дастархан жайылған төрт бұрышты үстел. Төр жағында ұзынша жұмсақ диван. Төсек деуге де болады, отырғыш деуге де жарайды. Диванның бер жағында үш жұмсақ орындық. Күлпаш үш жұмсақ орындықтың біреуіне отырған соң, көңілі орныққандай болды. Бетінің ажарына қарағанда қуанған деп те ойларлық.

Жұмажан үстіндегі пальтосын өз үйіндегідей еркімен шешіп, ілгішке ілді де, тез аяндап Күлпаштың жанына келді. Күлпаштың артында түрегеліп тұрды да екі қолын Күлпаштың тамағының астына салды. Жүп-жұмсақ, ып-ыстық тиді қолына!

– Сәулем, сәулежаным, Күлпашым! Менің қымбат, ардақты Күлпашым!

Күлпаштың басын кеудесіне қысып, тағы көп сөздер айтып жатты. Бірақ барлығының мағынасы «сәулем, сәулем» еді.

Көпке шейін Күлпаш коньякты ішпей отырды.

– Жоқ мен арақ ішпеймін!..

– Сәулем-ай! Бұл арақ емес қой. Арақты орысша «водка» дейді. Бұл коньяк... Сәулем, жаным, Күлпашым! Бір-ақ рюмка іш! Сен ішпесең, мен де ішпеймін!..

– Мұсылман кісі арақ іше ала ма екен! Мен ішпеймін, Жұмажан.

Күлпаштың түрі манағы үйге кірердің алдындағыдай болды. Түсі қашыңқырап қорыққан кісіше мұңайып, төмен қарап отырды.

Жұмажан жалғыз өзіне біткен бір түрлі әдемі көзқараспен:

– Сәулем-ай, сен бүгін менің сөздеріме нанбайтын болдың-ау. Мен айтып отырғам жоқ па? Бұл арақ емес, коньяк, мұсылманның бәрі ішеді. Қазақ түріктен артық мұсылман емес, түріктер де ішеді. Олардың коньяк нағыз сүйкімді асы. Бізге қымыз қандай болса, оларға коньяк сондай. Олардың коньякқа шығарған өлеңі де бар.

Аяғы коньяк деген сөзге біткен бір ауыз түрікше өлең де айтып жіберді.

Күлпаш күлді. Жұмажан орнынан ұшып тұра келіп, Күлпаштың көзінен сүйіп алды.

Жұмажанның түрікше өлең айтқаны Күлпашқа үлкен әсер берді. Құранның әуенімен дәлелдегендей болды. Расын айтқандай айдай сұлудың бір осал жері: шет елдің тіліне, жазуына айрықша бір мағына беретіндігі еді. Қазақшалап айтқаннан гөрі басқа тілде сөйлеген әрбір нәрсе оның көзінде екінші сипатқа түсуші еді.

Жұмажан түрік өлеңін айтқан соң Күлпаштың иманы қозғалайын деді. Мұсылманшадан көп мағлұматы бар ант ұрған Жұмажан «коньяк» деген сөзді қосып құранның аятын оқыды! Күлпаштың діншілдігін сезіп,

аят оқырдың алдында ағузи мен биссімілләні айтып алды. Күлпашта күмән қалмады. Коньяқтың арақ еместігіне әбден айқын көзі жетті!

Рюмка бір-біріне тиіп, шыны шылдыр-шылдыр етті. Күлпаштың аузын бірдеме удай ашытып жіберді.

III

Был-сылқ етіп диванға келгенде, екеуі де шамасына қарай қызу еді. Жоғарыдан түскен допша диванға «топ» ете түсті. Жұмажан Күлпашты құшақтай алды.

– Басым ауырды!.. – деді Күлпаш шекесін қолымен ұстай беріп. Жұмажан Күлпаштың шекесін қолымен қысып сүйіп алды.

– Сіз мені бүйіткендігіңіз ұят емес пе?..

Жұмажан не дерін біле алмай сасып қалды, жөне-ле беріп:

– Орыстың ортасында жалғыз екеуміз ғана отырып, бір-бірімізді айыптасамыз ба, Күлпаш? – деді.

Күлпаштың «бүйіткендігіңіз» дегені, манадан бері «Күлпашым», «сәулем» деп отырған Жұмажанның құр «Күлпаш» дегені әңгіменің мағынасын бұзып жіберді.

Екеуінің арасынан зу етіп біреу өте шыққандай болды. Жұмажанның абыройы кетіп, әдебі жоғалып бара жатыр еді. Мұның жасаураған көзінен, қаны қашып, сұрғылттанған бетінен Күлпаш әйелдің сезімімен бір жаман жиіркенішті нәрсені сезе қалды. Періштедей әлпештеп отырған Жұмажаны бір секундтың ішінде қап-қара қара жүзді үлкен бір үбіжік секілденіп кетті. Күлпаш ондайдың әйелі емес еді. Ол тым таза, тым кіршіксіз еді.

Шекесін жастыққа қарай Жұмажанның қатты қолы қисайтып келе жатқанда-ақ, Күлпаш істің бәрі арам екенін түсіне қалды. Бұл уақытқа шейін бұлар сүйсіп келсе, сондай жаман іс үшін ғана ма екен?! Күлпаштың бұл ойын тап өзіндей болмаса да, жалпы шамасын Жұмажан сезе қалды. Олай болса, қайтадан план құрмақ керек! Бір жолғыдан болмады ғой! Екінші жағынан қайырмақ керек! Күлпаштың сыры араларында жақындығы болмағанмен өзіне белгілі еді ғой!

Осы пікірмен Жұмажан «Күлпашымның» орнына «Күлпаш» деді.

Солқылдап жылап жатқан Күлпаштың алдына тізесінен отыра қалды да басын екпінімен шауып келе

жатқан жүйріктің басындай шалқайтып Жұмажан сөйлей бастады:

– Күлпаш! Менің қолыма ерік бергендігіме ренжіме! Мен өз қолыма өзім ие емеспін... Қолым түгіл миыма, басыма, бар денеме ие емеспін. Ренжіме, Күлпаш! Мен көпке шейін айтпай жүріп едім, енді мен шыдай алмаймын. Мен сені сүйемін. Шын жүрегіммен! Жан-тәніммен сүйемін. Мен сенен өмірімде айрылмасқа ант етемін...

Жылап жатқан Күлпаш ұшып тұра келді. Көзінен тағы да бұршақ-бұршақ ыстық жас саулап кетті, бірақ бұл жолғы жас қуаныштың, бақыттың жасы еді. Жұмажан тағы да бұрынғыдай әдемі, көркем сұлу, періште!..

Жайылулы құшаққа жылаған бойы кіре кетті...

IV

Күлпаш үйінде көпке шейін төсекте ұйқтай алмады. Денесінің қызуы әбден басылса да, бастың ауырғаны азырақ кетіпкіремеді. Бір кезде басы да жазылды. Жұмсақ төсекте жіп-жіңішке болып батып жатты. Көңіліне көп ойлар келді.

Бүгінгі болған уақиғаны бастан-аяқ есіне түсіріп, өз кезінде елеусіз кеткен ұсақ-түйек қосымшаларды біріктіріп, бәрін үлкен бір мәселеге байланыстырып, одан өзінше тағы бір мағына шығарып жатты:

«Мен сені сүйемін!» Бұл сөзді Жұмажан сәулемнің аузы айтты ма?!

– «Мен» кім?

– Ол Жұмажан ғой!

– «Сені» дегені?

– Мен, Күлпаш, қой!

– «Сүйемін!»

– Мен Жұмажанның келіншегі болады деген сөз емес пе?..

Бұл не деген зор қуаныш! Үлкен бақыт! Міне, ақырында жасаған иемнің берген рахметі! Қай қазақтың қызы Жұмажандай күйеуге тиеді?! Аты әлемге жайылған үлкен ақынның серігі болам! Жұрттың бәрі «Жұмажан ақын» дегенде «Күлпаш сұлу» деп мені де айтады!..

Ие, жұрт солай дейді. Жұрт деген кім? Ол өзі неше кісі? Бес кісі ме?

- Жоқ, көп.
- Он ба?
- Жоқ, одан да көп.
- Жүз бе? Мың ба?
- Мыңнан да көп.
- Миллион ба?
- Ие, миллион!..

Кұлпашты миллион қазақ біледі! Барлық қазақ одан да көп шығар! Олай болса, миллионнан да көп кісі біледі! Қысқасы алты әлем біледі. Жер үстінде неше қазақ болса, соншасы Кұлпашты біледі!..

Кұлпаштың алдында көп қазақ!.. Ең алдында Жұмажан тұр... Оның артында бір қазақ, одан кейін бір қазақ, оның соңында, оның соңында, оның соңында, оның соңында!.. Ең арғы шетіне көз жетпейді.

Кұлпаш жүрегі лүпілдеп, орнынан ұшып тұра келді. Жан-жағына қарады. Апасы мен ағасы шырт ұйқыда жатыр екен. Еш нәрсені еститін емес.

Кұлпаш жалма-жан жалаң-аяқ, жалаң бас үстінде тамағын ағытқан құр көйлегі бар жерге түсті. Жүгіріп пештің жанына барды да, сіріңкені тауып алды. Шам жақты. Үйдің іші жарық болды. Билеген кісіше жүгіріп келіп, тез-тез еңтігіп, сасқалақтап сандықтан қағаз бен қарындаш алды. Қабырғада сүйеулі тұрған үлкен айнаның алдындағы кемеріне қағазды салды да, әуелі өз атын жазды. Кұлпаш ақырын дауыс шығарып оқыды: «Кұлпаш – Жұмажанның келіншегі». Бұл үш ауыз сөзді көргенде Кұлпаш некесі қиылып қойғаннан кейін қуанбады. Төсекте мұның байы Жұмажан жатқан сияқты! Бұл Жұмажанның әмірімен бір жұмыс үшін жерге түскен сияқты! Лампаны үрлеп сөндіріп жіберді де, төсектің алдында тұра қалды. Тарқатылған ұзын қара шашы екі иығын жабады. Үстіндегі ақ көйлегімен қараңғы үйді жарық қылғандай. Қалың шаштың ортасында кішкене күңгірттеніп беті көрінеді.

Тағы алдында Жұмажан! Оның артында бір қазақ, оның артында бір қазақ!.. Арман қарай созыла береді. Созылған сайын қазақтар кішкентай көрінеді. Ең ақырына Кұлпаштың көзі жетпейді!..

Қазақтар толып жатыр. Ішінде әйелі де бар, шалы да бар, бозбаласы да бар. Сақалды, сақалсыз, бай, жарлы, төре, қара, бала-шаға – бәрі бірінің артынан бірі тізілген.

– Бұлар кім?
– Бұлар атақты ақынның «келіншегі» Кұлпаш сұлу-
ға қарап тұрған... алты әлемнің баласы еді.

V

Кұлпаштың күйеуі келіп қалды! Үйден ата жөнелді
Кұлпаш!

Тротуар тақтайының құрышын қандырып, тық-тық
басып Кұлпаш келе жатты. Келе жатып ойлады: «Ол
несі екен? Хабар айтпай, дөнеңе етпей, келіп қалғаны!
Келгенде кімді алам деп ойлады екен? Кұлпашты ма?
Ие, тиеді Кұлпаш! Қазір Жұмажаныма барып айтайын
бәрін. Өгізді бір түн қондырмай қуып жіберсін! Ол
білмейді ғой, менің сәулемнің қызғаншақ екенін!..».

Келді де Жұмажанның бөлмесінің терезесін тықыл-
датты. Таныс тықылға жас ақын шыға келді.

– Сәулем, келетін уақытыңды біліп алдың да-ау!
Жүр, бақшаға барайық!– деді Жұмажан.

– Жоқ, бауырым, қызық жұмыс бар. Келіп қалды,
бүгін үйге қонбайтын қылып, қазір бәрін қуып шық,
әйтпесе мен бүгін сенің үйіңде боламын. Ертең бір
жаққа кетермін!– деді Кұлпаш.

Жұмажанның төбесінен төмен қарай бір шелек
суық суды лақ еткізіп төгіп жібергендей болды. Әйтсе
де бойын білдірмей:

– Қайтушы еді? Қыздың күйеуі келсе, келіншек бо-
лады да,– деді.

Күліп сөйлеген даусына қарағанда, ойнап тұрғандай
болды. Ойнайын деп тұрған Кұлпаштың жайы бар ма?..
Өкпелеген кісіше Жұмажанның бетіне қарамай, белінің
тұсына көзін қадады да, бұрынғы жыламсырап
еркелейтін даусымен:

– Ия, сен күлесің, мен саған шыдай алмай қашып
келсем, сен күлесің!..– деді.

Айтқан сөзіне Кұлпаштың теріс түсінгендігіне
Жұмажанның іші сезді. Күлкісін жиып алып:

– Рас, айтам, сәулем! Сен ақылды қыз емес пең?!
Қорықпа күйеуіңнен! Күйеуің жаман жігіт емес дейді
ғой! – деді.

Кұлпаш әлі ойынға есептеп:

– Кетші әрі! Осындайда қай жеріңнен ойынын
келеді? Жүрші, әуелі, үйге кірейік. Содан соң ойынды
тастап ақылдасайық! – деді.

Күлпаштың түсіне алмағаны Жұмажанға бір есептен жеңілдік бергендей болды. Ойында «барлық жұмысты өстіп қалжыңмен тамам етеміз ғой» дегендей, Күлпаштың артынан күліп үйге кірді.

Кішкене ғана төрт терезелі әдемі ағаш үй еді. Шешініп жатып Күлпаш күлді де:

– Біз екеуіміздің ақылымыз үй ішінде келетінін білемісің? – деді.

Жұмажан аң-таң қалып, түсіне алмады. Күлпаш қызараңдап күлімсіреді де:

– Апырмай, байғұс сопының ұмытып қалғанын-ай! Білмеймісің, мен жылағанда: «Осынша орыстың ішінде айналдырған екі қазақ бірімізді-біріміз кіналадық-ау» дейтінің. Ие, білмей тұрғаның! – деп анырайып аузын ашып тұрған Жұмажанның астыңғы иегін саусағының ұшымен жоғары қарай көтеріп қалды. Жұмажан тілін тістеп алды. Ақын болып ерке туған бейбақ Жұмажан тілі ауырып қалған соң, сұлудың көңіліне қарамады. Үйге кірерде Күлпаштың түсінбегеніне ашуланып: «Бұл не деген меңіреу қыз еді, анық айтқан сөзге түсінбейді, мен мұндай ақылсыз деп ойлаған жоқ едім» деп келе жатқан. Оның үстіне Күлпаштың дәл өз қатынындай сұраусыз кіре сала шешініп жатқандығы. Ашуланған ақынның дәл сол кездегі ойы: «Апырмай, бұл не деген әдепсіз, аюан қыз еді. Оқымаған, надандық деген осы-ау! Менің үйімді сұраусыз қалай меншіктенеді. Айтсайшы: «Шешінуге рұқсат па? Ғафу етіңіз!» деп. Әйелдің әйелдігі нәзіктігінде емес пе?»

Сөйтіп ойлап тұрған Жұмажанның ойын сақ ете түскен иек бұзып жіберді. Үп-үлкен басымен ұялмай, қызармай біп-биттей Күлпаштың еркелегеніне шын көңілімен ашуланып кетті.

«Не болса да қыртыл-шыртылды қойып жұмысын бір-ақ бітірейін» деп, бет-аузы күреңденіп:

– Неге қағасың иегімнен, мұнда сенің байың бар ма? Түнде келіп жатқан байыңа істе ондай ойыңды! – деді.

Мұнысы да ойын шығар деп Күлпаш жауап күтіп, Жұмажанға қарады. Бұрынғыдай қалжыңы шығар, қазір, «Жаздым, жаңылдым, жаным!» деп құшақтай алады деп ойлады. Сорлының сенімі сүйгеніне күшті еді.

Үйреншікті кең құшақ жайылмады. Алдында күп-күрең болып ашуланып ақын тұрды.

Күлпаш аң-таң қалған бойымен екі көзі шарасынан шығып: – Рас айтамысың?

Қақиған қара қозғалмастан тұра берді.

– Рас айтамысың деймін? – деді.

Қарадан тағы дыбыс шықпады.

– Рас, айтамысың, Жұмажан! – деді тағы да.

– Рас! – деді қара төмен қарап...

Күлпаш жерге сылқ ете түсті. Мылтықтың оғымен болжап тұрып атып жібергендей болды.

Өкіріп, өкісіп жылай бастады. Қойнындағы бақыттың құбыжық келіп тартып әкеткендей жылай берді, жылай берді. Жұмажан қатқан бойымен қақиып тұрып қалды.

Ең алғашқы секундтарда (неліктен екенін өзі де сезбеді) Күлпашты «күйеуі» Жұмажан ұрып жатқандай болды. Бір жылдай жүрегіне қайнасып бітіп қалған иман тым берік еді. Ойы екінші нәрсеге көшкенше болмады, Жұмажан келіп білегінен ұстай алды.

Одан сайын Күлпашқа байы ұрып жатқандай көрінді.

Ерке балаларша Жұмажанның қолын қатты қағып жіберді.

Күлпаштың ойы әлі байымен төбелесіп жатқан қатындай «келмей жатып ұрды-ау!» деген кісіше өксігін молайта берді. Ашумен еш нәрсені өндіре алмайтынын көрген соң, әйелге дегенде ақыл тапқыш Жұмажан екінші әдіске түсті. Ақыл айтқан абысынша жанына жуықтап:

– Қой, шырағым, Күлпаш! Ақылың бар бала емес пе едің?! Үйді басыңа көтергенің не қылғаның?! – деді.

Сұлап жатқан Күлпаш Жұмажанның қолын манағыдан да қаттырақ қағып жіберіп:

– Әрман... Әрман!.. Әрман... – деді.

Жұмажан өтірік күліп:

– Не болсам да болайын. Тек жылауыңды тишы, жаным. Қатардағы бөлмеде әдепті кісілер бар, ұят болады!.. – деді.

Күлпаш орнынан ұшып тұра келді. Көзінің жасы тиыла қалды. Бастан-аяқ оқиға жаңа ғана миына барды. Алдында өтірік күліп тұрған Жұмажан дәл алғашқы түнгі кескініндей бір үлкен аждаһа болып кетті.

– Қарама көзіме, қарама! Қорқамын. Сен шайтансың! Адам бұзғыш әзәзілсің! – деді.

– Апырмай, айрылыспай жатып, мұнша қараластық,

айрылғанда не десеміз! – деді тағы да өтірік күлкімен Жұмажан.

– Сөйлеме, деймін, сөйлеме. Әзәзіл, шайтан! – деді тағы да Күлпаш.

– Менің қарам шайтан көрінсе, шығып-ақ кетейін! Шырағым, жыламай өзің жақсы кісі болшы! – деді де Жұмажан өтірік күліп, үйден шығып жүре берді.

Бір минут өткен соң Күлпаш ұшқан құстай жүгіріп есікке барды. Дыбыс естілмеді. Кетіп қалыпты. Жүгіріп терезеге келді. Көшеде ешкім көрінбеді. Ойына жаман ақыл түсіп кетті. Дүниенің солғанын жаңа білді. Қандай қымбат нәрселерінен, қандай көркем шағынан айрылғанын жаңа сезді.

– Менің өмірім бұл ма еді? Осылай болу ма еді? Менің ойым басқаша еді ғой! Алла! Алла!..

Алғашқы түнде төсегінен тұрып шам жаққаны, сондағыдай миына елестеген көп халық, сондағы өзінің ойланып тұрғаны – бәрі көз алдына келді.

Енді ондай өмір жоқ. Енді болашағы қараңғы! Бұл ондай қараңғы болашақтан әлдеқашан безген! Бұның ойлап үйренген болашағы бөлек. Ол болашақ бәрі сабынның көбігіндей жоғалып кетті. Әшейін бір сағым екен!

Бұл дүниеде бұны анық сүйетін адам жоқ екен! Бәрі алдаушы екен! Бәрі сағым екен!..

Олай болса, құр алдауыштың несіне алданамыз? Алдауыш өмір үшін осындай таза, осындай кіршіксіз тәнімізді неге қор қыламыз! Дүние боқты ерегісіп бір-ақ теуіп кетсек болмай ма? Қайтер екен, аяр ма екен? Аямас па екен? Сүйер ме екен, сүймес пе екен?

Бұның бәрін ойлағанда Күлпаш үлкен бір жардың түбінде тұрған секілді болды.

Бірте-бірте, жүре-жүре жардың түбіне қалай жеткенін білмей қалыпты! Жоғары қараса – биік жар, бас айналатын, мұнарланып көрінген жардың жағасы! Қалайша білмей мұнша төмен келіп қалғанмын? Енді қайтадан жардың басына қалай жетем? Жете алам ба, жоқ па?! Жүрегім ұшып құлап кетсем қайтемін? Онан да төмендегі ағып жатқан тасқын суға түсіп кетсем қайтеді?..

Күлпаштың ойы осыған келді де тірелді. Екпіні күшті бала еді, тоқтатып бойын тұра алмады..

«Секірейін бе, секірмейін бе?»

Күлпаш қаққан қазықша терезенің алдында бір минут тұрып қалғанын жаңа сезді. Әлгі ойлаған ой өнебойын кернеп, тойға асыққан кісіше ойлаған планын орындамақ болып, үйден жүгіре шыға жөнелді.

Келе жатып сөйлейді:

– Түп-тура үйге барамын да, қорадағы құдыққа түсемін де кетемін. Шөп етіп түбіне барып жатайын. Жұрт не дер екен?! Суырып алған мені көргенде Жұмажан не ойлар екен?..

VI

Жұмажан екінші бөлмеге кіріп келгенде Маруся кітап оқып отыр екен. Кітап тым қызық болды ма, ия болмаса бүгінгі күні әйелдермен жұлдызы қарсы туды ма, Маруся Жұмажанға қарамады.

– Не оқып жатырсың, Мария Ивановна? – деді.

Мария Ивановна кітаптан бетін аудармай:

– Мопассан, – деді.

– Жарайды, жарайды. Мопассанды оқысаңыз жақсы кісі боласыз!.. – Жұмажан күлді.

Жұмажанның күлкісі күдікті болды ма, қалай, қыз бетіне ажырайып қарап:

– Еркектердің ойы ылғи жамандық болады-ау. Мопассанның несі бар? Мопассан әйел туралы жазады. Оның жазғаны басқа жұртқа өнеге, мынау әйелдей, мына адамдай болмандар дегені! Әйтпесе Мопассан еркектердің ойлауынша жап-жаланащ әйелді мақтамайды, – деді қыз.

Жап-жас басымен Жұмажанның алдында кішкене қыздың білгіш бола қалғаны ақынды тағы ашуландырып жіберді. Алғашқы бөлмеден келген қызулық бар. Әйелдің аузынан естіген «әзәзіл», «шайтан» бар – бәрінің кегін Жұмажан енді мынау отырған орыстың қызынан алмақ болды. «Бәрі бір әйел» деді ішінен. Қабағын түйіп алып, Жұмажан сөйлей бастады.

– Сіз еркектер туралы қате ойлайсыз. Үнемі әйелдіктеріңді дәрі қыласыңдар да отырасыңдар. Бір еркек пен бір әйел жолығып жүріп, артынан айрылысып кетсе: «Еркек алдады» дейді. «Аларын алып, сауырына бір сипап қоя берді» дейді. Бірақ солай ма? Әйел сүйсе, еркек оны сүймей ме? Әйелдің сүйгені бағалы болғанда, еркектің сүйгені тегін болып па?

Жұмажан орнынан ұшып тұра келді.

– Әйел өз басын қымбат санаса, мен де өз басымды қымбат санаймын. Сүйгенімді ғана сүйем, сүйгеніме ғана сүйгізем. Көрінген еркекке әйел алыс болса, көрінген әйелге мен де алыс. Сүймейтін әйелді маңайыма жуытпаймын.

Жұмажан Марусяға тесірейе қарап, оң жұдырығын түйгіштеп:

– Неге «еркек алдады» дейді. Еркектің шыққан шығынын неге олар есепке алмайды. Бұл не деген еркекке қорлық? – деді ашуланып.

Маруся ажырайып қараған бойымен қатып қалғандай тыңдап отырды. Жұмажан сөйлей берді.

– Адамның жүрегі сынап: бүгін былай, ертең олай! Бүгін сорпа ішкің келеді, ертең ет жегің келеді. Арғы күні картоп жегің келеді. Біресе су ішкің келеді, біресе қымыз ішкің келеді. Адамның тілеуі әрдайым өзгеріп отырмақ. Дүниенің бәрі әрдайым өзгерістерден құралған.

Қыс, жаз, күз, шілде, күн, түн, суық, жылы... жасарады, қартаяды. Өледі, туады...

Бұның бәрі не? Жаратылыс па?

Жаратылыс неге құбылмалы? Бұл неге бір қалыпта тұрмайды. Түн неге болады, қыс неге түседі? Адам неге қартаяды, неге өледі?

Жұмажан даусын баяулатып:

– Әрине, біз бұның бәріне жауап бере алмаймыз! Бұған жаратылыстың өзі де жауап бере алмайды.

Жұмажан әлгіден де ақырын дауыспен:

– Бұл былай болса, еркекті неге кіналаймыз? Бүгін бір әйелді еркек сүйсе, соны өмірінше сүюге міндетті ме? Еркектің денесі, тәні күннен-күнге басқаланып жатқанда, жалғыз әйелге келгенде, ол қалай өзгере алмай тұрады? Өзгермеймін десе, онысы өзіне зорлық емес пе?

Бұл күнге шейін жер жүзінің бақытсыздығының бірі: адам баласы бірін-бірі құл еткендігі болса, одан кем емес бір бақытсыздығы – адам өзіне-өзі құл болғандығы. Өзінің жиренішті сипатына құл болғандығы. Алғашқы құлдықтан соңғы құлдық жаман. Біреуге тәнің құл болғанмен рухың еркін болды. Сен құл екеніңді білесің. Сен бостандық, еркіншілікке тырыса-сың! Саған жарық керек. Саған мол ауа керек! Сенің ұшқың келеді, зымырап кеткің келеді. Сенің қиялың жүгенсіз, сенің рухың еркін.

Ал, енді, адам өзіне-өзі құл болса, онда оның тәнімен бірге рухы да құл, оның пікірі, оның сезімі... Оның қиялы өлшеулі... Оларға бір мөлшер бар. Өзінің құл болған рухының біреуі ұқсамаса «ол бұзылды, шайтан, әзәзіл болды» дейді. Міне, адамның қорлығы! Міне, жер жүзінің бақытсыздығы!!!...

Адам баласы ұшқан құстай еркін болсын! Біресе зымырап көкке шықса, біресе гулеп жерге түссін! Тілесем адам тәңірі болсын! Тілесем күйдірсін. Тілесем жандырсын. Алдына ешбір бөгет болмасын! Ешбір заң, ешбір закон оны бастамасын! Міне, еркіншілік, міне, бақыт! Міне, жәннаттың алтын бақшасы!!!..

У заман, у дүние! Ой, көркем, сұлу әйелдер!..

Сендер маған мұнша неге өкпелейсіңдер! Сендер мені мұнша неге жамандайсыңдар! Сендер мені не себепті алдауыш деп атадыңдар?

Жоқ, сәулем! Жоқ, сәулем! Айтқандарыңның бәрі қата! Мен сендерді сүйгенім рас! Шын жүрегімнен сүйгенім рас! Мен сендерді алдағаным жоқ, мен еркін! Ұшқан құстай қасыңа қондым! Ұшқан құстай ұшып кеттім!!.

VII

Күлпаш қорасындағы құдықтың аузына келіп, төмен қарап тұрды. Дәл Жұмажанның үйіндегі терезенің алдында тұрғандай бір ой: «Секірейін бе, секірмейін бе? Секірейін бе, секірмейін бе?».

Секіруге бел байлап, бір аяғын көтере берген кезде «Күлпаш!» деген дауыс естіп артына жалт қарады.

Аяңдап басып келе жатқан күйеуі екен.

– Үйге келген күйеуіңді жақсы жерде қарсы алады екенсің, Күлпаш! – деді күйеуі.

Күлпаш үндемей, сызылып, алдында тұра қалды.

– Кеш болғанда құдықта нең бар? Түсіп кетсең қайтесің? – деді күйеуі.

– Түссем, түсермін де кетермін, оның ақылын сізден сұрамаймын, – деді жақтырмаған дауыспен Күлпаш.

– Сендей сұлу оқыған тал түсте құдыққа түсіп кетсе, біздей оқымаған қара халық жер жүзінде қалай күн көреді! – деді күлімсіреп күйеуі.

Күлпаштың ойы әлгі айтқан сөзіне күйеуі ашуланып: «Түссең түсе бер!» деп кейіп қалады ғой деп еді. Жоқ, күйеуі олай демеді. Ашуланудың орнына біртүрлі

сабырлы, салқын жауап бергені Күлпашты азырақ таң қалдырды. Оның ойынша: мұндай жаман кісі жақсы сөзді айтуға тиіс емес.

Күлпаш қабағын жазбай, әйткенмен әлгіден гөрі ашығырақ жүзбен:

– Қалай күн көреді дейсіз, әркім өлмес қамын етеді де, – деді.

– Олай болса, құдықтан былай тұрыңыз, – деді күйеуі.

– Жоқ, қозғаманыз мені! – деді Күлпаш күйеуінің қолы жеңінен ұстай бергенде.

– Өзің айттың ғой, әркім өлмес қамын етеді деп. Сен менің келіншегім болсаң, сенің өлгенің маған жақсы ма? Мен сендей оқыған әдемі келіншекті қайдан табам? Өзіндей бір бір әдемі Күлпашты тауып бер де, құлай бер құдыққа. Оған шейін мен сені түсірмеймін! – деді.

Күйеудің мақтағандығы ма, ия болмаса, қолынын күштілігі ме, Күлпаш еріксіз күйеуінің жетегіне еріп жүре берді. Үйдің жиегінде төрт-бес ағаш бар еді, ішінде жалғыз таққа екеуі келіп отырды.

– Жұрт қайнына бара жатып, қатын алуға кеттім деуші еді, мен үйден аттанып жатып: «Қатынға тиюге барамын» дедім, – деді күйеуі.

Ашуланып отырған Күлпаш күліп жіберді.

– Оныңыз еркек басыңызға ұят емес пе, қатынға тигелі бара жатырмын дегеніңіз! – деді.

– Оның не ұяттығы бар. Жұртқа солай нәрсені жасырғанда не түседі. Сенің менен артық екеніңді жұрт білмей ме? Мен білмеймін бе? Кімнің қайсымызға тигеніміз не керек. Әйтеуір түбінде бақытты болсақ жарамай ма? Таспен ұрсаң да жапалақ, жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі, – деді күйеуі.

Орысша оқу оқып, «орыспен» жүріп, нәзік, бала мінезді болып қалған Күлпашқа мына сөз бір түрлі қызық болып кетті. Әрі дұрыс, әрі адамның күлкісі келеді. Қырлап-сырлаған еш жері жоқ, сонда да миға бір түрлі қонады. Алдында күйеуі емес, айдаладағы танымайтын бір қазақ отырғандай. Күлпаш күйеуіне қарап:

– Осы сіздің атыңыз кім? – деді.

– Қарағым-ау, осы күнге шейін менің атымды білмей, қайда жүргенсін?

Сезіп қалды ма деген кісіше Күлпаш қызарып кетті.

Білетін нәрсесін қалайша бұлай сұрағанына өзі де таңырқап қалды. Басқа қазақ емес, күйеуі екенін жаңа сезгендей болды.

Тез сөз табыла қалды.

– Қалалы жердің әдеті солай болады. Біліп тұрса да, әуелі сұрап алады! – деді.

– Олай болса өзін біл! Менің атым Күдері. Әйтеуір қарағым, білмегенім болса үйрете берсейші! – деді.

– Күдері, сіздің әлгі бір айтқан сөзіңіз тасты жапалаққа, жапалақты тасқа ұрса да бәрібір жапалақ өледі дегеніңіз қызық болды!

Кұлпаш күлді...

– Қарағым, сені күлдіретін сөз айтқанымға төбем көкке жетіп қалды ғой, мен сенімен сөйлесуге жарамаймын ба деп ойлап едім. – Кішкене бөгелінкіреді де түсін суытып алып сөйледі. – Мен, Кұлпаш шырағым, саған осы жолы бар шынымды айтқалы келдім. Соны отырып тыңда, – деді.

Кұлпаш аң-таң болып тыңдай қалды.

– Шырағым, сен оқыған, мен қара қазақ. Жасымыздан өкеміз атастырыпты. Алланың жазуы шығар, бірақ менің өз ақылым бөлек. Сен мені менсінбейді деп естідім. Оған сені кіналамаймын. Рас, мен сенен төмен. Бірақ менің сөзімді ауылдың жігіттері екі қылмайды, ақсақалдары мені қадірлейді, әйелдері сыйлайды. Сөйткен басыммен сенен күнде естімейтін сөзді естіп отыру маған оңай емес. Мен саған өкпелемеймін. Сен менің өскенімді көрмедің. Кім екенімді білмейсің! Сенің өз ойың өзіңе. Сен біреудің асырап отырған жалғыз ақсұңқары... Ақ жұмыртқа, сары уыз. Сен бір сүт емген құлыншақ. Сен біреудің еркесі. Сені мен алармын. Сен қайғырасың! Нұрыңнан айрылып, қотыр тай боларсың!.. Ойладым, ойладым... Ақырында мынадай ойға қалдым: қой, біреудің бақытына қол сұқпайын! Тартып жегенім тамақ болмас, тауып жейін дедім. Сонымен, шырағым, менен ойың бөлек болса, алла бетіннен жарылқасын! Бақытты бол! Мен аяғыңа тұсау салмаймын! Бақытты бол, шырағым! Алла бетіннен жарылқасын! – деді.

Күдері көздері түнеріп отырды.

Бұл сөздерді Күдері айтқан сайын Кұлпаштың көңілі өзінен өзі еріп, кеудесіне біреу қасықтап тәтті бір нәрсені құйып жатқандай болды.

Күдері сөзін бітіргенде құйылып жатқан тәтті нәрсе тоқталып қалған секілденді. Еміп жатқан бұзауды енесінен тартып алғандай Кұлпаш мойнын созып Күдеріге құлай кетті.

– Бауырым, жаным, кеш! Жаздым, жаңылдым. Мен білмедім! Сенің мұндай жақсы екеніңді мен білмедім! Бауырым, кешір, бауырым!

Кеудесіне қарай ұмтылған сұлуды екі қолымен Күдері қағып алды.

Кұлпаш өксіп жылап жатты. Біраздан соң екеуі де үндемей сүйісе берді, сүйісе берді... оқығандарша тамақ талғамады. Қай жері кез келсе, сол жерінен нағыз қазақша! Маңдайынан, бетінен, құлағынан, шашынан, қолынан, саусағынан!

Кұлпаш еш нәрсені ойламады. Кіммен сүйісіп жатқанын да білмеді және білгісі де келмеді. Кім болса, сол болсын, әйтеуір іштегі шер кетсін! Барлық қайғы, барлық қасірет, барлық құна, барлық обал біржолата жойылсын! Дәл осы халде Кұлпашқа Күдерінің көзі соқыр болсын, бәрібір әйтеуір мейлі аяғы ақсақ болсын! Еркек болсын!

Жұмажан мазақ қылған Кұлпашты шын жүрегімен, нағыз адал жүрегімен сүйетін жан табылсын! Кұлпаш Күдерінің кеудесінде көп жатты. Бір уақытта көзін ашып жоғары қараса Күдері шашын сипап отыр екен. Көзінің асты жылаған секілді дымқыл көрінді.

«Апырмай, бұл не деген жақсы адам! Қолы не деген жұмсақ, жүрегі не деген сезімді еді. Айғызданған көзінің астын қарашы!? Соның бәрін мен үшін, Кұлпаш үшін төкті-ау!? Шын жүрегімен сүйеді екен, әйтпесе жылар ма еді?.. Қалқатайымның көзі қалай әдемі еді!! Қоп-қоңыр сақалын қарашы!.. Жұп-жұмсақ... Бетті сүйкеп қытықтатып жатар ма еді!.. Өзі қалай ақылды: Маған «Бақытты бол!» дейді. Ол не дегені? Қатынынан айрылам дегені ғой!.. Соның бәрі кім үшін? Міне, мен үшін, Кұлпаш үшін! Мен әлгінде құдыққа да түскелі тұрдым ғой, бәрібір өлуге де риза болдым ғой, өлімге қиған өмірімді осындай кең пейіл, мені шын сүйетін адамға қисам болмай ма?

Өзіміз оқымасақ, баламызды оқытармыз. Баламыздың бақытты болғанын көрсек бізге ол бақ емес пе? Енді бұдан өзіндей ақылды бір бала табайын! Оқымаған мынау мұндай, оқыса баласы мұнан да артық болар!

Ендігі өмірімді бала асыраумен өткізейін. Маған атақ не керек?! Баламды өсірейін! Мынау Күлпаштың баласы десін көргендер...»

VIII

Қаладағы оқыған қазақ жастарының әңгімесі көбіне Күлпаш еді. Күлпаштың тез уақыт ішінде күйеуге тиіп кеткендігі, ол күйеуі бұрын өзінің менсінбей жүрген жігіті екендігі, оның үстіне ол жігіттің окопқа кеткендігі – осының бәрі аң-таң қаларлық іс болды.

– Күлпаштың Жұмажанды сүйгені өтірік, әйтпесе ол байласа да мына күйеуіне бармас еді, – десті біреулер.

– Тәңірі деген, қазақтың қызына сенім бар ма? «Астындағы атыңа сенбе, қойнындағы қатынына сенбе деп қазақ неге айтты дейсің?! Әйелдің бәрі де сондай тұрақсыз келеді, – десті екіншілер.

– Біз ол қызды бұрыннан білетінбіз. Нағыз оясыз қаншық еді, – десті үшіншілер.

– Жетісер қара қазаққа тиіп. Енді бір бес жылдан соң көрер ме еді? Қандай жуан қатын болар екен? – десті төртіншілер.

Күлпаш сорлыға күлмеген еркек қалмады, Күлпашты аямаған қаланың әйелі қалмады.

Күлпашты жамандаған еркектердің, оны аяған әйелдердің бірінің ойына келмеген мәселе – махаббат, сүйіспеншілік. Жұрттың бәрі ашықтық, сүйіспеншілік туралы қанша көп сөздер сөйлесе де, дәл орны келгенде сол сүйіспеншілікті ойлауды бір сезбеуші еді. Көптің білетіні: Жұмажан, Күдері, Күлпаш. Жұмажан – үлкен ақын, белгілі жігіт. Күдері – қара қазақ, оны адам білмейді. Күлпаш әдемі қыз... Оны жұрттың бәрі сүйеді. Осыдан басқа көптің білері жоқ.

Ал енді сол көпті жекелесен, бір адаммен жекеде, жалғыз сөйлесіп қалсаң, онда оның пікірі көптің айтқанына, тіпті, ұқсамайды. Ондағы олардың айтатыны: «Қайтсін, пақыр, бір себебі болған шығар. Ақылды бала еді», – дейді.

* * *

– Сенің ойың қалай, Қоңырбай! Күлпаш секілді сұлуды жылатқан Жұмажан нағыз ит емес пе? – деді бір күні Асқар Қоңырбайға.

– Оның рас, Жұмажан – ит! – деді Қоңырбай.

Асқар бұл жауапқа нанар-нанбасын білмей, Қоңырбайдың бетіне қарады.

Қоңырбай әлгіден де суық жүзбен:

– Рас айтасың. Жұмажан нағыз ит! – деді.

Асқар өз сөзіне өзі ұялған кісіше қызарып кетті. Әдепті жүзбен күлкісін тоқтатты да, солғын:

– Бейшараға обал болды-ақ! – деді.

Қоңырбай күрсінді. Асқар да мұнайды. Біраз үн-түн жоқ отырғаннан кейін, Қоңырбай басын көтерді де:

– Хабарың бар ма? Неғып жүр екен? – деді.

– Аулында болса керек, – деді Асқар.

Екеуі тағы да біраз бөгелді.

Бір уақытта Қоңырбай екі көзі жайнап орнынан ұшып тұра келді де пышақпен кесіп алғандай:

– Асқар! – деді.

Асқар жалт қарады. Биікке шығып алып: «Секірейін бе, секірмейін бе?» деп ыңғайланып тұрған жас балаларша Қоңырбай бір керекті сөз айтатынын сезді.

– Асқар! – деді тағы да Қоңырбай жас балаларша.

– Мен сол қызды аламын.

Біраз тұтығыңқырап:

– Жоқ, қыз емес келіншек қой... ол енді. Бәрі бір мен аламын, – деді. – Мен ғашықпын Күлпашқа. Аламын, аламын! – деді.

Асқар аңырайып Қоңырбайға қарады. Қоңырбай сөйлей берді.

– Мен Күлпашқа бұрыннан ғашық едім. Бірақ Жұмажанның қалыңдығы ғой, Жұмажанның көңіліне келер деуші едім. Енді олай емесіне көзім жетті. Мен енді өзімді бәйгеге салам. Жұмажан иттік істесе ол қызға... Әйелге адамшылықты да көрсету керек. Оқығанның бәрі Жұмажандай алдаушы емес, олардың ішінде шын уәдешіл тұрақтылары да бар екенін көрсету керек. Мен алам ол қызды... Аламын!

Асқар әуелгі кезде аң-таң болып үндемей тұрса да, артынан сөздің шын екеніне түсініп;

– Күлпаш қатын болып қалған жоқ па, – деді.

– Не болса да алам! – деді Қоңырбай.

Неліктен екенін өзі де білмеді, Асқар тағы қарсы сөйлегісі келді.

– Сен соның несіне қызығасың енді? Бір барып қалған адамды қозғап не керек. Саған қайдан алсаң да қатын табылар! – деді.

– Жоқ, алам! Алам.. Алмай қоймаймын! – деді ерсілі-қарсылы аяндап жүріп Қоңырбай.

Асқар сол әйелді жамандауды міндетін алған кісіше:

– Күлпапш қыз күнінде Күлпапш еді. Осы күні ол қазақтың жаулық киген көп қатындарының бірі. Қаладағылардың сөздерін де есітіп жүрмін. Күлпапшты аса мақтамайды – деді.

Қоңырбай үйдің ортасында тұра қалды. Алғашқы бала секілді өңі жоғалып кетті. Тағы да бұрынғыдай ақылды, салмақты Қоңырбай сипатына кірді. Шәкірттерге сабақ үйреткен мұғалімдерше Қоңырбай әрбір сөздерін түйіп сөйлей бастады:

– Көп нені біледі? Көп түкті де білмейді. Әсіресе, көптің білмейтіні әйел. Ақылың болса әйеліңді көптің сынына салма. Көп бір адамды сынағанда сыртынан ғана сынайды. Көп ойламайды, көп көреді. Көп сынамайды, көп айтады. Көп сұлуды сұлу дейді: жалғыз сүйгенін сұлу дейді. Маған көптің сүйгені керек емес, өз сүйгенім керек. Олай болса, Күлпапшты мен сүйемін. Мен Күлпапшты аламын..

Бұдан кейін Асқар үндемеді. Үйден шығарда аман-дасып жатып, Асқар күліп:

– Күлпапшқа жазған хатыңды маған оқытпай жіберме! Не дегеніңді оқу маған өте қызық нәрсе! – деді.

Қоңырбай да күліп:

– Жарайды, жарайды! – деді.

IX

Сол күні түнде Қоңырбай Күлпапшқа хат жазды:

«Күлпапш сұлу! – деді хатының басында, – мен сізді бұрыннан білуші едім, бірақ бұл сөзді тым кешігіп айтып отырмын. Мен сізді басқаша жорып едім, сіздің бір күнде ғайып болғаныңыз өте ойламаған іс болды. Ұшқан құстай көз ашып, жұмғанша жоқ болдыңыз. Сіздің мұнша тез ұшып кеткен себебіңіз не? Өз еркінізбен ұшсаңыз сөзім жоқ. Егер еріксіз ұшып торға түскен болсаңыз, мен сізді құтқаруға уәде берем. Сіздің жолыңызда қызмет етіп, керек жерде шын жанды да құрбан қылу менің бұрыннан бері келе жатқан планым болушы еді. Өмірімше сіздің құрбаныңыз болуға мен даяр. Басқа айтатын сөзім жоқ. Аз сөзден көп мағына. Қоңырбай.»

Бұл хат Күлпашқа ноябрьдің аяқ кезінде келді. Күлпаш Күдерінің аулында еді.

Таңертең ерте түре келіп Күлпаш далаға шықты. Күн бір түрлі ашық, шуақ екен. Кешегі жауған қар аппақ қанттай болып, аяқтың астында сықырлап жатты. Дүниенің бәрі аппақ, мақтамен қалың қылып орап тастаған секілді. Күлпаштың көзіне мұндай сурет бір түрлі жаңа көрінді. Өмір бойы қалалы жерде өсіп, даланың қысын көрмегендіктен Күлпаш көрінген нәрсенің бәріне қуанып, қораны жағалап жүріп келе жатты. Абақтыдан жаңа шыққан адамша көңіліне дүниенің бәрі кең көрініп, жүрегi қуанышқа толып Күлпаш еріксіз өзінен-өзі күліп жіберді. Сондағы ойы: «Апырмау, осындай жақсылықты, кеңшілікті қалайша бұрыннан білмей жүргем» деген секілді еді.

Күлпаш жасыл барқыт қаптал шапанын басына бүркеніп қайтып келе жатқанда екі үйдің арасында сүзісіп жатқан екі тайыншаны көрді. Қоңыр тайынша шіреніп алып, қызыл тайыншаны бар күшімен итере жөнелгенде қызыл тайынша шыдай алмай, мүйізін шығарып алып, басын шайқап кейін қарай жүгіріп кетті.

Күлпаш мұны көріп тағы да күлді. «Қайда болса да әлсізді әлді жеңеді де» деді ішінен. Соңғы сөздерді ішінен айтқан кезде Күлпаштың ойына Жұмажан елестей қалды. Жақсы күйде келе жатқан көңілін бұзғандықтан Жұмажан Күлпаштың көзінде бұрынғыдан да жаман болып көрінді. «Керегісі жоқ ол көпірдің, ойыма қайдан түсті?» деді ішінен тағы Күлпаш.

Бірақ еркіне болмай – ойламайын деген сайын көз алдына анығырақ елестеп Жұмажан Күлпаштың ойынан кетпеді. Біресе жаман, қап-қара болып көрінеді, біресе әдемі жүзді болып күлімсірейді, біресе ашуланған түрі, біресе жылаған сипаты елестейді. Күлпаш өзіне-өзі ашуланып: «қайдан ойладым, құрып қалғырды» деді. Одан сайын бар денесін Жұмажанның суреті билеп, босатпады. Қанша залалын білсе де қышыған қотырды қаси алмай тұра алмайтын адамдарша Күлпаш еріксіз Жұмажанды ойлай берді. Ойлаған сайын қотырын қасығандай жаны кіріп, өзін-өзі ұмытып, ілгері қарай жүре берді.

Күннің шуақтығы да былай қалды, ауаның тазалығы, даланың кеңдігі де ұмытылды. Дүниенің бәрі таптар, кішкене қараңғы үйшік секілді. Күлпапштың жүрегі кеудесіне сыймай, демі тығылып, аяқтары тәнтіректеп кетті.

– Алла, алла! Мен бір күнәлі бендең болдым. Кешіре гөр, Алла, кешіре көр!

Күлпаш үйіне келді. Бір уақытта есік тарс ете түсті. Күлпаш шошып артына жалт қарады. Ұзын бойлы бір қара кісі кіріп келді. Бұл кісі Қоңырбайдың хатын әкелген хабаршы еді.

Х

Қоңырбайдың хаты Күлпаштың жүрегін жаман қобалжытты. Алғашқы кезде Күлпаш бір түрлі қызық халде екенін сезді. Дәл қыз күніндегісіндей күлімсіреген беті мынадай сөздерді айтқан секілденді: «Бәсе! Мені алдап ауылда екі ай ұстағандарың да жетер. Қайтадан қалаға барайыншы!» Бірақ Күлпаштың күлімсіреген жүзі көпке созылмады. Өткен ісінің бәрі ойына түскен кезде, өңі бұзылып, тағы да қайғылы қалпына түсті. Әдемі, жіңішке белі бұралып, тық-тық басып керуеттің жанына келді. Шымылдығын түсіріп, төсегіне шешінбестен сылқ ете түсті. Жатуы-ақ мұн екен, екі көзден жас парлап, Күлпаш дыбысын шығармай жылай бастады. Ешнәрсені ойламады, ойлағысы да келмеді. Тек жылай берді. Жылағанда жеңілдік келетіндей, ақыл табылатындай жылай берді.

– Алла-ау, мені неге мұнша сорлы қылып жараттың, неге мұнша бейнет көрсеттің? Жақсылығың бар ма, Алла? Қапсан көрем жақсылығыңды?

Бұл сөздерді ішінен айтқан сайын Күлпаштың жылағысы келіп, көзінің жасы тиылмады.

Күлпаш көп жатты. Ойына түспеген, көзіне елестемеген нәрсе қалмады. Бір уақытта Күлпаштың көз алдына Қоңырбай елестеді. Орташа бойлы, қараторы жігіт. Әдемі қара көзі бар. Жалаңбас, тақыр шашты. Үстінде қара шұға жылтыр түймелі пенжек. Екі көзі Күлпашта. Өңі күлгенге де келмейді; ашуланған да емес, жай ғана қарайды деп айтуға да болмайды. Бір түрлі жылы, ыстық көзқарас! «Мен еркектердің бәрінен жақсы, бәрінен адал, бәрінен таза дегендей».

Күлпаш жұмулы жатқан көзін ашып алды. Неліктен

екенін өзі де білмеді. Әйтеуір Қоңырбайды ойлағысы келіп барады. Тағы көзін жұмды. Тағы әлгі әдемі жігіт.

– Апырмау, қалада жүргенде мен оны неғып байқамағам? Ия, ия! Білем!.. Жүруші еді бір әдемі қараторы жігіт. Сол Қоңырбай екен ғой! Ой, Алла-ай! Қалайша маған ол кезде жолықпады екен?

Кұлпаш төсектен ұшып тұра келді. Тезбе-тез қалтасынан кілтін алып, сандығын ашты. Қағаз бен қарындаш алды.

«Қоңырбай!» деп жаза бастады да, басына үрған атша тұра қалды. Халінің нашарлығын жаңа анық сезді.

– Мен кім?

– Мен – Күдерінің қатыны. Құдай десіп қосылған байымды тастап қайда барам? Обал қайда? Ұят қайда?

Кұлпаш «Қоңырбай!» деген жалғыз ауыз сөз жазылған қағазды жыртып-жыртып тастады. Екі шынтағымен сандықты таянып, мұнайып біраз отырды.

Кұлпашқа аяқ астынан бір ерлік пайда бола қалды.

– Мен неге оған хат жазамын, не деп жазамын? Олардың маған қылғаны аз емес. Ойыншығы жетер енді. Мен біреуіне жуымаймын. Керегісі жоқ. Күдерім болады.

Бұл ойларды ойлағанда Кұлпаштың көңілі Жұмажанға жауап жазып жатқан секілді болды. Қоңырбайды, тіпті, ұмытып кетті.

– Бәрі бір еркек. Бәрі бір оқыған. Көрсін не дегенімді, білсін кім екенімді. Кұлпаш та оларды менсінбейтінін көрсетеді. Соңғы пікірлерді ойлағанда жазған сөзін Жұмажан да оқитындығына Кұлпаштың күмәні болмады. Бір есептен Қоңырбай Жұмажанның хат тасушысы шығар дегендей де ой келіп қалды. Не болса ол болсын. Кұлпаш енді көп ойламады. Кішкене ақ табақ қағазды алды да мынандай қысқа жауап жазды: «Мырза! Менің күйеуім бар. Босқа әуре болмаңыз. Кұлпаш».

Бір жұмадан соң бұл хат Қоңырбайдың қолына тиді.

XI

Хат әкелген кісі кеткеннен кейін Кұлпаш тағы да еріксіз қаланы ойлай бастады. Өмірінде Кұлпаштың ойы мұндай күшті болған жоқ еді. Бұдан екі жарым ай бұрын Жұмажаннан айрылғанда да Кұлпаш бұл секілді ойлаған жоқ еді. Қоңырбайға жауап хат жазғандығы

мүлде қаладан айрылғанын көрсетіп, енді өмірінде қаланың адамы болмайтынын сезіп, Күлпаш жаман қиналды.

Бұрынғыларының көбі бүгінгі халінің қасында ойыншық секілді, «қайткенде де қаланы қайта бір көрсін» деген дауыс көңілінде естілгендей болушы еді. Қоңырбайға жазған хат соның бәрін бұзып жіберді. Өзінің қатын болғанын, қатын болғанда, анық қырдың қатыны, ауылдың қатыны болғанын Күлпаш жаңа анық сезді. Бұрынғы Күлпаштың қала туралы ойы жұқа шымылдықтың ар жағынан қараған секілді еді. Енді сол жұқа шымылдықтың бер жағынан біреу қалың қара киізді жауып жібергендей болды. Бұрынғы шымылдықтың ар жағындағы көмескі боп көрінетін сурет те жоғалып, бұрынғы жұқа шымылдықтың ар жағынан еміс-еміс естілген дыбыс та бітті. Қалың қара киіз бәрін де жапты, бәрін ұшырды. Енді ол киіздің ар жағында болып жатқан уақиғаның бәрі белгісіз, бәрі де алыс, жат. Енді ол киіздің ар жағы мен бер жағы жер мен көктей, күн мен түндей, екі дүние секілді.

Күлпаш қаладан мүлде айрылғанына қуанған секілді, жүзін шыр айналдырып ақырын күліп жіберді.

– Апырмау, мен шынымен ауылдың қатыны болдым ба?..

Бұл сөзді Күлпаш дыбысын шығарып айтты. «Қатын» деген сөз аузынан бірінші рет шыққаны осы еді. Күлпаш ауылдың қатыны қандай болады екен деген кісіше өз басына өзі қарады. Жас балаларша мырс етіп күліп жіберді. Өз күлкісінен өзі ұялғандай болып Күлпаш қабағын түйіп тұра қалды. Көз алдына елестеген тағы қалың қара киіз ар жағында не болып жатқаны белгісіз, бер жағында Күлпаш тұр.

– Солай, солай, Күлпаш! Ауылдың қатыны анық болдың! – деді күрсініп.

Өлгі өңі жоғалып, тағы өзінің қайғылы жүзіне түсті. Аппақ сүттей әдемі екі беті сүп-суық болып, маужырап қараған қара көздеріне бір түрлі қажыр-қайрат кіріп, бұралып, иілген сұлу денесі лездің арасында ықшамдалып, Күлпаш денесіне бір түрлі күш, бір түрлі жігер біткелі келе жатқанын сезді. Шапанын иығына тез іле салып, дәл қазақтың қатындарынша тарп-тарп басып Күлпаш үйден шықты. Не үшін шыққанын, қайда баратынын өзі де білмеді: әйтеуір бір нәрсе істемек. Дәл қара қазақтың қатындарынша апырып-жапырып бір

жұмыс қылмақ. Әдемі саусақтарын жеңінің ішінде жыбырлатып, біресе уыстап, біресе жұдырығын түйіп, қатты аяндаған бойымен ас үйге кіріп келді.

Қараңғы, жалғыз терезелі үлкен шым үйдің ішінде қыбырлап бір қатын жүр екен.

– Ұрқия, не істеп жатырсыз? – деді кіре беріп Күлпаш.

– Қи уатып жатырмын. Бұ кім өзі тексеріп жүрген? – деді.

Күлпаш бұл сөзге ашуланудың орнына бір түрлі қуанып кетті. Оның ойынша ауыр жұмыс істеген адамдар ылғи солай қатты жауап беруі керек дегендей болды.

Ұрқияның қасына келіп:

– Үйде отыра-отыра ішім пысты. Қане, маған берші, Ұрқия, мен де қолғабыс тигізейін саған, – деді.

Ұрқия жалт қарады. Жасы 45-ке келгенше бетіне шықпаған бір түрлі қуаныш жүзін жадыратып жіберді.

– Қарағым-ау, қалқам-ау, жаным-ау, қарағым-ау... сен мұнда неге келдің? – деді Ұрқия аузын аңқитып ашып.

– Ішім пысты. Бүйтіп отыра беріп, адам болатын емеспін, – деді Күлпаш.

Күлпаштың даусы (жылағысы келгендіктен бе, ия әр жағынан қуаныш қысқандықтан ба) дірілдеп, бұзылып кетті.

– Қарағым-ау, қалқам-ау, сенің қолыңнан не жұмыс келеді? – деді жадыраған бойымен Ұрқия.

– Жоқ, Ұрқия, мен жұмыссыз отыра алмаймын. Сен істеген жұмысты мен де істей аламын. Қане, бері әкелші балтаңды. Қане, істей алмайтыным. Ал... Ал!... Ана қиды әкел! Бұлай қой! Қиды тігінен сал... Қане, істей алмайтыным?

Күлпаш Ұрқияның балтасын жұлып алып, қиды уата бастады. Ұрқия аңырайып қарап отырды. Күлпаштың «еңбегіне» таң қалғандай бұрышта байлаулы тұрған екі арық қоңыр тайынша ажырайып бұларға қарай мойнын бұрды. Біреуі Күлпашқа қарағанда күйсегенін қоя қойды. Екінші бұрышта үйшікте қамаулы тұрған 4–5 арық тоқтылар да үйге сыпайы қонақтың келгенін сезгендей орындарынан ұшып тұра келіп, бәрі Күлпашқа қарады.

Бір уақытта Күлпаш балтаны тастай беріп, Ұрқияға

тесірейіп қарай қалды. Ұрқия ыржиганын қойып, әдеппен Күлпашқа көзін салды. Екеуі де үндемей бірер секунд отырды.

– Сен қашаннан бері қатынсың, Ұрқия? – деді жұлып алғандай Күлпаш.

– Қарағым-ау, қалқам-ау, қайдан білейін? – деді Ұрқия.

– Е, қашан қатын болғаныңды білмейсің бе? – деді тағы Күлпаш азырақ ашуланынқырап.

– Қарағым-ау, қалқам-ау, есімді білгеннен бері осы үйдің есігіндемін. Қайдан білейін. Кімнің есінде бар сол шіркін. Ас үйге келіп жүруші еді. Тіпті білмеймін, қалқам, – деді Ұрқия.

Күлпаш жүзіне қарағанда әлгіден де ашуланғандай болып, шынында ар жағынан күлкісі келіп:

– Осындай сөз бола ма екен, күйеуге тигенде неғып тидің! – деді.

– Берген соң, тимегенде не қылам? – деді Ұрқия.

– Махаббат ше? – деді күлімсіреп Күлпаш.

Өзінің бір абысынымен сөйлесіп отырғандай салмақты дауыспен: – Махамбеті несі, жаным, – деді Ұрқия.

Күлпаш сықылықтап күліп жіберді. Көпке дейін күлкісін тия алмады. Бір уақытта екі көзі күлкіден жа саурап:

– Ұрқия! – деді.

Ұрқия аңырайып қарай қалды.

– Ұрқия, сен ести алмай қалдың. Махамбет деген жоқ. Махаббат деген сөзді білесің бе?

Ұрқия ыржиып күлді. Жауап бермеді.

– Жарайды... «махаббат» дегенді сен білмесең, мен білемін. «Махаббат» деген «сүйемін» деген сөз. «Жақсы көрем» деген. Өзіңді қандай жақсы көрсең, сүйген адамыңды да сондай жақсы көресің. Міне, мен Күдеріні жақсы көрем. Мен оны өзімдей көрем, міне соны «махаббат» дейді. Ұқтың ба, ұқтың ба, Ұрқия?

Ұрқия үндемеді. Манағыдай емес, қабағы төмен түсіңкіреп отырды да, ақырын салмақпен жоғары басын көтерді. Әжім кірген күнгірт беті жазылып, екі көзіне бір түрлі сәуле кіріп, Ұрқия сөйлей бастады.

– Балам, балам! Бақытты бол, бақытты бол. Өмірін ұзақ, бауың берік болсын... – деді.

Ұрқияның мұндай ақылды сөз айтқанына Күлпаш

таң қалды. Күлпаш қатыннан тағы бір сөз сұрады. Қатын жауап берді. Екеуі көп әңгімелесті. Әбден кеш болып қас қарайған кезде Күлпаш өзінің бөлмесіне келді.

ХІІ

Күлпаш алғашқы кезде батырланып жүрсе де, біраздан соң Күдеріні сағына бастады. Сағынған сайын Күдері бір түрлі қымбат, бір түрлі қол жетпейтін адам болып көрінді. Одан сайын Күлпаш күйеуін жақсы көріп, жатса-тұрса ойлағаны бір күйеуі болды. Бұның бәріне қосымша ауылдың сөзі. Жұрттың бәрі «Күдері, Күдері» дейді. Күдеріні атағанда қадірлемейтін жан жоқ. Күдерінің қадірі сөзсіз, даусыз бір нәрсе секілді. Көптің бұл сөзі де Күлпашқа көп әсер берді. Күлпаш әбден ауылдың адамы болып алды.

Ауылдың бозбалалары жоқ болса да, қызойын, шілдеханаларда өзінен-өзі жас табылып, үй толған жан болушы еді. Бұл ел қарсыласпай жігіттерін окопқа бергендіктен шаруасы да жөнді күйземеі. Тұрмыстары да аса көп өзгермеді. Бұрынғыдай түстеніс, бұрынғыдай Күдерінің үйіне күнде үйілген қонақ. Жұрттың көбі биыл қыс қыдыруда, жиылыста болды. Алатаудағы болып жатқан оқиға мұнда да анық естіліп тұрды. Кей біреулер жиылып Алатауға кетеміз деп жүрді. «Алатауда жиылатынын білсек, біз де кетер едік, білмей қапыда қалдық» деп окоптан жазған бір жігіттің хаты қолдан қолға таралып жүрді. Декабрьдің аяқ кезінде, Күдерінің аулына болыс келді. Болыс Күдерінің үйіне түсті. Намаздыгерден күн батып, қас қарайғанша Күдерінің үйінің алды қыбырлаған халық болып жатты. Күбір-күбір сөйлес. Біреу кіріп, біреу шығып жатты. «Күдерінің келіншегін алып кеткелі келсе керек!» – дейді біреуі.

– Бәсе, өзіміз де солай деп едік, – дейді екінші біреу.

– Болыс тегін жүруші ме еді? – деді үшіншісі. Біреу қосыла кетеді.

– Қатын үшін осындай жылы болыс жүруші ме еді? Тағы да бір бұйрық бар да, – дейді төртінші.

– Оның рас. Тағы бір пәле болды! – деседі шулап он шақты кісі.

– Алатауға аттану керек! – дейді анадайдан бір жалғыз дауыс.

Дауыстар біресе селдіреп, біресе шуласып, ыбыр-күбір етісіп, қас қарайғанда әбден басылды.

Үлкен кең албарда қарайып әр жерде шаналар қалды. Төрт тұяғын біріктіріп, үсті-басын қырау басқан әр жерде аттар байлаулы тұрды.

* * *

Болыс шай ішіп болған соң амандасамын деп Күлпашқа хабар жіберді. Жүтіріп келген жігіттің бетіне қарамас-тан Күлпаш:

– Келсе келсін, қайтушы едім болыс келді деп, – деді.

Болыс қасына тілмашын ертіп далаға шықты. Қораның аузынан шыға бергенде тілмашына қарап орыспалап:

– Бүгін Күлпаш сұлу қалай болмас екен? – деді.

– Әрине, мен де солай ойлаймын. Сәті түскен іс болды, – деді тілмаш.

Екеуі де қарқылдап күлді. Болыс күлкісін тиып жатып:

– Оның рас. Сәті тамаша жақсы түсті, – деді.

Орыспалап әңгімелесіп екеуі Күлпаштың отауына қарай қадам басты. Есікті ашып кіре бергенде болыс ән салған бір әйелдің дауысын есітті. Есік ашылғанда дауыс та тоқтай қалды.

Күлпаш жерде іс тігіп отыр екен. Болыс пен тілмаш кіріп келгенде бес жасар бала ғұрлы көрген жоқ. Орнынан да серпілмеді. Кірген кісілерге де қарамады. Әдемі саусағымен кестенің бізін суырып шанша берді.

Болыс та өзінен басқа сол үйде кісі жоқтай, қоржылып келіп төрге отырды.

– Есенсің бе, шырағым! – деді жылы жүзбен Күлпашқа қарап.

Күлпаш бізін қолына алды да, әдеппен ісін тоқтатып, төмен қарап отырды.

Тілмаш сол үйді жазғалы келген кісіше жан-жаққа көзін сала бастады.

– Е, шырағым, қаланы сағындың ба? – деді біраздан соң болыс.

Күлпаш ақырын ғана езуін жиыды.

«Әлден-ақ күлімсіреп отыр ғой» деді ішінен болыс.

Даусын әлгіден гөрі қаттырақ етіп:

– Е, Күлпаш! Ауыл қалай екен? – деді.

«Күлпаш» деген сөзді айдаладағы бір еркектен естігендігі Күлпашқа бір түрлі қатты тиді. Біреу бізбен бүйрінен шаншып алғандай болды. Түсін суытып:

– Ауыл қандай болушы еді? Ауыл ауыл да! – деді.

Күлпаштың соңғы өзгергенін сезбей, алғашқы «жылылықтан» болыс Күлпаштың алдына қарап:

– Тігіп отырғаның немене, Күлпаш? – деді.

Күлпаш ашуланып кетті. Жылап жібергендей ызаланып:

– Бұл нәрсенің сізге керегі аз! – деді.

Өзіне-өзі құдайдай сенген болыс ештеңені сезбей:

– Күлпаш-ау, неге керегі аз дейсің? Не берсең де көпсінбеймін. Кестелеп отырғаның орамал емес пе? Осы орамалыңды берсең мен керегі аз демей-ақ қоямын, – деді.

Болыс орнынан сүйретіле Күлпаштың жанына келді. Келді де, кестеленіп жатқан ақ орамалды ұстады. Орамалды тастай берді де Күлпаштың білегіне шап ете түсті. Ұшқан қаршығаша Күлпаш ұшып тұра келді. Жараланған қабандай сүйретіліп болыс қала берді. Сұлаған жерінен тұрмастан төмен қарап күлімсіреп.

– Шырағым, қалай асаусың? Келіншек болыстың алдында әдепті болатын, – деді.

Күлпаш кеудесі көрікше көтеріліп-басылып, екі көзі жайнап, қатты дауыспен:

– Шығыңыз, болыс, шығыңыз. Мен сізбен сөйлеспеймін! – деді.

Болыс шығып бара жатып күлімсіреп:

– Қой, шырағым, «Байтал шауып бәйге алмас» деген. Қайткенде бір қатынсын! Күдері сені тастап кетпейді. Көп сөз не керек. Ойнап күліп жатайық. Түнде қасыңа келем! – деді.

Күлпаш тістеніп не дерін біле алмай, тұрған жерінде қатып қалды.

Болыс тілмашымен шығып кетті. Күлпаш жүгіріп есікке барды. Тез ілмешек темірін салды да, жүгіріп орнына келді. Кестелеген ақ орамал бүктетіліп жерде жатты. Күлпаштың көзіне бұл орамал аждаһаның құсып кеткен құсығындай көрінді. Алайын ба, алмайын ба деп біраз тұрды. Ойлаған ойының түбіне жетпестен бұрын аяғы есікке қарай өзінен-өзі тағы жүрді.

Күлпаш жүгіріп ас үйге келді.

– Ұрқия, Ұрқия! – деді айқайлап.

– Немене, қалқам, жаным, күнім, – деді Ұрқия үсті-басы түтін сасып.

– Менің соңымнан ер! Тез, жылдам ер менің соңымнан!

– Ал, күнім, ердім, – деді Ұрқия Күлпаштың артынан жүгіре басып.

Күлпаш үйіне жүгіріп кірді. Отыратын жеріне тұра қалып, саусағының басымен жерде жатқан орамалды көрсетті де:

– Мынау орамалды саған бердім, – деді.

Ұрқия орамалды қолына алды.

– Осыны саған бердім, өзін ал, – деді тағы Күлпаш. Ұрқия ажырайып қарады.

– Айттым ғой, несіне қарайсың? Осы орамалды саған сыйладым, – деді Күлпаш күлімсіреп.

Ұрқия орамалды жаулығының астына тықты да, үндемей үйден шығып кетті.

Күлпаш тағы да есіктің ілмешек темірін салды да, сандығынан бір орамалдық ақ бәтесті алып, қайтадан кестелей бастады.

Кестелеп отыр... кестелеп отыр. Түн ортасы болды. Күлпаш әлі отыр. Кестелеп отыр. Түн ортасынан ауды. Ауылдың бәрі ұйықтады. Жым-жырт. Күлпаш әлі отыр.

Күлпаштың есіл-дерті таң атқанша осы орамалды кестелеп бітіру. Бұдан басқа көңілінде ешбір ой жоқ. Анда-санда ақырын дауыспен ән салып қояды.

* * *

Түн ортасынан асқан кезде болыс орнынан тұра келді. Төсектің үстінде көйлекшең біраз отырды. Жан-жағына қарап еді, ешнәрсе көрінбеді. Тыңдап, байқап еді, кісілердің қорылдағаны мен өзінің жүрегінің дүпілдегенінен басқа ешнәрсе естілмеді. Жалғыз-ақ жүрегінің соққаны қорылдаған дауыстардан гөрі қаттырақ болып сезілді. Ішінен: «Ия, Алла, сәт!» деп болыс орнынан түрегелді. Тұра бергенде жамбасының буыны сарт ете түсті. Болысқа үйдің тіреуі құлап кеткендей болды. Жалаң аяқ, көйлекшең ештеп басып болыс жөнелді. Болыс жатқан үймен Күлпаштың отауының арасында екі бөлме бар еді. Болыс аман-есен екеуінен де өтті. Күлпаштың есігіне тақалғанда жүрегі тулап, буындары дірілдеп тұра алмады. Төсекте былбырап

ұйықтап жатқан Күлпаштың жанына барған суретті көз алдына келтіргенде, шыдай алмай демі бітіп, есіктің тұтқасынан шап етіп ұстай алды.

Есікті қалай ашу керек? Жылдам ашу керек пе, ақырын ашу керек пе? Есігі сықырлар ма екен? Сықырламас па екен?

Осы мәселені шеше алмай болыс есіктің алдында біраз тұрды. Бір уақытта болыстың құлағына ақырын салған ән естілді:

.....
.....
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп.

«Ойбай-ау! Мына шіркін ұйқысырап жатыр ғой?!» деді ішінен болыс. Бұл пікір жүрегіне бір түрлі қайрат беріп жіберді. Бар күшімен болыс есікті итеріп кеп қалды. Есік ашылмады.

– Бұл кім өзі?! – деді ар жақтан бір дауыс.

Болыс тым-тырыс тұра қалды.

– Менің мылтығым бар. Қайсың болса да атам! – деді әлгі дауыс.

Болыстың денесі сұп-суық болып кетті. Жүрегі де соққанын қоя қойды. Тасыр-тұсыр етіп, алды-артына қарамастан жүгіре жөнелді.

Төсегіне қайтып келіп жата беріп, дыбысын шығарып:

– Ту-у, шіркін, нағыз көк айыл екен! Орыс ішінде өсіп үйренген кәпір. Кім білер, атса атып та жіберер, – деді.

* * *

Күлпаш отыра берді. Орамал кестелене берді. Ақырын ғана анда-санда ән салып қояды:

.....
.....
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп.



ӨРТЕҢ

Жайылып созылған жапан сары дала.

Ана шеті – Каспий, мына шеті – Қытай. Ұзыннан ұзақ созылып көсілген сары дала. Сарқырап аққан өзендер, жылтырап шалқыған көлдер. Күмістей таза мөлдір су. Күңгірт тартқан қалың ну.

Қараңғы түнде қалқыған, маужырап ұйқыға кеткен сенгір таулар. Іштері толған қазына: алтын, күміс, тас көмір, темір, қорғасын.

Ұйпаланған қаудан шөп. «Қашса, қоян жасырынған». Анау – қараңдап жүрген адам. Мынау – қыбырлап жатқан мал. Анау – қарайып киіз үй. Мынау – көрінген қыстау.

* * *

Күндер өтіп барады. Жылдар өтіп барады. Заман жүріп келеді. Қараңдап қазақ әлі жүр. Қарайып киіз үй әлі тұр... Ұйпаланған қаудан шөп. Жайылып, созылған сары дала!..

Ау, қазақтың баласы! Еркін өсіп, еркін еміп, ел болған еңбекші ел!

Еңбегің осы ма? Қараңдап неге жүре бересің?! Қымызға әлі тоймадың ба? Жайылып созылған сары даланы неге көркейтпейсің? Ұйпаланған шірік қауды неге жұлып тастамайсың? Бүйірін қысып, қалтасындағы көп қазынаны, мол байлықты неге алмайсың? Алтын, күміс әлде керегі жоқ па?

Мөлдір суды неге жөндеп ішпейсің? Қалың нуды неге реттеп кеспейсің?

Үнемі қымыз бола ма? Киіз үй мәңгі тұра ма? Ескі, битті күпінді шешіп тастап, сілкінсеңші! Темір күректі қолға алып, ақ білекті сыбансаңшы!

Күні кеше қаптаған қара бұлт еді. Жел соқты, дау-

ыл болды. Жердің жүзі ақтарылып, төңкерілді. Сатыр-күтір етті. Бытыр-бытыр етті.

Сұлаған сары дала оянбады. Қимылдай түсіп, қайта жатты.

Күндер өтті, айлар өтті...

Зор дауылдың екпіні ерікке ешкімді қоймады. Ыңыранып сары дала да оянды. Оянысымен орнынан ұшып түрегелді. Қараса, жан-жақтың бәрі өрт екен. Өмірге емес, өлімге келген өрт екен. Ұйпаланған қаудан шөп лапылдап жанып барады екен. Өрт шалмаған жер қалмады. Бұрынғының бәрі күйді. Бәрі жанып кетті. Ішіндегі биттерімен ескі күпі де кетті. Қарайып тұрған жыртық киіз үй де кетті...

* * *

Жел басылды. Жадырап жаздың күні шықты. Ұйпаланған қаудан шөптің орнына желкілдеген жас өртең өсті. Көкпенбек, жұп-жұмсақ, тап-таза, пәк, кіршіксіз жас өртең!

Қалай сары дала енді көгермес екен? Өзгерістің өртінен кейін? Қалай қазақ оянбас екен?

Гүрілдеген өзендер, маужыраған таулар, қараңдаған қара қазақ қалайша енді өзгермес екен?

Өзгереді!..

Өзгереді де! Өзгергеннің белгісі – міне, біз қызғалдақтай бұлаңдап, жаңа өскен жастар! Жаңа жастар! Еңбекші елдің бел баласы, еліне деп еңбек еткен ер жастар! Еңбекші елдің әрі ұлы, әрі еркесі, әрі иесі, төрт түлігі тың жастар!

Өртең өсіп келеді! Қайырлы болсын! «Көк күмбездің астында көк масаты».

Жаңа қоныс жайлы болсын!



«АПТОМОНИЯ»

Жарқынбек ол кезде оқып жүрген шәкірт еді.

Бір күні ауылдан мынадай хат алды: «Құрметлу ұғлымыз Жарқынбекке ізгі атаңыз Боранбайдан дұғай сәлем. Енді біз тараптан хал-ахуал сұрасаңыз, алхамділлә, сау-саламатта тұрамыз. Үшбуынның соңында айтарлық сөзіміз бұ дүркі: қызыл сиыр батпаққа батып өлді. Қоңыр құнажын әлі табылған жоқ. Өндірейдің егініне жылқы түсіп, 25 пұт бидай төлейтін болдық. Былтырғыдай жылқыны айдап алатын болып тұр. Екі жұмадан бері тұсап бағып отырмыз.

Анық соңында айтарлық сөзіміз бұ дүр: Мұхаметжан Базарбайдың қызын алып қашып келді. Екі күннен соң артынан 30 кісі, қасында 8 орысы бар қуып келді. Ауылдың ақсақалдарын байлап тастап, қызды тартып әкетті. Артынан іздеуге қалтасына он мың салып беріп, Төрежанды жібердік. Аллатағаланың жазмышымен осындай болып әлекке ұшырап отырмыз...».

Жарқынбек қағазды алдына қойып, жоғары қарап біраз ойланып отырды. «Қап, Мұташ-ай! Ұмсынды аламай қалған екен ғой...», – деді.

Хатты әрі қарай оқи бастады.

«...Үшінші айтарлық сөз бұ дүркі: Кеше ауылға «істүктір» деген төре келді. Алды тым қатал көрінген соң, қай елдікі екенін сұрай алмадық. Сақал жоқ, мүрт жоқ өздеріндей жап-жас жігіт. Бұл істүктірдің айтқан сөзі: «қазақ халқына аптаномия шықты, сол туралы сосихат айта жүремін» дейді. Қалада жиылыс болады, наған болыс басы бір адам керек деген соң, елдегі ақсақалдардың реті келмей көп сені ұйғарды. Халықтың тиесілі сөздерін айтарсың. Өндірейдің жөнсіз пртрауа салатынын айт. Мұхаметжан туралы да есіңізде болар. Әсіресе тапсырып жазамын, Өндірейге болыс арқылы бұйрық жібермегі. Да бұ жазушы атаңыз Боранбай Жылқыбайоғлы деп білесіз».

Хатты оқып болған соң, Жарқынбек үйдің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, болашақ туралы ойлай бастады...

Ең әуелі сиез күні алдына елестеді.

Үлкен үй. Іші толған халық. Төр жағында үлкен үстел. Оны айнала отырған мәжіліс басқарушылар. Шешендер шығып сөйлейтін биік жерге шығып алып, Жарқынбек сөйлеп тұр. Жұрт жым-жырт құлақ салып тыңдап отыр...

«Жарайды, делегат болып көрейік», – деді бір кезде Жарқынбек. Бұл сөзді айтқанда Жарқынбектің көзі жайнап, беті күлімсіреп, дәл сол сағатта жиылыста отырғандай болды.

Жарқынбек жас кезінде еркелеу өскендігі болмаса, салмақты, білімді жігіттің бірі еді. Жасы он тоғызда. Ел ішінде айттырып қойған келіншегі бар. Бұрын Жарқынбек ешбір саяси жұмысқа қатысып көрген жоқ. Мынау болғалы тұрған сиез мұның саясат жолында бірінші сатысы еді...

* * *

Екі күннен соң сиез ашылды. Бұл үйез ол уақытта Сібір хукіметінің қол астында еді. Сиезге жүзден артық делегат жиналған. Оның ішінде алтауы қазақ. Жарқынбекпен жетеу. Орындарда болып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасалды. Бәрінен бұрын бір үлкен қара етік киген, үстінде жол-жол сызықты көк көйлегі бар бір орыс шықты.

Орыс айтты:

– Жолдастар! Біздің қаланың халі өте ауыр. Колчак заманында казак-орыстар келіп, екі қабат талап кетті. Совет хукіметі келгелі халіміз түзелді. Жалғыз кемшілік жеріміз: іс жүргізетін таза адамдар аз. Екінші көңілсіз жұмыс: маңайымыздағы қазақтардан тиышсыздық көреміз. Жылқыларын егінге жібере береді. Мал ұрлайды. Әрине, қазақ – білімсіз халық. Надан, тағы халық. Айтқанның көбіне түсінбейді. Міне, мен бұл қалаға келгелі 5 ай болды. Содан бері бір жақсы қазаққа жолыққаным жоқ, – деді.

Шешен орнына отырды.

Екінші біреу шықты. Оның айтқандары алғашқының сөзіне көп ұқсады. Қосымша істеген жері: бір шіркеу жанып кетті, мұжықтардың жанадан шіркеу саламыз деп ақша жиғанын айтты.

Жарқынбек әуелгі шешеннің артынан жазылып сөйлейін деп еді, жүрексінді. «Бір орыстың жамандағаны еш нәрсе етпес, өзгелері олай демес», – деп отырды.

Үшіншісі де әуелгі екеуін қуаттады.

Бір кезде Жарқынбек шыдамай, кеңес басына қарап:

– Маған да сөз беріңіз!– деді.

Отырған жұрт адырайып, Жарқынбекке қарай қалды. Ұзын сақалды бір орыс:

– Айтсын! Қазақтың өкілі айтсын,– деді.

Жарқынбек биік жерге шықты. Екі көз тайғанап, не отырған жұртқа қарай алмай, не бір қарайтын тиянақты нәрсе таба алмай, жаутаңдап біраз тұрды. Жым-жырт...

Әуелі түкірігін жұтып алып сөйлейін деп түкірігін жұтуға ыңғайланып еді, аузында демі жоқ екеніне көзі жетіп, ызаланып біраз тағы тұрды. Жүрегі дүпілдеп, тұрған жерінен ұстамаса құлап кететіндей көрініп трибуналдың (шешендер сөйлейтін жер) шетінен ұстап, сөйлей бастады:

– Қымбат жолдастар! Менің алдымда шыққан үш жолдастың сөзі таңқаларлық әңгіме. Бұл туралы менің айтпасыма болмайды...

Аузына «мені айт, мені айт!» деп тіпті көп сөздер келіп қалды. Жарқынбек ойланған жоқ. Бірінші тіліне ілінген сөзді алды да сөйлей берді:

– Қазақтың халқы, әлгі айтқан жолдастарша емес, ана-ғұрлым басқа. Оны қазақтың ішінде тұрған біз ғана білеміз.

Кеңес басы бұл жерде Жарқынбекті тоқтатып тастап, бұзық дауыспен:

– Ұлтшыл сөздерді айтуға болмайды!– деді.

Жарқынбек бұны естіген соң асып-сасып, сөзінен жаңылып қалды:

– Қазақ орысқа тимейді. Орыс қазаққа тиеді. Менің айтатыным осы...– деді.

Жарқынбек орнына отырды. Алты қазақ орысшаны жөнді білмегендіктен, Жарқынбектің сөзіне түсіне алмады. Әйтсе-дағы Жарқынбек қазақ халінен сөйлегендігін сезіп, ішінен тәуір көріп қалды.

Орыстар бұл сөзге ырза болмай, Жарқынбекті «нағыз ұлтшыл, коммунист партиясына залалды кісі» екен деп түсініп қалды.

* * *

Ертеңіне қазақтар Жарқынбектің пәтеріне келді. Ол-пұл сөздерден сөз шығып, әңгімелесіп отырып, бай мен кедейдің мәселесі қоғалды.

Қарны жуан бір қазақ тұрып:

– Е, орыс былшылдай береді. Қазақта бай бар ма? Фабрик-зауыттан басқаны мен байлық демеймін. Малы бар кісі бай емес. Бүгін бар, ертең жоқ,– деді.

Жанындағы жолдасы жымылып күлімсіреген көзімен айта бастады:

– Біздің байлық – байлық болған күнде-дағы көпке бірдей ғой. Қымызынды көпке бересің. Қазақтың кедейі байынан ат мінеді, асын ішеді, киім киеді. Орыстың байына соның бәрін істетіп алшы. Орыс – рақымсыз. «Орыс болып кеттің бе?!» деп неге айтады дейсің? Орыс бір-біріне жәрдем көрсетпеген соң, барлық жұртты солай екен деп шатасып жүр. Өзінің орысын теңестіре берсін. Бізде не жұмысы бар?..

Қарны жуан қазаққа бұл сөз тым-ақ жаққандығы білінді.

Бір уақытта Жарқынбек қабағын түйіп орнынан ұшып түрегелді де, жиылыстағыдай сөйлей бастады:

– Отағасылар, бұларын білмегендік. Бай мен кедейдің арасы бірінен-бірінің ішіп-жегендігімен бітпейді. Әсіресе орыс, неміс, франсуз секілді жұрттарда бай, кедей екеуі – екі дүние. Осы күні билейтін – бай, еңбектенетін – кедей. Ал, енді кедей айтады: «мен еңбек етем, мен билеймін де» деп. Совет үкіметі – еңбек ететіндер хукіметі. Сондықтан бұлар еңбексіздерге қарсы. Кедейдің хақын сендер жейсіңдер. Сол үшін сендерге мен де қарсымын...

Жарқынбек сөзін бітірді. Отырған қазақтар мұңайып, үндемеді.

Жарқынбек сөйлемеді.

* * *

Үйден шығып, көшеге түсіп, жүріп келе жатқанда манағы жуан қазақ жолдасына қарап:

– Мына Боранбайдың баласы бұзылып барады екен. Кеше орыстарға қарсы болғанда, жап-жақсы екен десем, нағыз балшеуек қой... Мынадан сақтану керек екен, – деді...

Содан кейін Жарқынбек орыстарға «ұлтшыл», қазақтарға «балшеуек» атанатын болды.

* * *

Жарқынбек губисполкомның мүшесі болды. Партияға жазылды. Жаздыгүні халықтың мал-жайын білуге елге шықты. Осы жаз бұ ел Қазақстанға қосылатын еді.

Намаздыгер шені еді. Ауылдың сыртында жиылған көп халық. Алқақотан болып отырған ақсақалдар. Оларды айнала ат үстінде бозбалалар. Ауылдың сыртында жеке тігілген боз үйдің жанында тоқты сойылып, самаурын қайнатып жатты.

Бір уақытта алыстан бұрқыраған шаң көрінді. Бұл – қасындағы жолдастарымен келе жатқан Жарқынбек.

Ауылға бетін бергенде, Жарқынбек тігілген үйді көрді. «Мыналардың бөлек үй тіккені несі? Қаладағы көксоққандар естісе, бізді тағы да үй тіккізді, пәлен-пәштуен деп кінәлайды ғой», – деді Жарқынбек. Жолдастары үндемеді. Божы (делебе) ұстаған жігіт бұлардың сөзіне таң қалып, Жарқынбекке мойнын бұрып ажырайып қарады да:

– Мырза-ау, сізге тікпегенде бұл үйді кімге тігеді? Құдайға шүкір, халыққа атыңыз жайылды. Бір үй түгіл он үй тіксе де көп емес. Айдалада атасы басқа орысқа да тігеді ғой. Тым болмаса, өз үйімізде отырайық, – деді.

Жарқынбекке бұл сөз ұнамады. Ішінен «қазаққа көпті білу керек-ау» деп ойлады.

Дүрілдеп желдірткен бойымен Жарқынбектің арбасы жиылған топтың сыртына келіп тұра қалды. Жұрттың бәрі орнынан түрегелді.

– Асалаумағалейкім, жолдастар! – деді Жарқынбек.

– Әлейкім сәлем, мырза! – деді жұрт.

Төрт-бес минөттен соң жым-жырт болған халық, олардың ішінде саңқылдап сөйлеген Жарқынбек.

– Сонымен, жолдастар, енді ішкі халге келейік, – деді бір кезде Жарқынбек. Совет хукіметінің ішкі халі өте жақсы. Сыртқы дұшпандарды жеңіп, енді шаруашылық майданына бар күшті салып жатырмыз.

Отырған жұрт сыбырласа бастады. Сақалы буырланған бір кішкене қазақ жанындағы бір қазаққа қарап:

– Асеке, осының «жолдастар, жолдастар» деп отырғаны қалай? Мен түсіне алмай отырмын, – деді.

– Жаңа тәртіпше «мырзалар» дегеннің орнына «жолдастар», – деді ана қазақ.

Жарқынбек әлі сөйлеп тұр.

– Жолдастар! Қазақ халқы аптономия алып отыр. Ол аптономияның мағынасы – отау деген сөз. Орыстың кіндік хукіметі – үлкен үй, орда секілді. Біз – одан енші алған отауымыз. Отаудың үй ішінің аспаптары, ығыншығыны, соятын соғымы, беретін қонағасы үлкен үйден бөлек болады. Сол секілді біздің ішкі жұмыстарымыздың билігі өзімізде. Оқу оқыту, халық сотын жасау, елді тәртіптеп бағып тұру, шаруасын түзеу – бұл секілді істер біздің өзіміздің билігімізбен істелетін жұмыстар. Отаудың үлкен үйімен бірге болатын жерлері бар. Мысалы мал бағу, көшу, қыстауды бірге салу һәм сол секілділер. Біздің қазақ аптономиясының да түпкі Ресей хукіметімен қосылатын жерлері бар. Ол қосылатын

жерлері мыналар: соғыс жұмысы, отан қорғау жұмысы, азық-түлік, шаруашылықтың жалпы саясаты, ақша жұмыстары. Орысша айтқанда, финанс дейді...

Отырған адамдар тағы да сыбырласа бастады. Ма-
нағы бурыл сақал кішкене қазақ жанындағыға қарап:

– Соңғы айтқан сөздерінің бірін түсінгенім жоқ.
Тіліме келмейді. Түсіндірші, – деді.

Анау қазақ ашуланып:

– Қоя түршы! Сөзін естийк. Соңынан түсінерсің, – деді.

– Жолдастар! Сөзімді бітірердің алдында сіздердің естеріңізге салам. Аптономия болды екен деп, әркім бет-бетімен жайылып кетпейді. Бұрынғы тәртіп – әлі де тәртіп. Бұрынғыдай қазынаның салығын төлей бересіңдер. Бұрынғыдай хукіметке мойынсұнасыңдар. Сонымен, жолдастар, жасасын қазақтың аптономиясы! Жасасын Совет хукіметі! – деді Жарқынбек.

* * *

Жиылған жұрттың атынан бірінші сөзді Оспан ақса-
қал айтты:

– Уа, мырза, айтқан сөзіңіздің бәрі жақсы. Қазақ жұрты өгей баладай болып өсіп еді. Жаңа заман шықты. Сәбәт хукіметі хрият беріпті. Қайырлы болсын. Өзіңнің орның да қайырлы болсын. Алла ұзағынан сүйсіндірсін. Баяғылар айтқан екен: «У жесен де ұлтың-мен» деп. Аталарыңның сол мақалын ұмытпа. Шырағым, біз де бір отыған шал. Бұ дүниеден бізге енді о дүние жуық. Тек мына кейінгі жастар, өздерің білесіңдер. Қайырлы болсын. Мына жиылған көптің сізден сұрайтыны, мырза, бізге анық хрият берілген болса, біздің ауылымызға орыс мілітсасы жіберілмесе екен дейді. Салық алса, өзіміздің бергенді алса екен дейді. Киетін киіміміз жоқ. Жиылған халық сізден мана кездеме шығартсын деп өтінді. Онсоң, мырза, біз өзіміз екі атаға бөлінеміз. Біз бір ата боламыз да, анау отырған бурыл сақал екінші ата болады. Олардын малы бізден гөрі кемірек. «Біз кедейміз, салық төлемейміз, ылау тартпаймыз» дейді. Осыған, мырза, төрелігіңізді айтып кетіңіз, – деді.

Жұрт үндемеді. Бір уақытта анадай отырған бурыл сақал кішкене қазақ қамшысына таянып, жүресінен түрегелді де:

– Маған бір-екі ауыз сөз беріңіз, мырза, – деді.

Халық аң-таң қалып, қарай қалды.

Жарқынбек алғашқы шалдың сөзін жақтырмай қабағын шытыңқырап отыр еді. Солғын дауыспен:

– Сөйлеңіз, – деді.

Бурыл сақал кішкене шал сөйлей бастады:

– Уа, жамағат! Осы отырған жұрттың ішінде менен кедей жоқ. Жалғыз-ақ торшолақ байталым бар. Маңдайыма басқан жалғыз көк атымды кешегі мілітса мініп, зорықтырып өлтіргенін өздерің білесіңдер. Мен ана мырзаның айтқанының бәріне ризамын. Осы күйден атымның құнын төле деп келіп едім. Аптомония болады деп естіп отырмыз. Мен атымды сұрамаймын. Бердім аптомония үшін. Жалғыз тор байталымды алам десе, ана мырзаның жетегіне оны да байлап берем...

Жұрт қарқылдап, ду күлді...

– Күлетін дөненесі жоқ. Берем, берем деген соң, – деді кішкене қазақ Жарқынбекке қарап, – Мырза, әлгі ақсақалдың сөзіне мен ренжіп отырмын. Осындай топта, осындай қуаныштың үстінде ағайын арасындағы қырғи-қабақ ұсақ сөзді айтып отыр...

Содан кейін Оспанға қарап:

– Уа, Оспан, менің сенен жасым кіші, малым жүз есе төмен. Мына көптің алдында айтшы... мен жалғыз байталымды аптомонияға бердім, сен жүз жылқыңды беремісің? – деді.

Жиылған жұрт қарқылдап тағы да ду күлді.

Оспан төмен қарап, күлімсіреп үндемеді.

Кішкене қазақ қуаттанып тағы сөйлей бастады:

– Осы, қазақ қазақ дегенде, қазағың кім өзі? Сол қазағың мына біз боламыз. Осы болыстың жүзден тоқсан тоғызы мендей шығар. Қалаңа барғанда орыстарыңа айта бер, шырағым: «Бір кішкене бурыл сақал шалға жолықтым деп. Шал осылай деді» деп, бәрін айт. «Аптомония үшін жалғыз байталын беремін» деп айтты де.

Жұрт тағы күлді. Жүзі жадырап Жарқынбек те күлді. Кішкене қазақ орнына отыра беріп:

– Мен біттім. Айтайын дегенімді айттым, – деді де, – Ойбай-ау, ұмытып барады екем, шырағым, бұдан былай аптомония болғаны рас болса, бізге мілітса жібермесін де. Жылқыбайдың жалғыз атын зорықтырып өлтіріпті. Енді тор байтал өлсе, өзі де қабат өледі де... Ал, мен біттім, – деді.

Халық орнынан түрегелді. Күн батып, хауа салқындай бастады. Жарқынбек көңілі толып, киіз үйге қарай жөнелді.

– Жарайсың, сабаз аптомония!..

Мұның атын бұдан былай «аптомония» қою керек, – деді жиылған жұртқа.

Содан былай Жылқыбай «Аптомония» деп аталына-тын болды.



САЛМАҚБАЙ, МАҚАМБЕТ

Қазақшалап айтқанда намаздыгер шағы, орысшалағанда «күн батуға бір сағаттай қалған» кез еді.

Бірінің қолтығынан бірі құшақтап, үлкен қаланың көшесінде теңселе басып Салмақбай мен Мақамбет келе жатты. Екеуінің де үстінде қаракөл жағалы қара ішік. Бастарында қара елтірі бөрік. Аяқтарында көнетоздау қара етік.

Ерсілі-қарсылы жұрт жүріп жатты: біреу әдемі киінген, біреу жаман киімді, біреу әйел, біреу еркек, біреу кәрі, біреу жас.

Көшенің бұрышынан айнала жүргенде, Салмақбай:

– Уһ!... – деді.

– Не болды үһлеп? – деді Мақамбет.

– Елді әбден сағындым! – деді Салмақбай.

– Мен де... – деді Мақамбет.

Осыменен сөз бітті. Екеуі де үн-түн жоқ жүріп келеді.

Бұлардың ілгері қарап түнжыраған көздері сөйлемей-ақ көп нәрсені айтарлық еді...

Ауыл. Кең дала. желкілдеген қызғалдақ. Кісінеген жылқы. Маңыраған қой. Үрген ит...

Осы суреттің бәрі екеуінің де көз алдына елестеген сияқты. Зырылдаған арбаның дөңгелегіндей, бірінен-соң бірі бастан кешкен уақиғалар көз алдынан өтіп жатты. Ауылда бала болып асық ойнап жүргендері, одан бұзау баққандары, молдаға сабақ оқуға барғандары, орысша оқуға түскендері, «оқымаймыз» деп жылағандары, есейіп жігіт болып саяси мәселелерді сөйлей бастағандары... Енді, міне, үлкен азамат болып, ел билейтін халге жеткендері. Соңғы пікірді ойлағанда, екеуі де біріне-бірі жалт қарады.

– Апырмай, ойлап тұрсақ көп заман өткен екен ғой! – деді Салмақбай.

– Көп заман, көп заман, – деді Мақамбет.

– Сен ол кезде жалғыз ұлтшыл едің ау?! – деді Салмақбай.

– Ие, ол кезде мен ұлтшыл едім. Жастықтың мастығы ғой!.. – Мақамбет соңғы сөзбен тоқтайын деп еді, «мені айт, мені айт» деп ар жағынан көп сөздер тіреп келіп қалды. Үстінде киімі жоқ жалаңаш адамның ойлағаны секілді, Мақамбет бір нәрсені сезді. Беті қызарыңқырап, Салмақбайға тура қарай алмай, Мақамбет сөйлей бастады. Екеуі де ұзақ әңгімеге кірді.

– Менің, Салмақбай, ол кезде ұлтшыл болуымда ешбір кінә жоқ. Біз кімді көрдік? Өзгерістен бұрын орыстың қай революционері қазақтың ішінде болды? Қазақтың ауылы маңдайы жылтыраған үрәднікті көрді, мұрты түксиген приставты көрді. Коммунист түгіл қазаққа кадеті де келген жоқ. Біз ұлтшыл болмай, кім болсын? Маңайынның бәрі қаптаған жау болса, есілдерті сені екі бүктеп, бір түтіп жеп қою болса, әрине ұлтшыл боласың.

Мақамбет біраз бөгеліңкіреді. Әлгідей емес, дауысы дұрысталып, бір нәрседен ұялғандығы жоғалып, жүректі бола бастады:

– Ол кездегі біздің айтқан сөзіміздің көбі Жапония болушы еді. Қазақ қашан Жапониядай болады? Неше жылда соның қазіргі халіне жетеді? Фабрик-зауыттары қай уақытта салынады? Университет қай жерде болады? Һәм басқа осы секілді әңгімелер болушы еді.

– Ол айтылғандар қазір де айтатын сөздер ғой! Бұның қай жері ұлтшылдық! – деді Салмақбай.

– Әрине, ұлтшылдық. Қазақ Жапониядай болсын дегеннің аты не? Ол Жапония секілді капитализм негізінде құрылған падшалық болса, бізде капиталистер, байлар болады. Байлар болса, олар совет хукіметінің заңына қарсы болады. Совет хукіметіне қарсы болса, оны ұлтшыл деп айтады.

– Жоқ, Мақамбет, – деді Салмақбай, – Сенің бұл айтып келе жатқаныңда көп жетпеген жері бар. Қазақ даласында фабрик-зауыт онымен бірге бай туады деп ойлауға болмайды ғой. Фабрикті хукімет өз күшіне салдырып, өзі жүргізіп тұрса, байдың не жұмысы бар? Фабрик көбейсе, бізде еңбек ететін жұмыскерлер де көбейеді. Жұмыскерлер көбейсе, іс ілгері басады. Осы күні жұмыскердің жоқтығынан қорлық көріп жүрміз ғой.

Мақамбет ашуланған кісіше:

– Салмақбай, сенің ұлтшылдығың әлі қалған жоқ-ау! Қорлық дегенің немене? Кім қорлық көріп жүр? Жалғыз қазақ туралы ойлағаның – нағыз ұлтшылдық. Баяғы кезде заманның ағымы солай болған соң бәріміз ұлтшыл болдық, енді тұрмыс өзгерді. Осы күні – көпшілдік заманы. Сондықтан әлгідей сөздерден аулақ болу керек! – деді.

Салмақбай да әлгіден гөрі қаттырақ дауыспен:

– Сенің көпшілдік туралы пікірің қызық-ау. Көпшіл болғанда өз ұлтыңды иттің етінен жек көр демейді. Өз ұлтыңды қандай жақсы көрсең, басқа ұлттарды да сондай көр дейді...

Мақамбет Салмақбайды қағып жіберіп:

– Сен, Салмақбай, нағыз ұлтшылсың. Мен мұны саған көптен айтайын деп жүр едім. Орыстың бәрі сені жек көреді. Бәрі: «Салмақбай ұлтшыл» дейді. Менің саған айтатын ақылым. Ұлтшылдықты таста! Екеуміз де қу кедейдің баласымыз. Осы қазақ не береді? Әркім өзі тырысу керек.

Салмақбай жұлып алғандай:

– Жоқ, Мақамбет! Сенің айтқаныңның бәрі қате. Менің жүрген жолым көпшілікке қарсы емес. Жұрттың бәрі тең болсын дегеннен артық не керек. Егерде алдымызда дүниенің жұмағы болса, сол жұмаққа қазақ та барсын. Неміс те барсын. Әуелі мен барайын, сен тұра тұр деген сөзге мен қарсымын.

Салмақты дауыспен Мақамбет сөйлей бастады.

– Мен өзім нағыз көпшіл. Менің ойымша жер жүзіне жұмыскерлер қожа болу тиіс. Бар күшті жұмыскерлерді сақтауға, соны адам қылуға жұмсау керек. Қазақта жұмыскер жоқ. Сондықтан қазақ жұрты екінші, үшінші, реті келсе төртінші пыланда тұру керек.

Жер жүзінің төңкерісі үшін дүниенің бәрін құрбан қылу керек. Осы күнгі заман «қазақ-мазақ» деп қолға ұстауға келмейтін ұсақ-түйек жұртты сөз қылатын заман емес.

– Жаным-ау, қазақ сөз қылмау керек дейсің! Сені көпшіл партиясы қай жерге қойды. Қазаққа жұмыс істе, қазаққа пайда келтір деп қойған жоқ па? Бұлай дегенше түп-тура «мен қазақтың дұшпанымын» десейші! – деді Салмақбай.

Біраз бөгелінкіреп, Салмақбай Мақамбетке қарады: сазарып, күп-күрең болып келе жатыр екен.

– Мақамбет!– деді Салмақбай.

Мақамбет үндемеді.

– Мақамбет!– деді тағы да. Мақамбет үндемей, ажырайып Салмақбайға қарады.

Дірілдеген дауыспен Салмақбай:

– Жер жүзінің төңкерісі үшін қазақты құрбан қылу керек десе, берер ме едің?– деді.

Мақамбет біраз бөгелінкіреді де:

– Берер едім!– деді.

– Қазақ өлгенде, ет, жүн-жұрқа, майдан айырылған жұмыскер көпке бара ма? Сондықтан екеуінің де тірі болғанын тілесек болмай ма?! Өзіндей адам баласын құрбан қылып жеткен бағы ешкімге қайырлы болмас!– деді Салмақбай.

Мақамбет жауап бермеді.

Салмақбай да үндемеді.

Уһ!– деді Салмақбай.

Уһ!– деді Мақамбет.

Руханият туралы еңбектері





КИРГИЗСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

(Историко-критический очерк)

Прошло несколько веков от того времени, как киргизы известны русским под этим именем. Правда, хотя и есть часть киргизов, живущих на Юге, которые так и называются, но собственно киргизы сами себя называют казахами. Поэтому все киргизское население распадается на два больших племени или вернее группы: казахи и киргизы; и все вместе взятое называется казах-киргизами или сороче-алаш.

Казахов гораздо больше, чем киргизов, они культурнее их, раньше сблизились с другими более цивилизованными народами и раньше киргизов приспособились к оседлой жизни. Зато киргизы более вольны и ярче сохранили у себя натуру древнего алашца. Наконец, можно отметить, что большинство казах-киргизской интеллигенции (исключительно получившие образование в русских школах), составляют казахи.

В былое время, как известно, киргизы были кочевниками. Населения тогда было мало, а земли много, и каждый аул владел целыми сотнями и тысячами квадратных верст земли. Всю степь киргизскую от Каспийского моря до Китайской границы покрывал тогда пестрый ковер казах-киргизского скота, состоящего из табунов лошадей, верблюдов, коров, овец и коз, которые у богатых киргизов насчитывались целыми тысячами, десятками тысяч, а у некоторых и больше. Киргизы жили тогда, как говорится, припеваючи. Редкий киргизский парень ехал в степи за своим табуном, не распевая песни.

В то время поэзия киргизская была обильной. По аулам тогда разъезжали акыны-певцы-импровизаторы с домброй в руках, посещали самых богатых киргизов многолюдные свадьбы, пиршества и распевали там хва-

лебные песни, причем, если встречались два акына-певца, то они состязались между собой, хваля каждый свой род. Состязались они до тех пор, пока один не признавал над собою импровизаторский талант другого. Победа последнего признавалась тогда не как личная победа, а победа всего его рода. Таким образом, это были просто средневековые рыцари, но рыцари, боровшиеся не оружием, а словом. Как побежденный рыцарь, признавал над собою господство победителя, точно также побежденный акын признавал после этого над собою господство победителя, и его род уже больше не мог гордиться им, как непобедимым акыном-певцом.

Таких певцов-импровизаторов было тогда много: почти каждый род имел, так сказать, своего «ахунчика». Среди акынов были и очень талантливые, которые приобрели всекиргизскую известность. Так, например, имена акынов Шоже, Биржан Сала, певицы Сары и других будут жить еще несколько поколений. Киргизы не только знают их прекрасно до сего времени, но не забыли даже некоторые песни, воспетые ими.

Обыкновенно акыны выходили из бедных сословий, но несмотря на это, они жили очень роскошно и богато. Сами они не имели постоянного местожительства; а бродили всю жизнь по аулам и все добытое употребляли для украшения себя и сбруи коня. Так, например, говорят, о Биржане Сале, которые помнят о нем, что у него один треножник коня стоил 40 кобылиц, ибо он был сделан из чистого золота. Сам Биржан Сал одевался исключительно в шелковую одежду, даже портянки его были шелковые, отчего он и получил прозвание «Сал», что означает в переводе изящно одевающийся. Были акыны-импровизаторы и из богатых и знатных семей, но они не бродили по аулам. Для этих акынов это было унижением и вообще киргизы, преклоняясь перед талантами акынов, все-таки смотрели на них как на таких людей, которые бродят по степи не с целью показать свои таланты, а ради куска хлеба. Акыны же сами по себе думали иначе. У них был общий идеал — возвысить песнями свой род и увековечить свое имя. Они были совершенно чужды всякой наживы. Это утверждается тем фактом, что акыны, посещая то или другое место, имели главное в виду, что там находится непобедимый акын, и ехали они туда только для со-

стызания, а не для получения каких-либо наград за свои песни. Некоторые акыны, как например, Шоже, Биржан Сал и др. изборождали всю киргизскую степь, чем и объясняется их общекиргизская известность. Песни этих акынов передавались от поколения к поколению в устном виде и в редких случаях в виде рукописи; поэтому их в настоящее время можно слышать только от стариков.

Устный период киргизской литературы тянется до половины XIX столетия, хотя акыны наблюдаются и в наше время. Со второй половины XIX века в истории киргизской литературы наступает новая эпоха – письменная.

Основоположниками письменной литературы были Ж. Копеев, по прозвищу «знаменитый», и несколько позднее его Абай Кунанбаев, о котором речь будет идти впереди. Ж. Копеев первый от принятого в то время акынами обычая – хвалить свой род и самого себя, переходит к песне, воспевающей народное горе. Первые его стихи вышли в письменном виде, дав сильный толчок новому направлению, которое можно назвать в истории киргизской литературы именем народничества.

Достаточно было одного примера, как ему стали подражать все молодые поэты того времени. Прежде песни воспевались перед народом в устном виде, и для того, чтобы получить право акына, тем более состязаться с кем-нибудь, певец непременно должен был быть импровизатором. Теперь, т. е. с Копеева, песни предлагаются читателям в письменном виде и имя акына (поэта) становится свойственным не одним только певцам-импровизаторам, а всем, кто имеет талант вообще писать стихи.

Копеев жив и до сего времени, но сейчас он ничего не пишет, ибо очень стар. Он писал как стихами, так и прозой. Многие его публицистические статьи и помещены в «Степной Киргизской Газете», издававшейся в гор. Омске. Произведения Ж. Копеева не имели никакого влияния на устную поэзию, которая продолжала существовать параллельно с письменной. Но акыны, при всех своих усилиях, не смогли дольше держаться и иметь такой вес, как прежде. Они должны были под натиском могучих философско-лирических стихов Абая Кунанбаева отступить и замолчать на долгое время.

Поэзия Абая оказала глубокое влияние на литературу киргизского народа и определила дальнейшее ее направление. Я позволю сказать об Абаяе и его времени несколько слов.

Абай Кунанбаев происходит из рода Тобыкты и родился в 1845 году, а умер в 1904 году. Следовательно, он жил как раз в тот период, когда впервые киргизы стали появляться в русских школах. Все эти «ученые» киргизы смотрели тогда на судьбу своего народа равнодушно и все стремления большинства их не шли дальше того, «как бы добиться светлых пуговиц». Поэтому многие из них при первой возможности становились чиновниками и довольствовались светлыми пуговицами. Другая категория лиц, которым по какой-то причине не удавалось попасть в чиновники, занимались «домашней адвокатурой». Они обыкновенно писали прошения или служили писцами у волостных управителей. Что касается самого народа, то среди него шли споры и раздоры за власть или из-за так называемых волостных управителей.

Борьба эта велась в атмосфере подкупа русских административных лиц и подкупа избирателей; выборы стоили огромных средств, расходы в конечном счете раскладывались на народ в виде несправедливых поборов.

Ученые киргизы принимали здесь главное участие.

Абай резко обличал киргизскую интеллигенцию за ее стремление к чиновничеству и осуждал народ за «царейную борьбу».

В своих стихотворениях он называет интеллигенцию волком, а темный народ стадом. Он сравнивает главарей народа с цифрами, а темный народ – с нулями. «Без нулей единица не теряет своего значения, а без единицы все нули ничего не обозначают...». «Поэтому нужно подобрать умных главарей (по отношению выбора управителей) и слушаться их, а не разбредаться кому куда вздумается. Ведь, по следам коров не отыщешь дорогу...».

Нападает Абай также и на акынов, которые такой драгоценный клад, как поэзию, употребляли зря, восхваляя богатых, не принося пользы народу. «Живя сами нищими, вы хвалили свой род, что он богатый и нет ему равного», обращался он к ним.

Абая в жизни не оценили. Причиной этому была его крайняя неохота опубликовать свои произведения.

Он не печатал их, и поэтому его сочинения приобрели общекиргизскую известность только после его смерти. Он хорошо был знаком с произведениями Пушкина и Лермонтова и многие из них перевел на киргизский язык. Его стихотворения проникнуты безграничной любовью к народу: весь переживаемый тогда киргизскими населением ужас в лице чиновников самодержавия ярко отражается через «незримые слезы» Абая. Язык его в высшей степени художественный и в этом отношении он не имеет еще себе среди киргизских писателей равного.

Дальнейшее развитие киргизской литературы вывилось в издании журналов и газет. Первый журнал, давший более или менее влияние на киргизскую литературу «Ай Кап», вышел в 1909 году, но «Ай Кап» существовал недолго и в 1915 году должен был закрыться за недостатком средств.

После «Ай Кап» выходит в 1918 году газета «Казак», гордость киргизской литературы. Интересно отметить то, что «Ай Кап» существовал при участии литературных сил исключительно из молодежи мусульманских мектебов. «Казак» – из русских школ.

Огромную услугу киргизской литературе оказал А. Байтурсунов, редактор газеты «Казак». Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка: составил первую киргизскую азбуку и грамматику (до этого киргизы пользовались арабской азбукой). Байтурсунов поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими заключениями и приспособив к обличению беспечной жизни киргизов.

За Байтурсуновым следует отметить М. Я. Дулатова – поэта, последователя Ж. Копеева, затем увлекшего философско-лирическими стихами Абая. М. Я. Дулатов – один из проповедников народной свободы и образования, поплатившийся тюремным заключением за известные нападки на тогдашнюю администрацию. М. Я. Дулатов первый выступил со своим романом «Бахытсыз Жамал» («Несчастливая Жамал») в защиту киргизской женщины. Этот роман и сборник стихотворений сделали имя М. Я. Дулатова общеизвестным среди

киргизов. Роман «Бахытсыз Жамал» нашел даже подражателей и способствовал выходу в ответ еще нескольких романов других авторов.

Из молодых сил в области поэзии выдвигается молодой поэт М. Б. Жумабаев. Он — поэт-лирик самостоятельного направления. Его стихотворения очень распространены среди молодежи и по звучности не уступают даже стилям Абая. По искренности мысли и художественности слога он превзошел всех поэтов-лириков, писавших до него.

После М. Б. Жумабаева перечислим более или менее известных среди киргизов поэтов. Отметим, например, С. Донентаева, О. Карашева, Шакарима, С. Турайгырова, А. Маметова, С. Сейфуллина, С. Черманова и Б. Отетлеуева. Произведения перечисленных поэтов насыщены новизмом, но на русской подкладке. В этом отношении грешны все, за исключением только Донентаева, Карашева, Шакарима и Черманова.

Из числа четырех последних резко выделяется поэт-народник С. Донентаев. Стихи его чисто киргизского духа и в них чувствуется сильная национальная струя. По стройности рифмы и гармоничности слога, по своему глубокому содержанию и, наконец, по поразительной меткости стихи Донентаева находят себе равных только в произведениях отца народной поэзии Байтурсунова и нежного лирика Жумабаева.

Карашев и Черманов — поэты-народники в духе Ж. Копеева и в киргизскую литературу существенно нового не вложили. Шакарим — тоже: он скромный подражатель Абая.

Влияние русской литературы на произведения вышперечисленных современных молодых поэтов во главе с Жумабаевым бесспорно. Донентаев, Карашев, Черманов и Шакарим мало знакомы с последней и это способствовало сохранению ими национальной оригинальности, так привлекающей сородичей.

Что касается киргизской прозы, то она (если считать несколько романов) очень незначительна. Более всего в киргизской прозе развита публицистика. Она направлена, главным образом, на защиту политических свобод киргизского народа и равноправия женщин.

Из самых выдающихся киргизских публицистов можно отметить на первом месте Байтурсунова (публи-

цист весьма всесторонний), затем А. Букейханова (исключительно по политическим вопросам) и М. Я. Дулатова (защитник женщин и народного образования).

Из молодых сил в этом направлении обещают многое Болгамбаев, Алимбеков, Хаузжанов, Габбасов, Аймаутов, Ауэзов, Кеменгеров, Турганбаев, Жанибеков и некоторые другие.

Чистая беллетристика не приобрела еще определенного своего направления, и она у многих часто смешивается с публицистикой. В конце 1917 года вышел журнал «Абай», который обещал в будущем хорошую постановку беллетристического отдела, но пока еще ничем особым не проявил себя.

В области драматической поэзии киргизская литература сравнительно сильна. Несмотря на то, что нет выдающихся драматургов, пьес очень много. Оригинальных пьес мало, большей частью в них сказывается влияние русских авторов.

Киргизская литература очень бедна научными произведениями. Нет также на киргизском языке, кроме грамматики Байтурсунова и арифметического задачника Дулатова, ни одного учебника. Этот недостаток стал ощущаться еще тогда, когда киргизам впервые открылся доступ учить своих детей и их дети оказались на школьной скамье с «пустыми руками». Этим весьма важным вопросом занята в настоящее время значительная часть киргизской молодежи. Она организует из своей среды в разных местах комиссии для перевода и составления учебников, а также поручает специалистам подбирать материалы по указанным вопросам. Труды этих комиссий и специалистов частью осуществляются: уже появились некоторые учебники в рукописном виде, в скором времени они будут напечатаны.

Наконец, остается для ознакомления перечислить все издающиеся в настоящее время на киргизском языке периодические издания:

1. Газета «Казах», выходит в Оренбурге с 1913 года, литературно-политическо-общественная, имевшая влияние, как сказано выше, на киргизскую молодежь; известная своей радикальностью, несколько раз оштрафована за это во время самодержавия, была разгромлена большевиками вновь восстановлена по их ликвидации.

2. Газета «Сары-Арка», выходит в Семипалатинске

с 1917 года, политико-общественная, орган Ц. К. партии «Алаш».

3. Газета «Брлик Туог», выходит с 1917 года литературно-политическо-общественная, очень распространенная среди киргизов, известна своими замечательными публицистическими статьями. Орган казах-киргизского народа.

4. Газета «Уран» выходит в Ханской Ставке политическо-общественная, издается киргизами Букеевской Орды, мало известна глубокому слою населения.

5. Газета «Жас Азамат», выходит временно в Петропавловске, политико-общественно-экономическая. Вышло только 8 номеров, орган младокиргизов.

6. Журнал «Абай», выходит в гор. Алаш, с 1917 года, литературно-общественно-научно-экономический, весьма солидный орган, фокус литературных сил младокиргизов.

7. Журнал «Балапан», выходит в Омске с 1916 года, единственный литературный орган, помещающий исключительно беллетристические рассказы.



ИЗ ИСТОРИИ КИРГИЗОВ (КАЗАХОВ)

Киргизский народ. Этим именем принято называть целый ряд родственных народов, говорящих наречием тюркского языка, известным под именем языка киргизского. Киргизы, живущие между Волгой и Уралом (в Астраханской губернии) называются киргизами внутренней или Букеевской орды. Самая многочисленная группа киргизского народа, живущие между Каспийским и Аральским морем, к северу от Сырдарьи, к востоку от р. Урала и Уральского хребта, по верховьям сибирских рек и в Семиречья называются киргиз-кайсаками, или правильнее, киргиз казаками; внутренняя же кирг. Орда представляет собою только недавно обособившийся отпрыск кайсаков.

Память об этом народе, кроме сказаний китайских источников и арабских писателей сохранилась в виде насыпных могил, курганов и каменных изваяний (каменных баб) в южной Сибири и Монголии. Древнейшие письменные сведения о киргизах встречаются за два с лишним столетия до Р.Х. Исторические киргизы были народ храбрый, мужественный, имели светлые волосы, серые глаза и румяное лицо. Занимаясь скотоводством и хлебопашеством, сеяли гималайское жито и ячмень. Князь их носил титул Аже-Ага, Ажа – старший. В период средней истории енисейские киргизы приходили зимой по реке Енисею по льду, чтобы принимать участие в Монгольских походах на Запад. Затем они же встречаются уже с русскими на Енисее в 17 веке и оказывают им упорное сопротивление, не один раз осаждая Красноярск, Кузнецк и Томск киргизы как дети степей отличаются предприимчивостью и духом независимости и в свое время пользовались значительной самостоятельностью. Киргиз-кайсаки делятся на три отдела или орды – большую, среднюю

и малую. Семипалатинскую и Акмолинскую губернию заселяет средняя орда. Всего киргиз-кайсаков насчитывается более 5 миллионов, хотя цифра далеко не точная, полагают, что их больше. Родовой состав указывает, что различные племена, ныне известные под именем киргиз, этнически (племенно) разнородного происхождения и обязаны своим слиянием тем крупным политическим племенам, которые с древнейших времен, выдвигала на первый план центральной Азии то или другое кочевое племя. Это племя забрав в свои руки гегемонию (главенство), сформировывало крупное кочевое государство, влияние которого чувствовалось не только в Азии, но и в Европе. Кроме того с 15 века мы встречаемся уже с киргизскими народными союзами — таковы: киргиз-кайсацкий союз, насчитывавший у себя свыше миллиона человек, калмыцкий или джунгарский союз в 17 веке и т.д. в 16 столетии, потом в 18 при Петре Великом киргиз-кайсаки предлагали русскому правительству принять их в русское подданство. Но это не значило, что они хотели лишиться независимости, а подобное ходатайство нужно было им для осуществления своей мечты о завоевательных планах и восстановления своего могущества. Средняя и малая орда принимают русское подданство между 1730—34 годами и тем не менее русские старались обезопасить себя от своих новых подданных: ведется постройка укрепленных форпостов сначала в Европейской, а затем и в Сибирской России. Русское влияние сперва было чисто номинальным (только по имени), но со второй половины 18 века принимает более осязательный характер.

Русские начинают своевольно возводить в ханское звание своих ставленников, вопреки желаниям самого народа, что вместо упорядочения дел, вызывает волнения в степи. Русская власть чем дальше тем сильнее давала себя чувствовать киргизам: в 1822 году была уничтожена ханская власть и в области сибирских киргизов введен особый устав киргизский по мысли Сперанского. Создаются, так называемые, приказы из пяти членов и Султана председателя — куда входит — два киргиза и трое русских. С 1878 года киргизы были перечислены к двум областям — Акмолинской и Семипалатинской. Области делятся на уезды, а уезды на воло-

сти. В волостях создаются волостные управители с подчинением русским уездным начальникам. Более серьезные из уголовных дел и дела между русскими и киргизами разбираются только в русских судебных учреждениях – при участии переводчиков, так как судья не знает киргизского языка, а киргизы русского. По образу жизни киргиз типичный скотовод-кочевник. Коренной скот киргиза лошади и бараны; рогатый скот и верблюды имеют меньшее значение. Занятие земледелием только подсобный промысл.

Захват земель богатыми родовичами, сдача земли ими в аренду, вырезка лучших хлебопахатных мест в надел переселенцам, по распоряжению русского правительства, сильно пошатнули благосостояние степных жителей и среди них развился особый степной науверизм – джатачество, то есть нищенство.

Интересной чертой жизни киргизской женщины – это непокрытые лица, как принято у других мусульманок.

Из промыслов у киргиз известны: ковка железа, обработка дерева, а также серебрение, золотение. Войлоки киргизские превосходят своей прочностью и тщательностью, обработки монгольские и калмыцкие. Шерстяные киргизские материи имеют большой сбыт на русских рынках Сибири. Религиозного фанатизма киргизы чужды.

В духовном отношении киргизы принадлежат к числу богато одаренных народов. Язык их – звучен и образен. Народная литература их весьма развита и отличается широтой взгляда и разнообразием.

Пословицы и поговорки их отличаются сжатостью и меткостью выражений. Песенные напевы весьма оригинальны и разнообразны. Киргизы говорят, что некогда летало над землею песня и там, где она проносилась низко над землей люди научились хорошо петь. Всего ниже летала песня над кочевьями киргиз, поэтому они первые песенники в мире. В настоящее время Кирнарод имеет большой величины своих национальных поэтов.

Киргиз горд, остроумен, насмешлив и энергичен; речь его изысканная, складная и образная. Он весел, любит общество и беседу, но к созерцательности и отвлеченности не склонен.

Таков исторический и современный киргиз. Такова его характеристика.

ӘДЕБИЕТ ӘҢГІМЕЛЕРІ

(Айтыс ретінде)

I

Соңғы кезде «Еңбекші қазақ» бетінде көркем әдебиет жайынан едәуір мақалалар басылды. Кейбіреулер бұл туралы күдіктенетін де көрінеді. «Анда-санда желпініп алатын қазақтың ескі әдеті еді, бұл жолы да сондай болып шықпаса игі еді» дейтін секілді біреулер.

Меніңше, айтыс үшін уайым жеуге болмайды. Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де, айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр.

Орыс жұрты бір нәрсенің аздығын айтқысы келсе, «саусақпен санағандай» дейді. Біздің ауызға алар ірі жазушылардың санының өзі он саусақтан асып кетті. Осылар туралы анда-санда газет бетінде көрініп қалатын бірен-саран мақалалар болмаса, табанды зерттеуді ешкім әлі жазған жоқ. Мағжан туралы былтыр Ғаббастың кітабы шықты. Бірақ бұ да толық Мағжанды бізге көрсеткен жоқ. Ғаббастың кітабынан біз байшыл, ұлтшыл, төңкеріске қарсы адасқан Мағжанды көрдік. Ғаббастың бізге айтқаны Мағжанның жұмбағы, дағдарысы болды. Бірақ тоғыз жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған куә – оның соңғы жазғандары, Мағжанды қайтседе жақсылайын деген ойдан мен, сірә, аулақпын. Бірақ барын бар, жоғын жоқ деу керек. Мағжанды күйдірсек, біз барына күйдіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатып, қоңыздатушыларға» қарсымын.

Доңыз демекші, Мағжанның «қоңызы» мен «доңызын» аузынан тастамайтын кісінің бірі біздің Әбдірахман. Мағжанның ол өлеңі Сібірде, Колчактың қара күндері туған кезде жазылған. Мұны өзге жұрт білмесе де Мағжанмен ол кезде сабақтас-табақтас болған Әбдірахман білсе керек еді. Бірақ амал бар ма: «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса».

Мінекей, ең атақты, ең даулы ақынымыз туралы сыншылар әлі түгел зерттеп жеткен жоқ.

Басқалар туралы жым-жырт десе де болады. Бұдан

табандай бір жыл бұрын Жүсіпбектің «Қартқожасы» шықты. Ләм деген кісі жоқ. Бұдан бес жыл бұрын басылған Мұхтардың «Қорғансыздың күнін» жұрттың көбі осы күні ұмытып кетті. Анда-санда Сәкен дегенде Нәзірдің «жыны» ұстап қояды. Бәлки, оның да пайдасы бар шығар. Өзгелер туралы о да жоқ.

Осы күні көзі жоқ жазушыларымызға келейін. Абай, Сұлтанмахмұт, Бернияз, тағы басқалар. Анда-санда әйтеуір Абайды көрінен бір аударып қоямыз, онда да жүре салды. Сұлтанмахмұт, Берниязды кім біледі? Қай сыншы бұлардың табысын зерттеп, қорытынды шығарды? Шындыққа келсек, бұл екі ақынның екеуі де ірі кісі. Мүмкін олардың жазғанының көбі біздің марксизм көзқарасымыздан қате де шығар, бірақ осыны айту керек емес пе, сынау керек емес пе?

«Абай-мамайыңды біз білмейміз, Бернияз-пәрниязыңды біз естігеніміз жоқ, осы күнгіге өзіміз де жараймыз» деушілер де болды. Егер бұлай деушілер бола қалса, олар біздің надандығымыздан басқа ешнәрсені дәлелдемес еді.

Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ, болмаймыз ба?

Бұл үлкен, негізгі мәселенің бірі. Біздің көбіміз (мен біз дегенде коммунист сыншыларды айтам) бұл мәселеге әлі үстірт қарап жүрміз. Мысалы: Сәбит жолдас «Еңбекші қазақта» басылған мақаласында «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» дейді.

Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетпекші?

Қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда жаңа қайдан өспекші?

Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады.

Абай да ескі мұра. Бірақ Абайдан қалған мұраның көбі әлі ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек.

Осы күні орыстың үлкен қалаларында үлкен-үлкен үйлер салынып жатыр. Оны совет өкіметіне үйреткен ескіден қалған инженер білімі. Инженер білімі біздің пайдамызға асса, оны ескіден қалған деп, әрине, далаға тастамаймыз.

Абайдың шеберлігі де сол секілді. Абайдан шеберлікті үйрену керек.

«Шеберлік сөздің сырты, оның іші жұртшылыққа қарсы болса, еңбекші таптың ілгері басқан аяғын кейін шегерсе, ондай сөзге біз қарсымыз» деушілер болар.

Бұлай деушілерге мен әбден қосыламын. Бірақ Абай туралы бұлай деуге келмейді. Абайдың жазғандарының көбі қазақтың жаңа жұртшылығының алдында әлі ескірген жоқ.

Бұдан жүз жыл бұрын жазылған Гогольдің «Ревизорын» орыстар әлі ескірген жоқ дейді. Біз Абайдың «Болысын» қалай ескіртеміз.

Болыс болдым, мінекей
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады жұртқа тығындап¹.

Бұл болыс әлі тірі емес пе? Абайдың заманындағы әлеумет аурулары бәрі бірдей жойылып кете қойды ма?

Олай болса, ол аурулармен, ол кемшіліктермен күресу жолында Абайдың жазғанын да неге пайдаланбаймыз?

Меніңше, Мыржақыптың «Бақытсыз Жамалы» да ескірмеген ескі мұраның бірі, Бақытсыз Жамал – сүйгеніне тие алмаған қазақтың сорлы қызының бірі. Оны бақытсыз қылған – малына сенген таз Жұман.

Осы күні «Бақытсыз Жамал» тіл жағынан болсын, жұртшылық ретінен болсын, ескірді ме, жоқ па? Қазақтың әйелі түгелімен теңдік алып болды ма, жоқ па? Әлі де ел ішінде «бақытсыз Жамал» бар ма? Жоқ па?!

Әлкелік Комитет жанындағы әйелдер бөлімі «Бақытсыз Жамалды» қайта бастырып шығарса, олар көп обал істемес еді.

Сондықтан ескіден қалған мұрадан біз ешуақытта жерімейміз. Керегін аламыз, керексізі қалады.

II

Осы күнгі қазақ әдебиетінде бас жанжалда жүрген – партияда жоқ жазушылар. Бұларды кейбіреулер

¹ Орынның тарлығынан басқа ақындардың өлеңінен мысал келтіруге мүмкіндігіміз жоқ. С.

«шөре-шөре» дейді, біреулер «жолбикеш» дейді. Сәбит те, Жүсіпбек те, Мұхтар да «тазалықты сүйетіндігі» үшін бізге еңшілес бола алмайды. Мағжан туралы екі сөзге келудің өзі үлкен айып секілді.

Плеханов айтады: «Күлкі сөзге шын жауап берудің өзі күлкі» деп. Әрине, бұл сөз Плехановсыз да ойға қонатын сөз. Бірақ жұрттың көбі өз пікірін «қадистетіп» дәлелдейтінді шығарып жүр. Сондықтан мені де ешкім сөкпеге тиіс.

Мұхтар мен Жүсіпбек тазалықты сүйсе, сүйе берсін, ол өздерінің еркі, бірақ бұдан олардың қазақ еңбекшілеріне қарсылығы табыла ма?

Мұхтардың жазған ірі нәрселері: «Еңлік-Кебек», «Қорғансыздың күні», «Қарагөз» – бұлардың бәрі қара қазақтың тұрмысы. Қазақтың ескі әдетінің арқасында ер жігіттің басы қандай қиыншылыққа түсетінін көрсетеді. Қазақ елінің ілгері басу жолында ескі әдетінің қандай бөгет екенін сыпаттайды.

Қазақ ішінде жаңа жұртшылық орнату партияның да, үкіметтің де зор міндетінің бірі болса, жаңалықты орнату үшін ескіні білу, болғанды білу – оның әр жағында міндетті нәрсенің бірі. Өткенді білмей – қазіргіні түсіну мүмкін емес. Қазіргі тұрмыс – болашақтың негізі.

Көркем әдебиеттің ең үлкен қызметінің бірі: тұрмысты, өмірді таныту. Тұрмысты, өмірді білім жолымен де тануға болады. Мысалы бұрынғы қазақ тұрмысының тарихын жазу, бұрынғы қазақ елінің шаруасын зерттеу, бұрынғы қазақтың әдет-ғұрпын сынау – соның бәрі білім жолы.

Қазақтың осы күнгі тұрмысын да білім жолымен ұғуға болады. Мысалы қазақта пәлен миллион мал бар дейміз, қазақтың жері пәлендей дейміз, солтүстікте қара топырақ, оңтүстікте қызыл топырақ – міне, бұл да білім жолы.

Көркем әдебиеттің білім жолынан айырма жері: көркем әдебиет ұғындыратын нәрсесін суреттеп, сыпаттап айтады. Көркем жазушы көзі көрген нәрсесін білімдінің зерттеп біліп айтқанындай көз алдына елестетеді. Көркем әдебиет пен жәй білімнің айырмасы осы.

Мұхтардың, Жүсіпбектің де жазғандарына өмір тану, тұрмысты ұғыну ретінен қарағанда оларға рахмет айтпасақ, лағынат оқитын орнымыз жоқ.

Жүсіпбектің жазғандары толып жатыр. Оның ең соңғы жазғаны – «Қартқожа». «Қартқожа» туралы біз пікірімізді басқа бір жолы толығырақ жазбақпыз. Қазір айтып кететін нәрсе: «Қартқожаның» көркемдік жағы, тұрмысты сипаттау түрі туралы. Бұл жағынан қарағанда «Қартқожа» – қазақ әдебиетінде үлкен оқиға. Біздің әдебиетіміз де жалғыз Жүсіпбектің романымен қанаттанбақ емес, бұл үлкен тема.

Тіл жағынан «Қартқожа» қазақша жазылған романның бәрінен артық.

Бұл олай болса, Жүсіпбек те, Мұхтар да сөзсіз біздің ішімізде болу керек. Бұлар Коммунист партиясы басқарып отырған жаңа жұртшылықтың дұспаны емес, досы. Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп.

Әрине, бұл сөзден Жүсіпбек, Мұхтардың қатесін көрсетпейміз деген мағына шықпайды. Ондай уәдені біз ешкімге бере алмаймыз. Жүсіпбек бен Мұхтарда қате жоқ емес, бар. Бұлардың кейбір жазғандарынан ұлтшылдық иісі шығатыны да бар. Бұл туралы Қошкенің пікіріне қайткенде де қосыла алмаймыз. Қошке Мұхтарда да, Жүсіпбекте де ұлтшылдық пікірі, тіпті, жоқ дейді. Қошкенің жазуына қарағанда, оның өзі де ұлтшыл емес секілді. Біздіңше, ұлтшылдықтан Қошке де сау емес, Қошкелер бізбен айтысқанда барын жасырудың орнына, барына дәлел табу керек. Олардың дәлелінен біздің дәлеліміз күшті болса, жөнді сөзге қол қою керек.

Біз Мұхтардың, Жүсіпбектің, Қошкенің тіл жағынан, тұрмысты сипаттау жағынан көркемдігін, шеберлігін айтсақ, пікір жағынан олардың қатесін де айтамыз. Бірақ бұлардың қазір кемшілігінен жақсылығы көп. Бұлардың кемшілігі күннен-күнге ұлғайып келе жатқан жоқ, қайта азайып келеді. Бұлар Совет өкіметіне қарсы қайнасып қалған ұлтшылдар емес, бұлардың болашағы әлі алдында.

Біз коммунист жазушылар, бұлардың кей кезде сезіліп қалатын ұлтшылдық сарынына қарсымыз. Құр ғана қарсы болып қоймаймыз, ұлтшылдық пікірімен күресеміз. Бұл біздің коммунистік міндетіміз. Бірақ бұлар жалпы алғанда қазақ әдебиетіне үлкен пайдалы жазушылар. Бұларды біз пайдаланамыз. Қатесін көрсетіп отырып, қатесімен күресіп отырып пайдаланамыз.

Қошке де, Сәбит те мақалаларында Бейімбет, Сәкен секілді жазушыларды төрт аяғы түгел коммунист етіп көрсеткісі келеді, бұлардың ойынша Бейімбет пен Сәкен коммунист партиясының мүшесі болушылығымен бар күнәдан тысқары секілді... Расына келсек, Бейімбет те, Сәкен де әлі сөзсіз марксизм негізіне түсініп жетпеген жазушылар, әсіресе, Сәкен.

Сәкен әлі ауылды көксейтін, ауылдың ескі қызығын, ескі мерекесін сағынатын ақын. Сәкеннің кітаптарының аты: «Асау тұлпар», «Домбыра», «Қызыл Сұңқарлар». Бұның бәрі ескі ауылдың сағымы. Қолда домбыра, аста асау тұлпар. Бұл кім?

Бұл – қазақтың кедейі емес, мырзасы. Асау тұлпар мен сұңқарға ашық қылатын Сәкеннің қазіргі халі емес, өткен күні. Сәкен өткендегі «мырзалығын» талақ қылған жоқ. «Өткен күндер» Сәкеннің жүрегін жылытпаса, суытпайды. Өткенді ескергенде Сәкеннің ақындығы өзгеше қозады. Сәкеннің жақсы өлеңдерінің бәрі өткеннің сыпаттары.

Әйткенмен Сәкен ескі жазушылардың ішінде Октябрь төңкерісін ең алдымен құттықтаған адамның бірі. Бірақ бұл жерде ақын Сәкен мен саясатшыл Сәкенді айыру керек болады. Сәкеннің төңкеріс туралы жазған өлеңдерінің ішінде ең күштісі – «Азия», «Азияда» Сәкен коммунист емес. Сәкеннің «Азиясы» мен Мағжанның «Күншығысы» ағайындас нәрсе, Мағжанның «Күншығысы» «Азиядан» екі жылдай бұрын шықты. «Күншығыс» туралы жұрттың әңгімесін Сәкен екі жылдай естіп жүрді. Сөйтіп барып жазғаны – «Азия». «Азия» – пікір жағынан да, әдемілік ретінен де «Күншығыстың» туысқан інісі.

Бертін келе Сәкен оқушыларына «Экспресті» берді. Домбыраның қоңырау үнінен Сәкен тура экспрестің «трактат-тагіне» түсті. Поездың жүрісі де өз алдына ән екенінде ешкімнің дауы жоқ. Бірақ домбыра мен «трактаттің» арасында едәуір адыр барында тағы ешкімнің дауы жоқ.

Біздің заманымыз – білім, техниканың заманы. Оның үстіне қазақ елінің қазіргі тағдыры үлкен төңкеріс дәуіріне кез келді. Бұрын қоламтада бүлкілдеген адам баласының өмірі, осы күні үлкен жалынның отында қайнап жатыр. Аса алмайтын асқар бел

осы күні бір-ақ аттап өтетін төмпешік боп қалды. Қазақтың көк бұйдалы түйесі өз өмірінде экспресс поезбен жарысатын халге жетті.

Бұлай болса «Асау тұлпардан» «Экспреске» түскеніне Сәкен кінәлы емес. Сәкеннің бұл жамандығына жатпайды, жақсылығының белгісі. Бірақ бұдан осы күнгі жалпы қазақ әдебиеті «Трактаттің» әніне қосылсын деген ұран шықпайды. Түйені де таста, биені де таста, домбыраны сындыр, киіз үйдің шаңырағын ортасына түсір дей аламыз ба? Күні кеше домбырасын тартқан қазақ ауылын енді келіп бір түнде көшіре алармыз ба?

Мүмкін емес.

Біз ауылды өзгертеміз, ауыл электрден жарық алады, трактормен жер жыртады, машинамен шөп шабады. Шым үйдің орнына тас үй, алты бақанды тастап театрға түседі. Бірақ бұның бәрі бір күнде емес, көп заманнан кейін жасалады. Аспаннан тас үй жаумайды, осы күнгі жаман тұрмысын жөндеумен, соны түзеумен, соны өзгертумен, соны көркейтумен барып ауыл дегеніне жетеді.

Олай болса, экспресті бір кісі жазса, қазақтың жаман арбасын он кісі жазуы керек. Болашақтың әдемілігін бір кісі айтса, қазіргі заманды түзету жолын жүз кісі айтуы керек. Олай болса Жүсіпбек те керек, Мұхтар да керек, Қошке де керек. Қазіргіні сыпаттау, қазіргі әлеумет ауруларымен күресу жолында бұлардың пайдасы қазақ әдебиетіне асқар таудай.

Бейімбет – ескі жазушының бірі. Бейімбет адымын Сәкендей емес, мөлшерлеп басады. Бейімбет әлі шолақ атты Мырқымбайдан қол үзген жоқ. Тегінде Бейімбет қайда барса да, Мырқымбайдың әліне қарайтын түрі бар. 20-жылдарда, ашаршылық заманында Мырқымбай аштан өліп қала жаздады. 22-жылдарда Мырқымбайдың түбіне жеткен «подвод» болды. Осы күні Мырқымбай ауылнай болып жүр. Мүмкін, болыс боп кетуі. Бірақ салық шіркін, кейде теріс түсіп, Мырқымбайды кейде есебінен жаңылдырып жібереді. Әйткенмен, Мырқымбай жаман емес, күннен күнге басқан аяғы ілгері қарай жылжуда.

Мырқымбай – анық қазақ, қазақтың нағыз қалын бұқарасы, Бейімбеттің қазақ әдебиетінің алдында істеген зор еңбегі Мырқымбайдың өмірін, соның тұрмысын жазуында.

Осы күнгі Қазақстанның кіндігі – Мырқымбайлар.

Мырқымбайды адам қылсақ, дүниенің бәрі түгенделеді. Ең әуелі Мырқымбайдың баласын оқыту керек. Өз заманында Мырқымбай экспреске міне алмаса, оған оның баласы мінсін. Екінші, Мырқымбайдың шаруасын түзету керек, оған жер жыртатын соқа керек, шөп шабатын машина керек. Соқаға, машинаға жететін көлік керек. Оны сатып алар Мырқымбайда ақша жоқ, Қазақстанның ауыл шаруасына жәрдем ететін банкісі несиені алдымен Мырқымбайға беру керек.

Мырқымбайдың көбі ел ішінде аурудан өлгелі жатыр. Оның үсті бит немесе басы таз, әйтпесе көз ауруы бар, әйтпесе құрт мерезден де Мырқымбай сау емес. Үкіметтің міндеті: Мырқымбайдың ауруына дәрі беру, дәрігер беру. Жаңа жұртшылықтың міндеті – Мырқымбайға жәрдемнің керектігін айту. Мырқымбайды ап-ашық қылып жалпының көзіне көрсету.

Мырқымбайдың әлі ауылдағы билікке қолы жеткен жоқ. Мырқымбай байына қарсы, бірақ қарсыласар қолында қаруы жоқ. Бар болса, тіпті, аз. Мырқымбайдың көбі партияны да жөнді танымайды.

Жаңа жұртшылықтың міндеті – Мырқымбайды ауылдың саяси адамы қылу. Мырқымбайдың саяси сауатын ашып, сол арқылы баймен күресіп, сол арқылы ауылды билеу.

Мырқымбай – Қазақстанның негізі. Бізде өнер кәсібі күшейсе, біз шойынжол салуға кіріссек, біз фабрик-завод салсақ, соның бәріне жұмыскер болатын тағы әлгі Мырқымбайдың баласы. Айта берсе, осы күнгі қазақтан шыққан азынша жұмыскердің көбі әлі Мырқымбай.

Мырқымбайдың әңгімесі – үлкен тема. Мұны түгендеу үшін бір Бейімбет емес, әлденеше Бейімбеттің күші керек. Әзірге біреу, болашақта бұлардың неғұрлым көбейгеніне біз тілектеспіз.

IV

Ұлы төңкерістің арқасында қазақ елі ұлт республикасын жасап, шаруасын социализм негізімен түзетуге бет қойды. Көшпелі тұрмыстан капитализм дәуірін аттап өтіп, біздің шаруамыз социализм жолына қарай бет алмақ. Біз бұған сенеміз. Сенетін себебіміз: жалпы Ресейге Совет өкіметі арқылы социализм жасалып жатыр. Егер Ресейде осы күні капитализм үкіметі болса Ресейді билеген орыстың капиталистері мен помещиктері бол-

са, онда әрине, есі бар қазақ біздің қазіргі халімізбен социализм жасаймын деп айтпас еді. Сондықтан қазақ елінің тағдыры жалпы Ресейге байлаулы.

Қазақ елі бұрын ресейдің құлы болса, енді ұлы болды деп отырмыз. Құлдықтан құтылу үшін қазақ елі төңкерістен бұрын ұлт ұранын көтерді. Әуелі ұлт болып алып, әуелі ұлттық есімізді жинап алып, орыстың капиталының тегеурінінен құтыламыз деді. Империализмнің қол астындағы ұлттардың бостандық жолының, Индия, Африка қозғалыстарының – бәрінің ұраны осы. Европа соғысынан кейін өлімші болған түрік елі де ұлт туының астында бостандық алды. Коммунист партиясы, совет өкіметінің көзқарасы осы.

Ұлт сезімін жинап, әр халық өзін-өзі ұлт деп танушылық капитализмнен құтылуға қару болса, болашақта социализм орнату жолында да үлкен керек қару. Қазақ елі социализм жасауға кірісіп отырса, мақсатына жету үшін ең әуелі өзінің ұлт екенін біліп, ұлттығын танып алу керек. Сондықтан Совет өкіметі бізге ұлт Автономиясын берді. Біздің бостандығымыз ұлт Автономиясы деп жарияланса да, әзір Қазақстан түп-түгел ұлт республикасы болып жеткен жоқ, Қазақстандағы коммунистердің 5-конференциясы қазақ ұлтының өзін-өзі ұлт деп тануын (консолидация казахской нации) әлі де алдымыздағы міндеттің бірі қылып отыр.

Қазақ жұрты бұрын орыстың байларымен күресіп, ұлт болуға бел байласа, енді, күрессіз, жанжалсыз совет өкіметінің бауырында өзін-өзі ұлт деп танитын халге жетпек. Ұлы Төңкерістің қазақ жұртының бүгінгі тағдырына кіргізген өзгерісінің ең үлкені – осы. Сондықтан Қазақстанның еңбекші табының тілегі мен қазақ елінің ұлттық тілегі бір жерден шықты. Еңбекші тап қазіргі Қазақстанның көсемі болса, ол ұлт тілегі мен тап тілегін қоса білгендігі үшін болып отыр.

Бұрын біздің байлығымызды орыстың байлары тартып алып отырса, енді ол байлықты қазақ жұрты қатардағы ел есебінде жалпы социализмнің негізіне аудармақ. Бұрынғы орыстың байлары, поптары біздің тілімізді бұзып, мәдениетімізді жойып, бізді «православный» қылу жолында еңбегін сарп етсе, енді біздің мәдениетіміз жалпы адам баласының мәдениетінің санаулы бір мүшесі болмақ. Жалпы мәдениет базарына біз өзіміз жасаған мәдениет бұйымымен бармақпыз. Біз

олардан алсақ, олар бізден де алмақ. Интернационализмнің негізі – мәдениеттің сыртқы түрін (ұлттық кескінін) бір түсті қылу емес, ішкі маңызын бір тілектен шығару.

Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұсаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жұмсалып керек. Жалпы адамшылық қызмет еңбекші табының тілегімен қабысады. Сондықтан біздің әдебиет – тап әдебиеті, еңбекші таптың әдебиеті. Бұл біздің жалпы беталысымыз.

Еңбекші таптың жалпы тілегіне бейімделген жол ұлт сарынын да жоғалтып жібермейді. Өйткені, қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлт сарыны жалпы еңбекшілер тілегінен шығады.

Ұлт сарыны дегеніміз қазақ ұлтының әрбір қаулыларда, декларацияларда жарияланған правосын іс жүзінде жүзеге шығару. Мекемені қазақыландыру, оқу-ағарту жұмысында қазақты басқа ұлттардың қатарына жеткізу, шаруашылық жағынан қазақтың шикізатын тиісті бағасымен өткізу және басқа ұлт мәселесінің жетіспеген жерлерін жөндеу, бұл туралы осы күні жұмыстар істеліп те жатыр. Бірақ әлі алдымызда тұрған көп қиыншылықтар кез келмекші. Ол қиыншылықтармен күресу керек. Қазақтың ұлттық мақсатын өмір жүзінде шешу керек. Сонда ғана біз ұлт республикасы бола аламыз. Сонда ғана бізге берілген Автономиядан дұрыс нәтиже шығады.

Әдебиеттің міндеті – қазақтың ұлттық сезімін (ұлтшылдық емес, ұлттық) тәртіптеу, қазақтың да мекемеде қызмет істей алатындығын көрсету, қазақша оқып-ақ іске жарайтындықты білдіру және осы секілді басқалар.

Мысал үшін мынадай бір сөз айтайық: қазақ базарға сатуға сиырын алып келді. Распискасы қазақша жазылған. Оны қазақша білмейтін милиция дұрыс деп таппады. Анаған расписканы орысша жазып әкел деді. Жай қарағанда, бұл әрине ұсақ нәрсе. Ұлттық психология жағынан тексерсек, бұл – үлкен жұмыс. Қазақша жазылған расписка жарамағаннан кейін ана қазақтың жүрегінде өз ұлтының кім екендігі сезіледі. Оның көзінде қазақтың жұмысының бәрі орынсыз, осал секілді боп көрінетін болады. Ол өзінің күшіне өзі сенбеуге айналады. Оған басқа ұлттың алдында жасқан-

шақтық пайда болады, ол басқа жерде кеудесі көтеріліп, аяғын алшан басып жүре алмайды.

Өз аулында жүргенде қазақтан көп айқайлайтын халық жоқ. Қалалы жерге келгенде қазақтың үні шықпай қалады. Қаланың көшесінде қазаққа арбамен жүру үлкен азап. Қалай бұрыларын білмей, талай қазақ извозчиктен таяқ жейді.

Осының бәрі ұлт психологиясына, ұлт тәрбиесіне жатады. Осының бәрін қазақ әдебиеті жазуы тиісті. Ұлт мәселесі – қазіргі халде біздің әдебиетке ең үлкен теманың бірі.

Бұл теманы да жалғыз ғана коммунист жазушылар өз еншісіне алады деу үлкен қате пікір. Меніңше партияда жоқ жазушылар (оның ішінде Мұхтар, Қошқе, Жүсіпбек) бізге әбден пайдасын тигізе алады. Бұл жерде жалғыз айтып өтетін сөз – ұлт сарынының ұлтшылдық сарынға түсіп кетпес шарасын ескеріп отыру керек.

Қазақ елінің ұлт теңдігіне жету жолында біреу екінші ұлтты құлдану, екінші бір ұлтқа үстемдік жүргізу мақсатына айналдырса, ондай пікірді біз ұлтшылдық дейміз. Екінші ұлтты құлдану, Қазақстанның ауданында кішкене империализм болу – ол қазақ еңбекшілерінің пайдасына жатпайды. Сондықтан ондай ұлтшылдық еңбекші таптың тілегіне қарсы, онымен қабат жалпы қазіргі көркем әдебиетте империализммен астарласқан ұлтшылдық жоқ. Ондай ұлтшылдық бола қалса, онымен біз, коммунистер күресеміз. Ол – біздің коммунистік борышымыз. Ұлттық, ұлтшылдық – екеуі екі басқа нәрсе. Ұлттық сарын біздің әдебиетте негізі бар, жөні бар, жолы бар сарын. Ұлтшылдық тарихи өлген, орынсыз, жолсыз залалды сарын. Бұл сарынға түскен адамға біз, әрине, қойыла алмаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі тап сарынының ұзын ырғасын жоғарыда Бейімбет туралы айттық. Осы күнгі «тапшылмын» деп жүрген ақындардың көбі меніңше дұрыстап тұрмысты біле алмай жүр. «Құдай дегенмен жан қалама» деген секілді «тапшыл» деген сөзді әлсін-әлсін қақсай бергендіктен жазушының тапшылдығы дәлелденбейді. Бұл бір. Екінші, біздің тапшыл ақындарымыздың жазғанынан айқайы көп. Бұл аурудан Сәкен де сау емес, Сәбитте де әлі айғай көп.

Айғайға зорлайтын ауру жалғыз қазақта емес, осы

күнгі орыстың пролетарский ақындарының көбінің әдеті. Жуырда «Правда» газетінде жазған мақаласында Бухарин жолдас былай дейді: «Өмірді зерттеудің орнына, өздерінің білімін толтырудың орнына, бұқарамен қатынасып, бұқараның жырын жырлаудың орнына – біздің ақындарымыздың көбі сыншы боп кетті, саясатшыл, топ жинағыш боп кетті. Кейде бұқараның қысымына шыдай алмай «өлеңдеткен» болады. Бірақ ол «өлеңі» (ішіндегі ең беті қайтпайтындарыныңкі де) екінші біреуден үйреншікті болып шығады...»¹ – дейді.

Мәскеудің ақындары туралы Бухарин былай десе, өзіміздің ақындарымыз туралы біздің де Бухаринге қарсы сөйлер дәлеліміз аз.

Тапшыл жазушылардың ішінде осы күні аты шығып отырған – Сәкен мен Сәбит. Сәкен туралы жоғарыда айтып өттік. Сәбит әлі жас. Сондықтан, әсіресе, оған үйрену керек, оқу керек. Сәбит «Еңбекші қазақта» жазған мақаласында «біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз» дейді.

Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы бізге үлкен үлгі. Осыны түсінсе, Сәбиттің өсуінде сөз жоқ, түсіне алмаса, жасына жетпей шал болып, құр айқаймен қалғаны.

Меніңше, Сәбит өнерсіз ақын емес. Сәбиттің білімі мен қазіргі табысы – үлкен еңбек. Сәбит Бухарин айтқандай «сыншы» болуды қойып, өзі баяғыда ішінен шыққан бұқараның тұрмысын түсінсе, сол бұқараның жырын жырлап, екінші жағынан білімін толтыра отырса, Сәбиттің болашағына біз тілектес.

Қазақ әдебиеті балалық күйінен асып, есеюге бет қойды. Соңғы жылдардың ішінде бұрын естілмеген жазушылар шықты. Олардың көбін біз әлі де білмейміз. «Арқалық батырды» жазған Жұмат, «Құралай сұлуды» жазған Иса, Жетісудан шыққан Ілияс Жансүгірұлы – бұның бәрі болашағы үлкен адамдар.

Біз әдебиет туралы сөйлегенде екі-үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауға кірісу керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады.

¹ Бухарин. Злые заметки, «Правда», № 9.

Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы. Көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы қазақ елінің ұлт теңдігі, еңбекші табының үстемдігі болсын.

БЕЙІМБЕТТІҢ ӨЛЕҢДЕРІ

Осы күнгі қазақ әдебиетінің көбі де, күштісі де көркем әдебиет. Көркем әдебиеттің көбі өлең. Көркем әдебиет туралы сөз қозғағанда ең әуелі аузымызға ақындардың аты түсетін себебі де сол.

Соңғы кезде қазақ ақындарының жазғандары сынга түсе бастады.

Бірақ сыншылардың көбі кейде ақындарымыздың затын сынамай, атын сынап кетіп жүр. Себебі: қазақ ақындарының жазғандары бір жерге құралған жоқ. Анда-санда газет бетінде көрінген бірен-саран өлеңдеріне қарап ешкімге толық сын беруге болмайды.

Бейімбеттің бұл басылып отырған өлеңдері 15-жылдан бері жазғандары. Әрине, бұл өлеңдердің ішінде нашары да бар, жақсылары бар, тіпті жақсылары да бар. Бейімбетті толық білу үшін, оның ақындығын толық сипаттау үшін оның өлеңін түгел оқып шығу керек.

Бейімбеттің өлеңдерін бас-басына жеке талдап алғанда ақынның әдейі жолда басып кеткен ізі сықылды. Бейімбет бір басқан ізін қайта баспайды. Бейімбет ілгері өрлеп, өсіп келе жатқан ақын.

Мысал үшін 17-ші, 18-ші жылдарда жазғаны мен соңғы кездегі өлеңдерін алсақ бұл екі-үш жылдың ішінде Бейімбет едәуір ілгері басқан. 17-жылдарда «жалпы қазақ» деп келетін Бейімбеттің сарындары 24-жылдарда белгілі тап ұранына түседі. Соңғы өлеңдерінде Бейімбет қазақты жалпы алмайды, оның ішінде кедей табын тезірек көреді, кедейдің үнін тезірек естиді. Кедейдің тілегіне тезірек сеніп, оның керегін тезірек жоқтайды. Бейімбеттің өлеңдері бұл ретінен қарағанда неғұрлым соң жазылса солғұрлым әдемі, жақсы көрінеді.

Бейімбет – ауыл ақыны. Бейімбет – қалың бұқараның бел баласы. Бұл – түтіні будақтап, машинасы сатыр-күтір еткен фабрик-заводты білмейді. Бейімбет

қаланы да жақсы білмейді. Білсе, қаланы сүйгісі келмейді. Мұның ұғынуында «қала» деген «дала» дегеннен кем болмаса, артық емес. Қалада өскен бір жігіттің әйелге опасыздығына ызаланып Бейімбет былай дейді:

Жылатқандай соншама,
Біз кім едік оншама?
Абайлаңдар, сол қыздар
Өзімізден кем бе осы?

Бұл сөзді жалғыз әйел мәселесі туралы ғана айтты деп ұқпау керек. Бұл сөзді Бейімбеттің әр жерде айтқысы келеді. Асау ауылдың «менмендігі» мұның бойынан әлі кеткен жоқ. «Қала» дегенде азырақ бас асаулық мінез Бейімбеттен әлі қалған жоқ.

Сондықтан Бейімбет қаланы жөнді біле алмайды. Қаланың фабрик-заводы, оның ішіндегі жұмыстар тап әлі Бейімбетке ауылдың кедейіндей таныс емес. Бейімбеттің бір тәуір мінезі: таныс емес нәрсесіне ұмтылмайды. Жоқтан бар қып, күшеніп қызармайды.

Бейімбет ауылдың ақыны, бірақ бұл өзгеріс, түрленіп келе жатқан ауылды біледі. Қаршыға салып, түлкі алған ауыл бұған мәлім емес. Бейімбеттің ауылы соқалы-сайманды ауыл. Бейімбет Мағжан сықылды сары даланың сағымына ашық емес. Бұл «сары даланы солқылдатып, жылқыны үркітіп келе жатқан» пойызға да ренжімейді. «Қаймағы бұзылмаған алаштың ауылын» Бейімбет көксемейді. Еңбексіз дәулет бітіп, бейнетсіз өмір сүрген ауыл да Бейімбеттікі емес. Бейімбеттің ауылы – еңбекші ауыл. Мұның ауылының кісілері бұрынғыдан басқаша рухтың адамдары. Олардың өлеңі:

Әйт шүү, ала атым!
Сүйеніш, қанатым.
Жалғыз сен бейнетпен
Егінді салатын.
Жаз шөпті шабатын,
Пайданы табатын.
Күн болса, алақай,
Еңбегің жанатын!..

Бейімбеттің өзгерген, бұрынғыға ұқсамайтын, түрленген ауылды жазуы да оның табиғи мінезінен. Бейімбет – Қостанай елінің қазағы. Қостанай елі

көбінесе егін салады. Қостанайдың шаруашылық тәртібі отырықшы орыстардың қатарында. Сондықтан, Бейімбет тұрмыстың заңынан шыға алмаған. «Ой тұрмысты емес, тұрмыс ойды жетектейді» деген марксизмнің негізі Бейімбеттің бұлай болуына әбден дәлел.

Бейімбет ауыл ішінде еңбекші таптың ақыны. Бейімбет «Кедей» деген өлеңінде айтады.

Сенің зарың – зарлайтыным өмірге,
Сенің арың – арлайтыным өмірде.
Сен не көрсең, мен де соны көрмекпін,
Белді бұғам ауырға да, жеңілге.

Бұл сөз ақынның шын жүрегінен шыққан анық анты. Ақынның ақындығы рас болса, айтқаны да рас болады.

Бейімбет – анық ақын. Оның айтқаны да өтірік емес. Коммунистің көзқарасымен сынағанда, әдебиеттің маңызы оның жалғыз көркемдігіне тірелмейді. Біз әдебиеттің сыртқы көркемдігіне қоса, оның ішінен еңбекші тапқа ас болатын дәмді іздейміз.

Бейімбеттің өлеңдерінің қазақ еңбекшілеріне ас болатын дәні мол.

Бейімбеттің ауылдың ғана ақыны болғандығы оның өлеңдерінің бағасын жоймайды. Бізде шын жұмыскер өмірін жазған ақын әлі шыққан жоқ. Ондай ақынның аяғы аспаннан салбырап түспейді. Ондай ақын Қазақстанның туып келе жатқан кәсіп шаруасымен бірге туады.

Бейімбет сықылдылар сол болашақтың ұйтқысы. Болашақ деп осы күнгінің өзгергенін айтамыз. Бүгінгі күнсіз ертеңгі күн жоқ. Тарихтың ілгері асқан адымын жылдамдатуға шамамыз келсе де, тарихты мүлде өшіріп тастай алмаймыз. Олай болса Бейімбет қазіргі тарихтың ең алдыңғы қатарындағы ақындардың бірі.

Бейімбеттің ауылдан алған кемшілік мінезінің бірі: діни сөздерді көбірек қолданатындығы. Бұл мінез Бейімбеттің ауруы емес, әдеті. Кейбір кезде еріксіз «алда» деп жіберетін орыстардың әдеті сықылды.

Бейімбет әдеби жолының ілгері сапарында бұл әдетті қалдырап деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ СЫНАУ КЕРЕК?

Әдебиет – халықтың мәдениеттік тіршілігінде өте көрнекті нәрсе. Сондықтан әдебиеттердің онды болып шығуы сөзсіз керек болады. Баспасөз бетінде көрінетін «Кітап сыны» – жоғарғы мақсұтты орындау үшін кітаптың келесі басылуында барлық жеткіліксіз жерін шығарып тастап, жемісті түр беру үшін қолданылып отырған шара.

Бірақ, осы күні әдебиетті бірен-саран болса да сынау бар, сынға қарсы сын жоқ. Болса – сирек. Әрине, қазіргі уақытта қатесіз әдебиет шығару – біздің қалам қайраткерлерімізге қиын іс. Мінсіз шығарылған әдебиет азғантай. Білімді сыншы «мінсіз» деген әдебиеттен де мін тауып алып, жазушыға кеміс жерін күмәнсіз қылып көрсетуді біледі.

Жазушылардың аздығы, бәрінің ағат-қате жіберуі бір жағынан қалдыра алмай жүретіні секілді, сыншылар да көп емес. Және бұлардың қызметі де қатесіз болады деп сене беру мүмкін емес. Менің «сыбағасы берілсін» деп отырғаным да – әдебиетке дұрыс баға берілсін дегендік.

Бізде осы күні аз болса да, жеке сыншылар бар. Бірақ, сыншы үйірмесі жоқ. Әдебиетке дұрыс сын бере білетін, жазушыларға дұрыс бағыт көрсететін – үйірме сыны.

Енді: үйірме сынын қалай жасау керек, уақыт аз, бір әдебиетті оқып шығуға да екі-үш сағат керек болады, сынға уақытты қайдан табамыз? – деген пікір туады.

Бұл секілді қиыншылықтардан құтылуға жол бар. Қызылордада, болмаса губернелік қалаларда да әдебиет құмарлар аз емес. Солар өздерінің қаласында орталарынан «бөлім» сайлау керек болады. Бөлім жарыққа шыққан әдебиеттерді күн бұрын ескеріп, «пәлен күні осындай әдебиетке сын-талас болады. Сынауға талабы бар азаматтар күн ілгері оқып, сындарын даярласын» деп, газет жүзіне жариялап тұруы керек. Бұл секілді қызметпен біз тек әдебиеттің ғана бағытын түзеп қоймаймыз, әлеумет арасына әдебиет құмарлық туғыза-мыз, әдебиеттеріміздің өрісін кеңейтеміз.

Жалғыз ғана әдебиет кітаптары емес, оқу құралдарына да осы секілді үйірме сыны керек. Әдебиетке, не оқу құралына мың сын қойылса да, одан жазушының

еңбегі ақсамайтыны, қайта көркейе беретіні анық нәрсе.

Бұл секілді қызметке аймақтық партия комитетінің жанындағы баспасөз бөлімі, оқу комиссариаты жанындағы білім ордасы, газет басқармасындағы еңбекші қалам қайраткерлері бас болар деп сенеміз.

МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ

Мәдениет мәселесін біз әлі бұл уақытқа дейін дұрыстап қарай алмай келеміз. Өкіметтің болсын, партияның болсын – күшінің көбі тұрмыстың күнделік қиыншылықтарын жоюға жұмсалып келді. Бұл уақытқа дейін көбінесе шаруашылық жұмыстарын тексердік, ел билеу, алым-салық, дау-жанжал, тағы да осы сықылды әңгімелерді қарастырдық. Бұлай болудың себебі – жалпы тұрмыстың ыңғайы солай еді, күнбе-күн өмірдің тілеген мәселелері солар еді.

Соңғы кездегі жалпы шаруашылықтың түзелуімен қатар өкімет партияның алдында жаңа жұмыстар, жаңа міндеттер тұрып отыр. Бұлардың ішіндегі үлкені – мәдениет мәселесі.

Күн санап тұрып келе жатқан жаңа жұртшылық – жастардың білім санасы қосылып, ер жете бастағандығы, қазақ тілінде әдебиеттің көбейіп, көркейе бастағандығы – осының бәрі мәдениет қоры жиналғандықты көрсетеді. Бірақ, құр жинау мен шын мәдениеттің екі арасында едәуір жер бар. Біздің көбіміз күні бүгінге дейін мәдениет істеріне әлі салақпыз.

Мысал үшін осы күнгі ашылып отырған ұлт театрын алайық. Ұлт театры – мәдениеттің үлкен бір кесегі. Бұл іске көзі ашық деген қазақ азаматтары жұмыла жәрдем берсе керек еді. Бірақ, іс жүзінде олай болмай отыр. Ашылғалы бері театрға басын бір сұқпаған кісілер бар.

Қара қазақ үйіне сыйлайтын қонақ келгенде тоқты сояды. Газет алдыруға жарты тоқтының құнын да қимайды. Бұны қара қазақ, әрине, надандығының арқасында істейді. Надан емес, оқыған қазақ та кейі ауылдағы ағасының сарынына түсіп кететіні бар. Бес-он тиынды кейде орынсыз жұмсап жібереді де, театрға дегенде ақша да, уақыт та табылмай қалады. Бұ да біздің надандығымызға жатады.

Театрдан гөрі үлкенірек мысал алайық. Осы күнде

қазақ тілінде едәуір кітаптар шықты. Соларды біз жөндеп оқимыз ба? Көпшіліктің алдында неше кітапқа сын бердік? Бұл сұрауларға жөнді жауап бере алмаймыз. Қазақша баспасөз бетінде айтылған пікірлерді қазақ жігіттері жөнді құнттамайды. Айтылған сөз айтылған жерінде қала береді. Бұ да біздің мәдениетіміздің кемшілігінен.

Біз әлі ірі мәселелерді көптің алдына салып, баспасөз бетінде пікір салыстыруға төселгеміз жоқ. «Піш-піш» әңгіменің туатыны да осындайдан. Бұл туралы да бізге мәдениет тәрбиесі керек. Мәдениет тәрбиесі – жаңа жұртшылықтың ұйтқысы. Мұнсыз біз саяси партия жасай алмаймыз.

БАЯНДЫ ЕҢБЕК КҮТЕМІЗ

Қазақстанда мемлекет дүкені құрылғалы мәдениеттің жөнінен жетіспеген көп нәрселер бар еді. Бірақ, бірден кемшілікті толтырып жіберуге түрлі жағдайлар көтермей келеді. Сол жетіспегендіктің бірі – қазақтың ұлт театры еді.

Ұлт театры дегенімізге елдегі шаруалардың көбі түсінбеуі мүмкін. Өйткені, қазақтың өмірінде театр ойыны болып көрген жоқ. Болса, мәдениетті жұрттарда ғана бар. Мәдениетке енді аяқ басқалы тұрған Қазақстан мемлекетінде ресми түрде театр құрылудың өзі тарихтық қозғалыстың аяқ алысы деп санауға болады.

Өзгеріс болғалы губернелік, үйездік қалаларда, кейде ел ішінде бірен-саран әуескерлердің ойнайтын «Сауық кештері» болып жүрді. Бірақ, үнемі кәсіп болып, дағдылы қалыпқа кірген сауық кеші жоқ еді. Міне, әр жерде басы көрініп жүрген сауықшыларды құрап, Қазақстан ағарту комиссариаты театрдың іргесін қалап отыр. Жарайды деген қазақ жігіттерін алдырып, іске қосып отыр. Бұлардың аз-аздап болса да қызметтерін көріп отырмыз. Бұрынғы әр жерден тиіп-қашып «Сауық кештерінен» гөрі бұлардың ойыны адамды қызықтырғандай түрі бар. Жүріс-тұрыстарында, қозғалыстарында өлшеулі қалып көрініп тұр.

Гинуардың 13-і күнгі ұлт театрының ашылу күніне арнап қойылған ойындарында ойнаушылардың келешегінен үміт тудырғандай болды. Бұлардың ойын-

дарын тәуір десек те, нашар десек те, жай сөз есебінде емес, ғылым жөнінен тексеріп, толық сын беруге жарайтын кәлеге келіп отыр.

Дұрыс, іргесі жаңа қаланып, басы жаңа құрылған ұлт театрының кемшілігі болмай тұрмайды. Бірақ Қазақстан жағдайына, мәдениеттілік адымына өлшеніп айтылып отыр.

Жаңа құрылған қазақ театрының алғашқы адымы жақсы. Келешекте өркендейтінін көрсетеді. Жаңа күш, жаңа қайратпен іске кіріскен қазақ жас күштерінен баянды еңбек күтеміз.

ҚАЗАҚША ПЬЕСАҒА БӘЙГЕ

Газеттің өткен бір санында қазақша тұрмыс ретінен, саясат дүниесінен, я тарихтан алынып жазылған пьесаға бәйге береміз деп жариялап едік.

Сол айтылған бәйге туралы мынандай түсінік береміз.

1) Пьеса жазушылар жоғарыда көрсетілген үш бағыттың қайсысына жазса да ерік өзінде.

2) Жазылған пьесаға жазушының аты қойылмасын, жазушының аты-жөні басқа қағазға жазылып, басқа конвертке салынып жіберілсін. Барлық пьесаларды арнаулы комиссия қарап, сынап, бағалап, бәйге берілетіндерін жекелеп шығарғаннан кейін барып жазушылардың аты-жөні жазылған конверттер ашылады. Оған жазушының алған бәйгесі жіберіліп, аты жарияланады.

3) Бәйгеге түсетін пьесалар 1926-ыншы жылы апрельдің 15-іне дейін ғана қабыл алынады.

4) Пьеса жіберушілерге адрес.

Қызылорда. Оқу комиссариатының білім ордасы

(Қызыл-Орда. Акцентр Н. К. П.)

5) Берілетін бәйге екеу, ең жақсы пьесаға 1000 сом (бір мың сом), одан соңғы (екінші дәрежелі) жақсы пьесаға (бес жүз) 500 сом бәйге беріледі.

6) Бәйгенің үстіне тиісті жазу ақысы (гонорар) беріледі.

7) Бәйгеге ілінбей қалған пьесалардың жарамдысы (білім ордасының және ана бәйгеге асаба комиссияның жарамды деп тапқандары) басылады. Жазушыға тиісті қаламақы (гонорар) төленеді.

8) Газет-журнал басқармаларын, баспаханаларды бәйге алған жүйріктерге газет, журнал, кітап беруге шақырамыз. Басқа да мекемелер жүйріктердің алдынан шығып келісті ... берер деп сенеміз.

Бұ күнге дейін қазақ өмірін толық суреттеген, көрушінің көзін, тыңдаушының жанын кенелткендей пьеса жоқ есебінде еді. Бұған жазушылар айыпты емес, тұрмысымыз айыпты еді. Кеңес өкіметімен қатар жұртшылығымыз өсіп келеді. Жұртшылықтың «құлақтарының» бірі – биыл ашылған қазақстандық мемлекет театры. Мемлекет театры қазақ қаламынан шашу күтіп отыр, жем күтіп отыр. Жазушылар жаңа туған ұлт театрына тасбауыр болмас, жазып жатқан болар. Біз жазушыны бәйге тігіп ақшаға қызықтырып отырғанымыз жоқ, бәйге тігіп, қызық жасап, жарыс жасап, көңілін көтермекпіз, қанын қыздырып, жігерін арттырмақпыз.

«АЛТЫН САҚИНА» ОЙЫНЫ ТУРАЛЫ

Гинуардың 13-і күні Кемеңгерұлының «Алтын сақинасын» ойнады. Концерт бөлімінде ән салынып, күлдіргі тақпақтар айтылды.

Сауық кеші ұлт театрының ашылуына арналды. Сондықтан сауыққа халық хақысыз, тегін кірді.

Бұл сауық бұрынғы болып жүрген сауықтарға қарағанда недәуір көңілдірек өтті деуге болады: әртістеріміздің ұлт театрын ұлт сарынына лайықты түрде жүргізуге талаптары барын, қызметтің дұрыс бағытта жүруіне мүмкіндік барын көрсетті.

«Алтын сақина» езілген қазақ әйелдерінің тұрмысын бұлжытпай суреттейді. Қалибектің шал, кемпір, қыз болып сөйлеп, жылағаны, көк бұзау болып бақырғаны – өрен әртістік, келешек қызметке көп үміт береді. Иса ақын тақырып сұрағанда бір азамат «камхоз» деп айқайлады. Халықтың ішінен біреу тұрып «үй беретін мекеме» деді. Иса көңіліндегі үй туралы мұнын, камхозшыл азаматтардың азын-аулақ олақтық қылатынын өлеңмен жақсы суреттеп берді. Исаның мұнысы өте қызық болды. Күнбе-күнге тұрмыстың әлеуметке әсер беретін жағын жанды тілмен, әсіресе, өлеңмен айту кемде-кем. Кісіге де көп тәрбие беріп, көп нәрсені есіне түсіруге себеп Исадан дәметуіміз көзі көріп, қолы ұста-

ған тәжірибесіне тұрмыс көзімен баға беріп, бір-бір сөзінен саясат маңызын шығаруы керек. ... тозбайды, ақындықтың сазы шығады, құлақ сезім қанағаттанады. Иса он әртістің орнын толтырады. Сондықтан мұнан былай Исадан аса жемісті қызмет күтеміз.

Дүйсенғали шығып, қойшы болып, қойшының «Адай мекенін» сөйледі. Бұл нөмір де келісіп кетті. Өмірі байдың қойын бағумен өткен жас қойшының болыс болып халық билерден, байдың қызына қырындаудан толық үміті бары суреттелді. Бірақ толығыңқырамаған жерлері мынау:

а) Бұдан бірінші ойында да айтқан өлеңі осы еді. Сондағы қияпатпен шықты, б) сақпаны, есегі болмады. Мұның жоғын бар қылуға, барын жаңартуға, халықты көзінен жас аққанша күлдіруге мүмкін-ақ. Елубай, Құрманбек, Өмірелер ән салды. Бұл үшеуі де өрен әнші. Бірақ әрқайсысы да тек өздерінің жерлеріндегі әнді ғана салады. Қазақстанның басқа жерлеріндегі әндерді салуға да шамалары келеді. Тек ізденіп үйрену керек. Іздену үшін Орынбор, Бөкей жеріне бармай-ақ, сол арадан келген әншілерді Қызылордадан тауып алуға болады.

Әртіс жолдастардың бәрі де ілгергі талапта жүргендер. Сондықтан біз сауық қызметтерін толықтыру ретінде бірен-саран ұсыныс кіргізсек, жәбірленбес деп ойлаймыз. Үлгі үшін сол «Алтын сақинаны» алайық. Жазушы әдебиеті «драма» деп атаған. Дұрысында «Алтын сақина» шын «драма». Бірақ драманы ойнағанда, сол драманың кейбір жерлеріне күлдіргі түр берсек, одан драмалығы бұзылмайды, қайта драма екені анығырақ көрінеді. Сол секілді күлдіргі әдебиетті ойнағанда әртіс драма араластырса, оның күлдіргілігі (комедиялығы) бұзылмайды. Халық комедияға күліп отырса, драмаға жылайды. «Алтын сақинада» Сабынтайдың ойынына шамалап күлдіргі қатынастыруға, Бекболаттың ойынына түгелісінен күлдіргі қатынастыру тиіс. Тәуірімен қалағанын алса ерсі мақтанып кететін, алмаса күл сабап, ат-құйрығын біржола кесіп кететін долы қатын қылып шығаруға болмай ма? Дұрысында Тәуіреш өзі де сондай қатын ғой. Өріктің ойыны сауықтың тұзы еді. Күлдіргі Өріктің ойынында да толық болмады. Жәния келінін сабап жатқанда да езу тартып күлерлік ештеңе болған жоқ. Сағынтайдың қатынын сабағаны да сол секілді болды.

Әсіресе соңғы пердеде Сағынтай сыртта Қалиманы өлтіріп жатқанда «у-шу» азналай болды. Халыққа драма әсерін білерлік, Қалимаға аянышты, Сағынтайды жеркенішті ... қойдырғандай дауыс аз ғана болды.

Міне, бұларды түгел, анық қылып көрсету үшін әртіс ойнаған әдебиеттегі адамның, тыңдаған халықтың мінезін (психологиясын) жақсы білу керек. Әртіс білмесе, режиссор біліп үйрету керек. Әртіс болсын, режиссор болсын қозғалыс ретінде әдебиетке бағына берді, «әдебиеттегі айтылмаған қозғалысты қосумен жазушыға күнәлі боламыз» деуді қалдыру керек. Жазушының бұл жағын әдебиетте айтпай кететін себебі: бұл – әртістердің өз міндеті. Шын әртіс халыққа бір әсер бермейтін түрде бір рет болса да бас шайқауы, үн шығаруы, аяқ басуы тиіс емес. Режиссор ойынға керек болатын жүріс-тұрыстың бәрін әуелі өзі дұрыс бөлек-бөлек суреттеп алып, сол суреттерді әртістерге үйрете білуі, үйретумен қатар жалғастыра білуі өте қажетті.

БӘЙБІШЕ, ТОҚАЛ

Қазақтың ұлт театрында ғинуардың 27-сі күні «Бәйбіше– тоқал» қойылды. Бұл драма – Мұхтар Әуезұлының тәуір жазған пьесесінің бірі. Драманың қысқаша мазмұны мынау:

Тоқал Қайшаның азғырғанына көніп, Есендік бәйбішеден жетім қалған қызын Аманбайға бермек болады. Қызы (Дәмеш) Аманбайды сүймейді. Оның сүйетіні – орысша оқыған Ғазиз. Қыздың ағасы Төлеш қарындасы жағында. Бұларға тағы да нағашысы Абдолла болысады. Тоқал мен шалдың сөзін сөйлейтін – Бейсембі «ақсақал». Бұның өз есебі бар. Бір жағы тоқалмен тамыр, екінші жағынан партияның бастығы. Есендікті өзіне жем қылғысы келеді. Өз еркімен Дәмештің тимейтініне көзі жетіп, Аманбай оны алып қашпақ болады. Қызды шығарып беретін тағы баяғы тоқал болады. Бұлар енді қызды алып кетпек болып жатқанда, көріп қалған қойшының қырсығынан қолға түсіп қалады. Тоқалдың бұл сықылды ісіне шыдай алмай, Төлеш қарындасыменен нағашысы Абдолланың ауылына көшіп кетеді.

Бір күні Абдолла Төлешті әкесінің ауылына барымта алуға жібереді. Төлеш желідегі құлынға дейін қал-

дырмай бар жылқысын айдап келеді. Әйткенмен бұлар көп қуанышты бола алмайды, жылқының артынан қуғын келіп, төбелесіп жүргенде Төлеш тоқалдың баласы Қуатжанның қолынан қаза болады. Әкесі өлгелі жатқан баласынан кешірім сұрайды. Төлеш кешеді. Бұның өлердегі әкесінен тілегені Дәмеш пен Ғазиздың қосылуы болады...

Мұхтар Әуезұлы – әдемі, кестелі сөздің ұстасы. Мұхтардың тілі орамды, сөйлемдері маңызды. Бірақ Мұхтар әлі пьесе жазудың техникесіне шебер емес. Пьеседе қозғалыс-қимыл тым аз. Кейбір жерлерінде екі кісі жарты сағаттай қимылдамастан сөйлесіп тұрады. Мұндай ұзақ көріністер әртісті де, қараушыны да тез қажытады.

Мысал келтірейік: Бір адамға жоғары қарай қолын көтертіп қойса, бір-екі мұинет көтеріп тұру ойыншық сықылды. Төрт-бес мұинеттен соң қол тала бастайды. 10–15 мұинеттен соң бұдан үлкен азап жоқ. 20–25 мұинеттен артық қолды көтеріп тұруға мүмкін емес.

Көз, құлақ – қолдан да нәзік нәрсе. 5–6 мұинеттен кейін көз де, құлақ та тала бастайды. Бұдан әрі қарай әртесте қимыл болмаса, оның айтқан сөздерінің дәмі өзінен өзі кетіп қалады.

Сондықтан, шынында, қимылдың аздығы – «Бәйбіше, тоқалдың» үлкен кемшілігінің бірі.

Екінші кемшілік, «Бәйбіше, тоқалда» артық адамдар бар. Әсіресе соңғы пердеде көрінген инструктор. Инструктордың «Бәйбіше, тоқалда» көтерген мәселесі – бұл пьесенің кемерінен шығып кететін әңгіме. Инструктор жарты сағаттай насихат айтып отырып алмай, сөз арасында келіп-кетіп жүрген адам болса, бір сәрі. Жазушының ойынша инструкторға үлкен орын берілген. Оның аузына жазушы ірі, негізді сөздерді салған. Инструктор ауылда жүрген «төре балаға» ұқсамайды. Сөзіне қарағанда тым ірі, тым үлкен адам сықылды. Сондықтан бұның сөздері пьесенің түпкі мазмұнын сұйылтып отыр. Пьесенің түпкі мақсаты шашыранды болып, бытыранқы шығып отыр.

Біздіңше, пьесаның түпкі мақсаты – ел ішіндегі кемшіліктерді көрсету. Көп кемшіліктің ішінде Есендік шалдың екі қатын алғандығы. Одан барып ол екеуінің күндес болғандығы, күндестіктің қырсығынан тоқал барып, Дәмешке қастық қылды. Әрине, оның бұл қылығы

– жаман іс. Бірақ кім біледі? Бәйбіше барда, бәлки, таяқ жеген ылғи тоқал болған шығар. Неше жылдай тоқалдың зығырданы қайнап, іші күйген шығар. Ол кезде Дәмеш бақытты шығар. Осы сықылды үй ішінің келіссіздігінен туған тоқалдың ойында зіл бар шығар. Сондықтан біз тоқалға айрықша лағынет оқығымыз келмейді.

Әрине, бұл жерде бәйбіше де кінәлі емес. Оны тоқалмен күндес қылған – оның «қара жүректігі» емес. Бәйбіше, тоқал тегінде тату болу қиын. Сондықтан бұл екеуін татуластыру үшін ең әуелі күндестікті жою керек. Бұның аты – көп қатын алуды тоқтату. Бірақ қара қазақ бұған әлі түсініп жеткен жоқ. Ауыл әлі ескі әдеттің уысында. Гулеген партия. Партияға қара қазақ түгіл оқығандардың өзі қатысады. Абдолланың көзқарасында «пәленің бәрі – оқығандарда. Олар құтыртпаса, партия-партия жасайтын елде кісі жоқ». Бұлай болғанда ауыл түзеледі деген бекер сөз. Еріксіз көңілде пессемизм туады. Бірақ бұл пессемизмнен алып шығатын жол – Дәмеш пен Ғазиз.

Бұл екеуі маңайды қоршаған ескіліктің бұлтына қарамай, жадырап күліп, жазылып өмір сүруге шамасы келеді. Ғазизды мұндай қылған – оның оқығандығы (Тағы айтамыз: Ғазиз үшін «инструктордың» керегі жоқ еді. Инструктор Ғазиздың жарты бағасын жойып кетіп отыр. Бұнсыз Ғазиздың сөзі Абдоллаға ой салар еді. Онда бізге Абдолланы көргенде пессемизм де келмес еді, бәлки). Дәмешке оны сүйгізген – Дәмештің оқыған дегенде өзгеше көзқарасы. Орысшалап айтқанда бұны «фетишизм» (фетишизм деп еуропа тілінде ойламай, байыбына бармай бір нәрсені дәріптеуді айтады) деуге болады.

Қазақтың қазіргі тұрмысында мұндай оқиға бола ма? – Әбден болады. Бұл сықылды пьесалар үгіт жағынан ел ішінде үлкен пайда береді. Жалғыз-ақ пьесенің мазмұны шағын, ықшамды болсын.

Ал енді өртістерге келейік. Бұл жолы өртістер өнегүннен де түзелді. Киім, грим жағы да бұл жолы анағұрлым ілгері басқан.

«Дәмеш» сөзсіз жақсы ойнайды. Қорықпай, жүрек тоқтататын сөйлейтіндік «Дәмештің» қолынан әбден келеді. Енді «Дәмеш» психология жағынан рөлін жөндеу керек.

Күләш пен тоқал да дұрыс шықты. Бірақ бұлардың

дауыстары тым нашар болды. Еркек жағынан бірінші бәйге, әрине, таз күйеу Аманбай мен қойшынікі. Қойшыны түзеп жіберген бір себептен оның әні де. Бірақ қойшының әртестігі де мол. Әсіресе, қарқылдап күлген жері нағыз өзіндей шықты.

«Аманбай» » болашағы үлкен әртіс. Бұл жүрек тоқтатып, буын бекіткеннен шығып, осы күнгі психология жағын қарастыра бастаған. Аманбайға қарап, нағыз қорқақ, ақымақ таз күйеуді көрдік.

«Бейсембінің» ойыны да жоғары екеуіне беріспейді. Бірақ пьесада болмаған қимылды табам деп күш салғаны әртістігіне бөгет болды.

«Төлеш» пен «инструктор Кәрім» рөлдерін айырбастаса, анағұрлым дұрыс шығар еді. Өйткені «Төлеш» орысқа лайық. Қазақ болу бұған өте қиын көрінеді.

«Ғазиз» рөлін орташа ойнайды. Жақсырақ келтіруге болатын еді.

ҰЛТ ТЕАТРЫ ТУРАЛЫ

Театр

«Театр» дегенді елдің көбі білмейді. Театр – еуропа тілі, біздіңше айтқанда театр ойын деген сөз. Бірақ театр осы күнгі қазақтың алтыбақан тебетін ойыны сықылды емес. Театр – қазақтың қыз ойыны, шілдеханасына да ұқсамайды. Театр деп қазақтың тойын, палуан күресін де айтуға болмайды.

«Олай болғанда театр өмірде жоқ бірдеме шығар?» – дер біреу.

Жоқ, олай да емес. Театр – өмірдің ойыны. Театр – тұрмыстың ойыны. Театрдың ішінде тойды да, шілдехананы да, қызық ойынды да көруге болады. Бірақ театр ойынының тәртібі өзгеше.

Біздің қазақта қандай театр тууы мүмкін? Театр бізде қандай болуы керек, ойнаушылар кім, ойналатындар не? Осы туралы біраз сөйлесейік.

Осы күнгі біздің көріп-біліп жүрген театрымыз көбінесе отырықшы елдерде, отырықшы елдердің ішіндегі үлкен қалалар сөзсіз театрды тілеп тұрады. Қаланың мәдениеті, қаланың тұрмысы, жағдайы театрды еріксіз туғызады.

Үлкен қалаларда театрды көрушілер де көп. Бір күні

біреуі келсе, екінші күні біреуі келеді. Көпшілік арқасында театр күн сайын кісісіз болмайды. Мәскеудегі «Үлкен театр», Париждегі «Ұлт операларына» кезек тимей қалатын да уақыт болады. Театрға бару үшін кей кезде неше күндей өшіретке де тұрады.

Әрине, біздің қазақ тұрмысында мұндай халді әзір күтуге болмайды. Бізде әлі үлкен қала жоқ. Қала мәдениеті жаңа-жаңа туудың алдында. Бұл – ауызды ең толтырып айтқандағымыз. Қазақстанда театр бір күнде жасалмайды. Осы бастан талаптанбасақ, соңырағы күні жақсы театр аспаннан келіп түспейді. Театрды жасауға болады. Еңбектеніп істелмейтін нәрсе жоқ.

Пьеса

Театр туралы сөйлегенде, ең әуелі ескеретініміз – пьеса. Бізде осы күні қандай пьеса бар? Олардың сырты қы көркемдігі, ішкі маңыздылығы қандай? Жарай ма, жарамай ма?

Бұл сұрауларға әбден жауап бере аламыз. Қазақтан шыққан пьеса жазушыларды алсақ, олардың ішінде кәдуілгідей төселгендері бар: Мұхтар Әуезұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен, Қошмағамбет Кемеңгерұлы, Жұмат Шанин. Әрине, бұлардың бәрі бірдей емес. Бірақ олардың қайсысы болса да жазушы екендігінде дау жоқ. «Еңлік-Кебек», «Алтын сақа», «Арқалық батыр» – бұл үшеуі де күні бүгіннен бастап театрға ойналуға жарайды. Жүсіпбектің «Сылаң қызы» да әжептәуір пьеса. Бірақ мұны театрға жіберердің алдында азырақ жөндеу керек. Бұл пьесаның ішкі мазмұны дұрыс. Қазақтың шала оқығанының, «не орыс, не қазақ» еместердің өмірін сынау, олардың тұрмысының тайыздығын, нашарлығын көрсету дұрыс пікір. Бірақ Жүсіпбек адамдарының көбінесе сыртын ғана шеберлейді, адамның ішкі үні Жүсіпбектің батырларынан көп естілмейді. Сондықтан бұның адамдары қуыршақ сықылды.

Қандай «жаман» дегеннің ішінде бір тамшы жақсылық бар, қандай «жақсының» өзінше бір осалдығы бар.

Әрбір адамды жеке адам ететін – әркімнің жеке өзіне ғана біткен бір «тамшысы». Міне, соны Жүсіпбек көбінесе таба алмайды. Жүсіпбек пьесаларының осы жағын жөндеу керек.

«Алтын сақина» – тәуір пьеса. Қошмағамбет

Жүсіпбектен анағұрлым тереңірек. Жеке адамның ішкі сыры бұған анағұрлым танысырақ. Тегінде Қошмағамбет қолынан жақсы пьесалар шығуы мүмкін.

«Алтын сақинаның» бір үлкен кемшілігі: көріністерінің тым қысқалығы. Кей бөлімдерінде көреркөрместен шымылдық жабылып кетеді деуге болады. Пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылуы керек. Әсіресе, кіріп-шығып жүруді онша жақсы көрмейтін қазаққа біржолата тойғыза көрсету керек. Бұл сөзден жалқаулыққа мойынсұн деген мағына шықпайды. Пьеса жазушылар қазақтың табиғи мінездерін ескерсін дегіміз келеді.

«Еңлік–Кебек» – сөзсіз, ірі пьеса. Ішіндегі маңызы мен сыртқы сұлулығы бірдей істелген пьеса. Бұл пьеса тарихи білім көзінен қарағанда да мағынасы бар. Мұнда өткен тұрмысымыздың бір кесегін көреміз. Мұндай пьесаны біз сықылды жазылған тарихы жоқ жұртта өз алдына бір материал деп санауға болады.

«Еңлік–Кебектің» кемшілігі – тым ұзақтығы. Көріністің ұзақтығы емес, көріністерінің саны көп. Бұл жерде тағы бір айтып өтетін сөз: біздің пьесаларымыз көп болса үш, әйтпесе екі-ақ көріністі болу керек. Қазақ бірінші көріністе: «Не болар екен?», – дейді. Екінші көріністе: «Енді қайтер екен?», – дейді. Үшіншіде немен тынғанын көреді.

Үшінші көріністен әрі қарай қазақ жалығады. Жоғарыда айттық қой, қазаққа көп қабат аз бергеннен, аз қабат көп беру керек.

Сәкеннің пьесалары да («Қызық сұңқарлар», «Бақыт жолында») қоюға жарайды. Бірақ бұған да біздің айтатынымыз: жазғанын түзету керек. Сәкенде де Жүсіпбек сияқты үстірт кететін мінез көп. Бірақ бұл екеуінің ұқсаспайтын жері де бар. Жүсіпбектің жүріп кеткенін біле алмай қаласың. Жүсіпбек – ыңғайлы, епті бозбала. Сәкен ондай емес. Тарп-тарп етіп келе жатқаны анадайдан естіледі. Сәкенде еп жоқ. Бір жерде қолын тығып алып, бір жерге аяғын малып, бір жерге басын сұғып алып, тігетін-сөгетін нәрсені сонысымен жыртып – солай жүреді Сәкен. «Асау тұлпардың» өзге жағы өз алдына әңгіме, бірақ асаулығында талас жоқ.

Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары», әрине, керек тема. Қазақ театры өзге жұрттай емес, ескіден қалған мұра-

сы жоқ. Біз осы бастан театрымызды революция (төңкеріс) негізіне құруға мүмкіндігіміз бар.

Бірақ жаңа пікірлі пьесадан пікірге қосып тағы да сұрайтындарымыз бар. Мысалы, бізге де әдемілік, көркемдік керек, шеберлік, шындық керек. Коммунистер қашан да болса сыртқы әдеміліктен жиренген жоқ-ты. Іші де оңды болсын, оған қоса сырты да жақсы болсын. Расын айту керек, шеберлік, әдемілік жағынан едәуірлер Сәкеннің алдында жүр, солардан Сәкен үйрену керек. Абай мен Мағжанның сөз шеберлігін үйренуге коммунист жазушылар арланбау керек. Бұл біздің үшін жүректен айтқан достық сөзіміз, Сәкен пьесаларын, әрине, жөндеу керек. Батырларының бәрін өңшең «сұңқарлар» қылып жібермей-ақ, өзіміз білетін Бейсембай, Сейсембай, Жаңбырбай, Боранбай – солар болса да жарайды. Өзірге осындайларды-ақ көре тұрайық та.

Бытыр Жүсіпбек «Еңбекші қазақта» бізде театр кітабы жоқ деп жазды. Театр кітабын көбейту үшін ол жазушыларға жалақыны көп төлеу керек деген, тағы сол сықылды әңгімелерді айтты. Театр кітабының аздығына біз де қол қоямыз, бірақ тіпті жоқ деу қате. Жоғарғы айтылған кітаптарды (пьесаларды) жөндеп, ойнауға кірісек. Соның өзі біраз уақытқа жетер еді. Бірақ мұнымен қатар Жүсіпбектікі де дұрыс – жаңа пьесалар жазуға кірісуіміз керек. Пьесаны туғызатын оқушы емес, көруші. Сондықтан ең әуелі ұлт театрын жасау керек. Островский мен Гогольді қанша жар салып іздегенмен біз таба алмаймыз, оларды табатын театр.

Сөйтсе де осы бастан-ақ талап қылуға тайынбау керек, бұл туралы Қазақстанның халық ағарту мекемесі жаңа талаптарға жәрдемдес, көмектес болуы қажет. Жақсы пьесалар жазуға бәйге тігу керек. Бас бәйгесі бір-екі мың теңгеден кем болмасын. Жазушылар бәйгеге түссін.

Көрейік өнерін, жазғанын пайдаға асырамыз. Жарамағандарын ендігі жолы түзетер.

Осы күнгі қазақ тұрмысын жазушыларға қаймағы бұзылмаған байлық деуге болады.

«Мен не жазайын, менен бұрын пәленше, төленше пәлендей, төлендей жазып қойыпты» дейтін емес. Әсіресе, пьеса жазушыларға қазақтың қызық тарихы бар. Тарихында ұялмау түгіл, мақтанатын істері бар.

Орыс жазушысы Грекев «Путачевщинаны» жазса, біз Кенесарыны неге жазбаймыз.

Осы күнгі тұрмысымызға келейік. Жазатын тема тағы толып жатыр. Сейфуллина (орыстың қатын жазушысы) «Виренейны» тудырса, біздің жазушы Бейсембай мен Жаңбырбайдың біреуін неге сөйлетпейді?

Қазақтың жастарының тұрмысы, әйел теңдігі, төңкеріс заманындағы оқиғалар, 16-шы жыл, шәкірт өмірі, мұғалім тұрмысы, ұлт мәселесі, бай-кедей арасы – осының бәрі жазушыны күтіп отыр.

Артист

Бізде ойнаушылар (артист) бар ма?

Әрине, бар. Бірақ біздің ойнаушыларымыз әлі төселген жоқ. Жалпы көптің ішінен әлі шыққан жоқ. Біздің артистеріміз әлі өздерінің жолын да анықтаған жоқ. Біздің артист әрі өлеңші (әнші), әрі ақын, әрі палуан, орыспалап айтқанда біздің артист операда қандай ойнаса циркте де сондай ойнауға шамасы келеді. Кейде артистеріміз пьеса жазушы да болып шығады.

Биыл Семей губерниясында болған Қоянды жәрмеңкесінде бір жігіт талай ойындар көрсеткен. Үстелдің үстіне қоян болып секіріп шығып, үстінде тұрған қымыз, самауыр, шыны-аяқ – соның бәрін қимылдатпай, қайта жерге түсіп, қайтадан үстелге шығып, сол сықылды басқа ойындар көрсеткен. Көрген кісілердің айтысына қарағанда осы жігіт театрда пьеса ойнауға да жарайтын болса керек.

Биыл жаз Парижге көрініске барып келген Әміре Қашаубаевты алайық. Бұл өте жақсы ән салатын жігіт. Әміренің әні туралы биыл орыстың журналдарында, газеттерінде көп сөз жазылды. Бәрі де Әміренің әншілігімен қабат оның артистігін де мақтайды. Әміре «Ағаш аяқ» деген өлеңді айтқанда шын артист болып кетеді. Қандай салмақты отырған адам «Ағаш аяқты» естігенде еріксіз күліп жібереді. Күлдіретін сонда – «Ағаш аяқтың» өлеңі емес, Әміренің өнері. Оның жыламсыраған даусы, қыржыған беті, жұмылған көздері – қысқасын айтқанда, Әміренің артистігі.

Қара қазақтың ішінен шыққан Иса ақынды алайық. Иса баяғының суырып салма ақындары сықылды. Өлеңді айтқанда сағатында ойдан шығарады. Иса – шын ақын. Бірақ Исаның едәуір артистігі де бар. Иса

өлен айтқанда құр ұйқастыруға тырыспайды, айту тәртібінің өзін бір түрлі өленнің мазмұнына қарай өзгертіп отырады. Біресе ақырын, біресе айқайлап кету, біресе күліп, біресе ашуланып кетуінің бәрі Исаның артистігіне жатады.

Бұл әншілер, ақындар, палуандар туралы. Олардан басқа аты шықпаған артистер ел ішінде толып жатыр.

Тағы сол Қоянды жәрмеңкесінде Қалибек деген жігіт кемпір, шал болып ойнаған. Бұрын Еуропаның түзелген театрын көрген білімді кісілердің айтысына қарағанда бұл ешбір артистен кейін ойнамаған. Осы сықылды елдің ішінде жүрген, теңіздің терең түбінде көрінбей жатқан асылдар, әрине, толып жатыр. Олардың көбін біз білмейміз. Баяғыда атақты Потанин айтқан екен: «Қазақ халқы өзінің әнімен адамшылық мәдениетіне үлкен олжа кіргізеді», – деп. Биыл шыққан Затаевичтің «Мың әні», әрине, Потанинді өтірікші қылған жоқ. Осы күні қазақтың «Қарагөзі», «Қараторғайы», «Қарақасы» – бүткіл Еуропа, Америкаға белгілі. Нью-Йорктің, Париждің фабрик-заводының, трамвайының даусына қосылып қазақтың әні де естіліп жатыр.

Бетховен мен Чайковскийдің әніне бойы балқитын адам баласының құлағына қазақ әні де теріс тиетін көрінбейді.

Осы сықылды қазақ әнінің дәмін татқан Потанин қазақтың театрына да үлкен болашақ айтқан: «Елу жылда қазақта нағыз театр туады» деген.

Әрине, Потанин айтты деп біз театрды қуаттамақ емеспіз. Біздің айтайын дегеніміз: Потанин қазақ ішіндегі анық артистерді көп көрген. Потанин көргенін айтқан.

Ана жылы Орынборда Серке деген жігіт ойнап жүрді. Бұл Серке Қостанайдың қазағы. Біздіңше, Серке де шын артист. Серкенің «Мырқымбайды» ойнағаны Еуропаның қай артисінен кейін емес.

Осы күні Семей жақта жүрген Жұмат Шанинді ескерейік. Бұл жігіт театр үшін барын салатын адам. Жұмат Зайсанда тұрғанда әжептәуір сахна жасап жүрді. Жұмат Семейге келгенде онда да пьесалар қойыла бастады. Жұмат өзі артист, өзі жазушы. Оның «Арқалық батыры» көдуілгідей маңызы бар пьеса.

Айта берсе осы сықылды «жыл құстары» толып

жатыр. Бізге мәлімсіздердің өзі қанша екенін кім біледі.

Сондықтан ұлт театрын жасау үшін, ең әуелі, осындай ел артистерін жинау керек. Біздің алғашқы театрымыз бәлкі өте нашар болар. Бірақ бір күнде жақсылықты күту – қиялилардың жұмысы. Бізге ә дегеннен көңілдегі жерге аттап түсу мақсат емес. Біздің тілейтініміз – бір кірпіш болса да үйдің қабырғасы қалана бастасын. Бара-бара төбесін салармыз, түзеле келе әйнегін орнатармыз. Біраздан соң үйдің ішін әдемілерміз. Әрине, ол оңай қызмет емес. Бұның жолында көп еңбек, көп мұхнат керек. Ұлт театры қиялдың сағымынан емес, еңбектің жемісінен тууы керек.

* * *

Біздің театрымыз да алғашқы кезде өзге болу керек. Біз үнемі драма көрсетуге алғашқы уақытта шамамыз келмейді. Ұлт театры бір күнде драма қойса, екінші күні екі ақынның айтысқанын қояр. Өтірік емес, шын ақынды айтыстыруға болады. Талабы бар ақындар бұрын асқа жиналса, енді театрға жиналуы керек. Бұл сықылды айтыстар болардың алдында көпке газет арқылы жарияланып отыруы тиіс. Ұлт театры кейде цирк ойындарын көрсетуі мүмкін. Қазақтан шыққан бишілер (балет) – ыңғайлы жігіттер. Қояндыдағы қоян болып ойнаған жігіт сықылдылар өнерлерін көрсетер.

Орысшалап айтқанда – алғашқы қазақ театры универсал болуы керек. Барлық әдеби, мәдени өнердің бәрін бір жерге жию керек.

Біз соңғы кезде кейбір мәселелерде соқыр, еліктегіш боп барамыз.

Татар жазушыларының жаман әдетінің бірі – перевод, соңғы жылдарда біз де тым переводтатып жібердік. Бірақ бұқара халық онымызды біздей жылдам переводтай алмай қалды.

Сол сықылды театрды да переводтай салудан сақтану керек. Біз бұл жерде жалғыз кітап көшіруді ғана айтпаймыз. Театрдың ішкі рухын көшіруді де айтамыз.

Қазақстанның ұлт театры қазақ ұлтының бел баласы болуы керек. Жалпы адамшылық мәдениетінің базарына біреуден ұрланды емес, өз өнерімізбен, өз еңбегімізбен тапқан бойымызды апаралық. Сонда ғана халықтан ұялмаймыз.

Алғашқы кезде бәріміз де көңілді едік. «Ие, бұл жарайды екен, жақсы екен. Ұлт театры тарихи жұмыс, ірі жұмыс» деп жүрді жұрттың көбі. Ол кездегі жиналатын мәжілістеріміз де толық болушы еді. Ол мәжілістерге белгілі саясат адамдары, атақты жазушылар келуші еді. Ондағы сөйленетін сөздер де ірі, іргелі еді. Ұсынатын жоба да толық, маңызды еді.

Әлі есімде: халық ағарту комиссариатының үлкен үйі айнала қатар тізіліп отырған кісілер. Бұлардың ішінде болшақ артистер де бар. Бұлардың ішінде әлгі айтқан жазушылар да бар. Мұнда қолынан іс келетіндер де бар.

Бірінші сұрау:

– Ұлт театры керек пе?

Жауап:

– Е, бұл туралы не сөз бар? Әрине, керек.

Екінші сұрау:

– Ойнайтын артистер таба аламыз ба?

– Артист неге табылмасын, ел іші толған артист, солардың бәрін шақырту керек.

Тағы сұрау:

– Бізде ойынға жарайтын пьеса бар ма?

– Пьеса табылмаушы ма еді, ең алдымен «Еңлік–Кебек», «Алтын сақина», «Бәйбіше–тоқал», «Сылаң қыз» да жарайды. «Қызыл сұңқар» да жарап кетеді. Іздесе тағы да толып жатыр.

– Театрға күнде келіп отыратын халық табыла ма? Халық дегенде, әрине, қазақты айтам.

– Әрине, табылады. Қызылорда толған қазақ емес пе?

Оның үстіне жүздеген қазақ қызметкерлері бар. Осының бәрі театрға келеді. Бір театрды толтырып отыратын Қызылордада қазақ бар. Толтырмақ түгіл көңілді күні сыймай да кетеді.

Алғашқы кезде сөйленген сөздер осылай болды. Дүниенің бәрі де оңай, бәрі де жеңіл сықылды. Кейбіреулер осындай оңай жұмысты бұл уақытқа дейін біреу-міреу неғып істеп қоймағандығына таң қалып жүрді. Ұлт театры ол кезде құр тілек еді. Тілекті тілеу, әрине, жұмыс істеуден анағұрлым оңай. Тілек тілегін келгенде тілене салады. Тілектің аяғы жүйрік, қанаты

ұшқыр. Ұлт театры құр тілек қана болып жүрген кезде жұрттың бәрі бұған «тілектес» болды. «Көп түкірсе – көл» деген, көп тілектестер, келіндер, жәрдемдерінді көрсетіндер дедік біз.

Сонымен тілек іске аса бастады. Ел-елден ойыншылар шақырылды. Жер-жерден пьесалар жиналды. Тілек орындалып, іс басталды. Орыспалап айтқанда мейрам бітіп, жабайы шаруаның күні туды. Ерсілі-қарсылы жүріс басталды. Осы кезден былай қарай театрдың жұмысында кемшіліктер көріне бастады. Жетіспегендік, әр нәрсеге олақтық, шорқақтық біліне бастады.

Театр деген өз алдына бір шаруа, үлкен ауылдың жабдығынан театрдікі кем емес. Жайшылықта үй ішіне керек нәрсенің бәрі театрға да керек. Театр – тұрмыстың айнасы. Бірақ олай болу үшін ең әуелі өзі тұрмысқа ұқсау керек.

Театрды тұрмысқа ұқсас етіп көркейту үшін ең әуелі пұл керек. Қолына берілген пұлды дұрыстап ұқсатып отыратын басқарушы адамдар керек. Бұл екі мәселе туралы да біз қазір мақтанатын халде меспіз. Әсіресе, пұл жағынан кемшілік көп. Себебі: ұлт театрының керектігіне әлі едәуір жұрттың көзі әбден жеткен жоқ. Театрға деген ақша өзгеден гөрі шабанырақ жиналады. Ұлт театры әлі күнге дейін кейбіреулердің көзінде «ойын үйі». Көп керектің ең соңғы керегі сияқты.

Біздің туып келе жатқан жұртшылық осы сықылды көзқараспен ондап тұрып күресу керек. Қазақ елінің ілгері басу жолында ұлт театры үлкен адырдың бірі екенін түсіну, ұлт театрын жасап алсақ, мәдениеттің бір кесегін өзіміздікі қылдық деп есептеу керек.

Ұлт театры, әсіресе, біз сықылды сауатсыздары көп халыққа өте керек.

Кітап оқу үшін хат білу керек. Театрды көзі көретін, құлағы еститін адам ұға алады. Тәрбие жөнінен, ішіндегі айтылатын пікір ретінде кітаптың театрдан айырмасы жоқ. Театр – жанды кітап, театрда оқудың орнына адам есітіп, көреді. Кітаптан театрдың өрісі кең. Кітап – жалғыз хат танитындардың қаруы, театр – көпшіліктің қаруы.

Осы күнгі Қазақстанның ел азаматтары театрдың бұл айтылған сыпатын өмірінде естен шығармау керек. Театр көңіл көтеретін ойын үйі ғана емес, ол өз алдына мәдениеттің бір мектебі.

Театрдың басқарушы адамдары да оған осы айтылған мәдени көзбен қарау керек.

Бір күні театрға халық аз келген екен. Мен басқарушы азаматтардың біреуінен бұның себебін сұраған сөзіме ол былай деп жауап берді:

– Мемлекет театрына билетті қыдырып жүріп сатамыз ба? Келген келер, келмеген қалар!

Әрине, бұл сықылды көзқарас үлкен қате. Театр мәдениеттің мектебі болса, оның мәнісін жұрттың көбі әлі білмесе, біз ол жұртқа өзіміз біліп ауызба-ауыз неге түсіндірмейміз.

Мемлекет театры! Жұрттың өзі келеді деп кеудені керіп неге отырамыз?

Бұл жерде орысқа еліктемеу керек. Орыс театры жасалғалы жүз жылдан асты. Олардың тәжірибесімен біздікі бір емес. Театрымыз ашылмай жатып «орысшаласақ» біз көпке бармаймыз. Алғашқы кезде біз қазақшаламай іс өнбейді. Біздің театр басқарушы адамдарымыз үй-үйге кіріп жүріп, билет сатуға арланбасын. Сатылмай қалған билет болса, бос орынға жай жіберілетін кісіні дайындап қойсын, әйтеуір театрды толтырудың қамын істеу керек. Сонда ғана жаңа туған баланың денесіне қан тарайды, сонда ғана ұлт театрының буыны бекіп, бұғанасы қатады.

Ал, енді, ойнаушыларға келейік: алғашқы күнгі «Алтын сақина» жақсы шықты. Әсіресе, кемпір, оның келіні тәуір ойнады. Тегінде «Алтын сақина» жақсы ойнауға келетін пьеса. Жалғыз-ақ кемшілігі (бұны да айтып едік) бөлімдері тым қысқа: ақшамның намазы сықылды. Бұрын артист болып ойнаған адамдар ұялып, жасқанып даусын жөнді шығармаушы еді. Бұл жолы үлкен өзгерістің бірі: артистердің бәрі жүректі, нық сөйледі. Жақсы артист болу үшін ең әуелі жүректі бекіту керек. Содан кейін артистің өнері бірте-бірте жамала бермекші. Біздің артистер бұл жағынан әбден емтихан ұстады деуге болады.

Ендігі артистердің алдында тұрған зор мақсат: ролін тереңдете білу. Бұл сөздің мағынасы мынау: кемпір болып ойнаған әйелге дәл ойнап тұрған сағатында шынында кемпірдей өмір сүре білу керек. Артистіктің ең үлкен өнері осында. Сондықтан артист сыршыл (психолог) болуы тиіс. Артист адамның ішкі сырын білсін. Өзі жиырмада болса да, 80-дегі кемпірдің нендей өмірі барын білсін, бұл – бір.

Екінші – артистік сыршылдығы жадағай адамның сырын білуде ғана емес. Тағы да әлгі айтылған кемпірді алайық. Кемпір де әр түрлі. Бай кемпір мен кедей кемпірдің құлық-мінезі, жүріс-тұрысы бір болмайды. Әр адамның тұрмысына қарай «түрі» бар. Анық артист, міне, осыны білуі керек.

«Алтын сақинадан» біз мұны анық ашық көре алғамыз жоқ, анда-санда кемпірдің айтқан «балама тағы бір қатын әперем» дегені болмаса, бір кезде жігіттің шешесіне айта салған «не жетпейді, құдайға шүкір, малың бар емес пе?» дегендері болмаса театрда отырған жұрт ойнаған артистерге қарап олардың қандай тұрмыстан екенін жөнді білген жоқ.

23 январьда қойылған Бейімбеттің «Қырық парызында» молда болып ойнаған «дәл молдаға» ұқсап барып, ұқсап қалып отырды. Бірақ ол да әлі психология жағына дұрыс көңіл қойған жоқ.

Сонымен артистің ендігі ұраны жүрегін бекітіп, аяғын сахнада нық басып алғаннан кейінгі мақсаты: психология жағын маңыздату, тереңдету болу керек.

Театр мәдениеттің мектебі болса, оның оқытушысы артист. Артист өзінің зор міндетін түсінсін. Көпшілікке әркім әр орында қызмет етіп жүр. Біреулер шаруашылық жолында, екіншілер ел билеу ісінде, үшіншілер халық ағарту жолында. Осылардың ішінде артистің қызметі ең ақырғы орында емес. Орыстың атақты артистері Садовский, Щепкиндердің аты Ресейдің мәдениет тарихында Пушкин, Лермонтовтармен қатар аталады. Осы күнгі Станиславский, Качалов, Южин сықылды әйдік артистер орыстың ірі қызметкерлерінен деп саналады.

Олай болса, біздің артистер де ел азаматының бірі. Біздің жана дүние жүзіне шыққалы отырған жас артистеріміз өзіне-өзі осылай деп қарау керек. Мәдениет мектебі болатын театрды біз сонда ғана жасай аламыз. Пьеса тым аз. Көркем әдебиеттің көбі өлең. Өлеңмен жазылған бір пьеса жоқ. Тарихта аты қалғандай ірі, маңызды пьеса әлі жазушының миында жатыр. Орыстың «Ревизоры», «Горе от ума» сықылды мәңгілік пьесалары біздің әлі аспандағы жұлдыз сықылды. Атақты Садовский, Щепкин, Станиславский, Южиндерді тудырған Гоголь, Грибоедов, Островский.

Қазақтан Гоголь, Островскийлер шығуына енді бұдан былай тілектес болу керек. Тілекке қоса жәрдемдес болу керек. Ә дегеннен ойымыздағыны жазбадың деп жаңа жазушыларды сыртқа теппеу керек. Бірі жарамаса, бірі жарар. Іште жатқан өнерді сыртқа шығаруға бұрынғыдан гөрі көбірек мүмкіндік беру керек. Бұл осы күнгі жалпы Ресей әдебиетінің беталысы. Сергей Есенин асылып өлгеннен бері бұл пікір бұрынғыдан да күшейді.

Қазақстанның халық ағарту комиссариаты жақсы пьесаға бөйге тігіп отыр. Ең оңды жазылған пьесаға бас бөйге мың сом, одан соңғы 500 сом. Талапты жазушылар осы күні бөйгеге қосуға бәлкі пьесаларын даярлап та жатқан шығар. Жалғыз-ақ айтатынымыз: ұлт театры көркею үшін жақсы жазылған пьесалар керек.

Бізге қазақтың қара тұрмысынан алынған әрбір ауылдың өміріне таныс, орыстың «Ревизорындай» пьеса керек.

Ұлт театры ашылғалы әлі 5-6 пьесалар қойылды. Бұлардың ішінде тәуірлері де бар. Бірақ «Алым-салық» сықылдыларын енді қайта қоймаса да болады. Бейімбеттің «Қырық парызы» «Ревизорға» ұсаған пьеса, бірақ тым шолақ. Сондай теманы толық қылып жазса!

«Қырық парыз» ұлт театрында өте жақсы ойналды.

* * *

Қазақтың ұлт театры жаңа-жаңа тәй-тәйлап аяғын басты. Алғашқы тәжірибе қазақ театрынан іс шығатындықты көрсетеді. Бірақ театр жасалмай тұрғандағы жұрттың үміті бұдан да зор еді. Алғашқы тілекке қарағанда, біз осы күні орыстың тәуір театрларына иін тіресіп қалсақ керек еді. Бұнымыз біздің қате екен. Театрды жасау театрды тілеуден анағұрлым қиын екендігі көрінді. Көп еңбек, көп бейнетпен театр жасалатын көрінеді. Бұны біз көптен де, өзімізден де жасырғымыз келмейді.

Қалай дегенде де ұлт театрының іргесі қаланды. Ендігі сұрау: ұлт театры әбден салынып біткенде қандай болар екен.

ҰЛТ ТЕАТРЫНА БІР ЖЫЛ

Театр өнерлі жұрттардың өмірінде үлкен орын алып отыр. Театрдың маңызы әсіресе ауropa жұрттарында күшті.

Бұрынғы заманда әңгіме, роман ретінде жазылатын үлгілі сөздердің көбі осы күні театрда орын алды. Театр – ел тәрбиелеу жұмысында үлкен қарудың бірі.

Біздің қазақ ішінде театр жана нәрсе. Театрда ойналатын кітаптар қазақ тілінде 17-жылдан бері ғана жазыла бастады. Содан кейін әр жерде театр кітабы бірте-бірте қойыла бастады.

Біздің Қазақстанда ұлт театры өткен жылы құрылды. Бұл жарамды театр кітаптары даяр болғандықтан нағыз артистер көбейгендіктен туған жоқ, театр жұмысы мәдениет майданында ірі жұмыстың бірі болғандықтан, бір күнде түзеліп, бір жылда көркейіп кетпесе де ілгері басуға ұмтылғандықтан туып отыр.

Бір жылғы тәжірибеміз біздің алғашқы ойымызды анықтап отыр. Жоқтан бар қылып жасаған театр осы күні жалпы Қазақстан аузына ілініп, қатарлы бір мәдени орын болды.

Театрдың жақсылық жағын сыншылар айта жатар, бір жылдық өмірді артқа салып, ілгері қарай аяқ басқалы отырғанда менің айтайын дегенім: алдымызда тұрған кемшіліктеріміз туралы.

Ең әуелі, артистерімізге келейік, біздің артистеріміздің көбі қазақтың аулынан келген, бұрын көп тәжірибе көрмеген жігіттер еді. Бір жылдық өміріміз бұл жігіттердің ішінен болашақта ірі артистер шығатынын көрсетіп отыр. Қалибек, Елубай, Серке, Әміре сықылды ойыншылардың түбінде үлкен артист болуында сөз жоқ. Бірақ оларға әлі де болса көп білім, көп тәжірибе керек.

Біз осы күні қазақ театрын сынағанда орыспен салыстырамыз. Орыстың жақсы артистеріндей болмады деп кейде назырқанғандай боламыз. Жүз жылдық тәжірибесі бар орыс артистерімен, әрине, қазақ артистерін салыстыруға болмайды. Олармен жарысу үшін бізге әлі де көп заман керек.

Әйтсе де осы күнгі күйіміздің өзінде де артистеріміз орыс артистерінен кем еместігі көрініп отыр. Сондықтан біздің сыншылар театрды сынағанда оның

кемшілігін көрсетумен бірге жақсы жағын да ұмытпауы керек.

Анық тәрбие, дұрыс тәжірибе сонда ғана беріледі.

Екінші айтатын сөз, театрда ойналатын кітаптар туралы. Қазақ әдебиеті, жалпы алғанда, балалық дәуірінен жаңа озып келе жатса, театр әдебиеті онан да жас деуге болады. Алайда бұл уақытқа шейін жазылған пьесалар сан жағынан да, сапа жағынан да едәуір өсіп қалды.

Осы күнгі Қазақстанның белгілі жазушыларының көбі пьесадан құр емес. Әуезұлы, Аймауытұлы, Сейфоллаұлы Сәкеннің пьесалары ауызға аларлықтай болып қалды. Әуезұлының «Еңлік–Кебек», Аймауытұлының «Шернияз», «Мансапқор», Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» орыстың шебер тілмен жазылған пьесаларымен таласуға әбден жарайды. Шанин Жұматтың әнеуі қойылған «Арқалық батыры» – қатарлы пьесаның бірі. Бейімбеттің бір перделік қысқа комедиялары орыстың Чехов деген жазушысының жазғандарынан кем емес.

Былыр ағарту комиссариаты қазақ тілінде жазылған пьесаларға бәйге тікті. Бұл бәйгеге 42 пьеса келді. Қазақ жазушыларының мұндай қарсы алғанына шын қуануға болады. Ойламаған жерден жаңа жазушылар шықты, «Зарлықты» жазған екі баланың сондай жазушы екенін кім ойлаған?

Бұл аяқ алыс мұнан былай да театр кітабын жазатын жастардың көп екенін көрсетеді.

Театр кітабын жазушылар қазақты орыспен салыстырады, «неге салыстырдың» деп кіналауға болмайды. Сонда да біздің әдебиетіміздің түрі мен орыс әдебиетінің түрі екі бөлек. Неше жүз жылдық тәжірибесі бар орыс жазушыларының өзі пролетариат жолына дұрыстап түсе алмай отырса, буыны қатып, бұғанасы бекімеген қазақ әдебиетіне «бір күнде түзел!» деп шарт қою – не білмегендік, не қиястықтың ісі. Біздің әдебиет, көбінесе, қазақтың қалың бұқарасының тұрмысы, еңбекші таптың тілегіне жанастырып жасалу керек.

Бұл жағынан қарағанда, біздің шаруашылық түріміз Ресейден өзгешелігі қандай болса, әдебиетіміз де сондай басқа болуы қалыпты нәрсе. Бұл көзбен қарағанда біздің театр кітаптарымыздың қазақ тұрмысына жанасатын жері де көп, біздің алдағы мақсатымыз

әдебиетіміздің ішкі маңызын түзеумен бірге сыртқы көркемдігін де жөндеу. Бұл екі шарт көркем әдебиеттерден табылып отыруы керек. Сырт ажары керек емес, бізге жалғыз маңыз ғана керек дейтіндер, менше, жете алмай жүр.

Біздің ұранымыз: ішкі маңызы еңбекші таптың тілегі болсын, сыртқы көрінісі әдемі көркем болсын!

Тағы бір айтылатын сөз – театрдың қаражаты, халжайы туралы. Қазақстанда қандай кедергі болса да көңілдегідей орындалып жатыр деп ешкім айта алмайды. Соның ішінде театрдың да «төрт түлігі сай» деп айтуға аузымыз бармайды. Бірақ оқу комиссариаты қолдан келген жәрдемін аяп отырған жоқ. Былтыр қазақ театрына деп 40 мың сом қаржы жұмсадық, биыл да жұмсағалы отыр. Театрды жөндеу үшін бұл санды 4–5 есе көбейту керек болады. Біздің әлі театрға деп арнап салған үйіміз жоқ. Жақсы театр үйін салуға кемінен 2–3 жүз мың сом ақша керек.

Мұның бәрін бірер жылда істей қоямыз деп айта алмаймыз. Сондықтан театрға үкімет беретін қаржыға қоса жалпы ел жәрдемін тигізуі керек. Жәрдем тигізгені – 5–10 тиыннан аямай келіп отыруы.

Қазақ театры орыстікіндей болмады деп өкпелемей, «жаманын жасырып, жақсысын асыруды» ескере жүру – біздің міндетіміз.

Ұлт театры екінші жасқа аяқ басқалы отырғанда менің тілегім осылар. «Қызмет қыл да, міндет қыл» дейді қазақ. Жұрт өз борышын ұмытпаса, ұлт театры мойнына жүктелген міндетін өтеуге даяр.

ҚАЗАҚСТАНДА БАСПАСӨЗДІҢ МІНДЕТІ

Бүгін біз «Еңбекші қазақтың» төртінші жылын мейрам етеміз. Бұдан бір жыл бұрын «Еңбекші қазақтың» алдырушыларының саны 2300 еді. Бүгін «Еңбекші қазақ» 8 мың тарайды.

Бір жылдың ішінде «Еңбекші қазақтың» бұлай болып өсуі жалпы халықтың газетке ынтасынын күшейгенін көрсетеді.

Баспасөз – тұрмыстың айнасы дейміз көп жерде. Халық тұрмысының қай жағы болса да газетке жазылып тұруы керек. Бұл реттен қарағанда, газет тұрмыстың айнасы екені әбден рас. Газет халық тұрмысын құр

ғана айнадағыдай қылып көрсетіп отырмайды, газет күнделік өмірдің қисық-қыңыр жерлерін түзеуге де себепші болады. Бұл жағынан қарағанда газет тәрбиешісі болып шығады.

Біз өткен жылдың ішінде осы айтылған екі тарау міндетімізді шамадан келгенше атқаруға тырыстық.

Соңғы жылдың ішінде әсіресе тілшілерден хат көбейді. Бұрын ең әрі барғанда біздің үйезге жетуші еді. Болыстан келген хаттар біран-саран, ауылдан андасанда бірер хат болушы еді. Осы күні «Еңбекші қазақтың» нағыз ауылдың қалың ортасынан жүзден артық тілшілері бар.

Тілшілер мәселесі де – соңғы жылда сезіліп отырған бір жаңалық. Бізге осы күні Қазақтанның бар түкпірінен хабар келеді. Әсіресе, Күншығыс Қазақстан (Семей, Ақмола губернелері) соңғы жылдың ішінде газетке көп хабар берді.

Тілшілерден хабар келу кем емес, бірақ біздің тиісті кеңес мекемелеріміз әлі де елден келген хабарларға шабан қарайды. Кейбір губернелік прокурорлар (мысалы, Ақмоланікі) болмаса, прокурордың көбі ел туралы жазылған хабарды түбіне дейін зерттей алмай келді. Бұдан былай біздің прокурорлар ел хабарларына жетігірек қараса, біздің бұл туралы газеттегі қызметіміз бұдан да жақсы көркейер еді.

Өткен жылдың ішінде газетке жазылатын мәселелердің де саны көбейді. Осы күні біз үнемі партия тұрмысын жазатын бөлім жасап отырмыз. Бұрын андасанда болатын кооперация, ауыл шаруасы, денсаулық, сот, жұмыскерлер тұрмысы – сол сықылды бөлімдерді тәртіпке салып отырмыз. Дұрысын айтқанда, бұл бөлімдер де тілшілерден түскен хабардың арқасында жасалды. Бірақ онымен қабат өзімізден де ұсақ мақалалар жазылып отыр. Әсіресе шаруашылық бөлімінде ауылдың ұғымына қарай қысқаша жеңіл мақалалар беруге тырыстық.

Жалпы айтқанда, бұл бөлімдердің бәрі бұрынғысынан анағұрлым ілгері аяқ басты.

Бірақ биыл да түзелетін, оңдайтын жерлеріміз толып жатыр. Бұрынғыдан гөрі биыл жазушыларымыздың саны көбейді. Бірақ бұл туралы да біздің әлі істегенімізден істемегеніміз алдымызда. Бұрынғы сықылды кіндік мекемедегі азаматтар биыл да саран жа-

зылды. Бұлай болудың себебі – бір жағынан азаматтардың қалаға шорқақтығы болса, екінші жағынан біздің газетіміздің кемшілігінен.

Қазақ газеттері жаңа-жана жұртшылықтың тілі болып келеді. Біз қазақ газетінде қызық бір сөз жазылса, кейде байқамай қаламыз. Орыс газетіне сол сықылды сөз жазылса, ол туралы жұрттың бәрі сөйлейді. Бұлай болуына бір есептен орыс жолдастардың қазақ газетін оқи алмайтыны да себеп шығар. Мүмкін бұлай болуы да. Әйткенмен қазақ азаматтары қазақ газетінде басылған сөзге тез қозғалмайды.

Біз бұдан былай газетімізді шын жұртшылықтың тілі қылуымыз керек. Газетте көтерілген мәселе жұмыс жүзінде де көтерілсін. Елге, партияға айтам деген сөздерімізді газет арқылы айтайық. Біздің істегелі жүрген ісіміз көптің құлағына естілсін. Жаңа пікіріміз болса, оны біреуге әңгіме ретінде сөйлемей, я болмаса (бұл тіпті жаман) біреуге жасырын айтпай, газет жүзінде талқыға салайық. Әрине, бұл сөзден ойыңа не келсе, соның бәрін газетке сыза бер деген мағына шықпайды. Біз жаңа пікір деп іс жөнінен туған пікірді айтамыз. Мысалы, қазақ ішінде кооперативті қалай жасау керек деген мәселе туады екен. Осыны әркім өз білгенінен ішіне сақтап сүйгенге ғана айту керек пе, жоқ көптің ортасына салу керек пе? Әрине, көптің сөзі бұл. Міне, осы сықылды әңгімелер бізде толып жатыр. Соның бәрін газет бетінде айтатын болу керек. Бұл айтылған сөздер біздің жалғыз ұсақ бөлімдеріміз туралы емес газетте жазылатын ірі мәселелерге осындай көзқарас болу керек. Өлгі айтылған кооперацияның мысалы – сондай ірі мәселенің бірі.

Ендігі біздің айтып өтетін сөзіміз – жанжал мақалалар туралы. Былтыр біз қыстай латын қарпі туралы айтыстарды бастық. Бұл – бір түрлі айтыс. Екінші түрлі айтыстар бар: Біз былтыр Қошке Кеменгерұлының кітабы туралы қарсы мақалалар жаздық. «Ақжол» туралы Ғаббастың мақалалары болды. Бұлардың бәрі, орысшалап айтқанда – критика (сын). Біз сынды басуға тиістіміз. Біздің газеттерге сын керек. Сынға қазақ оқушылары жете баға бермей жүр. Бұқара қазақ өз алдына, біздің жазушыларымыздың кейбіреулері сынды қарсылық сөз деп ұғады. Егер біреуге біреу сын жазса, ол екеуара екен, қас екен дейді. Әрине, бұның бәрі

жете білмегендіктің белгісі. Біз бірімізді біріміз сынауымыз керек.

Сын – мидың жануы. Сын ойларды қосып, адамның пікірін қайрап отырады. Сынсыз жазылған сөз қайралмаған пышақ сықылды. Сондықтан бізге сын керек.

Біз жуырда Мағжанның біраз өлеңдерін бастық. Мағжанның бұл өлеңдерінің ішінде бізге қосылатын да жері бар. Бірақ ішінде азырақ жанжал сөз бар екен деп, біз Мағжанды тоқтатып тастауымыз керек пе, жоқ бастыруымыз керек пе? Әрине, басу керек. Басылғаннан кейін қата жерлерін тағы сол газет жүзінде көрсету керек. Мағжанның теріс сөздерін жасырып қойғанмен, біз ақылды болып кетпейміз. Қайта соларды тексеріп, соларға қарсы өзімізден қару іздесек ақылымызға ақыл қосылады.

Кеңестер Одағының осы күнгі өмірі мәдени жолға түсті. Біз бұрынғыдай өзімізге қарсыларды итере салып, құлата салып жоқ қыла бермейміз. Біз қарсы пікірлермен солардың өз қаруымен күресеміз.

Ұлтшыл ақынға қарсы екенбіз, коммунист ақын оны жұдырығымен жыға алмайды. О да өзінің ақындығымен күресуі керек. Анадан ақындықты асыруға тырысу керек. Ақындық – ауызға салып жіберетін алма емес, өнермен, еңбекпен табылатын нәрсе. Біздің маркстіл сыншыларымыз көптің алдында осыны дәлелдеп түсіндіру керек. Қазіргі орыс әдебиетінің түсіп отырған жолы да осы.

Орыстар Сергей Есенин, Борис Пильняк сықылды жазушыларын коммунист болмаса да, жазғандарын қатасын айтып, көпке беріп отыр. Сондықтан орыс әдебиеті ілгері басып барады.

Бізге де осы керек. Әдебиет майданында ұлт республикаларының халі басқа түрде. Біздің шаруашылық сауда мекемелерімізде орыс жолдастар істесіп беріп отыр, ел билеу жұмысында да солар. Мәдениет жағынан ауырлық түгелімен қазақ жігіттерінің өз мойнында.

Біздің мектептерімізге қанша құрал керек, сауатсыздықты жою жолында толып жатқан әдебиет керек. Осының бәрін біз қайдан аламыз?

Переуотқа сенуге болмайды. Переуот – осал жағын көрсетіп отыр. Әсіресе мектептерге қазақ тұрмысынан, қазаққа таныс тұрмыстан жазылған сөздер керек.

Сөздің кестесі, сөйлену ыңғайы – бәрі қазақтың

миы ұғатындай болсын. Сондықтан біздің өзімізден шыққан жазушыларды іске асырып, қатасы болса түзетіп, соларды баулу керек. Түзетуші, қата көрсетуші маркстіл сыншы болу керек. Жазушыға да, сыншыға да газет бетінен орын берілу керек. Қазақстанда баспасөздің өсуі – жалпы жұрттың өсуге бет қойғандығының белгісі. Биылғы қазақ былтырғы қазақ емес. Жылдан жылға халықтың тілегі зорайып келеді. Сондықтан біздің баспаөздің де міндеті үлкейіп отыр: жыл сайын бір табалдырық жоғарылаймыз, жоғарылаған сайын біздің міндетіміз артады.

Биыл да былтырғы ұстайтын ұранымыз – өмірге, тұрмысқа жанама жүр – деген болу керек. Өмірден алыстамай, өмірдің мұң-мұқтажын жазып отырса, баспасөз өз міндетін атқарғаны.

ҚАЗІРГІ ДӘУІР – ІС ДӘУІРІ

Қазақстан өңірінде жастардың міндеті өте-мөте зор екенін дәлелдеп қажеттігі жоқ. Жастар төңкеріс заманының қазанында қайнап өсті. Жастардың мектебі алысқан, тартысқан тұрмыс болды. Бұрын кітапта айтылатын нәрселердің көбін жастарға өмірдің өзі көрсетті. Бұл жастардың заманынан алған олжасы. Мұнымен қабат жастардың өзгелердің алдында табиғи артықшылығы да бар. Жастың жүрегі тезірек қызады. Жаңалыққа да жас тезірек аяқ басады. Елді жасартатын – жас.

Бірақ жастың бұл сықылды артықшылығымен қатар, оның кемшілік жері де аз емес. Жас жаңа пікірге тез түседі дедік әлгінде. Жаңа пікір деп нені айтамыз? Біреудің ойына келмегенді айтқанды жаңа пікір тапты дей аламыз ба? Ылғи ескілікке қарсыны жаңа пікірге санай аламыз ба?

Мысалы, біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі: Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарау керек? Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, жаңа сықылды. Бірақ бұның негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз.

Біз өткен заманнан осы күн­гі­нің арасын шорт кесіп тастамаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз ешуақытта да айта алмаймыз.

Ескі де бір кезде жаңа болған. Мысалы: Европаның капитализм негізіне құрылған тұрмысын алайық. Капитализм осы күні ескіріп келеді. Кей жерде капитализмнің түбірі шіріп құлап та қалды. Бірақ бір кезде капитализм де жаңалықтың азаншысы болған. Европаның феодализм заманын құрту жолында, европаның патшаларымен, корольдерімен күресу жолында капитализм үлкен қызмет істеген. Бұл жағынан қарағанда капитализм адам баласына пайдалы, оның тұрмысын ілгері бастыруға себеп болған.

Бірақ капитализм кейін келе нашар жұртты феодализм заманынан да жаман қылды. Бұрынғы тап тартысы капитализм заманында ойласа тапқысыз халге келді. Бұрынғы құлдық былай қалып, екінші құлдық туды. Дүниенің тірегі ақша (капитал) болды. Адамшылық ілгері басудың орнына бірін-бірі езіп-жаншып, қайта кері кететін болды. Капитализм осылай болғаннан кейін ескірді. Өзгеруге бет қойды. Кей жерлерде бұл тұрмыс тіпті өзгеріп кетті. Біз капитализмнің арқасында туған теңсіздікті жойдық. Капитализмнің тәртібін жойдық. Бірақ біз капитализм заманында табылған өнерді, ғылымды жоямыз деп айтпаймыз. Біз капитализмнің дәуірінде күшейген техниканы (шеберлік) жою түгіл, қуанып отырып өз пайдамызға жұмсаймыз. Біздің айтатынымыз: өнер-білім капитализм заманында азған­тай ғана кісілердің еншісі болса, енді онымен жалпы жұрт, көп пайдалансын, бұрын техника аз адамдарды байыту жолында қызмет қылса, енді ол жалпы халық шаруасын, тұрмысын түзейтін болып пайдаланылсын дейміз. Сондықтан біз іске жарайтын ескіден жиренбейміз, біз оны өз керегімізге жаратамыз. Әлгі Абайға қайта келейік. Абайдың біз шәкіртіміз деп, әрине, айтпаймыз. Бірақ Абайдың сабақ болатын жері де бар. Абай – анық ақын. Абай әдемі сөздің ұстазы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек. Абай құр ғана ақын емес, ол бір белгілі заманның адамы, заманында болған кертартпа­лыққа, бұзақылыққа Абай қарсы болған. Оның сынаған, оның мінеген тұрмысы осы күні, әрине, өзгерді, бірақ әлі өзгермеген, жетпеген жерлері де бар. Олай

болса, осы күнгі кем-кетіктерімізбен күресу жолында Абайдың іске асатын сөздері әлі де толып жатыр.

Біз «ескі», «жаңа» деген сөздердің арасын тым жадағай, құрғақ түсінбеуіміз керек. Бұл екеуінің арасында байлам бар, қатынас бар. Қыс пен жаздың арасында жазғытұрым бар. Ескі мен жаңаны екі ортасындағы байламымен бірге түсіну керек.

Жаңа пікірлі жас деп біз осыған түсінетін жасты айтамыз. Осы күнгі жастардың едәуірі бұл айтылған негізді дұрыстап әлі ұғынған жоқ. Кейбіреулері тым ескішіл. Қазақстанның осы күнгі өмірін алмай, өткендегісін алады олар. Олардың болашағын бүлдіру үшін осы күнгіні өткен заман қылу керек. Дүниенің бәрі бұрынғыдай болса егер дейді олар: Қазақтың жерін келешек алмаса егер. Қазақтың халі Кенесары, Абылайдың заманындағыдай болса егер. Осылар болса, сонда қазақ қандай жақсы болар еді.

Бұлай болмай қалғандықтан осы күні қазақ қандай жаман. Олай болса мен өткеннің жыршысы, менің көңілім жалғыз өткенді ғана сүйеді, болашақты бүлдіру үшін келіндер Кенекеме кейін қайтайық. Баян батырды жоқтайық.

Бұлай деушілер біздің жастардың арасында жоқ емес. Бұл туралы көзді жұмып, өзімізді өзіміз алдамау керек. Алдымызда тұрған қиыншылықтарға анық қарау керек. Анық қарай білгендер бұны көріп отыр. Өзінше бұл айтылғандар жаңа пікір, бірақ бұл ескіні көксеген, тозып-шіріп қалған қаруды қолданған пікір. Бұл пікірмен біз елді ілгері бастырудың орнына кері кетіреміз. Олай болса, бұл айтылған ескі пікір. Бізге жарамайтын пікір. Біз болашақты ескіге тіреп емес, осы күнгі өмірге сүйеніп болдыру керек. Қазақстанның кеңес одағымен жолы бір, бірақ сол жолмен жүргенде өз тізгінін өзі ұстап отыруы керек. Бізге өз тұрмысымызға лайықталған шара қолдану керек. Жер мәселесі бар, мекемені қазақтандыру мәселесі, халық ағарту жұмыстары. Осының бәрі Қазақстан тұрмысының қақпайлаған жағына қарай бейімделіп отыруы керек.

Бірақ осының бәрі осылай болсын дегенде біз түтелімен өткенге сүйенбейміз. Біз Кенесары, Абылайдың заманында қазақ пәлендей боп еді деп осы күнгіні істемейміз. Біз Қазақстан жеріне өз бетімен келімсек келмесін десек,

баяғы орынсыз өмір сүрген заманды көксемейміз. Біз мекемелер қазақтандырылсын десек, баяғыда ылғи қазақ би болған дәуірді сағынып айтпаймыз.

Қысқасы біздің осы күнгі тілегіміз өткенге тірелмейді. Күні бүгінгі өмірімізге сүйенеді. Жоғарғы айтылғанның бәрі бірге керек. Біздің бүгінгі өмірімізге керек. Біз Қазақстанның баяғыдағы абыройын жоқтап жүргеміз жоқ. Осы күнгі тірі отырған Қазақстанның тұрмысын жөндегелі жүрміз.

Сондықтан өмірге жанаса түсу керек. Өмірден жиіренбей, қайта оны үйрену керек. Басынан жоғары халық секіре алмайды. Осы күнтіні қолға алып, осыдан әрі қарай адымдау керек.

Екінші түрлі жастар бар. Бұлар тым «жаңашыл», тым солақай. 22-ші жылы Ленин «Коммунизмнің ішінде солақайланған балалық ауруы» деген кітап жазды. Ол кітапта Ленин Күнбатыс Еуропаның әсіре қызылдарына тоқтау айтты. Ол кітап жазылғаннан кейінгі оқиғалар Лениннің сөзін дұрысқа шығарды.

Әрине, біздің солақайларды Күнбатыс Еуропаның орындарымен салыстыруға болмайды. Бірақ сыңарезу солақайлардың бәріне бірдей жалпы әдеті бұларға өздерінен басқа ешкім жақпайды.

Француздың бір патшасы айтқан екен: менен кейін топан суы қаптасын деп. Солақайлар бұл сөздің астарын айналдырып, былай дейді: менен бұрын жердің бәрі топан болған.

Расын айту керек, жастардың ішінде осылай деп жүргендері де бар. Бұлардың ойынша шын коммунистер де осылар, жақсы адамдар да осылар, ел билеуге жарайтын да осылар, қысқасы бәрі осылар.

Осы күнгі тұрмыс, бұлардың ойлауынша жәй әшейін әлде қалай бола салған бір нәрсе, байқаусызда пештің төбесі жабылмай қалып, үйде угар болған сықылды. Анау да жаман, мынау да жаман, үшінші де, төртінші де оңды емес. Бәрінен мен оңды. Мен болсам бәрін түзеп жіберер едім.

Себебі: менің көңілім таза. Мен баққұмар, шенқұмар емеспін. Мен нағыз коммунист.

Әрине, бұл сықылды «пікірді» айтушыларды да мақтауға болмайды. Марксизмнің көзқарасынша, біз ойды тұрмыс жетектейді деп түсінеміз. Ұғымды қылып айтқанда бұл былай деген сөз. Адамның ойы оның жүрген

ортасына қарай өзгереді. Адам ортасы шаруашылық ыңғайына қарай құрылады. Шаруашылық ыңғайын халықтың өндіріс күші белгілейді.

Сонымен түпкі негіз – халықтың өндіріс күшінде. Қазақ неше күн еңбек етіп, неше күн жай жатады, мәселенің тетігі, міне, осында. Қазақтың еңбегіне қарай шаруасы бар. Шаруасына қарай ортасы бар, ортасына қарай адамы бар, адамдары, әрине, әр түрлі. Бірақ бәрінің түйіні қазақ тұрмысы. Бәріміз де сол тұрмыстың кемерінің ішіндеміз.

Олай болса, тұрмысқа жеңіл қараған, «маған берші осы тұрмыс дегенінді, мен қазір өзін жөндеп берейін» деген сықылды сөздер негізсіз құрған әңгіме.

Біз осы күнгінің бәрін қырқып тастап, жаңа төңкеріс жасамаймыз. Жөндегенде аспаннан аяғы салбырап түскендер(дің) керегі жоқ. Өзіміздің тұрмыстан шыққандар керек. Тұрмысты танитындар, тұрмысты үйренуге көңіл қойған жастар бірігуі керек. Біз(ге) көкке қарағанды қойып, жерге көз салу керек. «Бетті ауылға бұрсақ», ауызды да ауылға қарай бұру керек. Бетімізбен ауылға қарап, аузымызбен басқа жаққа сөйлесек, қисық бет болып кетуге қауіп бар. Неғұрлым қисық беттілерден сақтану керек.

Қазақстанның еңбекшілеріне солақай сөз ас болмайды. Тұрмыстан туған жақсыларымыз мұны ұғуы керек. Тұрмыстан тысқары жағы болып жүргендер мейлі жүре берсін.

Жалпы кеңестер одағы бетті ауылға бұрғаннан кейін үлкен, жаңа дәуірге кіріп келеді. Бұл жаңа дәуір Қазақстан өмірінде басталды.

Қазақстан коммунистерінің (әсіресе, жастарының) ішінде кім дұрыс болса, кім кеңес өкіметінің жаңа жолын дұрыстап түсінген болса, кімде-кімнің қолынан іс келетін болса, солардың бәрі бірдей жұмысқа тартылсын. Істің-жұмыстың дәуірі туып келеді.

ҚАЗАҚ ... ТАРИХЫНАН!?

Тарих халықтың өткен өмірін көрсетеді. Тарихты оқып, біз баяғыдағы ата-бабамыздың істерімен танысамыз. Тарихты біліп, бұрынғы дәуірге баға береміз, мін айтамыз.

Тарих халықтың өмірін жазады. Халықтың өткен

өмірі – қазіргі тұрмысқа сабақ, болашаққа әбсана. Өткеннің жақсылығы да, жамандығы да сабақ. Жақсылығын көріп, қазіргіге өнеге қыламыз. Жамандығын біліп, бұдан былай сақ болуға тәжірибе аламыз. Бұл екеуін салмақтап отырып, қазіргінің халімен салыстырып, алдымыздағыны болжаймыз.

Қазақта әлі жазылған тарих жоқ. Елдегі ақсақалдардың кейбіреулерінде «шежірелер» бар. Әуелі Қазақ болыпты, Қазақтан Созақ туыпты. Созақтан пәлен туыпты. Пәленнен пәштуан туыпты...

Әрине, бұл тарих емес. Бұндай тарихтан өткенді де біле алмаймыз, қазіргіге өнеге ала алмаймыз, болашақты да болжай алмаймыз.

Шежіре шын тарихшылдыққа жарауы мүмкін. Шежіренің тарихшыға болмаса, жалпы жұртқа пайдасы жоқ.

Сондықтан қазақ жұртының тарихын жазу – қазақ білімпаздарының алдында тұрған зор мәселе. Осы күні екі-үш жерде қазақ тарихы жазылып жатыр деп те естіміз. Бірақ әлі дүниеге шыққан еш нәрсе жоқ. Бұл тарихшылардың еңбегі тез арада дүние жүзін көруіне тілектес болып, әзірге қолымызға түскен «Қазақ тарихынан» деген Қошке Кемеңгерұлының кітапшасы туралы азбынша пікірімізді айтып өтпекпіз.

Бұл кітап жуырда шықты. «Қазақ тарихынан» деп жазушысы дардитып ат қойыпты.

Бұл кітапта өзінше әр мәселенің басын қозғаған, әр нәрсені жазушының өзі айтқандай «шолып» өткен. Кітаптың өзінде «шолып» өткен әңгімеге біздің де тоқтап тұру ойымызда жоқ. «Сабасына қарай піспегі!». Сабаға симайтын піспек тығу – қасақының жұмысы.

Әйткенмен, кітап – қызық кітап. Әсіресе аяқ жағында «тым тарих» емес нәрселер жазылған жері қызық. Қ.Кемеңгерұлының шолып өткен жерлерін біз де шолып өтіп, соңында жазылған тын тарих емес жерлері туралы бір-екі ауыз сөз айтпақпыз.

Қ.Кемеңгерұлы жазады: «Тарих тексеруден екі мақсатқа бірден жетеміз: 1) Қандай шарттардың қазақты қазіргі күйге келтіргенін білеміз. 2) Бұдан былай қазаққа қандай болудың қолайлылығын білеміз».

Қандай шарттарға сүйеніп Қ.Кемеңгерұлы қазақтың болашағын біледі екен? Енді соған келеміз.

Қ.Кемеңгерұлының айтуынша «Қазақ тұрмысына

өзгеріс Русияға бағынғаннан бері кірді». Біз бұл пікірге таласпаймыз. Сондықтан қазақты қазіргі халге әкелген «шарттардың» бәрін соңғы заманнан іздеу керек.

Қ.Кемеңгерұлы айтады: «Қазақ білім жағынан өрнек алмаса да, жаман мінездік жағынан асырып жіберді. Қалаға келсе карта ойнап, арақ, сыра, коньяк ішуге құмарланды. Сатылатын қыздар жиған үйге барғыш болды».

Әрине, бұл сықылды жаман мінездердің орысқа жақын қазақтардың ішінде бірен-саран болғаны рас. Бірақ бұл туралы Қ.Кемеңгерұлы жалпы қазаққа текке жала жабады. Жалпы қазақтың бұл мінезбен бұзылғаны жүзден біреу де болмайды. Сондықтан бұны бүкіл қазақтың басына келген уақиға деп қарауға болмайды. Сібірдегі түнгүс сықылды халықтардың пәлесі қазақта болған жоқ. Оған дәлел – қазақтың кейбір Сібір ұлттарындай жоғалып кетпегендігі.

«Өкіметтің (патша өкіметі – Д.Қ.) тарихи зорлықтарының жемісі, – дейді Кемеңгерұлы, – қазақтың құбыжығы, қорқатын құдайы – «пыратакол», не «жылтыр түйме» не «картоз» болды. Осы үшеуі жүрген жерден қазақ албастыдан қашқандай зымырап қашатын болды».

Кемеңгерұлы бұнысы әдемі айтылған. Бірақ, тым аз айтылған.

Бұл үшеуінен басқа орыс өкіметі қазақ ішінде қандай құдай жасамады?

«Жылтыратып орысын
Шенді шекпен жапқанда,
Арқаға ұлық қаққанда,
Мәз болады болысың»

қайда?

Бұл құдай емес пе? Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген билер қайда? Бұлар құдай емес пе еді?

Әрине, бұлар да – құдайлар. Сондықтан Кемеңгерұлы толып жатқан басқа құдайлар туралы сөйлегісі келмейді. Бәлки, ол орыстың берген «шарттарын» ғана айтамын дейтін шығар. Біздіңше, қазақ тарихының уақиғаларының көбін «мынаны орыс берді, мынаны өз жамандығымыздан істедік» деп айта аламыз. Әрбір халықтың тұрмысы сыртқы дүмпуге бір қозғалса, ішкі дүмпуге екі қозғалады. Қазақ жұрты орысқа бағынған-

нан орыстың өкіметінің істеген зорлықтары көп, бірақ орыссыз, өзіміз жеке отырсақ, оның бәрі болмас еді, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын, бақытты, әділ ел болып өсер едік деу қате. Әрбір елдің шаруашылық, мәдени болашағы бар. Ерте ме, кеш пе ол болашақ болмақшы. Сыртынан пайда болған уақиғалар ол болашақтың болуын не тездетеді, не шабандатады. Тұрмысты танымастай өзгертіп жібере алмайды. Ішкі дүмпу болмаса, құр сыртқы дүмпу халықты халықтан шығарды. Бұл – көп тарихтың тәжірибесі. Тағы да айтамыз: Қазақ елінің жоғалып кетпей, жұрт болып отырғандығы ішкі өзінің де дүмпуі бар болғандығын көрсетеді.

Қ.Кемеңгерұлы мұны ұға алмайды. Сондықтан «Қазақ елінің мінез, хұқық жағынан ұғымы – бағасы нөлге жеткендікті көрсетеді» дегені не өзінің не жазғанын білмегендігі, не Қазақ елі кім екендігін тани алмағандығы.

«Бояушы дегенге сақалын бояй ма екен» деген сықылды, орысты жамандаймын деп, кісі қазақты «нөл» дей ме екен?

Ал, енді қазақтың саяси қозғалысына келейік.

Бұл туралы Қ.Кемеңгерұлы былай дейді: «Қазақ оқығандарының арасында екі ағым ашық айырылды: бірі (Әлихан тобы) Күнбатыс мәдениетін жастанып, пәнісләмизм рухынан аулақ қазақ ұлтын жасамақшы болды. Екіншісі (Бақытжан, Сейдалин, Жиһанша тобы) ісләм дүниесінен қол үзбей, қазақтың ісләм туынын астына жимақшы болды.

Соңғы топ «Ай-қап» арқылы өз ойларын таратса да, ақырында өз шаруаларымен айналысып, елшілікті уақытша ермек қылғандығы белгілі болды».

Алғашқы топты Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ» газетінің маңына жинапты. «Қазақ» газеті саясат ауруына қарайтын тамыршы болып, өкіметтің арам ойлы сырларын ашып отырды, – дейді Қ.Кемеңгерұлы.

Біздіңше, Қ.Кемеңгерұлының 1910-ыншы жылғы қазақ оқығандарының арасында болған қырғи қабақты саяси екі ағым деп түсіндіруі, одан кейін «Қазақ» газетін саясат ауруын қарайтын тамыршы деп ұғындыруы – үлкен қате пікір.

«Бақытжан, Сейдалин, Жиһаншалар елшілікті уақытша ермек қылды» деп Қ.Кемеңгерұлының өзі айттып отыр. Мұндай кісілердің «ермегін» саяси ағым деп қалай танимыз? Сондықтан 10-шы жылдарда қазақта

саяси екі ағым болған жоқ. Ол уақыттағы уақиға – та-
лай уақиғалардың арасында болатын әшейін жабайы
(қарапайым сөзінің орнына осы сөз қолданылған. –
Д.Қ.) ғана ұрыс-қағыс. Пәленше-екеңнің «Сөйтсек
қайтеді» деген сөзінен, түленше-екеңнің «өйтпей-ақ
қояйық» дегенінен туған әңгіме.

Сейдалин «Айқап» журналында әртүрлі мәселелер
үшін (көбінесе жер туралы) қазақтың ел адамдарынан
жиылыс шақырайық дейді. Әлихан оған көнбейді. Бар-
ды да екеуі айтысты. Біраз жалыққан соң, айтыс өз
бетімен қалды. «Айқапты» оқыған кісіге мұның бәрі
мәлім. Бұл сықылды айтыстар осы күнгі газеттерде екі
күннің бірінде болады. Оның бәрін саяси ағым дей бер-
сек, жер жүзінде адамнан «ағым» көп боп кетер.

«Қазақ» газеті «Айқаптан» анағұрлым ілгері болды.
Бұл газет қазақ емлесін туғызды, қазақ тілін көркейтті,
елге саяси әңгімелерден бірінші мағлұмат берді. Бұл
туралы «Қазақтың» істеген қызметі мол. Бірақ бұның
бәрі шын саяси жұмыс емес. Саясаттың ауруларының
тамыршысы болғандық емес. Жалғыз газет шығарумен
саясаттық табылмайды. Русияда газет шыға бастағаны-
на екі жүз жылдан асты. Бірақ анық саяси партиялар
19-ыншы ғасырдың орта кезінен былай туды. Осы күні
коммунист партиясы жасағанына 26-ақ жыл болды.

Саяси іс партиямен істеледі. Жұрттың бәрі жақсы
пікірде болғанмен, оларды біріктіріп отыратын, керекті
жерде еріксіз жұмсайтын бір ұйым болмаса, ешкім еш-
нәрсе істей алмайды. Осы күнгі заманда бір саясаттың,
бір беттің адамдары партия болып бірігеді. Партияның
әр мәселеге анықтап алған жолы, тоқтаған әдісі бола-
ды, амал-айласы болады.

Бұның бәрі, әрине, «Қазақтың» маңайында құралған
адамдарда болған жоқ. «Қазақ» қазақ жұртының кемдігін
айтты, нашарлығын айтты. Ол кемдікті қалай жою керек,
нашарлықтан қалай құтылу керек, қандай әдіспен, қан-
дай ретпен – бұның бәрін «Қазақ» айтқан жоқ.

«Қазақты» басқарған кісінің бірі Міржақып Дулат-
ұлы ең «саясаттың» ең ортасында жүрген кезінде өзі
туралы былай деген:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!

Міржақып алаштың өзінен сұрайды. «Жараса пайдалан» дейді. «Біз мынаны былай істейміз, ананы былай істейміз. Мынадай мәселені былай шешеміз, анадай мәселені бүйтеміз» деген мұнда жоқ. Бұныкінің көбі – «солай болар ма еді» деген құр тілек.

Сол құр тілекпен «Қазақтың» маңайындағы қазақ оқығандары ұлы төңкеріске дейін келді.

Біздің бұл пікірімізді Қ.Кемеңгерұлының өз сөзі де дәлелдейді: «Ұлы Фебрал төңкерісінің толқынымен жеке адамдардың қиялындағы автономия пікірі әлеумет алқасына түсіп, іске аса бастады», – дейді ол.

Сондықтан төңкеріске дейін саясаттың көп мәселелері «жеке адамдардың қиялында ғана келген «автономия пікірі» туралы біз кейінірек сөйлемекпіз. Қазірде саяси партия туралы сөзді аяқтайық. Қ.Кемеңгерұлы қазақ оқығандарынан саяси партия жасаудың жолында қанша тырысса да, құрғақ оқығандардан еш нәрсе шықпайды, бірақ Қ.Кемеңгерұлы қиялынан адаспайды. Өзінше әрбір іске себеп тапқан болады.

10-шы жылдардың алдындағы саяси партиялардың «ақсағандығы» Кемеңгерұлының мынадай себептермен болады: «Оқушы азаматтар бостандықтың буымен қозғалса да (1905 жылғы қозғалыс – С.С.), өкімет құрықты сала бастаған соң, көбінің тауы қайтып, жігері шағылып қалды. «Ай-қап», «жылтыр түйме», «жылы қызмет» деп қайта күресті. «Ілім» дегенге елен қақпай, жарғанаттай жатып алды. Өкіметтің қара қуғын жасаған күндерін де, айдауын да, абақтысын да шымдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы қалды».

Осындай саяси партия бола ма екен? Манағы Кемеңгерұлының қомпитып айтқан саяси ағымдары қайда? Саясатшылар қайда? Кемеңгерұлы «ат төбеліндей азаматты» мақтаймын деп, барлық оқығандарды боқтап алғанын өзі де білмейді. Кемеңгерұлының өзі де білмейтін істері толып жатыр, жалғыз-ақ жануар жүйрік «қиял» бар. Мініп алып «әйт, шүлеп», сабазын, айдай береді.

Кемеңгерұлының 1917-ші жылғы «саяси» партиялары да көп «ақсайды». Бұл кездегі оқиғалар туралы ол былай дейді: «Ұлы-кішілі съездер болды. «Керек», «болсын», деген тілектер жазылды. Бірақ «керек» пен «болсын»-ды іске асыратын кім? Қалайша іске асырылады? Іске асырылатын қазақ ортасы қандай? Мұның бәрі есепке алынбайды.

Әр аурудың өзіне хас емі бар екендігі есте болады. «Заманына қарай түлкісі» деп жорта берді. Екі жамихы арасындағы би намаздың көбімен әлі келе жатырмыз...».

Өз жаназасын өзі оқыды деген осы!

Қ.Кемеңгерұлы ақылды болғанда, тым болмаса 17-ші жылғы күнәні мойынға алу керек еді.

Жоқ, біздің тарихшымыз бұған да өзінше «дәлел» табады. «Дәлелін» оқып көрейік.

«Фебрал төңкерісінің таразысына түскенде, бір табақта – орыс өкіметінің тарихи тепкісінің арқасында езілген қоян жүрек қорқақ, өзінен басқаға сенбейтін (оқығандарға да ма? – С.С.), алдағыш, өтірікші, баққұмар, парашыл қазақ бұқарасы болды. Екінші табақта қазақ оқығандары болды, бұлардың көбі-ақ қасқыр тісті «сабаздар», ұлтқа жанғыш маймылдар еді. Ол кездергі ақ-жүрек жастарда тұрмыс тәжірибесі болмады. Енді қалған үркердей халықшыл азаматтар «парламентаралық идеялық» көзқараспен миланған. Басқа саяси партиялардың істерімен таныс болмаған еді».

Тағы да таяқ жейтін сорлы қазақ. Ол бейшара әрі езілген, әрі қоян жүрек! Әрі қорқақ! Әрі алдағыш! Әрі өтірікшіл! Әрі баққұмар! Әрі парашыл! Жаным-ау, бұл сықылды «боқ» қазақ қай жерде мекен сүреді?

Қ.Кемеңгерұлы әбден ызаланған соң, белгілі Харузиннің мынадай қыртылын жазады: «Қазақ баласы сүйекке біткен күшімен жасында зирек болады. Өсе келе тума күші азайып, жігері жоғалып атадан көшкен қуат, жігер болмаған соң жасып кетеді» (56-бет). Сүйекке біткен күші несі? Атадан көшкен қуат, жігердің болмағаны қалай? Атасында болмаса, сүйегіне қайдан бітеді? Сүйегінде болмаса, атадан неге жоқ? Осы секілді миға келмейтін Харузиннің қыртылы Қ.Кемеңгерұлының ғана керегіне жарапты! Қ.Кемеңгерұлының жақсы көретін бір-ақ адамы бар. Ол – Әлихан. «Ат төбеліндей ер азаматты баулыған – Әлихан», – дейді ол. Бірақ саяси жолда түк істемегеннің ішінде Әлихан да бар. Сонда да Қ.Кемеңгерұлы Әлиханға ұрысқысы келмейді. Өзге жұрттың қолынан іс шықпаса, ол олардың жамандығына жатады. Әлиханға келгенде, Қ.Кемеңгерұлы былай дейді:

«Баста Әлихан саяси іске езілген елі үшін амалсыздан кірді. Ұлтын өте сүйген жүрегі біраз жылдар Әлиханның тума пікіріне қарсы жолдарға да түсірді.

Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл Әлиханға қара тұрмыстың кіріне былғанып саясат сандалына түскенше, пән жолына түсіп, жоспар көрсетуі керек еді. Саясаттың бұлақ-сұлтағысы көп, еп алдауды керек қылады. Әлиханда бұл мінез жоқ».

Бұл сөзімен Қ.Кемеңгерұлы Әлиханға аюдың қызметін істейді. Мақтаймын деп боқтап алды.

Саяси адамның мақтауы оның дұрыс саяси жол көрсете білгендігіне тіреледі. «Жүрегің жақсы, көзің жақсы, аузы-мұрның да онды» дегеннің бәрі қанша жақсы болғанмен, саяси партияны қанағаттандырмайды. Жай «жақсы» адамдар жер жүзінде толып жатыр.

Сөзімізге қорытынды бергенде, мақаланың басында айтқан пікірге келеміз. Қазақ оқығандарының арасында 1905-ші жылы, 10-шы жылы да, 17-ші жылы да саяси негіз салынған партия болған жоқ.

«Қазақ» маңайында құралған оқығандар – халық ағартушылар. Орысшалағанда бұларды «просветительдер» дейміз. Орыстың бірінші просветительдері Ордин – Ташокин, Хворостин, Кастошихин, кінәз Галицын дегендер бұдан екі жүз жылдан әрмен шыққан. Орыстың бірінші әліппесін жазған Ломоносов өлгелі жүз елу жылдан асты. «Қазақ» маңына құралған біздің оқығандарымызды ең мақтағанда сол орыстың просветительдеріне теңеуге болады. Кешегі 19-шы ғасырдың орта кезінде өткен орыстың халықшылдары Михайловский, Лавров, Герцендер. Біздің оқығандарымыздың өткенін бұлармен де салыстыруға болмайды. Михайловскийлердің белгілі саяси жолы болды. Бұлар орыстың мұжығын капитализм тұрмысынан аттатып, тура социализмге жеткіземіз деп, бұл туралы кейінгіге қаншама саяси әдебиет қалдырды. Біздің ескі оқығандар артында түк саяси еңбек тастаған жоқ, қазақ ауылының атын біледі, затын білмейді. Қазақ шаруасын тексерген біреуі жоқ. Жер мәселесін, кәсіпшілік шаруасын кітапқа жазып, өздерінің бұл туралы пікірлерін көптің алдына салған жоқ. Құр тілек «соң, ретіне қарай көреміз» дегеннен басқа түк жоқ.

Сондықтан бұлар 1905-ші жылы, «өкімет құрықты сала бастағанда», жігерінен айырылып қалды. Сондықтан бұлар 1917-ші жылы «керек», «болсын»-нан басқа түкті білмеді, сондықтан бұлар 1918-ші жылы Колчак тұсында «жын ойнағы» болған қазақ даласында дали-

ып босқа жүрді. Сондықтан бұлар «екі жамихы арасында би намаздың» кебімен әлі келе жатыр?

Мақаламыздың бас кезінде Қ.Кемеңгерұлының тарих жазғандағы көздеген мақсатын айттық.

«Бірінші, қандай шарттардың қазақты қазіргі күйге келтіргенін білеміз, екінші, бұдан былай қазаққа қандай болудың қолайлысын білеміз», – деген дедік.

Қазақты қазіргі күйге келтірген Қ.Кемеңгерұлының түсінуінше, көбінесе қазақ оқығандарының жамандығы (орыстың қол астына қарағандық, келімсектің көбейгендігі де анда-санда жерде сүйкеп өтіледі, бірақ бұл туралы болашақта қалай болу керектігін Қ.Кемеңгерұлы сөйлемейді). Қазақ жұрты бұның кезінде болса, бұл «нөл», өңшең жаман, өңшең жасық. Сондықтан ондай жамандардың ішінен саясатқа күш іздеп Қ.Кемеңгерұлы әуреленбейді. Ойланбастан барлығын апарып, «таразының» бір жағына үйе салады. Қазақтың қара бұқарасының ішіндегі ала-құлалық Қ.Кемеңгерұлына жоқпен бірдей. Қазақтың байы кедейін жемейтін сықылды. Байдың зорлығында кедей өмір бойы жүре беретіндей.

Шаруашылықтың негізі өзгерген сайын, бұл екі топ біріне бірі қым-қиғаш келіп, ақырында тап тартысы туатынды Қ.Кемеңгерұлы ұғынбайды.

Түбінде төңкерістің «таразысының» бір жағына езілген тап, екінші жағына езуші тап түсетінін «тарихшымыз» тағы сезбейді.

Қ.Кемеңгерұлының тарихты «зерттеп», оның шарттарын «тапқан» сиқы осы. Бұл шарттармен қолданып, Қ.Кемеңгерұлы қазіргі халге түседі. Қазіргі хал туралы жазылған сөздер – «тарихтың» ең қызық жері.

Осы күнгі жастар мен кедейдің ел билеп отырғандығы «тарихшыға» тым-ақ жақпайды. Бірақ кеңес өкіметін жамандау тағы қиын. Бір жағынан мақтау керек. Бір жағынан боқтау керек. Қызыл «шайтан» шақта дейді, ақ«шайтан» боқта дейді. Шешініп көлдің жиегіне келіп, бір аяғын суға салып, бір аяғын құрғаққа қойып, жүрексініп сескенген қыздар сықылды, Қ.Кемеңгерұлы біраз тұрады да былай дейді: «Жастар мен кедейдің өкімшілігіне ел көзінің үйренгендігі – үлкен олжамыздың бірі... (бірақ! – С.С.) бірақ, бақытсыздыққа қарсы, сол жастардың, кедейлердің өте көпшілігі күтілген үмітті орындамай отыр» (62-бет).

Бұл – Қ.Кемеңгерұлының бiссiмiлдасы ғана; азырақ суға бойын үйреткенi! Бұдан әpi қарай «тарихты» батыр қиялдың қолына тағдырын әбден тапсырады.

- 1) «Шаруа шалажансарлыққа айналды», – дейдi;
- 2) «Ауру, өлу көбейдi»,
- 3) «Ашаршылық өлшеусiз күшейдi»,
- 4) «Мектептер жабылып қалды»;
- 5) «Шығып жатқан кiтаптар жоқ» ... тағы-тағы басқалар.

Бұдан кейiн ел iшiндегi ячейкалар жастар ұйымдарының iстеген «iстерi» есептеледi. «Бостандық туының» 28-шi нөмiрi де iске жарайды. «Мұрат ақсақал», «Бұрсық бұрке» – бәрi де бұртаңдап, Кемеңгерұлының қиялына қызмет етедi. Ақырында ақылды жазушы бiзге қарап ақырады. «Бұның бәрi ненi көрсетедi?». Азырақ ашуы саябырлаған соң ақылды дауыспен отағасы жауап бередi: «Ұранды үндеумен таптық естiң кiрмейтiндiгiн көрсетедi».

Қ.Кемеңгерұлы тағы ашуланады: «Бұдан бұрын қазақтың, – дейдi бұл, – қорқатын үш құдайы («пыр-такол», «жылтыр түйме», «картоз» – С.С.) қалып, олардың орнына үлкен «құдайы» болды, қысқасынан айтқанда, екi олжамызды сегiз кемшiлiк күн сайын басып, жоққа айналдырып, қазақтың келешегiне үмiтсiз көзбен қаратып, қазақ елiнiң жоғалу қаупiн көзге елестетедi. Патшалық дәуiрiнде – ақ мiнез шаруа тағы ақсай бастаған. Қазақ елiне мына кемшiлiктер жығылған үстiне жұдырық болып, «болу не болмау» мәселесi туып, айырық жолдың үстiнде қалай жүрерiн бiле алмай, қазақ елi тұр...»

Ләһиаләһа – алла-алла!!! Ақырзаман болардың алдында сақтай гөр, құдай, жанымызды!..

Қ.Кемеңгерұлы қазақты тiптi жер үстiнде қойғысы келмейдi. «Қазақ өлмейдi, ел болады?» деп айтатындар табылар, күн бұрын жауабын берiп қояйын деген кiсiше, мынадай «әулиелiк» айтады: «Бұл бiр уақытша кедергi. Тарих ағымымен қазақ елi қалқып отырып, жылы қонып мәдениет жүзiнде ержетедi дегендердiкi де адасқандық. Бұл таршылық қазақ басына түскен аса қайғы емес, басқа елдерде де осылай, «жұртпен көрген ұлы той» дегендердiкi де адасқандық... Шаруашылық өзгерiсiнде ордалы халықтардың жоғалғандығы тарихқа таңсық емес. Тарихи мысалдар: ыспандар Иамайкеге

орныққан соң 50 жылдан кейін тұрған халықтан бір жан да қалмаған, бәрі де бәрі де шаруа қалдығымен құрып біткен. Англияда ірі шаруалар күшейіп, ұсақ егіншілер жоғалып кетті».

Қ.Кемеңгерұлының бұл сөздері басынан аяғына дейін шып-шылғы шатасқандық. Ең әуелі Англияның ұсақ егіншілерінің халіне келейік. Бұлар, Қ.Кемеңгерұлының түсінгеніндей, мұнда жер жүзінен жойылып кеткен жоқ. Ұсақ егіншілердің көбі жаңа шыққан фабрик-зауытқа жұмыскер болды. Кейбір ұқыпты пысықтары өздері фабрик иесі болып алды. Сондықтан Англияның халқы қойнынан төгілсе, қонышына құйылып, айналып келгенде, жалпы Англияның жұрты өспесе, өшкен жоқ. Бұл сықылды «өлімнен» фабрик-зауыт татын жерде отырған қазақ кедейлері қашпайды, қайта қуанады. Қазақстанда кәсіпшілікті туғызу – біздің бұл күнгі үлкен мәселеміздің бірі. Кәсіпшілік туса, жұмыскер керек. Жұмыскерді беретін қазақтың ұсақ шаруасы. Сондықтан Қ.Кемеңгерұлының бұл қауіпі – құр қиял. Ірі кәсіпке кіріп, жұмыскер болғаннан қазақ кедейі өспесе, өшпейді.

Қ.Кемеңгерұлының Иамайкені мысалға алғаны да қиялының тым жүйріктігін көрсетеді. Иамайканың аралында ыспандар 1558-ші жылы орнады. Одан бері 367 жыл өтті. Ол кездегі ыспандардың шаруашылық тәртібі осы күнгі кейбір қазақтан төмен еді. Иамайкенің халқы ыспандардың шаруа дүмпуімен қырылған жоқ. Ыспандар көбін түп-тура қойша бауыздап тастады.

Қазақ жұрты орыспен таласып, тартысып отырып, Русияға мойынсұнды. Қазақ даласына орыс капиталының тырнағы 19-шы ғасырдың аяқ кезінен былай тие бастады. Содан былай өкіметтің жәрдемімен қазақ даласын келімсек қаптай бастады. Келімсекпен тартысу, әрине қиын болды. Бірақ, қазақ жер жүзінен жойылып кеткен жоқ.

Қазақпен ертеден жауласып араласқан – казак-орыс. Казак-орыстың едәуірі қазақты жоюдың орнына өздері жойылып кетті. Қарқаралы, Ақмола уездерінде қазақша үй ішінде сөйлесіп, қазақша киіз үй тігіп, көшіп қонып жүретін казак-орыстар әлі бар.

19-шы ғасырдың аяқ кезінде (қай жылы екені есімде жоқ) жағрапия ұйымының Омбыдағы бөлімінде Қата-наев деген казак-орыстың эпитсері баяндама жасаған.

Катанаевтың айтуынша, казак-орыстар Семейді алғанда, осы күнгі Кереку үйезінде бір қазақ болмаған. Соңғы (19-шы) ғасырдың ішінде қазақтар ол жерді түгелімен алып бітіп, Ертістің он жағына тұяқ салған. Катанаев: «Қазаққа қарсы қару қолданалық, қазақ бізді басып барады» деп, жолдастарына үгіт айтқан.

Осы күнгі Сібір шойын жолы салынған жердің орны, Ертіс бойы баяғыда «Ащы сызық» («Горькая линия») деп аталған. Бұлай делінуі себебі: бұл жерде казак-орыстың әскері тұрып, қазаққа қарсы қамал болған. Ақырында әскерлер жерге жазылып, жабайы халық болып тұрып қалған.

Н.Петропавловский дегеннің «Есіл мен Тобыл бойында» деп жазған кітабы бар. Бұл кітапта Петропавловский былай дейді: «Сібірдің мұжықтары» әуелде тынышталған жайлы жерге келген жоқ, қазақ сықылды жаужүрек халықтары бар шет жерге келді. Қазақтар өзінің ол жерге қожа екенін көпке дейін ұмытпады. Қазақтар мұжықтардың малын айдап, қаласын күйдіріп, көп заманға дейін мазасын алды. «Киргиз!» деген сөз ол кездегі мұжықтың соғыс ұраны еді. Кей кезде өзеннің екі жағына екеуі шығып алып атысқанда, өлген жұрт биік жардан төмен қарай топырлаушы еді. Қазақтардың мерген оғы талай мұжықты дөп құлатушы еді» (Жағырапия ұйымының Омбыдағы бөлімі шығарған 7-ші кітабы, 16–17-бетінде).

Бұған қарағанда 1847-ші жылғы Кенесарының қозғалысы былай тұрсын, жалпы жабайы қазақ орыспен көп төбелесіп барып мойынсұнған. Өкімет жәрдемімен келімсек келместен бұрын қазақ даласында қазақ пен орыстың қару күші теңбе-тең-ді.

Сондықтан қазақ қырылып қалған жоқ. Олай болса қазақты Иамайкенің халқымен салыстыруға тағы келмейді.

Жүз жылдан бері қырылмаған қазақ енді де қырылмайды. Кемеңгерұлы қазақ жұртының басына «жеті тамықты» орнатып, аштықты да, ауруды да, қараңғылықты да, қапасты да туғызып отыр.

Біздің тарихшылар мен тамықшыларға айтатынымыз: аштық әлдеқашан жойылған, қазақ жұрты өзінің мол күшін тарих алдында көрсетті. 18–19-шы ғасырларда Иамайкенің аралындағыдай қырылып қалмайтынын бір дәлелдесе, 20-шы ғасырда ірі төңкерістің ірі соққысына да қарамайтынын, шыдайтынын екі дәлелдеді.

Бұдан 7 жылғы қазақ пен биылғы қазақ бір емес. Бұны ұғынбаған өзінің кім екенін әлі таныған жоқ. Қазақтың шаруасының күйзелгені де рас. Бірақ Қ.Кемеңгерұлы тұрса, қалтасынан қазаққа мал берер ме еді? Қазақ шаруасының күйзелуі – жалпы жер жүзінің тұрмысының өзгергендігінен. Мысалы: төңкеріс түгіл ешбір соғысты көрмеген Ыскандинауиа патшалықтарында да осы күні үлкен қымбатшылық, жуырда ғана жұмыскерлері ақылары аз болып, тұрмысы нашарланғандықтан қоқан-лоқы көрсетіп, жұмысын тоқтатып, шатақ істеді. Бүкіл жер жүзі шайқалғанда қазақ жұртының қаймағы бұзылмай тұра алмайды. Бұны оқыған түгіл қара қазақтың өзі білетін уақыт жетті.

Ендігі біздің алдымызда тұратын міндет – сол шаруаның шайқалғанда төгілгенін толтыру. «Ел көшті, жау кетті» деп Қ.Кемеңгерұлыша жылағанмен түк шықпайды. Жалғыз-ақ шығын көздің жасы, бірақ көздің жасын кедей көже қылып ішпейді.

Қазақ кедейіне ас керек. Енді бұдан былай азаматтың бағасы алты қарыс аузында емес, алақаны мен істеген еңбегінде.

Қазақ еңбекшілері ілгері басуға бет қойды. 1917-ші жылғы 20 миллион қарадан 1922-ші жылы 7-ақ миллионы қалса, 24-ші жылғы Қазақстанның малы 9 миллион болып отыр. Екі жылда екі миллион мал қосылды. Ендігі жылы 9 миллион 10-нан асады. Арғы жылы одан да әрі. Бұған біз сеніміміз мол. Қазақстанның оқып жүрген жастары да бұрынғыдан анағұрлым көп. Осы күні Орынборда екі мыңнан артық қазақ шәкірті бар. Ташкентте әлденеше жүз. Гүбірнелік қалаларда жүз-жүзден. Семейде оқушылар мыңнан асады. Бұрын атын жөнді білмейтін Мәскеуде де екі жүзге жуық қазақ баласы бар. Баяғыда жалғыз «Қазаққа» телмірсек, осы күні қазақ тілінде он төрт газет-журнал шығады.

Бұның бәрі ілгері басқандық па? Кері кеткендік пе? Қ.Кемеңгерұлы біздің бұл сұрауымызға мынадай ақылы жауабын айтады: «Өзін өзі алдаған кісі болмаса, жоғарыдағы уақиғаларды (манағы айтылған 7 тамық – С.С.) салмақтап отырып, қазақ елі ілгері басып барады деп айтуға ауыз ұялар».

Бұл сықылды жауапты тиісті сөзбен жауап беруге біздің де аузымыз ұялады. Қазақстанның қазіргі саясатын «Мұрат ақсақал», «Борсық пүркерер» басқармайды.

Бұлар біздің денеге біткен қотыр Қ.Кемеңгерұлы «Бостандық туының» 26-нөмірінде бұл сықылды бірер мақалаларды ғана көрсе, осы күні бір бетінде түгел ел хабарын оқиды. «Мұрат ақсақалдардан», «Борсық пүркерерден» тазару – біздің бүгінгі қызметіміздің бірі. Сондықтан бұндайды бетке басып, біздің «тарихшыларымыз» қазіргіні кірлей алмайды. «Мұрат ақсақалдар» – бізге ескіден тиген енші. Бұлармен күресетін – газеталардың елде отырған еңбекші тілшілері.

Ал, енді Қ.Кемеңгерұлының жоғарыдағы айтқан мақсатына келейік. «Қазақты қазіргі халге келтірген шарттарды біліп алып, қазаққа бұдан былай қандай болудың қолайлысын білеміз», – деп еді. Қазаққа қазір не қолайлы екен? Қ.Кемеңгерұлы болашақтан не айтар екен? Мұны естийік.

Манадан бері қазақты балағаттап, боқтап алып, өлетін күнін айтып, түсетін көрін көрсеткеннен кейін біз Қ.Кемеңгерұлының орнында болсақ, «әне жолың, әне көрің! Бар да өле қал, көміле қал! Одан басқа айтарым жоқ. Бар мәзір жоқ, жайым осы» дер едік.

Жоқ, Қ.Кемеңгерұлы бізден ақылды, жазған «тарихынан» болашаққа көрсетпей болмайды. Кемеңгерұлының екі нысанасы бар. Екеуін де жаладан аулақ болу үшін өз сөзімен айтайық.

Қ.Кемеңгерұлының сөзі: «Патшалық өкіметінің жемсаулы, тар уысты саясатының арқасында қазақ еліне сінген баққұмарлық, кек алғыштық, жаяу өсекшілдік біздің оқыған азаматтарымыздың көбінде бар. Фебрал төңкерісінен бері қарай осы үш мінезбен сипаттанған азаматтарымыз халық жұмысына көп кесел істеді. Бұл туралы сан мысал келтіруге болады. Негізгі ұстаған жолы бір азаматтардың өзара болған араздығын әлеумет жұмысына жабыстырып, түймедей жұмысты түйеге айналдырғандары көп. Мынадай уақиғалар да болды: кейбір азаматтар көздеген орындарға сайлана алмаса, қарсы боп шыға келді. Баққұмарлықпен қолынан келмейтін жұмыстарды атқаруға жоғарырақ орындарға ұмтылатындар да көп. Осының бәрі халық жұмысына бөгет. Негізгі жолдан айырылғандарға сөз жоқ. Ал енді, көздеген нысанасы, жүрген ісі бір болса да, оқыған азаматтарымыз әрқайсысы өз бетімен сай өрлесе, халық жүгін өзіне қарай тартса, ісі оңға басар ма? Бақ күндестік бәсекешілдік, жаяу өсекшілдік, кек алғыштық

жүрген жерде қара халықтың қамы қарастырыла ма? Әсіресе терең жардың қабағында тұрған қазақ елі кең жазыққа шыға алар ма? Халық пайдасына деген жеңіл пландар (ауырлары былай тұрсын) тұрмыс жүзінде іске асар ма? Жоқ, тіпті жоқ. Сондықтан баққұмарлықты, кек алғыштықты, жаяу өсекшілдікті жоғалтатын саяси әлеуметтік тәрбиені күшейтуді бірінші жолға қойып отырмыз.

Осы үш қарсы мінезден сау азаматтар қай жерде болса да көз-құлақ болып, өз алқасындағыларды жоғарыда айтылған үш мінезден сақтау керек. Екінші жолға оқуды қойған себебі: Оқудың арқасында мінез, шаруа кемшіліктерін жоғалтуға болады. Оқу жолына шығатын құрбандықтарға көзді жұму керек. Оқу жұмысы осы күнгі қалыппен жүріп отырса, қазаққа жеткілікті мәдени қызметкерлер 50 жылсыз шыға алмайды. Ол 50 жылға шейінгі қилы-қилы заман өтіп, шаруа құлдығы қазақ елін жермен жексен қылуға мүмкін.

Әр ауылнайлықтан бала беруді және ол баланың шығынын сол ауылнайлыққа міндетті қылу керек. Қазақ шығын төлеуге үйренді: сөзсіз орындайды».

Кемеңгерұлының қорытындысы осы. Осы күнгі қызметкерлердің бәрі оқыған. Онысымен тұрмай, бәрі де патша заманындағыдай баққұмар, кек алғыш, жаяу өсекшіл, тағы-тағы бірдеме. Бұлардың бәрін Қ.Кемеңгерұлы қосқысы келеді. «Негізгі жолы айырылмағандарға сөз жоқ» деп сөз арасында қыстырып кетеді. Бұған қарағанға тегінде өңшең жолы негізсіздерді біріктіреді-ақ деп ойлауға болады. Бұлардың бәрі негізсіз болса, негізі айырылмағандарға сөз жоқ болса, бұлар кімнің ақылын тыңдайды? Бұны Қ.Кемеңгерұлы ойлады ма екен?

Екінші оқу керек болды. Қазақ жұртын ел болады деп айтуға аузымыз ұялса, ол оқу шіркінді оқитын кім? Ірі қазақтар қырылып қалса да, жас қазақтар мектепке аспаннан ұшып түсе ме?

Бір есептен Кемеңгерұлыныкі-ақ болсын. Балалар аспаннан жауады, онда оларды оқытатын ақша қайдан жауады? «Ақшасын төлеуге үйренген қазақ» сөзсіз-ақ орындар еді, бірақ ол кезде «тарихтың» жазмышымен Иамайкенің халқы бірге жер астында жатады ғой? Олай тартсақ өгіз өледі, былай тартсақ арба сынады. Не Кемеңгерұлының «Тарихы» дұрыс. Онда қазақ құриды. Не қазақ жұрты ел болады. Онда «Тарих» қыртады.

Әзірше қазақ елі бар көрінеді. Бүгін-ертен бір жақтан көшіп кететін, ия болмаса, сары даладан ұшып кететін де түрі көрінбейді. Сондықтан көзбен көріп, қолмен ұстағанға нанамыз да! Қазақ елін бар десек, «Тарихтың» сөзін былшыл дейміз де.

Қ.Кемеңгерұлының кітабына сын жазған Мәскеудегі Ғаббас жолдас былай деп кітапқа баға береді: «Жазушының саяси жолы – ұлтшылдық жолы. Қазақ тарихында болған, көптің аузына «ілінген» жақсы болсын, жаман іс болсын – бәрін де өзінің ұстаған саяси жолымен қабыстырады, саяси жолына өлшейді».

Ғаббас жолдастың бұл сөзін ойын қылып оқысаң, дұрыс деуге де болады. Қ.Кемеңгерұлы қазақтың ескі оқығандарының көбінің басына келген саяси өлімді жалпы жұртқа да жоруы мүмкін, бірақ біздің түсінуімізде Ғаббастың сыны Қ.Кемеңгерұлын кәдуілгі саяси жолы бар, саяси әдіс-құрал тұтынатын бір ұлтшыл дейді. Егер бұлай болса, Ғаббас жолдас тым жомарттық істеген. Ақылы бар ұлтшылдар бұндай «тарих» жазбайды. Бар сүйетін ұлтын жамандап, өз ұлтын өзі өкшелеп, жігерін жасытып, қажырын мұқатып ақылы бар ұлтшыл сөз айта ма екен? Сондықтан біз Қ.Кемеңгерұлын белгілі бір партияның адамы деп айта алмаймыз.

Біздіңше, бұл – осы күнгі Қазақстанда толып жатқан алалы-құлалы көп уақиғаның бірі. Қазақтікі болсын, қай жұрттікі болсын, жеке оқығандар ғана билеп саяси партия бола алмайды. Бұған дәлел – қазақ оқығандарының тарихы. Оқығандар өз алдына тап емес. Саяси партияны тап қана жасайды.

Осы күні жер жүзінде екі ірі, кесек тап бар. Оның бірі – еңбекші табы, екіншісі – еңбексіз табы. Еңбексіздің байлығы еңбекшінің сорынан жиналады. Бұл екі тап бірімен бірі таласып, арбасуда келеді. Адам баласының еңбегі бірікпей, таласу, тартысуы қалмайды.

Оқығандар – осы күні екі тартыстың арасында дәнекер. Оқыған не еңбекшіні қуаттап, соның сөзін сол болып сөйлеу керек. Онда ол саяси партияның адамы бола алады. Не еңбексізді қуаттап шығу керек. Онда ол саяси партияның адамы деп есептелуге болады. Оқыған анада да, мынада да жоқ болса, «екі жамиғы ортасында би намаз» болады.

Қ.Кемеңгерұлы да әзірше «екі жамиғы арасындағы

би намаз». Бірақ күресе келе, таласып арбаса келе, ақыл кіріп, екі таптың бір жағына шығуы мүмкін.

Біз, Қазақстанның коммунистері, еңбекші таптың жағындамыз. Қазақтың көбі – еңбекші. Ескі заманда езіліп, қорлық көрген жұрт – қазақ. Жалпы дүниенің еңбекшілерінің еңбегін қорғайтын жалғыз коммунист партиясы. Біз – соның бір бөлімі. Қазақ жұртының көпшілігіне қызмет етем деген адам біздің жақта. Айналдырған 6–7% байды қалған 90% еңбекшіге тым-ақ айырбастағымыз келмейді.

Қазақстанда осы күні еңбекшілер жұртшылығына ие болатын, оны басқара алатын – жалғыз-ақ коммунистер. Еңбекшінің пайдасына бейімдеген қазақ оқығандары бізге жәрдемші. Мұндай оқығандар түбінде біздің партияға да кіруге мүмкін.

Қ.Кемеңгерұлының кітабын оқып, біз оны соңғы тәртіппен оқығандарға әзірше қоса салмаймыз. Ең аяғында «екі жамиғы ортасында би намаз» дейміз.

Қ.Кемеңгерұлының мінген аты – тайғақ ат. Тұяғында тағасы жоқ. Негізінде бұл ат бір сүрінеді-ау дейміз. Не жардан әрі қарай, не бері қарай. Қалай қарай сүрінсе де аттың еркі өз басында.

Орынбор, 14.01.1925 жыл.

КЕРЕКТІ КІТАП

Қазақстанда жер мәселесі – ең үлкен әңгіменің бірі. Қазақтың көпшілігінің күн көретіні – ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруасы ірі кәсіп тұрғанда да өз маңызын жоғалтпайды. Қайта Қазақстанда кәсіп орнаған сайын ауыл шаруасының да маңызы ұлғайады.

Жалпы кәсіптің ішінде едәуір кәсіп ауыл шаруасымен байланысып қана туа алады. Мысалы: Қазақстанда былғары илейтін зауыттар көбейту үшін тері түсетін мал да көп болу керек. Шұға тоқитын паберік ашу үшін ең әуелі жүн керек. Ұн үгітетін диірмен салу үшін үктіретін бидай алу керек – қысқасы ауыл шаруасының ұйымын ұқыптау жолында едәуір кәсіп жасауға болады.

Қазақстанда болсын, басқа жерде болсын ауыл шаруасы жерге тіреледі. Жерсіз шаруаның күні жоқ. Мұның бұлай екенін тіпті дәлелдеудің қажеті жоқ. Мұны жұрттың бәрі біледі.

Бірақ біз соңғы уақытқа дейін өз жерімізді өзіміз жөнді біле алмай келеміз. Қара бұқара қазақты былай қоя тұрайық, Қазақстанның даласын оқыған қазақтың көбісі білмейді.

Жер туралы бізге ескі әдебиеттен қалған мұра жоқ. Орыстың «Жер өлшеуші» төрелерінің орыс тілінде жазғандары болмаса, қазақ тілінде қалың елге түсінікті мағлұмат беретін кітап әлі бізде шыққан жоқ. Сондықтан «қыс ішінде» келіп қалған бірер қазды қазақ оқушылары құттықтап қарсы алатын жөні бар.

Сұлтанбекұлы Жағыпар жолдастың жоғарыда көрсетілген кітапшасы шаруашылық, әдебиет даласында бірінші қаз деп айтуға болады.

Ең әуелі кітапшаның тілі оңды. Әсіресе, көшірме әдебиет кеңейгеннен кейін қазақтың әдеби тілі тарғылданып барады. Кейбір «шаруашыл тілмаштар» жолдың санына қызығып, сапасын ескермей кететін кездері болады. Сондықтан түсінікті қазақ тілімен жазылған сөздерді, ең құрығанда тілін сүйсініп оқиды. Жағыпар жолдастың кітабы құр тілі түсінікті ғана емес, оның мағынасы да маңызды.

Жолдас Жағыпар ең әуелі ескі уақытта Ресей патшалығында болған оқиғаларды айтып келіп, одан кейін памешшік (алпауыт) табының үстем болып тұрған заманында жер мәселесінің өте қызу халге түскенін баяндайды.

Осы күнгі біздің қолданған марксизм көзқарасынан жолдас Жағыпардың өткенге берген сынын әбден дұрыс деуге болады. Ол айтады: «Әр мемлекеттің заңдарында өкімет иесі болып тұрған ұстын таптың тілектері қағаз жүзінде бекітілмек. Төңкеріске дейін ескі Ресейде ұстын болған тап – байлар, алпауыттар (памешшік) табы еді. Сондықтан жер заңы да ол кезде солардың тілегендері болды...»

Соңғы ғасырларда орыстың можіктері алпауыттардың құлы болып, күн көруден қалатын болғандықтан көтеріліс шығара бастайды. Разин, Пугачев дегендердің көтерілісі жер тарылғаннан, ғын-шығынның ауырлығынан шықты. Бұл сықылды көтерілістерден кейін орыс өкіметі «бұзылған» можіктерді «бос жатқан» қазақтың жеріне айдай бастады.

Жолдас Жағыпардың келімсек мәселесі туралы пікірлері де дұрыс. Әсіресе, Шербиннің сөздерін орын-

ды пайдаланған. Шербин айтады: «Қазақ жеріне келімсектердің тәртіпсіз, ретсіз орналасуы тоқтамақ түгіл, иа келмек түгіл күшейіп барады. Қазақтың өзі жерін жалдамаға беріп, екінші қара шекпендерді тартқылайды. Істің осындай түріне қарағанда, қазақтың: орыс халқы қазақ халқынан еріксіз зорлықпен жерді алып жатыр, жер отары малшы, қазақтың шаруасын тығыздап барады дегені құлақ қоярлық сөз емес. Қазақтың жайдақ сөзбен жерімізге келімсек келгендіктен кедейленіп барамыз дегені – құр көпірме сөз...»

Шербиннің бұл сөздерін Жағыпар жолдас былай сынайды: «Міне, басында арам оймен қазақ жеріне келімсектерді жіберіп, бұларға қазақтың мықтыларының, байларының дүниелікке қызығып елдің жерін сатқандығын дәлелдеп, бір жағында осы қулардың «қазынанын», «қоғамның» жер ақысын жеп жатқандығына «жаны ашиды» да, екінші жағынан орыстың қазақ даласына орналасқаны қазақтың кедейленуіне емес, баюына себеп деп ұғындырады. Бұлайша ұғындырудың түп мақсаты – қазақтың артық жері бар, оның пайдасын қиянатпен қазақтың қулары көріп жатыр. Соның үшін артық жерді олардың пайдасына шығарып, жерсіз қара шекпендерге алып беру керек деген...»

Орыс өкіметінің зорлықпен істеген істеріне қазақ жұрты, әрине, риза болған жоқ. Орыс өкіметіне көзге көрінгендей ең бірінші қарсылық қылған Кенесары болды. Кенесарының қозғалысы туралы Жағыпар айтады: «Орыс өкіметінің зорлығына шыдамай бұлқынып көрген қазақ баласы да болған. Кенесарының көтерілісін еске алсақ, ол бұлқыну ғана. Бұлқынғаннан басқа істер қайраты болмаған», – дейді.

Осы күні қазақтың жазылмаған тарихында Кенесарының аты көптің аузында жанжалды жүр. Кенесары хан болыпты, сондықтан оның ісінің бәрі зиян, бәрі «күнә» деушілер бар. Кенесарының хан екені рас, қолында билік болса, аспаннан айрықша нұр жауғызбайтыны да былай тұр. Бірақ Кенесарының тарихи қызметін бағаламауға болмайды. Мысал үшін айтқан жоғары орыстың Степан Разині мен Пугачевін алайық.

Біз олардың өткенін жақсылықпен ескергенде, олар дәл осы күнгінің адамындай көпке көзі жеткен төңкерісшіл еді деп айтпаймыз. Олар өз заманындағы зұлымдыққа қарсы болып, өз заманындағы білген шара-

сын ғана жұмсады. Үшінші Петр патшамын деп жар салған Пугачев, шынында кеңіп кетсе, Екатерина қатын-патшаның орнына отырып қалар ма еді, жоқ Ресейде басқа тәртіп жасар ма еді – ол бізге дұдамал нәрсе.

Сондықтан біз Кенесарыны құр аты үшін күйдіре алмаймыз. Кенесарының қызметіне қарай баға беру керек. Бұл туралы біз жолдас Жағыпардың қорытындысын әбден дұрыс дейміз.

Біздіңше, жолдас Жағыпардың кітабында қызық жерлері толып жатыр. Ендігі бір айтатын жері – кітаптың ең соңғы бөлімі. Бұл бөлім отырықшы болу жайынан жазылған. Бұл бөлімді біз түгелімен келтіреміз.

Неге отырықшы болу керек һәм қалай болу керек?

Қоныстандыру ережелерінің қуаттап, шабтап отырғаны, жерді елдің отырықшы болып пайдалануы екенін жоғарыда білдік.

Өкімет өзі жетіспей жатқан қазынасынан артықша шығын шығарып, жұртқа отырықшы бол деп неге жік-жапар болады? Мұның себебін жоғарыда отырықшы шаруа, көшпелі, я шала көшпелі шаруашылықтан гөрі көп орнықты болады деп айттық.

Бірақ осы күні қазақ көбінесе бытырап уақ ауыл болып отыр. Біздің ойымызша отырықшы егіншілікке айналғанда қазақ жиналыңқырап, ірі ауыл (поселке) болу керек.

Ауылды ірілетудің пайдасын айтудан бұрын ірілетуге керек болған шарттарды да ескеріп өту керек болды. Ауылды кез келген жерде ірілете беруге болмайды. Ауылды ірілету үшін сол елдің негізгі кәсібі егіншілік болып, малшылық есеп кәсіп қана болуы керек. Және жерінің маңызы да қолайлы болсын. Шаруашылығының негізі малшылық болып, оның үстіне пайдаланып отырған жерінің де маңызы нашар болып, малшылықтан басқа орнықты шаруашылық үлгертуге келмейтін болса, мұндай елде ауылды ірілеткендіктен кәзірінде пайда таба алмайды. Бұған себеп: ауыл іріленіп, қомақты болған соң жайылым алыстап, ауылдың маңайы көп жерге дейін тақыр болады.

Сондықтан күз малды қолға ерте байлап, жазғытұры кеш шығару керек. Күз малды байлауға себеп: жаз-

дай ығыры шыққан ауылдың манайы көп жерге шейін тақыр болып, өріс алыстайды. Күз күн суып, ұры-өтірік, ит-құс мазасыз болып, шаруа малын алысқа жібере алмай, амалсыздан қолға байлайды.

Жазғытұры малды далаға кеш шығаруға себеп – қыстан қара үзек болып шыққан елдің алыстағы өріске аяғы жете алмайды. Мал баққан елдің көбінің пішен шабатын құралы да кем болады. Соның үшін қазақ қысқа шөпті де даярлай алмайды. Өте-мөте мұндай халге мал тұқымы молырақ, жері нашар елдер ұшырайды.

Сондықтан мұндай елдердің ауылды ірілетушілігі шаруашылығына зиян. Ондай жерлерде өнер артып, жаман жерден жақсы жердегідей пайда шығаруға жетіскенде ғана ауылды ірілетуге мүмкін.

Ал бұл қиыншылық шаруашылық негізі егіншілік, жері маңызды елдердің ауылды ірілетуіне кедергі бола ма? – жоқ, кедергі болмайды. Дағдыланғанша әуелгі кезде малдың жайылымына қиынырақ та болады, өйткенімен маңыздырақ жерлердің өрісі өте алыстап кетпейді. Күздің жаңбырымен, жазғытұры қардың суымен мұндай жерлер тез көктеп, өріс жақыннан болып тұрады. Бірақ бұлай болу үшін, меніңше, ауылдың қоғамы өте үлкен болмай, шамалы 50–100 үйден артық болмаса тиіс. Сонда да бірер аяқ мал азығын ерте қамдау керек болады. Мұнан зиян жоқ. Қайта мал қолда болса, ит-құстан, қара суықтан, боран-шашыннан аулақ болады. Және отырықшы болған соң шаруа көшіп-қонып жүргендегідей қалмай, қора-қопсыны да жөндеп, малдың орнын жайлы қылуға болады.

Малдың неғұрлым орны жайлы болса, соғұрлым қазақтың белгілі қыршаңқы, қотыр секілді кеселдерінен аман болып, ылғалсыз толығып өседі. Отырықшы болған соң бірер аяқ мал азығын артық қомдау да қолдан келеді. Көшіп-қонуға өтетін уақытты шаруа пішен шабуға жұмсайды. Ауыл іріленсе, шабындық та өнімді болады. Өйткені ауыл болып уақ бытыранды болып отырғанда, шабындық та әр жерде болып, құрау қиын болып, мал түсіп тұяқкесті болады. Ауыл іргеленіп бір жерде отырса, малдың өрісіне де бір ғана беткейді беріп, шабындықты құруға болады.

Отырықшы ауыл ірірек болса, шаруаның егіншілік кәсібінің де өнімі артады. Осы күні қазақтың шала көшпелі елі көбінесе егінді салады да, бір құдайға тап-

сырып, көшіп кетеді. Отырықшы ірі ауыл болса, егінді салып, далаға тастап кетпей, көшумен жүретін бос уақытты сол егінді бағып, шыққан шөптерден тазартып, мал бастырмауға жұмсайды. Және «құдайдан» несие күтпей-ақ, пар, зәп айырып, бөтен өнерді қолданып, егінді жақсы алуға болады. Мұны отырықшы болмай істеуге болмайды. Бір жерден тұқым қорын жасау, мамандардың өнерін пайдалану қоғамдық жұмыстарды арттыруға да, отырықшы ірі болмай тұрып іске асыра алмайды. Осы күні қазақ шаруалары пайдалы түрлі бақша өсімдіктерін егуді де үйреніп бара жатқан көрінеді. Мұны да отырықшы болмай істеуге болмайды.

Отырықшы болып алуды ірілетудің ең керекті бір жері халық ағарту ісін ілгерілетуге үлкен еңбек деуге болады.

Қараңғылық, надандық деп осы күні зар жылайтын қазақ баласы жоқ. Жеке-жеке отырып, мектеп, оқу үйлерін салып, балаларды оқытып, үлкендердің сауатсыздығын жою жұмысын да отырықшы ірі ауыл болмай өркендеуге қолдан келмейді.

Міне, шаруашылық жағын алсаң да, оқу-білім жағын алсаң да, ұйымдасу, қоғамдасу, көмектесу жағын алсаң да, қысқасы, отырықшы болып ауылды ірілетсе ғана тез өркендейді. Мұның үстіне өкіметтің отырықшылыққа айналған елдерге айрықша беретін жәрдемін де айттық. Сондықтан қоныстанатын елдер барынша отырықшы болып ауылды ірілетуге тырысулары керек...»

Біздің ойымызша, жолдас Жағыпардың бұл кітабын қалың бұқара елге тарату өте пайдалы. Әсіресе, қоныстандыру жұмысы жүріп жатқан елдер бұл кітапты оқу керек. Кітаптың ішінде қоныстандыру мәселесі туралы да көп мағлұмат бар.

Кітапшаның бір кемшілігі: қоныстандыру бөліміне Қазақстан жерінің жағрапиясымен таныстыруға болатын еді. Қазір анық белгілі болмаса да шамалап, қандай облыста қанша жақсы, қанша жаман жері барын айтып өтсе жарар еді. Одан кейін келімсектердің өсуі мен тұрғын елдің соңғы заманда өсуін салыстырса жарар еді. Және осы сықылды қосымшалар кіргізсе, кітапша болып шығар еді.

Қайткенде де бұл кітапшаны бұл уақытқа дейін жазылған кітаптың ең ондысы деуге болады.

КҮНБАТЫС ҺӘМ КҮНШЫҒЫСТЫҢ БОСТАНДЫҚ ЖОЛЫНДА КҮРЕСТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Күнбатыс деп Еуропаның патшалықтарын айтады. Еуропаның патшалықтарының осы күнгі тұрмысын капитализм дейді. Капитализмнен бұрынғы тұрмысын феодализм деуші еді. Феодализм мен капитализмнің арасы жер мен көктей. Капитализм заманында сөз бәйдікі болады. Бай не десе, хукімет соны істейді. Феодализм заманында сөз ақсүйек затыныкі болады. Еуропа тілінде ақсүйекті аристократия дейді. Баяғы феодализм заманында Еуропаны аристократия билеген. Осы күні Еуропаның билігі байларда.

Феодализмнен капитализмге жету Еуропаның тарихында ең қиын уақиғаның бірі болды. Феодализм заманында Еуропаны билеген өңшең кішкене төрелер, ақсүйектер болушы еді. Бұлардың кейбіреулерінің билейтін жері қазақтың кіші-гірім ауылынан да аз ғана, кішкене болса да, өзінше патшалық құрып, өмір жүргізіп, өзінше соғыс жасап, өмір сүріп келді.

17-ші ғасырдың аяқ кезінде ... деген кісі осы күнгі бумен жүретін машинаны ойлап шығарды. Бұл машина күллі жер жүзінде төңкеріс жасады. Бұрынғы қолмен тоқитын кенептің орнына фабрикте жасалатын ситса шықты. Бұрынғы арбаның орнына шойын жол шықты. Бұрынғы қайықтың орнына параход шықты. Жұрт кәсіпке айналды. Байлар, жұмыскерлер табы шыға бастады. Бұрынғы ақсүйектердің жылы ұясы бұзыла бастады. Қол астындағы адамдар бірі жұмыскер, бірі бай болып, бытырап кетіп қалды, ақсүйектердің күннен-күнге, жылдан-жылға қадірі кетіп, бағасы түсе бастады. Қадірінің кеткенін сезіп, ақсүйектер көтеріле бастады. Жаңа туған байлар капиталист деп аталды. Ақсүйектер мен капиталистердің арасында соғыс туды. Бірде ақсүйектер жеңіп, бірде капиталистер үске шығып, таласып тартысып, бұлар он сегізінші ғасырдың ақырына шейін келді.

Он тоғызынша ғасырдан нағыз капитализм дәуірі туды. Жер жүзін қаптаған фабрик, зауыттар, дүниені ораған шойынжол, аспанға ұшқан айроплан – осының бәрі капитализм дәуірінде туды.

Капитализм бұрынғы тұрмысты қажымайтын қып өзгертіп жіберді. Өмір жүзіне капиталист, жұмыскер

таптары туды. Фабрик-зауытта жұмыс қылатындарды европаша айтқанда «пролетариат» дейді. Пролетариат пен капиталистердің күні қарсы болды. Себебі фабрик-зауытта жұмыс қылушы – пролетариат, шойын жолды салушы – пролетариат, барлық байлықты жасаушы – пролетариат. Бірақ, соның бәрінің пайдасын өзі көрмейді. Алған ақысы тамағын асырауға жетпейді. Капиталисті алсақ, ол терлемей, тепшімей пролетариаттың күшімен пайдаланып, мал табады. Тапқан малын тағы өзінің керегіне жұмсамайды, сайлауға салады. Өзіне тиісті кісілер өткізеді. Сөйтіп, капиталистер дүниенің қожасы болып алды.

Жұмыскер әуелгі кезде жай жанжалдасып, артынан капиталистермен нағыз соғысқа кірісті. Бірінші капиталистерге қарсы соғыс Францияда басталды. Он сегізінші ғасыр бойы Францияның жұмыскерлері – пролетариаты соғысып өткізді.

Ақырында Францияның капиталистерін жеңіп, өздерінің заңын орнатады. Бірақ, олардың орнатқан заңы келе-келе түрленіп, баяғы ескі сарынға тартып кетті.

Осы күнде Францияда патша жоқ. Олардың мемлекет билеу тәртібін республика дейді. Бірақ аты республика дегені болмаса, Францияда баяғы төңкерістің жасаған заңының бірі жоқ. Баяғы әділшілік дәуірден жалғыз-ақ «Марселез» деген өлең қалды. Басқаның бәрінен Франция жүрдай айырылды. Осы күні Франция – жер жүзінде ең зорлықшыл, ең қара жүрек мемлекеттің бірі.

Франциядағы төңкерістің аяғы таралмай күнбатыс еуропада интернационал деген бір ұйым жасалды. Интернационалды жасаушы – Карл Маркс, Фридрих Энгельс деген адамдар болды. Интернационалдың мақсұты – жер жүзінің жұмыскерлерін біріктіріп, ұйымдастырып, оларды капиталистерге қарсы көтермек еді. Екінші жағынан жұмыскерлердің тұрмысын түзеп, олардың білімін көтеру еді. Карл Маркс пен Энгельс өлгеннен кейін олардың жасаған Интернационалында жанжал шықты. Біреулері олай деді, біреулері былай деді, ақырында келісе алмай, екінші интернационалдың бастықтары Карл Каутский дегендер болды. Екінші интернационалдың заманында империализм (отаршылдық) деген нәрсе шықты.

Империализм мағынасы: үлкен патшалық. Өзінен аз

халықтарды зорлап, соларды құл есебінде жұмсау. 1914-ші жылы басталған үлкен соғыс нағыз империализм соғысы еді. Күншығыстың өңшең әлсіз халықтарын құл етпек үшін басталған соғыс еді. Екінші интернационал ол соғыс тұсында өзінің кім екенін анық көрсетеді. Империализмге қарсы боламын деп, жасалса да, соғыстың уақытында әрқайсысы өздерінің ұлттарына болысып кетті. Интернационал адыра қалды. Еуропаның «халық-шымыз, кедейшілміз» деп мақтанған сабаздарының үні өшті. Білектерін сыбанып алып, қанды соғысқа өздері кірісті. Сөйтіп жер жүзінің жұмыскерлерінің ұясы екінші рет тағы өз сөзінде тұра алмады.

1918-ші жылы үшінші интернационал жасалды. Бұл үшінші интернационалдың бастықтары Ленин, Троцкий, Зиновьевтар болды. Үшінші интернационалдың мақсұты: еуропаның империализміне қарсы болу. Сөзімен ғана емес, іс жүзінде қарсы болу.

20-шы ғасырдан бастап Күншығыста үлкен өзгерістер болып жатыр. Күншығыстағы өзгерістердің түрі Күнбатыстан анағұрым басқа. Күншығыс баяғы ескі ғасырлар заманындағы дәуірінен айырылған соң, соңғы уақыттарға шейін кемдік көріп келді. Күншығыс қорлықты, зорлықты көбіне «Күнбатыстан» көрді. Сондықтан, Күншығыстың зорлыққа қарсы күресі – өзінен-өзі Еуропаға қарсы күрес болып шықты. Күншығыстың күресі – ұлт күресі, ұлт бостандығын алу үшін тартыс еді.

Күншығыста аз уақытта өзінің ұлт бостандығын алған – Жапония жұрты. Бұдан 50–60 жыл бұрын Жапония дәл қазақ жұрты сықылды артта қалған бір ел еді. Нешкім оны елемеуші еді. Жұрттың көбі Жапонияның барлығын да білмеуші еді. Жапония Америка һәм Еуропа байларының жемі еді.

1870 жылдардан бастап Жапония оқи бастады. Шет елдерге жігіттер жіберіп, өнер үйрене бастады.

20-ғасырдың бас кезінде Жапония Еуропаның қатарлы бір патшалығындай болды. Осы күні Жапония өзінің күштілігімен жердің жүзін таң қалдырады. Жапонияның жалғыз-ақ кемшілігі: жұмыскерлерінің халі жаман. Капитализм негізіне құрылған патшалықта болатын кемшіліктің бәрі Жапонияда бар. Сондықтан Жапонияның еңбекшілері Еуропадан құтылып, өз байларына түтіліп отырғандай түрлері бар. Жапонияның еңбекші табының қазіргі алдында тұрған мақсұты: өз

байларынан құтылып, анық бостаншылық, анық еркіншілікке жету.

Екінші Күншығыстың үлкен жұртының бірі – Қытай. Қытайда 400 миллион халық бар. Қытай ел болғалы мыңдап, миллиондап жылдар болды. Қытай мәдениетті жұрт күнінде осы күнгі немістер, француздар жалаңаштың аз-ақ алдында жүрген тағы халық еді. Сөйтіп Қытай Еуропаның құлы болды. Бұлай болудың себебі, Қытай өнер жағынан артта қалды, білім үйренбеді. Еуропаның шаруасын өзгертіп жіберген машина Қытайда болмады. Сондықтан Қытай ерте туып, бос қалды.

Қытай 1911 жылдан бостандығы үшін күреске түсті. Ең әуелгі Қытайды көтерген Буан Шихай деген адам. Бірақ бұл кісі қолына билік тиген соң халқын ұмытып, Еуропаның тырнағына тағы беруге айналды. Халқына ойлаған қастығы болып Буан Шихайдың өз басына жетіп, ақырында Буан Шихай өлтірілді.

Буан Шихайдан кейін Қытай әлденешеге бөлініп өзара бұзылды. «Ала болғанда, ауыздағы кетеді» дегендей Қытай баяғы таз кейпіне түсті. Қытайды Америка құл қылуға айналды. Енді Қытай өлді-ақ деген кезде тағы да ішінен ерлер шығып, Қытайды тағы да ел қылуға кірісті. Қытайдың соңғы уақыттағы бастық адамдары Сун-ят, Сен, Убей Гу. Убей Гу осы өткен жылы Қытай дұшпандарын жеңіп, жаңа хукімет орнатты. Қазір Қытай сыртқы дұшпандарынан тазарып, ішкі жұмыстарын түзеуге кірісті.

Үшінші Күншығыстың үлкен елі – Үндістан. Үндістанда 60 миллион халық бар.

Үндістанның қожасы – Англия мен Голландия. Үндістан әлі бостандыққа жеткен жоқ. Мұзға қарсы жүзген балықтарша Үндістанның беті жазылып, маңдайы ашылмай келді. Әйткенмен, соңғы 2–3 жылдардың ішінде Үндістанда үлкен өзгеріс. Ұлы соғыстың заманында Үндістанда фабрик-зауыттар туды. Жұмыскерлер шықты. Заустобкалар басталды. Былтыр бір кезде Үндістаннан барлық ағылшындарды қуып шығу керек деген сөздер көтерілді. Бірақ үндістандықтар бұны іске асыра алмады. Қалай дегенде де Үндістан бостандық жолына түсті. Бүгін бе, ертең бе Күншығыстың бір іргесі анық бостандық алуы кәміл.

Өз алдына айтып өтетін бір сөз – жақын Күншығыс туралы. Жақын Күншығыстың қазіргі ауызға ілініп

тұрғаны – Түркия. Түркияның баяғыда хандары болғанын, Ыстамболды қалай алып, қалайша бір кезде Еуропаны дүрілдетіп тұрғанын айтпасақ та болады. Түркияның өткен-кеткені туралы қазақтың мағлұматы аз емес. Басында тұрған адамдардың бостандығынан, халық жұмысын өздерінің нәпсісін рахаттандыратын қызықтарға айырбастағандықтан қайран Түркия 19-ғасырдан бастап құлауға айналған. Жан-жағынан жау шығып, қамап, өлтіруге аз-ақ қалған екен.

1912 жылы Түркияда жас түріктер жеңді. Өкімет ісін жаңа заңға айналдырды. Ел билеуге кірісті. Аяғын апыл-тапыл басып, тағы да баяғы дәуірін еске түсіріп келе жатқанда, Ұлы соғыс басталды. Түркия бекінбеген бойыменен соғысқа кірісті. Соғыстан жеңіліп шықты. Еуропаның жалмауыздары түрікті бөліп алды.

Түрік мүлде жоғалуға айналды. Бірақ жігерлі, қайратты, батыр түрік ең ақырғы жолы тағы бұлқынып шықты. Түрік Еуропаның айтқан бітіміне көнбеді. Халқының бостандығы үшін жанын қиған Кәмәл паша (аты-түрік – **Д.Қ.**) болды.

Кәмәл паша соғысқа бұдан үш жыл бұрын кіріскенде, түріктің қолында бір мылтық, бір зеңбірек, бір тілім жер жоқ еді. Үш жылдан соң түрік елі қайтадан еркіншілігін тартып алып, өз жерінен барлық дұспандарын қуып шығып, айбатты, қайратты ел болып отыр.

Түркияның тәжірибесі көпке сабақ болғандай. Жігерленсе күш те, көлік те табылатын көрінеді. Бұл сабақты осы күнгі Күншығыстың халықтары дұрыстап ұғар деген сеніміміз де күшті.

Жоғарыдан бері айтылған сөздердің бас-аяғын бір жерге жиғанда мынадай қорытынды шығады. Тама-тама тамшы тас бұзады. Күншығыстың жұмыскерлері күресе-күресе түгел болмаса да жартылап дегеніне жетіп отыр. Күншығыстың қорлықта болған ұлттары сол күрестің арқасында ұлт бостандығын алып отыр.

Қазір «мен әлсізбін» деп ешнәрседен таяуға жарамайды. Әлсіздің әлді болуы, әлдінің әлсіз болуы осы заманда қиын емес. Жігер керек, қайрат керек. Күрескеннің аты күрескен. Жыламаған балаға ешкім емшек бермейді. Күнбатыстың жұмыскерлері, Күншығыстың ұсақ ұлттары бірлесіп отырып бостандыққа жетеді. Бостандық ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен келеді.

О ЗНАЧЕНИИ ВУЗА ДЛЯ КАЗАХСТАНА

Товарищи! Правительство Казахской Республики поручило мне приветствовать студентов и профессоров Казакского Вашего Педагогического Института. Разрешите и мне, в качестве руководителя Народного Комиссариата Просвещения, присоединить свой голос к приветствию Правительства и пожелать Вам всяческих успехов в предстоящей Вашей работе (аплодисменты).

С волнением мне приходится держать перед Вами речь. Если мы вспомним недавнее прошлое казакского народа, не говоря уже о далекой старине, то всякий скажет, что наши теперешние достижения по сравнению с прошлым состоянием огромны. Это должно быть понятным в особенности товарищам-казакам, которые на своих собственных плечах перенесли весь гнет и произвол царской России.

Совсем недавно весь огромный край Казакстана от берегов Каспийского моря до Китайской границы – представлял из себя не что иное, как лакомое блюдо для русских торговцев и буржуазии. Колонизаторская политика России отличалась от подобной же политики Западной Европы тем, что она – эта политика России – была совершенно примитивной и грубо-невежественной.

Русский империализм возник не только на почве усиления капитализма, между прочим он рос и развивался за счет выжимания соков колониальных народов. Поэтому русская колонизация не дала нам и тех жалких экономических «выгод», которыми Запад наделял свои колонии.

Вспомните первое время завоевания казакских степей! О чем мечтало тогда правительство царской России? Оно мечтало, увы! – обрусить казакский народ, насадить среди него православие!

Кто не помнит работу, произведенную в этом направлении крупной организации высоко-квалифицированных русских миссионеров? Такая работа миссионеров, главным образом, субсидировавшаяся щедрой рукой белого царя, была направлена целиком на уничтожение казакского народа, как нации. Можно ли себе представить более низкую, чем описанная, затею!

Время шло, и казакская степь постепенно привыкала к своему невольному положению. Миссионеры тоже постепенно переходят, на манер Европы – к более "культурным" методам работы. Открываются, так называемые, русско-киргизские школы.

Что представляли собою эти школы? Они, опять-таки, являлись миссионерскими очагами, где казакская молодежь определенным образом подготавливалась к принятию православной религии. Понятно – казакские дети самовольно не шли в эти русско-киргизские школы, но заставляло правительство. Киргизы бросали между собой жребий или же покупали детей бедных родителей и посылали их в это «преддверие ада».

К счастью, такая, как описанная выше, позорная затея миссионеров не увенчалась успехом. Два-три малограмотных попа и столько же подлых служителей царской охраны среди многомиллионного казахского народа – от всей многолетней работы православных миссионеров; количество выращенных миссионерами презренных людей не доходят до десяти.

Мало того, русско-киргизские школы, помимо и вопреки стараниям своих создателей, в своем развитии стали развиваться совершенно в нежелательном направлении для правительства. Эти школы не только не оправдали его (правительства) надежд, а наоборот из своих недр стали выпускать таких людей, которые впоследствии сделались первыми казакскими революционерами-националистами.

В этом нет ничего странного. Ведь, бессмертный Сун-Ят-Сен тоже когда-то был питомцем миссионера. А вы знаете, кем он стал потом. Бесправный Китай начал славную борьбу за свое освобождение от иностранного ига под руководством революционера Сун-Ят-Сена.

Школа не делает человека, она только открывает ему выход на путь самостоятельной жизни и сознательно-творческой деятельности. Так и следовало ожидать, что сознательная киргизская молодежь, набравшись знаний в старой русско-киргизской школе, пошла не по пути, указанному врагами трудовых масс казахского народа – миссионерами, а против них.

Великая Революция всколыхнула казакскую степь до основания и первым признаком пробуждения народных масс было всеобщее стремление к просвещению. Поэто-

му теперь уже не приходится бросать жребий, кому идти в школу. А наоборот, казакская молодежь сотнями и тысячами валит ныне в города, чтобы получить образование. Скажу еще точнее: казакская молодежь буквально стучится в двери, лезет в окна, к сожалению, не везде исправных помещений отделов народного образования.

Тяга к знанию велика, а сил и средств для удовлетворения недостаточно, недостаточно по сравнению с великим культурным спросом на сегодня. Но все же, по сравнению с крошечным наследием беспросветного прошлого, наши достижения в области народного просвещения громадны.

Мы имеем сейчас около 2000 аульных школ, где обучение происходит на родном языке. Эта цифра превосходит дореволюционную больше, чем в три раза.

Мы имеем десятки техникумов, где казакская молодежь готовится стать работником по различным специальностям, начиная от педагога мугалима, кончая агрономом, ветврачем, землеустроителем и т.д. и т.п.

Наконец, сегодня мы присутствуем на большом празднике для нас – на торжественном открытии первого ВУЗ-а в Казахстане. Этот факт представляется мне делом настолько важным, что я его, как событие, склонен сравнить только с фактом организации нашей автономии.

У нас сейчас уйма работы. Многие товарищи с увлечением отдают себя хозяйственной, административной и т.д. деятельности. Они, подчас, не замечают некоторых «мелочей», к числу которых уместно отнести и открытие нашего ВУЗ-а.

Я убежден, что будущий историк Казахстана, безусловно, посвятит особую главу в своей книге – открытию первого Казахского ВУЗ-а. Ибо это дело – открытие ВУЗ-а – является завершением важнейшего строительства из культурных мероприятий государства. Правда, что открытие ВУЗ-а еще не означает полную его организацию. Но мы знаем, как создаются и создавались вообще Высшие учеб. заведения. За примерами гнаться далеко не стоит. Достаточно указать на теперешнюю Сибирь. История организации первого Сибирского Университета в гор. Томске – есть история развития Сибирской общественной мысли. Этот университет своим возникновением обязан деятельным участием таких величин, как

Ядринцев и Патанин. Они были лучшими людьми только пробуждавшейся Сибири.

В Сибири – большинство населения – русские. Казалось бы, для тогдашних русских патриотов, что сибиряки прекрасно могут обучаться в Университетах Центральной России. Некоторые так и говорили, прибавляя вдобавок, что Сибирь не имеет пока собственных ученых, а потому, дескать, не сможем справиться с организацией собственного Университета. Но, тем не менее, Ядринцев и Патанин доказывали другое. Исходя из доводов своих петербургских оппонентов, они убеждали в необходимости для Сибири своего отдельного Университета. В то время Сибирь служила местом каторги и ссылки. Туда посылались отверженные люди, которые не имели права заниматься трудом в Центральной России; во-вторых, туда шли исключительно люди, жаждавшие наживы. В Сибирь редко приезжал человек специально для образования. Все старались там нажить капиталец, хозяйственно обрести; выражаясь по-современному. Даже чиновники, прослужив положенный срок, возвращались потом обратно в Россию, чтобы блаженно доживать свой век на пенсии.

Все это усугублялось еще тем, что сибирская молодежь, приезжавшая в тогдашний Петербург и Москву для получения образования, обживалась там и больше не возвращалась в Сибирь. Такие крупные деятели общественного движения в России того времени, как Елисеев, Щапов, Слонов и др. – были бывшими сибиряками. Вот из таких случаев и исходили тогда Ядринцев и Патанин, доказывая необходимость организации Университета в Сибири.

Патаниным и Ядринцевым вокруг вопроса об организации Университета для Сибири была мобилизована вся тогдашняя сибирская общественность. В результате создания такого энтузиазма, даже купец, по имени Сибиряков, пожертвовал на постройку здания Университета 200.000 рублей.

И действительно, впоследствии Томский Университет стал культурным очагом Сибири. Из недр этого Университета вышли первые крупные исследователи Сибири, первые сибирские врачи и т.д. И хотя Томский Университет, позабыв заветы своего основателя Ядринцева в 1918 году стал снабжать министрами «Всероссий-

ского Верховного Правителя» адмирала Колчака, — несмотря на то, что Томский Университет в прошлом являлся орудием Сибирской торгово-промышленной буржуазии, несмотря на все это, он имеет, и теперь уж конечно, будет иметь большую заслугу перед трудящимися Сибири.

Почему мы теперь считаем необходимым организацию для Казакстана своего ВУЗ-а? Люди, которые возражают против открытия ВУЗ-а в КССР, говорят, примерно, так: «теперь не те время, когда Патанины и Ядринцевы жаждали знания только для Сибири: теперь трудящиеся могут получить образование, где угодно».

В том-то и дело, где угодно. Тов. Жургенев в своем вступительном слове указывал, что дело народного образования в идее своей интернационально, но по форме оно должно быть национальным. Я вполне согласен с ним и считаю, что общечеловеческая культура тем скорее будет усваиваться отдельными национальностями, чем эта культура будет прививаться среди каждой народности на своем родном языке.

Идея Советского строительства предлагает самое широкое развитие национальных окраин и в этом смысле открытие ВУЗ-а у нас является завершением одного из важнейших пунктов национальной политики нашей партии.

Далее, товарищи, мы не должны упускать из виду того, что в жизни советского государства наступает полоса строительства. На языке национальных республик это означает, что наступает то время, которое было необходимо для более планомерного проведения в жизнь всех наших деклараций и решений, принятых по национальному вопросу.

Вначале, как вы помните, речь главным образом, шла о том, какие и на что имеют право националы. А теперь, дело обстоит несколько по иному. Теперь главное — в строительстве, в работе, в практическом осуществлении декларированных революцией прав.

Казакские трудящиеся массы должны выдвинуть из своих недр таких работников, выращивать таких строителей, которые действительно обеспечили бы дальнейшее развитие великих завоеваний Октября. Нам нужны работники со специальной подготовкой и выучкой, работники знающие Казахстан и любящие здесь работать.

Вот почему наше правительство решило открыть

специальный ВУЗ для Казахстана. Мы не хотим обособляться от центральной части Великого Советского Союза, а мы хотим набравшись знаний, набравшись культуры, стать в ряды достойных строителей социализма, хотим того, чтобы как можно скорее освободиться от грузного наследия беспросветного прошлого: невежества и безграмотности, — хотим стать грамотными и научиться по культурному работать.

Итак, мы открываем ВУЗ. И каковы же его перспективы?

Вы знаете, что у нас везде нехватки средств и нам приходится очень жестоко экономить. На первое время и вам придется, пожалуй, проводить энергичную экономию, ибо больших средств отпускать мы не в состоянии. Я уже выше упомянул о том несоответствии между материальными ресурсами и запросами, которые мы наблюдаем в деле народного образования.

Вы все знаете, как живет наш учащийся, в каких условиях работают наши учителя. И надо сказать, живут они не припеваючи. Вы помните, что говорил Ленин о народном учителе.

Он говорил, что в социалистическом государстве звание народного учителя должно быть самым почетным, и этот учитель должен быть окружен такой заботой, какая в буржуазном строе ему и не снилась.

Товарищи, это завещание Ленина для нас остается законом и по сие время. У нас есть общее стремление к улучшению, и мы медленно, но верно будем идти по этому пути. Будем улучшаться постепенно — по мере сил и средств, И разрешите Вас заверить (не по случаю торжественного заседания, как это бывает вообще, а на самом деле заверить Вас), что в деле материального обеспечения, вновь открываемый ВУЗ будет не на последнем месте, и если вы (ПЕДВУЗ) будете работать хорошо, дело за средствами не станет.

Дальше. Я позволю себе тут же ответить на неоднократно задаваемые мне вопросы; почему мы открываем в первую очередь ПЕДВУЗ.

Конечно, нам нужны вообще всякие работники. Нам нужны и агрономы, и врачи, и инженеры и т.д. Но в первую очередь в настоящее время казахские трудящиеся массы нуждаются в педагогах. При том огромном проценте неграмотности в Казахстане, перед нами сто-

ит колоссальной важности задача – внести всеобщее обучение. Мы не только еще не ликвидировали всеобщую неграмотность, но мы в достаточной степени не охватили школой даже детей школьного возраста. По нашим подсчетам процент охвата школой детей школьного возраста колеблется в разных районах от 10–15%, тогда как в центральной части РСФСР этот процент не ниже 60). А в Москве уже в нынешнем году приступают к проведению всеобщего обучения.

При разработке вопроса ликвидации безграмотности в Казакстане многие знающие дело товарищи приходили в заключение, что с теми ресурсами (как материальными, так и людскими), которые сейчас имеются в нашем распоряжении, мы в ближайшее десятилетие не сможем закончить работу по ликвидации безграмотности. Может быть, так обстоит дело не только у нас в Казакстане, но и в других окраинных республиках, но от этого все равно нам не легче.

Для осуществления всеобщего обучения нам необходимо не менее 10-ти тысяч учителей I-й ступени, и не менее 3-х тысяч преподавателей для средней школы, да плюс ряд специальных работников.

До сих пор наши техникумы каждый год имеют недобор и главным образом недобор казахской молодежи. Объясняется это тем, что уровень познания казахской молодежи чрезвычайно низок, что эта молодежь как следует не подготовлена, ибо их в начальных школах учили недостаточно подготовленные учителя. Получается: все качества – от учителей. Хороший учитель – это альфа и омега нашего народного просвещения.

Поэтому мы должны подготовить в первую очередь педагогический персонал. Поэтому-то мы и открываем, в первую очередь, педагогический ВУЗ.

Правда, наш ВУЗ рождается несколько экстраординарным путем.

Уже тот факт, что наше историческое торжественное заседание мы открываем на русском языке – говорит о многом. Это говорит о том, что нам в львиной доле придется в ВУЗ-е использовать русский язык, или вернее, научную силу европейцев. Но это, конечно, не означает того что мы казаки еще не доросли до ВУЗ-а.

Может быть кто из вас знает, каким образом совре-

менная Япония 60 лет тому назад изучала европейскую технику и цивилизацию.

Как известно, она целиком использовала культурные силы Европы. В средних учебных заведениях Японии, почти до конца 19-го века, преподавание велось на английском языке. А японские ВУЗ-ы перешли на родной язык совсем недавно.

Правда, японцы нанимали европейские силы исключительно за деньги, и в этом отношении ни в какое сравнение с ними нас ставить не приходится. Культурные силы Советской Европы, помимо прочих сторон, являются нашими друзьями по идее и помощниками в деле строительства социализма в нашей стране.

Не бесполезно, товарищи, и здесь вспомнить о прошлом, примеры которого должны служить нам уроком в нашей предстоящей работе. Бывали разного рода "культурные" связи представителей казакского народа с цивилизованной Европой.

Во второй половине прошлого столетия жил казак, некто Алтынсарин. Он первый из казаков приобщился к русской культуре и не на страх, а за совесть служил помощником православных миссионеров. Он первый был организатором, так называемых, русско-киргизских школ, поборником русского шрифта для казакской письменности. Он был другом и правой рукой ученого миссионера Ильменского.

И вот этот Алтынсарин перед смертью распорядился не пропускать к себе ни одного русского, даже своих друзей. Этот атеист в жизни оставил завещание, чтобы на его похороны были приглашены 99 мулл. Да, эта была трагедия просвещенного казака, может быть, теперь для нас совсем непонятная; трагедия, заключавшаяся в том, что в результате многолетней совместной работы с русскими, он все-таки, в конце концов, пришел к заключению, что миссионеры ничего хорошего не желают для казакского народа. Может быть, его угнетенное казакское сердце в последнюю минуту не выдержало собственного преступления, и он отказался от товарищей, с которыми много лет работал вместе.

Был у нас и другой казак, не менее способный и не менее известный в свое время – это Чокан Валиханов. Он был искренним проводником русской колониальной политики на Востоке. Валиханов тайно ездил в

Кашгарию собирать сведения для военного министерства царского правительства; он служил офицером в отряде знаменитого генерала Черняева, который покорил Туркестан. И что вы думаете, чем кончил этот Валиханов? – Кончил тем же, что и Алтынсарин. Под конец своей жизни Валиханов отрекся от всех своих русских друзей; этот элегантный офицер русской армии переоделся в широкую киргизскую одежду, в тяжелые стеленные сапоги и умер в заброшенном киргизском ауле.

Глава сибирских областников, уже известный вам Ядринцев, в своем некрологе писал, что трагическая смерть Чокана Валиханова является грозным предостережением для европейцев. Он писал русским людям следует над этим задуматься.

Мне кажется, что этих двух примеров вполне достаточно для того, чтобы показать, как работали просвещенные казаки с культурной Европой на заре национального пробуждения казакского народа.

К счастью нашему, Великий Октябрь прекрасно разрешил национальный вопрос, и мы полагаем, что трагедия Алтынсарина и Валиханова ушла в область предания вместе с их смертью.

Без опаски и без колебания мы приглашаем европейских товарищей работать вместе с нами, помочь нам в предстоящей нашей трудной работе. По части идейной стороны этих товарищей, мы полагаемся на благотворное влияние политики советской власти, по части же практицизма, знания дела мы призываем их к серьезному изучению местных условий, к творческой работе, к работе и еще раз к работе.

По-моему, в этом смысле нам не стыдно брать пример, хотя бы с тех, печальной памяти, миссионеров. Имена этих людей мы вполне законно произносим теперь с проклятием, за то, что они работали во вред интересам трудящихся Казакстана, но им нельзя отказать в знании дела. Они прекрасно знали Казахстан, быт и язык казаков, а миссионер Алекторов даже пописывал стихи на казакском языке.

Я повторяю, нам не стыдно учиться работать, используя опыт бывших людей. Мы никогда не отказывались от технической культуры прошлого, прекрасно пользуемся теперь результатами достижений науки,

используем тот огромный опыт, который остался нам в наследство от старого строя.

Вообще современность имеет тот «недостаток», что это – современность, ибо современность всегда складывается из разных проявлений: тут есть и хорошие стороны и плохие. И мне кажется, европейские товарищи, которые в повседневной своей работе иногда встречают не такое отношение, какое следовало бы, не должны унывать: их заслуги, их работа будут оценены историей.

Потомство будет о них говорить, и они не должны забывать об этом будущем; они должны оставить потомству лучшую память о себе.

Миссия европейских товарищей огромна. На долю их выпадает великая честь сдвинуть на путь культуры трудящиеся массы окраин, в данном случае, Казакстана. Не всегда, не всем быть пионерами, ибо у следующего поколения этой возможности не будет: оно будет продолжать начатое уже дело.

Все вы знаете, что сейчас проявляется большой интерес к Востоку не только у нас в Советском Союзе, но и во всем мире. Недавно мне пришлось просматривать один журнал, где собраны все материалы о научных обществах по изучению Востока. Оказывается, в Германии существует несколько обществ по изучению Средней Азии, даже специально по изучению Казакстана. То и дело мы слышим о всемирных конгрессах по изучению негритянского вопроса, тихо-океанского вопроса и т.д. и т.п.

Чем объясняется такой интерес к Востоку за границей? Тем, старая политика империализма провалилась, это особенно ясно выявилось после мировой империалистической войны.

Один из представителей буржуазной Европы, Освальд Шпенглер заговорил о «закате Европы». По нашему, это конечно, закат буржуазной Европы. Он пишет, что Европа должна прийти к своему концу. Шпенглер советует европейцам не походить на пассажиров тонущего корабля, а как капитану этого корабля хладнокровно стоять на мостике и смело глядеть в глаза смерти. Так пишет один из умнейших людей буржуазной Европы, и понятен, после такой философии, интерес к Востоку.

Обратите внимание на современный Китай. Он не тот, что был прежде, даже не тот, что год тому назад.

Нет сомнений, что Великий Китай, наконец, возродится.

Современная Индия! Английский империализм там имеет еще много узловых связей, при помощи которых не даст свободно дышать индийским народам. Но тем не менее, Индия постепенно высвобождается из-под ярма Англии. Растет местная индийская промышленность, а вместе с ней и индийский пролетариат, следовательно, и революционное движение.

Вот эти события и перемены заставляют сейчас задуматься буржуазную Европу; она ищет выхода из положения. И лихорадочно изучает Восток.

Другое дело изучение Востока в Советской стране. Мы, изучая Восток, не ищем путей наиболее лучшей эксплуатации, а ищем пути к возможности возрождения отсталых окраин, ищем то, каким образом поднять производительные силы и организовать социалистическое хозяйство на этих окраинах. В советской стране нам нечего бояться за наше настоящее и за наше будущее, ибо в политике Советской власти залог нашего культурного преуспеяния и экономического процветания.

И в этом великом деле изучения Востока, ныне открываемый ПЕДВУЗ должен сыграть для Казакстана первостепенную роль. В стенах этого ВУЗ-а должны быть сосредоточены силы, которые будут служить нам справочниками, авторитетными справочниками, куда мы могли бы обращаться в нашей практической работе, и мне кажется, что в этой области задача ПЕДВУЗ-а далеко выходит за пределы специальных педагогических знаний.

Значение нашего профессора гораздо шире и больше того значения, которое под этим словом понимается в других государствах. Наши профессора должны быть не только учителями наших студентов, но они должны изучать жизнь народа, среди которого они работают, должны изучать естественные богатства своего Края и т.д. И в этом смысле их миссия поистине огромна и велика.

Мне кажется, что работа европейских товарищей была бы односторонней, бесплодной, если они действительно не приблизятся к нашей жизни в своей работе. Наше правительство намечает известную часть местных

работников как коммунистов, так и беспартийных выделять для научной работы. Они будут первыми пионерами в области науки. Мы надеемся, что эти работники, в союзе и с поддержкой европейских товарищей, выполнят свою миссию с честью.

Я хотел бы, товарищи, особо отметить роль местных работников из числа беспартийных. В этом отношении наш взгляд довольно определенный. Правительство Казахстана считает, что наше развитие подошло к тому периоду, когда коммунистические силы Казахстана вполне выросли для руководства всей нашей работой, и в частности, и работой беспартийных.

С другой стороны, беспартийная интеллигенция в общей своей массе, невидимому, приступила к чисто практической, творческой работе. Мы приветствуем такое начинание со стороны интеллигенции. Привлечение беспартийных на научную работу должно идти более усиленным темпом. В этом вопросе у нас никаких разногласий нет, и мы его считаем окончательно решенным.

У нас до сих пор существуют некоторые предрассудки. До сих пор, когда говорят «профессор», то это в умах как-то не вяжется с физиономией туземного человека. Но это, товарищи, от непривычки. Среди беспартийных туземцев уже есть люди, которые безусловно заслуживают того, чтобы быть с радостью принятыми в семью ученого мира.

Товарищи, я не могу не коснуться в двух словах и вопроса об учащихся. По-моему, этот вопрос один из основных, ибо молодежь есть тот человеческий материал, над которым будут работать наши научные силы.

Имеем ли мы в достаточном количестве этого человеческого материала, могущего учиться в ВУЗ-е? Факт открытия настоящего ВУЗ-а сам по себе дает ответ на этот вопрос. Мы имеем такой материал, к сожалению, приходится ответить большим знаком вопроса же. Это не вина нашей молодежи, а ее беда.

Мало среди учащихся практической установки и деловой дисциплины. Тут и там еще проявляются элементы митинговщины. Было время, когда по каждому вопросу люди считали своим долгом сделать доклад. Но за последнее время вместе с наступлением общего делового настроения, вместе с общими нашими лозунгами: долой всяких разгильдяев и склочников, и да

здравствует практическая работа – вместе с этими лозунгами молодежь стала оглядываться на себя.

Теперь молодежь в первую очередь должна получить деловую установку. Она должна себе сказать: я учусь в этом учебном заведении для того, чтобы набравшись знаний, пойти на работу.

Мы как раз переживаем такое время, когда вы, молодежь, должны думать о себе, как о завтрашнем работнике. Только таким путем вы сумеете получить максимум знаний.

Наша молодежь, в первую очередь должна как следует усвоить русский язык. Почему я это говорю? Потому, что на казакском языке нет еще в достаточном количестве учебной литературы. Русский язык является для нас единственным мостиком, через который мы должны приблизиться к современной культуре.

Если в старое время православные миссионеры учили русскому языку, чтобы казак окончательно забыл свой родной язык, то теперь мы ратуем за русский язык для того, чтобы набравшись знаний на нем применить их на пользу трудящихся масс Казакстана.

Наша теперешняя политика в этом вопросе хотя и подходит по внешности на старое положение, но своей сущности – это две вещи совершенно разные. От того, что мы научимся говорить еще на одном культурном языке у нас ничего не убавится, а наоборот прибавится. Молодежь должна понять это в первую очередь. Некоторая часть нашей учащейся молодежи много говорит о своей материальной необеспеченности. Я тоже вынужденно касаюсь этого вопроса. Конечно, материально многие живут весьма бедно. Я уже говорил вначале, какай у нас огромный запрос на учебу и какие ограниченные материальные возможности. Молодежь должна знать об этом и соблюдать максимум экономии в расходах. Просить, конечно, можно, но не надо забывать и того, что Казакстан не есть золотое дно, откуда можно черпать беспрестанно.

Да! У нас золотое дно тоже есть, но оно лежит под землей. У нас миллиарды пудов каменного угля, миллионы золота, соли и т.д. Но все это должны мы добыть и обратить в пользу только тогда, когда вы пойдете туда на работу. До этого наши ограниченные возможности не дают возможности обеспечить Вас как следует.

Поэтому мы повторяем – максимум бережливости, экономии, воспитайте и себя и товарищей наших в этом направлении.

Товарищи! Я подхожу к концу. Перед нами стоит огромнейшая работа, огромной важности задача. Это такая работа, которая с правом будет названа потомством подвигом. С ограниченными материальными ресурсами, с незначительными культурными силами мы начинаем такое огромное дело. Но преимущество наше в том, что есть над чем поработать, у нас есть то, что в перспективе может вырасти в большое дело. Я не знаю, обратили ли товарищи внимание на статью тов. Сосновского, напечатанную ныне летом в Московской «Правде». Статья эта называется «культурный подвиг»; в ней т. Сосновский пишет о книге А. Затаевича «1000 песен казакского народа». Сосновский говорит, что Затаевич совершил подвиг, сделав такое большое дело в голодные годы времен военного коммунизма. Затаевич открыл музыкальный Казакстан, и вся культурная Европа в восхищении от наших музыкальных песен и мелодий.

Честь и слава Затаевичу за то, что он собрал песни, но с другой стороны это свидетельствует о том, что казакский трудовой народ настолько значителен, что среди него можно совершать подвиги.

Педагогический ВУЗ – это не то, что книга Затаевича, – это дело нечто большее, и я повторяю, что ваша работа в первом ВУЗ-е Казакстана – есть подлинный подвиг.

Я надеюсь, что товарищи – работники ПЕДВУЗ-а (как европейцы, так и казаки) поймут все значение этого большого дела, и наш Советский Казакстан пойдет крупными шагами вперед, как достойный член Великой Советской Семьи.

ПРЕДИСЛОВИЕ К ПЕРЕВОДУ «ПЕСНИ О КОЗЫ-КОРПЕЧЕ И БАЯН-СЛУ»

Автор предлагаемой вниманию читателей книги Георгий Николаевич Тверитин – малоизвестный сибирский поэт. Он является уроженцем Кокчетавского уезда, Акмолинской области, ст. Щучинской; родился в 1889 году, умер в 1921 г. от туберкулеза, будучи политинспектором в одной из полков Ленинградского Военного Округа. Его стихи и мелкие рассказы из инородческой

жизни в свое время печатались в сибирских газетах, но они не обращали на себя достаточного внимания тогдашней критики.

Легенда о Козы-Корпече и Баян-Слу собственно говоря является переложением с казахского языка*. Эта легенда существует у казахов уже давно, по крайней мере несколько столетий. Она передавалась в степи в устном виде из поколения в поколение. Впервые казахский текст ее (поэмы) был записан академиком В. В. Радловым и в 1870 году издан им в сборнике «Образцы народной тюркской литературы».

Покойный автор оставил в рукописи следующее предисловие: «Козы-Корпеч и Баян-Слу одно из самых распространенных и любимых сказаний киргизского (казахского) народа. Сладкозвучные оялчи (певцы) разнесли его по всем концам широких степей, а вдохновенные акыны (певцы-поэты) облекли его в художественную форму...

В основу сказания положено действительное событие, имевшее место, по всей вероятности, в конце XII или начала XIV века. Явным доказательством этого служит памятник на «Козы-Корпеч и Баян-Слу», находящийся в Семиречинской области, на II-й версте от урочища Кзыл-Кия, по тракту от Сергиополя в Капал. Памятник конусообразной формы, сложен на красноватого гнейса и высотой достигает более 10 аршин. Он служит предметом особого почитания, и ни один киргиз (казах) не проедет мимо без остановки для того, чтоб не сотворить, хотя краткой молитвы за мятежных героев отдаленной романтической драмы».

Легенда «Козы-Корпеч...» существует не только у казахов. В разных вариантах, она имеется почти у всех тюркских народов. Эту легенду мы встречаем и у башкир, и у тобольских татар, и у таранчинцев, осетин, чеченцов и т. д.

Судя по этому, едва ли можно утверждать с уверенностью, что в основе «Козы-Корпеч» лежит действительное событие. Наличие памятника еще не служит доказательством подобного положения, тем более, что

* В данном случае под словом казах подразумеваются бывшие киргизы. Они испокон веков называют себя казахами, каковым названием и стали именоваться после революции.

В. В. Радлов определенно считает этот памятник мнимым. Г. Н. Потанин в своем капитальном труде «Восточные мотивы в Средневековом Европейском Эпосе» (Москва, 1899 г.) проводит параллель между «Козы-Корпечом» и русской легендой об Ольге. Г. Н. Потанин считает, что эти две легенды в истории своего происхождения имеют много общего.

Таким образом, на «Козы-Корпеч» нужно смотреть как на легенду, а не как на исторический факт.

Как легенда, как памятник народной литературы «Козы-Корпеч» заслуживает всяческого внимания. На русском языке имеются прекрасные образцы персидской, арабской поэзии, но духовная культура Советского Востока по сей день остается мало изведанной. Недавно вышедшая книга А. В. Затаевича «1000 песен казахского народа» произвела целый переворот в сознании русского (да и не только русского) музыкального мира. Многочисленные критики этой книги единогласно соглашались на том, что казахский народ таит в себе огромные музыкальные дарования. Казахский народ отличается не только своей музыкой, но и богатой народной литературой.

«Козы-Корпеч» является первой попыткой ознакомить европейцев с образцами казахской народной литературы. Мы считаем, что такое культурное общение послужит лишь на пользу народов Советского Союза.

Г. Н. Тверитин довольно удачно справился со своей задачей. Его переложение близко подходит к Радловскому оригиналу, имея незначительные отклонения в деталях. Так, например, спутаны имена Сары-бай и Кара-бай. В Радловском оригинале Сары-бай имел сына, а Кара-бай дочь. У Г. Н. Тверитина выходит наоборот.

Работа Г. Н. Тверитина не лишена также некоторой модернизации. Отдельные сравнения, вроде «сад Аллаха», «прекрасны, как жены Пророка» и т. п. в казахском оригинале совершенно отсутствуют.

Но зато автор вполне уместно использовал свое прекрасное знание казахского кочевого быта. Картины аса, описание юрты, домашнего быта и др. добавлены Г. Н. Тверитиным от себя. От этих добавлений легенда несколько не пострадала. Наоборот, она сделалась более полной и интересной особенно для неказахского читателя.

31/VIII—1926 г.

ПРИМЕЧАНИЕ С. САДВОКАСОВА:

Бий – казахский судья времен обычного права.

Текемет – кошомный ковер кустарного производства.

Марал – самка оленя.

Домбра – казахский музыкальный инструмент вроде русской балалайки.

Шайтан – бес, злой дух.

Суюнчи – казахский обычай делать подарки за необыкновенно радостную весть.

Ас – поминки об умершем.

Казан – котел для варки мяса и вообще приготовления пищи.

Сурпа – бульон.

Саба – большой кожаный мешок для приготовления кумыса.

Баурсак – зажаренный на масле хлеб на виде маленьких шариков.

Казы – своеобразный вид колбасы, особо приготовляемой казахами.

Курт – твердый сыр, приготовляемый казахами из коровьего и овечьего молока.

Баксы – кудесники. В настоящее время баксы исчезают.

Кобыз – старинный казахский музыкальный инструмент.

Байга – скачки с призами.

Джаулык – головной убор казахских замуженных женщин. Делается исключительно из белой материи.

Акын – певец-импровизатор. В настоящее время это слово употребляется для обозначения понятия поэт.

Калым – старинный казахский обычай – выкуп за невесту. После революции калым отменен особым декретом, но среди значительной части казахского населения он (калым) существует и сие время, правда уже в скрытом виде.

Ала-Тау – горы в Жетысуйской губ.

Алтын-тарак – золотая гребенка.

Алтын – золото, тарак – гребенка

Каркаралы – город в уезде того же имени

Аягоз – река с севера, впадает в оз. Балхаш.

Клыш – сабля.

Найза – пика.

Асык – бабка.

Игра в асыки – игра в бабки.

Бейбак – несчастный. Употребляется в случаях, когда выражают презрение.

Курмач – жареная пшеница, просо.

Бабай – дедушка, добрый старец.

Котур-таз – паршивый.

Барымта – старинный казахский обычай – восстанавливать нарушенное право силой. Так, например, если у казаха украдут лошадь, то он обращался в суд биев. В случае неудовлетворения он вместе со своими сородичами организовывал барымту, т. е. нападал на аулы или род каравшего скот казаха и угонял скот. В Кочевых районах Казахстана барымта существует и до настоящего времени.

Уркор – плеяда.

Байгыс – бедный.

Ала-Куль – озеро в Джетысу.

Шок-Терек – название урочища на реке Аягоз.

Кызыл-Кия – красная скала, где легендарная могила Козы Корпеша и Баян в Ленинском у.

Ас – поминки.

Тюнемель – особый сорт кумыса. Кобылье молоко через сутки стоянки превращается в обычный кумыс. Если тот же кумыс продержат больше суток, то он называется уже тюнемелью. Тюнемель отличается от обыкновенного кумыса более высокой крепостью.

Ший – песчаный тростник. Употребляется для приготовления цыновки. Цыновкой покрывается нижняя часть остова юрты, т. н. кереге.

Бешмет – халат.

Айдаушы – распорядители во время скачек. Айдаушы следят за тем, чтобы все лошади поскакали с одного места, и вообще во время скачек соблюдались все правила, установленные на этот случай.

Караван-басши – предводитель каравана.

Слу – красавица.

ПРЕДИСЛОВИЕ к сборнику рассказов¹ «МОЛОДОЙ КАЗАХСТАН»

К сожалению мы не имеем здесь возможности подробно ознакомить советского читателя с казахской² литературой, но хотя бы для пояснения своеобразных условий ее развития скажем два-три слова чисто справочного характера.

Казахские литераторы до самого последнего времени писали только в стихах. Читательские массы воспринимали литературу не иначе, как в виде стихов.

Начиная от народных легенд, сказок, былин и кончая самой незатейливой перепиской между молодым парнем и девушкой – все писалось и говорилось стихами.

Казахская литература долгое время оставалась устной, народной. «Акыны» (поэты) разъезжали по аулам и распевали песни собственной импровизации. Когда встречались в одном ауле два таких акына, то между ними обычно происходило состязание. Каждый в стихах старался превозносить свой род, перечисляя всех богатых в роде, а также всех мудрых судей и благородных аксакалов³. Противник, в свою очередь, старался, тоже в стихах, разоблачить утверждение первого и выводил на чистую воду всякие проделки хваленых богатеев и аксакалов.

Таким образом, тема стихов была исключительно злободневная, и в этом отношении, акыны-импровизаторы служили как бы народными фельетонистами своего времени. Чтобы выйти победителем на состязаниях, акыны, кроме своего импровизаторского таланта, должны были быть в курсе всей жизни в своем роде и в чужих родах, что означало для них необходимость постоянной работы над собой. Поэтому акыны, безусловно, были передовыми людьми своей эпохи.

На состязания акынов всегда собиралось много на-

¹ Перевод с казахского под редакцией С. Садвокасова.

² Речь идет о бывших киргизах. Киргизы сыздавна называют сами себя казахами.

³ Аксакал – старшина, играющий такую же роль, как в старину у казахов. Аксакалы во многих районах Казахстана не потеряли своего влияния и по сие время.

рода, и слава о победителе разносилась далеко за пределами рода и даже племени. Память о знаменитых народных акынах Шоже, Марабай, Макат, Биржан-Сал (последний одновременно был и композитором) и др. по сие время живет в сознании народных масс, и их сочинения продолжают передаваться из уст в уста, вызывая восхищение любителей старины и привольной степной жизни.

Основоположителем новой письменной казахской литературы считается поэт Абай, живший в последней половине прошлого столетия. В своих произведениях Абай резко нападает на акынов-импровизаторов за то, что они восхваляли каждый свой род, не обращая внимания на общественные неурядицы, существовавшие внутри рода.

Абай был прекрасно знаком с русской литературой, и через него впервые казахские читатели ознакомились с произведениями Пушкина, Лермонтова и Крылова.

С Абая же слово «акын» теряет прежнее значение. Уже акынами называют не только импровизаторов, но всех тех, кто, будучи импровизатором, пишет стихи.

В начале этого столетия появляются первые последователи Абая. К ним можно причислить ныне живущих: А. Байтурсунова, М. Дулатова, М. Джумабаева и уже покойных: С. Торайгирова, Б. Кулеева, О. Карашева. и др.

Относительно двух первых, т. е. А. Байтурсунова и М. Дулатова необходимо оговориться. Они, собственно говоря, не поэты в общепринятом смысле этого слова. В свое время они были политическими деятелями казахского национального движения и писателями-публицистами. Их можно назвать поэтами постольку, поскольку они даже свои публицистические статьи писали стихами, следуя старой традиции казахской литературы.

А. Байтурсунов – ученый словесник; автор первой (пока что единственной) казахской грамматики, реформатор казахской письменности и редактор первой казахской газеты, вышедшей в 1913 г. В настоящее время А. Байтурсунов занимается, исключительно, научной работой и пишет учебники.

То же самое можно сказать и про М. Дулатова. Он является квалифицированным журналистом, работает

в редакции краевой казахской газеты «Энбекшиль-Казах».

Что же касается М. Джумабаева, то он в одно время был властителем дум казахской молодежи.

Он перевел на казахский язык несколько томов сочинений Ленина.

Среди поэтов-коммунистов наибольшей известностью пользуются: Сакен, Муқанов и многообещающий, талантливый Жансугуров. По части формы стиха, Сакен куда слабее Джумабаева.

В области художественной прозы казахская литература вышла на широкую дорогу только после революции. Первый роман на казахском языке под названием «Бахитсиз Жамал» («Несчастливая Жамал») вышел в 1910 году. Автором его является вышеупомянутый М. Дулатов. Роман описывает жизнь угнетенной казахской женщины, продаваемой, как вещь, за калым¹, и имел огромный успех, доставив автору небывалую славу.

«Бахитсиз Жамал» нашла несколько неудачных подражателей², но вплоть до революции казахская литература не выдвинула более или менее значительных писателей. И сам М. Дулатов, кроме «Бахитсиз Жамал», не издал ни одной крупной вещи в прозе.

Писатели-беллетристы появляются, как мы указали выше, после революции.

Предлагаемый вниманию читателей сборник рассказов составлен из произведений трех наиболее известных писателей современного Казахстана. Первый рассказ принадлежит перу писателя М. Ауэзова. По содержанию своих произведений в мастерству слога, М. Ауэзов является, пожалуй, наиболее крупной фигурой в современной казахской литературе. Он единственный среди казахских писателей, который пишет исключительно прозой. Его тема – дореволюционный аул. За последнее время он стал писать из жизни казахской интеллигенции: тема совершенно до сих пор незатронутая никем. По своей идеологии М. Ауэзов считается попутчиком.

¹ Калым – выкуп за невесту. В 1920 г. калым отменен особым декретом казахского правительства, но в скрытом виде существует и сейчас, несмотря на борьбу с ним.

² Романы «Қалым», «Несчастливая Марья» – авторы мало известны.

Следующие два рассказа взяты из произведений Ж. Аймауто-ва. Ж. Аймаутов – поэт, пишущий и прозой. Он является автором прекрасного перевода «Интернационала», автором казахского текста комсомольского и пионерского марша и других революционных песен. Душа поэта сказывается и в своеобразном стиле Ж. Аймаутова. Многие его писания непоминают скорее стихи в прозе, нежели обычную прозу.

Легче всего Ж. Аймаутову удаются переводы европейских писателей. Им переведены на казахский язык многие вещи А. Пушкина, Дж. Лондона, Герберта Уэльса, Коврада Берковичи, Вс. Иванова и др.

Ж. Аймаутов тоже считается попутчиком.

Остальные рассказы сборника принадлежат Б. Майлину. Б. Майлин – сейчас самое популярное имя в Казахстане. До сих пор он был известен, как поэт-гражданин. Майлин – коммунист. Его стихи читаются нарахват массой учащиеся молодежи, как городской, так и аульной.

Начиная с 1920 года, Б. Майлин стал писать короткие рассказы, а еще позже – повести. Прозой он завоевал симпатии читателей еще больше, чем стихами. Его тема – современный казахский аул во всех его проявлениях. Его любимый тип – Мркимбай, ставший теперь нарицательным именем казахского бедняка и середняка. Он видит в Мркимбае все будущее казахского аула; Мркимбай есть по его мнению, основная сила строящегося советского Казахстана.

Ташкент. Сентябрь 1927 года.



ТҮСІНІКТЕР

Ұлт һәм қалам қайраткері Смағұл Садуақасұлының жазбаша мұрасы – қазақ халқының сарқылмас рухани байлығы. Бұл байлық тәуелсіз Қазақстан үшін қашан да қымбат болып қалады. Білімділік, тәжірибеге сүйенген таным, сын сағаттағы батылдық, шешуші кезеңдегі өжеттілік – С.Садуақасұлы еңбегінің негізгі сипаты дер едік. Сондай-ақ Смағұл бойындағы сұңғылалық көркемдікті тануға, меңгеруге келгенде де өз шағы үшін биік өреден табылды.

Смағұл Садуақасұлы көзі тірісінде бірнеше кітап жариялап үлгерді. Мысалы: «Жастарға – жаңа жол», «Жастармен әңгіме», «Салмақбайдың ауылында қалайша кооперация ашылды?», «Ұлт театры туралы», «Кооперация һәм қазақ шаруасы», «Қазақстанда халық ағарту мәселелері». Бұған қоса баспасөзде мақалалары жиі жарық көрді. Алайда қайраткер-қаламгердің бар мұрасы әлі күнге толық жинақталған жоқ. Тәуелсіздік алған соң, бізде Смағұлдың еңбектері кітап болып (шағын екі том) 1993 жылы жарық көрді. Бұдан сәл кейін жарияланған осы еңбегінің бір бөлігі орысша аударылып басылды (Б.Дәрімбет әзірлеген).

Мұра жинау бір орында тұрмайды. Осы жолдардың авторы С.Садуақасұлы шығармашылығынан 1994 жылы кандидаттық диссертация қорғап, бұл еңбегін монография түрінде 1996 жылы («Қазақстан» баспасы) жариялады. Сөйтіп біз бұрын белгісіз біраз мұрасын таптық. Бұл іс алда да жалғасын таппақ.

Көркем шығармалары

«Сәрсенбек» – С.Садуақасұлының толық аяқтай алмай кеткен романы. Роман қолжазбасы ұзақ уақыт қайраткердің жары Е.Ә.Садуақасованың қолында сақталған. 1957 жылы М.Әуезов Елизавета Әлиханқызын арнайы Мәскеуге іздеп барғанда осы роман қолжазба-

сы Мұқаңа табысталғаны мәлім болып отыр. Қазір ол М.Әуезов музейінде сақталып тұр. Қолжазба өте мұқият сақталынбаған: біраз жері өшкен, біраз беті жоғалған. Оны қазіргі харіпке түсірген – Гүлжамал Дәуітова. Романның бұл үзіндісін біз алғаш «Жұлдыз» журналына жарияладық. Шығарма 1920 жылы 27 шілдеде алғаш «Мінсіз» атты повесть түрінде жоспарланып, 1922 жылы 21 қарашада «Сәрсенбек» атымен қайта жазылған. Ол шамамен 20-жылдардың аяғында баспаға әзірленген. Автор қудалануға ұшырағандықтан жариялану жоспары шідерленген.

«Салмақбай, Сағындық» – С.Садуақасұлының кооперация ісін насихаттауға құрылған повесі. Кейбір зерттеушілер мұны «роман» деп те жүр. Жазушының бұл шығармасы туралы А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» бір ауыз сөз айтып, жанрын «ұзақ әңгіме» (бүгінгіше повесть) деп анықтайды. Повесть біз көрсеткен атымен «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 17–24-сандары мен 1924 жылғы 3-санында жарияланған. Ал, 1924 жылы «Салмақбайдың ауылында қалайша каператса ашылды?» деген ағартушылық атпен Орынборда жарық көрген.

«Күміс қоңырау» – С.Садуақасұлының «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы 10–12 сандары мен 1928 жылғы 4–5 сандарында жарық көрген повесі.

«Күлпаш» – С.Садуақасұлының журнал бетін көрген шығармасы (үзінді). Кейбір зерттеушілер мұны «повесть» (кейде «роман») деп көрсетеді. Ол «Жаңа мектептің» 1926 жылғы 6-санында, «Әйел теңдігі» журналының 4–5 сандарында жарияланған. Соңғы журнал: «Бұл әңгіме жазушының баспаға даярлап жүрген үлкен романының бір бөлімі» дейді. Біздің байқағанымыз: «Сәрсенбек» романында Күлпашқа қатысты желі бар. Бірақ екі нұсқа нақпа-нақ бірдей болмағандықтан, «Күлпашты» үзінді ретінде ұсындық.

«Өртең» – осы аттас жастар газетінің (Орынбор) 1922 жылғы 1-санында жарық көрген әңгіме.

«Аптомониа» – С.Садуақасұлының «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1922 жылы 10 шілдеде жарияланған әңгімесі.

«Салмақбай, Мақамбет» – автордың «Өртең» газетінде 1922 жылы 5-санында жариялаған әңгімесі.

Жоғарыдағы үш әңгімені де Ресейдің ұлттық кітапханасында (Мәскеу, Химки) сақталған қазақ газеттерінен таптық.

«Киргизская литература» – С.Садуақасұлының «историко-критический очерк» айдарымен «Трудовая Сибирь» журналында (Омбы) 1919 жылы (1-сан) жарық көрген еңбегі. «С.С.С-овъ» псевдонимімен жазған. Оның Смағұл екенін Омбы архивіндегі гонорар хаттамасы айқын дәлелдеп берді. Бір өкініштісі, қазақ әдебиеттануында ұзақ уақыт осы очеркті ағайынды Белослюдовтардікі деп келді...

«Из истории киргизов (казахов)» – С.Садуақасұлының «Степная правда» газетінде (1921 жыл, 16–25 маусым) жарияланған кеңес жағдайында ұлттық автономия құру туралы баяндамасының кіріспе бөлігі.

«Әдебиет әңгімелері» – «айтыс ретінде» түсініктемесімен «Еңбекші қазақ» газетінде 1927 жылы 15–16 ақпанда жарық көрген.

«Бейімбеттің өлеңдері» – бұл аталған жазушының өлеңдер жинағына (1925) алғысөз ретінде жазылған. Сонымен бірге оны Смағұл «Лениншіл жас» журналының 1925 жылғы 6-санына жариялаған.

«Әдебиеттерді қалай сынау керек?» – 1926 жылы 8 ақпанда «Еңбекші қазақ» газеті басқан мақала.

«Мәдениет тәрбиесі» – «Еңбекші қазақ» газеті бетінде 1926 жылы 7 ақпанда жарық көрген мақала.

«Баянды еңбек күтеміз» – «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 20 қаңтарда жарияланған мақала.

«Алтын сақина» ойыны туралы» – «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 24 қаңтарда басылған мақала.

«Бәйбіше, тоқал» – «Еңбекші қазақта» 1926 жылы 31 қаңтарда жарық көрген мақала.

«Ұлт театры туралы» – «Еңбекші қазақ» кітапханасының 2-саны ретінде 1926 жылы Қызылордада кітапша түрінде жарық көрген. Ол алғаш аталған газеттің өзінде (1925 жыл, 26–29 қазан; 1926 жыл 29 қаңтар) толықтай дерлік жарияланған.

«Ұлт театрына бір жыл» – Мақала 1926 жылы 13 қаңтарда ашылған ұлт театрына дәл бір жыл толған күні, 1927 жылы 13 қаңтарда, «Еңбекші қазақ» газетінде басылған.

«Қазақстанда баспасөздің міндеті» – «Еңбекші қазақ» газетінде 1925 жылы 23 қарашада жарияланған мақала.

«Қазіргі дәуір – іс дәуірі» – «Лениншіл жас» журналының 1925 жылғы 7-санында жарық көрген мақала.

«Қазақ ... тарихынан?!» – С.Садуақасұлының 1925

жылы 24–31 қаңтарда «Еңбекшіл қазақ» бетінде жариялаған сыны. Қ.Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» атты кітабы Мәскеуде 1924 жылы жарық көрген. Смағұл сынынан кейін Қошке «Жауап хат» жазған («Ақ жол», 14.02.1925 жыл).

«Керекті кітап» – «Еңбекші қазақ» газетінде 1925 жылы 4 маусымда жарияланған мақала.

«Күнбатыс һәм Күншығыстың бостандық жолында күрестерінің тарихы» – «Жас қайрат» газетінде 1923 жылы 5 наурыз бен 2–28 сәуірде жарық көрген мақала.

«О значении Вуз-а для Казахстана» – С.Садуақасұлының 1926 жылы 29 қазанда Ташкенттегі тұңғыш Жоғары қазақ педагогика институтының салтанатты ашылуында сөйлеген сөзі. 1928 жылы Ташкентте шыққан «Годы работы Казахского Высшего педагогического института» жинағына (21–31 б.) енген.

«Предисловие к переводу «Песни о Козы Корпеш и Баян Сулу» – 1927 жылы Г.Тверитин орысшаға аударған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына (Қызылордада басылған) жазылған алғысөз. Түсініктемелерін де Смағұл жазған. 1935 жылы І.Жансүгіровтың алғы сөзімен шыққан Тверитин аудармасында С.Садуақасұлының аты көрсетілмегенімен, 1927 жылғы түсініктеме сол күйінде ұсынылады.

«Предисловие к сборнику рассказов «Молодой Казахстан» – жинаққа М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Ж.Аймауытовтың «Бәтіш» («Қарт қожа» романынан) «Мұқаш» («Ақбілек» романынан), Б.Майлиннің «Кермезі», «Күлпаш» әңгімелері енген. Аударманы С.Садуақасұлының өзі қараған. Жинақ 1928 жылы Мәскеудің «Огонек» акционерлік баспа қоғамынан жарық көрген.

Біз С.Садуақасұлы шығармаларын топтауда қатаң принцип ұстанған жоқпыз. Өйткені қаламгердің кейбір мақалаларында қоғам мәселесі де, руханият мәселесі де қатар көтеріледі.

Алдағы смағұлтанудағы басты міндет – қаламгер шығармашылығының (мысалы, «Сәрсенбек» романы) текстологиясын реттеу, бір жолға салу, жоғалған мұраларын табу, оларды зерттеу болмақ. Қалай дегенде қолдарыңыздағы кітапты – келешектегі С.Садуақасұлының толық академиялық шығармалар жинағын әзірлеуге жасалынған қадам деп білеміз.

Д.Қамзабекұлы,
ф. г. д., профессор.



МАЗМҰНЫ

Смағұл Садуақасұлы (Ғұмырбаяндық-шығармашылық шолу) .5

Көркем шығармалары

Сәрсенбек (аяқталмаған роман)	24
Салмақбай, Сағындық	94
Күміс қоңырау	161
Күлпаш	196
Өртең	226
«Аптомония»	228
Салмақбай, Мақамбет	235

Руханият туралы еңбектері

Киргизская литература	240
Из истории киргизов (казахов)	248
Әдебиет әңгімелері	251
Бейімбеттің өлеңдері	263
Әдебиеттерді қалай сынау керек?	266
Мәдениет тәрбиесі	267
Баянды еңбек күтеміз	268
Қазақша пьесаға бәйге	269
«Алтын сақина» ойыны туралы	270
«Бәйбіше, тоқал»	272
Ұлт театры туралы	275
Ұлт театрына бір жыл	287
Қазақстанда баспасөздің міндеті	289
Қазіргі дәуір – іс дәуірі	293
Қазақ ... тарихынан?!	297
Керекті кітап	313

Күнбатыс һәм Күншығыстың бостандық жолындағы	
күрестерінің тарихы	319
О значении Вуз-а для Казахстана	324
Предисловие к переводу «Песни о Козы – Корпеш и	
Баян Слу»	337
Предисловие к сборнику рассказов	
«Молодой Казахстан»	342
Түсініктер	346

САДУАҚАСҰЛЫ СМАҒҰЛ

ЕКІ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

1-том

Проза, мақалалар

Редакторы *Г.Салықбай*
Техникалық редакторы *А.Тлеукеева*
Суретшісі *Ж.Болатов*

© Қазақстанның кітап графика суретшілерінің қоғамдық бірлестігі

Теруге 17.03.03. берілді. Басуға 15.07.03. қол қойылды. Пішімі 84 × 108 1/32. Қаріп түрі «Балтика». Шартты баспа табағы 18.48. Есептік баспа табағы 19.85. Таралымы 2000. Тапсырыс № 729 .

«Алаш» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы 143.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде теріліп, беттелген. 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

ЖШС Жедел басу баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Д.Қонаев көшесі, 15/1.